

Л 2005
2627к

Виктор Келесидинов



Тош Рехидайұлы

ҚАЗАҚ КЛАССИКАСЫ

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ

ОН ЕКІ ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

12
ТОМ

Алматы

ӨКЕ баспасы

1999

ББК 84 (5 Каз)
К 28

Басылымның жалпы
редакциясын басқарғандар:
Мереке Құлкенов
Темірхан Медетбек
Тілекқабыл Боранғалиұлы

Кекілбайұлы Ә.

К 28 Он екі томдық шығармалар жинағы. — Алматы:
«Өлке» баспасы. — Т. 12. — 1999. — 448 бет.

К 4702250101

ББК 84 (5 Каз.)

ISBN 5-7667-6633-5

© «Өлке» баспасы 1999 ж.
(Құрастыру. Алғы сөз, көркемдеу.)

АУДАРМАЛАР

УИЛЬЯМ ШЕКСПИР

РОМЕО МЕН ДЖУЛЬЕТТА

трагедия

Қатысушы адамдар:

Эскал — Верона князі.

Граф Парис — жас жігіт, князьдің туысы.

*Монтекки мен Капулетти — өштескен екі әулеттің
басшылары.*

Капулеттидің ағасы.

Ромео — Монтеккидің ұлы.

Меркуцио — князьдің туысы, Ромеоның досы.

Бенволио — Монтеккидің немере інісі.

Тибальт — леги Капулеттидің немере інісі.

Лоренцо пірәдар, Джованни пірәдар — Франциск тақуалары.

Балтазар — Ромеоның қызметшісі.

Самсон, Грегорио — Капулеттидің қызметшілері.

Петр — Капулеттидің қызметшісі.

Абрам — Монтеккидің қызметшісі.

Дәрмекші

Үш музыкант

Паристің пажы

Бірінші тұрғын

Леди Монтекки — Монтеккидің әйелі.

Леди Капулетти — Капулеттидің әйелі.

Джульетта — Капулеттидің қызы.

Джульеттаның күтушісі

**Верона тұрғындары, екі әулеттің әйел-еркек жекжаттары,
майрампаздар, нөкерлер, малайлар.**

Хор.

Оқиға Верона мен Мантуяда өтеді.

ПРОЛОГ

Хор көрінеді.

ХОР.

Веронаның екі дүрдей ығайы мен сығайы
Әлімсақтан қырғи қабақ, қым-қуыт дау арасы,
Теке тірес тайталаспен ғұмыр кешіп ұдайы
Бас жарылып, көз шығарып, күнде дал-дұл жағасы.

Екі әулеттің ұл мен қызы көңілдері қосылып,
Опа таппай опат тапты тіпті қыршын жасында.
Сойыл құмар содырлар да қасіреттен тосылып,
Бейуақ тамған бейкүнә қан басу болды ашуға.

Әлқисса, сол оқиғаны сізге шертіп береміз,
Сәл шыдаңыз, екі сағат уақыт деген сөз боп па!
Жақсы ойынды жабады деп сенеміз
Олы-солпы мін тапсаңдар біз баяндар бұл гәптан,

БІРІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Верона. Алаң.

Капулеттидің қалқан асынып, семсер ұстаған қос қызметшісі Самсон мен Грегорио шығады.

САМСОН. Грегорио, бауырым, ол оңбағандардың алдында арды қолдан бермейік.

ГРЕГОРИО. Арды қолдан беріп бізді не қара басыпты?! Қайсысы келсе де, қан салғандай қып жіберем, көр де тұр!

САМСОН. Тоғытқа түскендей өзіміз тұншықпайық деп тіле.

САМСОН. Қанымды қыздырса, қанжарымды қалай суырып алғанымды өзім де білмей қалам.

ГРЕГОРИО. Сенің қаның қызғанша, қысыр қашар бошалап үлгерер.

САМСОН. Монтеккидің шәуілдектерін көрсем, қаным басыма шауып, зіркілдеп ала жөнелем.

ГРЕГОРИО. Бәсе, құйрығың жалтырап безіп бара жа-

татының содан екен ғой. Қас батыр деген қасқайып тұрып алады емес пе еді!

САМСОН. Монтеккидің сүмелектерін көргенде жүрегім қылп етсе не дейсің. Жігіттерін желкектей жусатып, қыздарын қылқандай қырқам.

ГРЕГОРИО. Нағыз дүлей сен болдың-ау сонда!

САМСОН. Жолымда ешкім тұра алмайды. Жігіттерін түгелдей жер қаптырып, қыз-қырқынын қуыс-қуысқа қуып тығам.

ГРЕГОРИО. Егесіп жүрген екі жақсың да еркектері емес пе?

САМСОН. Бола берсін. Еркектерін көкелеріне көрістіргесін қыз-қырқынына қырғидай тимеймін бе! Шын сойқанды соларға салу керек қой.

ГРЕГОРИО. Бейшара бикештердің жазығы не?

САМСОН. Қауқарымның барында қауып қалам. Құдайға шүкір, бөлек-салақ ет пен шандыр менде де жеткілікті.

ГРЕГОРИО. Балық болып жаратылмағаныңа шүкір. Нағыз тұзда қақтаған қақпыш шабақ сен болар ең. Қылышыңды суыр. Әне, Монтеккидің екі сүмелегі келеді.

САМСОН. Қам жеме! Қылыш дайын. Ол екеуіне өзіңнің де әлің келеді. Қорықпа, қасыңда мен бармын.

ГРЕГОРИО. Ол не дегенің? Сен осы өкшенді жалтыратқалы тұрғаннан амансың ба?

САМСОН. Мен жөнінде уайым жеме.

ГРЕГОРИО. Уайымдайтын кісіні тапқан екенсің!

САМСОН. Әуелі намыстарына тиейін. Төбелесті солар бастаса, заң бізді ақтайды.

ГРЕГОРИО. Тұсымыздан өте бергенде бетімді тыржитайын. Ар жағындағы әуселелерін көріп алармыз.

САМСОН. Мен қасақана тырнағымды мүжиін¹. Оған да үндемесе. шын масқара болғандары.

Абрам мен Балтазар көрінеді.

АБРАМ. Нағып тырнағыңды тістелей қалдың? Бізге қыр көрсетіп тұрған жоқсың ба, сэр?

САМСОН. *(Грегориоға сыбырлап)*. Не дейін, «иә» десем, заң бізді жақтай ма, жақтамай ма?

ГРЕГОРИО *(сыбырлап)*. Жақтамайды.

САМСОН. Қыр көрсетіп тұрғам жоқ, бірақ тырнағымды мүжіп тұрғаным рас, сэр.

ГРЕГОРИО. Немене, сонда төбелескіңіз келіп пе еді, сэр?

АБРАМ. Мен бе, сэр? Жоқ, сэр.

САМСОН. Төлебескіңіз келсе, әмірңізге құлдық. Менің қожам сіздің қожаныздан кем емес.

ГРЕГОРИО. *(Анадайдан Тибальтты көріп, Самсонға).* Ойбай, артық де. Әне, қожайынымыздың ағайыны келе жатыр.

САМСОН. Артық, сэр.

АБРАМ. Сіз өйтіп тантымаңыз.

Бенволио кіреді.

САМСОН. Еркек екенің рас болса, қатын бажылды қойып, төбелеске шық, Грегорио, кәні, көкелеріне көрістіре қой!

Төбелес басталады.

БЕНВОЛИО.

Қаруыңды тарт!

Жөндеріңді табыңдар,

Бұл не қырқыс, ақымақ өңкей!

(Қолдарындағы семсерлерін жұлып алады.)

Тибальт кіреді.

ТИБАЛЬТ.

Құл-құтанға сөз шығындап қайтесің,

Сазайыңды мен тартқызам, Бенволио!

БЕНВОЛИО.

Ажыратып жатырмын,

Сен де таста семсерді,

Кел, екеулеп таратайық бұларды.

ТИБАЛЬТ.

Татулықты атама!

Оны естісем

Монтеккидің

Сүмелектерін көргендей

Қарап тұрып жүрегім менің айниды.

Шық, бері шық, су жүрек!

Төбелесе кетеді.

Екі жақтың адамдары шығып, төбелесіп жатқандарға қосылады. Қолдарына айбалта, қол тоқпақ ұстаған қала тұрғындары көрінеді.

ҚАЛА ТҰРҒЫНЫ.

Тоқпақ сынғанша төпеп бақ,
Монтеккиінің де, Капулеттиінің де —
Көзін әбден құртайық.

КАПУЛЕТТИ.

Бұл не дырду? Қайда менің алдаспаным баяғы?

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Семсерді әкел, сөзді қой!

Монтекки де сарайда

Маған семсер сермеген.

Монтекки мен леди Монтекки келеді.

МОНТЕККИ.

Капулетти, барып тұрған суайтсың!

Жіберші өзін әуселесін көрейін.

ЛЕДИ МОНТЕККИ.

Төбелеске жуытпаймын бір елі,

Тұр осылай тырп етпей.

Нөкерін ертіп князь² шығады.

КНЯЗЬ.

Опасыз өңшен, тыныштықтың жендеті,
Көк темірді ағайынның пәк қанына суарған!

Дүрдараздықтың дүлей өртіне

Су орнына қан шашып

Масайраған өңкей хайуан,

Мен сендерге не дедім?

Жан керек болса егер де

Қылышты тастап нас қолдан

Пәрменіме құлақ ас,

Монтекки мен Капулетти,

Бір емес не екі емес,

Үшінші рет осымен

Қайдағы бір қаңқуына бола бейпілдің

Бейбіт елдің берекесін алдыңдар.

Веронаның жақсы менен жайсаңы

Міне, осымен, үш рет,

Қартайғанда түріп тастап білегін

Қолдарына айбалта ұстап тот басқан.

Соның бәрі. мына сендердің кесірің.

Бұдан былай бір-біріңе

Қол көтерсең осыдан,

Бастарыңмен қош айтыса беріңдер.
Таратыңдар мынау дырдуды.
Сіз Капулетти, жүресіңіз менімен,
Ал, Монтеки, Виллафранкта тосамын,
Бүгін келіп болған іске жауап бер.
Жандарыңның барында
Жанжалшыл тобыр, жөнің тап!

Монтеки, леди Монтеки және Бенволиоодан басқалары кетеді.

МОНТЕККИ.

Бұл жолы кім бастап жүрген жанжалды?
Басы-қасында болыпсың ғой, айтсайшы?

БЕНВОЛИО.

Біздің екі қызметші
Капулеттидің екі малайымен
Жекпе-жекке шығып,
Қызыл қанға батысып жатыр екен,
Үстерінен түскенім.
Әке-көкелеп әзер ажыраттым өздерін.
Сол арада сумаңдатып семсерін
Тибальт шыға келгені.
Әй-шәйіме қарамай
Дүрсе қоя бергені.
Төбелеске шық, бол, бол деп
Жалаң-жалаң етеді.
Семсер сермесіп үлгермей жатып
Жұрт жиналып қалды да,
Айқай-шуды естіп
Ажыратты емес пе —
Князьдің жаңа өзі кеп.

ЛЕДИ МОНТЕККИ.

Ромео қайда осы? Көрінбеді ме ол жаңа?
Басы-көзі аман жүрсе жарар ед!

БЕНВОЛИО.

Ханым, бүгін күн ұясынан көтеріле,
Атқан таңның алтын нұры тереземді бояды да,
Ұйқым қашып, серуенге шығып ем.
Сикомор тоғайын кесіп өтіп,
Батыс жақ қақпаға жете бере
Ұлыңызды көзім шалды.
Елең-алаңда жапа-жалғыз
Қыдырысқа шығыпты.

Түсе кеттім соңына.
Жеткізбеді. Тасаға барып тығылды.
Өзі қашқақтаған соң
Мен де тайдым жөніме.

МОНТЕККИ.

Таң атпай жатып шық шалғынға жас төгіп,
Өзімен-өзі күңірене күрсініп
Сенделетін де жүретінін
Көп көретін бопты жұрт.
Содан қалай көк жиектен күн көріне,
Ілбіп үйге қайтады дейді,
Бөлмесіне тығылып, перделерін түсіріп
Кешке дейін шықпайды дейді сыртқа аттап.
Өйтіп неге жұрт көзінен қашады?
Біле алмай қойдым себебін.

БЕНВОЛИО.

Шынында да бейхабарсыз ба сіз одан?

МОНТЕККИ.

Түсінсем, сірә, не дейсіз?

БЕНВОЛИО.

Көрдіңіз бе сұрап өзінен?

МОНТЕККИ.

Сұрауымда қапы жоқ,
Маңайлатпады өзімді,
Достарын да сап көрдім,
Оларға да ішін бермепті.
Өзімен-өзі жүргені,
Қалған жұртқа сырт орай.
Себебін білсем
Жеп жатқан оны жегінің
Іздемеймін бе бір емін.

Ромео кіреді.

БЕНВОЛИО.

Келе жатыр, әне, өзі.
Сендер мұнда ойда жоқта
Тап болған кісі болыңдар.
Суыртпақтап сыр тартып бір көрейін.

МОНТЕККИ.

Кетейік біз бұл арадан
Сырласыңдар оңаша.

Монтекки мен леги Монтекки кетеді.

БЕНВОЛИО.

Қайырлы таң, Ромео!

РОМЕО.

Таң да атып қалып па еді!

БЕНВОЛИО.

Таң атпақ түгілі сәске болды емес пе!

РОМЕО.

Желаяқ уақыттың аяғына

Жем түскендей көрінеді

Қамыққанда көңілің.

Аналар кім, әкемдер емес пе өздері?

БЕНВОЛИО.

Иә, солар.

Бұл неткен қайғы тұңғиық

Запыран жұтқызып, зар илеткен соншама?

РОМЕО.

Ондай улы ортайтатын күш қайда?

БЕНВОЛИО.

Махаббат аңсап, қараптан қарап

Зари қаппасаң неткені?

РОМЕО.

Жоқ. Олай емес.

БЕНВОЛИО.

Шынымен ғашық екенсің ғой ендеше.

РОМЕО.

Иә,

Махаббатың тұңғиығы тұншықтырып барады.

БЕНВОЛИО.

Көрер көзге момақан бұл махаббат

Зұлымдық көрсе,

Қас асаудай қасарысып қалар қашаннан бергі әдеті.

РОМЕО.

Қари боп тұра, қапымды қалай таптың сен?

Қайда барып тамақтансақ дұрыс екен?

Тағы да қан төгілген бе?

Айтпай-ақ қой, естігем.

Өліп-өшіп сүйген де азап.

Өліп-өшіп жек көрген де азап.

Екеуі де ессіздік пен соқырлық.

Бос азап пен құр ермек.

Қаңтардағы қапырықтай,

Дар алдындағы амандықтай

Баяны жоқ, мәні жоқ

Мекерліктен өршитұғын бекерлік.

Қанбас ұйқы, келмес түс.
Қара тас пен көк мұздан
Көкірекке қандай қайыр бар?
Махаббат та мендегі
Тап солардай бекер бейнет, ауыр жүк
Маған осы күліп тұрғаннан саусың ба?

БЕНВОЛИО.

Жоқ, жылап тұрмын.

РОМЕО.

Ол неге, достым?

БЕНВОЛИО.

Сай-сүйекті сырқыратап сөздерің.

РОМЕО.

Рахымның түбі зақым екенін
біздер біле бермейміз.

Онсыз да өзім тұрғанымда қан жұтып
Аяймын деп ауырлаттың жүрегімді.

Енді менің қасіретім бұрынғыдан екі есе.

Махаббат деген, тәйірі, —

Иіс тиіп есеңгірегендей сандырақ,

Ойынның түбі өрт екенін білмес о жарлық,

Көз жасынан көл тұрған бір қасірет,

Мәңгірген ойдан шыққан өнбес мәнсіз қиял бір

У мен дәрмек араласқан кермек су?

Сау тұр, достым.

БЕНВОЛИО.

Соншама қайда асықтың?

Аяқтайық әңгімені әуелі.

РОМЕО.

Мен өзімді әлдеқашан жоғалтқам.

Ромеоны өзгелер түгілі

Өзі дағы енді таба алмас.

БЕНВОЛИО.

Әзілді қой, шыныңды айт: ғашығың кім?

РОМЕО.

Қайдағы әзіл айтып тұрғаның?

БЕНВОЛИО.

Әзілді қойдық. Аты кім еді ол қыздың?

РОМЕО.

Әлгі ажал аузында әзер жатқан науқастың

Жетіп барып қасына:

«Қалжыңды қой, мезгілің болды өлетін», —

Дейтін мысал осы да.

Бірақ, қалжыңға айналдырып, қанқу қылар

Бикеш ол емес.

БЕНВОЛИО.

Мен де әдейі әңгімені
Төтесінен бастап тұрмын.

РОМЕО.

Мерген жігіт, мен білген қыз
Қолға оңай қонатұғын құс емес.

БЕНВОЛИО.

Ондай тоты қолға оңай келмесе,
Қапы кетпестей қып,
Дәлдеп көзде, ендеше.

РОМЕО.

Бұл сөзің де ол жайында орынсыз,
Ол Диана, қорықпайтын Купидонның оғынан.
Күлкіні көріп қызығып, алтынды көріп азатын
Арзандардан емес ол,
Басыңдағы көрікті көлденең қолға бұйыртпай
Көрге бірге әкететін түрі бар.

БЕНВОЛИО.

Сонда немене, бұл дүниеден
Өтпекші ме қу тізесін құшақтап?!
Сөз беріп пе екен солай деп?

РОМЕО.

Сөз де берген, тұрды және сөзінде
Ол бикештен шынында да кейінге
Құр елестен басқа мирас қалмайды.
Тақуа қыз қажытты әбден мені де.
Үздім күдер бақыттан.
Ол мейлі сол
Өте берсін айтқан сөзге адал боп,
Мен өлікпін,
Бұл дүниеден опа таппан енді мен.

БЕНВОЛИО.

Ондай қызды шығар онда ойыңнан.

РОМЕО.

Ойлауды қайтып ұмытасың, үйретші.

БЕНВОЛИО.

Ұмытпайтын несі бар:
Көрінгенге көз сүзген
Көңіл арсызға бер ерік —
Көлденеңнен тап қызық.

РОМЕО.

Ондай айла дертке дауа бола ма?
Көз қари боп, ғарып қалған пақырана
Баяғыда көргендерін тіріде ұмыта ала ма?

Жөні түзу көрсем болды ұрғашы,
Ол есіме түспей ме,
Өлем ғой сосын өртеніп.
Қай пәлеге үйренсемде,
Үйрене алман ұмытуды.

БЕНВОЛИО.

Өзім үйретем, ол жағынан қам жеме.
Екеуі де кетеді.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Көше.

Капулетти, Парис және қызметші шығады.

КАПУЛЕТТИ.

Монтеккимен екеуімізге айып салды орасан,
Тату-тәтті болмай ма деп тұруға.

ПАРИС.

Шынында да инабатты екі әулет
Өтесіндер ме қырқысып.
Соныменен сөз түйіні не болды?

КАПУЛЕТТИ.

Сөз түйінін айттым ғой,
Қызым әлі балиғатқа жеткен жоқ,
Ең болмаса жетсіндағы он төртке.³
Енді екі жыл кідірсеңдер,
Құдалыққа қарсы емен.

ПАРИС.

Одан да жаста некелесіп жатқан жоқ па жұрт осы!

КАПУЛЕТТИ.

Үмітімнің бәрін бірдей жұта-жұта қара жер,
Қолда қалған жалғыз осы тұяғым,
Бұғанасы қатпай тұрып,
Некеге қайтып қияйын.
Қымбатты Парис, өзімен сөйлес әуелі,
Байқап көріңіз көмейін.
Өзі келісіп жатса егер,
Мен риза, не дейін.
Кешке бізде үлкен жиын —
Үйреншікті үрдісіміз жылдағы.
Жиылады бұл қаланың үлкені мен кішісі.
Сіз де келіңіз, қалайық біз қуанып.
Шілдедегі көп жұлдыздай самсаған
Сұлулар да келеді,

Бір-бірімен тайталасқан ажары.
Тасқынындай сәуірдің
Кенелер жұрт шатыққа.
Өзіңіз сонда көп аруды аралап,
Қайсысының ұнағанын
Маған айта қойыңыз.
Алдын ала мақтағаны деп ойлама.
Қызым да болар сол тойда.
Жүріңіз, граф.

Қызметшіге қағаз ұстатып жатып.

Сен, сүмелек, қара да мына тізімге
Хабарлап шық, тастап кетпей бірін де.
Құшақ жайып қарсы аламыз де, білдің бе?!

Капулетти мен Парис шығып кетеді.

ҚЫЗМЕТШІ. «Тізімге қара», — дейді. Мұнда не жазылғанын итім біліп пе? Тігіншіге біз, етікшіге кез ұстат деп жазылса қайтпекпін. «Тізімге қара», «тізімге қара», — дейді. Бұл қағазда балықты іш киіміңмен аулап, балық аулайтын торды іш киім қып ки десе, солай істемекпін бе? Әуелі сол кімдердің аты жазылғанын айтып бермей ме? Жә, оны оқып беретіндей бір оқымыстысымақ өзі-ақ жолығар. Әне, өздері де келеді екен. Іздегенге сұраған деген осы шығар.

Бенволио мен Ромео келеді.

БЕНВОЛИО. Үндеме, бауырым. Оттың емі оттан, судың емі судан. Қасарысқанға қасарыс, қасірет те қайсарлықтан қаймығар. Жаңа бейнет жаныңды көзге көрсетсе, ескі дерттің шығады дейтін жадыңнан.

РОМЕО.

Мұндай әлгі жолжелкен
Таптырмайтын ем дейтін.

БЕНВОЛИО.

Неменеге ем дейді?

РОМЕО.

Аяғың сынғанда.

БЕНВОЛИО.

Есің дұрыс па?

РОМЕО.

Есім дұрыс, одан бірақ не қайыр,
Аяқ-қолы байлаулы
Нақұрыстан нем өзге?

ҚЫЗМЕТШІ.

Армысың, сэр. Оқи алатын шығарсың?

РОМЕО.

Талайға жазылған тақсыретті
Оқымай-ақ айтып береміз.

ҚЫЗМЕТШІ.

Рахмет.

Менің іздегенім балгер емес хат танитын кісі
еді.

РОМЕО. Ойнап айтам. Қайда зытып барасың? Әкел,
оқып берейін. *(Оқиды.)* «Синьор Мартино зайыбымен
және қыздарымен; граф Ансельмо көрерге көз керек
көркем қарындастарымен; синьора Плаченца сүйкімді
жиендерімен; Меркуцио ағасы Валентинмен, айдай ару
жиеніміз Розалина; Ливия; синьор Валенцио інісі Ти-
бальтпен; Лючио еркетотай Валентинасымен шақырыл-
сын.» Бірінен бірі өткен ығай мен сығай екен.

ҚЫЗМЕТШІ.

Ана жаққа.

РОМЕО.

Қайда дейсің?

ҚЫЗМЕТШІ.

Біздің үйге, кешкі қонақасыға.

РОМЕО.

Кімнің үйіне?

ҚЫЗМЕТШІ.

Қожайынның үйіне.

РОМЕО.

Алдымен сол қожайыныңды білгім кеп тұр ғой.

ҚЫЗМЕТШІ. Оны сұрамасаңыз да айтам ғой. Менің
қожайыным. Капулетти деген атақты бай. Бәлкім,
естуіңіз бар шығр? Егер әлгі Монтекидің туысы боп
жүрмесеңіз, кешке сіз де келіңіз?

Кетеді.

БЕНВОЛИО.

Капулеттидің үйінде
Розалинадан, әлгі сенің іңкәріңнен басқа
Веронаның бар сұлуы жиылатын түрі бар,
Біз де сонда барайық.
Ай маңдай аруларды көргенде
Сенің әлгі шыбық тимей шыңқ етер бикешің
Шын тотының қасындағы тұрымтайдай боп қалар.

РОМЕО.

Күні-түні бір көру боп арманы,
Аққу құс деп алжасса егер қорғаны
Қара басқан қарап тұрып қараптан
Ондай көзді неге бердің жаратқан.
Танымасам алтын күнді аспанда,
Шынында да көзімді ақ шел басқан да!

БЕНВОЛИО.

Айтулыңды көруге сол көз керек
Салыстырып байқа бір сәт өзгемен.
Сұқсырлардың көргенде не саңлағын,
Достым, әлгі сөзіңнен танып қалмағын.
Шын меруерт жолыққанда міні жоқ
Қолдағы асыл көрінбесін шыны боп.

РОМЕО.

Барсақ барайық, сөзді қойып бұл жайлы,
Бірақ, басқа қыздың бәрі
Оның жалғыз башпайына тұрмайды.

Екеуі де шығып кетеді.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Капулеттидің үйіндегі бөлме.

Леди Капулетти мен күтуші әйел шығады.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Емшек шешесі, әлгі Джульетта қайда жүр?

КҮТУШІ.

Өтірік айтсам, боп кетейін қызталақ,

Жаңа ғана шақырғам.

Тағы қайда құрыды?

Ау, Джульетта, қайдасың?

Жөніңді айтып сес берсейші, қызым-ау!

Джульетта кіреді.

ДЖУЛЬЕТТА.

Не айтпақ ең, мен келдім?

КҮТУШІ.

Анаң шақырып тұр, мен емес.

ДЖУЛЬЕТТА.

Неге іздедіңіз, ана?

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ. Қазір, қызым. Емшек шешесі, бізді бір минутке оңаша қалдыра тұрсаңыз қайтеді. Жә, қалсаң қала ғой. Сен де ести бер ендеше. Қызымыз бой жетіп қалды ғой.

КҮТУШІ. Мен оның жасын сағаты мен минутына дейін есептеп қойғам.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ. Ол әлі он төртке толған жоқ.

КҮТУШІ. Оның әлі он төртке тола қоймағанына аузымда қалған төрт тісімді бәске тігуге дайынмын. Петр мейрамына қанша уақыт қалып еді осы?

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ. Екі аптадан аса.

КҮТУШІ. Екі аптадан аса мейлі, аспаса мейлі. Әйтеуір, сол Петр мейрамында он төртке шығады. Әлгі топырағы торқа болғыр Сусаннам екеуі түйдей құрдас еді ғой. Бірақ, мырза құдай оны маңдайыма сыйғызды ма, өзі тартып алды. Әне, сол Петр мейрамында бұл он төртке шықпаса, мен мұрнымды кесіп берейін. Баяғы жер сілкінетіннен бері, санап көріңізші, аттай он бір жыл өтіпті. Дәл сол жер сілкінетін күні мен бұны емшектен шығарғам. Емшегіме жусан үйкеп, құс қораның күн жағында отыр едім. Тәңір жарылқап, сіз онда Мантуяда болатынсыз.

Былай жарымес болғаныммен, жадымдағы нәрсені еш ұмытпаймын. Бұл жүгіріп келсін де, көкірегіме бас қойсын. Удай ащы жусан аузын қуырып ыршып кетті. Әлі көз алдымда. Тап сол уақытта құс қораның жалп етіп құлаамасы бар ма. Өзімнің де аяғым аспаннан келді. Құдай жар боп, әйтеуір аман қалдым. Содан бері де аттай он бір жыл өткені ғой. Сонда бұл енді қаз тұрып... қайдағы қаз тұрған... жүгіріп жүрген кезі еді. Құдай ақы рас айтам. Сонда бұл маңдайын жарақаттап алған. Иманды болғыр күйеуім, қалжыңбас еді ғой, көтеріп ап: «Етпетіңнен құлағаның не, Джульетта. Жә, әуелі бой жетіп ал. Сосын тек құласаң шалқаннан құлайтын боласың. Солай емес пе?» — деп сұрағаны. Сонда бұл не деді дейсіз ғой. Көзінің жасын сүртіп, өксігін баса алмай тұрып; «Солай!» — дегені. Күлкіден шегіміз қатсын. Ондай нәрсе тіріде ұмытылар ма? «Шалқаннан жығыласың ғой» десе, «иә» дейді.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ. Сіз де бір қайдағыны соғады екенсіз.

КҮТУШІ. Доғардым, ханым. Бірақ, өзіңіз айтыңызшы, қайтып күлмессіз. Дереу жұбана қойып, «иә, солай» дейді. Шекесі болса, шодырайып ісіп кеткен. «Етпетіңнен жығылғаның дұрыс емес, өскесін тек шалқаңнан жығыласың», — десе, «иә, солай» дейді жұлып алғандай.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ. Сен де бір сөзге түсінбейтін саппас екенсің.

КҮТУШІ. Қойдым, қойдым. Мен емізіп өсірген балалардың ең жақсысы осы болатын. Енді тек тойын көріп өлсем. арманым жоқ.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ. Той дейсің бе? Айтпағым сол менің де. Өзің айтшы, Джульетта, күйеуге шыққанға қалай қарар ең?

ДЖУЛЬЕТТА. Ондай мәртебені күтпеп едім мен әзір.

КҮТУШІ. Ондай мәртебе дедің бе? Емшек берген өзім болмасам, мұнша ақылды ананың ақ сүтімен бірге емген деп айтар ем.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ. Ендеше, қызым, Веронада, жетпей-ақ сенің жасыңа. Бала сүйіп, жар сүйіп отырған қыз аз емес. Бұғанан қатып, буының болса бекіді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай мынау түйіні: Парис саған құда түсті бүгін кеп.

КҮТУШІ. Ойбай-ау, қызым, құдай берді десеңші. Одан асқан жігіт болушы ма еді! Ондай еркекті жердің шарын жеті айналып шыққанда таба алыпсың ба! Сұлу болғанда сурет дерсің, сурет?

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Күллі Верона көз сүзген құс

Қолға өзі кеп қонып тұр.

КҮТУШІ.

Құс болғанда қандай?!

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Не дейсің, қызым? Көңіліңе қона ма?

Бүгін бада зерттеп ал оны мұқият.

Жүзіндегі әр сызық, әр әжімді

Көне кітап сүресіндей ал жаттап.

Қайсысында қандай сыр, —

Ақылға сап салғастыр.

Өз ақылың жетпесе,

Үңіл жұрттың көзіне.

Кел сосын бір шешімге,

Мұндай бақытқа

Жеткендер де арманда,

Жетпегендер де арманда.

Балық тереңді қаласа,
Әдемі сурет асыл жақтау қалайды.
Не данышпан кітаптар да базарда,
Келіспесе түптеуі
Ілікпейді назарға.

Сен де өзінді салыстырып көр онымен,
Кішірейіп, қораштанып қалмайсың ба қасында?

КҮТУШІ. Қайдағыны айтады екенсіз, ханым. Еркек көрген әйел ажарланбаса, арымайды, тәйірі.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Қалай, тыңдайсың ба айтқанды?

ДЖУЛЬЕТТА.

Әлі ешқандай келген жоқпын тоқтамға.

Бірақ, болсын есіңізде

Сіздің де әміріңізді орындайын бір жолға.

ҚЫЗМЕТШІ. Ханым, қонақтар келді, дастарқанға отырды; сізді жерден іздеп, көктен іздеп таба алмай жатыр; бикешті де қарай-қарай табандарынан таусылды; ас үйде мына күтушінің де ішін әбден кептіріп бағуда. Үйдің іші астан-кестен. Қонақтарға кетіп барам. Мархабат етіп, сіз де тезірек жетіңіз.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ. Кеттік.

Қызметші шығып кетеді.

КҮТУШІ. Тездет. Джульетта! Граф күтіп қалар. Күндіз рахат көргенге түнде ләззат сыйлайды асаған ауыз асасын деген, міне, осы ғой.

Бәрі шығып кетеді.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Көше.

Бет-аузын көлкештеп алған бес-алты кісіні, шырақ көтерушілер мен барабаншы баланы ертіп Ромео, Меркуцио және Бенволио шығады.

РОМЕО.

Өлеңдетіп кіреміз бе,

Жәй бас сұға саламыз ба, жоқ әлде?

БЕНВОЛИО.

Жоқ, ондай әдет қалған қазір үрдістен.

Ханымдарды қаралай-ақ үркіткен

Қара байлап көзіне,
Оқшантайдан жалбыратып жүн-жүрқа,
Әлем-жәлем кіріп барар Купидон
Әсерінен айрылған бұрынғы
Әр сөзді қырық ұмытып,
Тақпақ айтып, былжырақтап тұрмаймыз.
Билемейміз олар тартқан сырнайға,
Өз биімізді билейміз де,
Кейін қарай зырлаймыз.

РОМЕО.

Ендеше, маған шырақ ұстат, шырағданшы болайын,
Би жағынан мақұрымдау жайым бар.

МЕРКУЦИО.

Ромео, сен билемей болмайды.

РОМЕО.

Түрлерің бар қауырсындай қалқитын,
Ал, менің әр басқанымнан
Ойылардай қара жер.

МЕРКУЦИО.

Құйқылыт бір, қобалжуды қой-дағы,
Саған махаббат өзі-ақ қанат байлаған.

РОМЕО.

Махаббат маған бергенімде енді ұша
Көздеп тұрып топшымнан оқ қадаған,
Содан бері көтере алмадым еңсемді.

МЕРКУЦИО.

Еңсеңді көтере алмай, етпетіңнен жығылып,
Тапап кетпе махаббаттың миуасын.

МЕРКУЦИО.

Шеңгелінді сал сен де,
Жіберме оған есеңді.
Не де болса, перде киер кез болды.
Міне, енді. Ада болдың бет деген бір
пәледен.

Енді жұрт маған не десе де мейлі,
Бет тасада,
Қызара қоймас бетперде.

БЕНВОЛИО.

Есікті қағындар, кіріп барып
Билеп қоя бергенде,
Сен де аяқты бірдеңе қып қимылдат.

ROMEO.

Маған ұстат шырақты.
Мен соншама еден былғап қайтейін.
Онан-дағы өзіммен-өзім боп
Тұрмаймын ба қызықтап
Түкке тұрмас дырдуды.

MERKUCIO.

Махаббаттан маза кетіп, мең-зең болған шырақшы
Қайдағыны бықсытпай тұр жанбайтын шам сияқты.
Қаралай өлгің келмесе, қақ қақпаңды,
Кім көріп ед талтүсте шырақ жаққанды.

ROMEO.

Қонақ құдай жолы дегенмен
Жолымыз бола қояр ма!

MERKUCIO.

Күмілжисің неге өйтіп?

ROMEO.

Түс көріп ем түнде бір.

MERKUCIO.

Міне, қызық. Мен де сүйткем.

ROMEO.

Сен не көрдің?

MERKUCIO.

Түс емес бір сергелдең.

ROMEO.

Менің түсім қай кезде де дәл келген.

MERKUCIO.

Періштені толғақ қысқан
Құтқаратын азабынан
Маб⁴ деген бір бар ғой мыстан
Сол неменің мазағы да.
Сақинаның сіркесіндей
Болғанымен оның бойы.
Түн баласы тозаң мініп
Шарлайтыны. кісі қойыны.
Шегірткенің бір қанаты
Жайғасатын жол қорабы,
Өрмекшінің сыңар сирағы
Күймесінің доңғалағы.
Ал, мизамның сілекейін
Делбе қылып қолданады,
Нас қыздардың тырнағына

Ұя салған қара бас құрт.
Көшір болып атын айдап
Шапқылайды аласұрып.
Ақ тиінмен ұшып-қонған
Тұғжым қоңыз күйме жонған.
Ессіз ғашық жігіттердің
Миын шырдай етеді ол,
Бойжеткеннің інкәр ерінін
Айнадай қып кетеді ол,
Судьяны мұрттан тартып
Түсінде де пара аңсаған,
Тәлкектейді жүрген шалқып
Хан сарайдың жарамсағын.
Дін басының санасынан
Қуып шығып шарифатты,
Түсінде де санатады
Діндарлардан түскен затты.
Солдатқа қыз құшақтатып,
Күбілеп шарап ішкізеді.
Біреулермен пышақтасып,
Қара терге түскізеді.
Қызыл қанға боянтады,
Түнде шошып оянтады.
Ат қорада аттардың ол
Шатастырар жалын байлап,
Біле алмайсың, не пәле бұл,
Бара жатса малыңды айдап.
Жұмыр басты пенделерді
Әбден мазақ ететін сол
Жел сүймеген пәк қыздардың
Етегін түріп кететін сол
Сол Маб мыстан...

РОМЕО.

Меркуцио, доғар енді
Әңгіменді құр бәдік,

МЕРКУЦИО.

Түс түлкінің боғы деген,
Бейуақ соққан құйындай боп
Еткенімен ұйқы-тұйқы.
Оны түнде өрбітетін
Жалқау арман, арсыз ұйқы.

БЕНВОЛИО.

Біздер мұнда бос тұрғанда
Түс жорытып, қиял қуып,

Дастарқанда біз күткен дәм
Әлдеқашан қалды-ау суып.

РОМЕО.

Түс жорытып, қиял соғып,
Тұрған ешкім жоқ мұнда.
Бірақ бүгін жолығамыз бір сынға.
Бұған дейін бұқпантайлап
Бой жасырған бір ниет
Енді келіп көтермекші еңсесін.
Сол бір ниет кереметтен
Менің қыршын ғұмырыма
Тосын қатер төнбесін. Ай,...
Дәу де болса, солай шығар,
Басқа нышан байқалмай тұр әзірге.
Бірақ, мейлі, болып қойды болар іс,
Қысыр қиял. бұдан арғы толғаныс.
Жүр, мырзалар, кірейік.

Шығып кетеді.

Капулеттидің үйіндегі зал.

Музыканттар. Алдына алжапқыш байлаған малайлар.

БІРІНШІ МАЛАЙ. Әлгі таба ұстаушы Антон қайда жоғалған? Неге жинаспайды? Қалған-құтқанды жалап-жұқтап жүр-ау жазған. Тілін безеп жетер қазір жалаңдап.

ЕКІНШІ МАЛАЙ. Барлық жұмыс екеуміздің мойнымызға түсуін қарашы. Бізден басқа қызметші құрып қап па! Оның үстіне қолымыздың да кісі көрер сиқы жоқ.

БІРІНШІ МАЛАЙ. Нақышты сәкілер, әне, тұр. Үйілген ыдыс-аяқты әрі ысыра сал. Күміс ыдыстарға абай боп. Қымбаттым, мені жақсы көретінің рас болса, бір кесек марципаны тыға сал. Есіктегілерді ескертіп қой, ыдыс тырналаушы Надежда мен Нелиді жібермей қойып жүрмесін. Антон, таба ұстаушы!

ҮШІНШІ МАЛАЙ. Мен мұндамын. Не боп қалды?

БІРІНШІ МАЛАЙ. Үлкен бөлмеде сені іздеп жатыр. Қайта-қайта айқайлап дігір-дігір етеді.

ҮШІНШІ МАЛАЙ. Маған енді жарыл демесең, шақырған жердің бәріне барып үлгеру мүмкін емес. Тезірек қимылдаңдар, жігіттер. Өлмегенге өлі балық жолығар әлі-ақ.

Қонақтар мен сауық құмарларды қарсы алуға Капулетти, Леди Капулетти, Джульетта, Тибальт және басқа үй адамдары шығады.

КАПУЛЕТТИ.

Төрлетіңдер, мырзалар.
Өкшесіне күс шықпаған ханымды
Таң атқанша қызу жұмыс күтіп тұр.
Не дейсіңдер, арулар,
Бұдан кейін қайтіп қызбас делебең.
Табандарың күлбіресе егер де,
Қолымызға көтерсек те,
Көңілдеріңізді табамыз.
Шіркін дүние-ай!
Заманымда мен-дағы
Талай ханымның сарсытып ем құлағын,
Өтті-кетті, амал не...

Ромео, Меркуцио, Бенволио және серіктері кіреді.

Қош келдіңдер, достарым!
Күй тартыңдар, күйшілер!
Ал, билейік... Не тұрыс?

Музыка. Би басталады.

Жарықты молайт, жарықты!
Орындықтарды әрі ысыр.
Каминнің отын басыңдар.
Қапырық, тым қапырық!
(Капулетти ағасына)
Жұртты көрсең, арқаң қызып кетеді.
Отыра бер, не теңіміз би біздің!
Айтыңызшы екеуміз
Соңғы рет қашан билеп ек?

КАПУЛЕТТИДІҢ АҒАСЫ.

Осыдан отыз жыл бұрын ғой, шамасы.

КАПУЛЕТТИ.

Жоға, тәйірі, қайдан болсын отыз жыл,
Жиырма жыл, не жиырма бес,
Одан әйтеуір көп емес...
Билемеп пе ек Люченцоның тойында.

АҒАСЫ.

Иә, олардың бірақ сондағы ұлы отызда.

КАПУЛЕТТИ.

Бала емес пе еді кешегі...

РОМЕО (өз қызметшісіне).

Қасына анау жігіт барып тұра қалған
Бойжеткенді танысың ба, аты кім?

ҚЫЗМЕТШІ.

Танымадым, тақсыр.

РОМЕО.

Ай дидары шырағдандардың бар нұрынан асып тұр,
Өншен ноқай ортасында бұл періште қайдан жүр?
Өңкей қарға ортасына түскен ашақ кептердей,
Жанарымен жан дүниемді жарық қылып кеткендей.
Жақын барып қарайыншы ажарына сабаздың,
Бұндай сыйды қайта-қайта қияр дейсін маған кім.
Түкке тұрмайды екен бұған дейін көргенім,
Не сұлуы бола береді екен-ау жұмыр басты пенденің.

ТИБАЛЬТ.

Мынау, апырау, Монтеккидің даусы ғой,
Семсер суыр, балақай!
Мына оңбаған қара перде жамылып
Біздің тойды тәрк етпекке келіпті.
Тоқта, бәлем, біз де емеспіз құр жаяу,
Сазаңды алмай шыға алмассың бұл үйден.

КАПУЛЕТТИ.

Бұл не қиқу, қымбаттым.

ТИБАЛЬТ.

Монтекки жүр, қалай кірген білмедім,
Сайранымызды ойран қылмақ ол неме!

КАПУЛЕТТИ.

Ромео ма айтып тұрғаның?

ТИБАЛЬТ.

Иә, сол оңбаған.

КАПУЛЕТТИ.

Түс, ендеше, сабаңа, Қайтесің оған тиісіп?
Жайыңа тұр, бұл қалада ең әдепті жігіт деп,
Жұрт осыны айтып жүр.
Бұл үйде оны жәбірлетпен ешкімге,
Мал-мүлкімді жауға тәрк етсем де.
Көп сөзді қой, айтқаныма құлақ ас,
Егер мені жасы үлкен деп сыйласаң.
Қабағыңды аш, жадыра,
Той үстінде тортаңдаған жөн болмас.

ТИБАЛЬТ.

Жөн шығар онда көрінгеннің
Төрімізде тайраң салып жүргені.
Мен ондайға төзе алман.

КАПУЛЕТТИ.

Төзбей көрші, кәне, өзің!
Естисің бе? Қалай-қалай есіреді бұл неме!
Төзбеймін дейді, төр өзінікі сияқты.
Өз тойымда жер қылмақшы өзімді!
Бұдан асқан бассыздық, сірә, болар ма!

ТИБАЛЬТ.

Шын масқараны бастап тұрсыз өзіңіз.

КАПУЛЕТТИ.

Доғар енді былшылды!

(Меймандарға)

Жә, кешіріңіз. Орын жоқ бұндай бұзақылыққа.

(Тибальтқа)

Маған жосық үйретпе, жөніңді біл, жарқыным!

(Меймандарға)

Қапа болмаңыз, достар!

(Тибальтқа)

Оспадарсыз қас надан,

Үрдіске үйрен одан да!

(Қызметшілерге)

Жарықты молайт, жарықты!

(Тибальтқа)

Өз қолыңнан келмесе. күштеп жүріп үйретем.

(Меймандарға)

Аяқтарың барады ғой бытырап

Биді түзе, дос-жаран!

ТИБАЛЬТ.

Ашуымды жеңдірем де ақылға,

Кет десеңіз кетейін мен. Мақұл ма!

Қас дұшпанды қорғадыңыз. Көр де түр —

Талай қырғын боларына мен кепіл!

Кетеді.

РОМЕО.

(Монах болып киініп, Джульеттаға).

Қолыңызға күнәкар қолым жұғысып,

Тәрк қылдым тақуалық парызын:

Періште ерінім пәктігінен суысып

Сүйеге әзір күпірліктің әр ізін.

ДЖУЛЬЕТТА.

Қол қысқанның жоқ ешқандай айыбы,

Әлімсақтан келе жатқан келіс қой.

Діндарларға тағзым ету лайығы,
Топ ішінде төс қағысқан теріс қой.

РОМЕО.

Ерін неге жаратылған ендеше?

ДЖУЛЬЕТТА.

Дұға оқып күбірлеуге, жарқыным.

РОМЕО.

Дыр-думанда дұға оқыған жөн десең,
Құлағыңды бері әкелші, алтыным!

ДЖУЛЬЕТТА.

Құлағым сізде, басымды имен бірақ та.

РОМЕО.

Қимылдайық, онда сізден сұратпай.

(Сүйіп алады).

Ернімдегі бар күнәдан. енді, міне, арылдым,

ДЖУЛЬЕТТА.

Шаң тимеген пәктігімнен алғаш рет қағылдым.

РОМЕО.

Пәктігіңді қимасаң, өзіме қайтар күнәмды.

ДЖУЛЬЕТТА.

Сүйісуді қайда жүріп үйрендің?

КҮТУШІ.

Анаң шақырады. Айтар сөзім бар дейді.

Джультта шығып кетеді.

РОМЕО.

Анасы кім?

КҮТУШІ.

Кімнің үйінде тұрғаныңды білмейсің бе?

Бәйбішесі осы үйдің,

Қызы әлгінде әңгімелескен сізбенен.

Емшек беріп асыраған мен болам.

Ондай қызға үйленетін жігіттің

Жырта қарыс маңдайы.

РОМЕО.

Капулеттидің қызы ма?

Қас дұшпанның құрған торына

Өз аяғыммен кеп түсіп

Қасқайған деген осы да!

БЕНВОЛИО.

Қоштаса бер. Жолың болды бұл жолы.

РОМЕО.

Жол болғанда сұрама!

КАПУЛЕТТИ.

Жоға, тәйірі! Мұнша неге асықтыңдар!
Сусын ішіп думандата тұрыңдар!
Көтермей ме жағдайларың?
Сонша тығыз шаруаларың бар ма еді!
Амал қайсы, ендеше!
Сіздерге көп-көп рақмет!
Сау тұрыңдар! Жол болсын!
Жарық қылыңдар жолдарын!
Ал, мен кеттім. Түн ортасынан ауыпты
Құлаған дұрыс төсекке!

Капулетти және басқалары шығып кетеді.

ДЖУЛЬЕТТА.

Айтшы анау есік алдында
Бұрыш жақта тұрған кім?

КҮТУШІ.

Тиберьо шалдың ұлы әрі мұрагері.

Бенволио кетеді.

ДЖУЛЬЕТТА.

Ал анау кім есіктен шықпай тоқтаған?

КҮТУШІ.

Ол кіші Петручио шығар.

Меркуцио шығып кетеді.

ДЖУЛЬЕТТА.

Ал, анау қасындағы
Биге зауқы соқпаған кім?

Ромео шығып кетеді.

КҮТУШІ.

Білмедім.

ДЖУЛЬЕТТА.

Барып біліп кел.
(*Күтуші әйел соңдарынан кетеді.*)
Үйленген болса егер ол,
Маған желек орнына
Кебін тіге беріңдер.

КҮТУШІ.

Ол Ромео, Монтекки
Қас жауыңның баласы.

ДЖУЛЬЕТТА.

Дұшпаныма ғашық боп, өз сорыма,
Кер тағдырдың түстім ақыр торына.
Енді қайдан ашылады маңдайым,
Бал орнына у аңсаса таңдайым?!

КҮТУШІ.

Тұрсың не деп күбірлеп?

ДЖУЛЬЕТТА.

Баққа биге барғанда
Біреулер айтқан өлең ғой.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ (*сахна сыртынан*).

Джульетта!

КҮТУШІ.

Қазір, қазір! Тарады халық.
Біз де, міне, барамыз шығып.

Кетегі.

Хор кіреді.

ХОР.

Қайран жүрек алып ұшқан кешегі
Қасіреттің лайсаңын кешеді.
Елді құртқан болып шықты жырынды
Елден асқан Ромео бұрынғы
Қызғалдақтай құлпырған жас махаббат
Қысастықтан таппай қалай шарапат.
Екі араға жайылды енді аран сор,
Екі араға жайылды енді қаран тор.
Не дейді әке күйеу атын есіткен.
Монтеккиді қарата ма есіктен?!
Сонда оны көре ме енді, көрмей ме?
Көрмесе бұл құса болып өлмей ме?!
Кім көтерер бұндай бейнет, запыны,
Азап өзі-ақ табар амал ақыры!

Хор кетеді.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

*Капулеттидің бағының қабырғасы.
Ромео кіреді.*

РОМЕО.

Қайда кетем, жүрек осында
Қалған болса байланып.
Өтемін де жер серігіндей
Планетамды айналып.

*Бақтың қабырғасынан қарғып кетеді.
Бенволио мен Меркуцио кіреді.*

БЕНВОЛИО.

Тоқта, Ромео!

МЕРКУЦИО.

Ромео есуас деп пе ең соншама,
Жатқан шығар төсегінде шіреніп.

БЕНВОЛИВО.

Жаңа ғана кетті ырғып әріге,
Меркуцио, айқайлай түс әлі де.

МЕРКУЦИО.

Құр бақырып қайтеміз,
Құр елесте құлақ жоқ қой бәрібір.
Ромео! Есі кеткен мәжнүн!
Ең болмаса сес берсейші, жарқыным!
Жаңғыз ауыз тіл қатшы,
«Қан» мен «жанды» ұйқастырып,
Ғайып ерен, қырық шілтенге тыңдатшы.
Махабаттың періштесі сыңар көз,
Бәлкім, сенің құлақ асар зарыңа.
Кофетуа патша мен
Тіленші қыз туралы
Аңыздарды айт тағы да.
Естімейді, тырп етпейді, сыбыс жоқ.
Мүрдем кеткен. Бекер жырттам өңешті.
Розалина үшін ең болмаса
Сес берші.
Садаға кет сорлы қыздың

Жайнақтаған жанары мен
алаулаған ерінінен,
Жарқыраған маңдайы мен
тал шыбықтай белінен,
Ойнақтаған, бұлғақтаған
Тағы талай жерінен.

Ұйқыңды аш та жауап бер.

БЕНВОЛИО.

Ренжіп қап жүрмесін.

МЕРКУЦИО.

Не деп маған ренжиді?

Іңкәрінің қасына

Салып басқа ашына

Жадылық еткен жерім жоқ.

Қайта мынау қара түнде бақырып

Тұрғанымыз аруағын шақырып,

Ренжімей болар қайта риза.

БЕНВОЛИО.

Жүр, ендеше, кетейік,

Бұта арасында тығылып отыр шықпайды.

Көзсіз сезім еткен оны есірік.

МЕРКУЦИО.

Көзсіз сезім дегеніне жете ме.

Отыр міне тал түбінде бүрісіп.

Шіркін оның ғашығы

Бөрі жидек болар ма ед,

Елден бұрын пісетін,

Аузына өзі келіп түсетін.

Мұнша ақымақ болармысың, Ромео!

Жә, ендеше, қайыр, хош!

Төсегіме жетейін,

Сенің мынау тас төсегің тақылдық

Жамбасымды мұз боп қарып барады.

Кеттік, Бенволио!

БЕНВОЛИО.

Кетсек кеттік!

Таптырмасты іздеп таппаспыз бәрібір пәтуа!

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Капулетти бағы.

Ромео кіреді.

РОМЕО.

Менің қайғым оларға күлкі, әрине!
Балкондағы ағараңдаған анау сәуле не болар?
Түн ауғанда шығушы еді күн қалай?
Ә, Джульетта ғой, күн емес.
Шық, бері шық.
Қаран дүниеге нұрынды құй, жадыра.
Ай шұғыласы қалсын мына адыра.

Джульетта балконға шығады.

Таста құлдық еткеніңді тақуалық тәңіріне,
Бейкүнәлықтан безін-дағы,
Көн жүректің әміріне.
О, қалқашым, о, тірлігім, қуанышым, шаттығым,
Білмейді-ау әлі өзінің кім екенін!
Тұр, әнеки, әлдекімге әлдене деп күбірлеп.
Көзбен көріп, іштен білген әлгі сиқыр тіл осы!
Ақымақ едім мен неткен!
Тұр ғой біреумен тілдесіп.
Екі көзі, жарқыраған жанары,
Аспанға әне қарады.
Қос жұлдызы жылтырайды мұнарда,
Жерге кел деп тұр арбап.
Шынында да, оның жақұт жанары
Қонақтаса аспанға,
Түн ішінде құстар әнін салады,
Дидарынан тамған нұрды
Жорып ақ таң атқанға.
Қарашы, әне, бір бүйірін таянып,
Балконда тұр тотыдайын таранып.
Әттең, шіркін, анау сүйрік қолдарды
Сүйіп жатқан биялай неге болмадым.

ДЖУЛЬЕТТА.

О бұл неткен қасірет!

РОМЕО.

Бірдеңе деп тіл қатты.
Ақ қанатты періштем,
Көк хабарын жеткізіп,
Қанатына көз сүзген

Көп тобырдың үстінде
Шырқ айналған қалықтап!

ДЖУЛЬЕТТА.

Ромео, сүйіктім!
Сенің Ромео болғаның
Бақ болмады, сор болды.
Иә безіп әкеңнің бетпақ атынан,
Иә мені әйел қып
Құтқар мынау Капулеттилер торынан.

РОМЕО.

Тағы да тыңдай түссем бе екен,
Әлде жауап айтсам ба екен?

ДЖУЛЬЕТТА.

Тек сол бір ат деген пәле
Байлап тұрған бағымды.
Сен Монтеки болмасаң,
Балым ақтан жарылды.
Монтеки деген немене?
Бетке, иыққа, аяққа, қолға, кеудеге
Солай деп те ат қоя ма?
Ендеше онда не мән бар?
Неге керек ат деген?
Райханды атамасаң, райхан
Жұпар шашпай қала ма?
Ромео сенің атың егер де
Ромео болмаса,
Бұл дүниеден табыла ма
Тағы да сендей басқа адам.
Өзге бір есім сұрап ал да киеннен,
Мені түгел иемден!

РОМЕО.

Келістік, сәулем, ендеше!
Бәрі де құрбан жолыңа,
Атағы мейлі адыра,
Өзгертемін атымды.

ДЖУЛЬЕТТА.

Түн ішінде тілегіме үн қатқан
Қайсың бұл? Тез, жауап бер!

РОМЕО.

Атымды айтсам аламын ғой шошытып.
Саған бола өзім де одан безіндім.
Айтпақ түгілі аузыммен,
Ол жазылған қағазды
Оқымастан жыртар ем.

ДЖУЛЬЕТА.

Бес ауыз сөз айтылмап ед арада,
Құлағымда даусың бірақ қалыпты.
Монтекки ғой, Ромео ғой, анық бұл?!

РОМЕО.

Екеуінің де аты өшсін.
Басқа адаммын енді мен!

ДЖУЛЬЕТТА.

Қалай келдің бұл араға?
Нағып жүрсің түнделеп?
Қорған биік, қалай қарғып өттің сен,
Аңдушы көп, қалай аман жеттің сен?

РОМЕО.

Махаббатқа қандай қорған тосқауыл,
Қорқытады оны қандай от-жалын,
Сүйген адам біледі ме үрейді,
Сескентердей соншама сенің әулетің
Деп тұрсың ба дүниенің тірегі!

ДЖУЛЬЕТТА.

Олар тірі жібермейді көрсе егер.

РОМЕО.

Жүз қанжарды тайсалтады сенің нұрлы жанарың,
Сен көз салсаң, мың найзаға төтеп бере аламын.

ДЖУЛЬЕТТА.

Түсе көрме тек олардың көзіне!

РОМЕО.

Жанарыңнан түссе жылы мейірім
Қара түнді қара шапан қып киюге де пейілмін.
Ал, егер де болса салқын қабағың,
Қолға түсіп, жолда жайрап қаламын.

ДЖУЛЬЕТТА.

Жөн сілтеді саған кім?

РОМЕО.

Жол бастаушым махаббат.
Сен қиянға жер түбіне кетсең де,
Жетпей қойман,
Жолымда егер жолықса.
Буырқанған көк толқын,
Ойланбастан қойып кетем теңізге.
Не қасыңнан, не құрдымнан мені ізде.

ДЖУЛЬЕТТА.

Қараңғылық көлкештеп тұр көзімді,
Көрер едің ұяттан
Ду қызарған жүзімді.
Мені осынша қалай біліп үлгердің?
Әдеп сақтап сызылар ем сенімен,
Енді, бірақ, қылымсудың жөні не?
Сүйесің бе сен мені?
Айтпасаң да білемін.
«Иә» дейсің ойланбай.
Өйтпе, мүдір, ойлан, кідір.
Тағдыр құлақ аспайды дейді
Ғашықтардың сертіне.
Жалған айтпа, Ромео,
Су бүрікпе дертіме!
Бәлкім саған көрінермін ұшқалақ,
Кейін мүмкін жиғаннан соң бойымды,
Құлақ аспай сөзіңе,
Кері серпем қолыңды,
Бірақ, оған бара алман өз еркіммен.
Мен өлердей ғашықпын.
Мүмкін, мұным саған ерсі көрінер,
Бірақ, әлгі аярлардан емеспін,
Кекірейер, құрып тұрып ындыны.
Неге ғана бүге тұрмай сырымды,
Айтып қалдым мен ағымнан жарылып.
Сенің, бірақ, тыңдап тұрғаныңды білдім бе?
Көре салып, өле кетер
Өлерменнің бірі екен деп
Безіп кетпе сен мүлде!

РОМЕО.

Бұтақтарын нұр көмкерген бақпенен
Аспандағы алтын аймен ант етем.

ДЖУЛЬЕТТА.

Айына бір құбылатын
Айды аузыңа ала көрме.

РОМЕО.

Онда нені антқа ұстайын?

ДЖУЛЬЕТТА.

Өзіңнен асқан асыл не бар дүниеде,
Ант ете көрме өзгемен.

РОМЕО.

Ендеше, достым, ант етем...

ДЖУЛЬЕТТА.

Ант етпей-ақ қой, мен сенем.
Жайсаң жігіт болсаң да
Жөн еді әзір тұрғанымыз кідіре.
Асығыстық болған жоқ па мұнымыз.
Құлан иек таң нұрындай
Қалмас па екен тез өшіп.
Қайырлы түн! Бүгін жарған бақыт бүрі
Келесі жол гүл атады.
Сен де мендей жадырап бір
Жақсы ұйықта жайланып.
Шыда, достым, шыда тағы.

РОМЕО.

Сені қалай тастап кетем тез қиып?

ДЖУЛЬЕТТА.

Қимағанда, айтар тағы не қалды?

РОМЕО.

Мен ант бердім, енді сен де сертінді айт.

ДЖУЛЬЕТТА.

Антты алдымен айтқан өзім едім ғой.
Енді, міне, тұрмын соған өкініп.

РОМЕО.

Қайтып алғың келді ме сол антыңды?

ДЖУЛЬЕТТА.

Иә, Саған қайтадан ант бермекке.
Мендегі дәулеттің иесі мен емеспін.
Махабаттым. тұңғиық,
Мейірімім. шалқар көл,
Тауса алмайды оны ешкім.
Ортайтам десем, түсе берер молая.

Күтушінің даусы шығады.

Іздеп жатыр. Сау тұр енді. Мен кеттім.
Қазір, қазір! — Кешір, бірақ ұмытпа!
Бәлкім, тағы келем қайтып, тоқтай тұр!

Кетеді.

РОМЕО.

Киелі түн! Киелі түн! Түсім бе бұл, өңім бе?
Асқар таудай асқан бақыт,
Қалай шұғыл тап келген!
Бұл не қылған рақат еді көл-көсір!

Балконға Джульетта қайтып оралады.

ДЖУЛЬЕТТА.

Айтатұғын екі ауыз тағы сөзім бар.
Ромео, маған үйленетінің шын болса,
Қашан, қайда қиылады некеміз,
Ертең саған менің кісім барады,
Ақи-тақи жауабыңды алады.
Содан кейін қонды дей бер қолыңа,
Содан кейін садақамын жолыңа.

КҮТУШІ.

Ау, көгершінім!

ДЖУЛЬЕТТА.

Қазір барам, қазір! — Ал егер де көлгірлік
болса көңіліңде... Онда айтарым...

КҮТУШІ.

Көгершінім!

ДЖУЛЬЕТТА.

Тез жөнел де, бұдан кейін жолама,
Ертең өзім көріп алам қалғанын.

РОМЕО.

Ант етемін, уайымдама.

ДЖУЛЬЕТТА.

Жүз мың мәрте сау боп тұр.

Кетеді.

РОМЕО.

Ай дидарыңды бір көруге зар болып
Жүз мың мәрте күрсінермін ертең мен.
Жолығысқа келерде
Мектептен қайтқан баладай
Кетесің бір емпеңдеп.
Жолығыстан қайтқанда —
Оқуға барар баладай
Зіл басады желкеңнен.

Джульетта балконға қайта шығады.

ДЖУЛЬЕТТА.

Ромео, қайдасың? Сырнай тартып шақырсам ба,
Әлгі құсты қайтадан.
Мен қапаста, айқайлауға болмайды,
Дауысым қарлыққанша айқайлар ем әйтпесе.
Сес шығармай сыртыма
Ромеолап қақсаймын да ішімнен.

РОМЕО.

Қалқам кейін шақырады, қайтайын,
Ғашықтардың түнгі үнінен асқан не бар дүниеде!

ДЖУЛЬЕТТА.

Ромео!

РОМЕО.

Сүйіктім!

ДЖУЛЬЕТТА.

Ертең қай сағатқа
Жіберейін кісімді?

РОМЕО.

Тоғызға.

ДЖУЛЬЕТТА.

Оған дейін аттай жиырма жыл!
Қалай күтем сарылып...
Қалыппын-ау ұмытып,
Не демек едім мен саған.

РОМЕО.

Есіңе түсіріп ал.
Күтуден мен шаршаман.

ДЖУЛЬЕТТА.

Тоқтай тұр онда.
Бәрібір мен қалам тағы жаңылып,
Қайта сені шақыру үшін жалынып.

РОМЕО.

Ол ешқашан түспегей де есіңе,

ДЖУЛЬЕТТА.

Күте тұрам, асықтырам несіне.
Таң атып қалды. Кетпесіңе болмайды.
Апырай, қайтып қоштасуға қиямын.
Жіпке байлап ұстайтұғын
Секілдіміз шымшық құс,
Қанатыңды сәл қомдасаң
Аяғыңан тартып
Құртатұғын мысыңды.

РОМЕО.

Ондай болсаң арман не!

ДЖУЛЬЕТТА.

Менің де сол арманым,
Бірақ өйтіп басыңа
Ажалды қайтем төндіріп.
Қош тұр, достым, қимасақ та қайтамыз,
Қош деген бұл жексұрын сөзді, апырау,
Аузымыз барып қалай ғана айтамыз?!
«Қайырлы түн!» дегеніміз жөн шығар.

Кетеді.

ROMEO.

Сау тұр, қалқам, жайлы жатып, жақсы тұр.
Дегенге жетіп, бақыт қонсын басыңа
Сөйлесетін шаруалар шығып тұр,
Кеттім әлгі пірадігуардың қасына.

Кетегі.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Лоренцоньың құжырасы.

Қолына зембіл ұстаған Лоренцо кіреді.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Түн ыдырап, ататын таң
Бұлтты орапты шапағына.
Қараңғылық мас қонақтай
Зорға қайтқан жатағына.
Таңғы мұнар кетпей тұрып,
Шөптегі шық кеппей тұрып,
Зембілімді толтырып бір алайын,
Мұдадарға дауа болғай лайым.
Қара жер — бұл бәріміздің анамыз,
Содан өрбіп, ертең қайтып барамыз.
Жан-жануар, жеміс-мәуе, тас бұлақ
Жатыр соның көкірегін тартқылап.
Мың бір ғалам перзентінің бәріне,
Мың бір ғажап сипат таппақ әлі де,
Тарғыл тасқа, қу бұтаға, балдырға,
Әр беріпті, бірін кенде қалдырмай,
Қай шеберің қолдан тоқып береді,
Құба талдың күлтеленген желегін.
Артық, оғаш ештеңені ол білмейді,
Бәріне мән, бәріне нәр іздейді.
Мезгілінде — бәрі зәру өте қат,
Мезгіл өтсе — бәрі де зәр, кесепат.
Мәселенки, мынау сабақ басында
Зауал да тұр, дауа да тұр қасында:
Тамыры — у, табан асты қатырар,
Гүлі — шипа, көзді шайдай, ашырар.
Дәл осылай екі айырық жанымыз:
Бірі — қысастық, бірі — адал арымыз,
Қысастықтың ар жағында тілазар,
Аузын ашып тұр ажал.

РОМЕО (*сахна сыртынан*).

Пірәдар!

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Тәңірге құлдық!

Таң атпай жүрген қайсың бұл!

Romeo кіреді.

Е, сен бе едің,

Есенбісің, жігітім.

Ертелетіп кетіпсің ғой бүгін тым.

Ұйқың қашып таң сәріден жортардай

Кәрімісің,

Күнәң бар ма қорқардай

Соң болмаса, бұрын тұрмай сәскеден

Тәтті ұйқыны маздатпай ма жас деген.

Жеп жатпаса жанын егер жегі құрт

Бүйтіп бейуақ жортпас болар ер жігіт.

Ұйқы безіп кетті ме дерт батқаннан,

Әлде әуелден аман ба едің жатқаннан.

РОМЕО.

Сөзіңнің дұрыс соңғысы.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Не де болса құдай өзі кешіргей.

Келесің бе әлгі Розалина сылқымнан.

РОМЕО.

Менен аулақ бүгіндерде о мыстан,

Өзі түгілі атын да оның ұмытқам.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Жақсы бопты. Онда неге тұрсың

мұнша қуанып?

РОМЕО.

Өзімнің де сізге айтпағым осы еді.

Кеше кеште ұлы жиын үстінде

Сайысқа шықтым, дұшпан көзге түсті де.

Екеуміз де жараландық. Наныңыз.

Шапағат қып жарамызды таңыңыз.

Өзім айтқан өсиеттен шығыппын:

Кешірген соң есімін де ұмыттым.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Айтсын десең мен өзіңе бір ақыл,

Орағытып бұлтақтатпай тұра тұр.

РОМЕО.

Капулеттидің қызына ғашық болдым құмартып,
Ол да мені қапты өзімдей ұнатып.
Бұдан әрі бізден тыншу кетеді
Өзің қиып бермесең егер некені.
Жай-жапсарды кейін-ақ біл, тұрыс не,
Асықпасақ болмайды енді бұл іске.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Уа, тоба, не сұмдықты көз көрген,
Мына жігіт қалай-қалай өзгерген,
Бұ заманның қандай азғын жастары,
Ажырасар қосылмай жатып бастары
Кеше ғана басқасына бүлініп,
Жүрмеуші ме ең қыр соңынан жүгіріп.
Ол болмаса өлемін деп қақсаған,
Сен бе, әлде басқа адам?
Ендеше, сол қайда қайғың қапырық,
Көкірегінді бара жатқан жапырып.
Көрмей тұрмын сора-сора бетті де,
Немене оны сайтан сүртіп кетті ме?
Розалинаны мақтаушы ең ғой лепіре,
Енді қайтып қарап тұрсың бетіме.
Еркектердің жеткен жері бұл болса,
Әйелдерге қараған күн
Күл болмаса, бұл болсын.

РОМЕО.

Бұрын маған ұрсушы ең ғой сол үшін, пірәдар.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Ол үшін емес, мінезің үшін шыжбалаң.

РОМЕО.

Өліп-өшпей, қош айтыстым, міне, енді.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Тағы да сүйтіп тәлкектеуге біреуді.

РОМЕО.

Ол кім бопты мына қыздың қасында,
Бұл — ақ періште, ол — пері ғой расында.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Ол пері ме, сен пері ме кім білген,
Өйтіп, бауырым, мені бүгін күлдірме.
Бірақ, шыным, сен шалдуар жігітті
Көріп бүгін, көңілім бір үмітті
Келін боп түсіп кейінгі мынау сәулешін,
Табысқай да екі қияс әулетін.

ROMEO.

Тездетсейші, ендеше!

ЛОРЕНЦО ПИРӘДАР.

Сабыр, бауырым, сабыр түбі — сары алтын.
Асыққаннан ақау шығып қалатын.

Кетегі.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Көше.

Бенволио мен Меркуцио кіреді.

МЕРКУЦИО.

Ромео қайда жүр?
Өзі үйге қонды ма?

БЕНВОЛИО.

Жоқ, қонбапты.
Жаңа сұрап білдім мен.

МЕРКУЦИО.

Әлгі Розалина көбейтер де қылжақты,
Бірдеңеге ұрындырар бейбақты.

БЕНВОЛИО.

Естідің бе? Капулеттидің жиені, әлгі Тибальт деген неме
хат жазыпты өзіне.

МЕРКУЦИО.

Шақырған шығар сайысқа.

БЕНВОЛИО.

Ромео жауап берер ме екен?

МЕРКУЦИО.

Таңғалатын несі бар! Хатқа жауап бергенде не тұр?

БЕНВОЛИО.

Жоқ, ол сайысқа шығам дейді, көрерсің.

МЕРКУЦИО. Бейшара Ромео! Ол онсыз да әлгі бір
ақ сайтанның көзі өтіп, солып бітуге айналды. Құлағы-
нан әзәзілдің сиқыр үні кетпейді, жүрегіне сұқсыр көздің
сұғы оқтай қадалған. Тибальтқа төтеп бере алса жарар
еді-ау.

БЕНВОЛИО. Ал Тибальт ше?

МЕРКУЦИО. Ертедегі Тибальт деген мысықтан⁵ гөрі
әлдеқайда басқалау. Намысқа тисең — албастыдан бе-
тер арпаласып кетеді. Семсеріне көз ілеспейді. Бір, екі,
үш... Қара қанжар қарыныма қадалды дей бер. Ондай
сайыскер көрсем көзім шықсын. Оның әлгі *passado*,

punto, roverso, hai⁶! — деп айқайлағанын естісең, төбе құйқан төңкерме тамғандай тызылдап ала жөнеледі.

БЕНВОЛИО. Немене дедің?

МЕРКУЦИО. Әлгілердің былшылы да. Оларды тыңдасаң, еститінің: «Семсер болғаныңа! Бәс тігем, міне, еркек! Қыз деп, міне, осыны айт!» — Теңіз асып бізге жеткен, қаңғырма сөз неткен көп! Қит етсе: pardonnez moi⁷ немесе bon, bon⁸! Ал, әлгі далаңдаған шалбарын көрсең, күлкіден ішегің түйіледі.

Ромео кіреді.

БЕНВОЛИО. Мына қара, Ромео!

МЕРКУЦИО. Қатқан шабақтай қабысуын байғұстың! Бейшара, адам мен балықтың арасында еш айырма қалмапты-ау. Лаурасына күйіп-жанған Петраркадай бұл да өлеңмен ақтарылар. Бонжур, синьор Ромео! Сіздің анау француз іш киіміңізге біздің французша тағзымымызды қабыл алыңыз. Кеше бізді оңдырмай жер соқтырып кеттіңіз.

РОМЕО. Екеуің де есен болыңыз. Жер соқтырғаны қалай? Қашан? Қайтіп?

МЕРКУЦИО. Бірге қайтамыз деп уәде етіп, жол-жөнекей тайып тұрдыңыз.

РОМЕО. Кешір, сүйікті Меркуцио. Шаруа бастан асып тұр. Қазір өйтіп тәжікелесіп жатуға жағдай жоқ.

МЕРКУЦИО. Сөз бар ма? Сенің жағдайыңда жер бауырлап жорғаласаң да айып емес.

РОМЕО. Айтқан ақылыңыз мұнша сыпайы болар ма!

МЕРКУЦИО. Сөз бар ма? Бұл дүниеде менен сыпайы ешкім жоқ. Өн бойымнан сыпайылықтың исі емес пе аңқитын.

РОМЕО. Қалампырдың исі секілді.

МЕРКУЦИО. Дәл айтасың.

РОМЕО. Менің башмағыма да сондай иіс жұғыпты.

МЕРКУЦИО. Табылған сөз. Мірдің оғындай өткірін-ай өзінің! Қашан табаннан таусылғанша, осы бақай қулығыңнан айырылма. Қуақылық та әлгі күйек алу секілді бітпейтін де, қоймайтын мәңгі өшпейтін өнер дейді ғой.

РОМЕО. Ал, сен болсаң жайбарақатсың, жаратылыстың өзіндей. Іс қиынға айналып кетпесін деп, әуелден-ақ жібермейсің қапыңды.

МЕРКУЦИО. Ол әйтеуір мына сенің түн болса аһылап-уһілеп дөңбекшігеніңнен әлдеқайда дұрыс қой. Сенімен

енді ашық сөйлесуге болады. Ромео, сен өйтіп әлдеқандай бола берме? Сенің де әуселең белгілі. Әлгі сенің ғашығың жерде жатқан қу томарды шүберекке орап, омырауына басып құшақтап, әрлі-берлі сенделген делқұлы қыз сияқты.

БЕНВОЛИО. Жә, жетер енді.

МЕРКУЦИО. Шамырықтырып аламыз деп қорқасың ба?

БЕНВОЛИО. Жоқ, сендердің бұл кермар әңгімелерің бүгіндікке бітпейді ме деп қорқамын.

МЕРКУЦИО. Сен өйтіп қателеспе. Түйінді сөзге енді келдім. Соны айтам да бітірем.

РОМЕО. Әне, қараңдар! Міне керемет!

Петр мен күтуші әйел шығады.

МЕРКУЦИО. Көк жиектен желкен көрінді.

БЕНВОЛИО. Бір юбка, бір шалбар!

КҮТУШІ. Петр!

ПЕТР. Құлағым сізде.

КҮТУШІ. Желпуішім қайда, Петр.

МЕРКУЦИО. Желпуішін бер, ажарын келтірмей тұрған жалғыз сол екен.

КҮТУШІ. Қайырлы таң, қайырымды мырзалар!

МЕРКУЦИО. Кеш жарық, сүйкімді ханым!

КҮТУШІ. Қайдағы кешті айтасыз.

МЕРКУЦИО. Сіздің енді қалған өміріңіздің қоңырқай кештен несі артық.

КҮТУШІ. Иә, оныңыз рас. Бірақ, өзіңіз қызық кісі екенсіз.

РОМЕО. Иә, ол о бастан өзін-өзі тәлкектеуге жаралған.

КҮТУШІ. Қызық екен. Өзін-өзі тәлкектейді дейсіз бе? Жә, келген шаруамды айтайын. Маған жас Ромео мырзаны тауып бере алмайсыз ба?

РОМЕО. Қызметіңізге құлдық. Тек ол жас Ромео сіз күткеннен гөрі қартамыстау болып шығып жатса көңіліңізге келмесін. Аты Ромео адамдардың ішіндегі ең жасы және ең бір сұрықсызы мен боламын.

КҮТУШІ. Егер Ромео сіз болсаңыз, менің сізге оңашалап айтатын сөзім бар еді.

БЕНВОЛИО. Көрерсің де білерсің, ол оны бір жерге қонаққа шақыра келді.

МЕРКУЦИО. Жеңгетайға жарыдық. Тфу, тфу, тек көз тимесін де!

РОМЕО. Кімнің ізіне түсіп тұрсың.

МЕРКУЦИО. Қоянның емес, әрине. Әлгі бір қартайғасын ғана қалжа орнына жарайтындарда да шаруам шамалы.

Әңдетеді.

Қоян сойып, қол қусырма қонаққа,
Жаламына жұғын болмай, мазақтар.
Қалжа іздесең кәрі қазға жолама
Тісің сынып, пышақ өтпей азаптар.

Ромео, үйіңе жүресің бе, жоқ па? Біз сіздікінен тамақтанғалы келеміз.

РОМЕО. Жүре беріңіздер, мен қазір жетем.

МЕРКУЦИО. Сау тұрыңыз, кәрі бикеш. Көріскенше.

КҮТУШІ. Сіз де сау тұрыңыз. Алдыңыздан жарылқасын.

Меркуцио мен Бенволио шығып кетеді.

Өз-өзінен кеудесіне нан пісіп жүрген мына оспадарсыз мырза қай мырза?

РОМЕО. Бұл бір өзін тек өзі ғана тыңдайтын, бүгін бір сағатта айтқан сөзі артынан өзіне бір ай азап болатын әңгүдік жігіт.

КҮТУШІ. Егер ол әлгі әңгімесінің бәрін маған бағыштаған болса, кеудесіне он жерден нан піссе де, түбі бір есебін келтірерміз. Маған күлген сұмырайдың күні қандай болатынын көрсетермін ақыры бір. Мен көрсетпесем, басқалар көрсетер. Дарақы даңғой оңбаған! Ондайынды әлгі қойныңнан өріп, қонышыңнан шығатын шүйке бастарыңа немесе өзің құсаған елден шыққан жел бастарыңа айт (*Петрге*). Сен де мықтадың! Қайдағы бір қаңғыбас қасыңдағы ханымға аузына не келсе, соны көкіп жатқанда, кескен томардай сілейіп тұрсың кеп!

ПЕТР. Мен оны байқамадым ғой. Байқасам, кеңірдегін жұлып ап қолына ұстатам ғой. Орынды жерінде, ертең заң мені жақтайтынына анық көзім жетсе, семсерді сермелеп бағуға ешкімнен ақыл сұрамаймын.

КҮТУШІ. Құдай-тәңірім, әліге дейін сабама түсе алмай, қалш-қалш етіп тұрғанымды көрмейсің бе... Оңбаған мақтаншақ маубас... Сэр, менің келген шаруам бұл емес еді. Менің бикешім сізден бір нәрсені біліп кел деп еді. Нені біліп кел дегенін өзім білем. Тек сіз оның басын айналдырып алдап жүрмесеңіз ғана айтам. Кешірерсіз, басқа сөздің

ретін таба алмай тұрмын. Менің бикешім оң мен солын танымаған уыз жас қой. Егер оны алдап жүрген болсаңыз, жақсы адамдар ондай қылықты істемейді. Сізге де ол келіспейтін нәрсе, рас айтам...

РОМЕО. Тоқтай тұрыңыз. Біріншіден, менен ол бикешке тағзым етіңіз. Ант етейін...

КҮТУШІ. Әрине, айтып барам, сіз сондай қайырымды адамсыз. Ол бір төбесі көкке жетіп қалсын!

РОМЕО. Нені айтып барасыз. Мен әлі аузымды да ашқан жоқпын ғой.

КҮТУШІ. Сіздің әлгі ант еткеніңізді айтам. Одан артық қандай әңгіме керек.

РОМЕО.

Қайткен күнде де бүгін түсте

Жетер болсын пірәдарға.

Лоренцо екеуміздің некемізді қияды.

Ұқтыңыз ба? Ұмытпайсыз ба?

Ақыңызды жемеймін.

КҮТУШІ. Ниетіңізге рақмет. Маған ақы керек емес.

РОМЕО. Бұл не тағы? Беріп тұрғанда алмас болар ма!

КҮТУШІ. Жарайды, өзім реттейін. Түсте алып келейін.

РОМЕО.

Монастырь қақпасының алдында

Саты көтерген бір адамды күтіп тұр.

Дегеніме бүгін түнде жеткізеді сол саты.

Еңбегіңізді қайтарамын екі есе. Сау тұрыңыз.

Бикешіңе сәлем айт.

КҮТУШІ.

Құдай сақтасын! Тыңдаңызшы, сэр...

РОМЕО.

Құлағым сізде, айтыңыз.

КҮТУШІ.

Сенімді кісі ме әлгі адам?

Үшінші адам не керек. Мен өзім де жетем ғой.

Артық көзден опа табар ма екенбіз?

РОМЕО. Ол бір берік адам сертіне.

КҮТУШІ. Жарайды, сэр. Біздің бикеш... О, тоба!.. Кішкентайында... Естіп тұрсыз ба, оған осы қаладағы бір Парис деген жас жігіт қырындап жүр. Бірақ, оған қыздың өзі ыңғай беретін емес. Ол үшін Парис те бір, көлбаққа да бір. Мен оған Парис сізден гөрі дұрысырақ жар болар еді деп әңгіме бастадым-ақ, өңі бөздей боп қуарып кетеді. Ол туралы тіпті естігісі де келмейді. Айтпақшы, осы «Розмарин»⁹, «Ромео» деген сөздер бір әріптен бастала ма?

РОМЕО. Оны неге сұрадыңыз? Ие, екеуі де бір әріптен басталады. «Эр». Онда тұрған не бар?

КҮТУШІ. Неткен қылжақбассыңдар! Р... Р... дейтін ит емес пе? «Эр» — десең әңгіме басқа. Сіздің атыңыз одан басталмайтын сияқты еді ғой. Әйтеуір, ол сіз бен Розмаринге ұқсастырып қайдағы бір сөздерді ойлап табады. Өзіңіз естісеңіз күлкіден шегіңіз қатар еді.

РОМЕО. Бикешке тағзым етіңіз.

КҮТУШІ. Иә, бір емес, мың рет тағзым етемін.

Ромео кетеді.

Петр!

ПЕТР. Не дейсіз? Құлағым сізде!

КҮТУШІ. Менің желпуішімді ұстап, ілгері жүр.

Кетеді.

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Джульетта шығады.

ДЖУЛЬЕТТА.

Күтуші ғой тоғызда кетті.

Жарты сағатта жетем деген.

Бұл барғанша, ол шығып кетіп,

Кездесе алмай қап жүрер ме?

Мүмкін емес. Күтушінің шабандығынан бәрі де.

Шіркін, ғашықтардың арасына

Адам емес, ойға хабар тасытса,

Желден бұрын жетер еді-ау зуылдап.

Көгершіннің қанатына хат байлап,

Купидонға қанат бітіріп қоятыны да,

Міне, осыдан екен ғой.

Көрмейсің бе, тас төбеде күн көзі,

Ол кеткелі үш сағат,

Әлі күнге көрінбейді қарасы.

Шіркін, мен емес, өзі ғашық болса ғой,

Әлдеқашан атқан оқтай зымырап

Жетпес пе еді бағана-ақ.

Кәрі-құртаң сонша мыстан болар ма,

Бірденеге жұмсасаң,

Міне осылай басып болмайды аяғын.

Күтуші мен Петр шығады.

Келді-ау, ақыры. Айналайын, күтушім!
Не хабар бар? Көре алдың ба сен өзін?
Жөніне жібер Петрды.

КҮТУШІ.

Бара ғой, бауырым, қақпаңа.

Петр кетеді.

ДЖУЛЬЕТТА.

Айтсайшы енді... Неге ренжідің мұншама?
Жаман хабар әкелдің бе, қабағыңнан қар жауып,
Жақсы хабар болса, неге
Кекесін тұр езуінде.

КҮТУШІ.

Жер түбіне барып келдім. Шаршадым.
Сай-сүйегім сынып барад.
Дем алайын мұрша бер.

ДЖУЛЬЕТТА.

Аяқ-қолды садақаға шалайын
Хабарды айтсаң мен күткен.

КҮТУШІ.

Не бар сонша жанығып.
Көрмейсің бе, ұстап отыр демікпем.

ДЖУЛЬЕТТА.

Демікпеңе жылап-сықтап отырғанша манадан
Хабарыңды айта салсаң болмай ма?
Тоқ етерін баяндашы:
Шаруамыз оңады ма, оңбай ма?

КҮТУШІ. Оңады ма, оңбайды ма, ол жағын әлі
көрерміз. Жерден жеті қоян тапқандай қуанып ең.
Менімен ақылдасқан жоқсың, енді өз обалың өзіңе. Ромео!
Ромео, болса қайтейін... Әрине, бет әлпеті жақсы-ақ, ал
тұлға-тұрпаты тіптен тамаша. Аяқ-қолына ауыз ауыртпа-
саң да болады, бәрібір теңеу таба алмайсың. Иә, сөз бар
ма... Дұға оқи бер, қызым. Тамақтанып па едіңдер?

ДЖУЛЬЕТТА.

Әлгі айтқандарыңды мен өзім де білемін.
Тойды айтсайшы. Тойдың жайы не болды?

КҮТУШІ.

Басы құрғыр сынып барад жарылып,
Быт-шыт болып кететіндей көкке ұшып,
Белім міне, қалды тіптің бүгілмей.
Кісіні бұлай ит қиянға айдаған
Құдай сені кешер, бәлем, кешпейді!

ДЖУЛЬЕТТА.

Шаршағаныңа мен-ақ айыпты болайын,
Айтшы, көке, ол не деді той жайын?

КҮТУШІ. Оның да әдемі, әрі қайырымды, және... әдепті
адамдардың қай-қайсысы секілді бар айтқаны... Айтпақ-
шы, осы анаң қайда жүр?

ДЖУЛЬЕТТА.

Мамам қайда дейді ме? Үйде, әрине,
Басқа қайда болушы еді
Сондайда жауап болып па?
«Анаң қайдадан» басқа сөз құрып қалып па?
Әдепті адам айтатын.

КҮТУШІ.

О, тәңірім!
Сонша неге қала қойдың безілдеп.
Осы болса қызметім хиуазы,
Бұдан былай өзің тасы хатыңды!

ДЖУЛЬЕТТА.

Алжастырар ақылдан!
Ромео сонда не деді?

КҮТУШІ.

Сөзді қойшы, әзірсің бе сұхбатқа!

ДЖУЛЬЕТТА.

Әзірмін.

КҮТУШІ.

Лоренцо пірәдарға жүгір онда тезірек.
Сол жерде сені әйел қылмақ күйеуің.
Баяғыдан естімегі осы екен —
Қырмызыдай құлпыруын қарай гөр.
Бар ендеше жүгір әлгі мұндарға,
Маған шаруа жетіп жатыр мұнда да,
Сенің әлгі нақсүйерің жұмсады
Түнде түсер жасап қой деп жіп саты.
Ол оңбаған келмей жатып қолымызды байлады,
Саған-дағы түнде артатын жүгі оның сайлаулы.
Жолыңнан қалма, мен де кеттім
Суып қалар тамағым.

ДЖУЛЬЕТТА.

Кеттім, кеттім. Сау боп тұр.

Екеуі де кетеді.

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Лоренцо пірәдардың құжырасы.

Лоренцо пірәдар мен Ромео кіреді.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Некенің жолы ауыр жол

Артынан жүрме өкініп.

РОМЕО.

Әмин!

Арты бұның бұл болмаса тұл болсын

Джультеттаны көрсем болды бір рет

Одан артық бақыт тіпті тілемен!

Ақ некенің суын сізден бірге ішіп,

Өзімдік деп иемденіп бір-ақ сәт,

Сосын, мейлі өлсем-дағы арман жоқ.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Алып ұшпаның арты опат болатын,

Сабырға жеңдір, ақырын күт бақыттың.

Өртпен тынар қосылғанда оқ пен от,

У боп кетер шекер-балың көп ішсең,

Асқынғаннан асқан жоқ еш кесепат,

Сақи да емес, сараң да емес түбінде

Әр нәрсенің білген озады мөлшерін.

Джультетта кіреді.

Келді өзі де. Бұған дейін мынау суық еденді

Мұндай сұлу аяқ басып көрмепті.

Ғашықтықтың жан сезімі өрмегіндей мизамның

Қоңыр күзде шөп басына тор құрған.

ДЖУЛЬЕТТА.

Сәлем бердік, артық, асыл пірәдар!

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Екеуміз де ол үшін

Ромеоны алғайық.

РОМЕО.

Айтшы, Джультетта.

Сен де мендей алабұртып тұрсың ба?

Тұрсаң егер, сөз тауып айт

Алып-ұшқан көңілді бір басатын.

Жеткізетін табысқандай қос жүрек

Жанды ерітер жолығыстың рақатын.

ДЖУЛЬЕТТА.

Айтсаң әрі кіре түсер сөз ғана,
Сезім шіркін сөзден мүлде жүдейді.
Кеуде толы махаббатты қозғама,
Сөйле дейсің, көңілдегі өрт үдейді.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Тезірек барып жол-жораны бастайық,
Көрмей жатып, өліп-өшіп құмартқан
Қос мұндарды қалай жеке тастайық.

Үшеуі де шығып кетеді.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Алаң.

Меркуцио, Бенволио, паж және малайлар көрінеді.

БЕНВОЛИО.

Өтінемін, Меркуцио, кетейік.
Күннің мынау күйдіруге қаланы.
Толып жүрген Капулетти жан-жағың.
Бүйте берсек, жолығады бір пәле.
Қаталап барад қанымыз.

МЕРКУЦИО. Сен осы трактирге кіре сап, семсерін:
«Құтылдым ба осы пәледен, құтылмадым ба!» — деп сто-
лға лақтырып тастап, артынан екі тостаған шарапты қағып
салғасын, қайтадан қаруына жармасатын жарыместерге
қатты ұқсайсың.

БЕНВОЛИО. Расында да солаймын ба?

МЕРКУЦИО. Жарқыным, күлмі Италия ала бүлік бол-
ғанда, жаңғыз өзің қайдан байсалды болайын деп ең. Сен
де жұрттай ессіздікке құштарсың да, құштарлықта ессізсің.

БЕНВОЛИО. Қалайша?

МЕРКУЦИО. Солайша? Тіпті сенбей тұрсың ба? Басқа
біреудің сақаланың бір талы артық болса, жағасынан жар-
маса кететін кім? Сен...¹⁰ Көзіңнің каштан түстес екенін
байқамай көзіңше каштан жеген кісінің кеңірдегінен ала
кететін кім? Сен. Жұмыртқаның іші уызға толы болса —
сенің шақшақайдың жұмыртқасындай шақша басың қай-
дағы бір ұрыншақ ойларға толы. Көшеде түшкіріп, күншу-
ақта ұйықтап жатқан итіңді оятып жібергені үшін
төбелесетін де сенсің. Пасха болмай тұрып жаңа киім кигені
үшін тігіншіні төмпештейтін де сенсің. Аяғына жаңа баш-

мақ киіп, оны көне баумен байлағаны үшін бейтаныс біреудің бетін бетегедей қып жапырып беретін де сенсің. Сөйтіп тұрып маған кейуаналық айтқың келеді.

БЕНВОЛИО. Егер мен сен секілді даукес болсам шақша басымды сағат сайын қамсыздандырып отырған болар ем.

МЕРКУЦИО. Қамсыздандырғышын! Қарайгөр!

(Тибальт және біреулер шығады.)

БЕНВОЛИО. Басымды кесіп берейін, мыналар Капулеттилер!

МЕРКУЦИО. Өкшемді кесіп берейін, кім болса да қимам қышымайды...

ТИБАЛЬТ. Кеттік, достар. Көрейік бір сөйлесіп. Тек екі-ақ ауыз сөз. Артық былшыл керек емес.

МЕРКУЦИО. Екі ауыз сөз? Дәмесін қарайгөр. Құйрығыңнан екі тепсе қайтер ең.

ТИБАЛЬТ. Қызметіңе құлдық, тек тілге тиек себеп тауып берсең болғаны.

МЕРКУЦИО. Себепті де тауып беру керек бұларға?

ТИБАЛЬТ. Меркуцио, сен Ромеоның тобындамысың?

МЕРКУЦИО. Тобындамысың? Бұл қайдан шыққан сөз? Топ болып, сонда біз қаңғырып жүрген музыканттар ғой дейсің бе? Ендеше, өз обалың өзіңе. Менің скрипкам мінеки. Бұны шертсем – өзің де билеп қоя берерсің. Міне, бұның маған ұнайды. Өзіме де керегі осы болатын!

БЕНВОЛИО. Айдай көшеде айғайласуымыз бекер-ақ. Не кетейік оңаша, не тарасайық таласпай. Әйтпесе, жұрт, әнеки, бәрі бізге қарап тұр.

МЕРКУЦИО.

Көзі бар жұрт өзі білсін не істерін.

Қарап тұр деп, тайқып кетер жайым жоқ.

Ромео шығады.

ТИБАЛЬТ.

Жөндеріңе жүріңдер.

Келді міне, менің керек адамым.

МЕРКУЦИО.

Адамым? Қалайша ол бола қалды сенікі!

Сен сайысқа шығаратын кісіні де

Басыбайлы иемденіп қойып па едің әуелден?!

ТИБАЛЬТ.

Ромео, бұған дейін зорға-зорға шыдағам,

Оңбағансың! Осы сенің сыбағаң!

РОМЕО.

Тибальт, мейлі өзің біл, не десен де мен жайлы,
Ол сөзіңе апшитын адам мен емес.
Оңбаған жан емесімді өзім жақсы білемін.
Сондықтан да ашуыңды кешіремін,
іздемеймін төбелес.

ТИБАЛЬТ.

Мәймөңке сөз қоздырмаса жынымды,
Жібітпейді саған деген ренішті бұрынғы.

РОМЕО.

Менің сені ренжіткен жерім жоқ.
Көп ұзамай болмақшымыз туысқан,
Сондықтан да дұрыс шығар ұғысқан
Кел, Капулетти, тарасайық дос болып,
Көріскенше! Тек әзірге тұр қош болып!

МЕРКУЦИО.

Дәл осындай ез де бола берер ме!
Шыққыр көзім бұл сұмдықты көрер ме!
Қоян жүрек, қорқақ, Тибальт, тоқта енді!
Кете алмайсың, қадап кетпей семсерді!
Семсерін суырады.

ТИБАЛЬТ.

Сенің осы мендегі қай алмағың?

МЕРКУЦИО.

Алмағым сол, мысықтардың патшасы,
Тоғыз жаныңның біреуін¹¹ осы қазір
Шырқыратып суырамын көзіңше,
Кейін тағы көре жатам қалғанын.

ТИБАЛЬТ.

Не тұрыс бар ендеше!
(Семсер суырады.)

РОМЕО.

Тоқтат, Меркуцио!

МЕРКУЦИО. Ал тақсыр, қайда әлгі *passado*? (Семсерлеседі.)

РОМЕО. Бенволио, неғып тұрсың, суырсайшы қылышты,

Ажыратып бұл екеуін, тидырайық ұрысты.

Ұят қой мынау, мырзалар!

Меркуцио! Князь көрсе не дейді?

Веронаның көшесінде

Тиғаны қайда сайысты?!

Тоқта, Тибальт! Меркуцио!

*Ромео араша түсіп жүргенде Тибальт Меркуционы жа-
рақаттап, серіктерімен бірге қашып кетеді.*

МЕРКУЦИО.

Қылышың тиді ішіме!
Екеуіңнің әулетіңді де
Оба қырғай түп-түгел.
Құтылып кетті-ау дін аман.

БЕНВОЛИО.

Жарақатың ауыр ма?

МЕРКУЦИО.

Тырнап кетті. Оны аз деп тұрсың ба?
Пажым қайда? Жүгіртсейші докторға!

РОМЕО.

Онша терең кіре қоймапты. Шыдасайшы.

МЕРКУЦИО. Қара көрдің бұдан гөрі тереңірек екені, шіркеу қақпасының бұдан гөрі кеңірек екені рас. Бірақ, осы да жетер түбіме. Ертең менің бұл дүниелік емесімді естірсің. Ойыным осыменен осылды. Екеуіңнің де тұқым-теберіңе оба тисін шетінен. Қап, әлгі ит, мысық, көр тышқанның жасағанын қарашы. Өлімші қып тіліп кетті, көрдің бе! Оңбаған ит сұмырай! Семсерлесудің қитұрқыларын кітаптан оқып үйренген, аяққа оратылып нең бар еді. Сенің қолыңды қалқалап кеп, жаралап кетті, мінеки.

РОМЕО. Айырғым кеп ед сендерді.

МЕРКУЦИО.

Бенволио, баста өзің.
Қазір менің естен танар түрім бар.
Құрып кеткір қос тұқым,
Түбіме ақыр жеттіңдер!
Бәрі қалды адыра!

Бенволио мен Меркуцио шығып кетеді.

РОМЕО.

Менің досым, әрі князь туысы,
Жараланды мен үшін.
Жұрт алдында кетті Тибальт жер қылып.
Енді ғана туысқан боп
Жарасқалы тұр едік.
Джультетта, бір сен үшін
Арды қолдан бергенім.

Бенволио қайтып оралады.

БЕНВОЛИО.

Ромео, Меркуцио шәйт кетті.
Оның асау албырт жаны аспанға
Қара жерді талақ етіп кетті ұшып.

РОМЕО.

Мұнша сәтсіз неткен күн!
Тағы да бір қантөгістің басы ғой —
Аяқ асты бұл өлім.

Тибальт қайтып оралады.

БЕНВОЛИО.

Келді қайтып қанішер!

РОМЕО.

Жағасы жайлау, жетісуін жайрандап?
Біреу өлсе, бұл жүр міне сайрандап.
Қайырымдылық, қал енді сен адыра
Ақкөз ашу, әміріңді айт тағы да.
Тибальт, қайтып ал манағы сөзіңді,
Енді саған еш кешірім болмас-ты.
Обалына өзің қалған боздақты
О дүниеге жібермейміз жолдассыз.
Оған серік. иә сенсің, иә мен.

ТИБАЛЬТ.

Сен барсайшы.
Бұл дүниедегі серіктері талайғы,
О дүниеде де жолдастыққа жарайды.

РОМЕО.

Семсер шешсін ендеше!

Семсерлеседі. Тибальт құлайды.

БЕНВОЛИО.

Қаш, Ромео! Халық бері бет алды.
Тибальт өлді. Енді тұрма бұл жерде.
Сені қазір тартады олар жауапқа.
Онан-дағы бас аманда тайып тұр.

РОМЕО.

Тағдырдың мына қарасайшы тәлкегін.

БЕНВОЛИО.

Ендігі тұрыс не тұрыс?

Ромео кетеді. Қала тұрғындары шығады.

БІРІНШІ ТҮРҒЫН.

Қайда әлгі Тибальт деген баскесер.
Меркуцио өлді. Қанішерді ұстаңдар.

БЕНВОЛИО.

Тибальттарың мінекей.

БІРІНШІ ТҰРҒЫН.

Ескертемін ендеше:
Сіз тұтқынсыз;
Соңымызға еріңіз.

Князь, нөкері, Монтекки, Капулетти, әйелдері және басқалар көрінеді.

КНЯЗЬ.

Кім бастаған кескілесті мынандай?

БЕНВОЛИО.

Мәртебелі князь, анығына жетіңіз,
Алдында өзі Меркуционы өлтірген.
Қанішер міне қаза тапты соңынан
Ромеоның қолынан.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Тибальт! Тибальт! Туған ұлы ағамның!
Князь-ау! Қайғы түсті басыма.
Ағайынның адал қаны болды, міне, аяқ асты.
Құнын әпер Монтеккиден.
Шын жендеті – тұр, міне!

КНЯЗЬ.

Сонда кім бұл шырғалаңды бастаған?

БЕНВОЛИО.

Бастаған Тибальт.
Енді, міне, ол да өлік.
Келді-дағы. Ромеоны тілдеді.
Ромео ол қылығын көтерді.
Қайта оның баспақ болды ашуын.
Бірақ, Тибальт, құлағына ілмеді,
Одан сайын өршелене түскені.
Сол арада Меркуцио шыдамай
Жата қалып жабыссын.
Содан-ақ іс шапты ақыры насырға.
Екеуі ұзақ тайталасты жеңіспей.
Ромео түсіп сосын араға
Екеуінен сұрап еді араша.
Созған қолын қалқалап
Тибальт салды Меркуциоға жарақат.
Сосын өзі қашып кетіп, сәлден соң
Қайтып тағы оралды.
Енді мінді ашуына Ромео,

Көзді ашып-жұмғанша
Сұлап түсті Тибальт та.
Ромео қашып кетті —
Сонымен бітті жекпе-жек.
Осы менің көргенім, —
Қосқан болсам өтірік,
Басыммен жауап беремін.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Бұл да Монтекки әулетінен,
Бұларға ақиқат не керек,
Ағайыны аман болса болғаны.
Жиырмасы бірдей жабылып
Тибальттың жетті түбіне.
Ромеоны ұста, князь!
Ол қанды қол қарақшы
Заңнан алсын зауалын!

КНЯЗЬ.

Ромео қайырыпты өз кегін,
Меркуцио үшін кімді заңға тартамыз.

МОНТЕККИ.

Ромео жазықсыз. Меркуцио екеуі
Кішкентайдан дос еді.
Кегін алған құныкерден.

КНЯЗЬ.

Бұл қылығы заңға қайшы келеді,
Сол үшін де шетте жүріп өледі.
Ердіндер де қысастықтың желіне,
Бауырымнан айырдыңдар мені де.
Жондарыңнан таспа тілем енді мен,
Сөзді ұқпасаң, тезге салып көндірем.
Қайғы оранып тұрғанымда өз басым,
Енді ешкімнің елең етпен көз жасын.
Ромео жоғалтпаса қарасын,
Таптырып ап тартқызамын жазасын.
Еркелікті көтере алман ендігі,
Қанішерді кешіру-қаныпезерлікке көндігу.

Бәрі тарасады.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Капулетти бағы.

ДЖУЛЬЕТТА.

Бұл не болған, жалын жал көк пырағы,
Жем түскен бе ғайыптан аяғыңа.
Делебең қозса, Фазтон¹² делбеңді ұстап,
Жетпес пе едің мәреңе баяғыда-ақ.
Көкжиектен құлдырап сен асқанда
Қымтамас па ед қап-қара түн іргесін.
Түнді тосқан телміріп тек аспанға
Өңшең бейбақ қалмас па ед күлімдесіп
Енбес пе еді Ромео күлім қағып
Қара түннің қойнынан өз қойныма,
Түнде ерке ғашықтар, күндіз ғаріп
Көңілге үрей толады, көз қайғыға,
Жарықтан басқа жау жоқ бұл ғашықтарда
Қызарғанын ақ жүздің қояды ашып,
Махаббат пен қара түн қандай тату
Аймаласқан еріндей аяласып.
Қара жамылған қара түн — балгер кемпір,
Жетіп кел де, жеткіз тез тілегіме.
Кәусарынан махаббат бір ұшықтап,
Ұят табын аласта реңімнен.
Үрей маған, махаббат құмар ойынынан,
Ұятыңды ұтқызып, ұтар бақыт.
Төсіме әкеп төндірі де іңкәрімді
Итке лақтыр пәктікті бұтарлатып.
Қырау қатқан қырандай қанатына
Қон, боздағым, қимылда аласұра,
Аласұра қимылда таң асыра,
Таң асыра кет те, жет тағы асыға.
Қайырымды қара түн қымтанулы,
Алыстатпа қасымнан сұңқарымды,
Жұлдызым қыл, төбемнен тұрсын төніп,
Тұрсын төніп, көрмесін бір күн сөніп!
Төбемде ылғи махаббат түні тұрсын,
Жарқыраған жарығы, күні құрсын!
Махаббаттың бір үйін иемдендім,
Иемдендім, бірақ та кіре алмадым.
Той шарқатын тіктірдім, кием дедім,

Києм дедім, бірақ та кие алмадым.
Маңдайыма қонғанмен бақытым менің
Әлі аңсарға жеткем жоқ, тақ-тұқ ерінім.
Жер мен көктің дақпыртын өзі арқалап,
Күтуші әйел көрінді, ие, марқабат,
Ромеодан берсе осы берер хабар.

Қолына арқан ұстаған күтуші көрінеді.

Не хабар бар айтарға,
Мынау әлгі Ромео айтқан арқан ба?

КҮТУШІ.

Иә, сол.

Жерге лақтырып тастайды.

ДЖУЛЬЕТТА.

Қолыңды неге уқалайсың?
Не болды?

КҮТУШІ.

Не болушы ед, заманақыр орнады.
Боздағы өліп, тұқымың енді сорлады.
Өлді, өлді! Жан тапсырды тәңірге.

ДЖУЛЬЕТТА.

Өлді, өлді! Жан тапсырды тәңірге.
Тәңір бізге сонша қатал болар ма?

КҮТУШІ.

Тәңір емес, тас бауыр.

Әлгі сенің Ромеон?

Әй, өзім де, біліп ем-ау бірдеңе.

ДЖУЛЬЕТТА.

Айтсайшы тез, азаптамай жанымды,
Тозақта да тап бұлайша қиналмас.
Ромео өзіне-өзі қол жұмсаудан аман ба
Солай ма, жоқ па?

Солай десең, сорлағаным,
Жан тапсырам сол бойда.

Одан кейін маған қараң бұл тірлік.

Қинама енді, айтарыңды айт,

Иә, ашылған маңдайымды көрейін,

Иә, мен де боздағымның соңынан сол ерейін.

КҮТУШІ.

Өз көзіммен көрдім. Мынандай-ау мынандай.
Қақ жүректің тұсында.
Құдай өзі сақтай гөр.
Қан дегенің қалқып жатыр қақ болып.
Өңі болса бөздей аппақ өзінің.
Көрген бойда талып қалдым есімнен.

ДЖУЛЬЕТТА.

Жүрегі құрғыр жарылмай ма екен мұндайда.
Көзі құрғыр шықпай қалай тұр шыдап.
Қу басы құрғыр кімге тұлға боласың,
Ромеомен көмілсейші бір көрге.

КҮТУШІ.

Тибальт, Тибальт! Сырласым да мұңдасым,
Сөзі қандай ед, өзі қандай ед сабаздың!
Қайтып қана қасіретіңе төземін!

ДЖУЛЬЕТТА.

Қалай, қалай құбылады бұл тағдыр?
Ромео да, Тибальт та шәйіт кеткен бе?
Әрі ағадан, әрі жардан айырылып,
Қанатым шын-ақ қалғаны ма қайырылып.

КҮТУШІ.

Аза сазы неге естілмейді ендеше?!
Өлген Тибальт. Ромео өлген жоқ.
Өлтіріпті де, өзі елден безіпті.

ДЖУЛЬЕТТА.

Ромео ма қанын төкен Тибальттың?

КҮТУШІ. Иә, иә, тап сол.

Сенсең де мейлің, сенбесең де мейлің.

ДЖУЛЬЕТТА.

Ол осындай у жасырған гүл ме еді?
Аждаһа ма ед ажарымен арбаған!
Періште боп көлгірсіген пері ме!
Қойдан момын көрінетін бөрі ме!
Тәңір құсап тәлімсіген тәйтiк пе!
Сырты жылтыр, іші сымпыл сілімтік!
Әрі әулие, әрі әзәзіл жымысқы!
Албастыны ие қылған сондай сұлу ажарға
Табиғаттың өзі жады болар ма!?
Тысы сылқым, іші қиқым кітаптай,
Алдамшы жүз сұмырай
Қалай ғана еніп жүр
Ақ ордадай үйіме?!

КҮТУШІ.

Еркек итте ар мен намыс бар ма еді!
Өңкей қулық, өңкей сұмдық, ол білмейді өңгені.
Шарап бар ма бір жұтым.
Мына қайғы мені де
Ажалымнан бұрын алып кетпесін!
Сенің сұмырай Ромеоң
Масқараға ұшырасын тезірек!

ДЖУЛЬЕТТА.

Есіңді жи!
Ромеоны ондайға қайтып қиясың,
Оның айдай маңдайына
Жолай алмас масқара.
Жүзі толы ар, иман.
Менің жаңа тілдегенім
Ессіздік ед не деген!

КҮТУШІ.

Мақтайсың ба сонда ағаңның құныкерін?

ДЖУЛЬЕТТА.

Жұбайымды жазғыратын жайым жоқ.
Еркек бейбақ кімнен естір жылы сөз,
Некелеспей жатып-ақ жамандаса әйелі.
Қап, қарақшы-ай, өлтірмей-ақ қойсаңшы
Сол сайыста менің немере ағамды.
Жақсы болар ма, сол сайыста қанқұйлы
Қарақшы аға ғашығымды мерт етсе.
Тәуба, тәуба! Беті аулақ!
Қайтып алдым жасымды.
Қуан, жүрек, одан да!
Есер Тибальт өлтірмекке ұмтылған
Тірі қапты күйеуім.
Қарасқан екен тәңірім.
Ендеше неге жылаймын?
Шошытқан ғой суық сөз.
Аянышты-ақ қазасы да ағамның.
Бірақ әлгі сұмдық сөз
Одан да өткен азап қой.
Ұмыта алмаспын оны енді,
Қарақшы қайтып ұмытушы ед ызасын.
Мен де солай,
Жалғыз өзі жайлап алған есімді.
«Тибальт өліп, Ромео елден безіпті»
Сай сүйегім сырқырайды

«Безді» деген бір-ақ ауыз сөзінен.
Соның өзі-ақ он Тибальттың
Өлімінен үрейлі
Қазасына Тибальттың
Қайғырмайды десең сен,
Айт тағы да әкең өлді деп маған,
Ол аз десең,
Өлді дей ғой шешемді.
Ал екеуін қомсынсаң,
Тұқым-теберің түгел қырылды де мейлің,
Бірақ, бірақ қазасына бола
Қайдағы бір Тибальттың
Ромеоның атын былғап қайтесің!
«Ромео елден безді» деген хабарың
Шешең өлді, әкең өлді, Тибальт өлді,
Ромео өлді, Джульетта өлді,
Деген сөз ғой, жарқыным.
«Ромео елден безсе» не қалды.
Одан асар не азап пен не қайғы,
Қайда жүр екен, көрмедің бе,
Әкем менен анамды?

КҮТУШІ.

Отыр жылап олар Тибальт басында.
Барам десең, апарайын қасына.

ДЖУЛЬЕТТА.

Барып қайтем, жылай берсін өздері
Жоқтай алман Ромеодан өзгені.
Еске салмай күйік пенен қапаны,
Жасырып қой анау арқан сатыны.
Қыл арқан да тұр ғой қайғы сезініп,
Ромеоның кеткенінен безініп,
Жетпекші еді-ау бүгін маған өрмелеп,
Бақыт деген не екенін көрмек ек.
Жесірлікті салып менің жадыма,
Қыл арқан да қалды, міне, адыра.
Жоғалт көзін... Тарқады енді базарым,
Күйеу емес, күткенім өз ажалым.

КҮТУШІ.

Жылағанмен бітіресің енді не?
Ромеоның қайда екенін мен білем —
Монастырьде. Табам іздеп, ет төзім.
Ертіп саған әкелемін кешке өзім.

ДЖУЛЬЕТТА.

Атсыз қолға сақинаны сал мына.
Қоштаспаққа келсін де таң алдында.

Екеуі де кетеді.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Лоренцо пірәдардың құжырасы.

Лоренцо пірәдар кіреді.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Ромео, шық бері. Шыға ғой, байғұсым.
Қасіретке ғашық болып, жұбай еткен қайғысын.

РОМЕО.

Пірәдар, қандай хабар бар?

Үкімдері не дейді?

Тағы қандай кесепат

Қыр соңыма түсіп тұр?

ЛОРЕНЦО.

Оның рас. Саған құмар бар азап.

Князьдің мен естіп келдім пәрменін.

РОМЕО.

Сот алдыда тартпақшы ма бұл істі?

ЛОРЕНЦО.

Жоға, тәйірі. Жұмсақ оның үкімі?

Өлік қып өрем қапқызбай,

Қоя бермек қаңғыртып.

РОМЕО.

Жібергеннен жер аударып аластап

Дар астына апарғаны жөн еді.

Қаңғыруды ала көрме аузыңа.

ЛОРЕНЦО.

Веронадан аласталдың. Төз бірақ,

Дүние әзір орынында.

РОМЕО.

Веронадан тысқары өмір маған тұл.

Одан гөрі дұрыс болар тамұғы.

Өмірден аластаған соң,

Қимағаны қайсы өлімді?!

Еш айырма көрмей тұрмын мен бұдан.

Бұл хабарың тұмсығымның астынан

Күліп тұрып, кеңірдекке

Таяғандай ғой айбалта.

ЛОРЕНЦО.

Тәубаны да білмегенің екен бұл.
Өлімге лайық қылмыспен
Жер бетінде есен жүр.
Бұдан артық бола ма екен рахым.

РОМЕО.

Рахым емес. Өш алу.
Аспан асты мен үшін
Джувьеттаның маңында.
Ит, мысық, құрт-құмырсқа қайдағы
Оны көріп емін-еркін жүре алад,
Жүре алмайтын Ромео!
Одан гөрі көң шұқыған қоңыздың
Басында да дәурен бар.
Джувьеттаның аппақ қолына өрмелеп,
Ерінінен естиді жылы лебіз.
Сорлы Ромео одан-дағы мақұрым.
Шыбын ие еркіндіктен ол ада.
Сонда өлгеннен нем артық?
Өйтіп мені алдарқатпа уатып,
Онан-дағы у қой менің алдыма.
Қуғын деген тамұқта тартар азапты,
Бұ дүниеде маған қайтып қиясың?
Пірәдарсың, данышпансың, данасың,
Сүйтіп тұрып, қашқындыққа көн дейсің,
Қайда өзіңнің ұятың?!

ЛОРЕНЦО.

Мәжнүн ғашық ауыз ашуға мұрша бер.

РОМЕО.

Қашқындықтың жәйі шығар айтарың.

ЛОРЕНЦО.

Қайдағы бір сары уайым жемесін деп миыңды,
Философияны жіберемін бірге ертіп,
Қашқындардың қашаннан бергі мұңдасын.

РОМЕО.

Тағы да сол қашу, пысу!
Одан қандай пәтуа!
Философияң Джувьетта боп
Жата алмайды қасыма.
Заңды түзеп, күземейді зорлықты,
Сонда оны қай ауруыма дәрі қылам,
Айтшы өзің.

ЛОРЕНЦО.

Ессіз керең, есті мылқау заман ғой.

ЛОРЕНЦО.

Тоқта, әлі де ақылдасып көрейік.

РОМЕО.

Айтпа өзің түсінбейтін нәрсені,
Мендей жас боп,
Джультеттаға ғашық боп,
Неке суын ішпей жатып,
Кісі өлтіріп,
Бара жатсаң жер ауып,
Жата қалып жер тырнамай,
Өз кебініңді өзің пішіп сандалмай,
Дәл осылай
Ақыл айтып,
Пайғамбарсып
Отыра алсаң, жайбарақат,
Көрер едім мен сені.

Есік қағылады.

ЛОРЕНЦО.

Есік қағады. Түрегел!
Жатып алмай, жасырын!

РОМЕО.

Жасырынып қажеті не?
Қайғы өзі тұрса өмірді көлегейлеп.

Тағы да есік қағылады.

ЛОРЕНЦО.

Кереңбісің? Кетсейші.

Есік қағылады.

Кім бұл өзі? Тоқтай тұр.
Ұстап әкетер. Жөнел тез.
Тығыл кітапханаға.
Мұнша қыңыр болар ма!

Есік қағылады.

Қазір, қазір! Неткен жансыз шыдамсыз!
Бұл кім өзі? Өзіңізге не керек?

КҮТУШІ (сахна сыртынан).

Есіңді аш, айтайын.

Джультаның күтушісі мен болам.

ЛОРЕНЦО.

Хош келдіңіз, ендеше.

Күтуші кіреді.

КҮТУШІ.

Айтыңызшы, пірәдар,

Қайда Ромео, бикешімнің күйеуі?

ЛОРЕНЦО.

Жатыр әне,

Жылай-жылай

Көз жасына мас болып!

КҮТУШІ.

Апама жездем сай,

Ана жақта біздің бикеш

Жылап жатыр осылай.

ЛОРЕНЦО.

Мұңдас жүрек

Түсінісер тілдеспей.

КҮТУШІ.

О да осылай

Жатып алды бүк түсіп.

Сіздікі не? Сіз еркексіз ғой,

Сізге бүйту жөн емес.

РОМЕО.

Ah,...

КҮТУШІ.

Аһылайтын ештеңе жоқ.

Бәріміздің де мойнымызда —

Сұм ажалдың құрығы.

РОМЕО.

Джультаның жайын айтшы!

Естігенде ол қайтті?

Сенді ме мен қанішер дегенге?

Бал дәурені балалықтың

Біткен күнді ол үшін,

Боядым ғой бауырының қанымен.

Дені сау ма?

Қазір қалай, жай-күйі?

Қайда өзі?

Не дейді біздің некеміз жөнінде?

КҮТУШІ.

Не деуші еді?

Ағыл-тегіл жылайды,
Біресе сізді айтып,
Біресе айтып ағасын,
Қайта-қайта тұрады атып төсектен.

РОМЕО.

Ромео!

Жексұрын ат осы бір
Шоқтай қарып барады ғой жүрегін,
Ажал болып ағасын сол жалмаған,
Айтыңдаршы адам осы атынан
Қалай ғана құтылар,
Қақыратып көкірегін жарса ма?

Семсерін суырып алады

ЛОРЕНЦО.

Тарт қолыңды, есуас!

Еркекпісің сен өзің?

Қатын ба ең әлде бажылдақ?

Хаюандай қашырлатпа тісіңді,

Әйел ме едің тәлімсіген еркек боп

Тағы аңбысың адам кейпін бүркенген.

Танымай тұрмын мен сені.

Пірәдар атым құрысын,

Мен басқаша ойлаушы ем,

Жер қылдың ғой еңсемді.

Өлтіріп ап біреуді,

Өлмекпісің енді өзің?

Өлтірмекпісің жарыңды

Тілегіңді тілеген?

Ел-жұртыңды, жер мен көкті

Бүйтіп талақ етердей

Қарайды неден көңілің?!

Олар бәрі қосылып

Жаратқанда бір сені,

Кетпексің бе тоз-тоз қылып артыңды?

Адамдықты, махабатты, ақылды

Жөн болмас өйтіп тәрк еткен.

Қасиетіңді пайдаланбасаң үш бірдей,

Бұл дүние үшін сен

Секілдісің шық бермейтін Шығайбай,

Қуыршақта да бар құр қаңқа,

Адамды адам ететін тек тәуекел.
Тәуекелсіз махаббат —
Баланың ат ойыны, бақсының жыны әншейін
Тәуекелсіз ақыл — оқ-дәрі
Орашолақ сарбаз ұстаса,
Өз қолында жарылып
Өзгеден бұрын өз түбіне жететін.
Жетер! Көтер еңсеңді,
Өліп-өшкен Джульеттаң
Есен-аман жер бетінде жүр әлі.
Одан асқан керек саған қандай бақ!
Шүкіршілік ет, қас дұшпаның
Мерт қылмаса өзінді,
Қаза тапса қолыңнан.
Осынша бақ орнап тұрса басыңа,
Мыңқылдайсың, шашалып көз жасыңа.
Бәрін қойып, Джульеттаға бар-дағы,
Басу айтып, жұбатып қайт жарыңды,
Тек тез қайт, көрмей тұрып сақшылар,
Таң атқанша Мантуяға жетіп ал,
Бұндағы істің беті бері қарамай,
Шықпа ешқайда, жатып ал.
Оңғарылса бұл жақтағы шаруа.
Тағдыр бізді емес,
Біз тағдырды қалдырамыз қылжаққа.
Күтуші, сіз де қайта беріңіз,
Үй-іші ерте жатуына бас-көз бол.
Көз жасын тисын, күтсін бикеш күйеуін,
Түнделетіп барады оған Ромео.

КҮТУШІ.

О, тәңірім! Түн болса ғой,
Жарықтықты таң атқанша тыңдар ем.
Қандай ақыл! Ғұлама деген осы ғой.
Келеді деп барам айтып қазір-ақ.

РОМЕО.

Не айтса да, көтеруге әзірмін.

КҮТУШІ.

Сізге мынау сақинасы жіберген,
Келгейсіз тек кешікпей.

Кетеді

РОМЕО.

Енді, міне, түсті орнына көңілім.

ЛОРЕНЦО.

Жөнел онда. Жолың болсын. Ұмытпа:
Иә, сақшы келмей тұрып шығып кет,
Иә, басқа киім киіп алдап өт.
Тек әйтеуір Мантуяға аман жет.
Жеткізіп тұрам қызметшің арқылы
Бұл жақтағы хабарды.
Ал, уақыт болды. Қолды әкел.
Көріскенше күн жақсы.

Екеуі шығып кетеді.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Капулетти үйіндегі бір бөлме.

Капулетти, леди Капулетти және Парис шығады.

КАПУЛЕТТИ.

Ойда жоқта оқиғаға ұшырадық осындай,
Қызымызбен дұрыстап тілдесуге де мұрша жоқ.
Тибальт үшін жатпасақ та қан жұтып,
Өлімнің аты өлім ғой.
Кеш боп кетті, Джульетта
Бөлмесінен енді шыға қоймайды.
Сіз болмағанда,
Мен де төсекте жатар едім ендігі.

ПАРИС.

Аза кезі құдалыққа қол емес,
Қызыңызға тағзым етіңіз, миледи.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Сәлеміңізді де жеткізіп,
Жай-жапсарды білейін,
Мына қайғыдан ес жия алмай жүр әлі.

КАПУЛЕТТИ.

Парис, қызымның жайын мен білем,
Жеменіз еш уайым.
Ғашық боп қалды ол сізге.
Құлақ қоймауы мүмкін емес
Әңгімеге бұл жайлы.
Ұйқы алдында барып оған
Жайын біліп, болашақ күйеу баланың
Ойын жеткіз, дайындалсын ол іштей.
Сонымен сол сәрсенбіде...
Айтпақшы бүгін күн не еді?

ПАРИС. Дүйсенбі ғой.

КАПУЛЕТТИ. Дүйсенбі ме?

Сәрсенбі онда тығыздау.

Бейсенбі сол дұрыс қой.

Бейсенбіде Парис мырзамен

Қимақшымыз некесін.

Әзірленсін соған де.

Келісесіз ғой осыған.

Айқай-шусыз екі-үш досыңызды ертесіз де жетесіз,

Әйтпесе жұрт көмбей жатып өлікті,

Бұл қай думан деп әңгіме етеді.

Екі-үш әулет боп бас қоссақ та болмай ма?

Сақтық керек мұндайда.

Бейсенбі сізге боп жүрмей ме ыңғайсыз?

ПАРИС.

Ертең, әттең, болса ғой сол бейсенбі!

КАПУЛЕТТИ.

Ендеше сол бейсенбіге келістік.

Ал, тарайық, сен қызыңа бар-дағы

Әзірлен де некеге.

Сау тұрыңыз, граф.

Жолыма жарық түсіріңдер.

Көп ұзамай таң атады,

Кеш болды енді, жатайық.

Жақсы жатып, жай тұрыңыз.

Бәрі шығып кетеді.

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Джульттаның бөлмесі.

Ромео мен Джульетта.

ДЖУЛЬЕТТА. Кетпексің бе?

Атқан жоқ қой таң әлі.

Сайрап тұрған бозторғай емес,

Бұлбұл ғой.

Анар ағаш басында

Таң атқанша отырғаны жақ жаппай.

Рас айтам, сүйіктім.

РОМЕО.

Жоқ, бұл бозторғайдың

Таң алдындағы дауысы.

Бұлт та әне бастапты ғой қызара.

Тау ішінде күн шығып,
Шыңға өрмелей бастаған.
Тірі жүрсін десең мен,
Кететін кез боп қалды.
Сәл кешіксем, жендетім тұр жалаңдап!

ДЖУЛЬЕТТА.

Анау — әлі таң емес,
Келе жатқан сарғайып.
Ай ол туып келе атқан,
Нұр құйғалы жолыңа
Мантуяға баратын.
Жата тұрсаңшы.
Сонша неге асықтың?

РОМЕО.

Мейлі, ендеше,
Ұстай берсін ұстаса,
Болсын сенің айтқаның.
Ол таң емес, енді туған ай шығар,
Бозторғай емес, бұлбұл екен
Тәтті үйқыдан оятқан.
Қасыңда болсам, арман не,
Өлімнен де қорықпан.
Шыбын жаным — садаға сенің жолыңа.

ДЖУЛЬЕТТА.

Жоқ! Тезірек кеткен жөн,
Атып қалған шынында да таң екен.
Жарып барад құлақты,
Бұлбұл емес, бозторғай.
Оңбағанның даусы неткен сөлекет,
Көлбақадай бақырайған көзі де.
Жоқ, бұл сұмырай бозторғай
Көлбақадан айналып кетсін садаға.
Міне, тағы сол шақырып жарықты,
Екі айырды екі ғашық ғаріпті.
Таң атыпты. Жолға шық.

РОМЕО.

Таң жарқырай түскен сайын
Қабағымыз бара жатыр тұнжырап,
Қоштасудың қияметі осы ғой.

Бөлмеге күтуші әйел кіреді.

КҮТУШІ.

Джульетта!

ДЖУЛЬЕТТА.

Сізбісіз?

КУТУШІ.

Анаң келе жатыр.

Таң атып қалды. Байқандар.

Кетеді.

ДЖУЛЬЕТТА.

Күнді әкелген терезе

Қуанышымды әкетпек.

РОМЕО.

Құшақтасайық. Қош, сау тұр.

Бақша жаққа қарғиын.

ДЖУЛЬЕТТА.

Кеткенің бе шыныңмен,

Тірлігіңнен хабар беріп тұр үзбей.

Әр минуттың өзі маған бір күндей,

Енді қайтып көріскенше сенімен

Қанша ғасыр қартаям?

РОМЕО.

Қарлығаштың қанатына хат байласам да,

Хабарымды үзбеспін.

ДЖУЛЬЕТТА.

Енді қайтып көрісеміз бе, жоқ па?

РОМЕО.

Көрісеміз. Сосын әлі-ақ осыны

Талай-талай айтармыз-ау еске алып.

ДЖУЛЬЕТТА.

Көзі құрғырыма не елестеп тұр, апыр-ай,

Өңің қандай боп-боз ед,

Тас табытта жатқандай!

РОМЕО.

Қан мен сөлді қайғы сорып жатыр ғой,

Сенің де жүзің бөздей аппақ боп кеткен.

Қош тұр!

Шығып кетеді.

ДЖУЛЬЕТТА.

Аяр тағдыр аума-төкпе ең әуелден,

Тағы да құбыл, жарымды

Жат өлкеден тезірек қайтар қасыма.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ *(сахна сыртынан)*.

Тұрдың ба, қызым?

ДЖУЛЬЕТТА.

Бұл қайсысың? Анамбысыз?

Әлі ұйықтаған жоқсыз ба?

Әлде тұрып кеттіңіз бе?

Мұнша неге ертелетіп жүресіз?

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Хал қалай, Джульетта?

ДЖУЛЬЕТТА.

Әлі өзіме келе алатын емеспін.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Өлгеннің артынан өлмек жоқ,

Көз жасына тырп етпейді қара көр,

Енді қайтып тірілмейді ол енді.

Жетер, қызым, қинай берме өзіңді.

Бостан-босқа жылай берген

Көрер көзге көрінеді маубастық.

ДЖУЛЬЕТТА.

Қалжыратып кетсе қайғы қайтпекпін?

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Көз жасыңды бәрібір марқұм көрмейді?

ДЖУЛЬЕТТА.

Көз жасымды тия алмасам қайтейін?

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Бауырыңның өлгені де емес,

Қанішердің тірі қалғанына

Қайысады ғой қабырғаң,

Қап, оңбаған десейші!

ДЖУЛЬЕТТА.

Ол оңбаған кім өзі?

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Ромео!

ДЖУЛЬЕТТА *(өзіне-өзі)*.

Ромео мен оңбағандық

От пен судай,

Қосыла қоймас бастары.

Қан жылатад жүректі

Тап осындай сөздері!

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Барлық пәле — соның тірі қалғаны.

ДЖУЛЬЕТТА.

Ол неме менің қолыма бір түспейді-ау,

Тибальттың кегін қайтарар ем өзім-ақ.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Өзіміз де қайтарамыз ол кекті.
Оған бола қайғырма.
Мантуяға кетіпті дейді жер асып,
Жіберем де жансызымды
Өлтіртемін у беріп.
Тибальт түскен қара жерге
Ол да ұзамай түседі.
Сенің де өшің қайтады.

ДЖУЛЬЕТТА.

Өз қолыма түспей тұрып
Тыншыға алман мен енді.
Ромеоға жіберетін кісі ізде,
Беретін уды мен табам!
Қалай оған шыдай аларсың шап бермей
Өлімі үшін Тибальттың.
Алдап-сулап ұйықтатам да қасыма,
Құшағымда тұншықтырып өлтірем.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Ендеше сол әзірлей бер уыңды,
Жіберетін кісіні өзім табамын.
Қуанышты хабарым бар, айтпақшы.

ДЖУЛЬЕТТА.

Серпілтер ме екен еңсе басқан қайғыдан,
Айтар болсаң айт шапшаң.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Әкең байғұс қайткенде
Серпілтем деп сенің шемен шеріңді
Ұлан-асыр той жасамақ,
Мына біздің өңіміз түгіл
Түсімізге кірмеген.

ДЖУЛЬЕТТА.

Дұрыс екен. Өткізбекші қай күні?

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Бейсенбіде, қызым.
Граф Парис, сені айттырып жүретін
Храмында қасиетті Петрдың
Неке қиыспақ өзіңмен.

ДЖУЛЬЕТТА.

Едеше со Петр әулиенің атыменен ант етем,
Париспенен қосыла қоймас тұз-дәмім.
Сонша асығып не керек,
Күйеу жігітті көрмей жатып осынша
Шіркеуге сүйрердей не бопты.

Айтыңыз әкеме
Күйеуге шығу маған әлі ертерек,
Ал егер де керек десе,
Париске күйеуге шыққанша
Ромеоға-ақ тиемін.
Көздерің сөйтіп ашылсын!

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Онда өзіне айт. Әкең, әне, келеді.
Не дер екен көрейік.

Капулетти мен күтуші әйел шығады.

КАПУЛЕТТИ.

Күн батарда шық түсетін әдеті,
Марқұмның күні батарда
Құйып кетті-ау ағыл-тегіл ақ нөсер.
Бұл не қылған құрғамайтын көз жасы?
Көрер көзге сонша қораш болғанмен
Көз жасының мұхитында
Дауылдағы кемедей
Тайталасып бақты-ау бірақ өзі де.
Иә, сонымен не болды?
Әмірімді жеткіздің бе қызыма?

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Айтуын айттым. Құлақ асар түрі жоқ.

КАПУЛЕТТИ.

Немене? Не дейсің? Қайтала.
Түсінбей ме абыройға мұншама.
Тегі тегімізден, бағы бағымыздан асқан бекзатты
Менсінгісі келмей ме?

ДЖУЛЬЕТТА.

Қамқорлығыңызға рақмет, қуана алман бірақ та.
Қуану қиын құламай тұрып көңілің.
Бірақ сіздің еңбегіңізді ескермеске жәйім жоқ.

КАПУЛЕТТИ.

Түк түсінсем бұйырмасын.
Әрпіл-тәрпіл неткен жауап.
Рақмет дейд те, қуанбайды,
Не деп тұр өзі мына қыз?
Өйтіп еңбегімді ескергеніңді қайтейін.
Сөзді қой да, бейсенбіде
Шіркеуге бар, некенді қияд Париске,

Өздігіңнен бармасаң,
Қолыңнан сүйреп апарам.
Тумай жатып көкіректері көріктей,
Сөзді доғар, жетті енді!

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Ақылыңыздан алжасқан шығарсың!

ДЖУЛЬЕТТА.

Аяғыңызға бас ұрамын жалынып,
Бір ауыз сөз мұрша беріңіз айтуға.

КАПУЛЕТТИ.

Үніңді шығарма. Бәрі де болды белгілі.
Бейсенбіде бармайтын болсаң шіркеуге,
Енді қайтып көрінбейсің көзіме.
Шығарушы болма дымыңды!
Жұрты құрғыр қақсаушы еді,
Жалғыз қыз деп маңдайдағы,
Оны-дағы көп көрген ғой біздерге.
О, бетіқара!

КҮТУШІ.

Тақсыр, тақсыр, сабаңызға түсіңіз,
Бұлай деуге қайтып барды аузыңыз.

КАПУЛЕТТИ.

Жөніңе тұр, маған ақыл үйретпе,
Онан-дағы көршіге барып өсек айт.

КҮТУШІ.

Мен бекер сөзді айтпаймын.

КАПУЛЕТТИ.

Құдай үшін, жөніңізге тайыңыз!

КҮТУШІ.

Сонда ауыз ашуға да болмай ма?

КАПУЛЕТТИ.

Көршіге барып өсек айт деп айттым ғой,
Бұл жер сізге кабак емес көкитін.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Астам сөйлеп тұрсыз, тақсыр, сіз бүгін.

КАПУЛЕТТИ.

Тие берме жаныма. О тоба!
Қайда жүріп, не істесем де,
Жатсам-тұрсам жалғыз қызға
Жар тапсам дедім лайық.
Енді, міне, тұрғанда өзі табылып,
Инабатты, текті есті, әдепті
Қиялдасаң кезікпейтін сол адам,

Мына бейбақ кергиді
Құламайд деп көңілім.
Құламаса көңілің,
Жолың ашық, тайып тұр.
Енді менің ас ішпе
Дастарқаным басынан.
Жерге тастар сөзім жоқ,
Ойлауыңа екі күн.
Сол екі күн ішінде,
Не айтқан тілді аласың,
Не табасың жөніңді.
Сосын қайтып әке емеспін мен саған.
Ойлан өзің. Қалжың емес бұл шыным.

Кетегі.

ДЖУЛЬЕТТА.

Мұнша неғып көз қырына қалдым тобаның.
Азабымды көрмей ме,
Жоқ па еді сонша обалым.
Анажаным, мені бүйтіп қумандар,
Некені бір ай не бір апта қалдырыңдар кейінге,
Не Тибальтпен табытқа бірге салыңдар.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Енді бітті әңгіме. Не қылсаң да өз еркің.
Менің айтар сөзім жоқ.

Кетегі.

ДЖУЛЬЕТТА.

О тоба! О күтуші-ау! Не істеймін?
Тағдырым көктің еркінде.
Күйеуім бар некелі.
Ол жер үстінде тірі тұрғанда
Көкке берген қайтіп бұзам антымды.
Неге ғана жаратады мен сияқты бейбақты?
Ақыл айтсаңшы, қайтейін?

КҮТУШІ.

Амалың бар әлі де.
Ромео кетті жер ауып.
Қайтып келіп ол енді
Сені даулай алмайды.
Сондықтан да, графқа әлі шығып ал,

Мынау деген азамат.
Оның қасында Ромео не бопты.
Мұндай күйеу таба алмайды жұрт іздеп.
Ал, жер ауып жүрген күйеу де бір тірі өлік,
Текке бола бағыңды байлап қайтесің.

ДЖУЛЬЕТТА.

Шыныңмен айтып тұрсың ба?

КҮТУШІ.

Шыныммен.

ДЖУЛЬЕТТА.

Аумин!

КҮТУШІ.

Не дейсің!

ДЖУЛЬЕТТА.

Сен кіргіздің есімді.

Төменге түс те, анама айт,

Лоренцо пірәдарға барып

Кешірім сұраймын деді де,

Әке сөзін алмағаным үшін құлаққа.

КҮТУШІ.

Міне, дұрыс! Қазір барып айтайын.

Кетеді.

ДЖУЛЬЕТТА.

Осы екен ғой әлімсақтан

Айтып келе жатқан күнәсі.

Менің өтірік айтқаным ба,

Әлде кеше мақтап тұрып Ромеоны,

Бүгін келіп даттағаны ма әлгінің —

Қайсысы болар жадылық.

Айтшы өзің аздырғыш әзәзіл ібіліс!

Бездім, бездім бәрінен!

Арамызда жатыр екен аран құз.

Әлгі тақуа бермесе егер қол ұшын,

Өлімнен өзге жол қалмапты мен үшін.

Кетеді.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Лоренцо пірәдардың құжырасы.

Лоренцо пірәдар мен Парис шығады.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Бейсенбісі шұғыл екен соншама.

ПАРИС.

Қайынатамның пәрмені,
Оны екі еткім келмейді.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Қалыңдықтың өз ыңғайын білмейсіз?
Көңіліме қонбайтын бір жәйт екен.

ПАРИС.

Тибальтқа қайғырып, жылап жатыр күні-түн.
Тілдесетін таба алмадым уақыт.
Азалы үйге жүреді ме жігіттік,
Әкесі бірақ айтқаннан соң амал не.
Ол айтады қасіретін қызының
Басар еді ақ неке,
Қауымға араласқан соң
Түсер еді сабаға.
Неге асыққанын енді түсінген шығарсыз.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР (*Өзімен-өзі*).

Түсінбегенде қайтейін.
(*Дауыстап*).
Әне өзі де келеді.

Джультта шығады.

ПАРИС.

Бақытты сәт бұл неткен!
Зайыбым қандай әдемі!

ДЖУЛЬЕТТА.

Бұныңыз қалай? Қиылған жоқ әлі некеміз.

ПАРИС.

Зайыбымыз боласыз.
Бейсенбіде бұйырса.

ДЖУЛЬЕТТА.

Ол құдайдың қолындағы шаруа.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Ләббай, дұрыс айтасыз.

ПАРИС.

Пірәдарға кеп пе едіңіз сұхбатқа?

ДЖУЛЬЕТТА.

Сондықтан да сауалыңыз артықтау.

ПАРИС.

Жылай-жылай кетіпсіңіз арықтап.

ДЖУЛЬЕТТА.

Бұрында онша емес-тұғым көрікті.

ПАРИС.

Өйтіп өз ажарыңызға өзіңіз жала жаппаңыз.

ДЖУЛЬЕТТА.

Өз көркімді мінеп тұрған өзім ғой,

Өзім жайлы не десем де, еркім өзімде емес пе?

ПАРИС.

Енді сіздің ажарыңыз. мына біздің базарымыз.

Бұдан былай сөйлегейсіз сақтанып.

ДЖУЛЬЕТТА.

Ендеше, сол өзімдікі емес, өзгенікі болғасын,
Аямай сынап жатқаным.

Қолыңыз бос емес екен, пірәдар,

Кешқұрым-ақ келейін.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Қолым қайта қазір бос.

Біздің бір сөзіміз бар ед оңаша,

Ғафу етерсіз, тақсыр.

ПАРИС.

Сұхбатқа бөгет болмайын,

Бейсенбіде кездесеміз ғой біржола,

Оған дейін қолыңызды сүйе тұрайын.

Кетеді.

ДЖУЛЬЕТТА.

Есігіңізді кілттеңіз де,

Менімен бірге жылаңыз,

Енді үміт үзілді.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Джульетта, мен де естідім жағдайды,

Ақылым айран боп тұрғаны, мінеки.

Бейсенбіде неке қидырар түрі бар,

Кешіктірер түрлері жоқ және де.

ДЖУЛЬЕТТА.

Айтпай-ақ қойыңыз түсінікті ар жағы.

Қолыңыздан келмейтін болса еш көмек.

Тәңір алдында арыма ара түсіңіз.
Қара қанжар қалған маған араша
Өзіңіз-тұғын қол ұстатып қостырған,
Ромеоға еншілеген жүректі
Енді өзгенің тапсырғанша қолына
Тапсырам сол қанды қара қанжарға.
Одан басқа көрінбесе еш қайран,
Ажал шіркін ауытқуды білмейді.
Сөздің енді сізде қалды түйіні:
Не өл деңіз, не дертімді емдеңіз.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Тоқта, қызым, ойлануға бер мұрша,
Сенің сөзің көрінбейді еш жеңіл
Басқа түскен мына сыннан шытырман.
Сонда графқа қосылғаннан
Жөн деп тұрсыз
Қара пышаққа тосылған.
Ендеше, бар тағы сондай бір амал,
Масқарадан мынау құтқарар.
Оған да керек, бірақ, таудай тәуекел.

ДЖУЛЬЕТТА.

Құздан құлап, қарақшының
Қанды шеңгеліне түссем де,
У жыланға шағылып,
Талансам да аюға,
Көрге кіріп тірілей
Ұйықтасам да өлікпен,
Қосылмасам болғаны
Мардамсыған Париске.
Қарадай естіп атағын
Қалтырайтын бұрындары
Қай сұмдықтан да қаймықпан,
Ромеоға адалдығыма
Түспесе болды бір ақау.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Уайымсыз үйіңе қайт ендеше,
Жүзіңе кірбің түсірме,
Келістім де әкеңе.
Ертең әлі емес пе еді сәрсенбі,
Ертең кешке ұйықтарыңда жалғыз жат,
Қасыңда қалып қоймасын әлгі күтуші.
Ұйқы алдында аш мына бір құтыны,
Ішіндегі әбден таусылғанда
Аяқ-қолың жүре берер мұздай боп.

Қан тамырда қан да тоқтап қалады.
Тірлік табы өшеді әбден жүзіңнен.
Тынысың да тоқтайды,
Әр таяды бетіңнен.
Қос кірпігің тас жұмық.
Қол-аяғың серейіп.
Қалады жұрт өлді деп.
Сол қалпында екі тәулік жатасың,
Содан кейін құлан таза,
Бір-ақ атып тұрасың
Болмағандай ештеңе.
Парис сені оятқалы келгенде
Сенің өліп жатқаныңды көреді.
Үрдіс бойынша, мұндайда,
Табытты жаппай көмеді
Ромеоны шақыртам да зиратқа
Сен оянғанша тосамыз.
Оянған соң сол бойда
Екеуің бірге кетерсіңдер қаладан.
Қорықпасаң — жаңғыз амал тек осы.
Ұмытып тек қалып жүрме айтқанды.

ДЖУЛЬЕТТА.

Қорқынышты айтпаңыз.

Құтыңызды беріңіз.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Мә, ала ғой.

Мантуяға кісі жіберем хатпенен.

Тәуекел ет, қыл сабыр!

ДЖУЛЬЕТТА.

Сүю деген тек тәуекел қашан да.

Сау тұрыңыз, пірәдар.

Екеуі де кетеді.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Капулетти үйіндегі зал.

Капулетти, леги Капулетти, күтуші және екі қызметші көрінеді.

КАПУЛЕТТИ.

Қағазда жазылғандарды түгел шақыр қонаққа.
Бірінші қызметші кетеді.

Жалданар маған жиырма жақсы аспаз тап.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ. Ол жағынан қам жеменіз. Өз бармағын өзі жалар ма екен, жоқ па екен. Анадайдан қарап тұрам сығалап.

КАПУЛЕТТИ. Өйтіп неге керек ед?

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ. Өз бармағын өзі жаламайтын аспаздан оңды тағам шықпайды. Ондайларды қуу керек желкелеп.

КАПУЛЕТТИ. Іске кіріс ендеше.

Екінші қызметші кетеді.

Бұл күндері абай болмай болмайды.

Лоренцоға кеткені шын ба екен?

КҮТУШІ.

Кеткені рас, көрдім өзім көзіммен.

КАПУЛЕТТИ.

Ендеше ол дұрыс жолға салады,

Өр көкірек бикешті.

Джультта кіреді.

КҮТУШІ.

Көрдің бе, міне, өңің енді кіріпті.

КАПУЛЕТТИ.

Қайда жоғалдың, қайсар қыз?

ДЖУЛЬЕТТА.

Жоғалғам жоқ, тауып қайттым өзімді.

Бетіңізден алғаныма

Асқар таудай айыптымын алдыңызда.

Лоренцо ұрысып

Аяғыңызға жығыл деп маған бұйырды.

Кеше көріңіз. Ешқашан

Кесе көлденең өтпеспін жолыңыздан.

КАПУЛЕТТИ.

Графқа бұны айту керек ендеше,

Кідіртіп қайтем, аттандырам ертең-ақ.

ДЖУЛЬЕТТА.

Монастырьде графпен де жолықтым.

Ізет етіп бақтым біраз алдында.

КАПУЛЕТТИ.

Жақсы бопты, енді, міне, жарадың.

Басыңды көтер. Жолдан тұр.

Кісі жібер демедім бе графқа?

Неге жібермей тұрсыңдар,

Қылығында болмаса ондай пәтуа,

Күллі қалаға сыйлы бола ма тақуа!

Әй, бәсе!

ДЖУЛЬЕТТА.

Кеттік онда, күтуші,
Ертең киер көйлек таңдап қояйық.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Ертең емес, бейсенбіде.
Үлгересіңдер әлі де.

КАПУЛЕТТИ.

Қамдана бер, күтуші.
Мен ертең-ақ қиғыздырам некені.

Джультта мен күтуші шығып кетеді.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Әзірленер уақыт жоқ, мұрша бер,
Түн болып та қалды ғой.

КАПУЛЕТТИ.

Қорықпа, өзім көмектесем.
Бәрі де ойдағыдай болады.
Джульттаның киімін әзірле,
Мен бұл жақта бас-көз бола тұрайын.
Әй, жігіттер, асығындар!
Ешқайсысынан дыбыс жоқ.
Бәрі де жөнін тауыпты.
Қой, Париске барып келейін.
Тойдың ертең өтетінін айтайын.
Қиқар қыздың қыңырлығы тарқап ед,
Бәрі оңға басты ғой,

Кетеді.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Джульттаның бөлмесі.

Джультта мен күтуші

ДЖУЛЬЕТТА.

Иә, ең дұрысы осы екен,
Енді жүре беріңіз.
Бүгін түнде мені жалғыз қалдырыңыздар,
Тәңір алдында жалбарынып
Тазартайын күнә басқан көңілді.

Леди Капулетти кіреді.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Іске кірісіп кеттіңдер ме?

Керек емес пе көмекші?

ДЖУЛЬЕТТА.

Жоқ, анажан!

Өзіміз-ақ жайғастырдық бұл істі.

Егер қарсы болмасаңыз

Қалдырыңызшы оңаша.

Күтуші сізге етсін анда қолғабыс.

Түні бойы істерің көп атқарар.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Қайырлы түн!

Жатып ұйықтап, демалып ал жақсылап.

Мұндайда саған өте қажет демалыс.

Леди Капулетти мен күтуші шығып кетеді.

ДЖУЛЬЕТТА.

Сау тұрындар бәрің де.

Құдай білсін, енді қашан көрісеміз сіздермен.

Кенет, міне, мұздап барады өн бойым,

Қаным тоқтап қалды ма екен үрейден.

Әлгілерді шақыртқаным жөн бе әлде?

Жаңғыз өзіңе қорқынышты екен мұндайда.

Күтуші! Жоқ, жоқ, оны шақыруға болмайды.

Орындайын бір өзім-ақ бұл істі.

Құтысы әлгі қайда еді?

Әсері болмай қап жүрмей ме екен тек?

Күйеуге шығып кете барам ба онда ертең.

Жоқ, жоқ. Оның беті әрі!

Алда-жалда керек болар,

Қасыма алып жатайыншы қанжарды.

Төсегіне қанжар тығады.

У болса бұл қайттім?

Ертеңгі неке ашады ғой

Тақуаның күнәсін.

Ал, мен өлсем, кім біледі

Ромео екеуміздің

Некемізді қиғанын.

Иә, солай екен ғой.

Жоқ, мүмкін емес бұнысы.

Бұған дейін одан ешкім

Көрген емес қиянат.

Ромео келмей тұрып

Оянып кетсем қайтемін.
Ең сұмдығы сол болар!
Тас табытта қалмаймын ба тұншығып,
Құтқарғанша ол келіп?
Тірі қалсам егер де,
Қара түнек дүниеде
Ежелден бергі мекенінде ажалдың,
Талай-талай бабаның
Бастары қалған қуарып,
Күні кешегі Тибальттың
Шіри бастаған денесі,
Қара жердің астында
Кейде түнде шығады дейтін өліктер
Ұшпас па екен үрейім.
Кім біліпті,
Оянып кетіп ертерек,
Өлексенің исі мен
Аруақтардың самбырласқан даусынан
Жүрмес пе екем ақылымнан алжасып?
Ондайда Тибальт табытына
Қолды салып жүрсем қайтем
Дал-дұл жыртып кебінін,
Не бабалардың біреуінін
Жұлып ап ортан жілігін
Өз басымды жүрмес пе екем
Өзім шағып мылжалап.
Әне қара! Немере ағам
Көрініп тұр көзіме!
Ромеоны іздеп аласұрып шауып жүр,
Неге маған сермеді деп семсерді.
Тоқта, Тибальт!
Ромео, жетейін деп қасына,
Сенің аман жүруіңе
Ішем мынау құтыны.

Шымылдық сыртына, төсекке құлап түседі.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Капулетти үйіндегі зал.

Леди Капулетти мен күтуші әйел кіреді.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Кілтті ал да, тәттілерді көбейт әкеп.

КҮТУШІ.

Шабдалы мен құрма керек самсаға.

Капулетти кіреді.

КАПУЛЕТТИ.

Тезірек! Тауық шақырды.

Таң да таяу. Ас үйге бар,

Кеткен жоқ па торт күйіп.

Аямаңдар, ағыл-тегіл қылыңдар.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Қазан-аяққа араласып,

Қатын-қалашпен қалжақтасып қайтесіз.

Онан да барып ұйықтаңыз.

Басыңыздың сақинасы

Ұстап қалар тағы ертең.

КАПУЛЕТТИ.

Талай таңды таңға ұрғанбыз тұсында,

Көп болса, соның бірі болар осы түн.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Иә, қыз-қырқынның қыздырмасы ғой өйткізген.

Енді ондайға аттай алмассың аяқты.

Леди Капулетти мен күтуші әйел кетеді.

КАПУЛЕТТИ.

Әйел деген неткен жандар іші тар!

Үш-төрт қызметші отын, зембіл, шанышқылар әкелді.

Тоқтаңдар.

Мыналарың не? Тоқтаңдар.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ.

Аспазға апарамыз, салатын шығар қазанға.

Өзіміз де жөнді білмейміз.

КАПУЛЕТТИ.

Тезірек, ендеше тезірек!

Бірінші қызметші кетеді.

Отын болғаныңа! Ылғал ғой!

Петрден сұра, тауып берсін құрғағын.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ.

Петр бізге не керек! Өзімізде де бас жоқ па?

Сандалып жүріп ақыры бір табармыз.

КАПУЛЕТТИ.

Қылжағын қара өзінің,

Басымыз жоқ па дейді әлі.

Басындағы бас емес.
Бақыр қазан сүмелек.
Екінші қызметші кетеді.

Мә, таң атып кеткен бе?
Көп ұзамай келіп қалар Парис те.
Музыканттар да көрінді¹³.
Иә, дәл солардың өзі екен.

Күй естіледі.

Әй, күтуші! Әй, бәйбіше!
Енді оларды тауып көр.
Күтуші, күтуші!

Күтуші келеді.

Жүгір, оят Джульеттаны!
Киіндір тез. Әзірле.
Мен Паристы алдарқата тұрайын.
Тек, тезірек.
Күйеу жігіт кеп қалды.
Бас аяқты, болсайшы.

Кетеді.

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Джульеттаның бөлмесі.
Күтуші кіреді.

КҮТУШІ.

Тұр, бикеш! Тұрыңыз!
Уақыт болды тұратын.
Ай-ай, бойжеткенге жараспайды
дәл мынандай маубастық.
Тоқта, бәлем! Ұйқыңды шәйдай ашайын.
Жә, жарайды. Ұйықтасаң қазір, ұйықтап ал.
Кейін саған жайбарақат
Ұйқы соғу қайда әлі!
Әлгі граф бүйіріңнен діңкілдеп,
Ұйқы түгілі, жатқызар ма жайыңа.
Ұйқысы қандай қатты еді!
Оятпасам болмайды енді бәрібір.
Джульетта! Төсекте жатқаныңда үстіңе
Граф кіріп келсе қайтесің?
Оны қойшы. Қуанбаса, ренжімес оныңа.

Шымылдықты көтереді.

Киімшең жатыр ғой.

Тұрып, той киімін киініп,
Құлаған ғой қайтадан.
Бұнысы енді болмайды.
Бикеш, уа Бикеш!
Қарайыншы өзін...
Мүмкін емес, Әй, кім бар?
Мұнда келіндер! Бикеш өліп қалыпты.
О, тәңірім! О, тәңірім!
Көмек беріндер!
Бір ұрттам шарап әкеліндер,
Әйтпесе қауіп маған да!

Леди Капулетти кіреді

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Неге бажылдап жатырсың?

КҮТУШІ.

Сұмдық болды күтпеген?

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

О не тағы?

КҮТУШІ.

Өзіңіз көріңіз!

Айтуға аузым бармай тұр.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Ах, балапаным, жарығым,

Көзіңді ашшы, ояншы,

Өзіңмен бірге өлмесін десең мені де.

Көмектесіндер! Көмекке! Көмекке!

Капулетти кіреді.

КАПУЛЕТТИ.

Бұл не қылған бассыздық.

Күйеу жігіт күтіп отыр төменде,

Бұлар болса шығар емес күйбеңдеп.

КҮТУШІ.

Джувьетта өліп қалды! Ұшырадық қайғыға!

КАПУЛЕТТИ.

Жіберіңіз. Мүмкін емес ол мүлде!

Қан жоқ, сөл жоқ. Қол-аяғы мүп-мұздай.

Жан тапсырғалы көп болған.

Бітті бәрі! Әлдеқашан сұм ажал

Алыпты енді өз қойнына қақаған.

КҮТУШІ.

О, кесапат, кесапат!

КАПУЛЕТТИ.

Аяусыз ажал оны алған
Аштырар емес аузымды!

Лоренцо пірәдар, Парис және музыканттар кіреді.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Қалай? Қалыңдық шіркеуге баруға әзір ме?

КАПУЛЕТТИ.

Баруын барар, қайтып бірақ келе алмас.

Балам, міне ақ некенің алдында

Ажал оны ап қойыпты қойнына!

Жатыр әне гүлдей боп

Сағағынан үзілген

Жер астының патшасына

Оның дәмі бұйырды.

Енді менің күйеуім мен мұрагерім

Сол тажал.

Мені де алып, ие болсын

Дәулетіме арттағы.

ПАРИС.

Сонша ұзақ күткенімде бұл күнді

Сорлатар деп ойламап ем бұлайша.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Сорлатқанда айтпаңыз!

Тас бауыр күн тап мұндай

Кезікпеген шығар-ау.

Дүние-дүние болғалы!

Бастағы дәулет, маңдайдағы бағымыз

Жалғыз қызым жарығым —

Аяр тағдыр аямады оны да!

КҮТУШІ.

Уа, тоба,

көзі құрғыр көрмесін бұл сұмдықты!

Қатығез неткен қара күн,

Таң атпай жатып қан шашқан!

ПАРИС.

Көрсетейін дегенің осы ма еді, уа, тоба!

Қосылмай тұрып талақ тастап мұншама.

Ажал ит-ай, аяққа бастың арымды,

Кеттің-ау жерге қаратып!

Өмірім менің! Сүйіктім!

КАПУЛЕТТИ.

Мен де болдым масқара,
Тұрмын, міне, тірі өліп.
Сұмырай таң неге ғана атты екен
Тәрк қылып көптен күткен тойымды.
Балам емес, жаным еді ол менің,
Жанымды да жалмады ма сұм ажал.
Енді қалған тірліктен маған не опа!

ЛОРЕНЦО ПИРӘДАР.

Күпірлік айтпаңыз өйтіп!
Болмас іске болат бол!
Ол үйі мен көкке бірдей пезент-ті,
Енді міне, ол ұшпаққа кеткенде,
Джувьетта қазір пейіште,
Ажалға қайран ете алмайсыз сіз мұнда,
Ал ол жақта өмір тапты мәңгілік.
Тірлікте де тіледіңдер
Биік қыл деп мерейін,
Енді міне, ол ұшпаққа кеткенде,
Мұнша жылап таусылудың жөні жоқ.
Демек, сіздер сүймепсіздер жерде оны
Қынжылсаңдар шыққанына ұшпаққа.
Бақыт бер деп тіледіңдер емес пе,
Бақыттылар ерте кетед фәниден.
Көз жасын тиып,
атқарайық қарызымызды алдында,
Жұпар құйып, неке шарқатын жамылтып
Апарайық шіркеуге.
Табиғат әлсіз, көзін шылап жылайды,
Парасат берік, қасіретке шыдайды.

КАПУЛЕТТИ.

Тойға деп күбінген салтанат
Жаназаға айналмақ,
Құйқылжыған би емес,
Аңыраған зар естімек бүгін жұрт.
Шарап толы дастарқаны шаттықтың
Қаралы асқа жайылмақ.
Алқа гүлі некенің
Аза гүлі боп жатпақ табыт басында.
Қара су теріс ақты деген осы да.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Жөнелейік. Ханым, сіз де.
Сіз де, граф. Әзірленіңдер.
Ақтық сапарға аттандырар кез болды.
Жерде артық жылап-сықтап
Көкті ренжітіп алмайық.

Капулетти, Леги Капулетти, Парис және тақуа шығып кетеді.

БІРІНШІ МУЗЫКАНТ. Сырнайымызды құндағынан шығармай, үйді-үйімізге тарайтын түріміз бар-ау.
КҮТУШІ.

Иә, жарқыным, солай болар шынында.
Күй тыңдардай күй жоқтығын көрдің ғой.

Кетеді.

БІРІНШІ МУЗЫКАНТ. Қырық жерден қырғын келсе де, музыканттың ақысын жеуге болмайды.

Петр шығады.

ПЕТР. Би тартыңдар, музыканттар. Мен риза болсын десеңдер, би тартыңдар бір-бірінен өткізіп.

БІРІНШІ МУЗЫКАНТ. Неге олай дейсің?

ПЕТР. Өйткені, менің жүрегім қасіреттен жарылатын түрі бар. Би тартыңдар сондықтан. Көтеріңдер көңілді. Бәлкім сол жұбатар мынау өңшен мұндарды.

БІРІНШІ МУЗЫКАНТ. Би тартуға ешкім жарлық берген жоқ.

ПЕТР. Сонда күй тартпайсыңдар ма?

БІРІНШІ МУЗЫКАНТ. Иә,
Петр, Ендеше ән салыңдар.

БІРІНШІ МУЗЫКАНТ. Ғафу етерсіз, ол неге?

ПЕТР. Өйткені, босқа өкіреңдемей орныңды біл, өңшен шуылдақ.

БІРІНШІ МУЗЫКАНТ. Сіздің де өз орныңыздың ас үйде екенін ұмытып қалып жүрмеңіз.

ПЕРТ. Ас үй дейсің бе? Ас үйді көрсетейін мен саған, бейшара ре-фа-ля?!

ЕКІНШІ МУЗЫКАНТ. Қанжарыңызды тартыңыз. Зиялылар сайысады қалжыңмен.

ПЕТР. Е, солай ма еді! Ендеше, менің қылжағыма жауап бер.

«Бақыт құсы қонбай, сірә, басыңа
Қайғы мен шер торлап алса көңілді
Жұбататын күміс үнді күй ғана»...

Неге «күміс үнді»? Неге күйдің үні ғана күміс болады?
Ал, бұзау ішек Симон, айта қойшы.

БІРІНШІ МУЗЫКАНТ. Өйткені күмістің сыңғыры
құлаққа сондай жағымды.

ПЕТР. Тамаша! Ал, сен не дейсің, Ешкінің жұты Гью!

ЕКІНШІ МУЗЫКАНТ. Күйдің күміс үнді болатыны
күйшінің ақысы күміспен төленеді.

ПЕТР. Бұ да дұрыс! Сен не дейсің, Яшка Шырылдақ!

ҮШІНШІ МУЗЫКАНТ. Білсем бұйырмасын.

ПЕТР. Ғафу ет, айыптымын, сенің әнші екеніңді ұмытып кетіппін. Ешқайсың да таба алмадыңдар. «Күйдің күміс үнді» болатыны. ешкім күйшінің ақысын алтынмен төлемейді.

«Жұбататын күміс үнді күй ғана
Көкіректі шер-шеменнен жеңілтіп».

Кетеді.

БІРІНШІ МУЗЫКАНТ.

Бұл неткен шеннен шыққан киікқұлақ.

ЕКІНШІ МУЗЫКАНТ. Түкіргенің бар ма, Джек! Одан да буфетке барайық.

Шырақшылар келгесін, тамақтанармыз.

Шығып кетеді.

БЕСІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Мантуя, Көше.

Ромео шығады.

РОМЕО.

Көрген түсім шын болса,

Қуантатын түрі бар.

Күні бойы көңілім

Алып-ұшып барады.

Қайдағы бір сиқыр күш
Қанат байлап ұшырардай аспанға.
Түсімде жарым келіп жүр,
Өзім өліп жатыр екем,
Өліп жатсам да, көріп жаттым.
Кенет соның ерінінен тым ыстық
Тіріліппін, атып тұрдым орнымнан.
Сол арада жұрт мені
Жер мен көктің патшасы деп жар шашты.
Махаббат қайтіп тірілтпесін өлікті,
Ол туралы ойдың өзі қуандырса осылай!

Шпорлы етік киген Балтазар шығады.

А, Балтазар!
Веронадан келдің бе?
Хат беріп жібермеді ме пірәдар?
Әйелім қалай? Үйде ме?
Джувьетта не күйде?
Хабарыңды айт тезірек,
Сол аман болса,
Менде жоқ басқа уайым.

БАЛТАЗАР.

Джувьеттада барлық гәп.
Жаман емес жағдайы
Оның мүрдесі өзінің
Ата. зиратына қойылды.
Жаны сонау жәннатта,
Жерленгенін өз көзіммен көрдім де,
Аттандым, міне, сізге хабар беруге,
Қала алмадым жасырып.

РОМЕО.

Не деп тұрсың?
Қыр соңыма мұнша түсті-ау көк өзі.
Ендеше мен де тайсалман.
Үйге бар да, қағаз әкел қаламмен,
Ат тауып ап, аттанамыз қазір-ақ.

БАЛТАЗАР.

Еңсеңіз бүйтіп түспесін, тақсыр.
Көзіңіз бен аппақ қудай өңіңіз
Аңғартып тұр арты қайыр болмасын.

РОМЕО.

Бос сөз бәрі.
Мені жөніме қалдыр да,
Айтқанымды орында.
Сөйтіп тақуа бермеді ме еш хабар?

БАЛТАЗАР.

Жоқ, сэр.

РОМЕО.

Мейлі, ендеше. Жөнел, аттан тезірек.

Көп ұзамай мен де барамын.

Балтазар кетеді.

Джульетта, бірге боламыз біз бүгін.

Ойланайын барлық жайды бажайлап.

Бақытсыздық мұнша тапқыр болар ма!

Есіме әлгі түсіп отыр дәрмекші.

Жақын жерде тұрады. Көргенмін өзін жуықта.

Шөптерді тұрған сараптап.

Сіңірі шыққан қу кедей бір кәрі шал.

Айналасы толған тасбақа мен аждаһа¹⁴,

Айналасы тола құр қаңқа.

Айналасы тола қайдағы бір құты мен

Құмыралар сынығы,

Арқандардың үзігі,

Шөп тамыры, тұқымы,

Мүйіздердің нұқылы,

Қатқан нанның қалдығы.

Соның бәрін басқа түсіп қиындық,

Шығарыпты жұртқа ұсынар бұйым қып.

Сонда менің келіп еді басыма

Мантуяда тыйым салынған зәр уды

Сатса осы сатады-ау деп, расында,

Білгендей боппын мен сонда.

Берсе біреу, сол береді қол ұшын.

Міне, соның лашығы.

Бүгін мейрам, дүкені тарс жабық тұр.

Әй, дәрмекші!

Бері кеп кетші!

Дәрмекші шығады.

ДӘРМЕКШІ.

Не керек, мырза?

РОМЕО.

Бері кел. Көріп тұрмын тақыр кедей екенсің.

Мә, елу дукат. Маған у тауып бер.

У болғанда да болсын нағыз тидеқаш,

Тынысыңды тұншықтырып әп-сәтте,

Шыбын жанды шырқыратып кеудеден

Қуып шығар зеңбіректің добындай,

Сосын көзім ашылар ед біржола.

ДӘРМЕКШІ.

Бар екені рас еді ондайдын,
Ол үшін бірақ дарға асады бұл жақта.

РОМЕО.

Онсызда мынау өлмей әзер тұрғаның,
Өмірің үшін сонша калтырап қайтесің.
Жағың анау. аштықтан әбден қуарған,
Көзің анау қорлық өтіп суалған,
Жоқтық сені аш күзендей бүгілткен,
Сүйткен мынау қара бауыр дүниенің
Заң-зақүнін еске сақтап не етесің.

Ас бола ма ол саған.

Одан қайта көз жұм да,

Ақшамды ал да, әкел әлгі уыңды.

ДӘРМЕКШІ.

Көнген мен емес, көнген кедейлік.

РОМЕО.

Берген сен емес, берген кедейлік.

ДӘРМЕКШІ.

Мынау ұнтақ. Ерітіңіз кез келген бір сұйыққа,
Бір емес, жиырма кісінің
Күші болсын бойыңда,
Көзді ашып-жұмғанша
Түсіреді тырайтып.

РОМЕО.

Міне алтын, удың нағыз көкесі,
Жер бетінде зұлымдық пен қылмыстың
Төркіні осы, сен берген мынау у емес
Сондықтан да сен емес,
Мен беріп тұрмын шын уды.
Игілігіңе жарат, ас болсын.
Ал, мынау шапағатты шипаңды
Жер астына ала кетем өзіммен.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Лоренцо пірәдардың құжырасы.

Джованни пірәдар кіреді.

ДЖОВАННИ ПІРӘДАР.

Киелі Франциск пірәдары!

Амансыз ба, пірәдар!

Лоренцо пірәдар кіреді.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Ә, Джованни пірәдар.
Келіп те қалдыңыз ба?
Ромео не деді?
Жібермеп пе хат беріп?

ДЖОВАННИ ПІРӘДАР.

Ауруларды күтіп жүрген тақуаны
Ерте кеткім келіп еді өзіммен.
Барған бойда құлып салып есікті,
Оба шығып жатқан үйдің адамы деп,
Сыртымыздан мықтап жауып кетіпті.
Мантуяға бара алмадым сонымен.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Ромеоға хатымды кім әкетті?

ДЖОВАННИ ПІРӘДАР.

Ауру жайлап кете ме деп о жақты,
Мен ешкімге бере алмадым бұ хатты,
Оны, міне, қайта әкелдім өзіңе.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Міне, қасірет!
Бұл хаттың мәні зор еді.
Кешіктіру оны —
кесепатқа жол беру.
Тезірек барып сүймен тауып,
Құжырама кел қайтып.

ДЖОВАННИ ПІРӘДАР.

Қазір тауып келейін.

Кетегі.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Өзім барып ашпасам болмас табытты.
Көп ұзамай оянады Джульетта,
Сосын маған өкпелер
Ромеоға бермеді деп бір хабар.
Оған тағы хат жолдармын кейін бір,
Оған дейін Джульеттаны
Жасыра тұрам осында.

Кетегі.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Зират. Капулетти әулетінің қауымы.

Қолдарына гүл мен шырақ ұстап Парис пен паж көрінеді.

ПАРИС.

Шырақты бер де, жүре бер.
Өшіре сал. Қояр мені жұрт көріп.
Анау екі-үш шегіршінді көрдің бе.
Жасырын соның түбіне.
Жерге жатып құлағыңды тос. сосын,
Қабірдің іші қуыс қой,
Сәл сыбырдың өзі естіліп жатады.
Бейсаубат сыбдыр естісең,
Ысқырып маған белгі бер.
Гүлді таста, бар да айтқанды орында.

ПАЖ (өзімен-өзі).

Өңшең өлік ортасында үрейлі екен мына түн.
Амалың қайсы, бірақ та.

Кетеді.

ПАРИС.

Көк мәрмәрдың астында мәңгі ұйықтап,
Жат осылай гүлге толып жан-жағың.
Көз жасымды көк тасың құйып сап,
Шерімді бір тарқатайын, арманым.
Ертең тағы құшақ-құшақ гүл тасып,
Кетем жауып қабіріңнің көк тасын.

Паждың ысқырығы естіледі.

Әлгі бала ысқырды ғой
Біреу-міреу келеді-ау,
Түн ішінде түлен түрткен кім еді,
Бұзып кетті-ау ойымды.
Шырағы бар қолында,
Жасырына тұрайын.

Тығылады.

Ромео мен Балтазар шығады.

РОМЕО.

Сүймен менен қайланы бер. Хатты ал.
Ертең таңертең апарып тапсыр менің әкеме.
Енді маған шырағыңды ұстат та,

Аулақ түр да, араласпа еш іске.
Жер астына түсуімнің сыры бар.
Әйелімнің көргім келеді жүзін бір,
Қолында оның бар-ды қымбат жүзігі,
Соны алмақпын
Керек боп түр мұқтажыма бір үлкен
Енді жөнел, артыңа қайта бұрылып,
Қараушы болма сыртымнан.
Әйтпесе сенің быт-шытыңды шығарып,
Итке лақтырып тастау маған сөз емес.
Қара түндей қатерлімін,
Қаһарыма міндім мен.
Ойын көрме ашуын
Аш жолбарыс пен көк теңіздің бұрқанған.

БАЛТАЗАР.

Қазір-ақ бұл жерден өшіремін қарамды.

РОМЕО.

Қалма сөзімді көңіліңе ауыр ап,
Мынау сыйым, көп сіңіп ед еңбегің,
Сенің өзің жігіт екенсің тәуір-ақ.

БАЛТАЗАР. (*Өзімен-өзі*).

Дегенмен де осы арада жасырынып тұрайын,
Жақтырмадым айтып тұрған әңгімесінің райын.

Кетеді.

РОМЕО.

Жалаңдаған жалмауыз ажал, толмады ғой жаламың,
Жалмағанмен ең бір тәтті миуасын жаһанның,
Қабылда онда, қаран дүниенің қаңғырған бір адамын,
Шықтым, міне, ең шетіне бұ дүниелік сапардың.

Қабірді аша бастайды.

ПАРИС.

Монтекки ғой, қайнағамды өлтірген,
Джувьеттаны да салған осы азапқа.
Қайғы-шерден қабырғасын сөгілтіп,
Енді, міне, аруағын кетпек тағы мазақтап.

Ілгері шығады.

Тоқта, Монтекки! Аруақты қорлама,
Өліктен де алмақпысың өшіңді.
Сол тұрғаның тұрған енді қозғалма,
Тұтқынсың сен! Шығарып көр сесіңді.

РОМЕО.

Иә, достым, келдім міне өшіргелі қарамды,
Бұл жанжалға бас шырмама, жүр аулақ.
Ессізге нең бар тиісіп. Онанда басың аманда
Жөніңе тарт. Болма үшінші құрбаным.
Менің тағы қолымды қандап қайтесің.
Жас екенсің, жаным ашып тұр менің.
Онсызда менің көзімді енді көрмейсің.
Тап жөніңді, кейін жұртқа айта жүр,
Бір ажалдан сақтады деп бұл тағдыр.

ПАРИС.

Сенің сөзің құлағыма кірмейді,
Тұтқынымсың, қимылдап сен көр енді.

РОМЕО.

Жан екенсің жаны қас.
Қапы қалма ендеше.

Шайқаса жөнеледі.

ПАЖ.

Бұлар шықты сайысқа!
Шақырайын жұртты мен!

Шығып кетеді.

ПАРИС.

Қапы кеттім-ау!

Құлайды.

Тас болмаса жүрегің,
Мені апарып қой Джульеттаның қасына.

Өледі.

РОМЕО.

Мақұл. Кім өзі? Қарайыншы дұрыстап,
Меркуционың туысы, бейшара граф Парис қой.
Баяғыда жүргенімізде сейілдеп
Жан досым бір бастап еді-ау әңгіме.
Әлде осы Джульетта мен Паристың
Болашақ некесі жайында емес пе ед.
Жоқ, әлде бұл айтылып па ед басқа жолы.
Әлде сондай бірдеңе
Түсіме менің кірді ме?
Әлде жаңағы сөзінен

Тұспалдап тұрған өзім бе?
Қолыңды әкел көрейін.
Қасіретке бір түсіп тұр жолымыз.
Сен де ендеше жат мынау ұлы молаға.
Молаға?

Мола емес-ау самаладай ордада,
Жатыр онда Джульетта тыныстап,
Жан-жағына жарқыраған нұр құйып.
Жат ендеше, көзсіз көбелек
Өлімге өзі жүгірген.

Паристы апарып бейітке салады.

Кейбіреулер күледі дейді өлерінің алдында.
Ондайды жұрт деп атайды күміра.
Мынау да сондай емес пе,
Көрейінші тексеріп.

Ғашығым менің! Жан жарым!
Әлдеқашан бітсе-дағы тынысың,
Келе жатқандай ақ бетіңнен күн шығып,
Ажал сенің жеңе алмапты-ау көркіңді,
Ернің менен екі бетің тұр әлі де албырап.
Ажал әлі сұр пердесін кермепті.

Қызыл кебін киіп, Тибальт, жатыпсың,
Қазір өшің қайтпақшы енді сенің де,
Өлтірмекпін дәл қасыңа әкеліп,
Жендетіңді қиған сені өлімге.

Кешір мені!

Джульетта!

Сұлу боп кеттің соншама.

Әзірейіл тұтқындап сені тірілей,

Ашына қып қамаған ба қасына.

Көңіліме сондай қауіп енді де,

Аттап шықпан маңайыңнан енді мен

Сенің жаңа күтушілерің

Құрт-құмырсқа ішінде

Мен де қалам мәңгілік,

Иінімнен зұлматтың

Зіл шапанын сыпырып.

Бейшара көз, ақырғы рет көріп ал ақ дидарын,

Бейшара қол ақырғы рет аяла,

Бейшара ерін ақырғы рет аймалап,

Өлімменен мәңгі шартқа бас таңба.

Тарт осылай қайықшысы тажалдың,

Тауға ұрынып талқан болсын

Тағдырдың тәлкек кемесі.

О, махаббат, бір сен үшін ішем мен!
У ішегі.

Айтқаның рас, дәрмекші.
Сүйіп жатып өлейін.

Көз жұмады.

*Екінші жақтан қолында шырағданы, күрегі, қайласы бар
Лоренцо пірәдар көрінеді.*

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Өзің жар бол, Франциск ием,
Көрге құлап кетпейін.
Мына біреу кім болды?

БАЛТАЗАР.

Қорықпаңыз. Мен сізді жақсы танымын.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Тәңір жарылқасын! Айтшы, достым,
Құрт-құмырсқа мен қурап қалған сүйекке
Жарық төгіп тұрған анау кім болар?
Капулеттилер бейітінің қасында тұрған секілді.

БАЛТАЗАР.

Ол, пірәдар, менің қожам, мына сіздің досыңыз.
Қазір отыр қараңғы қабір ішінде.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Кім болғаны сонда?

БАЛТАЗАР.

Ромео!

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Көп болды ма түскелі?

БАЛТАЗАР.

Жарты сағат шамасы.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Ендеше, біз де барайық.

БАЛТАЗАР.

Жоқ, болмайды. Қожам онда
Менің мұнда тұрғанымды
Біледі де, қаһарына мінеді.
Ол бұл жерден тезірек кет,
Қараушы болма деп еді.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Өзім кеттім олай болса,
Жүрегі құрғыр бір сұмдықты сезгендей.

БАЛТАЗАР.

Ұйықтап жатып арасында бұтаның
Шалғандай болды құлағым

Менің қожам бір мырзамен дауласып,
Өлтірген секілді оны да.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Ромео!

Бейтке жақындайды.

Уа, тоба! Мынау тағы кімнің қаны?

Ал, мынау не? Қылыш па қанға боялған.

Бұл неғып қалған бейіттің дәл алдында.

Бейтке кіреді.

Ромео!

Өңі неге боп-боз? Қасындағы кім?

Граф Парис! Қан жауыпты өн бойын.

Джультаның кезі болды оянар.

Джультта ояна бастайды.

ДЖУЛЬЕТТА.

О, тақуа,

Қайда менің жұбайым?

Енді түсті есіме.

Ол осында. Қасымда.

Уәде солай еді ғой.

Қайда ендеше Ромео!

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Естисің бе тықырды. Келе жатыр біреулер.

Індет, ажал, өңшен үрей ордасы

Шығайық мынау қамаудан.

Менен де зор бөгде күш

Алдымды орап кеткені.

Тездетіп енді зытайық

Аяғыңның астында жатыр өліп күйеуің.

Жатыр Парис қасында.

Асық енді монастырьге.

Сонда өтер қалған ғұмырың.

Сөзді қойып, жөнелейік.

Күзетшілер қалды сезіп.

Бол, бол енді Джультта!

Қояр болды жұрт көріп.

ДЖУЛЬЕТТА.

Жүре беріңіз, пірәдар.

Мен қаламын осында.

Қолына мынау ұстап жатқаны не болды?

Құты ғой.

Өлген болды-ау уланып. Қап, оңбаған!

Бәрін өзі ішкенше, қалдырмай ма екен маған да.
Айтпақшы, әлі у кеткен жоқ ернінен,
Сүйсем, бәлкім, мен де өлермін уланып.

Ромеоны сүйегі.

Еріні қандай жып-жылы.

БІРІНШІ КҮЗЕТШІ.

Қай жерде өзі?

Апар бастап тезірек.

ДЖУЛЬЕТТА.

Біреулердің даусы шықты дабырлап.

Бітті енді бәрі де.

Қанжар жатқаны бұндай жақсы болар ма.

Ромеоның қанжарына шап береді.

Құндағында жата бер.

Өзіне қанжар салады.

Жоқ, сенің орның осында, мен де өлем.

Ромеоның өлігінің үстіне құлайды.

Күзетші мен Паристың пажы кіреді.

ПАЖ. Анау шырақ тұрған жерде.

БІРІНШІ КҮЗЕТШІ.

Қаны міне. Қарау керек моланы.

Кім көрінсе де, ұстау керек жібермей.

Бұл не сұмдық. Мынау граф Парис қой.

Ал, мынау жып-жылы қанға боялған

Джультта ма, жаным-ау,

Ол жерленгелі болған жоқ па екі күн?

Князьға хабарла. Капулеттиді шақыр.

Монтеккиді тұрғыз. Қабірді қама.

Ашылған жоқ бұл жағдайдың құпиясы,

Оны ашатын тергеу менен тексеру.

Балтазар мен бірнеше күзетші қайтып оралады.

ЕКІНШІ КҮЗЕТШІ.

Зиратта Ромеоның малайын таптық, мінеки.

БІРІНШІ КҮЗЕТШІ.

Князь келіп өзі шешер бар гәпті, жіберме!

Бірнеше күзетшілер қоршаған

Лоренцо пірәдар көрінеді.

ҮШІНШІ КҮЗЕТШІ.

Тақуаны ұстадық. Жылап отыр еңіреп.
Бір қолында қайласы, бір қолында сүймені.
Таптық оны шетінен сонау шарбақтың.

БІРІНШІ КҮЗЕТШІ.

Күдігі көп кісі екен бұл, жіберме.

Нөкерін ертіп Князь шығады.

КНЯЗЬ.

Таң атпай жатып, ұйқыдан ерте оятар
Тағы қандай тосын пәле тап болды?

Капулетти, леди Капулетти және басқалар көрінеді.

КАПУЛЕТТИ.

Не боп қалды бұнша дабырлайтындай.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Көше бойы толған халық.

Ауыздарында «Ромео», «Парис», «Джульетта», —
Бәрі де осы бет алыпты бейітке.

КНЯЗЬ. Не болып қалды соншама?

БІРІНШІ КҮЗЕТШІ.

Мына жатқан Ромео, ал мынау Парис.

Ал, мынау мәртебелі тақсыр, Джульетта,

Бұлардан бұрын жерленген,

Бірақ әлі кетпеген денесінен жылуы

Соған қарағанда жақында өлген,

Қайтадан өзі тіріліп.

КНЯЗЬ. Бұл сұмдыққа кім кінәлі, іздеңдер.

БІРІНШІ КҮЗЕТШІ.

Міне, Ромеоның малайы мен тақуа.

Қолдарынан қайла таптық, сүйменмен.

Соған қарағанда, қабірді ашқан осылар.

КАПУЛЕТТИ.

О тоба! Ана қара, бәйбіше,

Біздің қызымыздан жатыр қара қан ағып.

Қанжар, сірә, тисе керек жаңылыс.

Қыны оның Монтекидің белбеуіне байлаулы,

Өзі болса Джульеттаның көкірегіне кіріпті.

ЛЕДИ КАПУЛЕТТИ.

Бұның бәрі жақсы нышан емес қой,

Басымызға қандай сұмдық тап келерін кім білген.

Монтеки, сен тұрдың бүгін тым ерте,

Ұлың бірақ таң атпай жатып сөніпті.

МОНТЕККИ.

Жаңғызының қашқындығына төзе алмай,
Жаңа ғана дүние салған әйелім,
Қара бет ажал қамағаны ма айнала!

КНЯЗЬ. Көзің салып көр, әне!

МОНТЕККИ.

Өңшең надан, ең болмаса әкеге
Баласының мүрдесін көруге жол бермес пе!

КНЯЗЬ.

Бұл өлімнің ашылғанша жұмбағы
Жөн болады күңіренбей тұрғаның.
Ашылғанда құпиясы сұмдықтың
Не істесеңдер де, жолдарыңа тұрмаймын.
Оған дейін қайғылылар шыдаңдар,
Күдіктілер шықсын бері ортаға?

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Маған түсті күдіктің бүгін үлкені,
Болмаса да еш жазығым,
Тұрмын, міне, бір басыммен көтеріп
Қос міндетін айыпкер мен қазының
Әрі ақтауға, әрі өзімді даттауға.

КНЯЗЬ.

Білгеніңді сал ортаға ендеше.

ЛОРЕНЦО ПІРӘДАР.

Сөзім келте, көп сөйлеуге жоқ дәрмен.
Мынау жатқан Ромео. Джульеттаның күйеуі,
Ал, Джульетта Ромеоның әйелі
Екеуінің некесін
Қиған өзім елге айтпай
Тибальт өлді сол күні,
Ромео елден қуылды.
Қайғыға батты Джульетта
Ағасы емес, жары үшін.
Сонда үйі тыймақ болып көз жасын
Париске некелесуге бұйырды.
Джульетта маған келді құтқар деп,
Мынау екінші некеден,
Әйтпесе, өзім өлтіремін деп өзімді.
Дәрі бердім мен оған
Өте ұзақ ұйықтатар,
Оянғанша Ромео хабар ап,
Кетпек еді өзіменен бірге ертіп.
Сорлатқанда, Джованни пірәдар,
Мен жұмсаған адамым,

Веронадан шыға алмай
Қайтып әкелді ол хатты.
Енді менің өзім келіп бұл қызды.
Алмақшы болдым ұйқысынан тұрғызып.
Ромео келгенше
Паналата тұрмақ ем,
Бірақ, мұнда келсем, сұмдық масқара,
Жатыр өліп Ромео да, Парис та,
Ал, Джульетта келе жатты тіріліп.
Сол екі арада дыбыс шықты даладан,
Мен Джульеттаға кетейік деп жалындым,
Ол көнбеді,
Мен кетуге мәжбүрмін.
Өзін-өзі өлтіріпті сөйтсем ол
Міне, менің бар білерім осы еді.
Олардың мұндай ақ некесін астыртын
Менен басқа күтуші ғана біледі.
Жазықты болсам тақсіретке мұншама,
Енді қалған ғұмырды
Құрбанға шалдым
Әділ заңның алдында.

КНЯЗЬ.

Адал адам деп келгенбіз сені біз.
Ромеоның малайы, не білесіз, айтыңыз.

БАЛТАЗАР.

Джульеттаның өлгенін Ромеоға айтқан мен едім,
Сол арадан ат тауып,
Кері шаптық екеуміз
Зиратқа жетіп алғасын,
Хат ұстатты ол маған,
Әкеме ертең тапсыр деп,
Сосын маған тез жөнел деп бұйырды,
Өлтірем деп қорқытты егер кетпесең.

КНЯЗЬ.

Хатты әкел. Не жазыпты көрейік.
Қайда пажы графтың қарауылды шақырған? —
Сенің мырзаң бұнда қалай тап болды?

ПАЖ.

Әйеліне гүл қоюға келіп еді ол мұнда?
Маған о да аулақ кет деп бұйырды.
Кенет біреу келе жатты шырақ ұстап қолына,
Мырзам оны көрді де,
Семсерін сермеп тап берді,
Мен қарауылға хабарламаққа жүгірдім.

КНЯЗЬ.

Мына хат та растайды тақуаның сөздерін.
Қалай, қайда естігенін әйелінің өлгенін,
Сосын сонда бір кедейден уды қалай алғанын,
Джұльеттаның қасына кеп уланып өлмек
болғанын.

Қайдасыңдар Капулетти, Монтекки,
Қайырымсыз бір-біріңе қанды көз,
Егестерің, міне, немен бітті енді,
Махаббат өзі жазалады көр сезімді өшпенді!
Дау-дамайды тыймап едім кезінде,
Екі бірдей бауырымнан
Айырылдым өзім де.
Залал бізді қалдырмады зауалсыз.

КАПУЛЕТТИ.

Кел, Монтекки, әкел, ұстат қолыңды,
Сол ақтасын Джұльеттаны жесір қылған сорымды.

МОНТЕККИ.

Джұльеттаға аз көремін мен бұны.
Күллі қала таңғалатын ендігі
Ескерткішті қойдырамын алтыннан
Адал жарға айнымаған антынан.

КАПУЛЕТТИ.

Кеш түсініп, ет-бауырым елжіреп,
Мен ескерткіш қойғызамын
Ромеоға ер жүрек.

КНЯЗЬ.

Сіздер келген бұл мәмле кеш болмаса неткені,
Жалтыраған күннің нұры бұлтты жарып өтпеді.
Әуелі біз сараптайық ақылға сап қазаны,
Сосын барып ойласармыз сіздер тартар жазаны.
Бірақ, Ромео мен Джұльеттаның
Оқиғасы азалы
Жарық дүние көкірегінде
Мәңгі шер боп қалады.

Бәрі де кетеді.

ТҮСІНІКТЕР

РОМЕО МЕН ДЖУЛЬЕТТА

1. «Мен қасақана тырнағымды мүжиін» — Ол заманда тырсылдатып тісіне тигізе тырнағын мүжу, мазақтау болып есептелген.

2. Князь Эскал — Аңыз бойынша бұл оқиғалар XIV ғасырда өткен. Сол кезде Веронаны (Италияның солтүстік-шығысындағы қала) Бартоломео дела Скала деген адам басқарған, пьесадағы Эскал аты содан шыққан.

3. «Ең болмаса жетсін-дағы он төртке» — Ол кезде тек Италия емес, Англияда да он төрттегі қыздар бойжеткен болып есептелген.

4. Маб мыстан — бұл кельт сөзінен шыққан есім (англосаксондар жаулап алған V—VI ғасырға дейін Англияның негізгі тұрғындары кельттер болған). Маб екі түрлі сенімде қолданылған. Бір жерлерде ол түс көруге әсер етеді десе, екінші бір жерде жаңа туған сәбилерді алмастырып қоятын құдіреті бар деп айтылады. Меркуционың бұл монологы трагедиядағы тағдырдың аумалы-төкпелі кезеңдеріне меңзеп айтылған.

5. Ертегідегі Тибальт деген мысықтан... — ортағасырлық эпостардың ең көрнектісі «Рейнеке Листің» ағылшынша вариантындағы мысықтың аты «Тибальт» болатын.

6. Оның әлгі *passado, punto reeverso* — фехтованияның итальяндық әдістері. *hai* — фехтовальщиктің риза болғандағы айғайы.

7. «*pardonnez moi*» — Кешіруіңізді өтінемін. (франц.)

8. «*bon, bon!*» — Тамаша, тамаша! (франц.)

9. Розмарин — гүл; сол кезде айнымас махаббатын белгісі болып саналған.

10. «Басқа біреудің сақалының бір талы артық болса,

жағасына жармаса кететін кім? Сен...» — бұл заты жуас Бенволиоға мүлде жұғыспайтын қасиет, Меркуцио өз кемшіліктерін оған жауып әзілдеп тұр.

11. «мысықтардың патшасы, тоғыз жаныңның біреуін...» — ағылшынның ескі мәтелінде «Мысық тоғыз жанды» — деп айтылады, яғни ажалсыз дегені. Меркуцио Тибальттың мысық аттастығын қылжақ қылып тұр.

12. Фазтон — Мифтік аңыздарда Күн құдайы Фебтың ұлы. Ол әкесінің күн дөңгелегін жүргізу үшін тізгінді өзі алғанда, аттарды ересен қатты айдап, соған шыдамаған дөңгелек аударылып кетіп, жерді өртеп жібергенде Африканың бір бөлігі шөлге айналған дейді, бұл жерде Джульеттаның шыдамсыздана күтуін бейнелеп тұр.

13. «Музыканттар да көрінді» — ғұрып бойынша той күні күйеу жігіт қалыңдықты әнмен, күймен оятатын болған.

14. «Айналасы толған тасбақа мен аждаһа» — Шекспир заманында Англияның дәрмекшілері аптекасын тасбақа, қолтырау сияқты әр түрлі жәндіктердің қаңқасымен әлеміштеп қоятын болған. Ол аптекаға «құпия» сыр беріп тұрған.

УИЛЬЯМ ШЕКСПИР

КОРИОЛАН

трагедия

Қатысушылар:

Кай Марцій Кориолан — *Рим Ақсүйегі*

Тит Ларций, Коминий — *вольскілерге қарсы соғысқан*

Рим қолбасшылары

Менений Агриппа — *Кориоланның досы*

Сициний Велут, Юний Брут — *халық трибундары*

Кішкентай Марций — *Кориоланның ұлы*

Рим жаушысы

Тулл Авфидий — *вольскілер қолбасшысы*

Авфидийге бағынышты қолбасшы

Авфидийді жақтайтын бүлікшілер

Анциум азаматтары

Вольскілер жасағындағы екі сақшы

Волумния — *Кориоланның анасы*

Виргилия — *Кориоланның әйелі*

Валерия — *Виргилияның құрбысы*

Рим ақсүйектері

Рим мен вольскілер сенаторлары, Патрицийлері, эдилдер, лекторлар, нояндар, азаматтар, жаушылар, авфидий малайлары және басқа адамдар.

Оқиға жартылай Римде, жартылай вольскілер мен акацийлер елінде өтеді.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Рим көшесі.

Ашу-ызаға мінгенген азаматтар қолдарына сойыл, таяқ және басқа қарулар ұстап топ-тобымен шығып жатыр.

БІРІНШІ АЗАМАТ

Әрі қарай бармай тұрып, маған бір ауыз сөз айтуға бола ма?

АЗАМАТТАР

Айт! Айт! (Жамырай жауап береді).

БІРІНШІ АЗАМАТ

Аштан қырылғанша, нар тәуекелге бел байлауға пейілсіздер ғой?

КӨПШІЛІК

Пейілміз, пейілміз.

БІРІНШІ АЗАМАТ

Халық үшін бар пәленің басы Кай Марций екенін, әрине, білесіздер ғой?

КӨПШІЛІК

Білеміз, білеміз.

БІРІНШІ АЗАМАТ

Соны өлтірсек — нан өзінен өзі арзандайды.

Соған келісеміз ғой?

КӨПШІЛІК

Бас қатыратын не бар — көзін құртамыз.

Кәне, кеттік.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Дат, қадірлі азаматтар!

БІРІНШІ АЗАМАТ

Қадірлі азаматтарды тапқан екенсің! Ығайлар мен сығайлар болмаса, біз секілді қара табан, қара тобыр қашаннан бері қадірлі болып еді. Біреулердің кекірігі азып отырса, біздің ішегіміз шұрқырайды. Ең болмаса, сарқыттарын берсе ғой, біз жерден жеті қоян тапқандай болар ек. Олар соның өзін қаралай тоналғандай көреді. Біздің азып-тозғанымызды көрмесе, тамақтарынан ас өтпейді. Сазайларын тартқызу керек, пәлемдердің. Бойда қалған азқуатты солардың төбесінен сойыл ойнатуға сарп қылайық! Құдай куә, мен бұны оларды көре алмағандықтан айтып тұрған жоқпын, аштықтан әбден титықтағасын айтып тұрмын.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Ендеше, қиғылықты Кай Марцийден бастауыңның себебі не?

БІРІНШІ АЗАМАТ

Алдымен соны құртайық.

Ол халықтың басындағы сор.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Оның отан алдындағы еңбегін ескермейсің бе?

БІРІНШІ АЗАМАТ

Ескергем, төбеме де көтергем, ол бірақ, менің мадақ-марапатымсыз да жұрттың төбесіне шығып бітті.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Жә, ызаланбай, сөйле!

БІРІНШІ АЗАМАТ

Айтсам айтайын — мақтан үшін отанға қызмет етті. Маубас тобыр оны Римді сүйеді екен деп ойлайды. Шын мәнінде оның туған өлкесіне ет жүрегі елжіреп бара жатқаны шамалы. Анасына жағыну үшін және атағын шығару үшін шайқасып жүр. Ержүрек екені рас, бірақ өркөкіректігі одан кем емес.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Табиғат берген мінезге қылмыстан бетер шұқшиясың! Тап ашқарақ, сараң деп айта алмассың! Әлде оған да аузың бара ма?

БІРІНШІ АЗАМАТ

Сараңдықтан да басқа күнәсі толып жатыр. (Айқай-шу шығады). Бұл не шуыл? Ә, біз мында мылжындап тұрғанда, ана жақтағылар ереуілге шығыпты. Әйда, тарт Капитолийге!

КӨПШІЛІК

Тарттық Капитолийге!

БІРІНШІ АЗАМАТ

Тыныш — мынау кім бізге қарай келе жатқан?

Менений Агриппа кіреді.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Аса қадірлі Менений Агриппа — әрдайым халықтың адал жанашыры.

БІРІНШІ АЗАМАТ

Иә, жұрттың бәрі осындай болса ғой. Онда олар әлдеқашан оңалар еді.

МЕНЕНИЙ

Ау, жарандар, қайда беттедіңдер?

Таяқтарың мен сойылдарың не?

Не боп қалды?

БІРІНШІ АЗАМАТ

Не болушы еді! Не болғанын Сенат біледі. Білмесе, бүгін келіп білдіріп беретінімізді әлдеқашан сезіп те отырған шығар. Ондағылар жарлы-жақыбайдың төзімі ғана мықты деп ойлайды ғой. Білектерінің де осал емес екендігін бүгін көріп қойсын.

МЕНЕНИЙ

Ау, достарым, құдайы көршілерім!

Ақылға келіңдер, бостан босқа бастарыңа пәле тілеп алып жүрмеңіздер?

БІРІНШІ АЗАМАТ

Әй, онсыз да оңып жатқанымыз шамалы.

МЕНЕНИЙ

Жарандар, сіздердің жағдайларың Бекзадалардың да жанына батпай отырған жоқ. Дүние қат, нан қымбат. Көресіні әбден көрдіңдер. Бірақ, бүйтіп өкіметке сес көрсету Көктегі тобаға сойыл ала жүгіргенмен бірдей ғой. Сендер өйтіп Римді сескендіре алмайсыңдар. Бұдан жүз есе күшті болсаңдар да.

Ол бәрібір табанына сап, таптап тастайды.

Тәнірден көрмей, басқаның жағасына жармасу

Көбейтпесе, азайтпайды азапты.

Құлдық ұрып илкітірмесен құдайды,

Қиғылыққа қитықтанып қалады ол.

Өш алам деп таппақ жаңа зобалаң.

Елге әке әкімдерді ғайбаттау —

Өз әкеннің сақалын жұлып таяқтау.

Дау көбейтіп, жау көбейтіп

Орнамайды жақсылық.

БІРІНШІ АЗАМАТ

Қайдағы әке! Әке болса, қамқорлығын көрмей жүрміз неге біз? Жоқ, ешқашан әке болып көрмепті олар біздерге. Біз мұнда аштан қырылып жатқанда, қамбалары тұрар ма еді сіресіп. Олар шығарған заңдардан өсімқорлардың қалтасын қампайтқаннан басқа пәтуа жоқ. Құдайдың құтты күні байлардың пайдасына шықпайтын бір заңның күші жойылып; жарлы-жақыбайды одан сайын қан-қақсата түсетін жаңа бір заң жарық көреді. Соғыс тауысып бітірмеген шырымызды солар тауысып бітіруге айналды. Өйтіп, әке болғандарына болайын!

МЕНЕНИЙ

Әділін айттың өздерің: не әбден ашуға

Бой алдырып тұрсыңдар.

Не ақылдан құрсыңдар.

Жә, бір әңгіме айтып берейін.
Бәлкім, тіпті естіген шығарсындар бұрын да.
Не де болса, келіп-ақ тұр орайы.
Құлақ салсаңдар, айтайын.

БІРІНШІ АЗАМАТ

Құлақ сізде, құрметті тақсыр. Тек ертегіге алданар
аңқау бала біз емес. Сөзіңізді бастаңыз.

МЕНЕНИЙ

Бірде бүкіл дене мүшелері бас салып,
Асқазанға айып таға бастапты.
Ештеңемен ісі жоқ, қақ ортадан орын ап,
Осы неге болады, — деп, — жақсы атты?!
Тойып алып тыңқиып,
Түк бітірмей тымпиып,
Жұрттың бәрін етеді, — деп, кіріптар.
Қалғандарымыз бостан-босқа сабылып.
Біреуіміз жұрттың өзін аңдып;
Біреуіміз сөзін аңдып;
Тағы біреуіміз қиырман-шиырман
Ойға батып толғанып.
Біреу үшін қиналып
Жүрсек тағы, соның дегені болады.
Соның дәйім мейманасы жоғары.
Сонда асқазан сөйлепті...

БІРІНШІ АЗАМАТ

Иә, иә, — сөйлегенде не депті?

МЕНЕНИЙ

Қазір айтам. Әуелі бір мырс етіп күліп апты.
Ертегіде асқазан сөйлемек түгілі күлері де белгілі.
Сонда ол өзінің ылғи томпиып тойып
тұратынынан

Көре алмай,
Сенатқа байбалам салған мына сіздердей
Қиғылық салған өзіне.
Бас-сирақ, көз-құлақ, кеңірдектерге
Қарап бүй депті...

БІРІНШІ АЗАМАТ

Иә, сонда ол немене?
Қырағы екі жанарға
Таж киетін кәлләге,
Жүрек тұрған кеудеге,
Сайыпқыран қолдарға,
Қызыл тілдей жорғаңа,
Бізді арқалар аяққа

Қай қызметіңді де ұқсатқан,
О жақ пенен бұ жаққа
Не бетімен, не деп жауап беріпті?..
Олар әлгі...

МЕНЕНИЙ

Иә, айт аржағын енді өзің!
Өзің ғой бөлген сөзімді...

БІРІНШІ АЗАМАТ

Арам тамақ асқазанға
Ашынғандары айып па?

МЕНЕНИЙ

Айтқаның келді тағы не?

БІРІНШІ АЗАМАТ

Сонда олардың сауалына
Обыр құрсақ орынды сөз таба алды ма?

МЕНЕНИЙ

Сабыр етсең, сәл ғана
Айтқалы тұрмын өзім де...

БІРІНШІ АЗАМАТ

Айтсаң, тезірек айт.

МЕНЕНИЙ

Есінде болсын, сонда маңғаз асқазан
Айқай салған дұшпандарына қылп етпей.
Жайбарақат былай жауап беріпті:
«Рас, достарым, бәрімізге ортақ ырзықты
Алдыменен асайтұғын мына мен.
Бірақ, содан тарайтұғын нәрімнен
Бәрің-дағы тауып жүрсің әл-қуат.
Мен асаған ас-қорек
Қызыл қанға айналып
Миға түйсік, жүрекке от дарытып,
Мүше біткеннің бәріне тірлік таратам». —

БІРІНШІ АЗАМАТ

Онысы түсінікті, сосын тағы не депті?

МЕНЕНИЙ

«Соныменен достарым,
Маған түскен олжаның
Бар қорегін сығып беріп сіздерге
Қанағат етем қалғанын», —
Депті асқазан.

Бұнысында жөн бар ма?

БІРІНШІ АЗАМАТ

Жөн-ақ болсын жауабы,
Оның бізге қатысы бірақ, қаншама?

МЕНЕНИЙ

Сенат та — сол асқазан,
Ал сіздер — әлгі қалған мүше кіл даукес.
Егер істі байыпқа сап байқасан,
Ұғар едің оның дағы қадірін.
Түптеп келсек, көсегесін бұл елдің
Көгертетін төбедегі солар ғой,
Төмендегі сіз емес.
Түсінікті ме енді гәп?
(Бірінші азаматқа).

Ал, не дейсің аяқтың бас башпайы?

БІРІНШІ АЗАМАТ

Қайдағы аяқ, қайдағы башпай?
Мен бе айтып тұрғаның?

МЕНЕНИЙ

Иә, сенсің. Өй деуіме себеп бар.
Көп алдына көп шығасың көстендеп.
Бақайды тастап, басқа шықпақ дәмемен,
Аңқау жұртты айдап салып аранға,
Алдыменен өзің тайып тұрмақсың?
Одандағы қолдарындағы сойылды,
Римге қарсы кесір бүлік бастаған
Егеу құйрық есерсоқтарға сілтендер.
Сонда ғана құтыламыз қырсықтан.

Кай Марций шығады.

Ержүрек Марций,
Есенсің бе?!

КАЙ МАРЦИЙ

Рахмет. (Тобырға). Ал, не дейсің, кіл найсап?
Миларыңа тағы қотыр шықты ма?
Тағы неден қалдың шала бүлініп?
Не іздеп келдің бұл жерге?

БІРІНШІ АЗАМАТ

Сенен қашан естір екенбіз жылы сөз?

МАРЦИЙ

Жағымпаздың — жағымпазы,
Аярдың — аяры болмаса,
Тап мына тұрған сендерге
Кімнің аузынан шығушы еді жылы сөз?!
Соғыс десе аза бойы қаза боп,
Бейбіт күнге шыға келер еліріп,
Өңшенең шуылдақ көк төбет.
Тағы неге кеп қалдыңдар өкпелеп?!
Шайқасқанда арыстан болмай,

Қоян болып зып берген,
Айла керекте, еркек қаздай діттенген,
Мына сендерден кім табады пәтуа?!
Сендерге сенгенше, сенбеймін бе тас көмірдің шоғына.
Өшпейді деп көк ала мұзға төксең де,
Сендерге сенгенше, сенбеймін бе тас бұршаққа,
Ерімес деп шыжғырған шілде аптапқа
Қайдағы кәззап-қарақшылардың
Айтқандарына еріп, айдағандарына жүріп,
Ақты қаралап, пәкті табалап,
Не болса, соған сенгеннен басқа
Не келуші ед қолдарыңнан сендердің?!
Кім ақылды, кім батылды
Қараптан қарап жау санап,
Дауалыны елемей, залалдыға жүгірген,
Арам өлер науқастай.
Кемелдіні менсінбей,
Кесірліге жүгінген,
Сендерді кім медет тұтсын, қаралай
Қара суға теріс аққысы келмесе?!
Мақұлық емей, не боласыңдар ендеше?!
Қас қағымда қырық құбылып,
Кешегі пірін — ез тұтып,
Кешегі жауын — ер тұтып
Жататын сендерге кім сенер?!
Қай беттеріңмен көшені басқа көтеріп,
Тобадан соңғы көктегі
Бір-біріңді талатып жегізбей, сендерді
Жөнге сілтеп отырған
Қасиетті Сенатқа
Қалайша ғайбат айттыңдар?
(Мененийге) Тілектері не сондағы?

МЕНЕНИЙ

Айтуларыңша астық көп екен қамбада,
Қойыңдар, дейді, сондықтан нанға кем баға.

МАРЦИЙ

Сөздеріне қарай гөр...
Сүмелектер от басында отырып,
Рим ахуалына тон пішеді сыртынан,
Елеурейді ойлаған боп ел жайын.
Кім мықты, кім әлсіз,
Кімнің қызын кім алды, —
Көкитіндері кіл осы.
Көкке шығарып достарын,

Жерге соғады қастарын.
Астық көп деп оталайды малғұндар,
Сенат шіркін мықтап ұстап делбесін,
Ерік берсе, бұларды жөнге салуға,
Найза бойы тау қып үйіп берер ем
Көкімелердің кәмләсін...

(Жұрт аз-аздан тарай бастайды).

МЕНЕНИЙ

Жә, доғар!

Көрмейсің бе, көкіректері басылып,
Көр тышқандай қаша бастады жан-жаққа.
Андағы тобыр қалай екен, байқайық?

МАРЦИЙ

Сейіліпті. Өңкей ылғи хайуандар,
Аштан қырылар болдық деп,
Жылап-сықтап баққанды,
Аштық алынбас қамалды да құлатады,
Адамды да иттей шулатады,
Нан жейтін ауызды құдай
Байға да берген, жарлыға да берген
Деп қай-қайдағы мақал-мәтелді де тапқан-ды.
Соны айтып қойған талаптарын оқығанда
Бекзадалардың көздері тас төбелеріне шықты.
Көшедегі қара тобырға
Қойған талаптарың орындалады дегенде
Аспанға атқан бөріктері
Айға тиіп кете жаздады.

МЕНЕНИЙ

Сонда неге қолдары жетті?

МАРЦИЙ

Бұзақылардың бұзық ойын қолдауға
Іштерінде Юний Брут пен Сициний Велут бар
Әйтеуір өздері қалаған бесділмарды алды.
Қырғын-сүргін көрерлері!
Қара тобыр қасиетті Римді
Тас-талқан қып тапап тастар,
Бірақ, бәрібір дегендеріне жете алмас!
Бұл сұмдықтың соңы неге соғарын
Жылдар өте сезе жатар бүкіл ел!

МЕНЕНИЙ

Қайран қалар жәй екен?!

Жаушы шығады.

ЖАУШЫ

Кайй Марций осында ма?

МАРЦИЙ

Осында. Не боп қалды?

ЖАУШЫ

Жаңалық сол — вольскілер қайта дүрлікті.

МАРЦИЙ

Тіпті жақсы — құтыла алмай отырған

Құл-құтаннан қалар болдық тазарып!

Көсемдер де көрінді.

Коминий, Тит Ларций, және басқа сенаторлар көрінді.

Араларында Юний Брут пен Сициний Велут те бар.

БІРІНШІ СЕНАТОР

Ақкөкірек Марций, айтқаның келді.

Вольскілер тағы ереуілге шығыпты.

МАРЦИЙ

Алдарыңда атышулы сардар бар — Тулл Авфидий.

Сол болмаса, қиын емес індеріне су құю.

Ал ол нағыз көкжұлын,

Өзім — егер өзім болмасам,

Сол болуды армандар ем, басқа емес.

КОМИНИЙ

Ол да көрген жауың ғой.

МАРЦИЙ

Қақ жарылып күллі әлем,

Мен жағыма қосылса да Тулл егер

Бәрібір жекпе-жекке шығар ем;

Енді қашан, көргенше ондай қабыланды!

БІРІНШІ СЕНАТОР

Ер жүрек Марций!

Және сен Коминий —

Көсемдікті бердік, міне, қолдарыңа

КОМИНИЙ

Өз қалауың да солай ма?

МАРЦИЙ

Бас тартпаймын қазір де.

Тит Ларций, тағы, міне, екеуімізге

Көкжұлын Туллмен жұлқысатын кез келді.

Арығансың ба? Қалып қоймақтан саусың ба?

ТИТ ЛАРЦИЙ

Жоқ, ақ балдаққа асылып

Ақсақ-тоқсақ боп қалсам да,

Арттарыңнан ерер ем.

МЕНЕНИЙ

Жаның жайсаң Ларций-ай!

БІРІНШІ СЕНАТОР

Капитолийге барайық —

Достар жиылып, күтіп отыр біздерді.

ТИТ ЛАРЦИЙ

Жарайды, алға түс — Коминий,

Көсем айтса, көмекшіге біз дайын.

КОМИНИЙ

Адалдықтан көше алмайтын Ларций-ай!

БІРІНШІ СЕНАТОР *(жұртқа)*

Үйлеріңе тараңдар!

МАРЦИЙ

Таратып қайтесің, бізге ерсін.

Іздегендері нан екен,

Үптеп қайтсын қамбаларын вольскілердің.

(Жұртқа)

Ардақты можан-топайлар,

Ерсініп тұрсыңдар ғой, ерліктеріңді көрейік,

Тәуекелдерің тұрса, бізге еріңдер!

(Шығып кетеді).

Сициний мен Брут қалады.

СИЦИНИЙ

Бұл дүниеде Марцийден де асқан

Табылар ма екен мейманасы тасқан

БРУТ

Көзің түсті ме көзі менен ерініне?

СИЦИНИЙ

Көзін қайтем, сөзін естіп тұрғанда!

БРУТ

Қатуланса, тобаңа да тап беретін түрі бар.

СИЦИНИЙ

Аспандағы айдың өзіне түкіріп тұр ғой, тайынбай.

БРУТ

Соғыс жетер түбіне.

Айқасқа да сабыр керек төзіммен.

Менмендердің оған дәті жетпейді.

СИЦИНИЙ

Намаздыгердің көлеңкесіндей біздерді

Әдет қылған көзіне де ілмеуді.

Сөйте тұрып, таң қалам,

Коминийді серіктікке қалай таңдаған?

БРУТ

Атағынан жер ойылып жатса да,
Атаққа тоймас, даңқ құмар емес пе?
Жоғалтпау үшін баста тұрған даңқты
Екінші болмай, бірінші болу қауыпты.
Іс насырға шауып жатса түбінде,
Бар пәлені Коминийге жабады.
«Марций бас болса, болар ед, — деп басқаша»,
Қара тобыр шыға келер шуылдап.

СИЦИНИЙ

Жеңіп шықсаң, тағы да сол көп шуылдақ:
«Бәрі Марцийдің арқасы!»
— деп, қол соғады дуылдап.

БРУТ

Түймедейін түйе қылар өзінің,
Түйедейін түймедей қып басқаның.

СИЦИНИЙ

Жә, сенат не деп жатыр екен — тыңдалық.
Марций тағы жоқтан жосық шығарар.

БРУТ

Жарайды, барсақ, барайық!
(*Кетеді*).

ЕКІНШІ САХНА

Кориолидегі сенат.

Тул Авфидий мен сенаторлар кіреді.

БІРІНШІ СЕНАТОР

Соныменен Авфидий,
Римдіктердің біздің сырымызды
Біліп қойғанына күмәнің жоқ қой?

АВФИДИЙ

Өзің ойлашы, бұл жерде
Римге білдіртпей, бірдеңе істеу мүмкін бе?
Мына, хатты оқышы. Төрт күн бұрын
Біреулер әкеп, қолыма ұстатты.
(*Оқиды*). «Әскер жиылып жатыр.
Неге керек екенін әзір ешкім білмейді.
Римде нан қымбаттап кетті.
Қара тобыр мініп алған ашуға.
Сенің досың Марций, Коминий,
Ержүрек шал Тит Ларций
Рим қолын әлдеқайда бастамақ,

Деген хабар бара жатыр жер жарып.
Кім біліпті, біздерге
Тікпесе қайтсын қаһарын.
Қапы қалмаған дұрыс».

БІРІНШІ СЕНАТОР

Біз дайынбыз бәріне.
Римнің бізге бас салатынына
Еш күмән жоқ.

АВФИДИЙ

Сылтау тауып берген өзің сыныққа!
Дайындығымызды білген жұрт біле берсін деген де сен.
Неге соқты түбі соның, көрдің ғой!
Рим сезіп қалды-дағы жайымызды
Алдымызды орап кеткелі тұр,
Ең болмаса, бірер қыстақты
Басып ала алмадық қапияда,
Рим мұнда аяқ баспай тұрғанда!

ЕКІНШІ СЕНАТОР

Тездетіп жорыққа аттан жаужүрек Авфидий!
Әскер ді ал да, бізді қалдыр
Кариолийге бас-көз қыл.
Жау тап берсе, сырттан кеп
Құтқаратын сен барсың,
Бірақ, Рим дайын болмас тап бұған.

АВФИДИЙ

Римнің дайын екені дайын ғой.
Менің білуімше, әскерінің бір бөлігі
Бізге беттеп келеді.
Сау тұрыңдар, жақсылар.
Баяғыда Марциймен
Енді кездессек, кескілескен
Шайқасқа серт байласқаның.

СЕНАТОРЛАР

Көкте тәңірлер
Бір өзіңе жар болғай!

АВФИДИЙ

Өздеріңе де жар болғай!

БІРІНШІ СЕНАТОР

Жолың болсын. Ақ күн тусын алдыңнан!

ЕКІНШІ СЕНАТОР

Көріскенше күн жақсы болғай, Авфидий!

БРУТ

Сау қайт, Авфидий!
(Тарасады).

ҮШІНШІ САХНА

Рим. Марцийдің үйіндегі бөлме. Волумния мен Виргилия шығып, екі аласа орындыққа отырып, іс тіге бастайды.

ВОЛУМНИЯ

Өтінем, қызым, иә ән сал, иә өңіңді жылыт. Егер Марций менің күйеуім болса, оның тар төсекте менімен табысып жатқанынан гөрі, атағын асырып, абыройын тасытатын жолда, жорықта жүргенін көбірек қалар едім. Тас құрсағымды жібіткен жалғыз тал жарығымның тіпті сонау қызылшақа сәби кезінде де, сымбатына көз біткеннің бәрі емініп, тіпті патша түгіл патша екеш күн құрғатпай жалынғанның өзінде де, ешбір ана көзі қиып жанынан жарты сағат шығара алмайтындай жасөспірім кезінде де, мен оның атақ-даңқ үшін жаралғанын, егер атағын шығара алмаса, қабырғаға ілген әдемі суреттей бостан босқа қор боларын жақсы түсінгем. Сондықтан да басын, тауға ұрып, тасқа ұрып, атын шығаруына жағдай жасадым. Қан майданға аттандырып ем, басына емен жапырағынан алқа тағып, абыройлы оралды. Сенесің бе, қызым, мен ұл тапқанда да оның ер атанып, атағын шығарғандағысындай жүрегім жарылып қуанған емеспін.

ВИРГИЛИЯ

Егер соғыста мерт болса, қайткен болар едіңіз?

ВОЛУМНИЯ

Онда ұлымның орнына артында қалған жақсы атын медет тұтқан болар едім. Сонысының өзі көсегемді көгертіп, ұрпағымды көбейткендей көрінер еді. Егер менің он екі ұлым болып, он екісін де атынан айналатын Марцийымдай жанымдай жақсы көрген күннің өзінде де, он бірінің отан үшін ерлікпен қаза тапқандарына он екіншісінің кер жалқау ез, қорқақ сал бөксе болғанына қиналғанымдай қиналмас ем.

Қызметші әйел кіреді.

ҚЫЗМЕТШІ ӘЙЕЛ

Сізді асыл текті Валерия көргісі келеді.

ВИРГИЛИЯ

(Волумнияға)

Шыға тұруға рұқсат ет.

ВОЛУМНИЯ

Жоқ, осында бол.
Мен сенің күйеуіңнің
Даңғыра қақтырып,
Авфидийді шашынан сүйреп,
Вольскілердің аюдан қашқан балалардай
Алдына салып шықпырта қуып,
Солдаттарына қарай тепсініп,
«Римде туғанмен, үрейден жаралған
Үрпекбас немелер, басыңдар алға», — деп
Ақырып, көк болатқа құрсанған қолымен
Маңдайының қанын сүртіп,
Егінді түгел орып болғанша
Тізесін жерге бүкпейтін диқандардай
Құлшына ілгері тартқанын көріп тұрғандаймын.

ВИРГИЛИЯ

Маңдайынан қан көрдің бе? О тоба!

ВОЛУМНИЯ

Саспас неме, сабыр ет! Еркектің қаны
Олжалаған алтыннан бетер жарқылдайды.
Данийлардың қылышы тиіп, қан шылаған
оның маңдайы
Гекторды емізген Гекубаньң көкірегінен де көріктірек.
(қызметшіге)
Бар да айт,
Валерияны қабылдауға әзірміз.

Қызметші шығып кетеді.

ВИРГИЛИЯ

Уа тоба, менің күйеуімді
Авфидийдей қорқаудан өзің қорғай көр.

ВОЛУМНИЯ

Біздің Марций
Оны алып ұрып, табанымен таптап тастады.

Қасына қызметшісі мен күтушісін ертіп Валерия кіреді.

ВАЛЕРИЯ

Жақсы күндерің болғай, менің жайсаң достарым.

ВОЛУМНИЯ

Төрлет, сүйкімді Валерия!

ВИРГИЛИЯ

Сені көргеніме қуаныштымын.

ВАЛЕРИЯ

Есенсіздер ме?

Немене, үйге айналып жатыр ма едіңіздер?

Тігіп жатқандарыңыз не?

Е, кестелеріңіз келісті екен!

(Виргилияға) Ұлың қалай?

ВИРГИЛИЯ

Шүкір, рахмет.

ВОЛУМНИЯ

Сабақ оқығаннан гөрі қылышты қызықтап, даңғыра тыңдағанды жақсы көреді.

ВАЛЕРИЯ

Демек, әкесіне аумай тартқан ғой. Ант етейін, әйбат бала. Сәрсенбі күні жарты сағаттай сыртынан бақылап көріп ем, өзі сондай батыл екен. Алтын қанат көбелекті қуып жетіп ұстап алады да, қайта қоя береді. Тағы да ұстап ап, тағы да босатып жібереді. Бір рет оңбай құлап түсті. Соған ба, әлде басқаға ма, әйтеуір жаман ызаланды, қатты тістеніп ап, көбелектің дал-дұлын шығарды. Түтіп жеудей, түтіп жеді. Әттең, өз көздеріңмен көргенде болатын еді.

ВОЛУМНИЯ

Ашуланса басы-көзге қарамайтын әкесі сияқты ғой.

ВАЛЕРИЯ

Шынында да, тамаша бала.

ВИРГИЛИЯ

Сұмдық ерке.

ВАЛЕРИЯ

Кестенді қоя тұр. Одан да серуендеп қайталық.

ВИРГИЛИЯ

Жоқ, сүйікті Валерия, мен үйден шыға алмаймын.

ВАЛЕРИЯ

Серуендемейсің бе?

ВОЛУМНИЯ

Барады, барады.

ВИРГИЛИЯ

Жоқ-жоқ, зорлама. Қашан күйеуім табалдырықтан аттағанша, бір қадам сыртқа аттап шықпаймын.

ВАЛЕРИЯ

Жә, қайдағыны айтпа. Күні бойы тығылып отыру — ақылға симайтын іс. Жүр, одан да толғатып жатқан көрші замандасыңа кіріп шықпайсың ба?

ВИРГИЛИЯ

Тезірек жазылып шыққай. Дұғама қосайын, бірақ бара алмаймын.

ВОЛУМНИЯ

Неге олай, айтсайшы?

ВИРГИЛИЯ

Не оны жек көретінімнен, не ерініп тұрғанымнан емес.

ВАЛЕРИЯ

Екінші Пенелопа сен болып шықпасаң, жарар еді. Бірақ оның тоқыған өрмегін де Улисс келгенше, Итаканың бітесі жеп құртыпты. Жүр, кеттік! Егер қолыңдағы матаның сенің саусағыңның жанындай жаны болса, осынша піскілеуге аяр едің. Жүр, бізге ер.

ВИРГИЛИЯ

Жоқ, сүйікті Валерия, мені кешір, бара алмаймын.

ВАЛЕРИЯ

Жоқ, бәрібір ересің: күйеуің жайында айтатын жақсылық хабарым бар.

ВИРГИЛИЯ

Солай ма еді?

Ол қайдан жетіп үлгерген хабар?

ВАЛЕРИЯ

Қалжыңы жоқ, рас айтам.

Түнде одан хабар келді.

ВИРГИЛИЯ

Рас айтасың ба?

ВАЛЕРИЯ

Еш күмәнің болмасын. Менің көзімше бір сенатордың аузынан естідім. Вольскілер ереуіл шығарыпты. Оларға біздің әскердің бір тобын бастап Коминий жіберіліпті, ал сенің күйеуің мен Тит Ларций Кориолды қоршауға алыпты. Көп ұзамай жеңіске жететіндеріне сенімдері нық көрінеді. Ант етейін, ақиқаты осы. Ал енді бізге ересің бе?

ВИРГИЛИЯ

Соғыс бітсін. Сосын сенің айтқаныңды екі етпеймін. Қазір қинама.

ВОЛУМНИЯ

Жарайды, зорламай-ақ қой. Әйтпесе, қарап отырып қайғыланып бітеді.

ВАЛЕРИЯ

Иә, солай болар сыңайы бар. Сау тұр, сүйіктім. Онда сіз жүріңіз, аяулы Волумния. Өтінем, Виргилия, тақ алдында тұрғандай сіреспей, бізге ер.

ВИРГИЛИЯ

Рас айтам, бара алмаймын.

Жақсы серуендеулеріңе тілектеспін.

ВАЛЕРИЯ

Олай болса, сау тұр.

Кетегі.

ТӨРТІНШІ САХНА

Кориол қорғанының түбі.

Дабыл қағып, ту көтеріп Марций, Тит Ларций, әскер басылар мен сарбаздар шығады. Жаушы қарсы жолығады.

МАРЦИЙ

Жаңалық бар. Бәс тігем, шайқас болған.

ЛАРЦИЙ

Атымды бәске тігем, болған жоқ.

МАРЦИЙ

Мен де тіктім.

ЛАРЦИЙ

Жарайды.

МАРЦИЙ

(Жаушыға)

Айт, біздің көсем айқасқа шықты ма?

ЖАУШЫ

Әскерлер тоғысты, бірақ күтіп тұр.

ЛАРЦИЙ

Атыңнан айырылдым дей бер.

МАРЦИЙ

Жарайды, ақысын берейін.

ЛАРЦИЙ

Жоқ, сатпаймын да, тарту қып тартпаймын да,

Тек елу жылға мойнына берейін.

Қоршауды бастайық.

МАРЦИЙ

(Жаушыға)

Әскер қайда?

ЖАУШЫ

Екі мильдей жерде.

МАРЦИЙ

Ендеше біздің айқайымызды естиді екен.

Олардың ұрандағанын біз де естиміз.

Уа, Марс, жалынам, жауымызға тезірек тізе бүктір.

Қанжарымыздан қан сорғалап,
Қалған әскерге көмекке барайық.
Әй, керней тарт!

Бітімге шақырып, керней тартылады. Қорғанда екі сенатор мен нөкерлері көрінеді.

Айтыңдаршы, Тулл Авфидий Кориолда ма?

БІРІНШІ СЕНАТОР

Жоқ, одан басқа кімнің зәресі ұшады деп ойлағандарыңмен, ол сендерден қорқа қоймас.

Қала ішінде дабыл қағыла бастайды.

Естисің бе?

Біздің боздақтар шайқасқа шыққалы жатыр.

Тас қорғанға қамалатындар біз емес.

Тас-талқан қып, өзіміз бұзып шығамыз.

Қақпамызды да әншейін көз қыр қылып,

Қамыспен бекітіп қойғанбыз.

Естисіңдер ме?

Шайқас үні естіледі.

Авфидий сендердің сайыпқырандарыңды

Шабақтай қақши бастады.

МАРЦИЙ

Иә, жау жағалас басталған сияқты.

ЛАРЦИЙ

Ұрыс бар да тұрыс жоқ. Сатыны әкеліңдер.

Шолғыншы вольскілер көрінеді.

МАРЦИЙ

Төбелерін көрсеткендеріне
қарағанда, тәуекелге бел буған.

Кеуделеріне қалқан төңкергенмен,

Жүректерің шар болаттан берік болсын.

Тит, алға баста!

Жау, әйтпесе, алар бізді басынып.

Ыза шіркін, ыстық па еді мұншама,

Өне бойым қыз-қыз қайнап барады.

Тартынбаңдар, бауырлар!

Шегінгендерді дұшпаннан бетер аяман,

Семсерімнің жем болмаңдар ұшына.

Шайқас. Римдіктер шегіне бастайды.

Күнгейге біткен күллі індеттің

бәріне тап болып, қырылғыр

Римнің атынан садаға кеткір

су жүрек сұмырайлар кіл өңшең.

Алапес боп, арам неге қатпайсыңдар,
Аямақ түгіл, жуымастай боп жан біткен.
Ел жоламай, өз ірік-шіріктеріңнен
Өздерің құрып бітер ең.
Кейпің адам болғанмен,
Қаздан бетер қалтырақ па еді жандарың,
Маймыл екеш маймыл төпеп тастардай
Қу тобырдан мұнша қашып не болған?!
Бұл не сұмдық?
Омырауларың ап-аман,
Жұққан қан да ту сырттарыңа жұғыпты.
Қу маңдайларың қорқыныштан қуарған
Кейін! Қайт, кейін!
Әйтпесе, жауды қойып,
Мына сендерге салам өзім ойранды.
Еріңдер маған! Тек шыдап бағыңдар,
Орға қуып тығылған жаңағы сендер сияқты,
Оларды да қатындарының қойнына қуып тығамын.

*Шайқас қайта бсталады. Вольскілер Кориолаға кіріп
тығылады. Марций оларды қақпаға дейін тықсырып апарды.*

Қақпа болса айқара ашық. Қапы қалып жүрмейік.
Тағдыр оны қашқандарға емес,
қуғандарға ашқан шығар.
Алға! Еріңдер соңымнан!
(Қалаға кіреді).

БІРІНШІ САРБАЗ

Жоқ, мен ақылымнан алжасқаным жоқ, бармаймын!

ЕКІНШІ САРБАЗ

Мен де сөйтем.

Қақпа жабылып қалады.

БІРІНШІ САРБАЗ

Қақпаны жауып жатыр.

Шайқас үні қайта қызады.

БӘРІ

Ол құрыды.

Тит Ларций шығады.

ЛАРЦИЙ

Марцийге не болды?

БӘРІ

Еш күмән жоқ: құрыды.

БІРІНШІ САРБАЗ

Қашқандарды өкшелей қуалап,

Қамалға барып қойып кетті,

Сол-ақ екен тарс жабылсын тас қақпа.

Енді бүкіл бір шаһармен бір өзі шайқас сап жатыр.

ЛАРЦИЙ

Қайран менің еңірегем ер досым!

Семсерден де берік едің сертіңе,

Ол майысқанмен сен майысып көрмеді ең.

Айырылдық Марцийден!

Тап соның басындай інжу-маржан болса да,

Татымас еді тырнағының құнына.

Армандағы Катон батыр сияқты

Семсеріңнің сойқанын былай қойғанда,

Қорқынышты еді күркірегем күндей дауысын,

Дұшпаныңды бөрліктіретін қаралай.

Топалаң тиген қойдай қып...

Қан-қан Марций қайта-қайта көрінеді, соңында — қуғын-шылар.

БІРІНШІ САРБАЗ

Тит, әне қара!

ЛАРЦИЙ

Біздің Марций!

Не арашалап аламыз,

Не бірге бәріміз құримыз!

Шайқас салып, қамалға қойып кетіседі.

БЕСІНШІ САХНА

Кориолдың көшесі.

Оянса арқалаған Рим сарбаздары көрінеді.

БІРІНШІ РИМДІК

Мен де мұны тастаман.

ҮШІНШІ РИМДІК

Қап, қаралай қара басқанын-ай.

Мына пәлені қой деп ем.

Алыстан шайқас үні естіледі.

Кернейші ерткен Марций мен Тит Ларций көрінеді.

МАРЦИЙ

Мына сарбаздарды қарай гөр.
Есіл уақытты тұрғандарын ескі-құсқыға қор қылып.
Шайқас болса, біткен жоқ,
Жендет екеш жендет те
жемтігімен бірге көмер жер астына
Қайдағы қоқыр-соқырды қайда тасып барасындар?!
Тастау керек бастарын қағып бәрінің!
Арғы бетте біздің көсем жау жағалас сап жүрген
Шайқас үні жетеді ме құлағыңа?
Кеттік солай?
Жексұрын Авфидий сол жақта
Римдіктерге ойран салуда.
Кеттік, ер жүрек Тит,
Қамалды ұстап тұратындай әскер ал,
Батылдарын мен бастап
Коминийге тартам көмекке.

ЛАРЦИЙ

Онсыз да әбден қанға малшынып бітіпсің,
Ендігі шайқас оңай тимес,
Етсең қайтер сәл сабыр.

МАРЦИЙ

Күлбілтені қой ондай,
Денем енді жайыла бастады,
Қан шыққанда қиналудың орнына
Жеңілейіп қаламын.
Авфидийге тап осы бетіммен барам да,
Тап беремін әй-шәйіне қарамай.
Сау түр.

ЛАРЦИЙ

Айдай сұлу Тағдыр-ханым-тәңір ана,
Ғашық болсын, қорған болсын, жар болсын,
Төгейін сенің жолыңа
Сиқыры мен шарапатын бойдағы.
Жау жүрекке майдан да — жынның ойнағы,
Жолың болсын, жарқыным.

МАРЦИЙ

Ол сені де қоссын пейілі түскен пенделерінің қасына.
Сау түр.

ЛАРЦИЙ

Ердің ері Марций-ай!
(*Марций шығып кетеді*).

(Кернейшіге)

Алаңға бар да сырнай шал,
Қала басылары әмірімді естісін.
Бар, жөнел.

Кетегі.

АЛТЫНШЫ САХНА

Коминий қосы.

Шегініп келе жатқан әскерін ертіп, Коминий шығады.

КОМИНИЙ

Демалайық, достар, азырақ.
Римнің сайыпқырандары атына дақ салмай.
Айқасудай айқастыңдар — амал не.
Шегінгенде де — сыр беруге болмайды.
Бізді талай бағады әлі тықсырып.
Шайқас үстінде жел жақтан
Біздің достардың айқайы жатты естіліп.
Уа, тобалар, олардың да, біздердің де
Оңғара көріңдер ісімізді.
Екі әскер де құрбан шалып жолдарыңа,
Жеңістен соң, тағзым етіп исін бас.

Жаушы көрінеді.

Не хабар бар?

ЖАУШЫ

Шолғын салып кориолдықтар
Ларций мен Марцийлерге тап беріп,
Орға дейін қуып тықты, тықсырып.
Соны көрдім де, мен осылай тарттым ат басын.

КОМИНИЙ

Айтып тұрғаның қанша шындық болса да,
Көңілге қонбас жай екен?
Көп болды ма көргеніңе?

ЖАУШЫ

Бір сағат бұрын.

КОМИНИЙ

Дабыл үні естіліп тұр.
Демек, бір мильден қашық жер емес.
Сен соншама уақытты
Жолға қалай жібердің?

ЖАУШЫ

Вольскілердің шолғыншыларынан қашып,
Төрт-бес миль жер бұра жүрдім әдейі.
Әйтпесе, баяғыда-ақ жетем ғой.

Марций көрінеді.

КОМИНИЙ

Мынауы кім қанға батқан,
Терісін тірідей сыпырып алғандай?
Уа, тоба айнымаған Марций ғой!
Әлде, менің көзіме
Қосы көрініп тұр ма екен?!

МАРЦИЙ

Қалғам жоқ па кешігіп?

КОМИНИЙ

Қойшы егер найзағай үнін
сырнай үнінен қалай айырса,
Мен де Марцийдің дауысын
танушы ем ғой айнытпай.

МАРЦИЙ

Кешігіп қалған жоқпын ба?

КОМИНИЙ

Үстіндегі өз қаның болмай, жаудың қаны болса,
Кешіккен жоқсың.

МАРЦИЙ

Ақ некелі түнімде,
Неке шамы астында
Құшырланып қалай құшсам, ақ некелі жарымды,
Құшайыншы мен өзіңді тап солай.

КОМИНИЙ

Еңіреген ерім-ау, қайда Тит Ларций жолдасың?

МАРЦИЙ

Ол Кориолда, бастан асқан шаруасы.
Біреуді қуып, біреуді жатыр дарға асып,
Біреуді кешіп, біреуге айып-құн салып,
Біреуге қақап, біреуге жаз боп жұмсарып,
Байлаулы төбеттей арпылдаған асау жұрт
Римге көндіріп
Бермек боп жатыр,
Басына ноқта,
Аяғына салып тұсауды.

КОМИНИЙ

Сендерді орға қуып тыққанын
Көзіммен көрдім деп көкігең құл
Қайда кеткен? Табыңдар!

МАРЦИЙ

Босқа әуре болма. Айтқаны рас.
Тобырда не пәтуа — топалаң тигендей
Бет-бетіне қашқаны.
Тектілер тұрып, жолдарын бөгеп,
Жауды да солар жасқады.
Тышқан да өйтіп қорқа қоймас мысықтан,
Өздеріңдей құл-құтаннан қорыққан
көкіме тобыр найсаптар.
Ділмарлар не деп көтерсе де шашбауын!

КОМИНИЙ

Қалайша сендер шықтыңдар онда үстем боп?

МАРЦИЙ

Көп әңгіме. Жататын кез бе кеп соғып?
Дұшпан қайда? Не бітіріп тұрсыңдар өздерің,
Шегініп келе жатқаннан саумысыңдар,
бұл не тұрыс?

КОМИНИЙ

Шығынға батып, шегінуге тура келді,
Күш жиып алып, күйрете соққы береміз.

МАРЦИЙ

Жау қайда жатыр?
Таңдаулы қолы қай қанатта?

КОМИНИЙ

Менің білуімше, ақиықтары — анциаттары,
Әскерге де солар әл берген,
Авфидий де сонда,
Жауына үміт өңгерген.

МАРЦИЙ

Жалынам онда,
Сан шайқаста бірге төккен қаныммен,
Достыққа берген антыммен әрі арыммен,
Авфидийдің анциаттарына
Тұтқиылдан тиісуге рұқсат бер.
Кетпесін ыстық сәт өтіп!
Көк семсер мен көк найзаны көкке көтеріп,
Көрейік тағы бақ сынап.

КОМИНИЙ

Ең әуелі сені моншаға апарып,
Үсті-басыңды бальзаммен сылап,
Жарақатыңды жазып алу керек екенін білсем де,
Меселіңді қайырмайын,
Әскеріңді ерт қалаған.

МАРЦИЙ

Мен қаламайын, өздері қалап еретіндерін ертемін.
(Әскерге).

Араларыңда ерер, әрине бар,
Бар болмауы мүмкін емес тіпті де,
Менің мынау өң-жүзіме шырай кіріп,
Жадырағанымды көргілері келетін,
Ездіктен ерлік, қорлықтан өлім, тірліктен отан
Қымбат екеніне сенетін
Бір жан табылса,
Көп болса тіпті құба-құп,
Семсеріңді көтеріп,
Еріңдер менің соңыма.
(Семсерін қынабынан суырады).

Айқай. Жауынгерлер дулығаларын аспанға атып, семсерлерін сермелеп, Марцийді төбелеріне көтере бастайды.

МАРЦИЙ

Түсіріңдер! Мен — семсер емеспін,
жармасыңдар семсерге,
Құр мақтанға берілмей,
Араларыңнан сайлаңыздар төрт адам, солар маған
Қас дұшпанның ортасына қасқая кіріп,
Құдіретті Авфидийдің
Қалқанына қалқанын тіреп қойып,
Жекпе-жек шайқас салуға лайық
Жау жүректеріңді таңдап берсін.
Қалғандарыңа да талай шайқас бар,
Қан майданда табысармыз әлі де.
Тағдыр бізді тастай қоймас талайсыз.
Кеттік, ендеше,
Еріңдер маған ел таңдаған сүлейлер.

КОМИНИЙ

Тартыңдар алға!
Істеріңе құдай сәт бергей,
Ерліктерің бізге дәт бергей.

Кетеді.

ЖЕТІНШІ САХНА

Кориол қақпасының алды.

Тит Ларций қалаға күзет қалдырып, сырнайлатып-кернейлетіп Коминий мен Кай Марцийге көмекке аттанады. Қасында – әскерлері мен жол сілтеушілер. Қалатын әскербасылар шығарып салып тұр.

ЛАРЦИЙ

(Әскер басыға)

Қақпаны күзет, бұйрықты орында бұлжытпай.

Белгі бергенімде цинтурийдің бір бөлігін

Көмекке мағат аттандыр.

Қалғандарымен қаланы ұстай тұрыңдар.

Шайқаста жеңілсек, шаһарды бәрібір тастаймыз.

ӘСКЕР БАСЫ

Өзіңізге сенгендей сеніңіз маған.

ЛАРЦИЙ

Біз шыққан бойда қақпаны бекіт!

Жол бастаушы, Рим қосына қарай баста бізді.

Кетегі.

СЕГІЗІНШІ САХНА

Рим мен Вольск қостарының арасындағы ұрыс даласы. Шайқас үні естіліп тұр. Екеуі екі жақтан Марций мен Авфидий шығады.

МАРЦИЙ

Тек өзіңмен жекпе-жек.

Сен мен үшін анттан безген
азғыннан өткен сұмырайсың.

АВФИДИЙ

Сен де дәл сондайсың мен үшін.

Атың да, затың да жиренішті
небір нәжіс мақұлықтан.

Сайысқа әзірлен!

МАРЦИЙ

Кім бірінші боп сыр білдірсе,

Дұшпанына құлақ кесті құл болсын!

АВФИДИЙ

Қашар болсам, аяма,

Қояндай қорлап, тапап таста.

МАРЦИЙ

Тул, үш сағат бұрын жалғыз кіріп Кориолға
Құмардан бір шыққанмен.

Үстімдегі өз қаным емес, жұрт қаны.

Қайтарып қал өшінді!

АВФИДИЙ

Тіпті маған сен емес,

Гектордың өзі келсе де,

Құтыла алмас қаһарымнан дәл қазір.

Сайысып кетеді. Бірнеше вольскілер Авфидийге көмекке ұмтылады. Марций оларды тойтарып тастайды.

Жәреуке сұмырайлар. Көмек емес,

Өлім болды мен үшін.

Көздеріңді құртыңдар.

Шайқасып жүріп, екеуі де сахна сыртына шығып кетеді.

ТОҒЫЗЫНШЫ САХНА

Шайқас үні естіледі. Керней сейілге дабыл береді. Бір жақтан римдіктер мен Коминий, екінші жақтан — қолын таңып алған Марций мен жасағы көрінеді.

КОМИНИЙ

Егер сенің қандай ерлік жасағаныңды дәл бүгін,
Айтып берсем, өз құлағыңа өзің сенбес ең.

Сондықтан оны Римге жазып жіберуді жөн көрдім,

Оқып шығып, сенаторлар көздеріне жас алсын.

Бекзадалар үрпиісіп әуелі,

Артынан бір айыздары қанып мақтансын.

Ханымдардың қандары қашып бетінен,

Мән-жайды ұғынып, көңілденсін сосын шетінен.

Ділмарлар да мінбер тастамай көкіген,

Қу тобыр да кете бастаған бетімен:

«Құдайға шүкір, Римнің бар екен қорғаны!» —

Деп ұран тастап, айқайға бассын, ар жағын.

Бірақ, сен тойдың

Тойып ап кірдің соңына.

Жауды қуып кеткен Тит Ларций әскерімен қайта оралады.

ЛАРЦИЙ (*Марцийді меңзеп*)

Уа, көсем,

Нағыз тұлпар, міне, тұр,

Құйысқаны — біз соның,
Өз көзіңізбен көрсеңіз ғой
Оның бүгінгі сайысын...

МАРЦИЙ

Аузыңды жап, өтінем.
Сен түгілі ақ сүт берген анамның
Мені айтып, мақтанғанын көргенде
Кірерге жер таппаймын.
Мен де өздеріңдей ел үшін
Аяғам жоқ қолдан келгенін.
Жан аямай жанталасқан
Жан баласының бәрі де тең менімен.

КОМИНИЙ

Жоқ, өйтіп, өз даңқыңа өзің қабыр қазбағын,
Рим естіп, бағалай жатар ар жағын.
Кішіпейілдік жасап, ерлігі мен еңбегін айтпай өзінің,
Көп ішінде бой жасырған жақсының
Жақсылығын танымау — ұрлық пенен
сатқындықтан өткен қиянат.
Сондықтан да менің сен туралы
Жауынгерлерге айтар сөзімді
Мадақ көрмей, шындық санап,
Жайбарақат тындарсын.

МАРЦИЙ

Өн бойым толы жарақат,
Өткенімді айтып,
Жарамды ауыртып қайтесің.

КОМИНИЙ

Айтқан жақсы. Айтпасақ,
Ірің басып жараны
Кейін орап таңады.
Қаланы алған шайқастарда
Қолға түскен тұлпарлар мен олжаның
Оннан бірін тарту еттік өзіңе.
Оны бөліске салмаймыз,
Тағы да ал, нәрсең болса қалаған.

МАРЦИЙ

Көп рахмет, көсемім,
Көк семсердің қимылы үшін
Мұнша тарту ала алман
Көппен бірге қанағат етем тигенін.

Кернейлеткен дауыс шығады. Жұрт дулығалары мен найзаларын аспанға атып: «Марций, Марций», — деп айқайлай бастайды. Коминий мен Ларций дулығаларын алады.

Керней де бүйтіп өкірендемей, өшсе екен,
Ұрыс даласында осынша көтерсек,
Бір-біріміздің шашбауын
Қалалар мен сарайларда ертең
Көре қоймаспыз көлгірліктен басқаны.
Жеңістен не қайыр,
Қанға суарған көк семсер
Қаһардан айырылса,
Ұла тиіп,
Жібек көйлегіндей патшаның.
Жетер, тақсыр!
Талай жерде жыйюсыз қалған сүйегі
Талай боздақтай мен де қанын арқаладым талайдың,
Сол үшін енді бетімді жуар-жумастан
Мадаққа беріліп,
Мастанып тұрсам бұл жерде,
Масқара болып,
Көмілгенім ғой тұл көрге?!

КОМИНИЙ

Тым кішіксің, өз абыройыңа өзің сонша қаталсың,
Шындық үшін жазғыра берме біздерді.
Өзіңді өзің қорлауыңды өйтіп қоймасаң,
Өзімен өзі арпалысқандардай
Қол-аяғына кісен сап,
Сөйлесуге мәжбүр етеміз сабырлы.
Ендеше жұрт естісін,
Марций тағы да басына алқа киеді.
Соның құрметіне, бәрің танитын
менің тұлпарым
Барлық ер-тұрманымен
Мінгізбекпін Марцийге.
Ол аз десеңіз Кориолды аларда
Көрсеткен елден ерен ерлігі үшін
Кай Марцийге Кориолан деген
Құрметті атақ беріледі,
Аспандай берсін атағы!

Дабыл қағылып, керней тартылады.

ЖҰРТ

Кориолан — Кай Марций!

КОРИОЛАН

Мен барайын, беті-қолымды жуайын,
Өйтпесе, тіпті, қызарғаным білінбес.

Не де болса, рахмет бәріңе.

(Коминийге)

Тұлпарды алдым,

Дулығамның тұлымын

Қалай жоғары ұстасам,

Солай жоғары ұстармын

Әлгі берген атақты.

КОМИНИЙ

Шатырға барып, Римге ақпар жөнелтіп,

Тынығармыз артынан.

Тит Ларций Кориолаға қайтып,

Көсемдерін Римге аттандыр

Екі жаққа бірдей тиімді

Келу үшін бітімге.

ЛАРЦИЙ

Құп болады, қолбасшым.

КОРИОЛАН

Тәңірлер мені тәлкек етіп тұрмаса, нетті,

Патша сыйынан бас тартып тұрып,

Бұйым салмақпын көсемге?!

КОМИНИЙ

Сұра айтқаныңды екі етпен.

КОРИОЛАН

Кориолда бір кедей

Бір кезде маған меймандостық жасаған.

Сол осында тұтқында екен,

Алдыма келгенінде, Авфидийге ерегесіп,

Орындамап ем қолқасын.

Бола ма соған бостандық?

КОМИНИЙ

Ондай игі қолқаны жерге тастап болмайды.

Өз ұлымды өлтірсе де, азат бердім басына.

Ларций, бар да, орында.

ЛАРЦИЙ

Марций, оның аты кім?

КОРИОЛАН

Тарс есімнен шығыпты,

Шаршағаннан мүкіс тартқан жадым да.

Шарап жоқ па бір жұтым?

КОМИНИЙ

Шатырға кеттік. Бетіне қапты қан қатып.

Таңбаса, болмас. Жүр, кеттік.

Кетеді.

ОНЫНШЫ САХНА

*Вольскілер қосы. Қанға былғанған Тул Авфидий кіреді.
Қасында бірнеше нөкер.*

АВФИДИЙ

Қала жауға берілді.

БІРІНШІ САРБАЗ

Тиімді шарт жасалып,

Қала қолға қайтады.

АВФИДИЙ

Қайдағы шарт!

Вольск болып, өзіммен өз бола алмасам,

Кетпеймін бе Римге басыбайлы пақыр боп.

Шарт дейді? Бағынғанның жүруші еді қай шарты!?

Сенімен, Марций, сайысыппын бес рет,

Бесеуінде де жығылыппын соққыға,

Тағы да жығылам,

Кездесек те күн сайын үш рет, үш рет тамақ ішкендей.

Бірақ, жаратылыстың бар құдіретімен ант етем,

Ендігі жолғы сайыста

Иә, сенің басың, иә менің басым ұшады.

Ізгілікке мұрша бермес енді ашу.

Әділ шайқаста адал алам деп өшімді

Қоямын енді көкүді

Қай жолменен қайтса да,

Кегім қайтса болғаны.

БІРІНШІ САРБАЗ

Ол дегенің пері ғой!

АВФИДИЙ

Батыл рас, емес бірақ айлалы.

Мәрттігіне лайық мәрт болам деп,

Масқараға ұшырап, айырылдым намыстан.

Енді оны қоямын.

Ауру болсын, ұйқыда жатсын, иә болсын жалаңаш,

Гимаратта ма, Капитолий де ме,

Тіпті дұғаға тұрып, құрбандық шалып жатса да,

Ел жарасып, ескі дауды шат басса да,

Ешбір әдет, еш бір заң

Өшіре алмас оған деген ызамды.

Әкем үйінде тап келіп,

Ағам араша түссе де,

Дәм-тұзымның киесіне қарамай

Қанына оның былғамай тынбан қолымды.
Кориолаға барып,
Римге кімді аманат аттандырмақ —
Біліңдер.

БІРІНШІ САРБАЗ

Ал сен қайда барасың?

АВФИДИЙ

Қаланың күңгей жағындағы
Жел диірмендердің қасындағы
Кеттім құрма тоғайға.
Сонда тосып тұр мені.
Сонда келіп, хабар бер,
Қапы соғып қалмайын.

БІРІНШІ САРБАЗ

Құп болады.

Кетеді.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ САХНА

Рим. Алаң.

Менений мен халық ділмарлары Сициний мен Брут көрінеді

МЕНЕНИЙ

Сәуегейден естідім; хабар келмек кешқұрым.

БРУТ

Жақсылық па, жамандық па?

МЕНЕНИЙ

Халықтың көкейінен шыға қоймас,
ол Марцийді ұнатпайды ғой.

СИЦИНИЙ

Оған таңданатын не бар,
аң екеш аң да досы мен қасын айыра алады.

МЕНЕНИЙ

Ендеше айтшы, бөрінің ұнататыны не?

СИЦИНИЙ

Қоңыр тоқты.

МЕНЕНИЙ

Қылғытуына жақсы ғой, аш тобыр да асыл текті
Марцийді тап солай бір-ақ қылғытуға әзір тұр.

БРУТ

Тоқтышағыңа болайын, аюша ақыратынын қайтпексің?

МЕНЕНИЙ

Аю екеш аю. Бірақ, қойдың күні көргені. Екеуің де көпті көрдіңдер. Айтыңдаршы.

ЕКІ ДІЛМАР

Сұра.

МЕНЕНИЙ

Ендеше, Марцийге түйедей, сіздерге түймедей дарыған қандай кемшіліктерді білесіздер?

БРУТ

Оның бойындағы қай кемшілік те артығымен асып-төгіліп жатыр ғой.

СИЦИНИЙ

Әсіресе, өркөкіректігі.

БРУТ

Мақтаншақтығын қайда қоясың?!

МЕНЕНИЙ

Міне, жаманы. Ал өздеріңді қала жұрты, әрине, зиялы жағы не деп кінәлайтынын білесіңде ме?

ЕКІ ДІЛМӘР

Иә, не деп кінәлайды?

МЕНЕНИЙ

Жаңа өркөкіректік жәйын өздеріңіз қозғадығыздар ғой. Ренжімейсіздер ме?

ЕКІ ДІЛМӘР

Жоқ, айта бер.

МЕНЕНИЙ

Тіпті, ренжісеңдер де, келер-кетер ештеңесі жоқ, бәрібір кез келген ұсақ-түйекке бола төзімдерің таусылғалы тұр. Ендеше, ашуға да ерік беріп көріңдер. Сонымен, Марцийді өркөкірек деп айыптайсыздар ғой.

БРУТ

Тек біз ғана емеспіз.

МЕНЕНИЙ

Білем, тек сіздер болсаңыз, одан ешкімнің ештеңесі құри қоймас еді. Шашбауларыңды көтеретіндер көп қой, олар болмаса, екеуіңнің әрекетің елге келеке болар еді ғой. Ақылға салғанда, баланың ісі, бақсының жанындай бірдеңе. Көптің көкігеніне ылыға бермей, өз қасиеттеріңді өздерің тамашалап байқасаңдар ғой. Тап сонда көрер едіңдер!

БРУТ

Нені көрер едік?

МЕНЕНИЙ

Тіптен пәтуасыз түпсіз дарақы, шектен шыққан бұзақы, әрі желөкпе, әрі көк езу, бұрын-соңды Римге бітпеген екі көксоққанды көрер едіңдер.

СИЦИНИЙ

Біз де сені білеміз ғой, Менений.

МЕНЕНИЙ

Иә, мені көп жұрт ішіне бір тамшы Тибр суы қосылмаған, жылытылған шарап көрсе, тостағанымен басына бір көтеретін сайқымазақ бекзада деп біледі. Тағатын айыптары: жарлы-жақыбайдың көз жасын көрсем, езіліп, кететін көңілшектігім, сәл нәрсеге пілтедей тұтанып жүре беретін қызбалығым, күннің жалтарысынан гөрі түннің қалтарысының құпиясын көп білетін көлденең жүрісім. Жұрт секілді сырымды ішке бүкпеймін, көкейіме келген, көмейімнен бір-ақ шығады. Егер сендердей екі ел жақсысы (әрине, екеуіңді Ликург деуге аузым бара қоймас) тап келіп, ұсынған шараптарынан жүрегім айнаса, еш тайсақтамай, бетімді тыржита саламын. Егер екеуіңнің ауыздарыңды әр ашқандарыңда, ар жағынан есек ақырып тұрса, ел ұстанар пәтуаны осылар айтып тұр деп қалай айта алам? Егер екеуіңді ел қадірлі, сыйлы адамдар деп танып жатса, оған ештеңе дей қоймаспын: ал бұл екеуіңдей ақ жүрек жоқ деп бөссе, оларының бос далбаса екенін айтпай тұра алмаймын. Әрине, менің бұл пиғылымды екеуің бет-жүзіме қарап, айтқызбай-ақ түсінулеріңе болады. Бірақ, содан сіздер мені жақсы біледі деген, қорытынды шыға ма? Екеуіңнің құскөз көріпкелдігің менің таба қылардай қандай мінімді тауып алып тұр? Әйтпесе, неге «біз де сені білеміз ғой», — деп кекжиесіңдер?!

БРУТ

Не десең, о де! Біз де сені жақсы білеміз.

МЕНЕНИЙ

Сендер мені де, өздеріңді де жалпы, ештеңені де білмейсіңдер. Сендер қайдағы бір делқұлылардың өздеріңді көрсе, бөріктерін аспанға атып, құрақ ұшқандарына мәз боласыңдар. Сендер түнді түнге ұрып, таңды таңға ұрып, қайдағы бір апельсин сататын қатынның қайдағы бір трактир ұстайтын еркекпен көк тиынға тұрмайтын ерегесі жайында қысыр дауға берілуге әрдайым әзірсіңдер. Егер сол екі ортада, біреуіңіздің ішегіңіз құрылдай қалса, беттеріңді көшедегі сайқымазақтардан бетер ыржитып-тыржитып, шыдамнан айырылып, онсыз да шырғалаң дауды одан сайын шытырманға ұрындырып, дәрет құмандарың-

ды қолтықтап, тайып отырасыңдар. Қолдарыңнан келетіні — өнбес дау қуу: ақты да қаралау, қараны да қаралау. Құдай бір-біріңді қалай тауып қосқан!

БРУТ

Жә-жә, дастарқан басында қанша ділмар болғанмен, Капитолийде тіл-жақтан айырылып қалатыныңды да жақсы білеміз.

МЕНЕНИЙ

Егер осындай екі жарымеспен күнде кезігіп отырса, аспандағы абыздардың өзі езулері жиылмайтын әбден күлегеш болып алар еді. Сендердің тілдеріңнің шылауынан гөрі сақалдарыңнан да көне шұлғау мен көк есектің тоқымынан асып жатқан арзымы шамалы. Сөйтіп, отырып, Марцийді өркөкірек деп күстаналайсыңдар! Әрине, ол да ешкімнің шікірәсі емес, бірақ екеуіңнің сонау Девкалионнан бастап, өңшең бір жендеттерден тұратын жеті ата, жетпіс тұқияндарыңа қарағанда, әйтеуір шүкірлік қой. Жә, не де болса, өз жөндерің өзіңе! Әйтпесе, сендер секілді көкми тобырдың көк езу көсемдерімен ұзақ сөйлессең, онсыз да аз миың айрандай ақырып ашып кетеді. Осымен сөзді тамамдап, желкемнің шұқырын көрсетуге, тәуекел еткім келіп тұр.

Брут пен Сицини сахна төріне қарай кетеді. Волумния, Виргилия, Валерия көрінеді.

МЕНЕНИЙ

Аспаннан түсе қалғандай, айдай сұлу періштелер мен перизат ханымдар, қалай ғана бұл араға тап болғансыңдар? Көздерің мұнша жерге түспей, қайда асығып бара жатырсыңдар?

ВОЛУМНИЯ

Асылтекті Менений, менің ұлым Марций Римге қайтып келеді. Юнонаның атыменен жалынам, бізді бөгей көрмеші.

МЕНЕНИЙ

Немене? Марций оралып келе ме?

ВОЛУМНИЯ

Иә, асыл текті Менений? Жеңіспен оралып келеді.

МЕНЕНИЙ

(бөркін аспанға атып)

Уа, Юпитер, менің бөркім мен садақамды қабыл ал!

Марцийдің қайтып келе жатқаны рас па?

ВИРГИЛИЯ МЕН ВАЛЕРИЯ. Рас, рас.

ВОЛУМНИЯ

Міне, мынау — маған жазған хаты: сенатқа — басқа хат, әйеліне — басқа хат жазыпты. Үйінде саған жазған хаты да келіп тұрған шығар.

ВИРГИЛИЯ

Иә, саған да жазған хаты бар.

Өз көзіммен көрдім.

МЕНЕНИЙ

Маған да хат жазып па! Енді маған жеті жыл бойына ешқандай дәрі-дәрмек керек емес. Енді жеті жыл бойына дәрігер көрсем, мұрынымды көкке шүйірем. Мұндай дұға тұрғанда, қайдағы бір бақсы-құшына-ның жазған ішірткілері не бопты?! Көп болса, көк есектің ішін өткізуге жарайтын шығар. Марций жарақаттанбап па? Ешқашан үйге жарақатсыз оралмайтын еді ғой!

ВИРГИЛИЯ

Жоқ, жоқ!

ВОЛУМНИЯ

Жарақаттанғанмен, жаны сау.

Тобаға мың да рахмет.

МЕНЕНИЙ

Дұрыс айтасың. Жарақаты тек жеңіл болғай де. Жалпы оған жарақат жарасады. Сөйтіп, жеңіс атаулы оның қалтасына бұйырған ғой.

ВОЛУМНИЯ

Қалтасына емес — маңдайына бұйырған. Осымен үшінші рет емен бұтағынан жасалған алқа киіп келіп отыр.

МЕНЕНИЙ

Авфидийдің тартқызды ма екен сазайын?

ВОЛУМНИЯ

Тит Ларцийдің хатына қарағанда, екеуі жекпе-жек кездесіпті, бірақ Авфидий қашып кетіпті.

МЕНЕНИЙ

Иманым кепіл, дұрыс істеген екен. Егер дер кезінде сытылып кетпегенде, Марций оны түтіп жейтін еді. Кориоланның сандықтарында жатқан бар алтынды алып, басыңа төгем десе де, мен ондай күннің бетін аулақ қылсын дер ем. Сенат бұның бәрін біле ме екен?

ВОЛУМНИЯ

(Виргилия мен Валерияға)

Кеттік, қалқатайларым. *(Мененийге)*. Иә, сенат бас қолбасшы Коминийден хат алыпты. Оның айтуынша, бұл

жорықтың бар абыройы менің баламның арқасы көрінеді. Оның бұл жолғы ерліктері бұрынғыларынан да асып кетіпті.

ВАЛЕРИЯ

Ол жайында талай кереметтер айтылып жатыр.

МЕНЕНИЙ

Керемет дейсің бе? Расында да солай шығар.

ВИРГИЛИЯ

Ақиқатына көктегі тәңірлердің өздері кепіл.

ВОЛУМНИЯ

Ақиқат екеніне кім күмән келтіре алады?

МЕНЕНИЙ

Рас екендігіне басымды бәске тігуге әзірмін. Қай жерінен жарақаттаныпты? *(қастарына қайтып келген дос ділмарға қарап)* Саламат па, құрметтілерім? Марций қайтып келеді, енді оның өр-көкірек болар жөні бұрынғыдан да көбейе түсіпті. *(Волумнияға)* Қай жерінен жарақаттаныпты дедің?

ВОЛУМНИЯ

Сол иығы мен сол қолы. Консулдыққа дауысқа түсерде жұртқа көрсететіндей жарақаты енді әбден жеткілікті болды. Тарквиний шабуылын тойтарғанымызда, Марций жеті жарақат алған болатын.

МЕНЕНИЙ

Біреуі — мойынынан, біреуі — санынан, бәрін қосқанда тоғыз сияқты еді.

ВОЛУМНИЯ

Оның бұл жорыққа дейін де жиырма бес жарақаты бар болатын.

МЕНЕНИЙ

Демек, қазір жиырма жетіге жетті деген сөз: жарақат сайын бір жаудың түбіне жеткен күннің өзінде де...

Сахна сыртынан Керней даусы, айқай-шу шығады.

Естисіңдер ме, керней даусы ғой...

ВОЛУМНИЯ

Марцийжан ғой келе жатқан шулатып,

Оны көрсе жұртта қайдан ес қалсын!

Қолында оның ажал отыр қонақтап,

Бір сілтесе — бір дұшпаны құриды.

Керней үні.

Коминий мен Тит Ларций көрінеді: араларында басына емен бұтағынан жасалған алқа таққан — Кориолан; соңында — әскербасылар, сарбаздар, жаршылар.

ЖАРШЫ

Біліп қой Рим, Кориоланың қақпасын
Жалғыз шауып, жалғыз тартып ашқасын,
Кай Марцийдың атына ат қосылып,
Кориолан атанып оралып тұр ортаңа!
Хош, келдің, Кориолан!

Керней үні.

ЖҰРТ

Армысың, Кориолан!

КОРИОЛАН

Жетер жұртым. Ұнамайды бұларың!
Доғарыңдар, өтінем.

КОМИНИЙ

Міне, алдыңнан шығыпты анаң!

КОРИОЛАН

Кімнің көз жасы арқасында
Тәңірінің шапағаты бұйырғанын білемін.
(Жер тізерлейді)

ВОЛУМНИЯ

Түрегел, сайыпқыраным,
Айналайын, Марцийым, ардағым Кай құлыным,
Даңқыңа тағы даңқ қосып,
Қалай еді әлгі... Кориолан атанған...
Әйелің де келіп тұр... Оған да сал көзіңді.

КОРИОЛАН

Есенсің бе сары алтындай сабырлым?
Көз жасың не, қуанышта дәл мұндай?
Табытқа сап, алып қайтса кебіндеп,
Сонда күліп шығар ма едің алдымнан?!
Жылайтын бүгін сен емес,
Кориолдың көп мұңдығы жыласын!

МЕНЕНИЙ

Тәңірі жарылқасын!

КОРИОЛАН

Амансың ба, құрметтім?
(Валерияға)

Кешір, ханым...

ВОЛУМНИЯ

Кіммен амандасуды да ұмытыппын!
(Коминийге)

Армысың, көсем! Бар болыңдар бәрің де,
Сарбаздарым аман қайтқан жорықтан!

МЕНЕНИЙ

Мың-мың сәлем бәріңе!
Білмей тұрмын күлерді не жыларды,
Жанымда тұр бір қуаныш, бір үрей.
Үш сабағым үшеуіңе мың тағзым!
Көре алмастың үстіне шықсын алапес.
Үшеуіңді көтерсін Рим төбеге,
Көре алмастардың тұз жаласын іштерін.
Оған бола ойланудың жөні жоқ.
Қалақайдай шағып алар, жолап кетсең қасына,
Қызғаншақтан күтіп болмас пәтуа.

КОМИНИЙ

Баяғысы, айтып салар бас-көзіңе қарамай

КОРИОЛАН

Өйтпесе егер, ол Менений бола ма?

ЖАРШЫ

Ау, жолды ашыңдар, бөгемей?

КОРИОЛАН

(Волумния мен Виргилияға)

Қолдарыңды беріңдер.

Әке шаңырағына бас сұқпас бұрын

Патрицийлерге бір-бір көрініп кіріп

Батасын алып шығайын.

ВОЛУМНИЯ

Көңілімдегі көп арманның

Түгел орындалғанын көрер күнге де жеттім,

Жетпегенім бір арман

Оған да егер Рим жетсе,

Менің дағы жеткенім.

КОРИОЛАН

Жоқ, Римде қаратобырдың қалауын істейтін билік қуғаным-
ша, өз қалауымша қызмет ететін ерлік қуғаным дұрыс.

КОМИНИЙ

Тарттық Капитолийге!

Керней тартылып, сырнай шалынады.

*Салтанатты шеру алыстай береді. Брут пен Сициний
алға шығады.*

БРУТ

Ауыз біткеннің айтары — соның аты.

Соны көрем деп, соқыр да көзәйнек киіп апты.

Жылап жатқан балаға қарар аяшы жоқ,

Күйіп жатқан қазанға қарар даяшы жоқ.

Есік-терезе, ірге-төбе, алаң, көше-қарақұрым,
Құдды бір қоқысқа құжынаған қара шыбын.
Әйел біткен — қылаң-сылаң,
Еркек біткен — ыраң-тыраң,
Көздер біткен алаң-жұлаң.
Құжыра баққан тақуалары,
Гибадатхананың пақыраналары.
Өңмеңдеген жұртқа өлімін сатып,
Ұятты қойып, көзімен атып
Ұмтылысады соны көрмекке,
Көре қалса, бірдеңе демекке
Көше біткен азан-қазан,
Мұншама дүрлікпес, келсе де тіпті
Жердегі пенде түгілі, көктегі тобаны.

СИЦИНИЙ

Айтпады деме,
Көп ұзамай ол консул болады.

БРУТ

Ол билік құрса,
Бізге үйде жатып, ұйқы соққаннан басқа не қалады?!

СИЦИНИЙ

Билік тисе, еті өсіп әбден көзінің
Қайдан бастап, қайдан шыққанын
Біле алмай қалар өзінің.

БРУТ

Содан басқа жоқ дәтке қуат.

СИЦИНИЙ

Көр де тұр, бірақ біздерді пана тұтқан қара тобыр
Кердеңдеген кекіреймеден болады ығыр.
Бүгінгі төбелеріне көтергендері далада қалады,
Кешегідей қайта оны жерден ап, жерге салады.

БРУТ

Менің көзімше ант етті:
Консул болсам, базардың алдын бақпаймын деп,
Момын көрінем деп, көпке көзімді сатпаймын деп,
Дауыс алу үшін көшедегі жалаңаяқтарға
Тәнімнің жарақатын көрсетіп,
Жоқты-барды шатпаймын деп.

СИЦИНИЙ

Айттым ғой, әне!

БРУТ

Бекзадалар өздері келіп жалынып-жалбарынбаса,
Консул боламын деп, азабым қанша, —
Дегенін естісең-ау!

СИЦИНИЙ

Сол сертінде тұра берсін деп аман
Бізге де сол: іздегенге — сұраған.

БРУТ

Солай болар сыңайы.

СИЦИНИЙ

Солай болса, өз обалы өзіне.

БРУТ

Не ол бізді құлатады.
Не біз оны құлатамыз.
Оны қойсаңдар, көк есектей
бәстерің қалмайды деп,
Қара тобырдың құлағын шулатамыз.
Ақиқаттың ауызына құлып біткені
Азаттықтың аяғына қақпан түскені,
Бұқара да бір, түйе де бір:
Айтқанға көн, айдағанға жүр!

СИЦИНИЙ

Итті мысыққа үргізу қандай оңай болса,
Марцийдің халыққа қаһарын төнгізу сондай оңай.
Жерден алып, жерден салып сыбап берсін, бәлем.
Қара сирақтардың көңілі бола қалар әлем-жәлем.
Сосын қиға тамызық қойғандай
шыға келсе түтіндеп,
Тынбайды тобыр қойғанынша түтіп жеп.

Жаушы шығады.

БРУТ

Не боп қалды?

ЖАУШЫ

Капитолийге шақырып жатыр.
«Марций консул болады» — деген дақпырт бар.
Соқырлар. «Бір көрейік» — деп көздерін сатып,
Кереңдер: «Бір ауыз сөз естиік»,
— деп құлақтарын тосып,
Үйме-жүйме.
Кейуаналар жолына биялай төсеп,
Қыз-қатын бастарындағы орамалын төсеп,
Бекзада біткен жер тізерлер, құлдық ұрып,
Бұқара біткен бөріктерін аспанға атып,
айқайға басып
Мәре-сәре.
Бұрын-соңды мұндайды көрсем, көзім шықсын.

БРУТ

Капитолийге ұтылмаймыз барғаннан,
Көз бен құлақ шықсын әбден арманнан,
Жүрек пақыр дәме күтер қалғаннан.

СИЦИНИЙ

Барсақ, барайық.

Кетегі.

ЕКІНШІ САХНА

Рим. Капитолий.

Орындыққа салатын екі бөстек ұстаған екі қызметші шығады.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Тез, тезірек, келіп қалды. Консулдыққа таласып жүрген қанша кісі?

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Жұрттың айтуынша, үш кісі. Бірақ, бәрінің Кориолан болатынына ешқандай күмандары жоқ.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Ер екені ер, өркөкірек, қара бұқараны көзіне де ілмейді

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Сен де айтады екенсің! Халыққа ұнаймын деп, өлімін сатпайтын игі жақсы бар ма?! Бірақ, халық соның біреуін аспанға шығарып жатады, біреуін жерден ап, жерден салып жатады. Не үшін екенін ешкім білмейді. Демек, халықтың еш сылтау, еш себепсіз ұната салуы да оңай, құлата салуы да оңай. Кориолан соны жақсы біледі. Білгесін де, қара тобырды көзіне ілмейді. Түзу жүріп, түзу тұратын текті адам ретінде ол мінезін жұрттан жасырып жатпайды.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Егер оған халықтың ұнатқан, ұнатпағаны бәрібір болса, оған жақсылық та, жамандық та жасамай, өзімен өзі бейтарап жүрмей ме?! Ал ол әдейі ұнамау үшін, әдейі дұшпандарына таба болу үшін не істеуден де тайынбайтын сияқты боп көрінеді де тұрады. Өйтіп халыққа ұнамай, жеккөрінішті болуға әдейі тырысудың сұханың сүймейтін тобырға ұнау үшін әдейі жағынып бағудан ешқандай артықшылығы жоқ.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Ол Отанына жан-тәнімен қызмет етті. Ол бұл жағынан ештеңе істемей-ақ ел алдында жақсы боп көрінуге тырысып тыраштанатындарға қарағанда жұрт құрметіне әбден

лайық. Ал Кориоланның еткен еңбегінің ел көзіне түскені, ел көңілінен шыққаны соншалық, ол жайында ештеңе айтпай үнсіз қалу нағыз қараниеттердің ғана қолынан келер еді. Ол жайында жаман сөз айту не суайттардың, не сұмырайлардың ғана қолынан келетін, естір құлаққа ұят қиянат болар еді.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Жарайды, сөзді доғарайық. Шамасы, ол расында да тегін кісі болмас. Сенаторлар келеді, жолдан былай тұрайық.

Керней үні. Ликторларын алдына салып, консул Коминий, Менений, Кориолан, сенаторлар, Сициний мен Брут көрінеді. Сенаторлар өз орынына, трибундар өз орынына жайғасады. Кориолан түрегеп тұр.

МЕНЕНИЙ

Ларций Римге шақырылып,
вольскілердің шаруасы бітіп,
Іс оңға әбден басқан кезде
Отанға осынша еңбек еткен ардақты жанның
Қызметін қалай бағалаудан басқа не іс бар қалған?!
Сондықтан да, ел ағасы жақсылар,
Осында отырған консулымыз, көсеміміз.
Кай Марций Кориоланның
Ел үшін қандай ерлік қылғанын
Өз аузынан айтып берсе екен.
Кориолан да, міне, ортамызда,
Ел лебізін өз құлағынан естісін.

БІРІНШІ СЕНАТОР

Сөйле, Коминий,
Зеріктірем деп қорықпа,
Бар гәп біздерде емес,
Ерлерінің ерлігін әділ бағалауда
Римнің қалтасы тым жұқа екенін дәлелде.

(Трибундарға)

Ал, қадірлі халық қалаулылары,
Барлық айтылғандарды ықыласпен тыңдап,
Артынан біздің шешімімізді де
Ел алдында қуаттауларыңызды сұраймыз.

СИЦИНИЙ

Ынтымағы үшін жалпының
Осы жиын арналған
Ардақты біз де қадір тұтуға әзірміз.

БРУТ

Егер ол да бұрынғысынан гөрі халықты
Қадірлесе көбірек,
Көбірек қадірлі болар еді өзі де.

МЕНЕНИЙ

Брут, орынсыз бұл сөзің,
Үндемей-ақ қоймадың ба одан да.
Жарайды, Коминийге құлақ ас.

БРУТ

Мақұл, бірақ менің оған ескерту жасауым
Сенің маған ескерту жасауыңнан
Әлдеқайда орынды.

МЕНЕНИЙ

Елін сүйсе, сондай-ақ сүйер,
Бірақ, бүкіл елмен қалай өрер бір төсектен.
Коминий, сөйле.

Кориолан кетуге оқталады.

Ал, сен сабыр ет. Тоқта.

БІРІНШІ СЕНАТОР

Өз атыңа елің айтқан мақтауды
Өз құлағыңмен естігеннің несі ұят.
Отыр.

КОРИОЛАН

Қалай жарақаттанғанымды қайтадан естігенше,
Жөн болар ед емдегенім тезірек.

БРУТ

Менің сөзім
Тимеген шығар шамыңа.

КОРИОЛАН

Жоқ, бірақ, оқтан қашпасам да,
сөзден қашатыным рас.
Айтқан жоқсың мақтау-мадақ,
оған неге апшиын.
Халқың қандай лайық болса қадірге,
Тап сондай құрметтеп келем әзірге.

МЕНЕНИЙ

Отырсайшы.

КОРИОЛАН

Болмашы іске бағышталған жел сөзді
Тыңдағанша, қызу шайқас тұсында
Рахаттанбаймын ба оққа тосып желкемді.

Кетеді.

МЕНЕНИЙ

Қалаулылары халықтың,
Мыңнан екеу есті шықса ортаң да,
Оған дағы мың тәуба,
Сондай өңшең жағынам деп тобырға,
Қалай тұрсын естимін деп кіл мадақ,
Онсыз да аз қан төкпеген болса елге арнап.
Баста, Коминий.

КОМИНИЙ

Менің әлсіз даусым.
Кориоланның ерлігін айтып мақтауға,
Әңгіменің расы — ел үшін жанын сарп етер
екінші ерің жоқ ондай,
Он алты жыл бұрын осыдан
Римге Тарквиний тап берсе,
Сол емес пе ед тойтарған.
Сол кездегі патшамыз өз көзімен көріп, тамсанған
Ерлігіне түбіт иек баланың
Түре қуған өңкей жауды мауыздай.
Жарақаттанған қандасын жауға жалғыз тастамай
Оған жабылған үшеуді
Жайратып салған бір өзі.
Тарквинийден шыққан да сол жекпе-жек,
Түбіт иек бозбала.
Басына емен алқаны
Алғаш сонда байлады.
Тумай жатып алдына жан салмады,
Он жеті жасында
Ұқсады атқан жасынға.
Кориолды да кеше ол егер болмаса,
Масқараға қалдырар еді өңшең қорқақ далбаса.
Қашқындардың қарсы тұрып алдынан,
Кері қуып, жау қамалын қан қылған.
Тұмсығындай кеменің түре жарған толқынды,
Ол жүрген жақ омырылды, опырылды.
Әр қимылы жаудың сапын жапырып,
Желпінген дұшпанды жер қылды.
Кориолдың қамалына да қойып кетті бір өзі,
Жат қақпаға жұққан алғашқы қан да сонікі.
Жалғыз жайпап дұшпанды
Қайта жығып, қайта бастап қалың қол,
Тажал ордаға топалаңды салған сол.
Сол арадан желге төсеп құлағын,
Жер түбіндегі шайқастың бетін аңғарып,

Жалаңдатып қанжарын
Вольскілердің өлігі
Жолында қалды тау болып.
Ол көрмеді сәл мұрша
Қала мен дала өз қолымызға көшкенше
Есіл-дерті жау болып.

МЕНЕНИЙ

Ерім-ақ қой сабазың!

БІРІНШІ СЕНАТОР

Ардақтасаң ардақта
Асып туған асылды.

КОМИНИЙ

Қызықпады олжаға,
Тартудан да бас тартты,
Оны қадір тұтады.
Ол үшін сый жоғары —
Ел жолында тер төгіп,
Қан-запыран жұтқаны.

МЕНЕНИЙ

Абзал десең осыны айт.
Шақырыңдар мұнда өзін.

БІРІНШІ СЕНАТОР

Иә, кірсін бері Кориолан.

Кориолан кіреді.

МЕНЕНИЙ

Кориолан, сенат саған
Берді Консул атағын.

КОРИОЛАН

Қызмет қылам сенатқа
Семсерім мен өмірімді аямай.

МЕНЕНИЙ

Енді жұртқа сөз сөйле,
Рәсімнің шартымен.

КОРИОЛАН

Ол үрдістен бастартуға мұрша бер.
Ебіл-себіл ел алдында тұра алман.
Жарақатымды санатып,
Дауыс бер деп жалынып.

СИЦИНИЙ

Халық дауыс бермесе, болмайды,
Ол қалады ренжіп
Қадірлемесең үрдісті.

МЕНЕНИЙ

Назalandырма халықты,
Қарсы тұрма үрдіске,
Түгел жасап ел дәбін
Атағынды ал бұйырған.

КОРИОЛАН

Қайдағы бір шарт үшін
Қылымсудан қысылам.
Көрмесін ел сонымды.

БРУТ (*Сицинийге*).

Естисің бе?

КОРИОЛАН

Дауыс алу үшін жауға тосқам жоқ кеудемді,
Енді сол бір есептетіп ескі тыртықты
Ел құлағын қайтып тоздырам:
«Ана жерде бұйттім», — деп,
«Мына жерде өйттім», — деп.

МЕНЕНИЙ

Қиқарлықты қой ондай.
Трибундар, естіртіндер ел-жұртқа
Біздер алған шешімді.
(*Кориоланға*).
Ал, ардақты Консул,
Аса берсін абырой!

СЕНАТОРЛАР

Бағың тассын, атағың ассын, Кориолан!

Керней үні.

Сициний мен Бруттан басқалары шығып кетеді.

БРУТ

Халыққа деген ықыласын көрдің әні!

СИЦИНИЙ

Түсінбейді ғой жұрт бірақ!
Жек көре тұрып біліп тұр,
Жерге тастамасын ел сөзін!

БРУТ

Барайық, кәне, халыққа
Айталық жәйді анықтап.

Кетеді.

ҮШІНШІ САХНА

Рим. Форум.

Жеті-сегіз қала азаматы көрінеді.

БІРІНШІ АЗАМАТ

Бас ауыртатын не бар: ол сұраса,
дауысымызды береміз.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Ұнатпасақ, бермей де қоямыз.

ҮШІНШІ АЗАМАТ

Әрине, ондай құқымыз бары рас. Бірақ, оны қашан пайдаланып көріп ек. Жарақатын көрсетсе, аузымыздың суын ағызып, сол жайында көкіп қоя береміз. Істеген ізгі істерін айтса, оған құлақ аспауды қаражүректік көреміз. Өйткені, ізгілікке сүйсінбеуден асқан құбыжық бола ма? Еткен қызметтің қадірін білмеген халық — құбыжық халық. Халықтың өкіліміз деп тұрып, қалайша құбыжық бола аламыз.

БІРІНШІ АЗАМАТ

Е, ондай сұмырай атаққа ие болу қиын ғой деп пе ең. Баяғыда нанға бола көтеріліс шығарғанда, бізді қырық басты аждаһаға теңеп, тіл тигізген соның өзі емес пе еді?

ҮШІНШІ АЗАМАТ

Е, кімнің тілі тимей жатыр?! Қырық басты десе, біреуіміздің шашымыздың қара екенін, біреуіміздің шашымыздың сары екенін, үшіншіміздің шашымыздың қызыл екенін, ал төртіншіміздің шаштан ада таз екенін айтқан жоқ шығар, әр қайсымызды әр жаққа алып қашқан, ақылымыздың аз екенін айтқан шығар. Ондай қырық саққа жүгірген сөз көп бастан шықпай, бір бастан шыққан күннің өзінде, әр қайсымызды әр тарапқа жүгіртіп, тоз-тоз қып жібермей ме?

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Сонда қалай ойлайсың, мәселен, мына менің ақылым қалай қарай шалқыр еді?

ҮШІНШІ АЗАМАТ

Сенің шамалыда басыңнан бұзып-жарып шыға қоятын ақылың бар ма? Егер шыға қойса, дәу де болса, оңтүстікке қарай тартар еді.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Неге олай дейсің?

ҮШІНШІ АЗАМАТ

Жылы жақта буланып көруге оңайырақ қой. Төрттен

үші шіріген қоқырсық боп ұшып кеткен күннің өзінде де, төрттен бірі басыңда қап, қайтадан қатыныңның басына қарай тартқылайды ғой.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Қайдағы бір қысыр сөзің қалмайды-ақ.

Сонымен қандай пәтуға тоқтадың?!

ҮШІНШІ АЗАМАТ

Не деп шешелік? Дауыс береміз бе, жоқ па? Одан келер-кетер шамалы: көпшілік бәрібір дауыс береді. Дегенмен бір айтатын нәрсе: халыққа жылы сөйлесе, одан асқан адам болмас еді.

Монтаны киінген Кориолан мен Менений көрінеді.

Мінеки, өзі де келеді. Жұртқа ұнайын деп, монтаны киіп алыпты. Өзін бізбен қалай ұстар екен. Мықтап зер сылыңыздар. Топырласудың қажеті жоқ. Оның қасына бір-бірлеп, не екі-екіден, үш-үштен барамыз. Әрқайсымызға жеке-жеке тіл қатсын. Өз дауысымызды өз аузымыздан берелік. Кәні, маған еріңдер. Оның қасынан қалай өтіп кету керек екенін көрсетейін.

ЖҮРТ

Жарайды, келістік.

Қала адамдары тарасады.

МЕНЕНИЙ

Жоқ, саған қосыла алмаймын:

Бұл тәртіпті орындайтындар

— нағыз инабатты адамдар.

КОРИОЛАН

Сонда не деуім керек?

«Достым»... Арам қатсын!

Тілімді осы көндіктіре алмай-ақ қойғаным.

«Мынау, жарақатым, көріп ал,

Сенің отандастарың өз дабылынан өзі қорқып,

Дүркірей қаша жөнелгенде,

Еліме қызмет етемін деп таптым!»

МЕНЕНИЙ

Жоқ, ойбай! Олай айтпа.

Әуелі олардың өзінен еңбектеріңді еске түсіруді сұра.

КОРИОЛАН

Олардан ба? Менің еңбегімді ме?

Сайтан алсын! Абыздар айтқан обал-сауапты

Қалай оңай ойларынан шығарса,

Мені де дәл солай оңай ұмытсын.

МЕНЕНИЙ

Қиқарлығыңды қоймасаң —

Істі насырға шаптырасың.

Өтінем. Мен кеттім.

Әдепті сөйлес.

КОРИОЛАН

Әуелі тістерін дұрыстап тазалап,

Беттерін дұрыстап жуып алсын.

Екі кісі шығады.

Мына бір екеуі келеді.

Үшінші кісі шығады.

Сіздер, әрине, менің мұнда нағып тұрғанымды білетін шығарсыздар.

ҮШІНШІ АЗАМАТ

Білуін білеміз. Бірақ, сені мұнда әкелген не деп ойлайсың?

КОРИОЛАН

Елге істеген еңбегім деп ойлаймын.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Сенің еткен еңбегің не?

КОРИОЛАН

Иә, бірақ мен мұнда өз еркіммен кеп тұрғам жоқ.

ҮШІНШІ АЗАМАТ

Қалайша?

КОРИОЛАН

Өз еркіммен ешқашан қайыршыдан қайыр-садақа сұрамас ем.

ҮШІНШІ АЗАМАТ

Дегенмен, сен біз бірдеңе бергенмен, сенен де бірдеңе алатынымызды ұмытпа.

КОРИОЛАН

Тіптен жақсы. Ендеше айтшы: консулдыққа қанша ақы сұрайсың?

ҮШІНШІ АЗАМАТ

Достық өтініштен басқа ештеңе.

КОРИОЛАН

Достық өтініш пе?

Онда, бауырым, дауысыңды маған бер.

Жарақаттарымды саған оңашада көрсетермін.

(Екінші азаматқа).

Сен де, достым, дауысыңды бер. Не дейсің бұған?

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Дауысым сенікі, сайыпқыраным.

КОРИОЛАН

Жарайды, уәде уәде. Міне, сүйтіп елі инабатты адамның дауысына ие болдым. Шапағаттарыңа рахмет. Сау тұрыңдар.

ҮШІНШІ АЗАМАТ

Біртүрлі оғаштау.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Қайта сұраса, айтар ек... бірақ, болар іс болды.

Үш азамат кетеді. Басқа екі кісі көрінеді.

КОРИОЛАН

Егер менің консул болуымды қаласандар, дауыстарыңды беріңдер. Әдет бойынша киініп келгенімді көрмей тұрсыздар ма?

ТӨРТІНШІ АЗАМАТ

Отанға адал қызмет еткенің рас, бірақ қызметің бәрібір адал емес.

КОРИОЛАН

Бұл не жаңылтпаш?

ТӨРТІНШІ АЗАМАТ

Еліңнің дұшпандарына бүйідей тидің, бірақ достарыңды шаяндай шақтың: сен жәй халықты ешқашан жақсы көрген емессің.

КОРИОЛАН

Демек, сен мені кім-көрінгенмен ауыз жаласа бермейтінім үшін тіптен бағалауың керек қой. Егер де менің халқыма жағынғаным керегірек болса, онда одан ондай құрметімді аямауға әзірмін. Ал сол данышпан халқыма адал қызметімен гөрі алдында иіліп-бүгіліп құрақ ұшып тұрғаным керек болса, онда ол ұнататын жылпостарға ұқсап, көрінген көк аттының алдында көлбең қағуға мен дайын. Сондықтан өтінем: мені консул қып сайлай көріңдер.

БЕСІНШІ АЗАМАТ

Бізге дос болатыныңа көзім әбден жетіп тұр, даусымды қуана-қуана саған берем.

ТӨРТІНШІ АЗАМАТ

Оның үстіне сен Отан үшін алысам деп көп жарақаттандың ғой.

КОРИОЛАН

Оны өзің біліп тұрсаң, көрсетпей-ақ қояйын. Сіздердің дауыстарың маған өте қымбат, сондықтан жолдарыңнан қалдырмайын.

ЕКІ АЗАМАТ:

Шын жүректен тілектеспіз: абыройың аса берсін!
Кетегі.

Бүйткен дауыстарыңа болайын!
Өзің еткен еңбегіңді
Өзің алақан жайып сатып алғанша,
Арам қатқанның өзі жөн.
Ебіл-себіл елге күлкі боп,
Бұл тұрысым, не тұрыс?
Әдетті бұлай сақтасақ,
Атамзаманның айтқанынан шықпай,
Ақиқаттың ауызын буып қояр ек.
Бүйтіп атақ алғанша
Атақсыз қалғанның өзі артық емес пе?
Оның жолында өлімін сататындар-ақ
Шықсын шығар ұшпақтарына!
Жоқ, бұл масқараның
Жартысына шыдаған соң,
Жартысына да шыдау керек
Құдай салды, біз көндік.

Тағы да үш кісі көрінеді.

Міне, тағы үш дауыс —
Аяңдар мені, өтінем.
Сендердің дауыстарың үшін
Айқасқа шықтым сан рет.
Азапқа түстім талай түн.
Он сегіз рет шайқасып,
Жарақат алдым жиырма бес.
Сендер үшін еткен еңбек бола ма еш?!
Дауыстарыңды бере гөр!
Консул болғым келіп тұр.

АЛТЫНШЫ АЗАМАТ

Иә, жанқиярлықпен соғысқаның рас. Ары таза бір де
бір адам оған дауыс бермей тұра алмайды.

ЖЕТІНШІ АЗАМАТ

Мейлі, консул болса болсын. Құдай бақытын асырып,
халқының нағыз досына айналдырсын.

ЖҰРТ

Әумин! Тәңірлер консулды сақтай көрсін!

Қала адамдары тарасады.

КОРИОЛАН

Мұндай дауыстың қадірі қандай десеңші!

Менений, Брут, Сициний кіреді.

СИЦИНИЙ

Іс бітті. Трибундар халық дауысын алып берді.
Енді консулша киініп,
Ел алдына шығуың қалды.

КОРИОЛАН

Сонымен болды ма?

СИЦИНИЙ

Үрдісті істедің. Халық келісті.
Консул атақ сенікі. Әуелі тек
Сайлау қорытындысын бекіту керек.

КОРИОЛАН

Сенатта ма?

СИЦИНИЙ

Иә, Кориолан, сенатта.

КОРИОЛАН

Киімімді өзгерте беруге болады ғой?

СИЦИНИЙ

Болады.

КОРИОЛАН

Барып киімімді қайта өзгертіп,
Сенатқа өзіме өзім кеп барайын.

МЕНЕНИЙ

Мен сенімен бірге барам.
Ал, трибундар сендер ше?

БРУТ

Біз халық арасында бола тұрамыз.

СИЦИНИЙ

Іске сәт!

Кориолан мен Менений кетеді.

Дегеніне жетті, жынына біраз тисе де.

БРУТ

Сол баяғы кердең кейпінде
Үстіне кебенек кисе де.
Қалай, таратамыз ба халықты?

Қала адамдары көрінеді.

СИЦИНИЙ

Қалай, достар! Сайладыңдар ма?

БІРІНШІ АЗАМАТ

Дауысымызды соған бердік.

БРУТ

О, тоба,

Ертең ол бүйткен елді жер қып жүрмегей тек!

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Әумин. Бірақ көрінеді ол маған

Бұларды әдейі келеке қып сұраған?

ҮШІНШІ АЗАМАТ

Әрине, әжуалап тұрды ғой.

БІРІНШІ АЗАМАТ

Жоқ, жоқ, әжуасыз, шыны ғой.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Сенен басқаның бәріне

Ол мініп тұрғандай көрінді кәріне.

Ел үшін алыстым деп айтса расын,

Неге бізге көрсетпеді жарасын?!

СИЦИНИЙ

Оны, әрине, көрсеткен шығар.

ҚАЛАЛЫҚТАР

Қайдағы? Ондай тіпті ойында да болған жоқ.

ҮШІНШІ АЗАМАТ

«Жарамды көрсетермін оңашада,

Ескі әдет бойынша

Менің консул болуым үшін

Сендердің дауыстарың керек боп тұр,

Дауыстарыңды маған беріңдер», — деді

Қалай болса солай айта сап.

«Дауыс бергендеріңе рахмет,

Енді жолдарыңнан қалмаңдар», — деп,

Қосып қойды тағы да.

Келеке емей бұл не сонда?

СИЦИНИЙ

Бала боп кеткенсіңдер ме, тәйірі,

Әжуа мен ақиқатты айырмай,

Дауыстарыңды бере сап?

Ол сендерді санап тұр ғой ақымақ!

БРУТ

Немене, баяғыдан бері не құйдық құлақтарыңа. Әлі билікке келмей тұрып, Римнің қатардағы қызметшісі бола жүріп, Сендерді өлердей жек көргенін, жиындарда қара тобырға

Еркіндік пен құқ беруге қарсы шығып,

Сөз сөйлегендерін ұмыттыңдар ма?!

Енді, міне, сол қалпында қалғанын

Көре тұрып, мемлекетте ықпалы зор

Билік алып бергендерің,

Өз бастарына өздерің сор тілеп алғандарың.
Ең болмаса айтпадыңдар ма —
Ел алдында еңбегіңнің сіңгені рас,
Бірақ, консул болуың біздің дауысымыздың арқасы,
Сондықтан да өштескенінді ұмытып кешегі,
Бұдан былай бізге дос бол, қорған бол, — деп
Ақылдарың жетпеді ме соған да!

СИЦИНИЙ

Бұны айтсаңдар, әп дегеннен шарт сынып,
Ішіндегісін бір-ақ ақтарып салатын еді.
Ертең сөзінен тайып кетсе, бетіне салық қылатын
Нақты уәде алатын едіңдер.
Не баяғы мінезіне басып,
Ерін бауырына алып туласа,
Сонысын қазір сылтау қылып
Дауыстарыңызды қайтып алуға болатын еді.

БРУТ

Әлде сендер оның әдейі әжуа қып тұрғанын
көрмедіңдер,
Әлде ертең қолына билік тигесін,
Бұрынғыдан бетер езіп-жаншитынын білмедіңдер,
Әлде көкіректеріңдегі жүрек емес бұлқынған,
Әлде көмейлеріңдегі қызыл тіл
Білмейді басқа ештеңе құр әншейін былшылдан.

СИЦИНИЙ

Әне, сұрағанынан біреудің
Бас тартып көрмегеннің қырсығы.
Әйтпесе, келеке қып тұрған кердеңге,
Дауысымды қор қып не жыным?!

ҮШІНШІ АЗАМАТ

Бекітіле қойған жоқ ол әлі,
Қатені түзетуге болады.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Ендеше, сол түзетейік қатені
Бір өзім бес жүз кісіні қайта көндіріп әкелем.

БІРІНШІ АЗАМАТ

Мен мыңды көндірsem, олар өз достарын...

БРУТ

Ендеше, іске ассын сол жоспарың,
Бізді үрерге керек көк төбеттей
Құйрығымызды күнде бұрап
Отырғаннан басқа еш ұшпаққа шығармас
Озбырға алданып қалыппыз деп айтыңдар.

СИЦИНИЙ

Шақырындар да жарлы-жақыбайды
Құл болмай тұрып басыбайлы
Сайлауды бұзу жағын шешіндер.
Басқаны қойып, монтаны киім киіп тұрып,
Басынғанын,
Тілге тиек етіңдер.
Ескереміз деп ел алдындағы еңбегін
Білмей қалдық деңдер
Бізді әдейі келеке қылуға келгенін.

БРУТ

Бізге аударындар пәлені,
Көкейдегі ренішіміз жатса да,
Дауыс беріндер деп азғырған солардың әлегі.

СИЦИНИЙ

Өз еркімізбен дауыс бергеміз жоқ,
Біздер азғырғасын, дауыс бердік деп.
Сөйтіп, артық қыламыз деп, тыртық қып,
Төбемізге шығарыппыз деңдер дұшпанды.

БРУТ

Иә, бізді сынап бағың аямай,
Тумай жатып, ел үшін алысып,
Еңбек етті деп мақтаған да біздер деңдер.
Біздер деңдер ата-тегін таратқан:
Шықты деп Римге берген төртінші падиша —
Марций туған текті танаптан,
Ұлы Гостилий — қусаң атасы,
Ұлы Нума — қусаң тағасы,
Квинт пен Публидің бір тұяғы,
Римді құбыр сап суға қандырған,
Екі рет цензор сайланып,
Цензориннің соңы деп
Әділдігімен жарлы-жақыбайды таң қылған.

СИЦИНИЙ

Онымен қоса айтындар,
Біз екеуміз құйды деп құлаққа,
Тектілігін былай қойғанда,
Консул болуға құқ беретін
Өзге де талай сырларын.
Бірақ, артынан ойланып,
Таразыға тартып қарасақ,
Бізді өлердей жек көретін
Озбырды өзіміз сайлағанымыз,
Өзімізді өзіміз жазалағанға парапар.
Сондықтан да қайтамыз деңдер шешімнен.

БРУТ

Екеумізге аударып бар қырсықты,
Оған деген жұрт көңілін ушықтыр.
Содан кейін жұрттың дауын қайталап,
Капитолийге шауып барың анталап.

ЖҰРТ

Содан басқа амал жоқ,
Жұрттың бәрі түсінеді қатесін,
Әй, оның танытамыз әкесін.

Кетегі.

БРУТ

Бара берсін!
Қу тобырды дүрліктіру түк те емес,
Қиын болар еді, ол жеңіп кетіп,
Бітсе егес.
Сайланбай қалса, Марций қиқу салады.
Оның, бірақ,
Бізге келер-кетері шамалы.

СИЦИНИЙ

Қара тобыр қаптап кетпей тұрғанда,
Капитолийге барып, жүре тұрайық сол маңда,
Сонда біздің араласымыз жоқтай көрінер,
Даурықпа топ өзі істегендей боп желігер.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ САХНА

*Сырнай үні. Рим көшесі. Кориолан, Мененний, Коми-
ний, Тит Ларций, Сенаторлар мен Патрицийлер.*

КОРИОЛАН

Сонымен, тағы бас көтерді Авфидий?

ЛАРЦИЙ

Солай болды. Соны біліп
Асықсақ та бітімге.

КОРИОЛАН

Демек, ол тұрғанда орын жоқ де үмітке
Вольскілер үшін тек ілік керек бүлікке.

КОМИНИЙ

Жоқ, консул
Олар әдбен жер болған.
Біз тіріде
Оларға қиын ел болған.

КОРИОЛАН

(Ларцийге).
Авфидийді өзін көрдің бе?

ЛАРЦИЙ

Маған келіп кетіп хатын көрсетті,
Қаланы беріп қиған опасыз елін бір сыбап,
Анциумға ауып кетті біржола.

КОРИОЛАН

Мен туралы айтты ма?

ЛАРЦИЙ

Иә.

КОРИОЛАН

Не деді?

ЛАРЦИЙ

Сайысқанын айтты сан рет.
Өш екенін айтты өлердей.
Аямасын айтты ата дәулетін
Күн туса тағы кездесіп,
Сан сайыста жеңердей.

КОРИОЛАН

Сонда ол әлі Анциумда ма?

ЛАРЦИЙ

Иә.

КОРИОЛАН

Маған онда солай бару керек жақындап,
Тұншықтыруға тұнған кегін лапылдап.
Құттықтаймын аман-есен оралуыңмен, ал сені!

Сициний мен Брут кіреді.

Қара тобырды желіктіруші қос ділмар,
Бұл екеуі аман тұрғанда
Бекзаттарға күн қалмады,
Сол үшін де жек көремін өздерін.

СИЦИНИЙ

Енді аттама бір аттам!

КОРИОЛАН

Неге олай?

БРУТ

Енді қауіп аттап шықсаң, бір қадам!

КОРИОЛАН

Бұларың қандай жаңалық!

МЕНЕНИЙ

Не боп қалды соншама?

КОМИНИЙ

Оны сайлаған бекзаттар мен халық қой?

БРУТ

Жоқ.

КОРИОЛАН

Сонда немене, дауыс берген бала-бажыр болды ма?

БІРІНШІ СЕНАТОР

Жолдан былай тұр. Ол базар алаңына барады.

БРУТ

Ызаландырып апты халықты.

СИЦИНИЙ

Тоқта, әйтпесе, от шығады ойыннан!

КОРИОЛАН

Қу тобырдан бұдан басқа не күтем?

Өз сөзін өзі ұмытар жетесіз.

Шуылдаққа билік тигесін не етесіз!

Ел аузына қақпақ болар екі ділмар,

Оларды тоқтатпай, сендер қайда қалдыңдар?!

Әлде өздерің бе шаптарына шоқ салған?!

МЕНЕНИЙ

Жә, сабыр ет.

КОРИОЛАН

Жоқ, бұлары әдейі істелген зұлымдық,

Қара тобырды ақсүйектерге айдап, ырың-жырың гып,

Құртатын болды елді қаралай құрым қып.

Ел билеу қолдарынан келмейді,

Билей алатындардың тілін тағы алмайды.

БРУТ

Зұлымдық жоқ ешқандай.

Ел ызасы тілі тиді деп бір кезде,

Нанды тегін бергізбеді дейді

Халыққа жақ болғандарды

Шиге шаншып, шырақ алып түсті дейді соңына.

КОРИОЛАН

Оның бәрі көптен мәлім көкіме.

БРУТ

Сен білгенмен, жұрт білмейді.

КОРИОЛАН

Өзің болдың ғой құлақтарына құйған ендеше?

БРУТ

Кім? Мен бе?

КОМИНИЙ

Сенен басқа кім істейді мұндайды?

БРУТ

Жақсымыз деп тұрған жайсаңдар
Маған қиғандарың осы болғаны ма?!

КОРИОЛАН

Маған онда консулдық мұндай не керек?
Аспандағы анау ақша бұлтпен ант етем,
Одан қайта сендерге ұқсап
Жүрмеймін бе көкіме соғып көшеде?!

СИЦИНИЙ

Жұртты ыза қылатын
Сенің осы мінезің.
Егер рас мақсат қойсаң алдына
Жолды таңда соған тура жететін,
Қателіктің қатерінен аман өтетін
Әйтпесе, консулдықтың да,
трибундықтың да басын ауыртпа

МЕНЕНИЙ

Жетер.

КОМИНИЙ

Халық әбден алданған.
Римге лайық емес мұндай зобалаң,
Қайдағы жоқ былшылға
Кориоланның жолын кестіруге болмайды.

КОРИОЛАН

Тағы да айтты-ау паж дауын,
Тағы айтқызса, тағы да сол — айтарым.

МЕНЕНИЙ

Жә, асықпа, асықпа оған...

БІРІНШІ СЕНАТОР

Сонша абыржудың жөні жоқ.

КОРИОЛАН

Жоқ, бұны осы арада қазір айтпасам,
Өзіме өзім риза болмай өтер ем.
Абзал достар, ашуыма ғафу ет,
Бірақ, қайдағы бір қара сирақ тобырдың
Қабағына қарағыштайтын жәйім жоқ.
Шамына тисе сөздерім,
Түсінсін әуелі өз жөнін,

Солардың алдында жығып беріп сенатты,
Ереуіл мен бассыздыққа
Өздеріміз жол аштық.
Қарамен қатар тұрамыз деп,
Қолдағы биліктен айырылып
Жалаңаяқтардың табанына қаламыз ба тапталып?!

МЕНЕНИЙ

Доғар.

БІРІНШІ СЕНАТОР

Енді қайтып жақ ашпа.

КОРИОЛАН

Немене, жақ аспайтын менмін бе?

Қалың жауға қарсы шауып, қанға бөккенде

Енді қайдағы бір алабүлік алапестердің

Арам істерін айтуға тартынам ба?

Жоқ, жөнім жоқ жалтарар,

Қарсы шабам, қалың жаудай қара тобырға.

БРУТ

Халық жайлы бұл сөзге аузың қалай барады,

Бұлай дейтіндей

Жұмыр басты пенде емей, сен кім ең?

Әлде көктегі тәңір ме ең?

СИЦИНИЙ

Бұл сөзіңді ел естісе, не боларын білесің бе?

МЕНЕНИЙ

Онсыз да ызалыны ызаландырып қайтесің?

КОРИОЛАН

Ыза дейсің бе? Қайдағы ыза?

Түн ортасында ұйқымнан тұрғызып ап,

Айтқызсаң да айтарым осы.

СИЦИНИЙ

Бұндай ойың өз басыңа болар сор,

Қалғандар үшін ештеңе де болмайды.

КОРИОЛАН

Болғанда қандай болады!

«Болады», — деп қышқырып жатыр қу тобыр,

Саппастардың салын суға кетіруге!

КОМИНИЙ

Онда заңға қайшы келер түк те жоқ.

КОРИОЛАН

«Болды!»

Уа, Ақпейіл, ақ көкірек,

Бірақ, сылбыр және бейқам төр алқа!

Осы сөзбен өздерің шығарған шешімді

Құрдымға сіңіріп құртпап па еді сан рет
Қу тобырды азғырып,
Қараларға қамқорсынған кілең ала аяқ?!
Егер билік шыннан көшкен болса
егер де соларға,
Дірдек қағып, бас иіп тұрмасқа
қандай амал бар?!
Олай егер болмаса,
Бұдан былайғы басқа шығару далбаса.
Ақылдарыңыз орынында болса, ардақтар,
Жөн-жоқ енді қу тобырға жалтақтар,
Ақылдан рас ада болып қалсаңдар,
Бәрібір істі шешетін солар болғасын,
Орындарыңды соларға беріп,
Дұрыс болар еді жөндеріңе тайсаңдар.
Әйтпесе, мынау еліріп алған қиқу жұрт
Тауып апты сенатты көнбіс, салбөксе,
Не айтса да: «Болады!» — деп
Отыратын бас шұлғып.
Дархандықты бүй деген
Бағзыдағы гректер де білмеген.
Консулыңа көрсетері бұл екен,
Рим енді қашты дей бер берекең,
Қос өкімет бар жерде
Айдап салар біреуіне біреуін
Күш алып кетер әрекет.

КОМИНИЙ

Сөзді доғар!

Алаңға кеттік одан да!

КОРИОЛАН

Кімдер ақыл берсе де,

Анда-санда гректер де

Нанды тегін таратқан...

МЕНЕНИЙ

Сабыр етші, жарқыным...

КОРИОЛАН

Олардың рас елге ерікті көп бергені,

Бірақ, әлгі ақылды айтқандар біліп пе.

Сол арқылы күллі елді

Жем қыларын ереуіл мен бүлікке.

БРУТ

Осындайды айтқан адамды

Халық қалай қалайды?!

КОРИОЛАН

Одан да басқа толып жатыр дәлелім.
Білмейді ғой қу тобыр
Еш еңбегі сіңбеген есіл нанды жегенін.
Солар емей, кім еді,
Ел шетіне жау тиіп, Отанға қатер төнгенде,
Жалынғанда «аттандап».
Есіктен аттап шықпаған?!
Майданда да бітіргендері шамалы:
Қит етсе, ереуілдеп, қит етсе, бүлік салады.
Сенатқа да өздерін жақтап өзгеге дау шығарып,
Қорқытып алды көп құқты.
Бірақ, соның білді ме олар қадірін?
Ойларынша олардың
Көптігімен қорқытып алған нанды да!
Елірткеніміз соншама
Қолдағаныңды қорыққандық деп біледі.
Бүйте берсең, көп қарға
Басып кіріп сенатқа
Мұнда отырған аз бүркіттің көзін шұқып тастайды.

МЕНЕНИЙ

Доғар! Болды енді!

БРУТ

Асып кеттің тым шектен!

КОРИОЛАН

Жоқ, болғам жоқ,
Жердегі аруақ, көктегі тәңір атыменен ант етіп,
Айтар тағы сөзім бар.
Егер билік құрғандардың бір тобы
Өздерін жерден ап, жерге сап жатқан екінші топқа
Жек көргеннен басқа қылар қайран таба алмай,
Қол қусырып отырса,
Көптігіне сенген кіл қиқым
Тегіңе де, жөніңе де, ақылыңа да қарамай,
Жайына қалып ел қамы,
Қиратады отынша,
Ойран етер орданды,
Адына тосқауыл тұрғызып,
Кім бар еді жеткен арманға?!
(Сенаторларға).
Сондықтан, жасқаншақ емес, абайшыл,
Өзгерістен гөрі іш тартатын тәртіпке,
Жөн көретін абыройсыз ғұмырдан, абыройлы өлімді,
Масқараға төзгенше, пейіл тұрар заһар удың өзіне.

Асыл текті жайсаңдар,
Жалынып айтар жалғыз өтініш:
У жалап қойып, бізді де,
өздерін де құртпай тұрғанда,
Мынау бұзақы тобырдың
Тілін кесіп, көмейіне керек күл құю.
Әйтпесе, олар үнін өшіріп сенаттың,
Ел ішіне іріткі сап,
Өкіметтің түбіне жетіп тынады.
Расында да, зорлық желкелеп мініп алған өкімет
Ізгілікке қызмет қып, не бітіреді.

БРУТ

Енді түсінікті болған шығар бәріңе!

СИЦИНИЙ

Тап мынасы — қып-қызыл опасыздың сөзі ғой,
Опасыздарша жауап берсін қалың көптің алдында!

КОРИОЛАН

Оңбаған! Қызғаныштан кетер шығарсың жарылып!
Мынау екі жылтыр төбе аярды
Ел азғырып, ел бұзсын деп
Шығардыңдар ма, төбеге,
Неге қойдыңдар трибун қып?!
Бұқара мұндай билікке
Жеткен кезде дүрлікпе.
Ондай кезде ақыл емес, ашу кетер күш алып,
Енді ол ереуіл басылды.
Күш алу керек қайта заң.
Жою керек трибундардың билігін!

БРУТ

Тап мынауы барып тұрған сатқындық!

СИЦИНИЙ

Жоқ, мұндайды
Қоя алмаймыз консул қып!

БРУТ

Эдилдер, мұнда келіңдер!

Эдилдер кіреді.

Тұтқындаңдар мынаны!

СИЦИНИЙ

Халықты шақырыңдар.

Бір эдил шығып кетеді.

Тұтқынға алдым мен сені

Халықтың атынан

Жауы деп біліп халықтың.

Сотқа шақырып, тартам айыпқа.

КОРИОЛАН

Жоғал, көзіме көрінбей, көк теке!

СЕНАТОРЛАР

Жоқ, біз оны кепілдікке аламыз.

КОМИНИЙ

Ақсақал,

Жөн болар бұған тиіспегенің!

КОРИОЛАН

Жөнел сүйретпей тұрғанда

Сылдыраған қу сүйегінді

Суырып ап ішінен

Сиықсыз мынау күпіңнің!

СИЦИНИЙ

Құтқарыңдар, халайық!

Қала халқын бастан эдилдер кіріп келеді.

МЕНЕНИЙ

Сабаға түсіңдер, сабаздар!

СИЦИНИЙ

Мынау бізден билікті тартып алмақшы!

БРУТ

Қамауға алыңдар, эдилдер!

ЖҮРТ

Өлімге кесіп, құрту керек көзін тез!

Сенаторлар және басқа адамдар.

Қару алыңдар қолдарыңа!

Кориоланды қоршап алады.

Бекзадалар!.. Отандастар!.. Трибундар!

Сициний!.. Брут!.. Кориолан!.. — Тоқтаңдар!

Сабыр етіңдер... Тыныштық керек азырақ!

МЕНЕНИЙ

Не боп барады мынау дүние!

Кетер ме екем тұншығып!

Сөйлеуге тыныс жетпей тұрып,

Іс тұр насырға шапқалы.

Кориолан, трибундар, бір ашуды беріңдер!

Елді жөнге келтіріп, келісімге келіңдер!

СИЦИНИЙ

Жә, тыныш!

Жарандар, мені тыңдаңдар!

ЖҮРТ

Тыныш! Трибунды тыңдайық!

СИЦИНИЙ

Тауан туғалы тұр бастарыңа:
Өздерің консул сайлаған Кай Марций
Өздеріңді бас еріктен айырмақ.

МЕНЕНИЙ

Өртті өшіре ме десек,
Өзің өрт сап тұрсың ғой!

БІРІНШІ СЕНАТОР

Есуас, бүйтіп құртып тынарсың қаланы?

СИЦИНИЙ

Қала деген не бопты, халық құрығалы тұрғанда.

ЖҰРТ

Сициний дұрыс айтады; қала деген әуелі халық.

БРУТ

Халық, міне, бір ауыздан
Бізге қазы бол деп тапсырып тұр.

ЖҰРТ

Қазы болып қаласыңдар.

МЕНЕНИЙ

Әрине, оған сөз бар ма?

КОМИНИЙ

Иә, қаланы әбден жермен-жексен қып,
Тәртіпті де топыраққа көміп бір жола,
Дүниені қара су алдырғанша,
қалыңдар солай қазы боп.

СИЦИНИЙ

Айтқандары үшін Марций өлім жазасына лайық.

БРУТ

Біз өз билігімізді осы жолы не қорғап қаламыз,
не айырыламыз.

Бізді қалап, сайлап алған қалың
бұқараның атынан қаулы етем.

СИЦИНИЙ

Опасызды желкелеп апарып
Тарпей құзының басына
Құрдымға бір-ақ лақтырыңдар!

БРУТ

Ұстандар оны, эдилдер!

МЕНЕНИЙ

Дат!

Мен бір ауыз сөз айтуға рұқсат сұраймын!

ЭДИЛДЕР

Тыныш!

МЕНЕНИЙ

Сіздер расында да ел қорғаны болсаңыздар,
Соны сөз жүзінде ақтаңыздар.
Ашу үсті келген шешімдеріңді
Ақылға сап, қайта бір өлшеңіздер.

БРУТ

Ажал аузында жатқан адамға
Сабырлы болам деп,
уақтылы дәрі бермей қалуға олмайды.
Ондай сақтықтан, орынды асығыстық артық.
Айдап апарып, құздан құлатындар!

КОРИОЛАН

(семсерін суырып)

Жоқ, өлсем осы арада қалам.
Жастығымды алып өлем бірақ та.
Кәні, шығың!
Менің сайысымды қайсың едің көрмеген?!

МЕНЕНИЙ

Семсеріңді қынына сал! Трибундар!
Бір сәтке аулақ кете тұрындар!

БРУТ

Ұстандар оны!

МЕНЕНИЙ

Уа, кәрі, жас,
Кай Марцийді қойған болмас талатып,
Қолғабысқа келер қайсың бар?

ЖҮРТ

Ұстау керек! Аяма!

Жағалас. Дүрбелең. Трибунды, эдилді, халықты қуа бастайды.

МЕНЕНИЙ

(Кориоланға)

Дереу үйіңе жөнел, әйтпесе, құрисың!

ЕКІНШІ СЕНАТОР

Иә, тек тезірек.

КОМИНИЙ

Жоқ, тырп етпе,
Біздің досымыз жауымыздан аз емес.

МЕНЕНИЙ

Қан төгіс болғалы тұрғанын көрмейсің бе?

БІРІНШІ СЕНАТОР

Ондайдың бетін аулақ қылғай тәңірлер.
Ардақты достым, үйіңе бар,
Мұндағысын біз бірдене қылармыз.

МЕНЕНИЙ

Бәріміздің жанымызға жазылмастай жара салды,
Оны жалғыз жаза алмайсың сен таңып.
Жөнел.

КОМИНИЙ

Біз сенімен біргеміз.

КОРИОЛАН

Капитолийдің етегінде бағы бітіп,
Капитолийдің етегінде туса да,
Бұларды римдіктер деуге ауыз бара ма?
Нелері артық бұлардың
Сырттан жабылар тағыдан?

МЕНЕНИЙ

Бар.
Ашудың аузын тия тұр,
Бәрінің қайтар есесі.

КОРИОЛАН

Бір елуін кеткім кеп тұр еңсеріп.

МЕНЕНИЙ

Мен де екі әлгі заржақты
Қылжитар ем — амал жоқ.

КОМИНИЙ

Самсаған тобыр санымен құртты місені.
Құлағалы тұрған қақпаның
Алдында тұру ерлік емес, ессіздік болады.
Жаңағы тобыр қайта оралғанша кетіп қал.
Әйтпесе, арнасынан бір асып алған топан су
Күйретпей тынбас жолында не тұрса да.

МЕНЕНИЙ

Тезірек кет, ессіздерге ес кіргізіп көрейін,
Көйлек бір жыртылды екен деп,
Жамамай болмас жыртығын.

КОМИНИЙ

Кеттік.

Кориолан, Коминий және бірнеше адам шығып кетеді.

БІРІНШІ БЕКЗАТ

Ол қырсыққа ұрынды.

МЕНЕНИЙ

Қиқарлыққа қырсық таппай тұра ма
онсыз да қырсыз дүние.

Қай тәңірдің сөзі де жар бола алмас ол бір қырсыққа.
Көмейіне не келсе, тілінің ұшында сол тұрар.
Миына не келсе, қолы соған ұмтылар.
Ашу қысса, ұмытып кетеді ажалды.

Сырттан шу шығады. Іс насырға айналды.

ЕКІНШІ БЕКЗАДА

Шіркіндерді дүркіретіп төсектеріне қуып шығар ма еді.

МЕНЕНИЙ

Мен Тибрге апарып, ағызып жіберер ем. Сайтан ал-
ғыр, бұлармен сыпайы сөйлескенде несі кетеді екен?!

Тобырды бастан, Брут пен Сициний кіреді.

СИЦИНИЙ

Қайда әлгі қайсар неме?
Римде билік құрғанша,
Елсіз қалдыруды жөн көрген
Есер неме қайда өзі?

МЕНЕНИЙ

Ардақты трибундар...

СИЦИНИЙ

Ол заңды мойындағысы келмесе,
Сол заңның қатал қолына беріледі де,
Өзі есептескісі келмеген заңның пәрменімен
Тарпей құзынан құрдымға құлатылады.

БІРІНШІ АЗАМАТ

Біздің қадірлі трибундар — халықтың ауызы болғанда
Біз олардың қолы екендігімізді біліп қойсын.

ЖҮРТ

Иә, біліп қойсын.

МЕНЕНИЙ

Ау, дат...

СИЦИНИЙ

Аузыңды жап!

МЕНЕНИЙ

Өзі кеп қолға түскелі тұрған бөріні
Қиқу сап, кері қуып не керек?!

СИЦИНИЙ

Ендеше, сен неге оны қашырып жібердің?

МЕНЕНИЙ

Әуелі, сөзімді айтуға мұрша бер
Мен Консульдың қасиетін қандай жақсы білсем,
Кемшілігін де сондай жақсы білем.

СИЦИНИЙ

Кімді айтасың?

МЕНЕНИЙ

Кориоланды айтам.

БРУТ

Консул дейсің бе?

ЖҮРТ

Жоқ. Ол консул емес.

МЕНЕНИЙ

Жарандар, егер трибундар рұқсат етсе,
Көп уақыттарыңды алмаймын;
Бір-екі ауыз сөзім бар...

СИЦИНИЙ

Айт, бірақ қысқа айт:

Ол сатқынның көзін тезірек құртпай болмайды.

Қуып жүрсек — құтылмаймыз үрейден.

Мұнда қалдырсақ — бізді ертең мүрдем кетіреді.

Сондықтан да дәл бүгін көзін құрту керек.

МЕНЕНИЙ

Құдай кешпес, егер Рим, өзінің даңқын асырған
Ардақтарын Юпитер шежіресіне жаздырып,
Мадақтатқан ғасырлардан ғасырға,
Кенет бүйтіп, ыза қысқан тағыдай,
Өз ұлдарын өзі жұтса бір қылғып.

СИЦИНИЙ

Ол қотыр ғой. Түскен жерін ойып тастап аласта.

МЕНЕНИЙ

Иә, қотыр тиген ол мүшесі денеңнің,

Емдеу жеңіл, ойып тастау — қауіпті.

Жоқ қылардай көзді ашып-жұмғанша,

Римге ол не жазыпты.

Жауыңды қырып, қуғаны ма — жазығы?

Әлде Отан үшін қан төгіп,

жарты денесін жем қылғаны ма семсерге?!

Жаудан қалған жарты қан, жарты денесін,

Ай мен жұрттың аманында, өзің төгіп, өзің көмесің,

Сосын қайтып құдай бетін көресің?!

СИЦИНИЙ

Бос сандырақ!

БРУТ

Халық оны жақсы көрсе,
еңбегі үшін жақсы көреді.
Бірақ, жақсы көрген жоқ,
жетсін деп ақыры түбіме.

МЕНЕНИЙ

Сонда қалай өмір бойы арқалап келген өзіңді
Екі аяқтың кесіп тастар ма еді,
семік шалды деп біреуін?

БРУТ

Жетер — онан да қазір үйіне барып,
Желкелеп отырып, осында алып келіңдер,
Бойға шаппай тұрғанда, арылу керек індеттен.

МЕНЕНИЙ

Тоқтаңдар! Тоқтаңдар! —
Тағы да айтар сөзім бар.
Жолбарыстай жабыла қуып Марцийді,
Асығыста орнына келмес қате істеп,
Жүрмейсіңдер ме бастарыңа пәле тілеп ап?!
Оның үкімін айтса, сот айтсын.
Әйтпесе, ертең шығарып тағы ел бүлік,
Римдіктер кеп шауып алмасын Римді.

БРУТ

Оны да көріп алармыз.

СИЦИНИЙ

Бос былшылды босқа тыңдап қайтеміз?
Заңды қалай сыйлағанын көрдік қой!
Эдилдерді сабаған кім?
Трибундарды қуған кім?
Барыңдар да, айдап әкеліңдер осында...

МЕНЕНИЙ

Қолы семсерді көтере алар-алмастан,
Ел үшін жаумен қандасып,
Шайқасып өскен сабаз ғой.
Сөздің мәнін білмейді,
Араластырып дәні менен кебегін
Үсті-үстіне төгеді.
Мен де ілесіп барайын.
Құдай ақы, заң жолымен сотқа шақырсақ,
Заң жолымен байсалды жауап береді.

БІРІНШІ СЕНАТОР

Уа, ардақты трибундар,
Осылай етсек, адамшылыққа келеді.

Басқа жол аса қауіпті,
қалай басталарын білгенмен,
Қалай бітерін ешкім білмейді.

СИЦИНИЙ

Ендеше, Менений ардақты, халық атынан
Өзің кіріс жұмысқа.

(Халыққа)

Ау, әзірге қаруларыңды тастай тұрыңдар!

БРУТ

Бірақ тарамандар!

СИЦИНИЙ

Алаңда күтіп тұрамыз,
Егер Марций бірге келмесе,
Өз обалы өзіне.

МЕНЕНИЙ

Жоқ, ертіп әкелем.

(Сенаторларға)

Маған еріп жүріңдер.

Оның келсе келгені,

Келмесе, істің біткені.

БІРІНШІ СЕНАТОР

Кеттік.

Кетеді.

ЕКІНШІ САХНА

Кориолан үйіндегі бөлме.

Кориолан мен патрицийлер кіреді.

КОРИОЛАН

Мейлі мені өлтірсін
жеті мүшемді жетіге кесіп, жентектеп
Мейлі мені өлтірсін ат тұяғына таптатып,
Мейлі неге он Тарпейді бірінің үстіне
қалап қойып біреуін
Содан атсын құрдымға
Бәрібір пікірімнен таймаймын.

БІРІНШІ БЕКЗАДА

Ай, асыл тектім-ай!

КОРИОЛАН

Таң қалғаным, бұл жерде
Қоштамай қойды анам да,
Өзі айтушы еді оларды:

қылшық басқан хайуан деп,
Қолдарынан базарда тиынға бола дауласып,
Жиындарда жалаңбас,
езулері айырылғанша есінеп,
Өздеріндей жақсылар
Ұрыс жайын айтса да, тұрыс жайын айтса да
Отырудан басқа келмейтін
Жақ ашпастан кіл мүлгіп,
Көрінгенге бас шұлғып.

Волумния кіреді.

Айтып тұрмын сен жайлы.
Қайтып енді аяқ асты өзгеріп,
Сыпайы болам олармен,
Онандағы қалай тусам бұл дүниеге,
Сол қалпымда өтпеймін бе біржола.

ВОЛУМНИЯ

Биліктің әуелі киіп алған жөн торғынын,
Сосын қалай тоздырарыңды өзің білесің.

КОРИОЛАН

Соның сонша өліміңді сатардай несі бар?!

ВОЛУМНИЯ

Қалай тусаң, солай болып қалар ең,
Сырыңды егер сездіре бермесең ел-жұртқа,
Аз болар еді жауың да.

Қашан ешкім қарсы шыға алмастай

Күнге жеткенше, пиғылыңды да ешкімге білдірме.

КОРИОЛАН

Тобырларды түгел дарға ассам да ма?

ВОЛУМНИЯ

Түгел отқа жақсаң да!

Менений мен сенаторлар кіреді.

МЕНЕНИЙ

Сен олармен сөйлестің тым дөрекі
Бар да айыбыңды мойныңа ал.

БІРІНШІ СЕНАТОР

Басқа амал жоқ. Әйтпесе бүлік,
Рим күйреп, ел бетімен тозады.

ВОЛУМНИЯ

Өтінемін, ақылдарына құлақ ас,
Мен де оларды жек көремін жегідей,
Әйтсе де, мен іс насырға бастаса,
Ақылыма жеңгіземін ашуды.

МЕНЕНИЙ

Жақсы айттың, ханым,
Ел басына әлеке төніп тұрғанда
Өз жаныңа тілей берме құрымет.
Қайтейін мен де дос үшін өлімге бас байлап,
Қу тобырмен шығар едім сайысқа,
Өз елімізді өзіміз боламыз ғой бүлдірген?!

КОРИОЛАН

Сонда менің не істеуім керек?

МЕНЕНИЙ

Менімен бірге трибундарға барасың?

КОРИОЛАН

Ал сосын?

МЕНЕНИЙ

Өз айыбыңды ал мойыныңа.

КОРИОЛАН

Жоқ, олардың алдында — олай тіпті ете алман,
Құдайлардың алдында ал демесең.

ВОЛУМНИЯ

Сонша қиқар туып па ең!
Керегінде тектілік те лажсыздыққа бас иген.
Айла мен ерлік — аға мен іні соғыста,
Деуші едің ғой өзің де?!
Ендеше ол екеуіңе
Неге тіл таппасқа бейбіт күнде?

КОРИОЛАН

Доғар!

МЕНЕНИЙ

Дұрыс сұрақ. Құлақ ас.

ВОЛУМНИЯ

Қан майданда жеңіске айла жеткізсе,
Бейбіт күнде насырға істі шаптырмай,
Намысымызды төктірмей
Жүруге егер жараса,
Тәрк етеміз неге оны?

КОРИОЛАН

Қайда бастап тұрсың сен?!

ВОЛУМНИЯ

Мен айтсам, жиып тастап жүректегі ашуды,
Тереңірек көміп тастап ойыңды,
Төмен ұстап бойыңды,
Тіл шіркіннің көлденең туған ұлындай
Көбік сөзді бөстіріп,
Тым тереңге ұрынбай,

Сөйлесіп көр халықпен.
Тап бұлайша еткенің
Беріспей қойған қамалды
Қан төгіп, күш асырып
Әбден титықтатып алғанша,
Жалған лақап жар шашып,
Алдап иліктіргеннің айып ештеңесі жоқ.
Мен де достарым басы қатерге тігілсе,
Көнер ем бір сәт көлгірекке амалсыз.
Мен, ұлың, әйелің, сенат, бекзадалар —
Бәріміздің сұрайтынымыз тек осы.
Кіл кекшитіп басыңды,
Қу тобырды өшіктіргенше құр босқа.
Күле сөйлесіп бір рет,
Түзеп алған жөн болар,
Шаптырмай істі насырға.

МЕНЕНИЙ

Жар болсаң осындай бол.
(Кориоланға).
Жүр бізбен бірге.
Жылы сөйлеп, жыланды іштен шығарып,
Түзетіп қайт ауғалы тұрған бағыңды.

ВОЛУМНИЯ

Ұлым, бар да, алдарына бөркінді алып, тағзым ет.
Өздеріне ұқсап бір сәтке сен де боп көр мүләйім.
Тізеңді жерге тигізіп,
Көздерінше ет бір ізет.
Естерінен олардың өткірірек көздері.
Жүрегіңнің дүрсіліне қарамай,
Құр шайқап қой басыңды,
Сосын тіл қат: жауынгермін жау баққан,
Шайқаста жүріп, ұмытыппын ізетті,
Артық кетсем, өтінем де кешірім.
Ақыр олар бұйдасын ілді мойныңа,
Құр тартынып қайтесің
Ендігәрі жел боп келмен беттеріңе
Дей сал, кейін өзің білерсің.

МЕНЕНИЙ

Істесең болды, анаңның айтқан ақылын,
Бәрі сенің жағыңа ауып шыға келеді,
Бұл тобыр деген мақұлық
Құрғақ сөзге қандай жомарт болса,
Кешірімге де сондай жомарт келеді.

ВОЛУМНИЯ

Жалынамын, жалғызым,
Айтқаныма құлақ ас,
Көлгірсуден қас дұшпаның алдында
Жеңіл екенін білсем де
Сен үшін отқа түсудің.

Коминий кіреді.

Әне, Коминий де келіп тұр.

КОМИНИЙ

Алаңнан алып ұшып жеткенім осы.
Кориолан не қаш, не қарсылас, не тіл табыс.
Бүкіл қала бас көтерді.

МЕНЕНИЙ

Ең жеңілі — екі ауыз жылы сөз айтқан.

КОМИНИЙ

Өзіңді өзің жеңе алсаң, ең дұрысы, сол шығар.

ВОЛУМНИЯ

Ел мүддесі не талап етсе, сол қолыңнан келеді.
Ұлым, айтсаңшы уәдеңді.

КОРИОЛАН

Жарайды, сол жалаң аяқ тобырға
Бөркімді алып, басымды иіп барамын,
Арсыз тілге қор қып арлы жүректі
Неше қилы өтірікті айтып бағайын...
Шынымды айтсам, өйтіп аман қалғанша,
Мынау қауқиған кеудені
Күл-талқанын шығарып, желге ұшырған
Жеңіл еді мен үшін...
Барайық әлгі алаңына,
Қолымнан егер келе алса
Айтқандарыңды орындау.

КОМИНИЙ

Өзіміз көрсетіп тұрамыз.

ВОЛУМНИЯ

Балам, өзің айтушы ең,
Мақтауың деп мені бұндай ер қылған.
Сол мақтауды естігің келсе қайтадан,
Бұл жолы да айтқанымды орында.

КОРИОЛАН

Солай-ақ болсын. Мақұрым өрлік мендегі!
Жезөкшенің жүрегі бітсін кеудеме!
Дабылдардың даусын басып жер жаратын айқайым
Әтектердей тұрсын енді ыңылдап,
Бала жұбатқан аяшыдай ыңырсып,

Езуіме мүләйім күлкі жабыссын,
Жанарымды тұрсын ылғи жас шылап,
Бұзақылық жасап қойып, таяқ жеген баладай.
Қаңғыбастай тілім болсын сұрансақ,
Қайыршыдай тұрсын тізем дірілдеп!
Жоқ! Келіспен оныға!
Мүсәпірлік жолатпаймын бойыма,
Кісәпірлік дарытпас үшін ойыма!

ВОЛУМНИЯ

Пайдам дегенінді қыл,
Тобырға бас иіп құтыл деп
Саған жалынып, менің басым жер болды.
Енді, мейлі, бұл болмаса, күл болсын.
Анаң үшін сен тілеп алған
пәленің қырсығын көруден
Такаппарлығыңның құрбаны болған көп жеңіл.
Мен де сендей қорықпаймын өлімнен.
Не істесең де, өзің біл.
Қайсарлықты бірге емдің сүтіммен,
Өркөкіректік — өзің тапқан олжаң ғой.

КОРИОЛАН

Жетер осы жер-жебіріме жеткенің.
Жұбан, анам. Барамын да базарға
Қылжақбастай бет-ауызды қисайтып,
Жалбарынып жалаң-аяқ тобырға,
Солардың берген қайыр-патихаларын қабылдап
Рим саудагерлерінің бірі болып қайтамын.
Кеттім. Жұбайыма сәлем айт.
Оралсам, оралғаным консул боп,
Бола алмасам, жұмсақ сөзден
Сен де үзе бер күдерді.

ВОЛУМНИЯ

Ол жағын өзің біле бер.
(Кетеді).

КОМИНИЙ

Кеттік. Трибундар күтіп тұр.
Сыпайылықпен иліктірмесең оларды,
Тағар айыптары тым қатал.

КОРИОЛАН

Кеттік. Уәдеміз — пәстік.
Тақсын тағар айыбын,
Жауабына — мен дайын.

МЕНЕНИЙ

Тек пәс тұрып жауап бер.

КОРИОЛАН

Әрине, пәс. Пәс боламын әрине.

ҮШІНШІ САХНА

Рим. Форум.

Сициний мен Брут көрінеді.

БРУТ

Әсіресе, баса дәлелде
Озбыр болғысы келгенін,
Оған шықса дау айтып,
Жек көретінін айт халықты,
Сол үшін де ақиқаттардан алған олжаны
Әлі үлестірмей отыр де.

Эдил кіреді.

Немене, келетін болды ма?

ЭДИЛ

Келе жатыр.

БРУТ

Қасыңда кім бар?

ЭДИЛ

Менений қарт досы бар,
Және соған тілеулес сенаторлар.

СИЦИНИЙ

Дауысын қайтып алғандардың
Тізімі жазулы қағаз сенде ме?

ЭДИЛ

Мінеки.

БРУТ

Тұратын жері — «триптері»
бойынша жаздың ғой.

ЭДИЛ

Иә.

СИЦИНИЙ

Халықты шақыр, әуелі әбден түсіндір:
«Халық не айтса, сол болсын»,
— деп жар шашам,
Айқайлаймын артынан:

«Айып», «Өлім», «Аластау».
Сол кезде жұрт: «Айып» дегенде
айқайласын «айып» деп,
«Өлім» дегенде айқайласын «өлім» деп.
Сол арқылы өздерінің дұрыстығын білдіріп,
Бассын ескі еркіндіктің көріне.

ЭДИЛ

Үйретемін бұлжытпай.

БРУТ

Айқайлары айқай ғой,
Бірақ, қалмасын басылып,
Қашан біздің үкіміміз
Жүзеге әбден асқанша.

ЭДИЛ

Түсіндім.

СИЦИНИЙ

Біз қалай ишара береміз,
Солай кіріссін әрекетке.

БРУТ

Жөнел.

Эдил кетеді.

Сен оны бірден шамына тиіп, тулатып ал әуелі.
Ол қайда да, тіпті дауда да дес бермеуге үйренген.
Ашуына бір тисең, абай дегенді ұмытып, —
Көңілінде не жатса, түгел төгеді лекітіп.
Сонысымен жетеді өз түбіне.

*Кориолан, Менений, Коминий, Сенаторлар, Патриций-
лар кіреді.*

СИЦИНИЙ

Міне, келді өзі де.

МЕНЕНИЙ

Сабырлы ұста өзіңді.

КОРИОЛАН

Жарайды, қара тиын бақыр үшін
Қай сөзіңді де басынан асыратын атшыдай
Бақырайып тұра берем. О тоба-ай!
Сақтаңдар өздерің Римді!
Қазы алқасын парасатқа молықтыр!
Арамызға бірлік бер,
Храмдарда дұға оқиық татулыққа,
Көшелерде кетпей бет-бетіне алысып!

БІРІНШІ СЕНАТОР

Әумин.

МЕНЕНИЙ

Қабыл қылғай тілегінді.

Эдил бастаған қала азаматтары кіреді.

СИЦИНИЙ

Жақынырақ келіңдер, ағайын!

ЭДИЛ

Трибундар сөз алады.

Тыныш тұрып тыңдаңдар!

КОРИОЛАН

Әуелі маған сөз беріңдер.

ТРИБУНДАР

Сөйлесін!

(Жұртқа) Тыныш тұрып тыңдаңдар!

КОРИОЛАН

Бұл арада маған тағылар барлық айып айтыла ма,
Жоқ әлде іс тағдыры да осында шешіле ма?

СИЦИНИЙ

Әуелі жауап бер: халықтың еркіне мойын ұсынуға,
Трибундардың құқын мойындауға,
Өзіңе тағылған айыпты мойныңа алып,
Қарымтасын қайыруға дайынсың ба?

КОРИОЛАН

Дайынмын.

МЕНЕНИЙ

Естідің ғой, халқым. Ол «Дайынмын», — деді.
Ел алдындағы еңбегін ескеріңдер,
Тұла бойындағы жарақаттың ізі
Киелі зираттағы құлпытастардан да
Көп екенін ұмытпаңдар.

КОРИОЛАН

Ол бос сөз. Жәй әншейін тыртықтар ғой.

МЕНЕНИЙ

Түсініңдер, сөйлегенде жаман азамат болғанмен,
Жау келгенде — одан асқан жайсаң жоқ.
Дөрекі сөзін алмау керек көңілге,
Аржағында зілі жоқ, әдепсіздігі ғой солдаттың.

КОМИНИЙ

Айта берме ол жағын.

КОРИОЛАН

Одан да халық өзі айтсын,
Мені неге бірауыздан сайлап ап,
Аяқ астынан нілдей бұзылып,
Неге төкті арымды?

СИЦИНИЙ

Жауапкер — сен бұл арада, біз емес.

КОРИОЛАН

Оның рас. Жауапкер мен. Айта бер.

СИЦИНИЙ

Сені біздің себебіміз айыптар:
Римдегі тәр мен тәртіпті тәрк қып,
Құрғың келді озбырлық.
Сондықтан да біз сені
Опасыз деп санаймыз.

КОРИОЛАН

Мен бе сонда — опасыз?

МЕНЕНИЙ

Сабыр ет. Бізге берген уәденді ұмытпа.

КОРИОЛАН

Керең болғыр құлағым не естіп тұр.
Мен — опасызбын. Трибун, сен
— жалақорсың ендеше!
Жиырма мың өлім тұнып сенің көзіңе,
Жиырма мыңы қонып сенің қолыңа,
Жиырма мыңын жасырсаң да көмейге,
Мен иманым бүлк етпестен айтар ем:
«Жалған айтып тұрғаның!»

СИЦИНИЙ

Не дегенін естідің ғой, халық?

ЖҰРТ

Апару керек жартасқа!

СИЦИНИЙ

Доғар!
Бұдан арғы сөзінің жоқ керегі,
Оның бізге кім екені белгілі:
Эдилді сабап, өздеріңе айтты балағат,
Семсерін сермеп, көрсеткен талай заңға қыр,
Бүгін міне өзін айыптаған қазының
Тіл тигізді арына.
Соның бәрі мемлекет алдындағы
сатқындық деп табылып,
Ауыр жаза кесуге әбден лайық.

БРУТ

Бірақ, Римге адал еңбек еткенін ескеріп...

КОРИОЛАН

Ол жағын айтып бос былшылдау не керек!

БРУТ

Не айтатынымды өзім білемін.

КОРИОЛАН

Сен бе?

МЕНЕНИЙ

Анаңа берген уәдені ұмытпа.

КОМИНИЙ

Өтінем жи есіңді...

КОРИОЛАН

Ештеңені еске алғым да, ешкімді тыңдағым да
келмей тұр.

Мейлі әлгі Тарпейге апарып, құзға лақтырсын,
Мейлі түрмеге тығып, аштан әбден қатырсын,
Мейлі жіберсін ел шетіне аластап,
Мүләйімсіп сұрай алман кешірім.
Айырылам деп бастағы бақ, дәулеттен
Трибундарға «Қайырлы таң», — деп
Мүләйімсіп тіл қатпан.

СИЦИНИЙ

Халықтың қолынан билікті тартып алу үшін
Оған шексіз өшпенділік көрсеткені үшін.
Бүгін қатал қазыға тіл тигізгенін былай қойып,
Оған қол көтеруге дейін барғаны үшін.
Біздер — трибундар,
Өзімізге халық берген билікпен,
Халық атынан
Ендігәрі Римнің қақпасына жуыса
Тарпей құзынан лақтыратынын ескертіп,
Елден аулақ аластауға ұйғардық.
Халық айтса, қалт айтпайды.
Осы пәрмен жүзеге асады.

ЖҮРТ

— Қуылсын Римнен!
— Дәл осылай болсын!
— Қуу керек!
— Қуындар!

КОМИНИЙ

Тыңдаңдар мені, достарым!

СИЦИНИЙ

Үкім кесілді. Ендігі сөздің жөні жоқ.

КОМИНИЙ

Жоқ, тыңдаңдар. Мен де консул болғам,
Менің де тұла бойым кіл тыртық,
Дұшпандары салған Отанның.
Мен үшін де қымбат ел қамы,
Өмірімнен өзімнің,
Арынан да жарымның,
Бағынан да одан туған баланың...
Сондықтан да...

СИЦИНИЙ

Жә, белгілі болды көмейің...

БРУТ

Халық жауы ретінде елден қуылып тұрғанда
Енді ол жайында айтар не қалды?
Шешілді дау осымен!

ЖҮРТ

Дұрыс, болсын осылай!

КОРИОЛАН

Уа, өңшең төбет ордасы!
Демдеріңе батпаққа батқандай
бара жатырмын тұншығып,
Ықыластарыңның мен үшін қадірі
Қадіріндей жау өлексесінің
қалған көрге көмілмей.
Көрмегенім сендер болғай ендігі!
Отырыңдар осында күніне қырық құйқылжып,
Сәл нәрседен қашып берекең.
Жау атының дүрсілі үрейлерінді ұшырғай!
Айырылмаңдар биліктен,
Билік шығар қорғап қалар сендерді
Құрсанып келген жаулардан.
Елім деген ерлерді қуып аластап,
Елдерінді етерсің әбден тәуелсіз.
Сендер үшін мансұқ етем қаламды,
Теріс айналам одан да:
Мынау қос тас қабырғамен
Бітпейтін шығар бұл әлем!

*Кориолан, Коминий, Менений, сенаторлар, патриций-
лер, кетіп қалады.*

ЭДИЛ

Ол кетті! Халық жауы аласталды!

ЖҮРТ

Жауды қуып шықтық. Әне, кетіп барады!

Бөріктерін аспанға атып мәз-мәйрам болысады.

СИЦИНИЙ

Римнің қақпасына дейін еріп барып соңынан.
Ол сендерді қалай келеке етсе күні кеше,
Бүгін сендер де келеке етіндер тап сондай —
Ал біз күзетпен қала аралап өтеміз.

ЖҮРТ

Тобалар біздің трибундарды сақтай көр!
Қақпаға дейін масқаралап қуып саламыз дұшпанды!
Кеттік!

Кетегі.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ САХНА

Рим қақпасының алды.

Кориолан, Волумния, Виргилия, Менений, Коминий және бірнеше жас патрицийлер кіреді.

КОРИОЛАН

Жыламаңдар. Қоштасайық бұдан әрі ұзамай.
Өңшең сүзеген көп тобыр
Қуды ақыры мүйіздеп.
Жасыма, анам, мықтылығың қайда жайдағы?
Үлкен бейнет тек күштілердің сыбағасы,
Әлсіздерге жетеді күйкі тірлік кірбеңі, —
Деуші едің ғой әуелден.
Жайбарақат айдында
Қай кеме де жүзе алады жарқылдап.
Бұрқыраған дауылға
Төтей алар кемелердің мықтысы, —
Деп те үйреткен өзіңсің,
Әлі де төтеп бағамын.

ВИРГИЛИЯ

Тәңірлер өздері жар болғай!

КОРИОЛАН

Шыда, жұбайым, өтінем...

ВОЛУМНИЯ

Римнің күллі саудагер, іскер қиқымын
Қырса екен оба тап келіп!

КОРИОЛАН

Олай деме! Көзім жоқта білер, бәлкім, қадірімді.
Таусылма, ана, өзің ең ғой айтатын,
Геркулеске жар болсам,
Азайту үшін ол шегетін азапты,
Алты ерлігін өзім жасар ем, — деп.
Сау тұр, анам, жұбайым,
Коминий, сен де бүйтіп жүнжіме.
Мен бәрібір келеке болман оларға.
Менений, достым, жасыңды өйтіп парлатпа,
Көз жасы — у ғой,
Кетер ойып, онсыз да кәрі жүзіңді.

(Коминийге)

Сыралғы кәрі қолбасым,
Жүрек мұздар сұмдыққа
Былқ етпей қарап тұра алар,
Мынау екі әйелге айтып ұғындыр.
Тағдыр салып тұрған кезде тәлкекті
Жылау деген күлгеннен бетер ерсілік.
Анам, менің ерлігімді мақтан етуші ең,
Ендеше, міне, мен де жаралы айдаһар,
Жалғыз бұғып жатпайтұғын апанда.
Әр қимылым жетер әлі үрей боп
Масайрап жатқан тобырға,
Асырдық дер айланы,
Менің үрейім олардан әлі жоғары.

ВОЛУМНИЯ

Тұла бойым тұңғышым
Қайда тастап барасың?
— Коминий мырза қайырымды
Ұзатып салсын азырақ.
Не істесең де, істегейсің ойланып,
Құр бекерге опық тауып алмасқа.

КОРИОЛАН

О тобалар!

КОМИНИЙ

Бір ай жүріп қасыңда
Ұзатып салуға мен дайын.
Сонда бірге шешерміз
Не боларын арғы тағдырдың.
Қайда екеніңді біліп қалармын,

Қалмас үшін бір-біріміз қол үзіп.
Іс оңалып, қайта шақыртар күн туса,
Хабарды қалай саларға.
Үмітсіз шайтан деген ғой,
Шорт кеспейік ноқтаны.

КОРИОЛАН

Жоқ, сау тұр!

Ондай жастан кеттің ғой, бастан асқан ісің бар,
Жүрерсің қалай ел кезіп,
Қоштасармыз қақпадан.
Анам, жарым, достарым,
Асылдарым ең ізгі,
Шығар сәтте қақпадан
«Жол болсын!» — деп күлімдеп,
Қалсаңдар болды қол бұлғап.
Жүрсем егер жер басып,
Жетпей қалмас хабарым,
Айта қоймас ешкім де
Марций серттен тайды деп.

МЕНЕНИЙ

Бұдан асқан текті сөз естімепті бұл құлақ.
Босамандар, құр жылап.
Он жасқа, шіркін, жасарсам,
Қалмас едім қасыңнан
Барсаң да қайда, ерер ем.

КОРИОЛАН

Кәнеки, бер қолыңды. Ал кеттім.

Бәрі шығып кетеді.

ЕКІНШІ САХНА

Қақпаға жақын жердегі көше. Сициний мен Брут көрінеді.

Қастарында Эдил.

СИЦИНИЙ

Қайтар бәрін үйіне. Құтылдық одан.
Жеткілікті осы да.
Өкініп қалды бекзаттар, іштерінен оған жақ.

БРУТ

Айтқанымызды тыңдатып,
Ел алдында бел алдық.
Енді бәсік болайық.

СИЦИНИЙ

Бар да тарат халықты,
Құтылдық деңдер қас жаудан,
Бой бермес енді бұқара.

БРУТ *(Эдилге)*

Тарасын тек тезірек.

Эдил кетеді. Волумния, Вергилия және Менений көрінеді.

Анасы келе жатыр.

СИЦИНИЙ

Тұрмай-ақ қояйық жолында

БРУТ

Неге?

СИЦИНИЙ

Алжасыпты дейді ақылдан.

БРУТ

Жоқ, көріп қойды. Кетпейік.

ВОЛУМНИЯ

Ә, сен екеуің бе?

Ұлым менен өзімнің

Обалым үшін бүгінгі

Оба тиіп қырылғын.

МЕНЕНИЙ

Жә, сабыр ет! Жайлап айт...

ВОЛУМНИЯ

Жас тығылып тұр тамағыма,

Қиғылықты салар ем.

(Брутқа)

Барасың тайып сен қайда?

ВИРГИЛИЯ

(Сицинийге)

Сен де тоқта! О тоба!

Жарыма түсе алмадым

Жалғыз ауыз сөз араша.

СИЦИНИЙ *(Волумнияға)*

Әйел екенсің еркекжал!

ВОЛУМНИЯ

Онда тұрған не бар екен, ақымақ.

Мен тумап па ем еркек адам белінен?

Сендей емен Римге еткен еңбегі

Әлдеқайда көп кейбіреудің айтқан сөзінен

Жайсаңдарды қуып тұрған елінен.

СИЦИНИЙ

Тәңірлер өздері сақтасын.

ВОЛУМНИЯ

Иә-иә, оның алған атағы
Сен білетін көбік сөзден де молырақ.
Соның бәрін қиған Рим жолына.
Жарайды, бара ғой, бейшара...
Жоқ, тоқта... Пәлем, осыдан
Қатын-балаң, қара орманыңмен
Арабстан шөлдерінде жолықсан,
Менің жаңғыз ұлыммен,
Қолында тұрса семсері,
Дәрменінді көрер едім мен сенің?!

СИЦИНИЙ

Көрсең не болар еді?

ВИРГИЛИЯ

Тұқым-теберіңмен бір-ақ қақшып салар еді.

ВОЛУМНИЯ

Көлдененнен туған көрдемшелеріңмен қосып...
Білесің бе Рим үшін жарақат алды неше рет...

МЕНЕНИЙ

Жарайды, қой, сабыр ет.

СИЦИНИЙ

Мен қалар ем халқына
Қалай адал қызмет бастаса,
Айырылмай сол қалпынан,
Ала берсе жақсы атақ...

БРУТ

Мен де соны тілер ем.

ВОЛУМНИЯ

Тілесендер, екеуің
Талаттыңдар неге тобырға?!
Сүтке тиген қос мысық,
Сендер кісі қадірін
Білмесеңдер, мен білермін
Көктегі жұлдыз құпиясын.

БРУТ

Қой, кетейік, Сициний.

ВОЛУМНИЯ

Қала ғой деп тұрған жоқпын жалынып,
Дегендеріңе жеттіңдер.
Бірақ, мына сөзді де енді ести кет:
Капитолийдың шоқысы
Лашықтан шетіндегі Римнің

Қанша зәулім болса егер,
Сонша биік сендерден
Қанша жүрсін қуғында
Күйеуі мынау әйелдің,
Баласы мынау кемпірдің.

БРУТ

Солай-ақ болсын. Ал кеттік.

СИЦИНИЙ

Қысыр сөзге қор қылмайық уақытты.

ВОЛУМНИЯ

Тастамаспын дұғамнан енді сендерді.

Трибундар кетеді.

Тәңіріден бұдан былай тілегім:

Алғысым емес, қарғысымды бере гөр.

Қалар еді іштегі шерім ағылып,

Әлгі екі сұмырайды

Күніне бір жолықтырсам мен егер.

МЕНЕНИЙ

Тартудай тартты сазайларын,

Тамақтанайық бірге отырып?

ВОЛУМНИЯ

Енді маған ыза-кек — мен тататын нәр-қорек.

Қасірет жатар-тұрарым.

(Виргилияға)

Сен де доғар мызылғанды,

Юнонадай бол көк жұлын,

Тепсініп тұр дәл менше.

Кәне, кеттік, жүр бері.

Волумния мен Виргилия кетеді.

МЕНЕНИЙ

Болар ма мұндай арсыздық!

Кетеді.

ҮШІНШІ САХНА

Рим мен анциум арасындағы жол. Римдік пен вольск ұшырайды.

РИМДІК

Мен сені, достым, жақсы білем.

Сен де мені жақсы білесің.

Жаңылмасам, атың Андриан ғой.

ВОЛЬСК

Рас айтасың, көз таныс.

Шынымды айтсам, ұмытыппын атыңды.

РИМДІК

Мен Римнен шыққанмын, бірақ, қазір оған емес, жауларына қызмет етіп жүрмін. Рас, танымай қалдың ба?

ВОЛЬСК

Никанор емессің бе?

РИМДІК

Төбесінен түстің, достым.

ВОЛЬСК

Соңғы көргенімде сақалың бұдан гөрі жарасымды еді. Жалпы, дауысыңнан тануға болады. Римде қандай жаңалық бар? Біздің сенат сені іздеп тап деп жіберіп еді. Өзін тап болып, жолым бір күнге қысқаратын болғаны жақсы болды-ау!

РИМДІК

Римде үлкен бүлік болды: халық сенаторларға, патрицийлерге, басқа да бекзаттарға қарсы бас көтерді.

ВОЛЬСК

Болды дейсің бе? Демек басылғаны ғой. Біздің бастықтар білмейтін жаңалық екен. Егер Рим екі жарылса, қапиядан тап береміз деп, қаруланып жатыр еді.

РИМДІК

Өртті бір сөндіруін сөндірді. Бірақ, кез-келген уақытта қайталап беруі мүмкін. Бекзаттар сайыпқыран Кориоланды елден аластаған трибундарға өкпелері қара қазандай, сәл реті табылса, халықтың қолындағы билікті қайтып алуға тырысады. Күл астындағы өз-өзінен маздай түскен қызыл шоқ ақыры бір от шығармай қоя ма?

ВОЛЬСК

Қалайша Кориоланды аластап жіберген?

РИМДІК

Иә, солай болды, достым.

ВОЛЬСК

Ендеше, Никанор, сені біздің жақ қуана қарсы алатын болды.

РИМДІК

Иә, сендер үшін сәті өз-өзінен түсіп тұр. Байымен араз қатынның басын айналдыру оп-оңай, — деп халық бекер айтқан бар?!

Енді ержүрек Тулла Авфидийге қас дұшпаны Кориолан ел ақтап кеткенде көзге түсу қиын бола қоймас.

ВОЛЬСК

Иә, оныңның қисыны келіп тұр. Сені жолықтырып, менің де жолым болып тұр. Менің де шаруам түгенделді. Сені Анциумға дейін шығарып салайын.

РИМДІК

Жол-жөнекей күн батқанша Римнің талай хабарына қарқ қылам. Сендердің көктен тілегендеріңді жерден беріп тұр. Тіпті әскер де жиып қойып па едіңдер?

ВОЛЬСК

Жиғанда қандай! Центурирлар орнында, адамдар жүздік-жүздікке бөлініп қойды. Жалақылары төленген. Қазір жорыққа аттануға сақадай сай тұр.

РИМДІК

Бәрінің әзір екені жақсы екен. Менің хабарымды естіген бойда атқа қонатын шығарсыңдар. Сені ұшырастырғаныма, оның үстіне сапарлас болғаным сондай қуаныштымын.

ВОЛЬСК

Мен де соны айтқым келіп еді.

Мен сенен де көп қуанып тұрмын.

РИМДІК

Ендеше, бірге кеттік.

Кетеді.

ТӨРТІНШІ САХНА

Анциум. Авфидийдің үйінің алды. Жарлы-жақыбай боп киінген Кориолан шығады. Бетін шапанының етегімен бүркеп алған.

КОРИОЛАН

Қандай сұлу Анциум, әсем қала, бай қала,
Көп жесірге толтырып ем кезінде.

Мынау зәулім үйлердің
Иегерін шыбындай қырып кеткенмін.

Танымай-ақ қой Кориоланды,

Жетімдер мен жесірлер

Қуып шығар тас атып.

Қала адамы кіреді.

Саламат па, жарқыным.

ҚАЛА АДАМЫ

Саламат бол.

КОРИОЛАН

Атышулы Авфидий тұрады екен қай үйде?
Қалада ма өзі? Білдің бе?

ҚАЛА АДАМЫ

Болғанда қандай. Үйінде
Беріп жатыр қала басына қонақасы.

КОРИОЛАН

Қайда үйі?

ҚАЛА АДАМЫ

Тап маңдай тұсыңыздағы — соның үйі.

КОРИОЛАН

Рахмет, сау тұр.

Қала адамы кетеді.

Дүние қандай алдамшы!
Бір-біріне жан берердей екі дос
Баяғыдан етек-жеңі аралас
Сәл нәрсеге ойда жоқта егесіп,
Бір-бірінің бетіне де қарамас.

Кешегі дұшпан ал енді
Оғы жоқ бір-бірін атарға

Ойда жоқта табысып,
Қыз алысып, қыз беріп,
Шыға келер өзгеріп.

Шынымен кез келді ме
Сондай дәурен маған да?

Өкпем қара қазандай
Өзімнің туған қалама.

Ал мынау кеше қиратқан
Өш қалам көзге оттай басылды.

Не де, болса, кірейін,
Көп болса, Авфидий өлтірер —
Оған да, мейлі, пейілмін.

Таусылмаса жарығым,
Қызмет етем соларға.

(Шығып кетеді).

БЕСІНШІ САХНА

Анциум. Авфидийдің қонақ жайы. Музыка. Қызметшілер кіреді.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Ау, шарап әкеліңдер, шарап!
Қызметші болғандарыңа!
Қалғып кеткеннен сау ма бәрі де?

Екінші қызметші кіреді.

Котус қайда?

Мырза шақырып жатыр. — Котус!

Кетеді.

Кориолан шығады.

КОРИОЛАН

Дастархан дархан, той қызған!

Ал мен — шақырылмаған қонақпын.

Бірінші қызметші кіреді.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Сен не істеп жүрсің мұнда, достым?

Қайдан тап болдың?

Бұл сен жүретін жер емес.

Есің барда, жөнің тап.

Кетеді.

КОРИОЛАН

Атағым болса Кориолан,

Маған бұдан асқан сый қайда?!

Екінші қызметші кіреді.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Сен қайдан шықтың?

Күзетшілерде көз бар ма осы

Қайдағы қу сирақты қайдан кіргізген?

Кәні, жоқ қыл көзіңді.

КОРИОЛАН

Әй, әкіреңдемей әрі тұр!

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Әкіреңдемесең, өзін әкіреңдеме!

КОРИОЛАН

Өйтіп жынымды келтірме!

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Мықтысын қарай гөр!

Сенің қазір еміңді тауып берейін!

Бірінші және үшінші қызметші кіреді.

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Мынауың кім тағы да?

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Бір есалаң. Мұндайды көрсем көзім шықсын.

Кет десем кетпейді.

Мырзаны шақыртпасам болмас.

(Кетіп қалады).

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Бұл арада өзіңе не керек? Одан да барып тұр.

КОРИОЛАН

Мазамды алма. Кімнің үйін қорып тұрсың?

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Бұл не қылған адам еді?

КОРИОЛАН

Жай тектен емеспін.

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Рас, тек кедей емес, қу тақыр кедей екенің көрініп тұр.

КОРИОЛАН

Рас айтасың: кедеймін.

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Ендеше, әй, жай кедей емес, қу тақыр кедей, өзіңе басқа басқоналқы іздегенің жөн шығар. Бұл арадан кете ғой?!

КОРИОЛАН

Сен де жөніңді біл. Одан да барып, құр қалмай тұрғанда, қалған-құтқанға ие бол. *(Итеріп жібереді).*

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Қарсыласуын қарай гөр. *(Екінші қызметшіге).* Мырзаға барып, мынандай қонақ келіп тұрғанын айтшы.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Құп болады. *(Кетеді).*

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Сен өзің қайда тұрасың?

КОРИОЛАН

Аспанның астында.

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Аспанның астында дейсің бе?

КОРИОЛАН

Иә.

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Сонда қай жерде?

КОРИОЛАН

Құзғындар мен қарғалар патшалығында.

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Құзғындар мен қарғалар патшалығы?
(Қалтасына қарап).

Нағыз есектің миын жеген екен?

(Даусын қатайтып).

Демек, сауысқандармен бірге тұрасың ғой.

КОРИОЛАН

Жоқ, мен сенің қожанның қол астындағы қызметші емеспін.

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Мынау менің қожайыныма тіл тигізейін деді.

КОРИОЛАН

Онда не тұр екен. Қожайыныңның бәйбішесіне қол салмасам, болды да. Сен өзің тым сөзуар екенсің. Одан да барып, қалған-құтқанды жиып ал. Жоғал!

(Ұрып, әрі итереді).

Үшінші қызметші кетеді. Авфидий мен екінші қызметші көрінеді.

АВФИДИЙ

Қайда өзі, көрсетші.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Міне, тұр, мырза. Қонақтардың мазасын алмайын дедім, әйтпесе итше сабап, қуып шығар ем. (Кетіп қалады).

АВФИДИЙ

Қайдан келдің? Кімсің өзің?

Не керек? Неге тұрсың үндемей?

КОРИОЛАН

(бетін қалқалағанды қойып)

Егер тағы да менің бетіме тіке қарап тұрып,

Менің кім екенімді тани алмасаң,

Тул, жөнімді өзім айтуға тура келеді.

АВФИДИЙ

Атыңды айт.

КОРИОЛАН

Вольскілер ұнатпайды атымды,

Сен үшін тіпті құбыжық.

АВФИДИЙ

Кім болғаның? Айбынды бет-әлпетің,

Өн бойыңнан сезіліп тұр өктемдік.

Алба-жұлба көне желкен жамылған

Секідісің дәу кеме?

Кім болғаның сондағы?

КОРИОЛАН

Танып қойсаң, бұзылады реңің.

АВФИДИЙ

Тани алмадым. Жөніңді айт!

КОРИОЛАН

Кай Марциймын, халқыңа салған қасірет,
Өзіңе де жетіп жатыр шеккізген жапа-жәбірім,
Сол үшін де Кориолан атандым.

Жақсылықты білмес Отаным
Римге еткен еңбегім үшін жанкешті,
Талай басты тіккенім үшін қатерге
Осындай атақ әперді.

Ол атағым құлағыңа жақпайды,
Жаныңа салған көп қайғы.

Содан басқа ештеңем жоқ, тұлдырмын,
Қалғанын халқым бір-ақ сызып өшірді.

Қырсығынан бекзаттардың сал бөксе
Кұл-құтанды төбесіне шығарған.

Туғызып солар зобалаң,

Жіберді елден аластап.

Жоқтық пен қорлық өкшелеп,

Босағана әкеп кіргізді.

Өлімнен қорқып келгем жоқ,

Өйткен болсам, жуимын ба маңыңа.

Тобырға кеткен кегімді

Қайтару үшін келіп тұрмын алдыңа.

Баяғыдан бергі ерік берсең ашуға,

Еліңнің де, өзіңнің де қайтарғың келсе ызасын,

Қапы қалма — пайдалан,

Қимылдап қалар шағың бұл.

Өз кегіме сенің кегің қосылып,

Көрімдерге көрсетер ем топалаң.

Күндерінің менсіз қалай боларын.

Жалғыз өзім түптеріне жетер ем

Жерден шыққан жегідей.

Қалса егер ол ашуың басылып,

Көнсең әбден тағдырға,

Онда маған керегі жоқ тірліктің.

Баяғыдан бергі өшіңді ал,

Алдыңда тұрмын

Қақпайды ешкім қолыңнан,

Мен де қарсыласпаймын.

Ұстап алып бауызда,

Әйтпесе әбден ынжықсың

Ұмытқан бәрін менен көрген қорлықтың.
Күбілеп қанын төккізген талай еліңнің.
Қапы қалсаң бұл жолы
Болғаның шын масқара.

АВФИДИЙ

Марций! Марций!
Әр сөзің аршып әкетті
Жанымда тұнған ашуды.
Бұлт арасынан шығып Юпитер
Айтса аспанның құпиясын,
Әр сөзіне ант етіп,
Тап саған сенгендей, сенбес ем.
Жүз рет тиіп қанжарым,
Жүр рет сынған сағадан
Кеуденді әкел, құшайын
Ғашық жардай қапсыра.
(Кориоланды құшақтайды).
Бір кезде ерлік салысып,
Өтіп едік алысып,
Енді ізгілік салысып,
Көрейік тағы жарысып.
Мен де сүйгем жарымды,
Қызғалдақтай қыз еді,
Көре алмасам, тұра алмай,
Көкірегім қарс айырыла жаздайтын,
Сол да алғаш аттағанда үйіме,
Туламапты ет жүрегім тап бұлай —
Сені бүгін көргенде
Секіріп шығып кете жаздады кеудемнен.
Біліп қой Марс, әскер жидық астыртын.
Не сенің қалқаның мен қолыңды үзіп,
Не өзім киіп сол кепті —
Сынамақ ем тағы бағымды.
Он екінші рет сайыста
Жеңіліп қалған кезден бері
Күндіз еске, түнде түске
Кіретіні: екеуіміздің
Бір-біріміздің алқымымызды сығымдап,
Дулығамыз майысқанша алқынып,
Жататынымыз алысып.
Қашан демім біткенде шошып оянам,
Қаралай бойым ал-сал боп.
Егер вольскінің Риммен
Өзге себебі жоқ болса да соғысар,

Аластағаны үшін бір сені,
Жетідегіден жетпіске дейінгі еркек кіндікті
Жасақты сапқа тұрғызып,
Ондай имансыз қаланы,
Қан қасап қылсақ болады.
Үйге кір, меймандарымның қолын қыс,
Қоштасуға келген сенаторлар.
Аттанғалы жатқам жорыққа,
Римге емес, соған тәуелді бір елге.

КОРИОЛАН

Құдайлар маған мұнша қайырымды болар ма?!

АВФИДИЙ

Ендігі қожа өзіңсің. Егер қусаң кегінді
Басқаны қоспай, бір өзің,
Қақ жартысын бөліп берем әскердің.
Өзің шешім қабылда. Бізсіз де жетер ақылың.
Римнің де несі мықты, несі осал —
Білетін сенсің, біз емес.
Осы қазір лап қойған жөн бе, әйтпесе,
Әуелі тиіп шетіне
Бірте-бірте қашырамыз ба үрейін? —
Оны өзің біл. Үйге кір.
Әуелі сол ойыңды
Мақұлдайтындармен амандас.
Өзіңе де мың сәлем!
Өшігіп едік өлердей,
Дос болайық өлгенше.
Уәде сол. Қолың бер!

Кориолан мен Авфидий шығып кетеді.

Бірінші және екінші қызметшілер ілгері шығады.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Қалай теп-тез өзгерді?

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Енді болмағанда, таяқтың астына алайын деп тұр ем, бірақ,
жалба тонның астында жай пенде тұрмағанын сезіп ем.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Қолы қандай тегеурінді!

Екі саусағының өзімен-ақ мені күбі шелектей дөңгелетіп
әкетті.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Бетіне бір қарағанда-ақ тегін кісі емесін біле қойдым.
Өңінен-ақ танылып тұр, әлгі немене деуші еді...

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Иә, иә, дәл айтасың. Егер мен оның сондай ұлық адам екенін бірден танымаған болсам, мені дарға асса да, обалым жоқ.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Ант етейін. Мен де сөйттім. Дүниеде ондай екінші адам болуы мүмкін емес қой.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Одан да өткен сайыпқыран барын білсем де, мен де тап солай ойлаймын.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Оның кім? Біздің қожайынды айтып тұрсың ба?

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Енді кімді айтушы ем?!

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Біздің қожайын әлгіндейдің алтауын өңгеріп әкетеді ғой.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Біздің қожайынның да сайыпқыран екені рас. Бірақ, тым бөсіңкіреп кеттің.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Мұндайда кімнің күшті екенін айыру қиын. Бірақ, қаланы қорғауда біздің қожайынның алдына жан түспейді.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Қалаларды алғанда ол да алдына жан салмайды.

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Әй, достар, жаңалықты білесіңдер ме? Жаңалық болғанда қандай! Ой, өңшең сумақай!

БІРІНШІ, ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Бол, бол! Айтсайшы, енді, соза бермей!

Ол не қылған жаңалық?

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Мен қазір римдік болғанша, терімді тірілей сыпырып алғанға пейіл болар ем.

БІРІНШІ, ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІЛЕР

Неге олай дейсің? Неге олай?

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Не қалайы болушы еді? Біздің үйде баяғы біздің қолбасшыны төмпештің астына алған Кай Марцийдің өзі отыр.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Кім? Кай Марций ме төмпештеп жүрген?

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Төмпештемегенмен, күн көрсетпегені рас қой.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Соқпа, достым, бұл арада бөтен ешкім жоқ. Марций біздің қолбасшыға әл бермеген жалғыз адам. Талай жерде өз аузынан естігем.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Расты рас деу керек қой. Әл бермеуін әл бермепті. Кориолдың түбінде біздікін күл-талқан қылып күйретіп кетіпті ғой.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Егер адам жегіш болса, етін тірілей қуырып жей жаздапты десейші.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Басқа қандай жаңалығың бар?

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Біздікілер оны Марстың мұрагері келгендей асты-үстіне түсіп жатыр. Дастарханның қақ басына қақырайтып отырғызып қойды. Сенаторлардың біреуі тіл қатқысы келсе, орнынан тұрып, бас киімін алады. Біздің қолбасшы құдды бір әлгінің ғашық әйеліндей: сынып кететіндей аялап ұстап, екі көзін содан айырмайды. Бірақ, басты жаңалық ол емес. Біздің қолбасшы кеше кім болса, бүгін соның тек жартысы ғана. Ал екінші жартысы, баршасының бір ауыздан ұйғаруы бойынша, әлгі дастархан төрінде отырған Кай Марций. Ол Рим билеушісінің құлағын кесіп, жолындағының бәрін жермен-жексен қып тапап, аяғы тиген жерді қу тақыр қып қуратып кетпекші.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Несі бар, мұндай іс басқаның қолынан келмесе де, оның қолынан келеді.

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Қолынан келіп қана қоймайды, істейді де. Істейтіні: білесің бе, достымның елінде жаулары қандай көп болса, достары да одан аз емес, тек олар бұл айдауда жүргесін, бұған дос екендерін байқатпауға тырысады. Әйтпесе, жаманат жабыстырып аламыз ба деп қорқады.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Жаманаты қалай? Бұған қалай түсінуге болады?

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Түсінбейтін несі бар? Бұның дулығасының төбесінің қайтадан көкке мұрынын шүйіріп, жер тәңірісіп, кердең басқанын көргенде, ін түбіндегі үй қояндарындай, атып атып шыға кеп, төңірегіне жиыла қалады.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Ол қашан болады сонда?

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Ертең, жоқ бүгін, тіпті осы қазір. Ас желініп біткесін, дәл келердегідей, дабыл-даңғыра қағылып, біздікілер ауыздарын сүртіп үлгерместен, аттарына мінеді.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Демек, қайтадан көңілденеміз деген сөз. Бейбіт кездің неменесі жақсы? Темір біткенді тот басады, тігінші біткен есіріп, өлең шығарғыштар құрттай құжынап кетеді.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Мен де солай ойлаймын. Күннен гөрі түн қандай жақсы болса, тыныштықтан гөрі соғыс та тап сондай жақсы. Соғыс болса, тірлік көңілденіп кетеді: не жаңа оқиға болады, не жаңа өсек тарайды. Ал бейбітшілік деген не пәле: сал болған адамдай, сарсыласың да отырасың — әрі көңілсіз, әрі мұңлы, әрі мәнсіз. Соғыс кезінде адам топырлап қандай көп қырылса, бейбіт кезде де тап солай топырлай, көлденеңнен бітіп қалған көрдемшелер көп туады.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Дәл айтасың. Әрине, соғыстың тұсында біреудің әйелін біреу зорлап кету көп. Оның есесіне, бейбіт кезде өз әйелін өз көзіңе шөп салады.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Төбесінен түстің. Біреуді біреу жақтырмай, қаралай қырық пышақ боп, қырылысып жататыны да сондықтан.

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ

Неге олай екенін білесің бе? Өйткені, адамдардың бейбіт күнде бір-біріне керегі шамалы боп қалады. Соғыстың жөні бөлек. Байқаймын, римдіктердің көп ұзамай вольскілерден де гөрі бәсі түсіңкірейді. Естисіңдер ме, дастархан басынан тұрып жатыр!

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ.

Ойбай, тезірек барайық!

Кетеді.

АЛТЫНШЫ САХНА

Рим. Алаң. Сициний мен Брут шығады.

СИЦИНИЙ

Қорқатындай не бар? Одан хабар-ошар жоқ.
Бүлік басылып, елде тыныштық орнаса,
Жұрт көңілінен аластайды үрей де.
Елдің қайтіп көркейгенін көргенде,

Өркөкірек Марцийдің
Достары да шерменде
Өле жаздар ұяттан.
Өздері қанша қорлық көрсе де бүліктен,
Көруге құмар көшелерді дүрліккен.
Тамағы тоқ, көйлегі көк, ән салып,
Жайбарақат өз ісімен өзі боп,
Жайдары жүрген жан көрсе
Жандарына жақпайды.

БРУТ

Дер кезінде құтылыпмыз пәледен.
Менений көрінеді.

Көрдің бе — анау Менений?

СИЦИНИЙ

Иә, сол. Баяғыдай емес ол қазір,
Бізбен сыпайы сөйлеседі.
Саламат па, кәрі дос.

МЕНЕНИЙ

Екеуіңе бір сәлем.

СИЦИНИЙ

Кориолан кетсе, құритындай көріп ең,
Тұр ғой дүние орнында.
Көркейіп жатыр мемлекет!

МЕНЕНИЙ

Бұл да жақсы, әрине.
Иліккені дұрыс еді оның да.

СИЦИНИЙ

Қайда екен, білдің бе?

МЕНЕНИЙ

Білмедім. Еш хабар жоқ.
Әйелі мен шешесі де бейхабар.

Үш-төрт қала адамы кіреді.

ҚАЛА АДАМДАРЫ

Екеуіңе құдайым берсін есендік.

СИЦИНИЙ

Қайырлы кеш, көршілер!

БРУТ

Қайырлы кеш баршаңа!

БІРІНШІ ҚАЛАЛЫҚ

Бүкіл үй-ішімізбен
Екеуіңіз үшін тізерлеп
Дұға оқимыз күн сайын.

СИЦИНИЙ

Тәңірлер болсын разы.

БРУТ

Кездескенше қайыр хош!

Кориолан да сендерді

Сүйгенде ғой біздердей.

ҚАЛАЛЫҚТАР

Жасаған сіздерге жар болғай!

ЕКІ ТРИБУН

Көріскенше күн жақсы!

Қалалықтар кетеді.

СИЦИНИЙ

Бұрынғыдан әлдеқайда тыныш өмір орнады.

Көше бойы азан-қазан боп жатыр,

Ереуіл-бүлік басылды.

БРУТ

Кай Марций шайқаста батыр болғанмен,

Менмен еді, тұмсығын көкке көтерген.

Ешкімді көзге ілмейтін...

СИЦИНИЙ

Жан еді ғой шенқұмар —

Шексіз бүлікке ұмтылар.

МЕНЕНИЙ

Әй, қайдам...

СИЦИНИЙ

Консулдықтан айырмағанда біз оны

Көресіні көрер ең.

БРУТ

Тәңірлердің түскен шығар рахымы

Бағы тасқыр Римге.

Эдил шығады.

Ардақты трибундар,

Жерден шыққандай бір құл кеп,

Салып қойдық түрмеге.

Вольскінің жер қайысқан екі әскері

Рим жеріне екі тұстан тап беріп,

Қу тақырдай құртып келеді деп бөсті.

МЕНЕНИЙ

Авфидий онда біліп Марций аласталғанын,

Қайтадан бас көтерген,

Қайта салмақ қажалған бір кез тырнағын!

СИЦИНИЙ

Марций, Марций,
— деп қиқылдауынды қоймадын.

БРУТ

Соққыға жыққын суайтты!
Вольск бітім бұзбайды.

МЕНЕНИЙ

Бітімді неге бұзбасын?!
Аз күйіп пе еді ауымыз?!
Үш рет көргем бұзғанын.
Дүрелемей тұрып жазғанды,
Біліп алмайсыңдар ма хабарын.
Расында да қауіп жоқ па екен?

СИЦИНИЙ

Не деп көкіп тұрсың сен?
Мүмкін емес бұнысы!

БРУТ

Келмейді еш қисынға.

Жаушы шығады.

ЖАУШЫ

Патрицийлер жиылып жатыр сенатқа.
Өздерінде өң-түс жоқ.
Жайсыз хабар алыпты.

СИЦИНИЙ

Әлгі суайттың лаңы.
(*Эдиге*)
Дүрліктірмес үшін халықты,
Халық алдында дүре сал.

ЖАУШЫ

Асыл тектім,
Құл өтірік айтпапты,
Хабар келді тағы да
Бұрынғыдан да үрейлі.

СИЦИНИЙ

Үрейлірек дейсің бе?

ЖАУШЫ

Кім білген анық-қанығын,
Марций мен Авфидий ауыз жаласып,
Қалың қолмен шықты дейді —
Римнің үлкен-кішісіне
Көрістірмек болып көкесін.

СИЦИНИЙ

Бұның бәрі ертегі.

БРУТ

Марций қайтып келсе деп,
Тілейтіндердің дақпырты.

СИЦИНИЙ

Тапқан екен қисынын!

МЕНЕНИЙ

Иә, мен сенбеймін.
Марций мен Авфидий табыспас,
Табысса да өзгелер.

Екінші жаушы шығады.

ЕКІНШІ ЖАУШЫ

Сенаторлар жіберді.
Кай Марций мен Авфидий
Қалың қолмен біздің жерге бас салып,
Жолдағыны таптап табанға
Қырып, өртеп келеді.

Коминий кіреді.

КОМИНИЙ

Шаптырдыңдар істі насырға

МЕНЕНИЙ

Елде нендей хабар бар?

КОМИНИЙ

Екеуің жеттің елдің түбіне.
Енді, міне,
Көздеріңше төгіп қыздарыңның арларын,
Үйіңнің өртеп төбесін,
Төбелеріңнен құймақ қорғасын.
Әйелдеріңді алдарыңда зорлатып,
Арларыңды баспақ аяққа...

МЕНЕНИЙ

Не хабар бар? — Жауап бер.

КОМИНИЙ

Ғимараттар күлге айналып,
Қылқылдап еңдер «құқы» деп!
Сол тілеп алған құқыңның,
Шығармақ ұйқы-тұйқысын.

МЕНЕНИЙ

Не хабар бар?
(Трибундар)

Ши шығарып алдыңдар ма деп қорқамын!

(Коминийге)

Ау, жауап бер: әлгі Марций

Вольск жаққа шықты деген не сөз?

КОМИНИЙ

Не сөз болсын, рас сөз.

Вольскілер оны екі аяқты пенде емес,

Көктем түскен тәңірдей

Көтеріпті төбеге.

Енді міне келіпті,

Көбелек қуған баладай,

Ел шетіне еліріп,

Есерсоқ жұртты кешегі

Жібергелі жеміріп.

МЕНЕНИЙ

Сарымсақ жеген сасық ауыз қолбала

Жұрттың айтқанына даурығып,

Не істегендерінді біл енді.

КОМИНИЙ

Римінді іріген күбідей итеріп

Төбелеріңе бір-ақ төңкеріп тастайды.

МЕНЕНИЙ

Геркулестей таптаған піскен миуаны,

Бұл енді — мына екеуіңнің лаңың!

БРУТ

Соның өзі сенетіндей хабар ма?

КОМИНИЙ

Әрине. Оны жоққа шығарғанша,
өзің жоқ боп кетерсің.

Римнің жаулап алған жерлері — бәрі кетті бөлініп.

Беріспейміз дегендерді өліспей,

Бәрі күлкі қылады.

Марцийге кім айып таға алар?

Жау мойындаған қасиетін

Мойындамаса өз елі?!

МЕНЕНИЙ

Алдына барып құлдық ұрмасақ,

Қырылғанымыз қаралай.

КОМИНИЙ

Кім бар бара алар бас ұра? Трибундар ма?

Бұлар ұяттан аяқ баспайды. Халық па?

Оларды көрсе, елірер.

Қотанға шапқан бөрідей.

Достары ма? Римді аяп,
Бас ұр деп ата-жауыңа,
Араша түспей тобырдан,
Олар да болған қарабет.

МЕНЕНИЙ

Бәрі рас.
Үйімді өртеп жатса да,
Ая деп қолқа ете алман.
Құл-құтанның тілін ап,
Күриды деген осы екен!

КОМИНИЙ

Римді тықтыңдар әкеп тығырыққа —
Күдірет те араша тұрмас енді оған.

ЕКІ ТРИБУН

Сондағы біздің айыбымыз не?

МЕНЕНИЙ

Сендер айыпты болмағанда,
Кімдер айыпты болмақшы?
Біз бе?
Біз де қорқақ лақтай,
Бұғып бұзақы тобырдан
Қыла алмадық еш дәрмен.

КОМИНИЙ

Сондағы тобыр айқайы
Ашындырған оны да.
Жат әскерге бас болып,
Қосшысы дейді Авфидий —
Айтқан сөзін екі етпес.
Римге тірек, баспана —
Өкініш пен масқара.

Қала адамдары шығады.

МЕНЕНИЙ

Мыналардың дүрліккеніне қарағанда
Авфидий де қасында.
(Тобырға)
Бас пәле тілеген
Сендер еңдер бөріктеріңді атып аспанға,
Кориоланды қуған аластап.
Ол келеді оралып,
Қалың қолға сондағы
Сендерді олжа қылмаққа.
Бөріктерің емес бұл жолы

Бастарың ұшар аспанға.
Айқайың емес елірген
Жан даусың шығар сасқанда.
Тірілей үйітіп жесе де,
Біздерге де обал жоқ.

ҚАЛА ЖҰРТЫ

Бұл не сұмдық!

БІРІНШІ АЗАМАТ

«Қуайық» дегенде «Апырай» деп айтып ем!

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Иә, мен де сүй дегем.

ҮШІНШІ АЗАМАТ

Мен де айтқам, әрине.

Шынын айтсақ, бір біз емес бұны айтқан.

Елге жақсы бола ма деп істеп ек.

Аузымыз айтқанмен, іштей қосылмай тұрып ек.

КОМИНИЙ

Дауыс беруге құмар еңдер ғой!

МЕНЕНИЙ

Ә демей жатып көрсетті-ау өзін қу тобыр.

(Коминийге). Барасың ба сенатқа?

КОМИНИЙ

Басқа қайда барамын?

Менений мен Коминий кетеді.

СИЦИНИЙ

Үйлеріңе тараңдар, көршілер!

Жығылмасын ұнжырғаң!

Жақтастары ғой Марцийдің,

Тілегендері осы ғой,

Көлгірсиді қорыққан боп.

Түсірмеңдер еңсені.

БІРІНШІ АЗАМАТ

Тәңірлер ғана жар болсын!

Үйімізге барайық. Бекер құдық

Соны деп, баяғыда-ақ айтпап па ем.

ЕКІНШІ АЗАМАТ

Бәрімізде айтқанбыз. Үйге кеттік тезірек.

Жұрт тарайды.

БРУТ

Ұнамайды маған бұл хабар.

СИЦИНИЙ

Маған да ұнап тұрған жоқ.

БРУТ

Капитолийге барайық.

Жалған болса бұл хабар

Дәулетімнің жартысын

Сүйіншіге берер ем.

СИЦИНИЙ

Жарайды, бұл арадан кетейік.

Шығып кетеді.

ЖЕТІНШІ САХНА

Рим маңындағы қос. Қасына бір әскер басын ерткен Авфидий шығады.

АВФИДИЙ

Сонымен, әскер римдікке бауыр
басыңқырап тұр де?

ӘСКЕРБАСЫ

Оның бір кісі баурап алар сиқыры бар,

Солдаттардың аузында ылғи соның аты.

Жеңіске дұға оқығанда да

— алдымен соны ауызға алады,

Дастархан басында да ол айтылмаса ас өтпейді,

Тіпті тамақ жеп болғасын да,

«рахмет» демей, «Марций», — дейді,

Бұл жорықта, көсем, сіз

Барасыз қалып тасаға.

АВФИДИЙ

Не істеуім керек?

Мақсатымыз не болмақ, екеуіміз кетсек егесіп?

Келгендегідей емес баяғы,

Маған да асқақ қарайды.

Әуелден солай мінезі

Ешкім тезге сала алмас.

Кешір, менің жүрмейді еш қайраным.

ӘСКЕРБАСЫ

Көсемім, менің ойлағаным — өз қамыңыз,

Оныменен бөліспеңіз билікті.

Не күллі әскерді соның қарауына беріңіз,

Не тізгінді қолға алыңыз.

АВФИДИЙ

Түсіндім сені, бірақ, болсын есінде:
Кетісер күн келгенде
Қандай айып тағыларын
Ол өзі де білмейді.
Оның ойлайтыны да, оған ғашық
тобырдың ойлайтыны да —
Жорықтың да, вольск қамының да
Шаруасын үйіреді ұршықтай.
Айқаста да аждаһадай атылып,
Семсерінен серпіліп қоя береді қалың жау.
Бірақ, түптің түбінде
Өзін де, мені де
Құртатын пәле — әлі алда.

ӘСКЕРБАСЫ

Ол Римді ала алады деп ойлайсыз ба?

АВФИДИЙ

Барлық қала қарсыласыз берілді.
Римдегі барлық бекзат — достары.
Трибундар — солдат емес шайқасар.
Халық бір кезде қууға қандай асықса,
Сондай ынтық шақырып енді алуға.
Шағалаға шабақ ілу қандай қиын болмаса,
Сондай оңай алу оған Римді.
Оны әуелден әулие тұтып үйренген.
Ерлігін біледі кәрі-жас,
Датқа шыдай алмаған өзінен,
Бәріміз де мардымсымыз мақтауға,
Немесе құртады қызбалық.
Сөйтіп жүріп өзі келген абыройды
Өзіміз үркітіп аламыз.
Оның үстіне қиқарлығы тағы бар.
Бейбіт күнде де шайқастағыдай сұстанып,
Сенаттың өзінде дулыға киіп отырар.
Сондай-сондай батпан қырсық болмай-ақ,
Көрсетсең сәл мысқалын,
Масайрайды дұшпаның.
Ол да сүйтіп өз түбіне өзі жеткен-ді.
Даңқ деген — ықыласы халықтың,
Оны тепсең — өз бағыңды тепкенің.
Сондықтан да ел көзіне түсіп, тапсаң абырой,
Ақырында ел сөзі құртып тынады.
Билік пен даңқ — мадақ пен лақап құрбаны,

Сонымен ұтып шығарады деген сол сананы.
Кәні, кеттік.
Уа, Кай, аласың қалай Римді,
Солай сенің мен шығамын төбеңе.

Кетеді.

БЕСІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ САХНА

Рим. Алаң. Менений, Коминий, Сициний, Брут және басқалар кіреді.

МЕНЕНИЙ

Жоқ, бармаймын. Туған әкесіндей қамқор болған
Қолбасысын, естідіңдер ғой, қалай қуып шыққанын.
Мені де солай сыйлаған. Мені де солай қуады.
Одан-дағы ұсынған басты балта алмас.
Қуған сендер, бас ұруға да сендер барыңдар,
Табалдырығына жатып алып жалбарыныңдар,
Мен ешқайда шықпаймын.

КОМИНИЙ

Мені тіпті білгісі де келмейді.

МЕНЕНИЙ

(Трибундарға)

Естіп тұрсыңдар ма?

КОМИНИЙ

Абайламай атымды атап қалғанда,
Баяғыдан бергі достығымызды айтып жалбаңдап,
Қоя беріп ем, самұрықтай саңқ етті:
«Кориолан емеспін, бар атақтан бас тартам,
Қашан Римді қанға бөктіріп,
Алғанымша басқа атақ!»

МЕНЕНИЙ

Рахмет, сендерге, қос ділмар,
Сендер барда керегі не көмірдің,
Рим сендерді ұмытпайды өмірі.

КОМИНИЙ

Кешірімге татымасты кешіру, —
Деп едім мен, — адамгершіліктің ең зор биігі.
Өз қылмыскерінен өзі аяушылық өтіну —
Ондай мемлекет — деді — көздің күйігі.

МЕНЕНИЙ

Солай демегенде не десін?

КОМИНИЙ

Ең болмаса, ая, — деп ем, — достарды.

Бір-екі дән табылар деп ішінен.

Өртемеу — күнә — шіріп кеткен сабанды, —

Деп қайтадан сазарды.

МЕНЕНИЙ

Бір-екі дәннің бірі — мен,

Қалғаны — ұлы, анасы мен әйелі,

Мына тұрған қолбасы.

Қалғандарың — шіріп кеткен сабансың,

Аспан астын күңірсітіп сасытқан.

Сендер үшін біздер отқа түспекпіз.

СИЦИНИЙ

Қолдамасаң қолдама,

Ел басына екі талай заман туып тұрғанда.

Бірақ, өйтіп, қорлама.

Тілің жорға, сөзің майда еді ғой,

Көрсен қайтер тәуекелге бел буып,

Сол болар еді пәтуалы,

Мына біздердің жатқанымыздан

Әскер жиып, қол жиып.

МЕНЕНИЙ

Жоқ, араласпан бұл іске.

СИЦИНИЙ

Өтінем, илік тілекке?

МЕНЕНИЙ

Не үшін?

БРУТ

Ең болмаса, білейік,

Достығыңыз қорғар ма екен Римді.

МЕНЕНИЙ

Ал егерде Коминийдей мені де,

Қуып салып жөніме,

Жан досымнан қайтып келсе меселім,

Шыға ма сенің мүйізің?

СИЦИНИЙ

Отан бәрібір ұмытпайды ондай абзал қылықты.

МЕНЕНИЙ

Ендеше, бақты сынайын.

Коминийге қырын қарап, ерінін тістеп

Үндемесе, маған, бәлкім, жақ ашар.

Одан, бірақ не қайыр!

Әлде Коминий тап болды ма
Көңілінің хошы жоғында?
Қарының ұлып, қаның суып,
отырса шекең құрыстап,
Қайырым қылмақ түгілі, қарыз бермек түгілі,
Тідеспессің де дұрыстап.
Тіпті ораза ұстаған сопы да
Сұстырақ қой, шарапқа қанып,
тамаққа тойған кісіден.
Оның да жайын түсінем,
Түстігін ішсін, жайлансын,
Әр нәрсені ойға алсын.
Барсам, барам сол кезде.

БРУТ

Ендеше, досың мінезін
Білетұғын бір өзің.

МЕНЕНИЙ

Не болса да, тәуекел.
Не боларын көп ұзамай білеміз.
(Шығып кетеді)

КОМИНИЙ

Кориолан құлақ та аспайды сөзіне.

СИЦИНИЙ

Оған сенімің кәміл ме?

КОМИНИЙ

Көзіммен көріп келдім ғой:
Алтын шатыр төрінде көзі оттай маздайды,
Лаулаған Рим алауының нұры түсіп тұрғандай.
Қайырым мен мейірімнің
тырнақтай да жоқ нышаны.
Тіземді бүгіп, қусырғанда қолымды,
«Түрегел», — деп иегімен сілтеп берді жолымды.
Сосын хатпен айтып берді қыларын,
не қылмасын,
Вольскілерге берген антын бұзбасын.
Ендігі қалған бар үміт —
Анасы мен әйеліне бару жалынып.
Солар барса — иліксе, бәлкім, илігер,
Отан үшін олар да
Ондай жолдан тартынбас.
Кәні, кеттік соларға.

Кетеді.

ЕКІНШІ САХНА

Рим түбіндегі қостың қақпасының алды. Сақшылар тұр. Менений келеді.

БІРІНШІ САҚШЫ

Тоқта! Қайдан жүрген немесің?

ЕКІНШІ САҚШЫ

Тоқта! Кейін қайт!

МЕНЕНИЙ

Қызметтеріңе адал екенсің, жарайсың!

Мен ақсүйек ем, Кориоланмен тілдескелі келіп ем.

БІРІНШІ САҚШЫ

Қайдан келдің?

МЕНЕНИЙ

Римнен.

БІРІНШІ САҚШЫ

Онда кейін қайт! Біздің көсем Рим деген сөзді естігісі де келмейді.

ЕКІНШІ САҚШЫ

Сен көсеммен сөйлескенше Рим өртеніп те бітер.

МЕНЕНИЙ

Шырақтарым, көсемдерің,

Сөз еткенде Римдегі достарын

Естіген шығарсыңдар

Менің де атымды қосқанын.

Менің атым — Менений.

БІРІНШІ САҚШЫ

Бәрібір қайт кейін.

Ондай атпен мұнда аттаудың өзі айып.

МЕНЕНИЙ

Айналайын, мені жақсы көруші еді көсемің.

Ол жасаған ерліктердің тірі шежіресі едім.

Соны оқып, менің отандастарым,

Аспандатып әкеткен еді атағын.

Өйткені, мен дос болғасын, әрине,

Үстемелеп азырақ

Даңқына қосам дабыра,

Жел үрлеген қарындай

Лақапқа қостым лақап,

Сондай досы едім мен,

Келіп ем бір көруге.

БІРІНШІ САҚШЫ

Тіпті оны мақтағанда да әлгінде өзінді мақтағандағыдай бөстірсен де, бәрібір жібере алмаймын. Өтірік айту ерліктің ең үлкені боп есептелсе де, есігінен аттата алмаймын. Сондықтан — келген ізіңізбен кері қайтыңыз.

МЕНЕНИЙ

Апырай, шырағым, түсінсейші: менің атым — Менений, мен сенің көсеміңе әрқашан да жақтас болдым.

ЕКІНШІ САҚШЫ

Дұрысырағы, жаңағы өзіңіз айтқан ғой: ол жайында талай өтірікті жылытпай соққан жылпоссыз ғой. Ендеше, мен оның қызметінде жүрген нөкері ретінде шындықты көзіңе айтайын: мұнда ондай көкімеге жол жоқ. Қайт кейін!

МЕНЕНИЙ

Ендеше, бір нәрсе айтшы: ол түскі тамағын ішті ме, ішпеді ме?

Егер ішпеген болса, онда өзімнің де сөйлескім жоқ.

БІРІНШІ САҚШЫ

Сен — римдіксің ғой. Солай емес пе?

МЕНЕНИЙ

Иә, Сенің көсемің де римдік.

БІРІНШІ САҚШЫ

Олай болса, сен де оған ұқсап, Римді өлердей жек көруің керек еді. Енді не деп көкіп тұрсың? Әуелі ең мықты қорғандарыңды, ең берік паналарыңды қайдағы бір қаратабан тобырларға жағыну үшін кеудесінен итеріп қуып шықтыңдар, енді кеп қайдағы бір кемпір-кепештеріңнің жылап-сықтағанына бола, қыз-қырқындарыңның қолдарын қусырып қылымсығандарына бола, жылай-жылай көзі іскен әйелдеріңнің мүләйімсігеніне бола, ол райынан қайтады екен деп қалай ойлайсыңдар?

МЕНЕНИЙ

Абайлап сөйле. Егер менің кеп тұрғанымды бастығың білсе, әлдеқашан шақыртып алған болар еді.

БІРІНШІ САҚШЫ

Барып көр. Менің бастығым сені білгісі де келер ме екен.

МЕНЕНИЙ

Мен сенің Цинтурийыңды емес, қолбасшыңды айтам.

БІРІНШІ САҚШЫ

Ал оның сендегі шаруасы қанша? Қайт кейін! Мен кімге айтып тұрмын? Кет, әйтпесе, бойыңдағы соңғы тамшы қаныңды сығып алармын. Бар, жөнел!

МЕНЕНИЙ

Ау, сөзге дауа бер, тоқта...

Кориолан мен Авфигий кіреді.

КОРИОЛАН

Бұл не айқай?

МЕНЕНИЙ

(Бірінші сақшыға).

Қарап тұр, достым, сазайынды аларсың бәлем. Мұндағылардың мені қалай сыйлайтынын көріп ал. Қайдағы бір жалаңаяқ сақшы мені Кориоланнан айырып алады дегенді кім көрген?! Ол мен үшін өзім туған баламдай ғой. Ендеше, оның менімен қалай сөйлесетінін тыңдап көр, сондай-ақ, әлгің үшін басыңа қандай бүлік тілеп алғаныңды өзің біле бер. Ал қара да тұр: осы арада қорыққаныңнан есің ауып, құлап түсетініңе мен кепіл. *(Кориоланға)* Тәңірлерім сағат сайын мәжіліс құрып, сенің төбеңе шапағат жаудырсын, олар да сені, мына мен секілді, кәрі әкең Менений секілді өліп-өшіп жақсы көрсін. Айналайын жан балам! Сен бізге өрт қойғалы жатырсың, оны біздің мынау өшкір көзіміздің көлдеткен жасы бәрібір өшіріп тастайды. Римдіктердің саған мені жіберуге ұзақ уақытқа дейін дәттері шыдамады, бірақ сенің менің сөзімді ғана жерге тастамасыңды біліп, өзім келдім. Маған қара, жалбарынам — кешір Римді, жалынып қарап тұрған отандастарыңды кешір. Құдіреті күшті тәңірлерім біздің де көзіміздің жасын кептіріп, олардың кәрін жаңа менің жолымды бөгегісі келген мынау бір сүмелектің төбесіне зауал қып төндірсін.

КОРИОЛАН

Кет!

МЕНЕНИЙ

Кет! Маған айтасың ба?

КОРИОЛАН

Анам, ұлым, жарым — оларды да енді білмеймін. Оларға емес, жаным пида басқалардың жолында. Мен кегімді алам. Кешірім жасау — вольскілердің қолында. Ескі достық не ете алмақ жаңа қастық алдында?! Жөніңді тап! Тас боп қатқан жүрегім, Қанша жалынып-жалбарынсаңдар да, Сақшылар күзеткен қақпадай сендерге енді тарс жабық.

Бір кездегі досым болғаның үшін
мына хатты жазғанмын,
Кейін өзің оқырсың.

Жіберуге үлгермеп ем, өз қолымнан ала ғой.
(Хат ұсынады).

Енді, Менений, шығын қылма сөзіңді.

Римде Авфидий.

Өлердей қорғаштаған Римім ғой,

Амал қайсы, жазмыш сол.

АВФИДИЙ

Сенің де баяғы қалпың сол.

Авфидий мен Кориолан кетеді.

БІРІНШІ САҚШЫ

Сонымен, құрметтім, атың Менений болды ма?

ЕКІНШІ САҚШЫ

Апырай, атағыңыздың зорын-ай!

Үйге баратын жолды өзің таба аласың ба?

БІРІНШІ САҚШЫ

Айтпа деймін, мұндай ардақты адамды аттатпай қойғанымыз үшін, көрдіңдер ғой, төбемізге қара аспанның қалай құлағанын!

ЕКІНШІ САҚШЫ

Бірақ, қорыққаннан есім ауып, құлап түсе жаздадым деп айта алмаймын.

МЕНЕНИЙ

Сендерде де, сендердің көсемдеріңде де, тіпті жарық жалғаныңда ісім жоқ. Ал сендер секілді нақұрыстарға бола басымды қатырғым да келмейді. Өз жанынан түңілген адам жендетіңе түкірсін бе? Көсемдерің шығып бітсін арам ойларының шетіне! Сендер де осы қалыптарыңда қалыңдар! Жыл өткен сайын бола түсіп бұрынғыдан да өткен сұмырай. Жаңа сендер маған не десеңдер, мен де сендерге соны айтам: «Жоғалыңдар көзімнен!» (Шығып кетеді).

БІРІНШІ САҚШЫ

Расын айтсақ — адамдай-ақ адам ғой.

ЕКІНШІ САҚШЫ

Адамдай-ақ адам деп біздің көсемді айт: құз жартас, не алып бәйтерек сияқты, ешбір дауыл жыға алмас.

Бәрі шығып кетеді.

Кориоланның шатыры. Кориолан, Авфидий және басқалар кіреді.

КОРИОЛАН

Сөйтіп, елең-алаңда әскерді Римге жабамыз.

(Авфидийге)

Ал, жорықтас жолдасым,

Вольск сенатына жеткізуді өтінем.

Антымда мен тұрдым деп.

АВФИДИЙ

Сертіңнен еш айнымай,

біздің жақтың пайдасына іс қылдың,

Жылап-сықтап келген достарға да

Көрген жоқсың, қобалжып.

КОРИОЛАН

Тұрса да жүрегім қан жылап, кері қуып жіберген

Манағы бір кәрия әкемнен

бетер тұтушы еді мені ардақ.

Сол болатын Римнің үміті ең соңғы.

Бір кездегі достығымды еске алып,

Жылытпасам да жүзімді,

Бітім үшін шартты ұсындым бұрынғы,

Өздері қабылдамай тастаған.

Қабылдай қоймас бұл жолы да.

Көп үмітпен келген кәрия ғой,

Қия алмадым біржола үзуте күдерін.

Енді, бірақ Римнен

Кім келсе де, көргім келмейді бет-жүзін.

Сахна сыртынан абыр-жабыр дауыс шығады.

Бұл не жанжал андағы?

Маған тағы сұрамсақтар келді ме,

Бұздырмаққа жаңа ғана берген антымды.

Жоқ, бәрібір айныман.

Қара киінген Виргилия, кішкентай Марцийді жетектеген Волумния, Валерия нөкерлерімен кіреді.

Келе жатқан әйелім!

Артындағы немересін жетектеген

Қасындағы мынау тұрған алыпты

Осындай қып әуелде жаратқан қалып-ты.

(Өзін көрсетіп)

Жоғалсын жүрек сүйе білер елжіреп!

Қуыс өзек жандарды ілік-шатыс

жаратқан құрып кетсін туыстық.

Жасасын тек маған біткен мызғымайтын мықтылық!

Пай-пай, қандай көркем бала көгершінім!

Мұны көрсе, тәңірлер де серттерінде тұра алмас!
Жүйе-жүйем бара жатыр езіліп,
Мен де жанмын жаратылмаған көк тастан.
Анам байғұс, эне, маған бас иді,
Бас игендей құзарт шың шөкім шоқыға.
Баламның да барады көзі жаудырап,
«Аясаңшы», — деп жаратылыс салды лан.
Жоқ, жоқ! Мейлі, басқыншылар Римді жер қып, соқа сап,
Италияны түгел шықсын тырмалап,
Шыдап бағам, осалдыққа бой бермен.
Өзімді өзім жаратқандай, жаратылмағандай өзгеден,
Бұлжымаймын, сертте тұрам, өзгермен!

ВИРГИЛИЯ

Жарым, әрі қожам, бізді танымай тұрсың ба?

КОРИОЛАН

Менің көзім Римдегі сендер көрген көз емес.

ВИРГИЛИЯ

Танымай тұрсың тауқымет тартып,
Тарыққан біздің әлпетті.

КОРИОЛАН

Тегі менен актер шықпас,
Рольден тағы жаңылдым.
Құдай қосқан қосағымсың,
Өзің кешір, бірақ менен
Римдіктерге кешірім сұрама.

(Виргилиямен сүйіседі).

Бір сүйгенің оралған қуғындай ұзақ,
қайтқан кектей тәтті екен.

Ант етемін көктегі тәңір-ана атымен,
Менің ерніме баяғы өзің қоштасқаннан
бері ерін тиіп көрген жоқ.

Уа, тоба,

Тұрып босқа мылжыңдап,
Ұмытыппын абзал анама тағзым етуді!
(Тізесін бүгеді).

Иіл, тізем, жер ойылып кетердей,
Ешбір перзент еш анаға ете алмас
Етейін терең құрмет.

ВОЛУМНИЯ

Түрегел, риза болғай тәңірлер.
Жастыққа емес, жартасқа бүгем тіземді,
Жалғызыма етем сондай мен де ізет.
Анаға емес, балаларға бағышталсын мұндай құрмет.
(Жер тізерлейді).

КОРИОЛАН

Бұның қалай? Бала алдында ана тізе бүге ме?
Таудың өзі онда аспанға тас атар,
Жұлдыздарды ұрып-жығып көктегі.
Желдер онда қу бұтамен шықпыртар
Күннің бетін шиедей қып осқылып.
Анам бүгін істеместі істедің.

ВОЛУМНИЯ

Сайыпқыраным,
Сені мен ем жаратқан.
(Валерияны көрсетіп).
Танисың ба сен оны!

КОРИОЛАН

Публиколаның қарындасы ғой асылтек,
Күллі Римнің аспандағы айы ғой.
Әулие Диана төбесінде тұрған мұздай тап-таза...
Валерия, аман ба!

ВОЛУМНИЯ

(Кориоланға баласын жақындатып)
Мынау сенің көшірмең,
Жылдан жылға
Аумай қалар өзіңнен.

КОРИОЛАН

Соғыс тәңірі Юпитердің өзіңе жаусын мейірі,
Қан шайқаста қай дұшпан да
сындыра алмасын сағыңды.
Қара дауылда самаладай жарқыра,
Адастырмай аман алып өт,
Бір өзің деп өзегін үзген жұртыңды.

ВОЛУМНИЯ

Тізеңді бүк, балақай.

КОРИОЛАН

Көгершінім кішкентай.

ВОЛУМНИЯ

Валерия, әйелің, мен және балаң,
Жалбарына келдік алдыңа...

КОРИОЛАН

Ашпа аузыңды!
Болмаса басқа амалың,
Есіңде болсын: мен сертімнен айныман.
Таратпаймын соңымдағы әскерді,
Римнің құл-құтаны күтпесін менен жақсылық.
Мейлі мені қанішер деп даттасын,
Шер боп қатқан жібіттірме кегімді,
Ашуды жең деп ақылға.

ВОЛУМНИЯ

Жә, болды!

Кешпесінді білдік біз,

Кешпесең де келдік біз.

Бірақ, егер аттай алмасаң сертіңнен,

Бәрібір бетіңе өшпес дақ боп жұғар талап бар,

Тыңдап алуыңды өтінем.

КОРИОЛАН

Авфидий, вольскілер, бері таман келіңдер.

Жалғыз тұрып тыңдамаймын сөздерін.

Иә, ол не талап?

ВОЛУМНИЯ

Сен айдауда жүргенде біздің көрген күніміз,

Біз айтпай-ақ, жүзімізден белгілі.

Жер бетінде біздей мұңлық табылмас.

Сені көрсек, көз жасымыз тыйылып,

Бақыт орнар дейтін едік жүрекке.

Бұрынғыдан да асқан тауқыметке тап қылдың:

Балаң, анаң, жарың — мына тұрған үш мұңлық

Шыққыр көзді көрер күнге жеткіздің —

Туған елдің көкірегін қара пышақтай тілгілеп

Бара жатқанын бізге біткен

Баланың, жардың, әкенің.

Сенің мұндай шектен асқан кегінді

Көру бізге қиынырақ басқадан.

Бұдан бұрын дұға қып көңілге басу табушы ек,

Бұдан былай дұға қылуға да жасқанам.

Не деп дұға қыламын, кімге тілек тілеймін,

Егер жақсы десем ұлым, жер болғаны елімнің,

Егер жақсы десем елім, жер болғаны ұлымның.

Демек, бізге басқа таңдау қалмады:

Иә талақ етеміз, бәрімізді жаратқан

Мына туған елді біз.

Иә талақ етеміз, бәрімізді талатқан

Мына тұрған сені біз.

Қай тілегімізді құдай берсе де,

Көретініміз бір қайғы:

Не сен мынау көшелермен

Қолыңда бұғау, сатқын болып айдалып өтесің,

Не басыңда алқа

Жеңімпаз боп масайрап,

Жайрап жатқан қалаңмен бірге

Ұлың мен жарыңның да қанын төгіп,

Мына менің де түбіме жетесің.

Мені қойшы, күте алмаспын бұл соғыстың біткенін,
Кетермін үзіп қу тағдырдың шылбырын.
Егер бүгін осы арада, осы жерде,
Мына сені екі жақтың егескен
Біреуін жығып соққыға, біреуінің соғып сойылын,
Сыңар езу болмасқа
Екеуіне де бірдей рақым қылуға
Көндіре алмасам, біліп қой,
Римге аттап баспас бұрын
Әуелі мына мені —
Тұмай тұрып тоғыз ай жатқан көніңді
Аяғыңмен таптап өтесің.

ВИРГИЛИЯ

Мен де бермен пұрсатты —
Әуелі теуіп кетесің ұлың жатқан құрсақты.

БАЛА

Тептірмеймін мен оған,
Қашып кетіп, өсемін де,
Көрсетемін зобалаң.

КОРИОЛАН

Қатын сияқты қатын болып кетпеу үшін еркекке —
Қатын-балаға қарамай, сыймау керек жер-көкке.
(*Орнынан тұрады*).

ВОЛУМНИЯ

Жоқ, сен кетпейсің.
Сұрасақ егер біз сенен римдіктерді құтқар деп,
Вольскілерді қыр, жой деп —
Улаған болар ек арыңды, аттаған болар
ек оларға берген сертінді.
Сұрайтынымыз сенен біз: жауласқандарды келістір,
өштескендерді табыстыр.
Вольскілер айтсын: «Жарылқадық, — деп, — сіздерді»,
Римдіктер айтсын: «Қабылдадық, — деп, — оныңды!»
Екі жақ та айтсын өзіңе: «Құтқардың — деп, — егестен!»
Уа, менің, ұлағатты перзентім,
Сен білесің баянсызын жеңістің.
Егер біздің жөнсіз болса қолқамыз,
Қысылмастан шық қуып.
Егер осыдан жөн болса,
Қаһарына тәңірдің
Қалатұғын бір өзін.
Қайтарып ана меселін,
Кеттің теріс айналып,
Бәрің де жер тізерле,

Бәлкім, содан ұялар.
Бәрі де Кориоланның аяғына жығылады.
Аты оның Кориолан ғой.
Бұл сөздің түбірі — мейірім емес,
Бұл есімнің — түбі лаң ғой.
Не де болса, ең соңғы рет
Аяғына жығылып, жалынайық.
Онымызға илікпесе,
Үйімізге қайтып, көріне алмай жұртқа
Пұшайман қылған өлім лайық.
Көзіңді сал, ең болмаса, балаңа қара,
Кет демей, не деп жалынарын,
Жайғанын титтей алақанын,
Соның өзі күштірек сенің
Бас тартып айтқан дәлеліңнен.
Жоқ, бұл неме вольскінің
Туған шығар қатынынан.
Әйелі де Кориоладан шығар,
Немерем кездейсоқ тартқан болды.
Не де болса, қуып шық өзің,
Әйтпесе мен жақ ашпаймын,
Қашан Римді от шарпығанша.
Сосын айтам айтарымды
Егер Римді күйретсең, лағнат қосыларын атыңа?
Шежірелерде жазарын:
«Ұлы екені ұлы еді,
Бірақ, кейінгі істері
Бәрін зая қып жіберді.
Отанын сатып ол енді —
Мәңгі бақи масқараға бөленді».
Ендеше, ұлым, бер жауап:
Айтушы ең ғой өзің де —
Ашулансаң, тәңірідей зілсіз бол,
Көк аспанды қақыратса да күркірің,
Күйдіріп барып тынатын кәрі еменнің түбірін.
Енді неге өзің содан аттадың,
Сонша неге өштескенге қаталсың?
Керең болып қалғандай, үндемейді ол маған —
Ар жағын, қызым, өзің айт.
Балапаным, сен сұра, бәлкім сенің шүлдірің
Тас жүрегін жібітер, жібіте алмаған жасымыз?!
Бір жан үлкен қарыз болса анаға,
Менің балам сияқты еді.
Бірақ, бүгін маған да тұр мелшиіп,

Елікпей бір сөзіме.
Бүгін білдім анасына тым мейірімсіз екенін —
Мекиендей ол байғұс
Асты-үстіне түссе-дағы қыт-қыттап,
Шертпесе де маңдайдан,
Баулыса да майданға,
Тосса да оны екі көзі төрт болып,
Қан шайқастан қаһарман боп келгенше...

КОРИОЛАН

Уа, анашым, бұл не істегенің?
Көрмейсің бе, көктегі хақтар
Қақыратып аспанның төсін,
Сен салған мынау масқараға
Күліп жатыр,
Қатқанша әбден шек-сілесі.
Бейшара анам, бейбақ Римге
Оңай жерден әпердің жеңіс.
Бірақ, ұлыңның ойсыратып атын,
Еткенің не бағын кеміс?!
Не болса да, болсын енді!
Авфидий, маған енді қалған жол —
Бітімге келу Римменен.
Соғыстың шырқын кетірдім мүлде.
Айтшы достым, болсаң өзің,
Бүгінгідей күні орнымда менің —
Анаңды қуып шыға алар ма едің,
Құлағыңа ілмей бір де бір сөзін?

АВФИДИЙ

Менің де тұр сай-сүйегім сырқырап.

КОРИОЛАН

Ант етемін, айтқаның рас,
Дымданып кетті менің де көзім.
Азапқа мұндай шыдап болмас,
Ендігі ақылды айтшы өзің.
Риммен тұрып бітімге келмей,
Қинайтын шарттар қоямыз нендей?
Мен енді атымен Римді көрмей,
Кетемін еріп өздеріңе.
Не ақыл айтасың?
Қалайсың маған дем беруге?
Қинадыңдар-ау анам мен жарым
Шығып кетпей әзер тұр жаным,

АВФИДИЙ

(Қырын қарап)

Арың мен күдік жаңынды қинап,
Иә, бәлем, тарттың ба азап,
Жанғалы тұр-ау енді менің бағым!

Әйелдер Кориоланмен қоштасуға оқталады.

КОРИОЛАН

Асықпаңдар! Тоқтаңыздар!
Шарап ішіп әуелі біздер
Бекітейік әлгі әңгімені.
Барарсыңдар сосын Римге айтып,
Римнің бағының озғаны болар.
Бұл үшін сендерге ғимарат соғар.
Әйтпесе күллі Рим семсері
Мұндайдың қарасын көрмес те еді,
Жүріңдер, ханымдар.

Бәрі шығып кетеді.

ТӨРТІНШІ САХНА

Рим. Алаң. Менений мен Сициний шығады.

МЕНЕНИЙ

Капитолийдің оқшауланып шығып тұрған әне бір бұры-
шындағы тасты көріп тұрсың ба?

СИЦИНИЙ

Иә, көріп тұрмын. Онда не тұр?

МЕНЕНИЙ

Егер оны шынашағыңмен тұрған орнынан жылжыта
алсаң, Кориоланды манағы әйелдер, әсіресе шешесі
бірдеңе ғып иліктіре алуы мүмкін. Бірақ, ол да мүмкін
емес қой. Ендеше, ондай үміт те құр бекершілік. Мойны-
мызға бұғалық салынды, енді соны шірене тартуы ғана
қалды.

СИЦИНИЙ

Қалайша адам аз уақыттың ішінде осынша өзгеріп кете
алады?

МЕНЕНИЙ

Шылаушын көбелекке ұқсамайды, бірақ көбелек те бір
кезде шылаушын болған ғой. Марций де адамнан аждаһа-
ға айналды: қанат біткесін бауырымен жылжып қайтеді.

СИЦИНИЙ

Бірақ, анасын өлердей жақсы көруші еді ғой.

МЕНЕНИЙ

Маған да солайтұғын. Ал қазір ол бесті айғыр енесіне қалай қараса, ол да анасына солай қарайды. Қабағынан қар жауып, үстіңе жар құлардай, түңере қарайды. Басқанынан жер ойылатындай. Көзінің сұғы көк сауытты тесіп өтетіндей. Дауысы күннің күркіріндей. Әр сөзі зеңбірек атқандай. Төбесіне шымылдық керген төрге адам емес, Ескендірдің тас мүсінін орнатып қойғандай. Айтқаны аузынан шықпай жатып, жүзеге асып жатады. Тағын көкке орнатып, өзін өлмейтін қып жаратсаң. құдайдың өзі болады да шығады.

СИЦИНИЙ

Егер әуелгі суреттеуің рас болса, оған құдай болу үшін тағы да бір нәрсе аз-мұз мейірім, керек қой.

МЕНЕНИЙ

Көзім нені көрсе, сөзім соны айтып берді. Анасының қалай жетісіп келетінін қазір өзің көресің. Жолбарыстан сүт дәмепесек, одан мейірім күтпе. Біздің бейшара қаланың оған көп ұзамай көзі жетеді. Бәрі де сендердің қырсығың.

СИЦИНИЙ

Тек құдайлардың өздері жар болғай!

МЕНЕНИЙ

Жоқ, олардың да бұл жолы бізге көңілдері құлай қоймас. Кориоланды қуарда біз оларды еске алған жоқпыз ғой. Енді ол қайтып келіп қиғылықты салғанда, құдайлар да бізді еске алмайды.

Жаушы көрінеді.

ЖАУШЫ

Трибун, көзің құрымай тұрғанда, үйіңе жетіп ал,
Жолдасыңды көп тобырымен бірге қамауға алды.
Көше тастамай сүйретіп келеді,
Егер әлгі әйелдер иліктіре алмаса,
Тас-талқан қып, бұтын бұт, қолын қол қып,
Жайратып салар түрлері бар.

Екінші жаушы шығады.

СИЦИНИЙ

Қандай хабар білесің?

ЕКІНШІ ЖАУШЫ

Жақсы хабар білемін: айтқанға жетті әйелдер —
Марций вольск әскерін алып кетті қаладан!
Римнің төбесіне нұр жауды,
Тарквиньяны қуғанда да қуанбаған
шығар тап мұндай.

СИЦИНИЙ

Жаңылып тұрған жоқсың, ба, достым?
Рас па бұның?

ЕКІНШІ ЖАУШЫ

Аспанда күн жарқырап тұрғаны
қандай рас болса,
Айтып тұрғаным да сондай рас.
Бұған сенбейтіндей,
сен өзің қайда болдың баяғыдан?
Көрмейсің бе селдей қаптап,
Қала қақпасына қарай ағылып жатқан
Қарақұрым халықты. Құлағыңды сал!

*Сахна сыртынан керней-сырнай, дабыл-данғыра үні.
Қуанышты дауыстар.*

Дабыл-дабыра, керней-сырнай,
шадыман жұрттың үнінен
Күннің көзі билей жөнелмей,
Әзер-әзер тұр шыдап.
Тыңда, тыңдап бақ.

Қуанышты дауыстар.

МЕНЕНИЙ

Мынау шыннан жақсы хабарға ұқсайды.
Барып өзім қарсы алайын әйелдерді.
Волумния артық болды бір өзі
Бір қаладағы сенатор, консул,
кілең шонжардан қаптаған,
Аһ сендей, сендей көкімелер
Қаптаса да бүкіл қара жердің жүзіне —
Татымайсыңдар жаңғыз басқан ізіне.
Бүгін мықтап оқысаңдар дұғаны,
Ал таңертең күдерді үзіп тұрып ем.
Рим қандай қуанышты,
Рим қандай мәз-майрам!

Айқай-шу. Музыка.

СИЦИНИЙ

(Екінші жаушыға)

Әуелі тәңірлер төбеңе сенің нұр жаудырсын,
Сосын өзім шексіз алғыс айтамын
Аузыңнан шыққан хабарға.

ЕКІНШІ ЖАУШЫ

Қайсымыздың да тап бүгін
Жүрегіміз жарылар жөні бар.

СИЦИНИЙ

Алыс па еді олар қаладан?

ЕКІНШІ ЖАУШЫ

Қақпа алдына келген-ді.

СИЦИНИЙ

Қарсы шығайық алдынан,
Халықпен бірге қуанып.

Кетеді.

БЕСІНШІ САХНА

Рим. Қақпаға жақын көше. Волумния, Виргилия, Валерия және басқалары сенаторлардың, Патрицийлердің, қаракүрым халықтың арасында келеді.

БІРІНШІ СЕНАТОР

Көріңдер мына құтқарушысын Римнің,
Жандарын аман алып қалған жалпының!
Аймақ-аймақ алақотан жиылып,
Самала жағып, от маздатып, құтыртындар шат-
тықты.

Тәңірлерге тағзым қып,
Гүл шашындар әйелдердің жолына.
Мадақтаңдар Марцийді туған ананы,
Оларың бәлкім ұлының орнын толтырар:
«Сәлем, — деңдер, — әйелдерге кейуана!»

ЖҰРТ

Сәлем кейуана әйелдеріне Римнің.

Кернейлетіп, сырнайлатып, жұрт сахна сыртына шұбырады.

АЛТЫНШЫ САХНА

Кориол. Алаң. Тул Авфидий нөкерін ертіп кіреді.

АВФИДИЙ

Сенаторларға айтқын, мен оралдым ортаңа,

Мына қағазды осы, алаңға тез жиылсын.

Сол арада айдай жұрттың алдында

Оқып берем жазғанымды мен онда.

Мен айыптаған бір адам

Кіріп келеді қалаға.

Өзін ақтап алмаққа,

Сөйлескісі келеді жұртпенен.

Асығындар! Тездетіндер! Болындар!

Нөкер кетеді.

Авфидий тобындағы үш-төрт бүлікші кіреді.

Армысыздар?

БІРІНШІ БҮЛІКШІ

Хал қалай, көсем.

АВФИДИЙ

Өз мейіріміңнен өзің шексең тауқымет,

Ақ көңілдіктен ұрынсаң егер аранға,

Халық жақсы бола ма?

ЕКІНШІ БҮЛІКШІ

Егер өзің қайтып қалмасаң райдан,

Ерік берсең біз ойлаған істерге,

Онша бола қоймас жағдайың.

АВФИДИЙ

Халықтың ауызы қалай қисаярын біліп алғың әуелі.

ҮШІНШІ БҮЛІКШІ

Егер екеуіңнің таңдау керек болса біріңді,

Әлде қалай деп, артын күтеді,

Біріңнің бірің көзін жойып,

Қолдау үшін тіріңді.

АВФИДИЙ

Білемін олайын онсыз да,

Мен Марцийді ұлықтап,

Беріп ем жолына кепілдік.

Енді, міне, ол дегеніне жеткесін,

Даңққа әбден бөленіп,

Достарымды өз жағына шығарды.

Сол үшін тіпті өз мінезін ұмытып,

Жұрттың бәріне жалпақшешей боп алды.

ҮШІНШІ БҮЛІКШІ

Қиқар болам деп ол бұрын
Консулдықтан қалып еді-ау мақұрым.

АВФИДИЙ

Мен де тұрмын соны айтып,
Қуғын көріп жүргенде, өзі келіп үйіме,
Аяғыма жығылып, мойынын тосқан пышаққа.
Жазалаудың орынына,
Бауырыма қыстым құшақтап.
Әскерімді беріп ең жақсы,
Мақсатына жет дедім.
Өзім болдым көмекші.
Екі етпедім айтқанын,
Сүйтіп алған абыройды
Менімен бөліспей,
Иемденді бір өзі.
Ал мен болсам, мәз болдым,
Жарылқадым деп біреуді.
Қадырды білмей, сүйтсем ол,
Жандайшабындай көріп өзімді
Ілмейтінді шығарды көзіне.

БІРІНШІ БҮЛІКШІ

Тура айтасың,
Таңғалатын оныңызға әскер де.
Соңында біз Римге барып жеткенде.
Абырой түгіл,
Алатұғын қып-қызыл
Олжамыздан айырды.

АВФИДИЙ

Сол үшін де енді төгем оған кәрімді,
Қайдағы бір қатындардың
Қимай аққан сорасын,
Ақырыңда сатып кетті
Баяғыдан бәріміз салпақтаған
Ұлы жорық жорасын.
Сол үшін де өзі құлап,
Мені көкке шығарар.
Естіп тұрсыңдар ма?

*Сахна сонында дабыл, Керней, шуылдасқан жұрт
дауысы шығады.*

БІРІНШІ БҮЛІКШІ

Сен болсаң әншейін жаушыдай
Қалаңа кірдің үн-түнсіз,
Халық қалай қарсы алып жатыр Марцийді?!

ЕКІНШІ БҮЛІКШІ

Жетесіз жұрт жатыр ғой,
Боздақтарын баудай түсірген
Қарақшыға айтып қошамет.
Аямай жыртып өңешін.

ҮШІНШІ БҮЛІКШІ

Сонымен уәде былай болсын,
Ол жұртты көлгір сөзімен
Өз жағына шығарып алмай тұрғанда,
Әй мен шәйге қаратпай,
Семсеріңе жел бер де,
Жайратып сал қапияда,
Артынан айт дәлелді,
Оның айтар сырлары
Бірге кетсін қабірге.

АВФИДИЙ

Ашылмасын енді жақ.
Сенаторлар келеді.

Сенаторлар кіреді.

СЕНАТОРЛАР

Саламат бол!

АВФИДИЙ

Сәлемдеріңе татысам,
Оқыдыңдар ма менің дұғай сәлемімді
Ел билеген кіл жақсы.

СЕНАТОРЛАР

Оқыдық.

БІРІНШІ СЕНАТОР

Өкінішке орай, еңбегін ескеріп бұрынғы,
Кешіруге де болар ед,
Бірақ бастайтын жерде аяқтап,
Істің артын тәрк қып,
Қалдырып бізді шығынға,
Шығарып жауды ұрысқа,
Берілгеннен жаман бітімге
Мәжбүр еткені үшін де
Ақтай алмайды оны ештеңе.

АВФИДИЙ

Әне өзі де келеді. Өз аузынан тыңдаңыз.

Дабыл қағып, ту көтеріп, қала халқын ерткен Кориолан көрінегі.

КОРИОЛАН

Армысыздар, жақсылар!
Еңіреген елі үшін
Жасағың жаудан оралды,
Адал болса қандай кеткенде,
Адал қайтты тап сондай.
Айтқандарыңды екі етпей
Қара қанды ағызып
Қақпасына жеттім Римнің.
Жолда тапқан олжамыз
Асып түсед шығыннан.
Бейбіт бітім жасадық
Вольскінің асар абыройы,
Римнің түсер қадірі.
Сенаттың мөрі басылып,
Консул мен шонжарлар
Жапатармағай қол қойған
Шарт қағазы, мінеки.

АВФИДИЙ

Жақсылар, жолдан қалмаңыз
Оқимыз деп ондайды.
Опасыздан сұраңыз:
Неге тәрк еттің, — деп —
Біздер берген билікті?

КОРИОЛАН

Опасызың кім? Менмін бе?

АВФИДИЙ

Иә, Марций, сен сатқынсың.

КОРИОЛАН

Марций дейсің бе?

АВФИДИЙ

Сен емессің бе, Кай Марций?
Күтіп пе едің әлде мен
Кориолан деп атар деп
Кориолдың атын былғайтын.
Жақсылар мен жайсаңдар,
Ол сөзінде тұрмады
Әйелі мен анасының

Көз жасы үшін бір тамшы
Қолға түскелі тұрған Римді
Бітімге қиды қыршаңқы.
Әскери кеңес шақырмай,
Сертіне берген түкірмей,
Бір кемпірдің сөзі үшін
Жау алдында еңкідеп,
Жеңісімізді қор етті,
Намысты басты аяққа,
Сайыпқырандар түгілі аяулы
Жас нояндар қалды ұятқа,
Тірілей жерге көміліп.

КОРИОЛАН

Марс, мынау естисің бе сұмдықты?

АВФИДИЙ

Марстың атын аузыңа алуға ұял, боқмұрын?

КОРИОЛАН

Не дедің, қане? Қайтала!

АВФИДИЙ

Сен боқмұрын баласың жыламсақ!

КОРИОЛАН

Қап, сен суайт, қорладың,
Бәсімді түсіріп бала деп?!
Бұған қалай шыдайын —
Не дейді мынау шұнақ құл?
Кешірім ет, жақсылар.
Алғашқы рет ауызымнан
Шығып тұр мұндай балағат.
Мұндай итке шып-шыли
Жала жапқан өтірік
Өздерің үкім айтыңдар.
Дүрелейін сосын мен
Өшпейтіндей өлгенше
Жонынан таспа тілдіріп!

БІРІНШІ СЕНАТОР

Екеуің де доғарыңдар!
Енді мені тыңдаңдар!

КОРИОЛАН

Мейлі, мені кескілеңдер өлтіріп,
Қолдарыңды жуыңдар қара қаныма,
Бұл суайттың қорлығына шыдаман.
Шежірешілерің егер өтірік жазбаса,
Өз көздеріңмен талай-талай оқыдың
Көгершінді қуған бүркіттей

Тоз-тоз қылып әскерін
Кориолды бір өзім алғаным.
Бала болсам, сонда қайда қалдыңдар?!

АВФИДИЙ

Бұған қалай шыдайсыңдар, жақсылар,
Мынау суайт имансыз
Басына соқыр бақ қонып,
Дақ салып тұр сүйекке?

БҮЛІКШІЛЕР

Сол үшін керек өлтіру!

ЖҰРТ

— Не күтіп тұрмыз!

Бұтын-бұт, қолын қол қылып, итке тастайық бор-
шалап!

Ұлымды өлтірген ол менің!.

Қызым сонда қорланған!

Айырылғам Марк ағамнан!.

Әкемнен мен де айырылғам!

ЕКІНШІ СЕНАТОР

Өшіріңдер! Тіл тигізген өздерің!

Оның ержүрек атағын

Біледі бүкіл шартарап.

Артқы істеген айыбын

Талқылау керек байыптап.

Авфидий, сен де аптықпа!

Қиянатқа елді бастама!

КОРИОЛАН

Шіркін, мұндай жетпіс жеті жексұрын,

Тіпті бүкіл Авфидий тұқым-тұзын

Көрсем мынау көк семсерден дәм татып!

АВФИДИЙ

Не дейді мынау оңбаған!

БҮЛІКШІЛЕР:

Өлтіру керек! Тураңдар тұрған жерінде!

*Семсерлерін суырып ап, тап беріп Кориоланды өлтіреді.
Авфидий оң аяғымен өліктің кеудесіне шығады.*

СЕНАТОРЛАР

Тоқта! Тоқта!

АВФИДИЙ

Жақсылар, дат!

БІРІНШІ СЕНАТОР

Уа Тум!

ЕКІНШІ СЕНАТОР

Бұл қылығың ездiкке ұқсас ерлiктен.

ҮШІНШІ СЕНАТОР

Тарт аяқты, қорлама!

Семсердi сал, қынапқа!

АВФИДИЙ

Жақсылар, егер бұған дейiн ол бөгеп,

Айтқызбай келген сендерге,

Бұл сатқынның қырсығынан

Елге қандай қауiптiң

Бiлсеңдер туғалы тұрғанын,

Өздерiң тәубе дерсiңдер

Истiң бұлай тынғанына.

Сондықтан менi тыңдаңдар да сенатта, —

Анықтаңдар ол ақ па, әлде мен ақ па,

Сосын қандай жазаларына да пейiлмiн.

БІРІНШІ СЕНАТОР

Әкетiңдер денесiн.

Аза тұтайық Марцийдi.

Сүйекшiлер бұндай абзал дененi

Көрмеген шығар бұған дейiн сауаптап.

ЕКІНШІ СЕНАТОР

Қиқар едi тым асау,

Сонысымен азайтты Авфидий айыбын.

Кiм бiлiптi, жөн болар

Истiң осылай бiткенi.

АВФИДИЙ

Кегiм ендi тарады. Шын қайғыны сезiндiм.

Бұл сабаздың денесiн.

Ең қадiрлi үш көсем. менiмен бiрге көтерсiн.

Қаттырақ соқ, дабылды.

Түсiрiңдер төмен найзаны,

Жер сүйгенше желегi.

Кориолды қанға батырып,

Талай ананы боздатып,

Қырса да талай боздақты

Атағы асқан ер даңқын

Аза тұтпай болмайды,

Көтерiңдер өлiктi!

*Кориоланның денесiн көтерiп сахна сыртына беттейдi.
Азалы күй тартылады.*

СОҢЫ

УИЛЬЯМ ШЕКСПИР

КОРОЛЬ ЛИР

Қатысушы адамдар:

Лир — Британия королі¹

Француз королі

Бургундия герцогі²

Корнуэль герцогі (Корнуол)³

Альбан герцогі (Олбени)⁴

Граф Кент

Граф Глостер

Эдгар — Глостердің ұлы

Эдмунд — Глостердің некесіз ұлы

Куран — сарай адамы

Шал

Дәрігер

Сайқымазақ

Освальд — Гонерилья сарайының қызметкері

Эдмунд қарауындағы офицер.

Корделия нөкеріндегі сарай шонжары

Герольд, Корнуол — қызметшілері.

Гонерилья, Регана, Корделия — Лирдің қыздары

Лирдің нөкеріндегі сайыпқырандар, офицерлер, жаушылар, солдаттар, сарай адамдары.

Аңыздың айтуынша, уақиға біздің дәуірімізге дейінгі IX ғасырда (Голиншедтің жыл қайтаруынша, дүние жаратылғаннан кейін 3105 жыл кейін) Британияда болған.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

*Король Лир сарайындағы тақыт залы.
Кент, Глостер және Эдмунд кіреді.*

КЕНТ. Мен корольге Альбан герцогінен гөрі Корнуэль герцогі көбірек ұнайтын шығар деп ойлаушы ем.

ГЛОСТЕР. Бәріміздің ойымыз да солай-тын. Бірақ, корольдің өз игілігін мынандай қып бөлгеніне қарағанда, бүйрегiнiң кiмге бұратынын айыру қиын. Қара қылды қақ жарғандай. Жіліктің майлы басының кімге түскені белгісіз.

КЕНТ. Бұл сіздің ұлыңыз ба, милорд?

ГЛОСТЕР. Иә, оның дүниеге келуіне аз-мұз араласым болғаны рас. Бұрын мұндай сұраққа қызарақтап қалушы едім, қазір бетімнің қытығы қашайын деген бе, қысылмайтын болыппын.

КЕНТ. Мына сөзіңізге түсіне алмадым?

ГЛОСТЕР. Ендеше, бұл жігіттің анасы менің көмейімді бірден түсінген-ді. Соның салдарынан ол бейбақ байдан бұрын бала сүйді. Сіз мені жазғырып тұрғаннан саусыз ба?

КЕНТ. Мынандай жайсаң жігіт жарыққа келгесін жазғырып қайтем.

ГЛОСТЕР. Некелі әйелімнен туған бұдан бір жас үлкен ұлым бар, бірақ оған бүйрегім бүлк етпейді. Бұл патшағарды жата-жастанып тілеген ешкім болмаса да, анасы асқан сұлу еді, бұл туарда талай-талай бал дәуренді басымнан кешіп ем, әкесі екенімді амалсыз мойындауға тура келді. Эдмунд, сен бұл мәртебелі мырзаны танитын ба едің?

ЭДМУНД. Жоқ, милорд.

ГЛОСТЕР. Ендеше, танып ал. Граф Кент, бұдан былай мені қалай сыйласаң, бұл кісіні де солай сыйла. Асыл текті бұл мырза — менің ғазиз досым.

ЭДМУНД. Қызметіңізге әзірмін, тақсыр.

КЕНТ. Жақын біліскесін, өз баламдай бауыр басып кетерміз деп сенем.

ЭДМУНД. Бұл сеніміңізді ақтауға тырысып бағам, тақсыр.

ГЛОСТЕР. Тоғыз жыл шетте жүрді, енді көп ұзамай тағы да жолға шықпақ... Король келе жатыр.

Шымылдық сыртынан керней тартылады. Лир, Корнуэль герцогі, Альбан герцогі, Гонерилья, Регана, Корделия және нөкер кіреді.

ЛИР. Глостер, қазір барып, Француз королі мен Бургунд герцогіне хабар бер.

ГЛОСТЕР. Құп болады, тақсыр ием.

Глостер мен Эдмунд шығып кетеді.

ЛИР.

Ал, жарандар, қазір енді
Таныстырам шешіміммен бел бұған.
Карта қайда, әкел бермен.
Былай болмақ пәтуа:
Өлкені біз үш бөлікке бөлмекпіз.
Таж бен тақтың тауқыметін
Өздеріңе артқан соң,
Қара көрге «уһ» деп бір қайғы-мұңсыз кірмекпіз.
Корнуол ұлым, қадыр-қасиетің бір де кем емес.
Олбени балам, бір-біріңе ала көз боп
Жүрмесін деп күні ертең,
Қыздарымның еншілерін
Осы қазір өз аузымнан айтпақпын.
Кіші қызыма таласып жүрген
Екі бірдей бекзада
Франция королі мен Бургундия герцогі.
Олар да менің жауабымды тосулы.
Ал, қыздарым, мына біз ертең
Таж бен тақтан,
Жер мен судан,
Дүние-малдан
Шыққаннан соң баз кешіп,
Қайсың көбірек сыйлайсыңдар әке деп? —
Айтыңдаршы құлта бүкпей көңілге,
Енші бөлдерде ескерейік оны да.
Ал, Гонерилья, қарағым, алдыменен сен айтшы!

ГОНЕРИЛЬЯ.

Сізді қандай сүйетінімді айта алам ба сөз тауып!
Екі дүниенің дәулеті мен тіршіліктің рахаты,
Беттің ары, көздің нұры,
Жеті мүшенің саулығы
Әке, сіздің бір басыңыздан садаға!
Ықлым дүние орнағалы

Туды ма екен, сірә, перзент
Мендей сүйген әкесін.
Жүйе-жүйкемді жидіте беріп,
Мұнша сынап қайтесіз.

КОРДЕЛИЯ *(өзімен-өзі)*.

Ал, Корделия, сен не дер ең?⁸
Шын сүйгенге сөз шығындап не қажет!

ЛИР.

Балам, онда, мына жатқан
Сайын дала, самиян көл,
ну шалғын мен жасыл орман
Бердім саған.

Қосағыңмен қоса ағарып,
Ұл өсіріп, қыз өсіріп,
Игілігіңе пайдалан.

Ал, екінші қызым Регана,
Сен не дейсің әкеңе?

РЕГАНА.

Бір емшектен нәр емген
Апамнан асып не айта алам?
Оның сөзін сөзім деп біл менің де.
Жан-тәніммен жақсы көрем бір сізді,
Содан асқан бақ пен дәулет
Керек емес мен үшін.

КОРДЕЛИЯ *(өзімен-өзі)*.

Көңілім сұңғыла, тілім олақ
Мен неғылған бейшара едім.

ЛИР.

Сен де, ендеше, отбасыңмен
Қызығын көр мына өлкенің.
Құт пен көркі мұның-дағы
Кем түспейді ешбір жерден.
Бір басына талас қылып,
Сүттей ұйып, судай сіңген
Егіз елді егестірген⁹
Кенже қызым не дейді екен?
Екі апасына да ұсынбаған
Енші етемін ен өлкені.
Ал, кәники!

КОРДЕЛИЯ

Мен ештеңе айта алмаймын, милорд.

ЛИР.

Ештеңе айтпайсың ба?

КОРДЕЛИЯ

Иә, тақсыр.

ЛИР.

Ештеңе айтпасаң, кетеді есең,¹⁰
Бірдене де, меселімді қайырмай.

КОРДЕЛИЯ.

Қызыл сөзге шорқақтау ем.
Бір перзенттей сүйем мен де,
Жұрттай өліп-өшпегенмен.

ЛИР.

Корделия, дұрыс сөйле,
Қапы соғып қалма кейін!

КОРДЕЛИЯ.

Тақсыр ием, өзіңізсіз жарық дүниеге жаратқан,
Асырадыңыз, бақтыңыз-қақтыңыз.
Сыйға — сый, сыраға — балды білем мен де,
Қадір тұтып басыңызды,
Орындаймын сөзіңізді екі етпей.
Ал, мына екі апамның
Болса рас айтқандары,
Бұл дүниеде екеуі де
Бір сізді ғана сүйеді екен, —
Ендеше күйеуге неге тиеді екен?!
Мен олардай өз әкемді
Өліп-өшіп сүю үшін
Кіре алмаймын жат құшаққа.
Ерге шықсам, оны-дағы
Жан-тәніммен сүйем рас.
Сондықтан да, жарық жалғанда
Жалғыз сізді
Жақсы көрем деуге болмас.

ЛИР.

Құдай ақы шын сөзің бе бұл, қызым?

КОРДЕЛИЯ.

Иә, милорд.

ЛИР.

Жас басыңмен, тап осынша тас жүрек пе ең?!

КОРДЕЛИЯ.

Жалтара сөйлеген жараса ма екен жастыққа!

ЛИР.

Жараспаса, жалаң шындық — жасауың!
Бізді кеше әкеліп аз күн фәниге,
Ертең бізді әкетер мәңгі-бақиға
Жарық күннің шұғыласымен,

Қара түннің түнегімен,
Сәулесімен жұлдыздың¹¹
Айдай жұрттың алдында
Ант етемін.
Безер қыздан бездім, халқым,
Әке көңілін тәрк қылған.
Балам ғой деп шырқырап шыбын-шіркей
жанымды да,
Алпыс екі тамырымда
Ағып жатқан қанымды да
Мансұқ еттім. Аулақ! Аулақ!
Бауырымнан шыққан шұбар жылан
Бетің әрі!
Бұдан былай сенен гөрі
Өз нәсілін өзі жеген
Маған туыс түзде тағы.

КЕНТ.

Тақсыр ием!

ЛИР.

Жә, Кент!
Аждаһаның ауызына
Басыңды сұқпай, тұр былай!
Үш перзенттен емешегім құрып,
Сүйген едім ала бөтен бұл қызды.
Аз жарықты қалған енді
Өткізем деуші ем ошағының басында.
Қайырды ғой хиуазын,
Көрінбесін көзіме!
Тірімде көңілімді шошытпай,
Өлген соң үрейімді шошытпай,
Бұдан былай жуымасын маңыма.
Біржолата ат құйрығын кесістім.
Естіді ме екен, шақыртып ем
Франция королін?
Не дейді екен? Қайда Бургунд герцогі?
Сіздер неге қалдыңыздар үндемей,
Корнуол мен Олбени?
Қалған жерді қаққа бөліп,
Қостым тағы үлестеріңе үстеме.
Тиер күйеуін тапсын өзі
Ақиқат құмар асау қыз.
Мынау елдің ендігі тізгінін
Ұстатамын екеуіңнің қолыңа.
Әр ай сайын алма-кезек

Қолдарыңа шығам да,
Жүз сарбаздан артық енді
Нөкер ертпен соңыма.
Қанағат тұтып король деген атымды,
Соңдағы — әскер, қолдағы — билік,
Жерден түсер табысты
Сендерге бердім.
Мынау соның айғағы —
Басымдағы тажымды
Алыңыздар тең бөліп.
(Тажды ұстатады).

КЕНТ.

Уа, падишам деп табынып,
Жақсы әке деп тамсанған.
Құлдық ұрған тақсырлап,
Құдіретің күшті Лир патша...

ЛИР.

Көрмейсің бе сұр жебелі садақты,
Жолда тұрма, кет былай!

КЕНТ.

Атар болсаң сұр жебенді маған ат!
Лирді ашу жеңгенде
Кент бола алмас мәймөңке.
Адуын шал, ақылыңнан алжаспа!
Көлгірлікке құлақ тосып,
Ақиқаттың қақпа аузын.
Падишаның есерлігін көргенде
Әдеп, иба қалмай ма екен адыра!
Берме тақты!
Сабаңа түс, сабаңа!
Корделия бұлардан кем сүймейді,
Бәске тігем басымды.
Сырдандардың сылдыр сөзіне иланып,
Шын сүйгеннің тәрк етпе сен пейілін!

ЛИР.

Жан керек болса, кет былай!

КЕНТ.

Талай жерде жауыңа тосқан кеудемді
Енді, міне, өз оғыңа тостым мен.

ЛИР.

Көзіме енді көрінбе!

КЕНТ.

Ондай көздің жоғы жақсы барынан
Айыра алмаса қас пен достың парығын.

ЛИР.

Құдай куә...

КЕНТ.

Иә, құдай куә, тұрғаныңа
Бостан-босқа алжасып.

ЛИР.

Сұмырай! Опасыз!

Семсерін суырады.

Олбени мен Корнуол.

Дат, патша ағзам!

КЕНТ.

Басын шауып досыңның
Қанжығасына бөктермек пе ең қасыңның?!
Қайт райдан!
Әйтпесе,
Өлтірсең де айтарым —
Бар сұмдықты бастап тұрған өзіңсің!

ЛИР.

Қу, шұнақ құл!
Ұмыттың ба атыңды.
Тыңда ендеше!
Сүйегіме өшпес-кетпес дақ салып
Өз сөзіңнен өзің айны деп тұрсың.
Сөзімізге ісіміз
Келіп жатса кереғар
Патша деген атақтан не пәтуа!
Өз обалың өзіңе.
Бес күн береміз.
Алыс сапар алдында
Керегіңді сайлап ал.
Алтыншы күні
Біздің мынау өлкеден
Өшірер бол қараңды.
Тек біліп қой,
Он күнге дейін қараң сенің өшпесе,
Қыл тұзақ көрер
Қызығын қылша мойныңның!
Жоғал! Айныр болсақ бұл сөзден,
Тәңірім берер сазамызды.

КЕНТ.

Қош бол, король,
Өз тізгініңе өзің ие бола алмай,

Астамдықтың алып тұрсың ақылын.
Өз жерімде өзім құл боп жүргенше
Пейіл көрдім жаттан шегер запыны.

(Корделияға)

Қызым, дұрыс сөзің тұрған екен бұрыс боп,
Тілеуіңді бірге тілеп жүрермін.

(Реганаға және Гонерильяға)

Ауыздарыңнан жарқылдаған жақсы сөз
Жадылықтан аулақ болғай, лайым.

(Қалған жұртқа)

Мұндай дәурен Кентке енді мақұрым,
Жаңа жерде бастайды ескі кәсібін.

(Кетегі).

Керней даусы естіледі. Француз королін, Бургундия герцогін және нөкер ертіп Глостер кіреді.

ГЛОСТЕР.

Король мен герцог келіп тұр, тақсыр ием!

ЛИР.

Қымбатты герцог, сөзді өзіңізден бастайық.

Мұнда король екеуіңіз

Құда түсіп келіп қапсыз.

Қораш боп шықса қалыңдықтың жасауы

Жүрмейсіз бе құдалықтан бас тартып?

БУРГУНДИЯ ГЕРЦОГІ.

Не атасаныз да пейілмін,

Түкке тұрмас құрдым нәрсе,

Сірә, түспес аузыңызға.

ЛИР.

Ендеше, герцог, қапы соғып қалмаңыз,

Бұл патшағарға әке көңілі өзгерген,

Қалыңдығыңызда қарғыстан басқа енші жоқ.

БУРГУНДИЯ ГЕРЦОГІ.

Енді не дедім?

ЛИР.

Әкесі безген, әулеті безген безер қыз.

Үйленем десеңіз — өз еркіңіз.

Қайталап айтамыз —

Теріс бата алған тентірендіге

Телісіз бе басыңызды?

БУРГУНДИЯ ГЕРЦОГІ.

Ендеше, тақсыр, сізді түңілткен пәтшағар

Бізді түңілтп жүрмесіне кім кепіл?!

ЛИР.

Айнысаңыз айнығаныңыз жөн шығар,
Барлық жайды баян еттік жасырмай.
(Француз короліне)

Ал, сүйікті тақсыр, сізге өзім де
Атай алман аузым барып бұл қызды,
Жұртқа қарар беті жоқ бұл қарабет.
Төкпей тұрып абыройыңызды айрандай,
Ақ сүт емген басқа бір жар ізденіз.

ФРАНЦУЗ КОРОЛІ.

Мен қайранмын!
Көрген жанның бәрі бірдей ынтыққан,
Кеше ғана әкесінің
Ең сүйікті перзенті
Періште ару
Ойда жоқтан осылай
Масқараға ұшырардай не істепті?
Ондай ауыр күнәға
Қия алмай тұрмын өз басым,
Әлде әуелде-ақ онша жақсы көрмепсіз,
Мен, әйтеуір, сене алмадым
Сіз айтқан әлгі сезікке.

КОРДЕЛИЯ.

Тақсыр ием, көлгірліктің келтіре алмай ретін,
Көңілімді жеткізсем өз қалпында,
Желіге алмай желдірме сөз желіне,
Ант-су ішпей айтсам аппақ пейілімді,
Сүйекке дақ салатындай,
Бетке күйе жағатындай не істеппін.
Иә, өзімнің арым төгілмей,
Иә, біреудің қаны төгілмей,
Қалай ғана бола қалдым қара бет, —
Соның бәрін ашып неге айтпайсыз!
Жанарыма жалған күлкі жуытпай,
Көңіліңізді көлгір сөзбен суытпай,
Тура сөйлеп, тура жүрсем — онымды
Дұрыс демей, бұрыс десеңіз не шара!

ЛИР.

Беттің арын бес төккізер бұлайша
Мұндай перзент неге бердің, о тоба?!

ФРАНЦУЗ КОРОЛІ.

Солай ма еді, жағдайға енді қанықтым,
Уыз сезім тұрғанында бұзылмай
Көлгірлікке көңіл қайдан көнуші ед?

Қалай, герцог? Енді айтасың бұған не?
Ғашықтықпен туыспайды
Пайда іздеген пасықтық.
Періштеге жасау сұрап қайтесіз?

БУРГУНДИЯ ГЕРЦОГІ.

Лир, енші атаңыз қызыңызға ең кенже.
Осы қазір
Мына жұрттың көзінше
Атандырам Бургундия ханшасы.

ЛИР.

Айтарымызды айтып ек қой әлгінде,
Қайта сөйлеп,
Анттан аттар жайымыз жоқ.

БУРГУНДИЯ ГЕРЦОГІ.

Өкінішті-ақ, ендеше, әкеңізден бір айырылып,
Мына мендей күйеу жігіттен екі айырылып
Қалғаныңызға қиналам, бикеш.

КОРДЕЛИЯ.

Бетіңізден жарылқасын тәңірім,
Көздегеніңіз пайда екен ғой, мен емес.

ФРАНЦУЗ КОРОЛІ.

Корделия,
Қимаса әкең, бермей-ақ қойсын еншісін,
Тұлдыр басың-ақ тұнған байлық емес пе!
Өліп-өшкен асылым,
Алтын қазынам.
Жұртта қалған сұрауы жоқ нәрседей
Бұлай болып бұйырар деп кім ойлаған?!
Жаныма тек жалғыз ғана батары —
Қосылмадық қосақ боп ақ баталы.
Жасаусыз деп жазғыратын кім сені —
Ханымысың Франциямның еңселі.
Ұланғайыр Бургундия аймағын
Сенің сынған тырнағыңа алмаймын.
Корделия, хош боп тұр де,
Көрдей суық еліңе.
Аттанайық менің жаннат жеріме.

ЛИР.

Ендеше, тақсыр, болсын бұл қыз сіздікі,
Тек тезірек жоғалтыңыз көзімнен.
Маған енді ол — шіріген бір жұмыртқа,
Босқа әуре боп,
Менен бата күтпеңіз.
Жүріңіз, герцог.

Лир, Бургунд, Корнуэль, Альбан герцогтері. Глостер және нөкер шығып кетеді.

ФРАНЦУЗ КОРОЛІ.

Бауырларыңмен қоштаспайсыз ба!

КОРДЕЛИЯ.

Ал, әкемнің перзенттері шын сүйген,
Жылап-сықтап кетіп барам сендерден.
Жоқ болса да мен білмейтін сырларың,
Жария қылмай, сақтап барам ішімде.
Байғұс шалдың бабын таба көріңдер,
Сенбесем де, өтінемін жалынып.
Маған ерсе — табар еді жайлы орын,
Жазықсыз, бірақ, қалып тұрмын қарғысқа.
Жарайды, сау тұрыңдар.

РЕГАНА.

Сенің ақылыңсыз-ақ
Күнімізді бірдеңе ғып көрерміз.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Өз мұныңды мұндамай
Басқаны қамдап қайтесің.
Бата аттағанның бағы жанбас деген бар,
Барған жеріңде
Күйеуіңнің көңілін тауып бақ.

КОРДЕЛИЯ.

Өтіріктің түбі бір тұтам
Деген де бар,
Ақыры, бір зауал сендерге де туар.
Хош!

ФРАНЦУЗ КОРОЛІ.

Корделия, сүйіктім.
Уақыт болды жүретін.

Француз королі мен Корделия шығып кетеді.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Сөйлесу керек еді, сіңлім. Байқаймын, екеумізге ақыл-дасып алатын біраз шаруа бар сияқты. Жаңа осы әкем бүгін жолға шығамын деді ме?

РЕГАНА.

Иә, бүгіннен бастап сенің қолыңа шығады.
Келесі айда маған келеді.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Сол шалдың өзі ақылынан алжасайын деген емес пе?

Әлгі қылығына қалай қарайсың? Екеумізден гөрі көбірек жақсы көретін кенже қызын мынандай күйге ұшыратады деп кім ойлаған?!

РЕГАНА.

Жасы келіп қалғаны рас. Бірақ, бұрын да мап-мақұл адам емес-тұғын.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Иә. Жас кезінде-ақ жанықас немеге қартайғасын не жорық!

РЕГАНА.

Бір күні әлгі Кент құсатып біздің басымызға да әңгір таяқ ойнатып жүретін шығар. Қалай қуып шыққанын көрдің ғой.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Француз королін де жерге қаратып жіберді... Бұдан былай аузымыз бір болсын. Әйтпесе, билік әкемде қалса, мына бүгінгі мінезімен, бізге де талай зобалаңды туғызар әлі.

РЕГАНА.

Иә, жақсылап ойлап алмаса болмайтын шығар.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Уақытты көп соза бермей, алдын-ала бір амалын қарастырып қойғанымыз дұрыс.

Кетеді.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Граф Глостер қорғанындағы зал. Қолына хат ұстаған Эдмунд кіреді.

ЭДМУНД.

Уа, табиғат, менің тәңірім бір өзің,

Өле-өлгенше өтем саған табынып.

Әрі кіші, әрі некесіз екем деп,

Жібере алман есемді

Қайдағы бір қанқу сөзден қаймығып.

Некесіз тусам, несі бар,

Некелі туған сабаздардан

Ақылым кем бе, көркім кем бе, күшім бе?

Көзімді неге шұқи береді осы жұрт?

Некесіздің несі ұят!

Өн бойдағы оттай қайнап қызыл қан,

Екі жүрек елтігенде елжіреп,

Шын ықылас, шырын сезімнен жаралғам,

Некелі жар төсегінде немқұрайлы нәпсінің
Ұйқылы-ояу ұрлығының олжасы —
Манаураған маубастардың бірі емен.
Жүргенде Эдгар заңды мұрагер менмін деп,
Иеленем оған енші ен жерді.
Заңды перзент, заңға сеніп жүре бер,
Заңсыз перзент айналасына сенеді.
Мінеки хат. Бұл амалым іске асса,
Тектіні тексіз тентіретіп кетеді,
Шүкір оған қажыр-қайрат жетеді.
Мен пақырға өзің жар бол, құдайым!
Жер қылам деп жүргенде жұрт
Төрден бір-ақ шығайын.

Глостер кіреді.

ГЛОСТЕР.

Кент байғұсты жер аударып жіберді!
Франция королімен шығып кетті қоштаспай!
Сарай — қараң, тақыт — талақ, тәж — тәрік,
Соның бәрі көзді ашып-жұмғанша!

Иә, қандай жаңалық бар, айт, Эдмунд?

ЭДМУНД. Ешқандай жаңалық жоқ, милорд.

(Хатын жасырады)

ГЛОСТЕР. Әлгі хатты неге жасыра қойдың?

ЭДМУНД. Мен ешқандай жаңалық естігем жоқ, милорд.

ГЛОСТЕР. Ендеше, жаңағы оқып тұрған қағазың не?

ЭДМУНД. Мен ештеңе оқығам жоқ, милорд.

ГЛОСТЕР. Солай ма? Ендеше жаңа жалма-жан қалта-
на сүңгітіп жібергенің не нәрсе? Кәне, көрсетші. Секем
алатындай ештеңе жоқ болса, мен оны оқымай-ақ білем.

ЭДМУНД. Кешіріңіз, милорд. Ол ағайымның хаты еді.
Аяғына дейін қарап шыға алмадым. Алайда, әлгі өзім
үлгірген сөздеріне қарағанда, сол хатты сіздің көрмей-ақ
қойғаныңыз дұрыс сияқты.

ГЛОСТЕР. Бері әкел.

ЭДМУНД. Апыр-ай, қинадыңыз-ау, өзі бір өте жаман
хабар еді, сізге оны көрсетсем де кінәлімін, көрсетпесем
де кінәлімін.

ГЛОСТЕР. Соншама немене екен, көрейік.

ЭДМУНД. Сыңайы ағам мені қайтер екен деп, сынап
жазған сияқты.

ГЛОСТЕР *(оқиды)*. «Осы бір үлкеннің алдында қоғадай
жапырылатын жәреуке үрдістің қырсығынан біздің жа-

лындаған жастық шағымыз бекерге зая боп, азғантай тиесілі еншіміз жұмсап қызығын көре алмайтын қалтылдаған кәрі кезімізде қолымызға тиеді. Осы бір алжыған шал-шабырды әулие тұту — біздің ынжықтығымыздың салдарынан етек алып келе жатқан ең бір сұмырай құбылыс екендігіне күн санап көзіміз жете түсті. Егжей-тегжейін кездескен жерде айтармын. Егер әкем қашан өзім оятқанша, қаннен-қаперсіз ұйқыға кететіндей жағдайға жетсе, оның жарты дәулеті мен ағаң Эдгардың айнымас сүйіспеншілігіне өзін ие болар едің». Бұл не дегені? Қастандық па? «... Қаннен-қаперсіз ұйқыға кетердей жағдайға жетсе, оның жарты дәулетіне ие болар едің». Осыны менің ұлым Эдгар жазып отыр ма? Мұндайға қайтіп дәті барды! Көңіліне шайтан қашып жүргеннен сау ма! Бұны сен қашан алдың? Хатты саған кім әкеліп берді?

ЭДМУНД. Барлық пәле сол ешкімнің әкеліп бермегенінде болып тұр ғой. Терезеден лақтырып кетіпті.

ГЛОСТЕР. Мынау сонда сенің ағаңның жазуы ма?

ЭДМУНД. Егер ішінде басқа сөздер жазылған болса, бұл дәл соның жазуы деп айтар ем, әңгімесінің әлгіндей түріне қарап, аузым бармай тұрғаны.

ГЛОСТЕР. Жоқ, бұл соның қолы.

ЭДМУНД. Бұл хат соның қолымен жазылғанмен, мұнда оның жүрегіннің ешқандай қатысы жоқ қой деп ойлаймын.

ГЛОСТЕР. Бұрын саған мұндай құлаққағыс жасаған жоқ па еді?

ЭДМУНД. Жоқ. Тек кейде ержеткен ұлдар қартайған әкелеріне қамқорлық жасап, дәулеттеріне бас-көз болуға тиісті деп өзеурейтіні бар еді.

ГЛОСТЕР. Сөзін қара сұмырайдың! Әлгі хаттағы айттып отырғаны да сол емес пе! Оңбаған жексұрын! Қара жүрек қаныпезер! Хайуаннан өткен топас. Балам, бар да, тауып әкелші өзін. Абақтыда шірітейін. Сөзін қара найсаптың! Қайда тұр өзі?

ЭДМУНД. Білмедім, милорд. Менің айтайын дегенім: көзіңіз әбден жеткенше, ашуыңызды басып, сабаңызға түсіңіз. Сөйткеніңіз дұрыс. Әйтпейінше, анық-танығын ақи-тақи білмей тұрып, ашу үсті әрекет қылсаңыз, жұрт алдында абыройыңызды төгесіз, әрі өз балаңызды өзіңіз жауықтырып аласыз. Мен басымды бәске тігем. Ол менің сізді қаншалықты сүйетінімді білейін деп әдейі жазып отыр, одан басқа ойы жоқ. Осыған сеніңізші.

ГЛОСТЕР. Солай ғой деп ойлайсыз ба?

ЭДМУНД. Көзіңізді жеткізіп берейін. Сіз тек екеуміздің

әңгімеміз анық естілетіндей жерде жасырынып тұрсаңыз болғаны. Бірақ, бұны бүгінгі кештен кейінге қалдыруға болмайды.

ГЛОСТЕР. Оның тап осындай қанішерлікке баруы еш мүмкін емес қой.

ЭДМУНД. Әрине, оған күмән бар ма!

ГЛОСТЕР. Өзін өліп-өшіп жақсы көретін әкесіне ондай қиянат жасауға қалай дәті шыдайды! Эдмунд, сен оның сеніміне кіріп, шынында да не ойлап жүргенін біліп берші. Қызметім қайтпайды деп қорықпа. Бар шындықты біліп берсең, қалағаныңды ал, қолыңнан қақпаймын.

ЭДМУНД. Мен қазір оны тауып ап, әлгі хат жайында сөйлесейін, не дейді екен, сізге айтып берермін.

ГЛОСТЕР. Жуырда ай мен күн бірдей тұтылғанда-ақ, ішім мұздап қоя беріп еді. Оқымыстылар не десе о десін, табиғат қай кесапатты да алдын ала сездіріп отырады. Махаббаттың орнына көлгірлік жайлаған, достықтың орнына жағымпаздық иемденген, бауырға бауыр қол көтерген бұл неғылған жады заман. Қалада — бүлік, ауылда — айтыс, сарайда — сатқындық, үйінде — әкеге бала қарсы ұрыскеріс. Өз баламнан өзім құқай көріп менің тұрысым мынау. Өз баласын өзі тентіретіп корольдің жүрісі анау. Сүттей ұйып, судай сіңіскен қайда баяғы заман! Енді қалған ғұмырда, қашан көрге кіргенше бірімізге-біріміздің қанымыз қатып, бірімізді-біріміз сыртымыздан сатып осылай үрит-соқпен өткеніміз бе? Әлгі жүзіқараның масқарасын мойынына қойып бер, Эдмунд. Ол үшін кейін өкінбейсің. Тек құнттап кіріс бұл іске. Тағы бір мысал: адамның абзалы Кенттің елден-жерден аласталып кеткені әлгі. Не үшін? Адал жүріп, ақ сөйлегені үшін! Бұ не сұмдық!

Кетегі.

ЭДМУНД. Бәз-баяғы әңгіме. Неткен есуастық десеңші! Барлық пен бақытты көтере алмай, өз өзімізді өзіміз бүлдіріп жүріп, басымызға түскен кесепаттың бәрін қайдағы бір айдан көреміз, күннен көреміз, жұлдыздан көреміз. Құдды бір біздің мұншама миғұла топас болғанымызға аспан кінәлі сияқты, жымысқы жылпос, теспей соратын жебір ұры болғанымызға ауа әсер еткен секілді; ал ғарыштағы біз білмейтін сансыз планеталардың әлде бір ықпалынан аузы құрғамас маскүнем, сасық ауыз, суайт өтірікші, көлденеңнің көрпесін ластамаса ұйқысы келмейтін көлетек азғын болып жүрген тәріздіміз. Өн бойдағы мініміздің себебін

жетіқат көктен іздейміз. Жердегі жетесіз пенденің барша найсаптығына аспандағы жұлдызды айыптаймыз. Менің әкем анам бейшараны күнәға батырғанда Есекқырған туып келе жатыпты, аспанда Жетіқарақшы самсап шыға келгенде, мен жерге түсіппін. Бұдан шығар қорытынды: мен сужұқпас суайт, күллі керуеннің обалына қалған кесепат жұлдыздай алдамшы азғын болуға тиістімін. Бұдан асқан не есуастық керек! Мен туғанда бесігімнің басында ең бір періште жұлдыз жарқырап тұрса да, мен бәрібір осындай боп шығар ем... Әне, Эдгар келе жатыр. Әлгі бір ескі ертегінің оқиғасындай бәр-бәрінің өзінен-өзі қиюласып кете қоюын қарашы. Қарлы қара тау төбеме құлап келе жатқандай қайдағы бір сары уайымды сапырайын-ай кеп.

Эдгар кіреді.

Ақыр заман орнататындай ай мен күннің қатар тұтылуын-ай! Фа, сол, ля, ми...

ЭДГАР. Хал қалай, Эдмунд бауырым! Қайдағы бір тұңғиық ойға батып тұрсың-ау деймін.

ЭДМУНД. Мен бір кітаптан оқып ем, жақындағы ай мен күннің бірдей тұтылғаны тегіннен-тегін емес көрінеді. Оның қандай қанды оқиғаларға ұрындыратынын біле алмай басым қатып тұрғаны.

ЭДГАР. Е, сен де, ермекті тапқан екенсің.

ЭДМУНД. Рас айтам, мен оқыған тұспадардың бір қатары келіп жатқан сияқты. Ата-ана мен балаларының арақатынасының ию-қию боп жатысы анау, қайдағы жоқ індеттің қаптап кеткені мынау, бірінің жағасын бірі жұлып жеп жұртын жүр, бармақтай нәрсеге бабаңның құнын сұрайтын қымбатшылық тағы орнады. Мемлекетті алауыздық қаусатып барады, құл-құтан король бекзадаларға құқай көрсете бастады, кісіге кісі сеніп болар емес, достарың сәл нәрсеге бола қуғынға ұшырайды; әскер бет-бетіне тарап кетуге айналды; бір төсектегі екі жұбай өңінде екеуде, түсінде төртеу, тағысын тағылар, санап шетіне бәрібір шыға алмайсың.

ЭДГАР. Сен мұндай сәуегейлікке қашан көшкенсің.

ЭДМУНД. Жә, бұл әңгімені қоялық. Сен әкемді соңғы рет қашан көріп ең?

ЭДГАР. Кеше кешкісін көргем.

ЭДМУНД. Сөйлесіп пе едің?

ЭДГАР. Иә, екі сағат әңгімелескенбіз.

ЭДМУНД. Ренжіспей қоштасып па едіңдер? Әкемнің әңгімесінен, я саған қарағанда көзінен ешқандай қаяу көрмедің бе?

ЭДГАР. Көрген жоқпын.

ЭДМУНД. Дегенмен есіңе түсірші, көңіліне келетіндей бірдеңе айтқан жоқсың ба? Ендеше, ашуы тарағанша көзіне түспей тұра тұр. Қазір көрсе, боршалап пісіріп жейтін түрі бар.

ЭДГАР. Бір оңбаған мені жамандап жүрген болды ғой.

ЭДМУНД. Мен де солай ма деп қорқам. Ол қашан сабасына түскенше, шамына тимей, жуымай-ақ қой. Білесің бе: әкемнің не дейтінін естігің келсе, әзірге менің бөлmemді баспалай тұр. Кілті, міне. Егер көшеге шығар болсаң, қаруыңды тастама.

ЭДГАР. Қару дейсің бе?

ЭДМУНД. Иә. Бауырым, саған жаным ашығасын айттам. Оның көңіліне бірдеңе қашқан. Сен туралы әңгімесін естісең, төбе шашым тік тұрады. Өтінем, көзіне түсе көрме.

ЭДГАР. Сен онда маған тезірек бір хабарын берерсің.

ЭДМУНД. Қолымнан келгенін аянбаспын!

Эдгар кетеді.

Әкем де сенді, ағам да сенді
Ең болмаса күмән айтқан бірі жоқ.
Ашықауыздар тартар енді сазасын,
Екі есерді қыламын да үрит-соқ.
Құдай қимағанды,
Өз қолыммен бұйырттам.

Кетеді.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Альбан герцогі сарайындағы бөлме. Гонерилья мен Освальд кіреді.

ГОНЕРИЛЬЯ. Әкемнің әлгі сайқымазаққа тіл тигізгені үшін менің қызметшімді дүреге жыққаны рас па?

ОСВАЛЬД. Рас, миледи.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Миды әбден қатырды.

Сағат сайын бір шатақ.

Тыныштық кетті бұл үйден.

Өзі ойына не келсе соны істейді де,
Сәл нәрсеге жазғырады біздерді.
Осыдан аңнан қайтқасын,
Сөйлескім келмейді онымен,
Науқастанып жатыр ед деп айта сал.
Алдында құрдай жорғалап,
Құрақ ұшпай қоя тұр.
Өзім берем жауабын.

Керней дауысы естіледі.

ОСВАЛЬД. Келе жатыр, кернейді естіп тұрсыз ба?
ГОНЕРИЛЬЯ.

Бәйек болмай, көрсетіңдер салқындық.
Басқаларға да айта бар.
Шамына тиіп, шатақ шықса,
Керегі сол маған да.
Ұнатпаса — тайып тұрсын
Кіші қызының үйіне.

Ол да мұны отырған жоқ сағынып, тап мұндай қып
талтаңдатып қоймайды.

Билігімді бердім дейт те,
Өзі билеп-төстейді.
Кәриялар да жас сәбилер секілді,
Жекірмесен —
Кетеді екен
Басыңа әбден секіріп.
Осынымды ұмытпа.

ОСВАЛЬД.

Құп болады, миледи.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Нөкеріне де жылы шырай танытпан,
Қысылатын ештеңе жоқ олардан.
Қызметшілерге айта бар:
Сөз шығарар ілік іздеп жүр дерсін.
Төзім әбден таусылды,
Қазір барып хат жазамын сіңіліме
Есер шалдың есіргені жетті деп.
Бар да әлгі тамағыңды әзірле.

Кетеді.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Әлгі сарайдың залы. Киімін өзгертіп киген Кент кіреді.

КЕНТ.

Жаттың тілін жатырқамай сөйлейін,
Қу шұнақ шал қулығымды білмесін.
Өнімді де өзгерткенмін сол үшін,
Бекем будым белімді енді біржола,
Басымды алам деп басынған кәрінің
Қызметші боп кірейін бір қолына.
Білсін ақыр аңғал патша досының
Неге дайын екенін өз жолында.

Керней үні шығады. Лир, сайыпқырандары, қызметшілері кіреді.

ЛИР. Бір минут те күте алмаймын. Берер тамақтарыңды тезірек әкеп беріңдер.

Қызметшілердің бірі шығып кетеді.

Не шаруамен келдің? Сен кімсің?

КЕНТ. Адаммын.

ЛИР. Адам болсаң кәсібіңді айт, бізден сұрар бұйымтайыңды айт.

КЕНТ. Кәсібімді айтсам: өз басыма өзім ие боп жүру. Кімде-кім сенім көрсетіп жатса, соған адал қызмет қылу. Адал адамды жақсы көру, аз сөйлесе де ақылды сөйлейтіндермен сырласу. Көптің сөзіне құлақ асу. Басқа амалың қалмағанда, батыл айқасқа шығу және балық атаулыны аузыңа алмау¹³.

ЛИР. Ал, енді кімсің өзің? Соны айт.

КЕНТ. Мінезімді сұрасаңыз — баладан өткен пақырмын, дәулетімді сұрасаңыз — корольден өткен қу тақырмын.

ЛИР. Шынында да, қара табандардың ішінде сен де корольдердің ішіндегі мендей жарлы болсаң, қу тақыр екенің рас шығар. Не сұрайсың?

КЕНТ. Қызмет еткім келеді.

ЛИР. Кімге?

КЕНТ. Сізге.

ЛИР. Мені білуші ме ең, жігітім.

КЕНТ. Жоқ, мырза. Бірақ, беті-жүзіңізде кісіні үйірер қасиет бар.

ЛИР. Ол не қасиет?

КЕНТ. Өктемдік.

ЛИР. Ал, қолыңнан не келеді?

КЕНТ. Құпия айтсаңыз — аузыма берікпін, аттың құлағында ойнаймын, жүгір десеңіз жүгіре алам, шатып-бұтып қызық-қызық хиқаялар да айтып бере алам, онша қиын емес тапсырмалар болса тапжылтпай орындаймын. Бұның бәрін кез-келген кісі істей алады. Бірақ, бәрі-бәрі мен құсап ынт-шынтын сап істемейді.

ЛИР. Жасың нешеде?

КЕНТ. Әйелдерге ән салғандағы дауысына бола ғашық боп қала қоятындай аңғал жас та емеспін, себепсізден-себепсіз ұрғашы көрсем, естен танып қала қоятындай, алжыған қарт та емеспін. Қырықтың сегізіне шығып тұрмын.

ЛИР. Жақсы. Қызметшім бола қой. Тамақтанып болғанша ши шығарып алмасаң, сосын, қайтып айрылмайтыныма сене бер. Тамақ әкеліңдер, тамақ. Әлгі сайқымазақ қайда жүр. Әй, барып, менің әлгі ақымағымды тауып әкеліңдерші.

Тағы бір қызметші шығып кетеді. Освальд кіреді.

Ау, менің қызым қайда?

ОСВАЛЬД. Сіз рұқсат етсеңіз...

Кетеді.

ЛИР. Не деп кетті әлгі. Шақыр өзін!

Сайыпқырандардың бірі шығып кетеді.

ЛИР.

Сайқымазақ неге көрінбейді? Жұрттың бәрі ұйықтап қалғаннан сау ма осы?

Әлгі сайыпқыран қайта кіреді.

Әлгі доңыз қайда? Әкелмедің бе?

САЙЫПҚЫРАН. Ол қызыңыз сырқаттанып жатыр деді.

ЛИР. Ол найсап мен шақыртқанда өзі неге қайтып келмейді?

САЙЫПҚЫРАН. Ашығын айтсам, жолымнан қалар жайым жоқ деп бұрылмай кетті.

ЛИР. Бұрылмады дейсің де?

САЙЫПҚЫРАН. Милорд, не себепті екенін өзім де білмеймін, байқауымша осындағы жұрт, мәртебеңізге құлдық, сіздің бұйрықтарыңызды орындағылары келмейтін сияқты.

ЛИР. Еһе! Солай дейсің, ә?

САЙЫПҚЫРАН. Қате айтып тұрсам, тақсыр, кешіріңіз, бірақ, мұндағылардың сізді басына бастағанын көріп тұрып жасыра алмадым.

ЛИР. Жоға, тәйірі, сен менің өзім көріп жүрген нәрсені айтып тұрсың. Бұлардың маған біраздан бері енжар қарай бастағанын өзім де байқап қалып ем, бірақ, өзім секемшіл кісімін ғой, содан шығар деп ойлағам. Ендігәрі есімде болсын. Бірақ, әлгі ақымағым неге көрінбейді? Көзіме түспегеніне екі күн болды.

САЙЫПҚЫРАН. Кенже ханшайым Францияға аттанып кеткелі сайқымазақ көңілсіз жүр.

ЛИР. Жә, бұл жайында енді ештеңе деме. Оны өзім де байқағам. Әй, сен барып, менің қызымды шақырып кел, сөйлесетін әңгіме бар де.

Қызметшілердің бірі шығып кетеді.

ЛИР.

Менің әлгі сайқымазағымды шақырыңдар.

Екінші қызметші шығып кетеді. Освальд қайтып кіреді.

Е, бұл сен бе едің? Кәне, кел бері. Шырақ, сен мені кім деп ойлайсың?

ОСВАЛЬД. Герцогиняның әкесі деп ойлаймын.

ЛИР. «Герцогиняның әкесі!» Герцогтың құйыршығының әңгімесін қара! Не дейді-ай иттің баласы! Не дейді-ай мына найсап!

ОСВАЛЬД. Өйтіп, беталды сөйлеменіз. Мен әлгі айтқаныңыздың үшеуі де емеспін. Кешіріңіз!

ЛИР. Менің бетіме келуге қандай қақың бар? Көргенсіз! *(Тартып жібереді).*

ОСВАЛЬД. Мен бүйтіп қол көтергеніңізді көтере алмаймын, милорд?

КЕНТ. Ендеше, аяқ көтергенді көтере алатын шығарсың! *(Аяғынан теуіп, тыраң еткізеді.)*

ЛИР. Рақмет, достым. Мына қызметің жаныма жағып барады. Сен енді қасымда боласың.

КЕНТ. Әй, тыраймай тұр әрі! Ендігәрі әдептірек боласың. Жөнел! Тағы да жамбасың қышып тұрса — қызметіңе құлдық. Әйтпесе теуіп жібермей тұрғанда шығып кет. Ұқтың ба? *(Освальдты итеріп шығарып жібереді).*

ЛИР. Жарайсың, қызметшім! Мә, ақысы мынау. *(Кентке ақша береді).*

Сайқымазақ кіреді.

САЙҚЫМАЗАҚ. Сенің жалшың — менің жалшым. Мә, жапырайтып жапсыра сал басыңа. *(Басындағы қалпағын Кентке ұсынады).*

ЛИР. Ә, достым, келдің бе? Халің қалай?

САЙҚЫМЫЗАҚ. Мен киген таз телпек саған да жара-сады екен, ала ғой.

КЕНТ. Ол не үшін?

САЙҚЫМЫЗАҚ. Ақымақтығың үшін. Әйтпесе, жазықсыз жапа шеккенге ара түсіп нең бар еді? Солай, достым, абайламай сөйлесең, ауырмай өлесің. Онан да мынау қалпағымды ал. Мына әпенде екі қызын қуып шығып, үшіншісіне қарғыс айтам деп, алғыс айтып отыр. Мұндайларға ерсең — әрдайым киетінің таз телпек. Солай, төрем. Әттеген-ай, екі қыз, екі қалпағым болғанда ғой.

ЛИР. Онда қайтер ең?

САЙҚЫМАЗАҚ. Дәулетімнің бәрін қыздарыма беріп, ал өзім ақымақ боп, бір басыма екі бірдей таз телпек киіп қалар ем. Мә біреуіне менікін ал, екіншісін қызыңнан сұра.

ЛИР. Абайлап сөйле, есуас. Қамшы жеп қаларсың.

САЙҚЫМЫЗАҚ. Ақиқат сорлыны қора күзетер қой төбеттей қамшылап қуып шығып, жылпостыққа жылмаңдаған та-зыдай төрін шіріткізеді.

ЛИР. Меңзегенің мен шығар.

САЙҚЫМЫЗАҚ. Онан да, құда, өсиет айтсам қайтеді!

ЛИР. Айта ғой.

САЙҚЫМЫЗАҚ.

Ендеше, көкем, тыңдай ғой:

Тыныш жүріп байып ал да тымпиып,

Аузыңды ашпай жайыңа жүр монтиып,

Ертелі-кеш жаяу жортып сымпиып,

Ерінгенде атқа қонғын қомпиып.

Ешкімменен таныспа,

Ешкімменен алыспа,

Қаңғып кетпе басыңа,

Жан жолатпа қасыңа

Тыныш болад жаның,

Түгел болад малың.

ЛИР. Ақымақ-ау, бұныңның несі өсиет.

САЙҚЫМАЗАҚ. Ақысы төленбеген ақтаушыдан қандай пәтуалы сөз шығатын еді. Айтшы, көкем, ештеңе емес-тен қанша пайда түсіруге болады?

ЛИР. Ештеңе еместен ештеңе түсуші ме еді, ақыма-ғым-ау!

САЙҚЫМАЗАҚ *(Кентке)*. Өз игілігінен қанша түсім түсетінін сен айтып берші. Мен айтсам «ақымақ» — деп аузыма қақпақ қояды.

ЛИР. Зұлымын қарай гөр, бұл ақымақтың!

САЙҚЫМАЗАҚ. Ендеше, көкем, зұлым ақымақ пен зұлым емес ақымақтың айырмасы қандай, білесің бе?

ЛИР. Жоқ, достым, өзін айта қойшы.

САЙҚЫМАЗАҚ.

Қалпақ киіп жасырар

Зұлым ақымақ таз басын

Зұлым емес ақымақ

Қинап қайтеді өз басын:

«Бер» дегенге — береді,

«Ер» дегенге — ереді;

Кещелігін ұялмай

Кемеңгерлік көреді.

ЛИР. Сонда, достым, мені ақымақ дегің келе ме?

САЙҚЫМАЗАҚ. Басқа атағыңның бәрін жұртқа үлестіріп берген жоқсың ба?

КЕНТ. Сөзіне қарағанда, онша көк ми есуас көрінбейді.

САЙҚЫМАЗАҚ. Көк ми есуас болсам, онда жұрт мені көре алмай ізіме түседі ғой. Егер барша есуастықты бір өзім иемденіп кетер болсам, жоқ, бұ жұрты құрғыр кісіге ақымақтық екеш ақымақтықты қия ма, біз де жарналас болайық деп лордтар мен бекзадалар, ақсүйек ханымдар жата қап шаужайыма жабыспай ма? Көкешім, қолыңдағы жұмыртқаны маған берші, екі таж жасап берейін.

ЛИР. Ол қайдағы екі таж?

САЙҚЫМАЗАҚ. Таңданатын ештеңесі жоқ. Жұмыртқаны қақ бөліп, бар уызын ындыныма ытқытып жіберем де, екі қабықты екі таж қып бере салам. Анада тажыңды екі бөліп, күйеу балаларыңа ұстата салғаныңда, әлгі көк есегімнің аяғы су болмасын деп, балтырын түріп ап, белуардан батпақ кешіп, арқалап өткен әпенде неме есіме түсті. Басыңдағы алтын тажды түк қиналмастан бере салғаныңа қарағанда, қауқиған неменің ішінде әуелде де онша көп ми болмаған сияқты. Егер біреу-міреу осы сөзімді де ақымақтық дейтін болса, сол неменің өзін ышқырын түсіріп қойып дүрелеу керек. *(Әндетеді)*.

Мынау жыртық таз қалпақ

Жолдас болмас түбінде.

Бізден да асқан ақымақ

Шығып жатыр бүгінде.

ЛИР. Мұндай әнге ауызың үйренгелі көп болды ма, достым?

САЙҚЫМАЗАҚ. Жоға, тәйірі. Әлгі өз қыздарың өзіңе

шеше боп, қолдарына қамшы алып, көйлегінді түріп, тон-қайтып теріс қаратып қойғалы осындай әндерге зауқым соғып тұратын бопты. (*Әндетегі*).

Күлмей қайтіп жылайын,
Жыламай қайтіп шыдайын,
Күркіреген корольді
Күлкі қылса құдайым.

Көкем, маған осы өтірік үйрететін мұғалім тауып бер-месең болмас.

ЛИР. Өтірік айтып көр, жоныңнан таспа тілейін.

САЙҚЫМАЗАҚ. Қызыңыз бір жаққа, өзіңіз бір жаққа тартасыз. Ол шындықты айтсаң дүрелеймін деп діңкілдейді, сен өтірік айтсаң сабаймын деп қоқиланасың, енді біреулер неге үндемейсің деп қамшы үйіреді. Кім болсаң да, тек сайқымазақ болмаған дұрыс. Бірақ, көкем, сен де болғым келмейді. Тапқан-таянғанын жұртқа бөліп беріп, өзіне түк тастамай, сақал сипап қалғанның несі жақсы дейсің. Әне, тағы бір тажал тағы келді.

Гонерилья кіреді.

ЛИР. Ә, қызым! Кейінгі кезде қабағың ашылмайтын бопты ғой, неге тымырайып жүрсің?

САЙҚЫМАЗАҚ. Оралыңның барында жұрттың күліп жүргенінде де, күмірә боп жүргенінде де шаруан шамалы еді. Енді жұтап қалғанда қызымның қас-қабағын бағатын болдым де. Мына сенен мен екеш мен де зормын бүгінде. Ең болмаса сайқымазақ атым бар ғой әйтеуір. Сенде ол да жоқ (*Гонерильяға*). Жә, жә, жағым қарысты. Көзіңізді көрдім де, көмейіме құм құйдым. (*Лирді көрсетіп*).

Қартайғанша ақылы жоқ бір шайнам,
Жөніңмен ал, сақта, құдай мұндайдан!

Дәні кеткен қауыздай қаусап қалған кәрі қақпас!

ГОНЕРИЛЬЯ.

Ақ ит кіріп, қара ит шыққан аузынан

Жалғыз ғана мына заржақ емес-ау

Нөкеріңіз кеткен түгел бетіне.

Сағат сайын дау-жанжал,

Сағат сайын дыр-думан,

Дәметіп ем, өзіңіз

Жасар деп бір тиырым.

Тыю қайда,

Есерлерді өзіңіз екен есірткен.

Ашығын айтсам, көңіліңізге келмесін,
Өзім енді қарастырмай бір амал
Бұл бүліктің түзелетін түрі жоқ.
Егер елдің ойламасам ертеңін
Бұл әңгімеге араласай-ақ қояр ем!

САЙҚЫМАЗАҚ.

Иә, көкешім, қалай деп ойлап ең?
Біз үшін бұл баяғыдан аян жыр:
Әзәзілдік әуелден-ақ әккі ғой;
Бірақ, енді тілеп алған шаянның
Шаққаны да тәтті ғой.
Мың күн жанған бір күн сөнер деген осы.

ЛИР.

Сен осы менің қызымбысың?

ГОНЕРИЛЬЯ.

Құлақ ас, әке, сөзіме.
Ел-жұртыңызды таңдандырған бір кезде
Сұңғыла ақылыңыз қайда кеткен бүгінде.
Атыңызға атыменен жараспайтын
Тыйыңыз мынау дырдуды.

САЙҚЫМАЗАҚ. Тауыққа жұмыртқа ақыл үйреткен дәу-
рен-ай! Заман азып, заң тозғаны көк есек екеш көк есекке
де белгілі болды.

ЛИР.

Айтыңдаршы, мен кімін осы, Лирмін бе?
Ал, Лир болсам, сойым қайда кескекті?
Тұрғам жоқ па әжептарқы түс көріп,
Бұндай масқара болушы ма еді өңімде?
Айтыңдаршы, ағайын,
Мен осы өзім менмін бе?

САЙҚЫМАЗАҚ. Сен Лирдің өзі емессің, көлеңкесі ға-
насың!

ЛИР. Шынында да, мен өзімнің кім екенімді білгім келіп
тұр. Өйткені, король атыма сеніп, дандайсып қалған мен
бейбақ бауырымнан шыққан қыздарым бар ғой деп, жал-
ған дақпыртқа иланып, алжасып жүргеннен саумын ба?

САЙЫПҚЫРАН. Айтқандарын екі етпейтін салпаң
құлақ көк есек әке табылса, көк желкесіне мініп, көкірегін
теуіп отыратын көк айыл қыздар табылатын түрі бар!

ЛИР. Мәртебелім, сіз кімсіз?

ГОНЕРИЛЬЯ.

Өзге қиқарлығыңыз аз болғандай,
Өп-өтірік өйтіп естен танбаңыз.
Онандағы дұрыс түсін сөзімді.

Қартайдыңыз, қадіріңізді жоғалтпай,
Соңыңыздағы мына бір
Күні-түні улыған да шулыған
Жер қайысқан нөкердің
Құм құйыңыз жартысының көзіне,
Қалғандары тастап бұрынғы талтаңын,
Сыйлар болса бұл сарайдың атағын,
Қалдырыңыз,
Бала емессіз, өзіңіз де білесіз,
Айта беріп неғыламын ар жағын.
Бұйырсам да сөзім жерде қалмас ед,
Әкем ғой деп,
Сұрап тұрмын өтініп,
Тоқтатыңыз мына жөнсіз дырдуды,
Ендігі еркелік болғалы тұр есерлік!

ЛИР.

Бұйткенше сені кеткені жақсы ед жер жұтып!
Атты ерттендер! Сарбаз біткен, атқа қон!
Қаныпезер қара бет!
Желкем көрсін сені енді!
Аттанамын,
Басқа тағы қызым бар!

ГОНЕРИЛЬЯ.

Өзіңіз менің қызметшілерімді ұрыпсыз,
Ал мынау маскүнем тобыр сіз ерткен
Әй дер әже, қой дейтұғын қожа жоқ,
Басымызға шығып барады тіптен басынып.

Альбан герцогі кіреді.

ЛИР.

Жау кеткен соң қылышыңды күлге шап!
(*Альбан герцогіне*).
Бәлкім тақсыр,
Сіз де осыны айтарсыз? — Аттарды ерттендер!
Қаныпезер перзенттің көргенінше құқайын
Жұтқынында кеткен дұрыс жыртқыштың.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Тақсыр, өйтіп таусылмаңыз.

ЛИР (*Гонерильяға*).

Құр бекерге сұңқылдама, құзғын қыз,
Менің нөкерім өңшең жайсаң жігіттер,
Олар сондай бассыздыққа бармайды.
Алжыған басым, Корделияның

Абайламай айтқан бір сөзін
Ауырлаймын деп, тарс айырылып талағым,
Баяғыдан бері сүйіктімді ұмытып,
Жетегінде кете бардым ашудың.
Ақ шел басқыр көзім сонда не көрген?
Ал, енді, Лир, тарттың соның сазайын,
Тауға да ұр, тасқа да ұр басыңды.
(Өз басын өзі төмпештей бастайды).
Атқа қоныңдар, мырзалар.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Түкке түсінсем бұйырмасын,
Тақсыр, мұнша күйінердей не болды?

ЛИР.

Сөзіңізге сенемін, милорд,
Тәңірінің өзі тыңдасын мені енді!
Шашы ұзын ұрғашы боп жаралған
Мынау тас жүрек жадының
Уа, тәңірім, тар құрсағын кеңітпе,
Тас емшегін жібітпе,
Қалсын қара тас болып.
Алда-жалда қанай қалса етегі
Бала емес,
Пәле боп бітсін басына,
Жас кетпесін көзінен,
Дерт өшпесін көңілінен,
Сонда білер бұл бейбақ
Қайырсыз перзент сүйгеннен
Қара жылан құшақтаған дұрысын!
Ал, атқа қоныңдар,
Бұл арадан
Көзіміз енді құрысын!

Кетегі.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Құдай үшін айтсайшы,
Бұл шал неге осыншама бүлінді?

ГОНЕРИЛЬЯ.

Бас ауыртар дәнеңе жоқ.
Қартайғанда бала болып жүр тағы.
Күркірер де басылар.

Лир қайтып оралады.

ЛИР.

Жүз емес пе еді, тек елуі қалыпты,
Нөкерімнің қайда кеткен жартысы?

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Неге ренжіп жүрсіз?

ЛИР.

Қазір айтам жауабын
(Гонерильяға)
Өлім болды-ау,
Сендей жүзі қара үшін
Еркек намысымды ұмытып,
Төккенім мұнша көз жасты.
Қуарып қал, қу тізеңді құшақтап,
Көктетпесін жер боп қалған көңілім!
Шел басқыр көз, сонша неге селдеттін,
Тыйыл енді,
Ойып алып, отқа лақтырсын демесең!
Көресіні көрсетті.
Енді босқа бас қатырар жайым жоқ.
Екінші қызым мұндай тасбауыр емес,
Апасының мына қылығын естісе,
Өзі келіп тырнайды әбден
Бұл дозақының күл бетін.
Қолынан билік кетті ғой деп
Құр бекерге құтырма.
Кеткен билік қайта қолға келеді.
Сонда әкең әуселеңді көреді.

Лир, Кент, нөкер шығып кетеді.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Естідің ғой не дейді?

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Естідім, бірақ,

Сені сүйеді екем деп...

ГОНЕРИЛЬЯ.

Жә жетті енді. Освальдты әлгі
шақырып кел бар-дағы, —
Сайқымазақ емессің сен,
Сен әзәзіл кәззапсың,
Көзіңді жоғалт,
Қожайыныңнан қап қойма!

САЙҚЫМАЗАҚ.

Көкешім Лир, көкешім Лир, мені
Қайда тастап барасың.
Қақпанға түскен қаншық түлкі секілді
Қыңсылатып, тірідей сойсам етіңді
Бар демес ем обалың.
Амал қанша қашып барам бұл маңнан
Сол қақпанға өзім түспей тұрғанда.

Шығып кетеді.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Қара, сірә, бұ қақпастың қулығын,
Соңында сол жүз нөкері топырлап,
Не істеймін десе, соны істеп отырмақ.
Тыныш жүрмей бұл улыған-шулыған
Бір күні кеп өзімізге бас салса
Қандай қайран қылмақпыз.
Әлгі Освальд қайда жүр?

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Меніңше, бұл күдігіңнің жөні жоқ.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Құр бекерге опық жеп қап жүргеннен
Құр бекерге күмәнданған көп жақсы
Құпиядан қауып қорғаныш,
Өз әкемнің сырын өзім білемін,
Жаңа соның жаздым бәрін сіңіліме
Егер менің құлақ аспай сөзіме,
Жүз нөкерді сол қалпында қалдырса,
Ат құйрығын үзісемін бір жола.

Освальд қайтып оралады.

Иә, Освальд,

Әзір болды ма әлгі хат?

ОСВАЛЬД. Әзір.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Жаныңа бір топ адам ерт те, жалма-жан
Атқа қон да, өзің тапсыр апарып.
Үрейіміз ұшып отыр,
Қапы соғып қалмасын,
Дерсің, өзің қатырарсың
Ар жағын.
Тапсыр-дағы, сол бетінде кері қайт.

Освальд кетеді.

Сіздің осы аспай-саспай әрдайым
Ақпейіл боп жүретұғын мінезіңіз
Жақсылыққа соқтырмайды ақыры.
Ізгілік емес ынжықтық — бұл, жарқыным.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ,

Түйедей қып жүргенде істі түймедей,

Сол таяқтың бір басы

Өзіңізге тимегей,

ГОНЕРИЛЬЯ.

Алайда...

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Жарайды, оны көрсетеді келешек.

Кетегі.

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Альбан герцогі қорғанының ауласы.

Лир, Кент, Сайқымазақ шығады.

ЛИР. Мына хатты дереу Глостерге апар. Қызыма өз жаныңнан ештеңе қосып айтпа, не сұраса, сонысына ғана жауап бер. Тек тезірек жет, сенен бұрын мен барып қап жүрмейін.

КЕНТ. Сіздің хатыңызды тапсырмай тұрып, нәр сызбаспын, милорд.

Кетегі.

САЙҚЫМАЗАҚ. Егер адамның миы басына бітпей, өкшесіне бітсе, ақылына ешқандай күс бітпеген болар еді.

ЛИР. Жоқ, бәрібір бітер еді.

САЙҚЫМАЗАҚ. Ендеше, сені күттықтаймын. Миыңыздың сыртынан кебіс киіп бекер әуре болмайсыз.

ЛИР. Ха-ха-ха!

САЙҚЫМАЗАҚ. Көрерсің де білерсің, екінші қызың сені құшағын жайып қарсы алады. Екеуі де бір ағаштың жемісіндей. Білген нәрсені айтпай тұру қиын ғой.

ЛИР. Білгенің не сондағы?

САЙҚЫМАЗАҚ. Екеуі де таудың көк мәуесі секілді, аман болса ішімізді кептірер. Адамның мұрыны неге беттің қақ ортасына орналасқан, білесің бе?

ЛИР. Жоқ.

САЙҚЫМАЗАҚ. Екі жағына екі көз орналастыру үшін. Мұрыны иіс сезбеген, көріп алсын көзбенен.

ЛИР. Мен оны бекер жазғырдым ғой деймін...

САЙҚЫМАЗАҚ. Сен әлгі ұлудың өз қауашағын қалай жасайтынын білесің бе?

ЛИР. Жоқ.

САЙҚЫМАЗАҚ. Мен де білмеймін. Бірақ, ұлуға ондай қауашақтың неге керек екенін жақсы білемін.

ЛИР. Білсең айта ғой.

САЙҚЫМАЗАҚ. Сасқанда бас сұғатын баспана керек. Әйтпесе, қыздарына бар тапқанын бөліп беріп, өзі айдалада қалса, күнінің қараң екенін ұлу екеш ұлу да біледі.

ЛИР. Иә, талай нәрсе басқа тиіп үлгерді. Әлгі ерттеген аттары қайда?

САЙҚЫМАЗАҚ. Ат ерттеуге әлгінде өңшең маубас көк есектерді жібермеп пе ең. Сен осы Жеті қарақшыда неге жеті жұлдыз бар екенін білесің бе?

ЛИР. Сегізінші жұлдыз жоқ болғасын шығар.

САЙҚЫМАЗАҚ. Тауып айттың. Сенен тамаша сайқымазақ шығар еді.

ЛИР. Баяғы күнді қайта орнатып, бұл бетпақтың тарттыру керек сазасын.

САЙҚЫМАЗАҚ. Егер сен менің қарауымдағы сайқымазақ болсаң, тым ерте алжығаның үшін сазайыңды берем ем.

ЛИР. Неге олай дейсің?

САЙҚЫМАЗАҚ. Сен есің кіріп етегіңді жиған соң барып алжуың керек еді.

ЛИР. Уа, құдай, алжастыра көрме ақылдан. Ақылымнан адастыра көрме, о тәңірім!

Сарай адамы кіреді.

Ат әзір ме?

САРАЙ АДАМЫ. Әзір, милорд.

ЛИР. Кеттік.

САЙҚЫМАЗАҚ. Бәлкім, сендер, біз кеткесін күлерсіңдер. Бірақ, бастарыңа түссе, өздерің де білерсіңдер.

Екеуі шығып кетеді.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Глостер сарайының ауласы.

Екеуі екі жақта — Эдмунд пен Куран шығады.

ЭДМУНД. Саламат па, Куран?

КУРАН. Саламатсыз ба, мырза? Жаңа ғана әкеңізде болып ем, бүгін кешке Корнуэль герцогі мен герцогиня Регана келгелі жатқан көрінеді.

ЭДМУНД. Не боп қапты соншама?

КУРАН. Анық-танығын өзім де білмеймін. Жұрт, әйтеуір, сыпсындап жүр ғой. Ондай ештеңе естімеп пе едіңіз, сэр.

ЭДМУНД. Жоқ, естігем, жоқ. Ол не хабар?

КУРАН. Корнуэль герцогі мен Альбан герцогі соғысқалы жатыр дейді. Қалайша естімедіңіз?

ЭДМУНД. Құлағым керең болсын.

КУРАН. Естімесеңіз — ести жатарсыз. Сау тұрыңыз, сэр.

Кетеді.

ЭДМУНД. Герцог келеді деді-ау. Іздегенге сұраған.

Әкем жаңа күзет деген ағамды,

Тағы бір шаруа табылды,

Асықпасам болмайды,

Ау, ағасы! Келіп кет!

Бір-екі ауыз сөзім бар.

Эдгар кіреді.

Бауырым, әкей біліп қойды,

Қара түнді жамылып

Қашпасаң, басқа амал жоқ

Корнуэль турасында

Жағымсыз сөз айтпап па ең?

Келмек кешке ол бізге,

Қасында — Регана бар.

Тегін жүріс емес бұл,

Ольбени екеуінің егесін

Сездіріп алған жоқ па едің?

Есіңе бір сәт түсірші.

ЭДГАР.

Ондай ештеңе шыққан емес аузымнан,

ЭДМУНД.

Әкем келе жатыр. Амал жоқ,
Қылышымды суырмасам болмады.
Сен де өтірік сайысқан бол менімен.
Қаруыңды таста; Қол көтер!
Қаш тезірек, әкем келмей тұрғанда.
«Жарық қайда?» — Қарап тұрмын, қаш бауырым!
«Әй, шырқашы, бері кел».
Қош бол, Эдгар,
Сөге көрме бауырыңды.

Эдгар шығып кетеді.

Шын шайқасыпты деп қалсын,
Мұндайда аздап қан шықпаса болмайды.
(Өз қолын өзі жаралайды).
Ішіп алған сабаздар
Өздері турап, жатпаушы ма ед өз етін, —
Әке, Әке! Көмекке!

Глостер мен қолдарына шырағдан ұстаған қызметшілер кіреді,

ГЛОСТЕР.

Әлгі сұмырайдың қайда өзі?

ЭДМУНД.

Осы арада әлгінде
Жалаң қылыш қолыңда
Қараңғыны жамылып
Айға қарап ант етіп¹⁴
Тұрғанында тап болдым.

ГЛОСТЕР.

Өзі қайда жоғалды?

ЭДМУНД.

Жарақаттап кетті сұмырай!

ГЛОСТЕР.

Жерге кіріп кетті ме ол?

ЭДМУНД.

Көзі әбден жеткесін тұра алмады аялдап.

ГЛОСТЕР.

Қуып жетіп ұстау керек найсапты!

Бірнеше қызметші шығып кетеді.

Көзі неге жетіпті?

ЭДМУНД.

Маған сізді өлтір деп азғырды.
Өзі әкесіне өздері қол көтеріп,

Көктемей кеткен кәззаптардың талайын
Көзіне тізіп, көнбей қойдым сөзіне,
Қарады да менің құдай өңіме,
Ондай іс шықпасын білген соң,
Сумандатып суырып ед қылышын,
Мен де шықтым сайысқа,
Айқайымды естіп жаңағы
Өздерің келе жатқан соң,
Түнге сіңіп жоғалды.

ГЛОСТЕР.

Қашқанымен құтылмайды құрықтан,
Тұтылған бойда құриды.
Мәртебелі герцогтің өзі келмекші
Жерге кіріп кетсе де
Таптырады із кесіп,
Бәс тігеді басына,
Баспаналатар жады біреу табылса,
Тарттырады сазайын.

ЭДМУНД.

Райынан қайтара алмасымды білген соң,
Қорқытып ем, қыламын деп әшкере:
«Некесіз туған қызталақ,
Кім сенеді сөзіңе
Қолыңдағы қағазды
Бөтен біреу сырттан жазған мен болып,
Десем, күдік жабыспай ма өзіңе.
Мен өлсем әкем дәулеті.
Бұйыратынын бір саған
Есі бар жұрт біледі.
Сондықтан бар пәлені
Мына сенен көреді,» —
Дейді беті бүлк етпей.

ГЛОСТЕР.

Көрмейсің бе, сұмырай
Өз жазуынан өзі танып,
Мойындамай қоймақшы.
Бездім ондай бетпақтан!

Керней гауысы естіледі.

Герцог келді белгісіз бір себеппен,
Жолдың бәрін жаптыр деп мен өтінем,
Көрсін сосын құтылып.
Қанішерден сақтап қалған көзімді
Мұрагер қып жариялаймын өзіңді.

Корнуэль герцогі, Регана, нөкер кіреді.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Иә, достым, хал қалай?

Келмей жатып естідім ғой бір сұмдық.

РЕГАНА.

Егер рас боп шыға қалса мұнысы,

Барлық жаза жеңіл болар ол үшін,

ГЛОСТЕР.

Кәрі жүректі қан қақсатты ол күшік!

РЕГАНА.

Менің әкемнің өкіл ұлы еді ғой,

Эдгар қалай барып жүр бұл сұмдыққа?!

ГЛОСТЕР.

Беттің суын кетті ғой ит бес төгіп!

РЕГАНА.

Әкемнің әлгі нөкерінде жүретін

Көп бұзықта көңілдері жоқ па екен?

ГЛОСТЕР.

Өзім де әлі жөнді ештеңе білгем жоқ,

Қапелімде есенгіреп қалыппын,

ЭДМУНД.

Герцогиня ол солардың тобынан!

РЕГАНА.

Таңданатын ештеңе жоқ ендеше,

Сізді өлтіріп, барлық ата дәулетті

Соларменен саумақшы ғой шарапқа.

Ол тобырдың түрі бұзық көрінді,

Апам маған хат жазыпты ескеріп,

Олар келсе,

Үйден безер түрім бар.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ (*Эдмундқа*).

Мен де солай, Регана.

Ал, Эдмунд, біз де естідік бар жайды, —

Жақсы әкенің жайсаң ұлы екенсің.

ЭДМУНД.

Шын перзенттік парызым ғой бұл менің!

ГЛОСТЕР.

Қара беттің ашқан осы қылмысын,

Қансыратып кетіпті ит сол үшін.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Қуғыншылар кетіп пе еді соңынан?

ГЛОСТЕР.

Әрине.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Ұстаған бойда мына менің атымнан
Тарттырыңдар ол кәззаптың сазасын,
Ал, сіз Эдмунд,
Осыншама ержүрек,
Қарауыма қызметке келіңіз,
Қуанышпен қарсы аламыз енді біз.

ЭДМУНД.

Сеніміңізге рақмет.

ГЛОСТЕР.

Рақмет айтам ол үшін,

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Біздің неге келгенімізді білесіз бе?

РЕГАНА.

Тегіннен-тегін жүрген жоқпыз түн қатып,
Бір маңызды шаруалар шығып тұр,
Ақылыңыз керек болды.

Әкем мен апам қалыпты тіл табыспай,

Бізде емес, басқа шаңырақ астында

Таластарына айту керек пәтуа,

Сол арадан жауап жазып хатына

Хабаршымен қайтарамыз өзіне.

Әлгі бір іс келтірмесе кедергі

Бұл шаруаны бітірсек деп ек осында.

ГЛОСТЕР.

Ардақты милледи, бұныңызға сөз бар ма,
Әрқашанда есік ашық, төр дайын!

Бәрі шығып кетеді.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Глостер қамалының қақпасы.

Екеуі екі жақтан Кент пен Освальд кіреді.

ОСВАЛЬД. Қайырлы таң, жігіт. Сіз осы арадансыз ба?

КЕНТ. Иә.

ОСВАЛЬД. Аттарды қайда қойсақ екен?

КЕНТ. Теуіп-теуіп ойылмаған жерге қой.

ОСВАЛЬД. Ойыны жоқ, достым, шыныңды айтшы.

КЕНТ. Менің саған дос екенімді қайдан білдің?

ОСВАЛЬД. Сенің достығыңа зәру боп тұрған мен жоқ-
пын.

КЕНТ. Оңашада түсер болсаң қолыма, білер едің қалай зәру болғанды.

ОСВАЛЬД. Сонша неге жабыстың? Мен сені танымаймын да.

КЕНТ. Танымасаң — танып тұрмын мен сені.

ОСВАЛЬД. Онда айта ғой, кіммін мен?

КЕНТ. Нағыз найсап, жалбаңдаған жарбақай, көрінгенге жандайшап, көк ми есек — енді өзінді білдің бе? Қожайынның қол жаулығы, бәйбішенің сауысқандай сұңқылдаған саққұлағы, жанжал құмар жалақор. Өмірбақи көзге түсу үшін кез келген жексұрын іске қойып кетер қызылкөз. Осы сұмырайлықтың біреуін шығарар болсаң теріске, шедірейген мұрныңды шелпек қылып беремін.

ОСВАЛЬД. Мұндай да болады екен! Өзінде ешқандай шаруасы жоқ, өмірінде бірінші рет көріп тұрған адамға мұнша сөзді қалайша аузың барып айтып тұрсың?

КЕНТ. Көлгірсуін бетсіздің! Көрмей көзің шығып па ед? Бұрнағы күні корольдің көзінше аяғыңнан шалып жыққан кім еді? Қылышыңды суыр, сумақай! Түн болғанмен ай жарық! Шатыңды жыртып, шарбыңды төгіп берейін. Қылышыңды суыр (*өзі қылышын суырады*).

Освальд. Тоқта! Менің сенімен сайысатын ойым жоқ.

КЕНТ. Көп былшылдамай, қылышыңды суыр, сен найсап! Сенің қалтаңда корольді қаралап жазған хат жатыр. Өзінің падиша әкесіне өзі тор құрған әлгі әзәзіл әйелдің қолжаулығысың, сұмырай. Қызыл қуырдақ қылмай тұрғанда, қылышыңды суыр да, тойтарып бақ соққымды!

ОСВАЛЬД. Ойбай, өлтірді! Қарауыл!

КЕНТ. Қорған деймін оңбаған. Суырсайшы қылышты!

ОСВАЛЬД. Қарауыл! Қайдасың. Өлтірді, ойбай.

Эдмунд шығады.

ЭДМУНД. Бұл не жанжал? Бұл не айқай?

КЕНТ. Келе ғой, төрем, келе ғой. Қолың қышыса, сенің де тарттырайын сазанды.

Келе ғой, батыр, шық бері!

Глостер шығады.

ГЛОСТЕР. Қылыштары жалаңдап, неғылған жанжал бұл тағы?

Корнуэль герцогі, Регана және нөкер шығады.

КОРНУЭЛЬ. Жан керегің — дымдарыңды шығарман, жанжалқордың — әзір-ақ тұр жазасы. Кімсіңдер?

РЕГНА. Корольдің жаушысы мен апайдың жаушысы.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Не үшін төбелестіңдер?

ОСВАЛЬД. Жаным әзер қалды, тақсыр.

КЕНТ. Қорқақтардың әрдайым жаны мұрнының ұшында жүретін әдеті. Сендей шірікті қара жер де қажет етпей кері лақтырып тастады. Сен асылы тәңірдің емес, бір олақ тігіншінің қолынан шыққан боларсың.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Не дейсің сен, әпенде! Адамды дүниеге тігінші жаратқанын қайдан көріп ең?

КЕНТ. Әрине, тігінші. Тас өңдеуші мен суретші болса бұдан гөрі жөндемдірек бірдеңе жасап шығармас па еді?

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Дегенмен неге төбелестіңдер, айтыңдаршы?

ОСВАЛЬД. Мынау кәрі бұзақы, мен бұның сақалын сыйлап тұрсам...

КЕНТ. Қап, мына айтуға аузың бармайтын шірікті-ай! Тақсыр, осы тұрған жерінде сүйегін үгіп үн қып берсем қайтеді. «Сақалын сыйладым деуін» қарай гөр, шырылдауық шымшықтың!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Жап аузыңды!

Кімнің алдында тұрғаныңды ұмытпа!

КЕНТ. Ұмытқам жоқ, тақсыр,

Кейде, бірақ, қарау керек обалына ашудың!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Сонша ашуланатын себебің не?

КЕНТ.

Намысы жоқ мұндай найсап доңызға

Қылыш асынтып қойса,

Қайтіп ашуланбассың?

Мұндай-мұндай жылмаң төстер жымысқы,

Мырзалардың ашуына май құйып,

Бір-біріне «үрит, соқ» деп айдап сап,

От басынан оңай олжа іздейді.

«Иә» деуге де бүлк етпейді беттері,

«Жоқ» деуге де бүлк етпейді беттері,

Кебістерін жалайтын аяқ болса болғаны,

Бұралқы күшік секілді

Қожа таңдар бұлар жоқ.

Сақылдайсың неменене мәз болып.

Алдыңда бір тұр ғой деп пе ең қылжақбас?

Қан шайқаста қарсы келсең көрер ем,

Жон терінді басыңа қаптап берер ем.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Сен өзің алжасқаннан саумысың?

ГЛОСТЕР.

Айтсайшы енді таласыңның себебін?

КЕНТ.

Шапағат жауып жатса мұндай жадыға

Қалай ғана қараймассың қаныңа!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Жады болып не істеп еді саған ол.

КЕНТ.

Мұндайлардың көргім келмейд бет-аузын.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Е, солай де. Бәлкім саған

Мына біздердің де бет-аузымыз ұнамас.

КЕНТ.

Тура сөйлеу әдетім еді туғалы,

Мына тұрған бәріңдікінен де

Көп көріп ем көріктірек беттерді.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Көмекейің енді болды белгілі,

Батылсың деп масайратқан ел мұны,

Содан сабаз кете барған алжасып,

Көрінгеннің жағасына жармасып.

Ешкімнің де елемейтін бет-жүзін

Мұндай-мұндай есер деген көп бүгін.

Қауіптірек бейпіл ауыз масыққан,

Күлім қағып көлгірсіген пасықтан.

КЕНТ.

Уа, герцог, ай дидарлым, күн сәулеттім,

Кемеңгерім, кереметім, құдіретім,

Абыройыңыз бен арыңызға бас иіп...

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Тоқта, тоқта. Не демексің бұнымен?

КЕНТ. Егер менің сөз ыңғайым сізге ұнамаса, өзгертуге әзірмін. Бірақ, жалбаңдаған жағымпаз емесім рас еді. Алайда, көз алдыңызда әлгінде ғана көлгірсіп сөйлеген сумақай ең бір найсап адамдардың сойынан, мен ондайға қоса алмаушы ем өзімді.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Сен бұны бұрын ренжіткенің бар ма еді?

ОСВАЛЬД.

Жоқ, милорд.

Король мені жақында

Абайламай жақтан тартып қалғаны —

Сонда мына бұзақы
Артымнан кеп, аяғымнан шалғаны.
Жығылып ем, жырқылдады табалап,
Король ағзам мұны содан мақтады.
Сол мақтаудың жанына сондай жаққаны
Жаңа осында көре сала бас салды.

КЕНТ.

Судыр сөзге келгенде
Жан салмайды алдына.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Кісен бар ма, әкеліндер,
Онда сауап дәл мынандай даңғойға.
Біліп қойсын,
Қалай екен жұртқа жөнсіз ұрынған.

КЕНТ.

Енді ақыл кіргізуге
Кеткем жоқ па қартайып.
Кісеніңді дікендетпей қоя тұрған жөн болар.
Падишамның хабарымен кеп тұрмын.
Мен киген кісен
— салынған дақ сүйегіне корольдің.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Әкел, әкел, ең болмаса
Түске дейін кие тұрсын.

РЕГАНА.

Түс емес-ау кешке дейін,
Кісін тіпті күн бойды.

КЕНТ.

Ханшайым-ау, сіздікі не?
Елшісі емес әкеңіздің
Иті болып келсем де,
Менімен бұлай сөйлескен
Жараса ма екен тап сізге?!

РЕГАНА.

Сіз әкемнің иті құрлы
Қадірі жоқ,
Бұзақысыз қаңғыбас!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Апаңның әлгі жазып отырған
Жаубасарлары осылар ғой
Кісен қайда, әкелсеңші!

Кісен алып келеді.

ГЛОСТЕР.

Дат тақсыр, дат.
Бір ашуыңызды қиыңыз.
Жөн болмайды бұныңыз
Король өзі жұмсаса,
Жазасын да өзі береді.
Дәл мынандай жазаны
Ұрылар мен баукеспе,
Ел ақтаған азғынға
Тиырым қылса жөн еді.
Шамына тиіп корольдің
Асығудың не керегі?»

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Шамына тисе,
Өзім жауап беремін.

РЕГАНА.

Қызметшісін көрер көзге қорлаған
Жазасыз қалса дәл мынандай оңбаған,
Өкпелеп жүрер апайым,
Кигізіңдер кісеңді!

Кентке кісен кигізеді.

Кеттік!

Глостер мен Кенттен басқа адамдар шығып кетеді.

ГЛОСТЕР.

Аяғанмен қолымнан не келеді,
Бұл арада герцог өзі қожайын,
Жолына тұрсаң жақпайсың,
Беттің арын белге түйіп бірақ та,
Араша сұрап көрейін.

КЕНТ.

Керек емес, сэр.
Көз ілместен жол бойы,
Шаршаңқырап келіп ем,
Ұйқымды қандырып алайын,
Тістеп жатса жүректі
Тірсекті қысқан сөз боп па,
Ештеңе етпес. Хош, сэр.

ГЛОСТЕР.

Жоқ, дұрыс емес герцогтың бұл қылығы!

Кетеді.

КЕНТ. Иә, король, сағат сайын жағдай барад қиындап,
Жаңбырдан құтылсаң, нөсер төпей жөнелді.
Ай да қалды қара бұлтта көрінбей,
Оқиын деп ем өзінің хатын жаңа алған.
Қарақасқаға да тас қапасқа қамалған,
Әйтеуір, бір бұйырар да шапағат.
Корделия хат жазыпты! Қалайша
Таңданбайсың тап болғанда тамаша.
Менің мұндай күйге түскен жайымды
Кімнен естіп білді екен.
Күтудеміз дейді оңтайлы сағатты,
Жұмыл көзім, көрмей-ақ сол қояйын
Тағдыр мынау тәлкек қылған мазақты.
Тағдыр, тағы шапағатың бар шығар,
Күн де туар, қара тұман аршылар.

Ұйықтап кетеді.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Орман іші. Эдгар шығады.

ЭДГАР.

Естідім де үкімімді кесілген,
Паналадым ескі еменнің қуысын.
Төңірегім — тор, тұзақ,
Қалмай қапты барар жер мен басар тау.
Ендігі күн бұқпантаймен өтпекші.
Сіңірі шыққан қу кедейлер сияқты
Тағы аңдай ұмытам да ұятты.
Ебіл-себіл күн кешпекпін енді мен.
Бет-ауызға күйе жағып аямай,
Шаш белуардан,
Сақал деген қауғадай
Сақал-сағал шүберекті жамылып,
Тыржалаңаш жолға шығам асығып,
Абыройым ашылып та шашылып.
Ине шаншып, шеге қағып етіме,
Диуанадай таңба салып бетіме,
Жер-жаһанның қоқыры мен соқырын,
Өн бойыма жапсырып,
Кейбіреуге көк езу боп шаптығып,
Кейбіреуге етек тола еңіреп,

Адыра қалған жел диірмендер мен қой қора,
Қыстақтар мен тас қорғанды тастамай,
Қайыр сұрап қақсамай,
Енді маған жоқ тіршілік басқалай.

Кетегі.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Глостер сарайының алды.

Кісендеулі Кент, Лир, Сайқымазақ сарай ағамы шығады.

ЛИР.

Өздері қорыққанынан кетіп қап,

Қайтармапты жаушымды.

Бұларын қалай түсіндік?

САРАЙ АДАМЫ. Естуімше кешегі, кетпеуші еді еш-
қайда.

КЕНТ. Армысыз, тақсыр ием!

ЛИР. Бұл қорлыққа қалай шыдап жатырсың?

КЕНТ. Амал бар ма, милорд.

САЙҚЫМАЗАҚ. Ха-ха-ха! Сықпытын қара сабаздың!
Жылқыны басынан ноқталайды, ит пен аюға мойынынан
қарғы бау тағады, маймылды — көкірегінен шандып тас-
тайды, адамды аяғынан кісендейді. Тулар болсан,
тілерсегінді ағашпен қаптап қояды. Тұсап-матауға келген-
де қалай ғана шеберміз!

ЛИР. Жаушы басыңды қор қылып, Бұғаулаған қай-
сысы?

КЕНТ. Күйеу балаңыз бен қызыңыз, милорд.

ЛИР. Мүмкін емес.

КЕНТ. Солар, милорд.

ЛИР. Мен мүмкін емес деп тұрмын ғой.

КЕНТ. Ал мен солар кісендеді деп тұрмын ғой.

ЛИР. Жоқ, жоға, олардың бұған дәті бармаса ке-
рек еді!

КЕНТ. Барғанда қандай, көріп тұрсыз ғой.

ЛИР. Юпитердің атымен ант етем, олар емес!

КЕНТ. Юнонаның атымен ант етем, солар!

ЛИР.

Сенбеймін.

Мүмкін емес олардың

Дәл мынандай бассыздыққа баруы!

Өлтіргендері жақсы еді ғой мұнан да,
Сүйекке таңба салғанша.
Осынша қаһар төгердей не бүлдіріп қойып ең,
Жалтарма, жаушым, айт шапшаң!

КЕНТ.

Мәртебелі хатыңызды сіз берген
Тас қорғанға енді әкеліп үлгеріп,
Тағзым етіп, тұрғанымда тапсырып,
Тағы да бір жаушы кірді аптығып.
Аяқтатпай аузымдағы сөзімді,
Баса-көктеп келді-дағы герцогқа
Гонерилья хатын әкеп ұсынды.
Сол-ақ екен ерлі-зайыпты екеуі,
Әлгі хатты алып-құпыл оқи сап,
Жын құғандай аттарына қонғаны,
Маған барлық айтқандары:
Атыңа мін де, соңымызға ер деді,
Қақпа алдында хатқа жауап күт деді.
Мұнда келсем, Гонерилья жолдаған
Хатты әкелген оңбаған
Тап бола кетті тағы да,
Анадағы тілазар әлгі даяшы,
Шапалақпен тартып қап едіңіз ғой жағына,
Ақылымды жеңіп кетіп ашуым,
Семсерімді суырдым да тап бердім,
Әлгі қорқақ оңбаған
Салсын-ай кеп «ойбай-ды»,
Соны естіп бүкіл қорған жүгірді.
Күйеуіңіз бен қызыңыз
Әлгі ісіме
Осындай жаза бұйырды.

САЙҚЫМАЗАҚ.

Қаңқылдап қаздың қонбағаны,
Жаздың әлі болмағаны.
Бағың ұшпай басыңнан
Кетер ме балаң қасыңнан,
Айырылса әке дәулеттен
Оны кім бар білмейтін?!
Тағдыр жады қатын ғой
Жарлыны көзге ілмейтін.
Бұл бұл ма! Кесір қыздарың
көрсетер кесепаттың көбі әлі алда шығар!

ЛИР.

Құлазытты-ау қу жанды,
Паршаламай жүректі
Қайғысы құрғыр, серпілсейші!
Өзі қайда қызымның?

КЕНТ.

Тас қорғанның ішінде
Қонақ боп отыр графқа.

ЛИР. *(Сарай қызметшісіне).*

Өзім барам,
Қал кейін.

Кетегі.

САРАЙ АДАМЫ.

Сол ма барлық жазығың,
Жасырмадың ба ештеңе?

КЕНТ.

Сол бәрі.
Келіпсіз король екеуіңіз,
Қалған нөкер қайда жүр?

САЙҚЫМАЗАҚ. Бұл көк миды қайдағы бір сумақайға семсер суырғаны үшін жазалағанша, тап мынандай маубас сұрақ қойғаны үшін жазаламас па?

КЕНТ. Ол не дегенің, қылжақбас?

САЙҚЫМАЗАҚ. Шіркін, сені анандай қауға басыңды қалқитпай, құмырсқаның қарауына беріп, оқытып алар ма еді. Қыстың көзі қырауда қалай қалтырағанды көрер ең. Ауызы дәм, мұрыны иіс білетін жұрт сен құсап сергелдеңге түспейді. Доңғалақ өрден ойға қарай доңғалап келе жатса, жолында тұрма, қаш, бөксеңді жаншып майып қып кетеді, ал, ойдан өрге қарай доңғалап келе жатса, соңынан қалма, жабыс, асуға шығарып, мәртебеңді биіктетеді. Ал, данышпан біреу бұдан да асқан пайдалы ақыл айтып жатса, бұл ақылымды өзіме қайтып берерсің. Өйткені, ақымақтың аузынан шыққан ақылдың кәззаптардың құлағына бұйырғаны лазым.

Пайда қуған зымыстан?
Алтын деп жүрген басыңды
Бақырға сатып кетеді,
Басыңнан ұшса бақ құсы.
Алдауды білмейді ешқашан.

Лир мен Глостер шығады.

Ақылдың дұрыс тапшысы.
Аяр да қалар жер соғып,
Ақымақ болған жақсысы.

КЕНТ. Есуасым-ау, мұны қайдан үйрендің?

САЙҚЫМАЗАҚ. Қайдан үйренсем де, әйтеуір, сен құсап
кісен кимей тұрып біліп алдым.

ЛИР.

Сөйлескілері келмейді менімен?
Атсоқты боп, шаршап қалдық деседі.
Ол әншейін шығарып салма әңгіме.
Жауап берсін дұрыстап.

ГЛОСТЕР.

Тақсыр ием,
Жақсы білесіз герцогтың
Бір қисайса құлақ аспас қисынға
Нағыз қиқар екенін.

ЛИР.

Өшім қайтпай өзге әңгіме құлағыма кірмейді,
Қиқар болса, қайтейін,
Бар да шақыр әйелімен герцогты,
Осы қазір сөйлесетін сөзім бар!

ГЛОСТЕР.

Тақсыр ием, жаңа барып айттым ғой?

ЛИР.

Айтқаныңмен — түсіндің бе мені өзің?

ГЛОСТЕР.

Түсіндім, тақсыр.

ЛИР

Айтқанда да былай деп айт:
Король күтіп тұр де, сен,
Корнуэль мен ханшайымды сүйікті,
Көрем деп мархабаттарын.
Айттың ба сүй деп? Айтпадың.
Ендеше, сөзім садаға,
Сол оңбаған немеге...
Жоға... Жоға... тоқтай тұр.
Ауру болса ауру шығар шалдыққан,
Ауру жанның сөзін тергеп бола ма!
Жан ауырса не шықпайды ауыздан,
Мен де, міне, аузым қызып
Айтып салдым
Алды-артына қарамай.
Бірақ, енді... *(Кентке көзі түсіп).*
Кісенде әлі неғып отыр бұл енді?

Жоқ, жоқ, бұның бәрі — далбаса.
Босат мұны! Сосын бар да айт қожана,
Сөйлесетін әңгіме бар дәл қазір
Келсе енді келгені,
Келмесе егер қақтырам да дабылды,
Ауырмақ түгіл алса-дағы қағынды,
Көресіні көрсетем.

ГЛОСТЕР.

Арты қайыр болса игі!

Кетегі.

ЛИР. Жүрегім неге шаншиды. Ақырын, ақырын!

САЙҚЫМАЗАҚ. Бақырып бақ, бақырауық шал. Баяғы-
дағы әлгі пәтуасыз аспаз кемпір қамырдың арасына са-
лып, тірілей қуырылатын жыланбалықтарға: «Шошаңда-
май жатыңдар әрі», — деп айқайлайтын, бастарына ағаш
таяқпен бір-бір соғып. Ал, ағасы атын сондай жақсы көретін,
жануар қатықсыз тамақ жемесінші деп, пішенге май қосып
беруші еді.

*Корнуэль герцогі, Регана, Глостер және қызметшілер
шығады.*

ЛИР. Саламат па, балаларым!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Саламат па, милорд.

Кентті кісеннен босатады.

РЕГАНА.

Көргеніме сондай қуаныштымын.

ЛИР.

Қуанбасаң,

Сүйегі әбден қуарған

Суырып ап моладағы шешенді,

Бұзбақшы едім некемді.

(Кентке).

Ә, сені босатты ма! Ол әңгіме —

Айтыла жатар артынан.

Ал, айналайын Регана,

Апаң сенің болып шықты албасты,

Қабырғамды қақыратып,

Жез тырнағын жүрегіме түйреді.

(Жүрегін ұстайды).
Айтуға тілім бармайды.
Қаншалықты қаныпезер екенін,
Көрмедің ғой, Регана!

РЕГАНА.

Сабаға түс, сэр.
Меніңше, сіз апамды
Тұрсыз бекер айыптап.
Жазығы жоқ жазғырардай соншалық.

ЛИР.

Мұныға қалай түсінем?

РЕГАНА.

Гонерилья шын перзенттік парыздан
Бас тартты деген әңгіме
Миыма ешбір кірмейді.
Ал, ауыздықтаса бассыз кеткен нөкерді
Ол қылығын
Мына мен де «жөн» деймін.

ЛИР.

Қарғыс атқан ол немені сөз қылма!

РЕГАНА.

Қартайдыңыз, әке, сіз,
Бір аяғыңыз жерде де,
Бір аяғыңыз көрде тұр.
Онан қайта өзіңізге сырмінез
Өзгелердің ақылына ас құлақ.
Сондықтанда, қайтып барып апама,
Кешірім сұра, басыңды иіп алдына.

ЛИР.

Түсіндің бе өзің айтқан сөзіңді?

(Жер тізерлейді)

«Қызым, балам, әлім кетті, қартайдым,
Жер тізерлеп келіп тұрмын алдыға,
Киім кигіз, асыңды бер, асыра!»
Істе дейтінің осы ма?

РЕГАНА.

Дұрыс сөзді қылжақ қылып қайтесіз,
Онан-дағы ізіңізше қайтыңыз.

ЛИР *(бойын тіктеп).*

Регана,
Бұл айтқаның болмайды,
Нөкерімнің қуып шықты жартысын,
Құлағына ілмей сөзімді

Келеке етті өзімді.
Бар болса құдай көктегі
Ол қыз енді оңбайды.
Сазайын тартқыз сайтанның,
Естисің бе, о тоба!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Райдан қайт, милорд!

ЛИР.

Жасағанның жай оты мен жасыны
Төбесіне соның ойнағай
Дүниенің індеті мен бейнеті
Соңына түсіп қоймағай!

РЕГАНА.

Тәңірім-ау, не деп тұр,
Ашуы келсе,
Айтары осы-ау маған да!

ЛИР.

Сені не деп қарғамақпын, Регана,
Ибалы едің, назарыма қалмассың.
Ол қыз менің сабырымды сарықты,
Мені мұнша жүйкелетіп
Көрініпті саған не?
Бір басымның рахатын ауырлап,
Тоз-тоз қылып соңымдағы нөкерді,
Есік ашпай келгенімде емпендеп,
Торсаңдайтын топас мінез жоқ сенде,
Айтпайтындай ақ батамды әкелік.
Тәрк етердей ізет, иба үрдісін,
Не қылып ем мен саған.
Бар жазғаным — патшалықтың жартысын
Қолдарына ұстатқаным болмаса!

РЕГАНА.

Айтпағыңыз не сондағы?

ЛИР.

Қызметшіме кісен салған қайсысың?

Сахна сыртынан керней дабылы естіледі.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Мынау кімнің дабылы?

РЕГАНА.

Қарағанда хатындағы сөзіне
Гонерилья келе жатқан болмасын.

Освальд кіреді.

Ал, қалай,
Миледи келе жатыр ма?

ЛИР.

Ханшайымның іші-бауырына кіріп ап,
Тойған торпақ секілді
Тойтаңдаған бұл неме
Көрінбесін көзіме!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГИ.

Қандай қызмет көрсет дейсіз
Сонда маған, сүйікті милорд?

ЛИР.

Жазалаған кім жаушымды?
Әрине, сенің араласың жоқ, Регана!

Гонерилья кіреді.

Шыққыр көзім не көріп тұр!

Қартайғана қарасатын

Жалынғанды жарылғайтын

Шарафатты тәңірім-ау,

Мынау тағы қай масқараң?

(Гонерильяға)

Сақалымның ағын сыйламадың ба, сен бейбас?

Регана-ау, кімге ұсындың қолыңды?

ГОНЕРИЛЬЯ.

Қолын неге ұсынбайды,

Алжығанға ұнамаған

Нәрсенің бәрі күнә деп

Қай пайғамбар айтыпты?!

ЛИР.

Осының бәрін көтеріп,

Көкірек құрғыр қалай-ақ тұр жарылмай?

Айтындар тез, жазалаған кім жаушымды?

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГИ.

Жазалаған мен оны.

Жазам бірақ, жеңіл екен, өкінем.

ЛИР.

Қалай барды дәтіңіз?

РЕГАНА.

Ұмытпа, әке, жасыңыздың келгенін,

Уайым қылмай бір өлімнен өңгені,

Көп нөкердің тең жартысын таратып,

Қызыңызбен тіл табысып, жарасып,

Қайтыңыз да, уәделі мерзім біткенде

Келіңіз бізге,

Алдыңыздан әзір боп,

Қол қусырып күткенде.

ЛИР.

Оны істеп, болғанша шын масқара,
Баспанадан бас тартып,
Кетпеймін бе қорқауларға жем болып,
Құла дүзге қаңғырып.
Бұ қызға қайтып барғанша,
Кенжемді іздеп тауып ап,
Қарғысына қарамай,
Қарағымды жар еткен
Франция королінің алдында
Кешірім сұрап, бас ұрып
Барамын да, босағана ал деймін!
Содан қорлық көрмеймін бе,
Көргенше,
Мына біреу қу шұнақ құлдан көрдемше!
(Освальд меңзейді)

ГОНЕРИЛЬЯ.

Еркіңіз білсін.

ЛИР.

Қызым, өйтіп әкеңді естен тандырма.
Ендігәрі азапқа салмай сені де,
Кездеспей-ақ кетейін
Қанша сұмырай болсаң да,
Іштен шыққан қара шұбар жылаң ең.
Қайтып алдым ашу үсті айтылған
Нала менен қарғысты.
Тірі болсаң, ақыр түбі өз арың —
Өзіңді бір азаптар
Қарғысымды қайтып алам.
Ашылсын ләйім маңдайың,
Құлқың түзеліп, құлдық ұрсаң алдымда,
Қайырмаспын пейіліңді.
Оған дейін жүз нөкерім соңымда,
Бола тұрам Реганам қолында.

РЕГАНА.

Әке, ғафу етіңіз,
Қабылдай алар осы қазір жоқ жайым,
Келеді деп күтпегем.
Айтарыңды айтып,
Істеріңді істеп
Ашуыңды тараттың,
Қызыңа ер де, үйге қайт,
Ар жағында не қылып, не қоярын
Апам өзі біледі.

ЛИР.

Жөні бола қояр ма екен бұл сөздің?

РЕГАНА.

Айтқаны дұрыс апамның.

Елу нөкер ендігі жерге жетеді.

Жоға, тәйірі, елудің өзі тіпті көп,

Сол немелерді шұбырта беріп қайтесіз,

Бәріне күтім, бәріне ас, ат керек,

Қара тобыр жүрген жерде қатер көп,

Оның үстіне, билік екі кісі қолында,

Бейбастақтық көп болады мұндайда.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Соларсыз-ақ өзіңізді

Өзіміздің қызметшілер күтпей ме?

РЕГАНА.

Айтпақшы, сэр, жаны бар сөз мұның да,

Керегі не соларыңның шынында,

Ертең бізге келеріңде, жарқыным,

Кіргізбеймін жиырма бестен артығын.

ЛИР.

Солардың бәрін бердім енді сендерге!

РЕГАНА.

Әке, сөзің енді, міне, түзелді.

ЛИР.

Басқа дүниенің бәрінің беріп билігін,

Қалдырып ем өзіме тек нөкерді.

Естігенім дұрыс болса егер де,

Жиырма бестен асырма,

Дедің бе сен, Регана?

РЕГАНА.

Иә, сүй дедім.

Жиырма бестен артығын

Аттатпаймын есіктен.

ЛИР.

Бетерден де бетер бар, —

Деуші еді-ау жұрт,

Көзім соған жетті енді.

(Гонерильяға)

Ендеше, қызым, ердім саған,

Елу нөкер жиырма бестен екі есе егер көп болса,

Екі есе иман жүзді екенсің сен бұл қыздан.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Соларыңнан екі есе көп қызметші бар үйде,
Жиырма бес емес-ау, оны, тіпті,
Оны емес-ау бесеуі
Бекер бейнет емес пе?

РЕГАНА.

Тіпті біреуі де
Керек емес солардың.

ЛИР.

Әңгіме сонда тұр ма екен
Керек пе, керек емес пе,
Қайыршы екеш қайыршы
Ұнатқанын сұрайды.
Тірліктің бәрі тек керекпен шектелсе, —
Айданнан несі өзге адамның?
Сен әйелсің. Керегі не торқаның,
Қағанақ құрлы септігі жоқ қаңтарда,
Тоңдырмайтын жүрмейсің бе тон киіп?
Сабыр, сабыр, сабыр ғана
Енді маған керегі!
Сақта, құдай! Қартайыппын мен әбден,
Жылдар бойғы бейнет жығып еңсемді,
Бауырымнан шыққан перзентім
Жармасқанда жағамнан
Медет бол, өзің, о тоба!
Қаһарыма қайта мінер қайрат бер,
Қатын құсап сорғалатпай сорамды!
Жоқ! Бұ қарларға жібермеймін есемді,
Төңкеремін төбелеріне аспанды!
Аспан асты, жердің үсті көрмеген
Ақырзаман бастарына орнатам!
Жылап тұр деп қалмаңыздар масайрап,
Жылайтұғын мен емес
Тәңір өзі қойса-дағы еңіретіп.
Шыға қоймас көзден жас.
Шықса шығар,
Кектің уы көкірегімді кеулеген
Жүрегімді күлпаршалап болғасын.
Қылжақбас-ау,
Не деп тұрмын осы мен,
Тұрғам жоқ па ақылымнан алжасып!

Лир, Глостер, Кент және Сайқымазақ кетеді. Жақындап қалған қара дауылдың сесі білінеді.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Қара нөсер таяп қалды, кетейік.

РЕГАНА.

Тарлық етіп жүрер ме екен,

Әлгі шалды нөкерімен

Жайғастырсақ осы үйге?

ГОНЕРИЛЬЯ.

Төрімді теуіп кетті ғой,

Өзінен көрсін ол енді.

РЕГАНА.

Бір басына табар едім баспана,

Соңындағы шуылдағын қайтпектін!

ГОНЕРИЛЬЯ.

Иә, рас, әңгіменің жаны бар,

Глостер өзі қайда жүр?

ГЛОСТЕР.

Король ағзам қарайып кетті қанына!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Енді не істемек ойы бар?

ГЛОСТЕР.

Оларасын білмедім,

Атқа қонды барлығы.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Өзі білсін ендеше,

Жалынудың жөні жоқ.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Қалдырмаңдар жолынан.

ГЛОСТЕР.

Көп ұзамай қас қарайып түн болады,

Күн болса мынау, төңірек тұлдыр,

Бас сауғалар пана жоқ.

РЕГАНА.

Тіпті дұрыс сонысы.

Қиқар болып, кімді қырар екен,

Көріп алсын қап, бәлем.

Қақпаны мықтап жабыңдар,

Соңындағы көп басбұзар

Аздырып жүрсе көңілін, қапы соғып қалмайық.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Қақпаларға бекем бол, граф. Дұрыс айтады әйелім.

Бұл неғылған аласапыран түн еді.

Дауыл соқпай тұрғанда кетейік,

Кетейік мынау арадан.

Кетеді.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Түз. Найзағай ойнап, дауыл соғып тұр. Екеуі екі жақтан Кент пен сарай адамы шығады.

КЕНТ.

Қара дауыл астында, қанғырып жүрген қайсың бұл!?

САРАЙ АДАМЫ.

Қара дауылдың өзіндей арпалысқан пендемін.

КЕНТ.

Сізді таныдым. Өзі қайда корольдің?

САРАЙ АДАМЫ.

Қайда болушы ед,

Қарғап отыр тірлікті

Қара дауыл көк мұхитты бұрқ-сарқ сапырып

Қара жерге қапталқай деп топанды.

Мынау адыра қалғыр өмірді

Не біржолата түзет деп,

Не біржолата күйрет деп.

Өзі талдап жұлады да өз шашын

Уыс-уыс қып төңірегіне шашады.

Бұзақы жел қағып алып қашады,

Ынт-шынтын сап, арпалысып дауылмен

Көк нөсерге көкірегін тосады,

Адам түгілі түз аңы

Безіп кеткен безер түзде бір өзі

Арбасып отыр ажалмен.

КЕНТ.

Ешкім жоқ па қасында?

САРАЙ АДАМЫ.

Қалжың айтып қайғысын

Сейілтем деп сайқымазақ сері отыр.

КЕНТ.

Сэр, сыңайыңызға қарағанда

Салихалы адамсыз. Сенім артып,

Тапсырам бір тапсырма.

Екі герцог жылмиысып сырт көзге

Іші түтін, сырты бүтін жүргенмен,

Аралары алауыз.

Қызметшілері іш-бауырларына кіргенмен

Шын мәнінде, тың тыңдаған тыңшылар,

Бар хабарды естіп жатыр Франция сарайы.
Олар бәрін біліп отыр —
Екі герцог арасын,
Қарт корольдің наласын.
Естуімше, француздың әскері
Жатқанда біз өзді-өзіміз таласып,
Біздің мынау талауға түскен өлкеге
Басып кірген сияқты.
Бүгін-ертең желбіретіп туларын
Кірісіп кетер ұрысқа.
Сөзіме сеніңіз де, Дуврге жөнеңіз,
Корольдің мына хабарын
Асыға күткен адам бар,
Тегін кетпейді еңбегің.
Сөз соңында айтайын:
Ақсүйекпін мен белгілі тұқымнан,
Сенімді ақтайды деп білемін.

САРАЙ АДАМЫ.

Сәл кеңірек ақылдассақ қайтеді.

КЕНТ.

Қажеті қанша?

Онан да менің түріме қараңыз да,

Сене алмай әлі тұрсаңыз.

Мынау әмиянды алыңыз.

Сіз Корделиямен кездесетін шығарсыз,

Онда мына сақинаны көрсетерсіз,

Барған бойда көрсетіңіз кідірмей.

Менің кім екенімді

Кейінірек айтып берер ол өзі.

Қара дауыл бара жатыр күшейіп,

Корольге тезірек дұрыс шығар жеткенім.

САРАЙ АДАМЫ.

Қолыңызды қысамын.

Тағы да қосар ештеңеңіз жоқ па еді?

КЕНТ.

Иә, екі ауыз сөз.

Мәселе жайлы ең басты.

Корольге мен мына жақтан, сіз ана жақтан

Барайық,

Кім бұрын жетсе сонымыз

Екіншімізге сол бойда белгі берерміз.

Екеуі екі жаққа кетеді.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

*Тағы да сол құла түздің бір пұшпағы.
Дауыл үдей түскен. Лир мен Сайқымазақ көрінеді.*

ЛИР.

Соқ, сұрапыл, соға түс!
Өңешің үзілгенше өршелене, ұлып бақ,
Қара нөсер, шелектеп құй, төпей түс,
Жердің бетін қанды топан қаптасын,
Жарқылыңнан айналайын жай оты,
Жаһаннамда жарты шөнге қалдырмай
Өрте бәрін, өрте менің
Қуарған қу басымды,
Жаңбырша құйып жарқылдаған жасыңды
Жұмыр жерді нан қып илеп, жанышта.
Дүние, мал, қызық дәурен,
Жай түссін де, жайрасын!
Адам деген әзәзілдің әулеті
Түгел қырылып
Тігерге тұяқ қалмасын!

САЙҚЫМАЗАҚ. Солай, көкешім, төпей төккен жаңбыр суы самала үй, сән-салтанаттағы киелі судай қайдан болсын. Онан да, қайтып барып, қыздарыңның аяғына жығылайық. Мынадай тауқымет түн ақылды кім, ақымақ кім айырып жатпайды.

ЛИР.

Құтыр, құтыр! Құйыл, нөсер!
Күркіреп бақ, найзағай!
Сен үшеуіңді бауырымнан шыққан үш қыздай
Қатыгез деп жазғыра алар жайым жоқ,
Тақтан безіп, тажымды сендерге бергем жоқ,
Аялайды деп сеніп, аузым күйіп көрген жоқ.
Қапы қалмаңдар,
Мендей көк ми қақбастың
Көкшыбынды үймелетіп көзіне
Тартқызыңдар сазайын.
Қалтыраған қариямын, аяқ бассам — кіл қате,
Көк дүлейі, жер дүлейін
Жығып берер түрің жоқ,
Қыздары қуған қу бас шалдың
Төбесіне төндіріп бақ
Қауіп пенен қатерді!
Күші асқанға
Таға алады кім кінә?

САЙҚЫМАЗАҚ. Бұл дүниеде басы бар адам деп басын сұғар баспанасы бар адамды айту керек.

Отауыңды сайламай, ошағыңды сайлап
Қатын алсаң асығып
Қойны-қонышыңды бит-бүрге жайлап
Отырғаның тыр-тыр қасынып.
Көлгірсіген әзәзілдің көмекейін көре алмай
Құлақ ассақ сөзіне,
Қу басыңды, жалынсаң да, құшағына жер алмай
Көк шыбынды үймелетер көзіңе.

Қалай ұнамай ма? Солай, солай... Қай сылқым айнасын айыптамай, өзін айыптаушы еді.

ЛИР.

Көтерем енді тау құласа да төбеме
Артық сөз енді шығармаймын аузымнан.

Кент кіреді.

КЕНТ. Ау, бұ қайсың?

САЙҚЫМАЗАҚ. Қалағаның табылады! Құйрық та осында, бас та осында, сұңғыла да осында, миғұла да осында.

КЕНТ.

Мұнда ма едіңіз, тақсыр.
Адам түгіл кеткен екен аң үркіп.
Көк күркірін естігенде
Жер тағысы шыға алмай қапты інінен.
Дүниеге келіп, топырақ басқалы
Көрсем де талай сұрапыл
Дәл мұндайды көргем жоқ.
Қай күнәмыздан таптық екен!

ЛИР.

Жер-жиһанға қаһар төгіп қараған,
Көктегі хақ құдірет,
Қара жердегі қара беттерді танып ал!
Жексұрын зұлым ішіне у жасырған,
Есіңді жи да, тәубаңа кел, тәубаңа!
Қолы қанды қанішерлер,
Айлаларын асырған,
Қанды қолың көрсетпе!
Ант аттаған монтаны,
Етектерге құрт боп енген
Төсектердің сойқаны,
Қара жүзіңді қалқаламай,
Жүрегіңді жар да,

Күнәнді аш,
Сұра көктен кешірім!
Жұрт алдында менің күнәм
Менің алдымдағы жұрттың күнәсінен көп емес.

КЕНТ.

Жел өтінде неғып тұрсыз жалаңбас!
Мына жерде көзіме түсті лашық.
Әзірге соған бассауғалай тұрындар,
Тас баспанадағы тас жүректер
Ашпай қойды қанша қақсам де есігін,
Сендерді іздеп барып ем.
Пейілі тарға күш көрсеткен күнә емес,
Ол сойқандарға
Соғып қайтам тағы да.

ЛИР.

Ақылымнан алжасатын шығармын.
Достым, саған не болған?
Иегіңе тимей тұр ғой иегің.
Мен де тоңдым.
Лашығың қайда әлгі айтқан?
Қурай күрке күмбез шатыр көрінер
Күн түскенде басыңа.
Қылжақбасым, аз болғандай өз қайғым,
Аяп тұрмын сені де.

САЙҚЫМАЗАҚ (*әндемеді*).

Тілеп алған індеттің
Өлімі бар да, емі жоқ.
Тілеп алған бейнетке
Өкпелеудің жөні жоқ.

ЛИР.

Иә, оның рас. Баста, достым, әлгі лашығыңа.

Лир мен Кент кетеді.

САЙҚЫМАЗАҚ. Мұндай лайсаң түнде қандай құштарлықтың да көзіне құм құйылатын шығар. Сондықтан да, азғантай сәуегейлік жасап көрейінші:

Трактирші сыра сатып су қоспай,
Дұғаны қойып,
Жер жыртқанда тақуа,
Бармақ басып, көз қысысып, ымдаспай
Барлық істе орнағанда пәтуа,
Тігіншілер жүрдім-бардым іс қылмай,

Бұрып кетпей, дұрыс айтса сот кесім, көзбояушылар
қалтаңа қол қыстырмай,
Арыз құрып, ашық айтса ел өкпесін,
Күнәні емес, ойласа жұрт сауапты.
Пайданы емес, қамдаса жұрт парызды,
Болып әркім өз ісіне жауапты,
Ұмытса жұрт белден батқан қарызды,
Ақырзаман орнағаны шын сонда.
Британия жарамайды мүлде іске,
Алжассан да, айдау жолда томпаңдап
Жаяу жорту айналады үрдіске.

Бұндай пәтуаны мен емес, менен кейін өмір сүретін
Мерлин айтсын ¹⁵.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

*Глостер қорғанындағы бөлме.
Глостер мен Эдмунд шығады.*

ГЛОСТЕР. Эдмунд, Эдмунд, мен мынандай тас жүректерден әбден шошыдым. Әлгі байғұсқа қол ұшын берейін деп рұқсат сұрай барсам, өз үйімді өзіме билетпей, ол жайында, оған қандай да болмасын қамқорлық жасау жайында ауыз аштырмай қойды.

ЭДМУНД. Бұдан асқан қаныпезерліктің болуы еш мүмкін емес.

ГЛОСТЕР. Жә, сөзді доғар. Бұл герцогтар ақылға сыймас іс қып тұр. Кеше кешке хат алдым. Айтуға аузым бармайды. Кілттеп кеттім бөлмемді. Корольдің шеккен жапасының жауапсыз қалмас түрі бар. Біздің жерге бөтен әскер кіріпті. Корольдің жағына шыққанымыз дұрыс. Оны тауып ап, жасырын көмектесуім керек. Сен барып герцогты әңгімемен алдарқата тұр. Мені сұраса, науқастанып қапты де. Мұндай нәрсе үшін басыңды аламыз деп қорқытқанмен қартайған корольге жәрдем тигізбей, қаңғытып жіберер жайым жоқ. Дүниеде небір келеңсіз жайлар бола береді екен, Эдмунд. Абайла, аузыңа сақ бол. *(Шығып кетеді)*.

ЭДМУНД.

Әлгі хат пен корольге
Жасырын бермек қолғабысы жайында
Герцогке барып айтайын.
Көзге түсер жер осы.
Шатасқан шал от басты.

Дүние кезек деген ғой,
Асарын асап, жасарын жасап,
Алжыған бір шал үшін
Жанғалы тұрған бағымды
Зая қылар жайым жоқ.

Кетегі.

Құла түздегі лашық. Дауыл соғып тұр. Лир, Кент, Сайқымазақ көрінеді.

КЕНТ. Міне, лашық. Жайғасыңыз, тақсыр, жел өтінде тұрмаңыз.

ЛИР. Мені таста, жүре бер.

КЕНТ. Кірсеңізші.

ЛИР. Жүрегімді жаралағың кеп пе еді.

КЕНТ.

Өз жүрегім тұрғанында қан қақсап,
Сізді қинап қайтпекпін,
Кірсеңізші енді, тақсыр.

ЛИР.

Қандай қызық жан едің,
Қасіреттің үлкені — жаураған ғой деп пе едің?
Қандай үлкен қайғы да
Шын зұлматтың алдында
Ойыншық боп қалады.
Мәселен аюдан қашып,
Көк теңізге тап болсаң,
Аранын ашқан аудың
Аузына пейіл боларсың,
Көк теңізге құлап,
Құрдымға сіңіп кеткеннен.
Тән жазасын ауырлайтының
Жаның тынышта екен ғой.
Көкірегімде үрей менен үмітті
Қуып шыққан қара дауыл соғып тұр.
Ол әлгі қарғыс атқыр қаныпезер қыздардың
Қараулықпен жанға қаяу салғаны.
Өзім асыраған күшіктің
Өз балтырымды жарғаны.
Көрсетермін көресіні оларға.
Тыйғаным дұрыс көз жасын.
Мынандай түнде қуып шықты-ау
Қара нөсер астына.
Құйып бақ, нөсер, құйып бақ!

Мен де шыдап бағайын.

Мынандай түнде...

О, Регана, Гонерилья,

Жан-тәнімен жақсы көрген,

Дәулеттің бәрін берген

Қаңғырттыңдар-ау кәрі әкені...

Ақылымнан алжасардан саумын ба,

О, тәңірім, алар болсаң жөніңе ал!

КЕНТ.

Тақсыр ием, лашыққа

Баспаналай тұрайық.

ЛИР.

Өзің бар да бас сауғала.

Маған қайта осы дұрыс

Үскірік дауыл көңілден

Қуып жатыр ауыр ойдың түнегін.

Жарайды, кірсем кірейін.

(Сайқымазаққа).

Сен кір, достым, алдымен.

Иініңнен кеткен екен су өтіп.

Мінажат етіп алайын

Сосын барып жатармын.

Сайқымазақ лашыққа кіріп кетеді.

Жарлы-жақыбай, тыржалаңаш сорлылар,

Сендердің күнің не боп жатыр

Мынандай түнек лайсаңда

Жалаңаш иін, аш қарын

Қайтіп шыдап жүрсіңдер;

Бұрын бұл жәй ойыма қалай келмеген.

Масайраған майбөксе шонжар

Басыма түспей білмеппін.

Сол зобалаң туғанда,

Шыда сен де, шыдап бақ,

Тәңірге бекер бұлданба!

ЭДГАР *(лашықтан)*. Бейшара, Том! Құлаш жарым құрдымда тұрсың, құрисың!

САЙҚЫМАЗАҚ. Бас сұға көрме, көкежан! Пері иеленіп алыпты.

КЕНТ. Қолыңды бер. Кім бар мұнда?

САЙҚЫМАЗАҚ. Албасты отыр. Бейшара Том деп ат қойыпты өзіне.

КЕНТ. Шөмеле арасында ырсылдап жүрген бұ қайсың? Шық бері!

Лашықтан жынды боп көрініп жүрген Эдгар шығады.

ЭДГАР. Қашыңыздар! Мені ібіліс қуып келеді! Терістіктің желі күшейіп барады. Салқын төсекке шалқаннан түс те, жылынып ал.

ЛИР. Сен де екі қызыңа бөліп беріп барыңды, делқұлы болдың ба осындай!

ЭДГАР. Бейшара Томға садақа беріңдер! Жын-шайтан қуып ол байғұс от пен судың өтіп келді бәрінен. Шайтан оны қылмойыннан талай-талай қыл тұзаққа байлады, желкесінен қарш-қарш қара пышақ қайрады, алдындағы асына у құйды, көлеңкемді қуып жет деп, асауға мінгізіп, талай құздан құлатты. Ақылдарыңнан алжастыра көрмесін жасаған. Ишеке-ай, Том байғұс қатты жаурады. Құйынның демінен сақтағай, жұлдыздың нұрынан сақтағай. Том қасқаға берсеңдерші садақа! Албасты қуып, есі шығып келіп тұр. Міне, ол оңбаған! Қап, бәлем! Ұстап алып, тартқызатын сазанды. Солай ма екен, сұмырай!

Дауыл үдей түседі.

ЛИР.

Бұл байғұсты қыздары

Қандай күйге жеткізген!

Бәрін бөліп беріп, өзіңе

Қалдырмап па едің ештеңе?

САЙҚЫМАЗАҚ. Абыройын жабар алақандай лыпа қалдырыпты ғой. Әйтпесе, біздің көзімізге теріскен шығып жүрер еді.

ЛИР.

Соңынан қалмай қуып жүрген жын-шайтан

Қарғыс атқан екі қызыңа тап болсын!

КЕНТ.

Бұның қыздары жоқ, тақсыр ием.

ЛИР.

Өшір үніңді! Қаныпезер қыздардан басқа

Мынандай күйге жеткізетін кім бұны?

Баспанасыз қаңғып жүрген әке біткен

Тартып жүр қазір тауқыметін

Баяғы бір рахаттың қас қағым.

Өздеріне де сол керек,

Бұл дүниеге ол дозақыларды жаратқан

Күнәкар тәні солардың!

ЭДГАР.

Қыр басында Пилликок
Отырды шірік томарға...

САЙҚЫМАЗАҚ. Дәл мынандай сергердең түн шетімізден делқұлыға, шетімізден сайқымазаққа айналдырып жіберетін түрі бар.

ЭДГАР. Жын-шайтаннан сескен, ата-ананы сыйла, уәдеге берік бол, кісімсініп кердеңдеме, басқаның әйеліне көзіңді салма, сүйген жарыңды сән-салтанатқа үйретпе. Том қасқа тоңып барады.

ЛИР. Бұрын кім болып едің?

ЭДГАР. Мақтаншақ әм ұшқалақ біреу едім. Әйел көрсем айналсоқтап шыға алмаушы ем. Сылана бергенді, сипана бергенді ұнатушы ем. Жүзі жылтырақ ұрғашыға жүрегімді көлденең тартып тұра қалушы ем. Үй-күйді ұмытып, безіп кетуші ем. Аузымды ашсам, ант-су ішетінмін. Ол уәдемді көрер көзге аяққа басып жүре беретінмін. Қайдағы бір ләзатты ойлап, ұйқыға кетіп сол түсімде көрген ләзатты өңімде көру үшін ұйқыдан ояна-тынмын. Шарап пен құмар ойын десе ішкен асымды жерге қоятынмын. Әйел мәселесіне келгенде, түрік сұлтанынан өткен көрсеқызар едім. Ауыз жеңіл, сөзім пәтуасыз, қолым аяусыз, шошқадан бетер көк жалқау, түлкіден бетер айлакер, қасқырдан бетер ашқарақ, төбеттен бетер ұрыншақ, арыстаннан бетер қанағатсыз нағыз сұмырайдың өзі едім. Жібектің сусылы мен тақаның тырсылына көңілің азып, ұрғашыға ұршықтай үйіріліп, өсімқордың қолына сұқтанып, перінің ақылына құлақ ассан — құрыдым дей бер.

Теріскейден соққан өкпек жел суылдайды,

Қалың бүрген қалтырап шуылдайды,

Дофин, балам, ол жаққа жуи көрме...

Дауыл үдей түседі.

ЛИР. Жалаңаш омырауыңды жалмандаған үскірік желге жалатып қойғанша, көрде жатқаның көп жақсы еді ғой, байғұсым. Ұсқынына қараңдаршы, адам деп қайтып айтарсың. Өн бойында өз жаратылысынан басқа, өзге дүниеден ештеңе жоқ. Тұт ағашының құртынан жаралған жібектен, өгіз терісі мен қой терісінен де еш жұрнақ жоқ, әтірдің исі шықпайды. Біз бенен сіз шетімізден жасанды, шетімізден жалғанбыз, тек бұл ғана шынайы. Нағыз адам дегеніміз өн бойында лыпа жоқ осы бір екі

аяқты хайуанның нақ өзі. Құрысын барлық әлекей мен күлекей. Әй, ағытып жібер түймемді! (*Киімдерін сыпыра бастайды*).

САЙҚЫМАЗАҚ. Тоқтай тұр, көкешім. Суға шомылатындай қай бір ыстықтап барасың! Мынандай көзге түртсе көрінбейтін көр қараңғы түнде от дегенде — жүректегі жылуың. Содан басқа жылу, жарық бәрі өшкен. От демекші, жылтырайтын немене анау? Көрдіндер ме? Бізге қарай келеді!

ЭДГАР. Бұл кәрі жын — Флибертиджиббет.¹⁶ Түні бойы сенделіп шығады. Көзге ақ түсіретін не қисайтып жіберетін, балаларды қоян жырық қылатын, бидайды тамырынан шірітіп, тірлікке жаралғанның бәрінің түбіне жететін шын жегі сол.

Түн жамылып арбай келген албасты мен диюға
Айбынды Витольд шүйілді дейсің үш рет,
Шүйілді де дүркіретіп қуды-ай кеп,
Сыпырғысына жармасқан көп сұмырайды.

Жоғал, құры, албасты! Жоғал, жоғал, пәлекет!

КЕНТ. Тақсыр ием, сізге не болған?

Қолына шырақ ұстаған Глостер көрінеді.

ЛИР. Мынау кім?

КЕНТ. Бұ қайсың? Кімді іздеп келесің?

ГЛОСТЕР. Өздерің кім боласындар? Аты-жөндерің кім?

ЭДГАР. Менің атым — бейшара Том! Бақа-шаян, құрт-құмырсқа қорегі; албастылар алқымынан қысқанда, сиырдың жапасы, егеу құйрық, өлексе — көзіне көрінгеннің бәрінде жей береді; батпақтағы шалшық суды сіміріп, қыстақтан қыстақ тастамай құла түзді кезеді; бір дүреден соң бір дүре — көргені; бір кісеннен соң бір кісен — кигені; бір түрмеден соң бір түрме — кіргені. Үш камзолы — бұтында; алты көйлек етінде; қорада бір тұғыры, салаңдаған сыңар семсер — белінде. Қандай тағы қасиетін білгің келіп еді?

Жеті жыл бой Том қасқа

Жегені ылғи көлбақа.

Албастым бар, аулақ жүр. Келіп қалды арқырап! Аулақ әрі, ақымақ! Аулақ, аулақ, пәлекет!

ГЛОСТЕР.

Қандай қауымға тап болғансыз, тақсыр ием!

ЭДГАР.

Қауымымның несі бар,

Жын сұлтаны Модо менен Мого ғой,

Тақияна тар кеп тұр ма екеуі!

ГЛОСТЕР.

Халқымыз қандай бұзылған
Көкірегіннен итереді өз төлін!

ЭДГАР.

Том бейшара тоңып өліп барады.

ГЛОСТЕР.

Жүріңіз, маған еріңіз..
Парызға құлақ асам деп,
Қыздарыңыздың тілін алар жайым жоқ,
Құла түзге сізді бұлай қаңғыртып
Жібергені болды-дағы уайым
Іздеп келдім, жайыңызды көрмекке,
Баспана мен қалжау тауып бермекке.

ЛИР.

Әуелі менің кемеңгерге бар қоятын сауалым;
Күркірейді күн неге? —
Айтсын тезірек жауабын.

КЕНТ.

Баспана болса, барайық.

ЛИР.

Мынау данышпан кейуана
Не біліп, нені ұғыпты?

ЭДГАР.

Албастыны аластап,
Найсаптарды жазалауды үйрендім.

ЛИР.

Ақылдасар әңгімем бар ендеше.

КЕНТ *(Глостерға)*.

Ақылынан адасқандай жайы бар,
Зорламасаң, жүре қояр түрі жоқ.
Ере жүрсін қасындағы делқұлы.

ГЛОСТЕР.

Қаныпезер қыздар қаңғыртса патша басымен,
Ақылынан алжаспағанда, қайтсін...
Бейшара Кент біліп еді-ау осыны!
Лир, сен ақылыңнан ауысқандай түрің бар.
Бәріміз де бәрекелді емеспіз.
Ұлым бар еді, өзім құдым үйімнен,
Өз әкесін өлтірмек боп ол найсап,
Көрер көзге құрғаннан соң қыл тұзақ.
Есім қалмай сүйюші едім бір өзін,
Ақыры солай, жер соқтырып кетті енді.
Сол масқара әбден шығарды есімді.
Түні құрғырдың түрі қандай жаман еді,
Кетейік тез, падишам...

ЛИР.

Кемеңгер кейуана
Сіз де еріңіз біздерге.

ЭДГАР.

Том да әбден тоңып тұр.

ГЛОСТЕР.

Тоңсаң, мына
Күркеңе бар да панала.

ЛИР. Бәріміз де кірейік.

КЕНТ. Ал, біз басқа жаққа барамыз.

ЛИР. Кейуанадан бөлек кетер жайым жоқ.

КЕНТ *(Глостерге)*.

Есуасты да ерте жүрмесек болмайды.

ГЛОСТЕР. Солай болар түрі бар.

КЕНТ. Кеттік бірге, бауырым.

ЛИР. Өтінеміз, көне афиннен қалған көз.

ГЛОСТЕР.

Тек жайырақ сөйлеңіз
Ешкім естіп қалмасын.

ЭДГАР.

Роланд батыр енді жете бергенде,
Сезе қап дәу ту сыртына бұрылды:
«Британ қаны жарып барад мұрнымды».

Бәрі кетеді.

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Глостер қорғанындағы бөлме. Корнуэль герцогі мен Эдмунд көрінеді.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Ол неменің осы қазір тартқызайын сазайын!

ЭДМУНД. Жоқ, тақсыр. Онда жұрт мені антқа бола, әкесінің обалын арқалады деп сөз қылады.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Ендеше, сенің ағаң ол сұмырайға тегіннен-тегін оқталмапты. Глостердің өзі болды алаяқ.

ЭДМУНД. Мен де бір маңдайым ашылмаған бейшарамын. Әнеүкүні ғана осындай бір іс істеймін деп опық жеп ем. Енді міне, сол таз телпекті тағы киіп тұрғаным. Әлгі айтқан хатым — мінеки. Ол Францияның жансызы боп шықты. О, тәңірім, дәл осы сұмдықты маған тап қылмай, басқа біреуге ашқызсаң да болмас па еді!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Екеуміз барып бұл хабарды герцогиняға айтайық.

ЭДМУНД. Хатта жазылған жағдай рас боп шықса, шын машақатқа тап болатын түріміз бар ғой.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Өтірік болсын, шын болсын, бұл хат сені граф Глостер атандырмақ. Тек әкеңді тезірек тап, ол мыстаннан айырылып қалып жүрмейік.

ЭДМУНД *(өзімен-өзі)*. Қап, бәлем, осыдан қаңғып жүрген корольге қамқорлық қылмысынан бұл дүниеде арыла алмай кетер еді. *(Даусын көтеріп)*. Бұл жолы өз әкеме өзім қол көтеруге тура келсе де, азаматтық ақ адал парызыма тырнақтай қаяу сала алмақ емеспін!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Саған сендім. Әкең орнына өзім әке боламын.

Шығып кетеді.

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Қамалға жақын жердегі ферманың бір бөлімшесі. Глостер, Лир, Кент, Сайқымазақ және Эдгар кіреді.

ГЛОСТЕР. Құлатүздің қасында әйтеуір аты баспана ғой. Сөге жамандай көрмеңдер. Тағы қандай реті табылар екен, барып бірдеңелер қарастырып келейін. Көп ұзамай қайтып соғам.

КЕНТ. Мынандай ауыр азапқа төзе алмай, ақылынан алжасқан түрі бар. Жақсылығыңыз тәңірден қайтсын.

Глостер шығып кетеді.

ЭДГАР. Мені Фратеретто шақырып жатыр. Нерон о дүниеде көл жағасында балық аулап отыр дейді. Ақымағым, құдайыңа мінажат қып, ібілістен аулақ жүр.

САЙҚЫМАЗАҚ. Көкешім, айта қойшы. Мына диуанының тегі кім: ақсүйек пе екен, қара сүйек пе екен?

ЛИР. Король, король!

САЙҚЫМАЗАҚ. Жоқ, дәу де болса бұл делқұлының өзі қара сүйек те, баласы ақ сүйек. Баласын ақ сүйек қойып, өзі қара сүйек боп қалу тек делқұлылардың ғана қолынан келеді.

ЛИР. Албастылар көсеуімен тірсектерінен іліп ап, отқа тірілей өртегей де оларды.

ЭДГАР. Ту сыртымнан бір албасты тістеп жатыр арқамды.

САЙҚЫМАЗАҚ. Шын делқұлының кім екенін енді білдім; кім де кім қасқырды момын көрсе, ат сататын алып-сатарды адал деп білсе, баланың сүйіспеншілігіне иланып, сайқал әйелдің уәдесіне сенсе — нағыз есуастың өзі болғаны.

ЛИР. Ендеше, мен оларды өз қолымнан соттаймын.

(Эдгарға.)

Сен бері отыр, өзің боласың төбе би!

(Сайқымазаққа)

Кеменгерім, кел бері.

Көрсетейін бәлемдерге!

ЭДГАР. Қадала қалуын мынаның! Сотта бұлай бедірейе қарамас болар, қарағым.

Бұлақтан, бесси, жүзіп өт.

САЙҚЫМАЗАҚ.

Жырттық болса қайығы,

Басынан асса айыбы,

Қайтып батыл сөйлесін.

ЭДГАР. Бір сайтанның Том байғұстың құлағына сандуғаш боп сайрап тұрғанын қарашы. Тағы біреуі кіндігімде тайрандап: «Шабақ әкеп бер, шабақ әкеп бер, шабақ әкеп бер!» — деп билеп жүр. Тәйт, найсап, жоғал әрмен! Шабағым жоқ беретін!

КЕНТ. Жайыңыз кетті-ау, падиша,

Жайғасыңыз мына жастыққа.

ЛИР. Тергеуді бастаймыз — Куәларды шақыр бері!

(Эдгарға)

Орнымда отырып, өзің сотта төбе би!

(Сайқымазаққа)

Қасына барып, сен де жайғас тезірек.

(Кентке)

Бермен отыр, алқа би.

ЭДГАР.

Ақылға салып алайық.

Қойшы байғұс, таста арманды,

Қойың түсті бидайға,

Сырнайды сал ауызға,

Бас, байғұсым, ойбайға!

Мырс, мырс! Мынау сұр мысық...

ЛИР. Алдымен соны тергейік. Оның аты — Гонерилья. Қадірлі қауымның алдында ант етемін: алжыған әкесі, бейшара корольді аяғымен теуіп құла дүзге қуып шыққан күнакар осы.

САЙҚЫМАЗАҚ. Ғафу етерсіз: сізді мен отырғыш екен деп қалып ем.

ЛИР.

Екінші қыз енді келді.
Көрдіңіз ғой көлгірлігін,
Екі жүзді қара бет.
Қайда барасың? Ұстандар!
Қару қайда? Атыңдар!
Сот пара алған!
Неге босатып жібердің оны, төбе би?

ЭДГАР.

Ақылынан алжастыра көрме, жасаған.

КЕНТ.

Неткен сұмдық! Тақсыр ием,
Жұрт табынған ақылыңызға не болған?

ЭДГАР (өзімен-өзі).

Аяғаннан шығып кетті-ау көз жасым,
Шын кейпімді біліп қалып жүрмесін.

ЛИР.

Трей, Бланш, қолда баққан күшігім,
Милка да маған шәуілдей ме, апыр-ау.

ЭДГАР. Том басын жұлып ап, лақтырады иттерге. Жоғал, әрмен, қу күшік!

Күшім, күшім дегенге
Күшене берме, шәуілдек,
Арғы тегің көпек ит,
Томды көрсең үрме енді.
Күл шашар ит болсаң да,
Бөрібасар ит болсаң ла,
Қора баққан қой төбетім болсаң да;
Теппесін десең құйрықтан,
Аяқ асты жүрмеңдер!

Кә-кә, күшігім, кә! Жәрмеңке қайда, базар бар ма, киелі шіркеу қайдасың, бәрін бірге аралайық, шәуілдек. Қалтаң әбден қаңсыпты ғой. Том байғұс! Қайыр сұрап қаңғымасаң болмайды.

ЛИР. Төбе би, дәрігерге Регананың мүрдесін ашып тексертуді сұраймын. Жүрек тұсын қараңдаршы, тасқа айналды ма екен. (Эдгарға) Сіз осы, мырза, менің сайыпқыраным емессіз бе? Сіздің мына киіміңіздің маған ұнамай тұрғаны. Ә, парсылардың салтанатты шапаны еді дейсіз бе? Бәрібір көзін құртыңыз.

КЕНТ. Тақсыр ием, жатып дем алыңызшы.

ЛИР. Шуламаңдар, түге. Іргені түріп қойыңдар... Енді дұрыс болды. Кешкі тамақты ертең таңертең ішерміз. Дұрыс. Енді жақсы болды.

САЙҚЫМАЗАҚ. Мен түсте ұйықтаушы ем.

Глостер қайтып оралады.

ГЛОСТЕР. Бері келіп кетші, жарқыным. Король қайда?

КЕНТ. Жатыр, әне. Тек жай сөйлеңіз. Ақылынан ауысып кетіпті.

ГЛОСТЕР.

Дереу қолыңа көтеріп ал.

Оған тағы жасалмақшы қастандық.

Зембілге сал да, Дуврға жөнел тездетіп.

Ондағылар сақадай сай.

Тез тезірек алып кет.

Сәл кешіксең — бәріміз де құримыз.

Көтеріп ал да, соңыма ер.

Қасыңа ертер нөкерің де әзір тұр.

КЕНТ.

Ұйықтап кетіпті талықсып,

Ұйқысы қанып тұрғанда,

Ақыл-есі дұрысталып оянса

Қуанар ек бәріміз!

(Сайқымазаққа)

Сен де көтеріс, жәрдемдес!

Бас аяқты, тезірек!

ГЛОСТЕР. Кеттік, кеттік, тезірек!

Кент, Глостер, Сайқымазақ Лирдгі көтеріп шығып кетеді.

ЭДГАР.

Үлкендердің тауқыметін көргенде

Ұмыт екен өз қайғың.

Жан-жақта жұрт мәз-мәйрам боп жатқанда

Қандай ауыр қайғыға өзің батқаның,

Естен шығып кетеді екен сол қайғың,

Қасіретін көргеніңде басқаның.

Корольдің мынау көріп едім азабын,

Уайым болмай қалды аңдыған ажалым.

Балалары қуса оны,

Мені қуған өз әкем,

Бұл бейнеттен құтылатын күн таяу!

Жаладан мойның аршылып,

Ақталып бір шығарсың,

Король мынау қуғыннан тез құтылсын,

Оған дейін тығыла тұр, Том байғұс.

Кетеді.

ЖЕТІНШІ КӨРІНІС

Глостер қорғанындағы бөлме.

Корнуэль герцогі, Регана, Гонерилья, Эдмунд және қызметшілері кіреді.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Тезірек қорғаныңызға оралып, күйеуіңізге мына хатты көрсетіңіз. Француз әскері басып кіріпті. Опасыз Глостерді ұстауға тиіспіз.

Қызметшілердің бір қатары шығып кетеді.

РЕГАНА. Дереву дарға асу қажет?

ГОНЕРИЛЬЯ. Алдымен көзін ойып алу керек.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Ол жағын маған тапсырыңыз. Эдмунд, біздің қайынбикені қорғанына шейін шығарып салыңыз. Опасыз әкеңіздің қалай жазаланғанын көрмей-ақ қойыңыз. Герцогке дереу қаруланған жөн деңіз. Біз де қамданамыз. Бір-бірімізбен үзбей байланыс жасап тұратын болайық. Ал, қайынбике, сау тұрыңыз. Ал, граф Глостер, жолыңыз болсын!

Освальд кіреді.

Ә, бұл сенбісің? Король қайда екен, білдің бе?

ОСВАЛЬД

Глостер оны қазір

Аттандырып жіберді.

Қасында бар отыз бес кісі нөкері.

Түні бойы іздеді олар шарқ ұрып,

Жаңа ғана бір-біріне жолықты.

Граф беріп қол ұшын,

Дуврға жөнep кетті олар.

Онда оны қалың қол

Күтіп отыр деседі.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Герцогиняның атын әкеліңдер.

ГОНЕРИЛЬЯ. Сау тұр, сіңілім. Сау тұрыңыз, сүйкімді герцог.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ. Сау тұр, Эдмунд.

Гонерилья, Эдмунд және Освальд шығып кетеді.

Сұмырай Глостерді тауып алып тезірек,

Қарақшыдай қолын байлап, әкеліңдер алдыма.

Қалған қызметшілер шығып кетеді.

Заң бойынша, сот құрып, үкім кеспей тұрғанда,

Ол немені жазалауға болмайды.

Дегенмен жексұрынды желкелеп,

Өш қайтарып алайық. О, опасыз!

Бір топ қызметшілер Глостерді алып кіреді.

РЕГАНА.

Қара бет, сатқын, келдің бе?

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Сұмпайының арам қолын
Қаттырақ буып байлаңдар.

ГЛОСТЕР.

Милорд, миледи!

Жайылып төсек, иіліп жастық болғанда,
Осылайша қайтара ма екен хиуазын!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Буып тастаңдар, түге!

Қызметшілер Глостерді буа бастайды.

РЕГАНА.

Қалтырамай қолдарың
Қаттырақ буың арсызды.

ГЛОСТЕР.

Нақақ айтпа, ханшайым,
Нағыз арсыз мен емес,
Мына өздерің — безбүйрек.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Сәкіге таңып сал сықитып,
Сатқын неме тартсын әбден сазайын.

Регана Глостердің сақалын жұлқиды.

ГЛОСТЕР.

Бұ қай масқараң, о тоба,
Ақ сақалын атаның
Кім көрінген талдап жұлғанды!

РЕГАНА.

Арамзаға біткен ақ сақалды қайтейін!

ГЛОСТЕР.

Дозақы! Жұлған осы әр талың
Алдыңнан шығар хақ сотында күн ертең.
Бар жазғаным, құшақ жая қарсы алып,
Шығарғаным ба төріме.

Сақалдан тартып, не көрінді өзіңе?

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Франциядан жуырда қандай хат алдың?

РЕГАНА.

Жауабыңды айт жалтармай,
Біліп тұрмыз бәрібір.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГИ.

Елімізге басып кірген жауменен
Әмпейі қалай боп жүрсің?

РЕГАНА.

Жөнелттің қайда корольді?

ГЛОСТЕР.

Хатты жазған жақтас адам, жау емес.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГИ.

Бұлтақтамай шыныңды айт!

РЕГАНА.

Шып-шылғи өтірік!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГИ.

Корольді қайда аттандырып жібердің?

ГЛОСТЕР.

Дуврға.

РЕГАНА.

Рұхсат етті кім оған?

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГИ.

Қандай оймен істедің бұны?

ГЛОСТЕР.

Қолымды босат әуелі.

РЕГАНА.

Дуврға неге жібердің?

ГЛОСТЕР.

Мына сенің қанды тырнағын

Көзін тырнап ойғанын,

Кеудесіне арсыз апаң

Азу тісін салғанын

Көрмейін деп жөнелттім.

Мынандай өкпек дауылға

Теңіз екеш теңіз де

Шыдай алмай өкірді.

Ал, ол болса жалаңаш

Жапан түзде кезіп жүр

Елемей қара нөсерді.

Көз жасын көріп көдеткен

Аспан бірге жылады.

Мұндайда адам түгілі

Аң ұлыса, аяушылық болмас па.

Көрсем де талай қаныпезер

Тап сендейді көрмедім.

Ақыр түбі мұндайды
Жібермейді көк тегін,
Қиын болар көктеуің,
Соны да бір көрермін.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГИ.

Дәмесін қара мынаның,
Ал, көрерсің ендеше!
Сәкіні мықтап ұстаңдар!
Сұмпайының ағызайын сұм көзін!

Глостердің көзін ойып алады.

ГЛОСТЕР.

Кәріліктен дәмелі, тілеуің бергір, қайсың бар,
Арашала қанды шеңгелден! О тоба!

РЕГАНА.

Екеуін де ой, ойғасын,
Ертең өкініш болмасын.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГИ.

Қалай екен, көрдің бе?

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ.

Қолыңызды тартыңыз!
Бала кезімнен қызмет еттім қалтқысыз,
Енді, бірақ қоя алмаймын есіртіп,
Есіңізді жиыңыз.

РЕГАНА.

Не деп көкиді бұл төбет?

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ.

Сіз де райдан қайтыңыз.
Еркек болғанда егер сіз
Талдап жұлып берер ем
Сақалыңызды тап сіздің!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГИ.

Қу шұнақ құл, құтырма!
(Семсерін суырады).

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ.

Ендеше, тақсыр, мен де әзір,
Аянып қалман ақ жолда.

*Қылышын суырып қорғана бастайды, Корнуэль герцогі
жарақаттанады.*

РЕГАНА (*екінші қызметшіге*).

Қылышыңды бер!
Түлен түртсе, байғұсым,
Мә, ендеше, сазайың!

Екінші қызметшінің семсерін ап, бірінші қызметшінің арқасынан сұғады.

БІРІНШІ ҚЫЗМЕТШІ. Қапы кеттім-ау! Граф, шүкір, аман қалды бір көзіңіз. Есер неменің сазайын қалай тартатынын көріңіз.

Жан тапсырады.

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Жоқ, көрмейді оны.
Сұмырайды су қараңғы тастайын!
Көрер екенсің, ал, қайтып!

Глостердің екінші көзін ойып алады.

ГЛОСТЕР.

Түнек дүние! Түңілген деген осы екен!
Эдмунд, балам! Қайдасың?
Кегімді қайтар қанішерден!

РЕГАНА.

Садаға кет атынан!
Сатқындығыңды айтқан сол бізге,
Бізге берген антына адал болған соң,
Сені аяп қайтеді ол?

ГЛОСТЕР.

Жер соққан екем ғой мен онда!
Жазған Эдгар жапа шекті-ау нақақтан!
Эдгарыма өзің жар бол, о тоба!

РЕГАНА.

Қуып шығындар бір теуіп,
Қайтып тауып барар екен Дуврды.
Милорд, достым, опыр-ау, сізге не болған?!

КОРНУЭЛЬ ГЕРЦОГІ.

Жарақаттандым. Жарамды таңбай болмайды.
Кеттік. Соқырды қуып, күлге лақтырып өлікті,
Қансырап тек жарар еді қалмасам!
Тар уақытта тап болды-ау бұл жарақат.
Қолыңызды беріңіз!

*Корнуэль герцогі Реганаға сүйеніп шығып кетеді.
Қызметшілердің бір тобы Глостерді босатып сыртқа
алып кетеді.*

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ.

Мұндай адам тартпаса егер сазайын,
Күнә деген болғаны онда бос былшыл!

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ.

Ал, әлгі ханшайым өлер болса қартайып,
Әйел жынысы мыстан болды шетінен.

ЕКІНШІ ҚЫЗМЕТШІ.

Мына соқыр байғұстың соңынан еріп,
Томды тауып берейік,
Сол жетектер қолынан,
Ол мұндайға мырсындай!

ҮШІНШІ ҚЫЗМЕТШІ.

Мен графтың көзіне
Дәрі табам таңатын.
Жүр кеттік!

Мүсәпірге өзің жар бол, о тоба!

Бәрі шығып кетеді.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Дала. Эдгар шығады.

ЭДГАР.

Көзге түсем деп көз түрткі боп жүргеннен қуғын көріп
қаңғып кеткен көп жақсы.

Құлдидағы құздағыдан дәмелі,
Шың басында үрей тұрса қалтырап,
Етек жақта үміт жүрер еліріп.
Есір, дауыл, енді өтпейді құқайың.
Ал, бұл қайсың?

Глостерді жетелеп бір шал көрінеді.

Апыр-ау, мынау әкем бе?

Ұшыраған не күйге?

Оқасы жоқ!

Бақытсыздық қашан да

Қиындатқанмен өмірді

Оңайлатады өлімді.

ШАЛ.

Әкенің бен өзіңіздің қарауыңызда
Қара жерді тырналап
Күнелткелі биыл, граф, сексен жыл.

ГЛОСТЕР.

Мені таста, жөніңді тап, бауырым,
Мал болып енді жарытпаспын, сірә, мен.

ШАЛ.

Көзсіз қалай жүрмекшісіз жер басып?

ГЛОСТЕР.

Жер басып та керегі енді шамалы,
Көз барда да көп адасқан жайым бар,
Күшің барда ақылыңды аз қылып
Көзің барда көңілің көр болған соң,
Ғаріп кезде кірген естен не пайда?
Бәрінен де ашықауыз әкенің
Ашуынан опық жеген
Байғұс балам Эдгарымды айтсайшы.
Егер оған тіріде бір жолығып,
Өз қолыммен маңдайынан сипасам,
Маңдайыма көз бітер еді қайтадан!

ШАЛ.

Ау, бұ қайсың?

ЭДГАР *(өзіне-өзі)*.

О, тәңірім! Менің тауқымет көргенім,
Сөз болып па мына азаптың қасында.
Сай-сүйегімді сырқыратып барады.

ШАЛ.

Е, әлгі Том бишара екен ғой.

ЭДГАР. *(өзіне-өзі)*

Сары уайымды сапырумен жүргенде
Бұл дәуренге де зар боламыз бір күні.

ШАЛ.

Қайда тарттың, достым?

ГЛОСТЕР.

Бұл әлгі қайыршы ма?

ШАЛ.

Иә, сол делқұлы байғұс.

ГЛОСТЕР.

Тамағын тауып тірі жүрсе әлі күнге
Болмағаны тап соншалық нақұрыс.
Күні кеше қара дауыл астында
Көргенімде сондайлардың біреуін
«Жер құртындай жаны сірі неткен жан!»
Деп жағамды ұстағам.

Балам түсіп ойыма
Төбе шашым тік тұрған.
Сөйтсек шіркін, көрмегеніміз көп екен,
Содан бері бастан өтті қанша азап?
Қара шыбынның қанатын жұлып ойнаған
Тентек бала секілді,
Тәңір тәлкек етеді екен пендесін.

ЭДГАР *(өзіне-өзі)*.

Енді қайттім? Мына азапты көре тұрып,
Сайқымазақ дәурен қалай кешпекпін. —
Иә, жолың болсын, жолаушым!

ГЛОСТЕР.

Мынау әлгі тұт жалаңаш қайыршы ма?

ШАЛ.

Иә, милорд.

ГЛОСТЕР.

Ендеше, жолыңнан қалма.
Кетерінде, мына мүскін байғұсқа
Тәнін жабар бірдеңе тауып бере гөр.
Дуврға дейін қуып жетерсің сен бізді,
Енді осының етегінен ұстадым.

ШАЛ.

Алжасқан неме адастырып кетпесе?

ГЛОСТЕР.

Ештеңе етпейді, онсыз да
Соқырларға делқұлы
Жолбасшы болған заман ғой:

ШАЛ.

Үстімдегі киімімді ең тәуір
Иығына жабайын.
Ал, алдарыңнан жарылқасын тәңірім.

ГЛОСТЕР.

Әй, жалаңбұт!

ЭДГАР.

Том байғұс тоңып келеді.

(Өзіне-өзі)

Бұдан әрі сыр жасыра алар ма екем!

ГЛОСТЕР.

Бері кел!

ЭДГАР *(өзіне-өзі)*.

Бірақ, әлі шыныңды айтуға болмайды.

(Дауыстап).

Қан басқан көзіңе шипа берсін, тәңірім.

ГЛОСТЕР.

Дуврға баратын жолды білуші ме ең?

ЭДГАР. Күймемен баратын жолды айтасыз ба, жаяу баратын жолды айтасыз ба? Көпірмен өтетін жол керек пе, өткелден өтетін жол керек пе? Бейшара Том ақылынан алжасқалы сескеншек. Өзіңізді, тәңірім, ондай-ондай пәле-жәледен сақтағай. Байғұс Томның басын біреу емес, бақандай бес албасты айналдырды. Азғындықтың албастысы Обидикут, меніреуліктің албастысы — Хобидиданс, ұрлық-қарлықтың албастысы — Маху, қанішерліктің албастысы — Модо, ұсқынсыздықтың албастысы — Флибертиджиббет. Соңғы албасты мені тастап бұл күнде сән қуып, сайран іздеген әйелдерге ауысты. Бетіңізден жарылқасын, жолаушым!

ГЛОСТЕР.

Мә, әмиян, ала ғой, байғұс, қысылмай.

Енді екеуіміз бірдейміз.

Тәңірім, ылғи осынысынан танбағай.

Зар жылатып тасқандарды бір уақ,

Зарыққандарды қамдағай.

Қояр еді сонда жұрт.

Бір-біріне қарағанды шекелеп.

Дуврда бұрын болғаның бар ма, байғұсым?

ЭДГАР.

Ия, тақсыр.

ГЛОСТЕР.

Болсаң сонда, көк теңізге тірелген

Биік құз тас бар еді,

Соның басына бір шығарсаң болғаны,

Одан әрі

Өзім-ақ жөн табамын.

Екеуі шығып кетеді.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Альбан герцогінің сарайының алды. Гонерилья мен Эдмунд шығады.

ГОНЕРИЛЬЯ. Қонақ болыңыз, граф.

Менің әлгі қойдан қоңыр күйеуім

Бізді неге қарсы алмағанына таңғалам.

Освальд шығады.

Герцог қайда?

ОСВАЛЬД

Осында, бірақ, түсіне алмадым өзіне.
Жау әскері басып кірді деп едім —
Бетіме қарап бір жымыды болғаны.
Сіздер мұнда келе жатыр деп едім:
«Ең жаман хабарың осы екен», — дейді түнеріп.
Глостердің сатқындығын,
Баласының адалдығын
Айтып едім:
«Ақымақсын», — деп жекірді.
Қуанар сөзге мұңайып,
Шошынар сөзге күледі.

ГОНЕРИЛЬЯ.

(Эдмундқа)

Онда кірмей-ақ қойыңыз.
Жетесіз неме, ар жоқ әбден өзінде,
Болар ма мұндай масқараға төзуге.
Әлгі айтқан уәдеміз уәде.
Корнуолға қайта беріңіз ендеше.
Қапы қалмайық, әскерімді басқарар
Қолбасшы жіберсе болғаны,
Күйеуіме үйде ұршық иіртіп,
Қылыш ұстап өзім шығам айқасқа.
Жаужүрек мынау қызметшім
Екі араға өзі жаушы болады.
Батылырақ болғайсыз. Армандаған ханымыңыз
Құшағын әлі-ақ ашады. Міне, куә!
(Лента ұсынады).
Еңкейіңіз! *(Сүйегі.)* Қалып жүрер жұрт естіп,
Көкейімде тұрғанды
Ерінім айтты деп білерсіз!
Ал, әзірге, сау тұр, сайыпқыраным!

ЭДМУНД.

Өзіңдікпін өлгенше!

ГОНЕРИЛЬЯ.

Алтындай менің асылым!

Эдмунд шығып кетеді.

Еркек деген неге осындай болмайды,
Мен қалайша өлексеге бұйырғам?!

ОСВАЛЬД

Ханым, тақсырдың өзі келе жатыр.

Освальд кетеді.

Альбан герцогі шығады.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Сонда менің ит құрлы
Болмады ма қадірім,
Неге қарсы алмайсың?

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Гонерилья,
Айтар болсам шынымды,
Үстіңе қонған шаң құрлы да құның жоқ!
Өз тамырына өзі балта шапқанды
Кім көріпті о заман да бұ заман!?

ГОНЕРИЛЬЯ.

Жетер осы жиіркенішті сандырақ!

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Жез тырнаққа жүрек, сірә, біткен бе,
Қара қаннан басқаның
Жиренеді бәрінен.
Сенің мынау істеп келген сұмдығың
Адам түгіл, аңнан күтпес масқара.
Аю екеш аю да
Қартайғанда әкесін
Жалап-сылап
Асты-үстіне түседі.
Ал, сен болсаң алжастырып есінен,
Жіберіпсің айдалаға қаңғыртып.
Менің әлгі герцог бажама не көрінген,
Қойнына жар,
Адына мал
Сыйлаған
Байғұс шалдың мұнша жығып меселін?
Жұмыр басты пенденің
Бірінің етін бірі жеген
Аңға айналып кететұғын түрі бар
Тартқызбасаң сазайын зұлымдықтың дәл мұндай.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Қоян жүрек қорқақ неме,
Сенің басыңнан ақымақтықтан басқа не шығады?
Бетіңнің отын бес төксең де,
Түсінбей қойдың
Ездік пен ерлік парығын.
Дарға асылар қылмыскер қарабеттерді
Сен секілді су милар ғана аяйды.

Онан-дағы керней тартып, дабыл қақ,
Француздың әскері
Басып кірді жеріңе,
Жалаңдаған көк найза
Жалмауыздай төніп келеді еліңе,
Ал, сен болсаң сілекейің шұбырып,
Қайдағы бір жоқты айтып,
Мешел жандай үйде отырсың омалып!

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Өзіңе бір қарашы.
Әйелдің жадылығы
Албастының жадылығы қасында
Түкке тұрмас түрі бар!

ГОНЕРИЛЬЯ.

Есуас!

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Айуандықты қаншама
Бүркегенмен көйлегімен әйелдің,
Бәрібір тұрмайды екен көрінбей,
Бетіңді жасыр, қара бет!
Осы тұрған жеріңде
Тірілей-ақ сыпырар ем теріңді,
Затың — пері болғанмен,
Атың — ұрғашы болғасын,
Қандамай тұрмын қолымды.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Қайдан біткен саған бұндай батырлық!

Жаушы кіреді.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Ал, не айтасың?

ЖАУШЫ.

Қайырымды тақсыр ием,
Корнуол мерт болды.
Глостердің екінші көзін ойып алғалы жатқанда
Оны өзінің қызметшісі өлтірді.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Глостердің көзін дейсің бе?

ЖАУШЫ.

Қызметші пақыр зұлымдыққа шыдамай,
Семсеріне жармасып,
Тоқтатпақ болды әлгі сұмдық жазаны,
Герцог оны сол бойда жарып тастады,
Жарақаттанып қалған екен өзі де,
Көп ұзамай көз жұмды.

АЛБАН ГЕРЦОГІ.

Зұлымға зауал дәл сол бойда жеткені —
Көзі бар екен ғой тәңірінің көктегі.
Бірақ, байғұс граф Глостер
Қалғаны ма сонда соқыр боп?

ЖАУШЫ.

Айрылды екі бірдей көзінен —
Қаншайым, мынау сіңіліңіздің жазғаны,
Жауабын маған жеткіз деген тезірек.

ГОНЕРИЛЬЯ (өзімен-өзі).

Бәрі де мұның жақсы екен,
Жесір сіңілімнің Эдмундпен
Оңаша қалғаны болмаса.
Менің дәмем
Желге ұшып тек кетпегей.
(Дауысын шығарып).
Қазір оқып қайтарамын жауабын.

Шығып кетеді.

АЛБАН ГЕРЦОГІ.

Эдмунд қайда еді
Әлгі зұлымдықтың тұсында?

ЖАУШЫ.

Сіздің зайыбыңызбен кеткен еді осында.

АЛБАН ГЕРЦОГІ.

Ендеше ол мұнда неге көрінбейді?

ЖАУШЫ.

Қайтып бара жатыр екен,
Жол-жөнекей көрдім жаңа.

АЛБАН ГЕРЦОГІ.

Әкесінің жайын естіді ме ол?

ЖАУШЫ.

Естігенде қандай!
Ұстап беріп әкесін,
Көрмейін деп жазасын
Көз тасалап кеткені ғой осында.

АЛБАН ГЕРЦОГІ.

Ендеше, Глостер, мен қайтарам кегіңді
Лирге деген адалдығың үшін
Көзіңді ойған зымияндарды
Жүргізбеспін жердің бетін бастырып.
Кеттік, достым,
Не көріп — не естідің,
Айтып бер егжей-тегжейін.

Екеуі шығып кетеді.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Дуврға жақын жердегі француз лагері. Кент пен сарай қызметшісі кіреді.

КЕНТ.

Француз королі тұтқиылдан неге кері қайтып кетті екен?
Ол жайында ештеңе естімедіңіз бе?

САРАЙ АДАМЫ.

Франция үшін үлкен қауіп туғызуы мүмкін, маңызды шаруалар шығып қалды. Король бұл соғысқа әлі мәселелерді түбегейлі шешпей тұрып аттанып еді.

КЕНТ.

Қолбасшылықты кімге тапсырып кетті?

САРАЙ АДАМЫ.

Франция маршалы Лафар мырзаға.

КЕНТ.

Сіз әкелген хатты оқығанда королева мұңайып қалған жоқ па?

САРАЙ АДАМЫ.

Хаттың бәрін көз алдымда
Оқып шықты ол менің.
Кей тұстарда көзінен
Кетті мөлт-мөлт жас тамып.
Бірақ, патшазада басымен
Сыр бермеуге тырысты.

КЕНТ.

Көңілі бұзылған болды ғой.

САРАЙ АДАМЫ.

Ақылына жеңдірді.
Ренішке берілмей,
Өзін бекем ұстады.
Күн жарқырап тұрып-ақ
Жаумайтын ба ед ақ жауын,
Сол секілді ол да жылап отырып,
Оқтын-оқтын күліп-күліп алады.
Лағыл маржан тұрғанда
Меруерт көзге түсер ме,
Жабырқанқы қабағын
Жазып жіберді жадыраған күлкісі.

КЕНТ.

Қоймады ма еш сауал?

САРАЙ АДАМЫ.

Бір-екі жерде еріндері дірілдеп:

«Апамдарға не болған?

Бейшара Кент! Бейшара әкем!

Қара түнде қаңғыртуға

Қалай барды дәттері!» —

Деп айқайлап жіберді.

Тоқтата алмай бұршақтаған көз жасын

Оңашаға жүгірді.

Жылап мауқын таратты-ау деймін шамасы.

КЕНТ.

«Бір биеден ала да туар, құла да»

Деген осы болды ғой:

Одан кейін тілдеспедіңіз бе?

САРАЙ АДАМЫ.

Жоқ.

КЕНТ.

Онда бар ма еді Франция королі?

САРАЙ АДАМЫ.

Жоқ, кеткен екен аттанып.

КЕНТ.

Ендеше біліп қойыңыз:

Лир қазір Дуврда,

Оқта-текте ақыл-есін жинайды.

Бірақ, кенже қызымен

Кездесетін ойы жоқ.

САРАЙ АДАМЫ.

Милорд, оны қалай түсінесіз өзіңіз?

КЕНТ.

Аярлардың алдағанына иланып,

Айырылып ата-дәулеттен,

Ең сүйікті перзентінің

Ақ тілеуін қаралап,

Теріс бата бергені үшін ұялып,

Жер таппай жүр кірерге.

САРАЙ АДАМЫ.

Бейшараның халі қандай аянышты!

КЕНТ.

Ольбени мен Корнуолды

Естуіңіз бар ма еді?

САРАЙ АДАМЫ.

Естігем. Осында беттеп келеді дейді,

Екеуінің әскері.

КЕНТ.

Жақсы, ендеше. Мен сізді
Лирге апарып жолықтырайын қолымнан.
Сосын тағы біраз уақыт
Бас сауғалай тұратұғын түрім бар.
Кейін менің білген соң шын атымды,
Сіз ренжи қоймассыз.
Ал, кеттік...

Шығып кетеді.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Сол ара. Шатыр іші. Корделия, дәрігер, солдаттар шығады.

КОРДЕЛИЯ.

Иә, бұл сол. Көздерімен көрген кісілер айтады.
Қарап келе жатып ән салып,
Аяқ астынан бұрқан-талқан болад дейді бұлданып.
Біздің жерде бей-берекет өсетін
Қайдағы бір шөп-шөңгенің барлығын
Алқа қылып тағып алған басына.
Бір рота әскерді дереу жіберіп,
Түгел тінтіп егін жайдың арасын
Маған оны болсын тауып әкелер.

Бір офицер шығып кетеді.

Оның есін кіргізер
Табылар болса бір амал,
Бар дәулетті құрбан қылам жолына.

ДӘРІГЕР.

Бізде ондай амал бар.
Емін-еркін демалтып,
Шипа шөппен емдесек,
Есі кіріп шыға келер ертең-ақ.

КОРДЕЛИЯ.

Аруағыңнан айналайын жер-ана
Көз жасымды тұрған мынау көл қылып
Мүсірке де, дертіне оның шипа тап!
Бол, тезірек, іздеп тауып алыңдар,
Ашу үсті жүрер өзін мерт қылып!

Жаушы кіреді.

ЖАУШЫ.

Ханым, жақындап қалды Британия әскері!

КОРДЕЛИЯ.

Оны өзім де біліп тұрмын айтпай-ақ.

Қайран әкем, қор қылмай алтын басыңды,

Қорқаулардан қорғаймын.

Жарақты қол соңымда.

Франция королі көз жасыма илікті.

Даңқ қуып шыққан жоқпын шайқасқа,

Шайқаспақпын, әкем, сенің жолыңда.

Тек тезірек көрсем екен өзіңді!

Шығып кетеді.

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Глостер қамалындағы бөлме.

Регана мен Освальд шығады.

РЕГАНА.

Қалай, жездем шығармақ па әскерін?

ОСВАЛЬД

Иә, ханым.

РЕГАНА.

Өзі де бірге келе ме?

ОСВАЛЬД

Өзінің онша құлқы жоқ.

Білегін, бірақ сыбанып отыр әйелі.

РЕГАНА.

Эдмунд пен герцог сөйлесті ме қамалда?

ОСВАЛЬД

Жоқ, ханым.

РЕГАНА.

Хатыңда апам не деп оған жазды екен?

ОСВАЛЬД

Ол арасын білмедім.

РЕГАНА.

Ол бір жаққа шаруа шығып кеткен-ді.

Глостерді тірі қойғанымыз

Шын ақымақтық екен ғой.

Оны көрген жұрт енді

Шыға келер бізге теріс айналып.
Ол байғұсты босқа азаптап қоймай-ақ,
Эдмунд енді таппақ соның бір жөнін.
Жау күшін де болжай келмек ойы бар.

ОСВАЛЬД

Ендеше, мен қуып жетіп,
Тапсырайын хатымды.

РЕГАНА.

Ертең біз де шықпақшымыз жорыққа,
Оған дейін сен де осында қала тұр,
Қазір жолдың бәрі түгел қауіпті.

ОСВАЛЬД

Маған ханшам бір минут те кідірмей
Тауып алып, тапсыр деген бұл хатты.

РЕГАНА.

Соншама бұл не құпия?
Ауызекі айтса-дағы болмап па?
Соның өзін маған, кәне, көрсетші,
Жауабын оның өзім-ақ кейін берермін.

ОСВАЛЬД

Ханша, одан гөрі...

РЕГАНА.

Білем, білем,
Апам онша жақсы көрмейді жездемді,
Әнеүкүні-ақ, Эдмундты
Бара жатқан көзіменен ішіп-жеп.
Сен солардың арасындағы
Емеспісің жеңгетай?

ОСВАЛЬД.

Айта көрмеңіз о не дегеніңіз?

РЕГАНА.

Жә, жә, болды.
Басыңды альп қашпай-ақ қой, білеміз.
Ендеше, төрем, естіп ал.
Күйеуім менің мерт болды,
Эдмундпенен көңіл қостық екеуміз.
Апамнан гөрі мен теңімін графтың.
Сондықтан да, жолыға қалсаң онымен,
Өз қолыңнан тапсыр мына сыйымды.
Ал, апама айта бар,
Ақылын босқа шашпасын.
Ал, тап болса әлгі соқыр опасыз,
Басын жұлған адамға
Берем қыруар қазына.

ОСВАЛЬД.

Ханшам, оны көрсетсе бір көзіме, менің кім екенімді
сіз де білер едіңіз!

РЕГАНА. Жолың болсын, ендеше!

Екеуі де шығып кетеді.

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Дуврға жақын жер.

Шаруаларша киінген Глостер мен Эдгар шығады.

ГЛОСТЕР.

Жартасқа әлгі қашан жетер екенбіз.

ЭДГАР.

Шығып келе жатырмыз.

Өр екенін әлі сезген жоқсыз ба?

ГЛОСТЕР.

Ай жазықта келе жатқандаймын аяңдап.

ЭДГАР.

Қайдағы жазық? Құз ғой бұл,

Естімей ме құлағыңыз теңіз шуылын.

ГЛОСТЕР. Жоқ.

ЭДГАР.

Көз кеткен соң құлақ мүкіс тартқан ғой.

ГЛОСТЕР.

О да мүмкін.

Сенің даусың секілді маған өзгерген,

Сөзің де енді ұғымдырақ сияқты.

ЭДГАР.

Келе жатсыз алжасып,

Үстіміздегі киімімді ғана өзгерткем.

ГЛОСТЕР.

Жоқ, түзеліп қалған сөзің де.

ЭДГАР.

Тоқта, тақсыр. Келдік, міне, ақыры.

Мұнша қорқынышты болар ма!

Ту төменде қара қоңыз секілді

Қаптай ұшқан қарғалар.

Қу жартасқа құзғын құстай жабысып,

Жұлып жатыр бір есерсоқ дауа шөп.

Ал, етектегі балықшылар

Құдды тышқан секілді

Қыбыр-қыбыр етеді.

Жағадағы дәу кеме
Қалтылдақ қайық сияқты,
Ал, қайық мұннан қарасан
Су бетіндегі жаңқадай.
Жатыр толқын
Жартастарды сабалап,
Бірақ, мұнда естілмейді дауысы.
Бас айналып барады,
Қарамай-ақ қояйын!

ГЛОСТЕР.

Өзің тұрған жерге мені апаршы.

ЭДГАР.

Қолыңызды беріңіз,
Құрдымға, міне, келдіңіз,
Бұдан әрі ат басындай,
Алтын берсеңіз де, аттай алар жайым жоқ.

ГЛОСТЕР.

Енді жібер. Мә, мынаны да ала ғой.
Абайла, іші толы қазына.
Тәңірім, достым, жарылқасын бетіңнен.
Мені тастап жүре бер.
Білдіріп қой кеткен-кетпегеніңді.

ЭДГАР.

Сау тұр, қайырымды мырза.

ГЛОСТЕР.

Сен де сау тұр, достым.

ЭДГАР *(өзімен-өзі)*.

Алданғанмен кірер енді ақылы,
Шыннан шыңнан секірдім деп ойласын.

ГЛОСТЕР. *(тізесін бүгіп)*.

Уа, тәңірім,
Өз еркіммен қидым басты өлімге,
Ендігі өмір пәтуасыз тіршілік.
Басыма мұндай түспесе егер қара күн,
Жарығым сөнгенше жүрер едім жалғанда,
Осылай болды жазмышың...
Эдгар жаным жүрген болса, жер басып,
Тәңірім өзің пана бол!
(Бойын тіктеп алды).
Хош бол!

ЭДГАР. Ал, мен кеттім.

Глостер ұмтыла беріп құлап түседі.

(Өзімен-өзі).

Осының өзі-ақ қауіпті.

Шын өлем деген кісіге.
Жазым деген қиын ба. Жазған неме ойлады-ау
Жаһаннамға кеттім деп.
(Даусын өзгертіп).
Көзіңізді ашыңыз, тақсыр. (Өзімен-өзі).
Үрейден-ақ кетуге болар үзіліп.
Бірақ, тірі қалыпты.
Сіз кімсіз?

ГЛОСТЕР.

Аулақ жүр! Кісінің тыныш
Өлуіне мұрша бер.

ЭДГАР.

Сен өзің мамықпысың, желмісің,
Мынандай құздан құлағанда
Қалай қалдың мертлікпей.
Денің дұрыс, сөзің дұрыс,
Тұла бойың ап-аман,
Құздан құлап
Тірі қалғанды кім көрген?
Не керемет! Бірдеңе деші тағы да!

ГЛОСТЕР.

Шынында, құладым ба, жоқ па өзі?

ЭДГАР.

Анау тұрған аппақ шыңнан құладың?
Көріп тұрсың ба?
Басына тіпті ұшқан торғай жете алмас!
Көзіңді сұрт те қарай ғой!

ГЛОСТЕР.

Мен көзден әлдеқашан айырылғам.
Құдай тоба маған енді өлімін де қимапты.
Бұндай жолдан тоқтатпайтын
Патшалар да от шашатын аузынан,
Бағынбасқа бел буғандар
Өздері мойын ұсынушы еді өлімге.

ЭДГАР.

Қолымнан ұста! Енді тұр!
Тізең аман ба екен?
Ауырмай ма аяғың?

ГЛОСТЕР.

Жоқ ешқандай жарақат.

ЭДГАР.

Міне, керемет,
Айтшы, анау шың басында
Қасыңда болған кім еді?

ГЛОСТЕР.

Бір бейкүнә қайыршы.

ЭДГАР.

Шың басынан көзі түсіп кетіп ед,
Айдан үлкен әр көзі,
Шекесінде қос мүйіз,
Беті-ауызы тола індігеш,
Ондай сұмдықты кім көрген?
Бауырым, сенің ажалың, сірә, жоқ екен,
Тәңірдің өзі жебеп қалған түрі бар.
Құдай шебердің не келмейді қолынан!

ГЛОСТЕР.

Бәріне де түсіндім.
Тағдырға енді жүндеген тайлақ секілді
Бас ұрам да, жүрем жүр деген жағына,
Қашан өзі «Кет, — дегенше, — жалғаннан!»
Мені жаңа жетектеп келген пері екен,
Қайдағыны соққан сөзінің түрі жаман,
Жар басына тастап кеткен сол болды.

ЭДГАР.

Ендеше, достым, сабыр қыл.
Ал, мынау біреу кім екен?
Киіміне қарағанда, нақұрыс кісі сияқты.

Түз гүлдерімен өне бойын безеп алған Лир көрінеді.

ЛИР. Жоқ, олар менің теңге соқтыртуыма тыйым сала алмайды. Оған қақым бар. Мен корольмін.

ЭДГАР (өзінен-өзі). Мынандай кездесуден жүрегі құрғыр жарылып кетпей қалай шыдап тұр екен?

ЛИР. Бұл жағынан табиғат өнерден гөрі әлдеқайда жоғары тұр. Мә, саған солдаттың жалақысы. Мына неменің садақ ұстағаны қарғаға қарақшыбау байлағандай. Адырнаңды үзілгенше тартсаңшы. Мына қараңдар — тышқан. Тыныш, тыныш. Қазір оны мына бір үзім ірімшікті көрсетіп, алдап қолға түсіреміз. Мынау менің темір биялайым. Мен оны дәудің бетіне лақтырам.

Жарайсың, шиқылдақ торғайым! Нысанаға дөп тигіздің!
Шартымыз қалай еді?

ЭДГАР. Жұпар иісті майоран.

ЛИР. Өте бер!

ГЛОСТЕР. Мынау бір таныс дауыс сияқты.

ЛИР. Ә, Гонерилья! Ақ сақалды албасты¹⁸. Олар мені ит құсатып құйрығымнан сипап, жасыңа қарағанда әлдеқайда ақылдысың деп алдарқатады. Сауалымның барлығына берген жау-

аптары — «иә» мен «жоқ». Үсті-үстіне «иә», үсті-үстіне «жоқ» дей бергеннен не пәтуа шығады. Ал, әлгі суық сүйегімнен өтіп, тісім тісіме тимей, малмандай су болып, қайта-қайта найзағай ойнап қара нәсер төпей төккенде барып, мен олардың кім екенін шыннан білдім. Сөйтсем, олар барып тұрған алдамшы екен. Не айтса да тыңдауына болады. Бірақ, айтып тұрғанының бәрі шып-шылғи өтірік. Маған осы безгек тиіп тұрған жоқ па?

ГЛОСТЕР. Апырау, мынау король емес пе? Даусы таныс қой!

ЛИР. Иә, басымнан қара бақайыма дейін корольмін. Бетіңе бір бажырайып қарасам, зәрең зәр түбіне кетеді. Өміріңді қиям өзіңе. Не істеп қойдың, кәне, айтшы! Азғырдың ба әйелді? Ол бүгінде күнә емес. Жазаламайды ол үшін? Ендеше, пендем, өлмейсің.

Ондай-ондай күнәдан

Адам түгіл әуеде

Ұшып жүрген шыбын-шіркейдің өзі күр емес.

Асқынып барад заңсыздық!

Глостердің әлгі бір некесіз туған баласы

Менің некелі туған қыздарымның қасында

Қайырымды жан боп шықты ғой.

Тусаңдар тек ұл туындар. Солдат керек отанға,

Мынау, ұрғашы деген дозақы

Бет-аузына қарасаң — тұнып тұрған иман, рахым,

Періште деп қаласың,

Төсекте көрсең, ал енді,

Құтырған құзғын сияқты

Тірілей қақтар сөліңді.

Әйел деген әуелден

Тең жартысы — пенде де,

Тең жартысы — пері ғой,

Бір сәт көрер қызықтың

Өмір бақи қинайтұғын кері ғой.

Өрт те содан, дерт те содан, тажал да содан, ажал да содан, еркек деген пақырдың өлгенше шертер шері ғой. Тфу, тфу, тфу! Әй, тәуіп, сол сұмырайдың көкірегіме құйған уынан жазып алар шипаң бар ма, мә ақша!

ГЛОСТЕР. Қолыңды бер, тақсыр, сүйейін.

ЛИР. Әуелі сүртіп алмасам, өлексе исі шығады.

ГЛОСТЕР.

Дүние өзі бір күні.

Біз екеуміз сияқты

Күйрегелі тұрар күл болып

Танисың ба мені?

ЛИР. Көзіңді танып тұрмын. Неге аларып, қарайсың? Көзін таңып алған Купидон, ат мені, аяма! Сенің жебеңнен қорқатұғын жайым жоқ. Бұдан былай ешкімді жақсы көрмеймін. Менің оларға жазған сөздерімді оқышы. Мірдің оғындай емес пе!

ГЛОСТЕР. Хат түгілі күннің көзін көретұғын шамам жоқ.

ЭДГАР. Король мұндай күйге ұшырады дегенге сенбеп едім. Шын екен ғой. Төбе құйқам бара жатыр шымырлап.

ЛИР. Оқы!

ГЛОСТЕР. Көзі жоқ кісі, қалай оқиды?

ЛИР. Е, солай ма еді! Маңдайымда көз жоқ де, қалтамда көк тиын жоқ де. Ендеше, көзіңнің жағдайы ауыр екен де, қалтаңның жағдайы жеңіл екен. Иә, бүгінде дүниеде шаруаның бәрі осылай шайқалып тұр ғой.

ГЛОСТЕР. Иә, мен де солай ма деп шамалаймын.

ЛИР. Әпенде неме! Дүниеде не болып жатқанын көруге көздің не қажеті бар. Құлағың болса жетпей ме! Әне, қарашы, сот қалтаға түскен ұрының қалай-қалай қуырып жатыр апшысын! Онан да мен саған сиқыр көрсетейін! Қазір, міне, бәрін ию-қию араластырып жіберем. Бір, екі, үш! Ал, енді тауып көрші, сот қайсысы, ұры қайсысы? Анау шынжырлаулы төбеттің қайыршыға қалай-қалай өршелене үріп тұрғанын естисің бе?

ГЛОСТЕР. Иә, тақсыр.

ЛИР. Байғұс қайыршы қашып барады. Көрдің бе, достым, өкімет те сондай. Өкімет жүрген жерде өктемдік бар. Шынжырлаулы көк төбет те бір, қызмет бабындағы көп ұлық та бір.

Көшеде жүрген жезөкшені неге сонша сабайсың,
Өзіңнің соған әукең түсіп тұрғанда,
Онандағы дүрелемейсің бе өзіңді
Көңіліңе қашқаны үшін әзәзіл?
Жымысқыны дарға астырды алпауыт,
Жыртық көйлек жасыра алмайды күнәні,
Мауыт кисе — не сұмдық та түспес еді еш көзге.
Кей қылмысты алтынменен аптасаң,
Құрдай ұшып жорғалайды сот өзі,
Егер оны алба-жұлба қып ап барсаң,
Кім көрінген көзге шұқып бітеді.
Бұл дүниеде айып тағардай ешкім жоқ,
Бұл дүниеде айып тағардай қылмыс жоқ.
Тығындай біл көмекейін басқаның

Қара дегеннің ақ болуы қас қағым.
Сондықтанда шатынаған
Көзіңе әйнек ки-дағы,
Көп көрсоқыр саясатшы секілді,
Көрмесең де, көрген болып көрін сен.
Етігімді шешіңдер, қажап барады өкшемді.

ЭДГАР *(өзіне-өзі)*.

Сандырақ пен ақиқат
Кеткен қалай жымдасып.

ЛИР.

Егер менің тағдырыма жыласаң,
Ақысына көзімді сен ала ғой.
Танып тұрмын, сен — Глостерсің.
Шыдап бақ.
Бұ дүниеге жылап келгенбіз о баста,
Жұтпай жатып бұл жалғанның ауасын
Адам байғұс айқай салып
Айтып баққан наласын.
Айтайын бір өсиет,
Құлағыңды бері сал.

ГЛОСТЕР. О, қасірет!

ЛИР.

Дүниге келмей жатып,
Өңшең сайқымазақ ыржаңдасқан.
Бұл жалғанға күлудің орнына жыладық
Қандай қалпақ керемет! —
Одан асқан кемеңгерлік керек пе?
Киіз қаптап тұяғына жүз аттың
Тұтқиылдан қос күйеуге тап беріп,
Аямай бір сілтеп бақсаң семсерді,
Одан асқан бақыт, сірә, болар ма!

Қызметшілерді ерткен сарай адамы кіреді.

САРАЙ АДАМЫ.

Ал, міне, ол. Айырылып қалмаңдар.
Тақсыр, сіздің сүйікті қызыңыз...

ЛИР.

Құтыларға жол жоқ па?
Тұтқынмын ба, шынымен,
Тағдырдың әлі таусылмапты-ау тәлкегі!
Тек жарақат салмаңдар.
Қайтарамын ақысын.
Дәрігер бар ма, оқ тиіпті миымнан.

САРАЙ АДАМЫ.

Не сұрасаңыз, соны тауып береміз.

ЛИР.

Бар азапты бастан қайта кешпекпін
Өле-өлгенше көдетіп,
Қара жерге ащы жасты төкпекпін.

САРАЙ АДАМЫ.

Тақсыр ием...

ЛИР.

Мен ешқандай өкінішсіз өлемін,
Мұңаюдың жөні жоқ
Иә. Иә. Мен әлі корольмін:
Естерінде ме, мырзалар?

САРАЙ АДАМЫ.

Сіз — біздің әміршімізсіз.
Сөзіңізге құлдық.

ЛИР. Ендеше, әңгіме басқа. Бақыт құсын ұстау үшін
құстай зымырай білген жөн. Әп! *(Қаша жөнеледі)*.

Қызметшілер қуып кетеді.

САРАЙ АДАМЫ.

Мұндайда кез-келген қайыршының көз жасы
Көңілді бұзып кетеді,
Ал, алтын басты падишаның
Мына көрген қорлығын
Айтуға сөз жетер ме?
Бірақ, ақ сүт емген қызың бар,
Қаныпезер қос бауырының
Салған жарасын әлі-ақ жазып алады.

ЭДГАР. Саламат па, сэр?

САРАЙ АДАМЫ. Саламат бол. Не керек еді?

ЭДГАР. Жақында ешқандай шайқас болмай ма?
Естімедіңіз бе ештеңе?

САРАЙ АДАМЫ.

Оның жайын кез келген
Кереңге дейін естіген.

ЭДГАР.

Айтыңызшы ендеше,
Жау қай жерге келді екен?

САРАЙ АДАМЫ.

Таяп қалды. Әне-міне дегенше
Жетіп те қалар бұл маңға.

ЭДГАР. Хабарыңызға көп-көп рақмет.

САРАЙ АДАМЫ. Королеваға анау-мынау шаруа шығып қап тұрғаны...

Әскері, бірақ сақадай сақ тұр.

ЭДГАР. Рақмет, мырза.

Сарай адамы кетеді.

ГЛОСТЕР.

Уа, мейрімінде шек жоқ жасаған,
Жалғыз ғана сұрайтыным өзіңнен —
Қараға шауып көңілім,
Өзіме-өзім қол көтермей тұрғанда,
Жөніңменен ала көр!

ЭДГАР.

Міне, бұл бір дұрыс дұға.

ГЛОСТЕР. Бұл кім екен?

ЭДГАР.

Мен бір жүрген байғұспын
Тағдырдан көріп көп төмпеш,
Өзгені де аяп үйренген.
Қолыңызды беріңіз,
Баспана тауып берейін.

ГЛОСТЕР.

Рақмет. Тәңірден қайтсын есесі.

Освальд шығады.

ОСВАЛЬД.

Іздегенге сұраған! Қалай сәтті тап келдің!
Бұның басы әуелден-ақ
Маған дәулет болу үшін жаралған.
Тоқта, опасыз иманыңды үйір де,
Жан беруге дайындал.
Жазалауға келдім мен,
Міне, семсер суырдым!

ГЛОСТЕР.

Ендеше, тәңірім медет берсін қолыңа!

Эдгар екеуінің арасына тұра қалады.

ОСВАЛЬД.

Жолда тұрма, сұмырай,
Опасызға ара тұрма, ақымақ,
Бұның кебін киесің өзің, әйтпесе!

ЭДГАР.

Ол дегеніңіз болмайды. Одан күдер үзіңіз!

ОСВАЛЬД.

Жолда тұрма дедім ғой, босқа өлесің, сүмелек!

ЭДГАР. Мырза, онан да жолыңыздан қалмаңыз, біз құсаған қара халықпен байланысып қайтесіз. Өлтірем деп қоқилана бермеңіз, онсыз да зәрем ұшып тұр. Бірақ, қариядан қолыңызды тартыңыз, әйтпесе, қарақұстан қара сойылмен бір қойсам, жаһаннамға бізден сәлем айтарсыз. Көгершінім, жөніңе өл, бізге бүйтіп тиіспе!

ОСВАЛЬД. Аулақ, найсап!

ЭДГАР. Айып көрме, достым. Тісіңді санап бермесем, тіліңді тартар түрің көрінбейді.

Семсерлеседі. Эдгар Освальдты құлатады.

ОСВАЛЬД

Сен жеңдің. Мә, мынаны сен ал.

Өз қолыңнан жерле. Қалтамдағы хатымды

Эдмунд Глостерге апарып бере гөр.

Ол ағылшындар қосында.

Қапияда кеттім-ау!

Қап, опасыз дүние-ай!

Жан тапсырады.

ЭДГАР.

Бұл найсаптың кім екенін білдім мен,

Бұл әлгі қаныпезер ханшайымның шабарманы,

Соның барлық күнәсіне бұл куә.

ГЛОСТЕР.

Өліп қалдым ма?

ЭДГАР.

Отыр, достым,

Үстін тінтіп шығайын,

Әлгі хаты жарап қалар әжетке.

Өлді сұмырай, басы дарға жетпей әлі тұрғанда.

Хаты мынау. Мөрін бұзып,

Оқып, кәні көрейік.

Заң білгіштер жазғырмаңдар бұл үшін.

Жаудың ойын білу үшін

Хаты түгіл жүрегін

Жарып салсаң

Айып па?

(*Оқиды*). Біздің екеуміздің бір-бірімізге берген антымызды ұмытпа. Егер көңілің шындап соқса, менің күйеуімнің көзін өшіру сен үшін тіптен оңай. Егер ол бұл жорықтан жеңіп қайтса, менің күнім қараң дей бер. Мен онда өмірбақи оның тұтқынына айналам да, біздің некелі өміріміз — мен үшін шын тамұққа тең боп шыға келеді. Мені бұл бейнеттен құтқар да, оның орнына өзің жар бол, маған! Сенің әйелің (тек сол күнге тезірек жеткізгей деп тілеймін) және адал күнің Гонерилья».

Әйелдердің жадылығына сөз бар ма?

Мейрімді жұбайына өлім тілеп,

Қойнына кірмек інімнің!

Аярлық пен азғындықтың жалдабы

Сұмырай неме сенің көзіңе құм құйып,

Мынау масқара хатыңды

Жеткізейін бейбақ герцог қолына,

Білсін басына қандай қауіп төнгенін,

Ажалдан қалай құтылғанын кездейсоқ.

ГЛОСТЕР.

Король болса алжасыпты ақылдан,

Есімнен неге адаспаймын мен осы,

Мұнша қорлыққа бүйтіп шыдап жүргенше,

Алжасқанның өзі дұрыс емес пе!

Онда мен де адамшы қиял елесіне беріліп,

Ұмытар ем қайғыны.

ЭДГАР.

Қолыңызды беріңіз.

Барабан дабылы естіледі.

Дабыл даусы естіледі алыстан,

Кеттік, көкем,

Жеткізейін адал жандар қолына.

Екеуі шығып кетеді.

ЖЕТІНШІ КӨРІНІС

Француз лагеріндегі шатыр іші. Лир төсекте ұйықтап жатыр. Сабырлы саз ойналып тұр. Қасында дәрігер, Сарай адамы және басқалар бар Корделия мен Кент кіреді.

КОРДЕЛИЯ.

Қайырымды Кент, сенің мұндай жақсылығыңның
Өтеуін немен қайырам.

Оған, сірә, өмірім мен
Қолдағы дәулет жетер ме!

КЕНТ.

Жетеді осы сөзіңіз де мен үшін.

Айтқанымның бәрі шын,
Әсірелеу емес еді әдетім.

КОРДЕЛИЯ.

Көңіліңізді өзгертіңіз ендеше.

Киім екеш киім де
Өткенді еске салады.

КЕНТ.

Жоқ, ханшайым, есебім бар менің де.

Әзір мені танымаған болыңыз.

КОРДЕЛИЯ.

Жарайды.

(Дәрігерге).

Падишаның қалай боп тұр жай күйі?

ДӘРІГЕР. Әлі ұйықтап жатыр.

КОРДЕЛИЯ.

Көктегі хақ жаратқан

Жан әкемнің дәру тауып жанына

Ақыл-есін кіргізгейсің тезірек.

ДӘРІГЕР.

Қажет десе ханшайым —

Падишаны оятуға біз дайын.

Ұйқысы оның қанды енді.

КОРДЕЛИЯ.

Өздеріңіз біліңіздер ол жағын,

Оны қайта киіндірген сіздер ме?

САРАЙ АДАМЫ.

Иә, мәртебелім. Көзі ұйқыға кетісімен

Киімінің бәрін өзгерттік.

ДӘРІГЕР.

Сәл тоқтаңыз. Оятуға болып қалды оны енді.

Ештеңе етпейді, сеніңіз тек сөзіме.

КОРДЕЛИЯ.

Жарайды.

ДӘРІГЕР.

Берменірек келіңіз;

Музыканттар, ойнаңыздар қаттырақ!

КОРДЕЛИЯ.

Қайран әкем!

Шипа қонса ерніме,

Апаларым берген уды

Жалап өзім кетіретер ем.

КЕНТ. Шексіз мейірім болады екен мұндайда!

КОРДЕЛИЯ.

Әкем болмай, болса да бір көлденең,

Ақ қыраудай шашы үшін-ақ аяр ем,

Қараңғы түн, қара нөсер астында

Жаны қайтып аман қалды, қайранмын?!

Қалай тұрды найзағайдың астында?

Ондай кезде

Өзі түгіл жауымның

Иті екеш итіне қамқор болмас па ем?!

Сорлы әкем сондай түнде лайсаң

Айдалада азынаған күркеде

Қайдағы бір қағылған да соғылған

Кезбелермен қайтып қана жатты екен?

Ондай күйде ақыл түгіл басынан,

Кеудесінен жаны шығып кетпегеніне шүкірлік.

Оянды. Әке. Сөйлесіңіз, дәрігер...

ДӘРІГЕР.

Жоқ, онан да өзіңіздің сөйлегеніңіз жөн шығар.

КОРДЕЛИЯ.

Денсаулығыңыз қалай?

Қанды ма ұйқыңыз, мәртебелі падишам?

ЛИР.

Табыттан мені қайта суыра көрмеңіз.

Сен — шамасы періштесі пейіштің.

Ал мен болсам

Тұтқынымын тамұқтың,

Дозақ оты — енді менің сыбағам.

Қорғасындай күйдіріп барад көз жасың.

КОРДЕЛИЯ.

Таныдыңыз ба сіз мені?

ЛИР.

Сен — періштесің.

Өлгеніңді көргенмін.

КОРДЕЛИЯ.

Есі әлі кіресілі-шығасылы.

ДӘРИГЕР.

Ұйқылы-ояу. Әлі де сәл шыдаңыз.

ЛИР.

Бұрын қайда едім, енді қайда тап болдым?

Мынау қайдағы күн?

Мені жұрт әбден алдаған.

Басқаның егер басына түссе осы хал,

Аяныштан жүрегім жарылып өлер ем.

Мынау менің қолым ба өзі, шынында?

Сенбей тұрмын. Ине шаншып көрейін.

Ауырады. Болса болар өз қолым.

Өзімнің әлі өзім екеніме сенбеймін.

КОРДЕЛИЯ.

Қараңызшы маған. Батаңызды беріңіз!

Бұныңыз не? Тізерлемей тұрыңыз?

ЛИР.

Әжуа қыла көрмеңіз.

Мен алжыған ақымақ.

Сексен асып болдым, міне, сергелдең.

Ақылым да алжасқан.

Енді-енді есім кірген тәрізді.

Екеуіңіздің де жүзіңіз таныс сияқты,

Бірақ, қайда жатқанымды біле алмай,

Тұрғаным ғой көзіме өзім сене алмай.

Киімім де басқа екен.

Қайда түнеп шығып едім, есте жоқ,

Қате кетсем, келеке ете көрмеңіз!

Дәу де болса — мына сен

Корделиям шығарсың.

КОРДЕЛИЯ.

Иә, мен, әке!

ЛИР.

Көзіңдегі жасың не?

Келші бермен, қолмен ұстап көрейін!

Шынында да жас екен.

Жылама. Сен берші маған у әкеп,

Өзімді-өзім өлтіргенім жөн шығар.

Сен, әрине, мені жақсы көрмейсің,

Апаларың жазалады жазықсыз,

Ал сен болсаң —

Жазықтымын алдыңда!

КОРДЕЛИЯ.

Жоқ, жоқ, жазығың жоқ ешқандай!

ЛИР.

Францияда болғаным ба сонда мен?

КЕНТ.

Жоқ, өзіңіздің патшалығыңыз бұл ара.

ЛИР.

Алдамаңыз, өтінем.

ДӘРИГЕР.

Осыған да тәубе етіңіз, ханшайым.

Алысқанды қойып, сабасына түсіпті.

Бірақ, көрген жәбірі мен жапасын

Есіне салу қауіпті.

Сондықтанда енді ештеңе айтпай-ақ,

Бірге ертіп кеткеніңіз жөн болар.

КОРДЕЛИЯ.

Мархабат етіңіз, мәртебелім.

ЛИР.

Қартайдым ғой, қайырымды бола көр.

Кешір, қызым, ақылымнан адастым.

Кент пен сарай адамынан басқалардың бәрі шығып кетеді.

САРАЙ АДАМЫ.

Корнуэль герцогінің әлгіндей боп өлгені шын ба екен?

КЕНТ.

Шын болғанда қандай.

САРАЙ АДАМЫ.

Сонда оның әскеріне кім қолбасшылық етеді енді?

КЕНТ.

Глостердің некесіз туған ұлы деседі.

САРАЙ АДАМЫ. Оның әлгі қуылып кеткен ұлы Эдгар граф Кентпен бірге Германияда тығылып жүр деген рас па?

КЕНТ. Әркім әр түрлі айтады. Бірақ, енді кідіруге болмайды: екі жақтың әскерінің кездесер кезі боп қалды.

САРАЙ АДАМЫ. Адам көрмеген қантөгіс болар түрі бар. Сау тұрыңыз, сэр.

Кетеді.

КЕНТ.

Не де болса, туды нағыз сын сағат
Болашақтың не боларын
Ертеңгі шайқас шешеді.

Шығып кетеді.

БЕСІНШІ ПЕРДЕ

БІРІНШІ КӨРІНІС

Дувр маңындағы Британия лагері. Дабылдатып, ту көтерген Эдмунд, Регана, офицерлер, солдаттар және басқалар кіреді.

ЭДМУНД *(офицерге)*.

Герцогтен барып сұрап біл оның шешімін,
Баяғы айтқан уәдесінде тұр ма екен,
Басқа шешім қабылдап па жоқ әлде.
Солқылдақтау неме еді,
Анығын білмей болмайды.

Офицер шығып кетеді.

РЕГАНА. Апамның жаушысы мерт болса керек,
шамасы.

ЭДМУНД. Мен де солай ма деп қорқамын.

РЕГАНА.

Өзіміз бір сөйлесейік оңаша.
Білесіз ғой сізге деген ықыласымды
Сүйікті Глостер, күлбітелемей айтыңыз,
Қалай осы апамменен араңыз?

ЭДМУНД.

Біріміз — апа, біріміз — ініміз.

РЕГАНА.

Күйеуі жоқта
Жеріңіз жоқ па қол салған?

ЭДМУНД. Қайдағыны айтпаңыз.

РЕГАНА. Ал, мен білсем, ым-жымыңыз бір сияқты.

ЭДМУНД. Оныңыз қате, ант ішуге дайынмын!

РЕГАНА.

Апа менікі болғанмен,
Пейіліңізге тұрмайды.
Босқа арандап қалмаңыз.

ЭДМУНД.

Сөзіңізге құлдық.

Күйеуімен бірге келе жатыр, әне, өзі де.

Дабыл қағып, ту көтеріп Альбан герцогі, Гонерилья және солдаттар көрінеді.

ГОНЕРИЛЬЯ *(өзіне-өзі)*.

Бұл шайқаста жеңілермін жеңілсем,

Бірақ, оны сіңлімнің құшағына бермеспін.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Ар ма, аяулы балдызым!

Естігенім шын болса

Король менен бізден қуғын көргендер

Сіңіліңізге барып, сауғалапты бастарын.

Айқасқа шығар алдында

Арымыз таза болған жөн.

Осы кезден басын ашып алайық —

Менің жауым — француздар басқыншы,

Ал король мен бізге наразы жандарға

Өз қолымнан оқ жаудырар жайым жоқ.

ЭДМУНД. Иә, дұрыс айтасыз.

РЕГАНА. Соның бәрін сөз қып жатып не қажет?

ГОНЕРИЛЬЯ.

Барлық гәп сол ортақ жауда боп тұр ғой,

Ескі дауды қайта қаузап қайтеміз...

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Ендеше мен қазір кеңес шақырып,

Сөйлесеміз шабуылдың жоспарын.

ЭДМУНД. Шатырыңызға сәлден кейін келермін.

РЕГАНА. Апа, сен бізбен бірге жүресің бе?

ГОНЕРИЛЬЯ. Жоқ.

РЕГАНА. Бізбен бірге жүрсеңізші одан да.

ГОНЕРИЛЬЯ *(өзімен-өзі)*.

Күлбітелемей-ақ қой, көрініп тұр көмейің!

Барсам бірге-ақ барайын.

Енді кете бергенде киімін өзгерткен Эдгар қарсы ұшырасады.

ЭДГАР.

Мәртебелім, тыңдайсыз ба,

Сөзі бар ед пенденіздің бір ауыз!

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Құлағым сенде, айта бер.
Мен сендерді қазір қуып жетемін.

Альбан герцогі мен Эдгардан басқалары кетіп қалады.

ЭДГАР.

Қанды шайқас алдында
Мына бір хатты оқуыңызды өтінем.
Жеңіспен бітсе бұл соғыс
Кернейді естіп, өзім-ақ сізге жетермін.
Жалаң аяқ болсам да бір жақыбай
Хаттағының бәрі ақиқат екеніне
Басын тігер куә тауып беремін.
Ал, егер де жеңіліспен бітсе бұл соғыс,
Сіздің-дағы,
Жауларыңыздың-дағы
Көрер күні белгілі.
Тәңір өзі жар болғай тек лайым!

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Тоқтай тұр, оқып шығайын!

ЭДГАР.

Маған мұнда көп кідірмеу тапсырылған
Керек болсам, дабыл беріңіз — жетейін.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Жолыңнан қалма ендеше.
Өзім-ақ оқып шығармын.

Эдгар кетеді. Эдмунд келеді.

ЭДМУНД.

Жау көрінді. Шеп құратын сәт туды.
Мынау жаудың әскері жайлы мәлімет.
Асықпасаныз болмайды.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Сәті түскей бұл істің.

Кетеді.

ЭДМУНД.

Апалы-сінділі екеуінің
Екеуіне де берген сөзім бар.
Екеуі де шұбар жылан
Бірін-бірі түтіп жейтін түрі бар.

Қайсысына тоқтадым?
Әлде екеуін де емексіте берем бе?
Екеуінен де безейін бе жоқ тіпті?
Екеуі бірдей жүрер болса жер басып,
Екеуіне де жол жабық.
Жесірге үйленсем —
Гонерилья көз қырына алады.
Ал оған құласам —
Байы бар әйелден не табамын.
Соғыс кезінде
Күйеуі әбден керек-ақ,
Соғыс біткен соң —
Өзі-ақ табар одан құтылар амалды.
Сөзіне қарағанда,
Тұтқынға ертең алғасын,
Лир мен Корделияны
Аман қалдырар түрі бар.
Бола қоймас дегені.
Маған бүйтіп қобалжуға болмайды,
Шайқасқан жөн,
Басты босқа қатырмай.

Кетеді.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Екі лагердің арасындағы алаңқай. Сахна сыртында шайқас жаңғырығы естіледі. Сахнадан дабыл қағып, ту көтеріп Лир, Корделия және олардың әскерлері өтіп барады. Эдгар мен Глостер шығады.

ЭДГАР.

Отырып, ата, сәл демалып алыңыз
Дұға қылыңыз — жеңсін деп бүгін әділдік.
Тірі қайтсам осыдан,
Ойыңызда да жоқ,
Хабар айтып келемін.

ГЛОСТЕР.

Тәңірдің өзі жар болсын!

Эдгар кетеді. Айқас дуылы. Шегініске дабыл беріледі. Эдгар қайта оралады.

ЭДГАР.

Қашайық, ақсақал! Қолыңызды беріңіз!
Король жеңілді. Қызы екеуі тұтқында.
Бұл арадан тезірек өшірейік қараны.

ГЛОСТЕР.

Қашып қайтем!
Осы арада-ақ өліп шіриін!

ЭДГАР.

Құдай алдында күпір болып не керек.
Тумақ пен өлмек еркі ме екен пенденің!
Онандағы ақырын күтіп жүре бер,
Кеттік, кәнеки, бұл жерден.

ГЛОСТЕР.

Кеттік. Сенікі де жөн шығар.

Екеуі шығып кетеді.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Дуврға жақын жердегі Британия лагері.

*Жеңіс дабылып қағып, ту көтеріп Эдмунд, тұтқындағы
Лир мен Корделия, офицерлер мен жауынгерлер шығады.*

ЭДМУНД.

Күзетке алыңыздар!
Қашан үкім шыққанша,
Қалушы болмаң көз жазып.

КОРДЕЛИЯ.

Жақсылық ойлап жамандыққа жем болып,
Қапы кеткендердің біз емес шығар алды-арты.
Бір басыма түссе де қандай зобалаң
Шыдар едім,
Сізді уайымдап тұрғаным.
Жеңіске жетіп желпінген
Екі апамызға көрсетер ме екен біздерді?

ЛИР.

Жоқ! Жоқ!
Оннан да қайта дұрыс шығар тас зындан,
Отырайық сонда торғайдай болып тордағы.
Аяғыңа жығылып, кешірім сонда сұраймын,
Абақтыда шерімізді әбден тарқатып,
Көбелектердің көлбеңіне қызығып,
Қысқартамыз, ұзақ күнді көр-жермен.
Қызметшілерден сарайдың естіп өсегін,

Мұратына жеткендер мен
Қуғындауға түскендердің
Сырттай алып есебін,
Тәңірінің секілді
Екі ғайып ерен шілтені
Жер үстінің шындығын
Қалт жазбай бағып көрейік.
Мынау жарық жалғанда
Кемеңгермін деп сандалған
Сабаздардың қисыны
Нағыз сандырақ екені —
Тас зынданда ойлансаң,
Көзіміз әбден жетеді.

ЭДМУҢД.

Аулаққа алып кетіндер.

ЛИР.

Жауымыздың жер қылғанын көргенде
Тәңірінің өзі бізді жебейді.
Мұндамысың, Корделия?
Енді екеуміз біргеміз.
Мұнан бізді шығару үшін бір-бірлеп,
Түлкіге түтін салғандай,
Інімізге өрт қойса да, болмаймыз.
Көзіңді сүрт.
Жасымызды көрмесін.
Бізді жылатамыз деп жүргенде,
Өздерінің білмей қалсын
Қайтіп мола болғандарын.

Лир мен Корделияны алып кетеді.

ЭДМУҢД.

Капитан, әуелі тыңдап ал.
Мынау хатта бұйрық бар.
(Қағазды ұстатады).
Бұл екеуін тас қорғанға алып бар.
Тағы бір саты көтеремін шеніңді.
Орындасаң бұйрықты —
Тасың өрге домалайды шынымен.
Адам деген тырысқан жөн
Орындауға дәуірінің талабын.
Жауынгерге жараспайды жасықтық.
Сұраушы болма, бұйрығымның мазмұнын,
Орындайсың ба, орындамайсың ба —
Соныңды айт!

ОФИЦЕР.

Арба тартып, арпа жеу қолдан келмейді.
Адам істер іс болса, әйтеуір, тындырам.

Кетеді.

Керней дауысы. Альбан герцогі, Гонерилья, Регана, офицерлер мен жауынгерлер шығады.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Мырза, бүгін ержүректік көрсетіп,
Жанғалы тұр бағыңыз.
Дұшпан сіздің қолыңызда тұтқында.
Енді бізге жеткізіңіз соларды,
Заң менен ар
Айтсын қазір үкімін.

ЭДМУНД.

Аурулы ғой, корольді мен тас қорғанға жөнелттім,
Жауынгерлер аяп оның ақ шашы мен атағын,
Көнбей бізге, шығармасын деп ереуіл.
Корделияны да жібердім бірге әлгі оймен.
Ертең я бүрсігүні
Әкелемін алдыңызға оларды.
Бірақ, бүгін
Жұрт бір-бірінен айырылып,
Отырғанда қандарына қарайып,
Көздеріне көрсеткім келмеді екеуін.
Ашу тарқап, айқастың
Басылғанда қызуы
Сот құрсақ та кеш емес.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Тоқтаңыз, мырза,
Сізге мұнда ақыл салған ешкім жоқ,
Онандағы орындаңыз бұйрықты.

РЕГАНА.

Бұдан былай бұндай сөзді айтпай тұрып,
Келіскен дұрыс менімен.
Бұл мырза менің қолбасшым,
Шайқаста менің атымнан бұйрық берді ол,
Ендеше менің ең сенімді адамым —
Сізге бастас, тең болмас не жөні бар?

ГОНЕРИЛЬЯ.

Шыбын-шіркей болмай-ақ қой ол үшін,
Ешкім оның жеп жатқан жоқ еңбегін.

РЕГАНА.

Жоқ, мен оны сізден кем деп санаман.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Күйеуге шық, сосын-ақ қос санатқа.

РЕГАНА.

Құлағыңа сыбырлап па ед періште.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Періште емес сайтан шығар бұны айтқан.

РЕГАНА.

Апа, менің науқастанып тұрғаным

Ащы сөзден жібермес ем есемді.

Сардарым, енді өлкем де, әскер де,

Тұтқыным да сенікі.

Тас қамалым тізе бүкті алдыңа.

Мендегінің бәріне ие сен енді,

Жұбайым да, қожайыным да өзінсің!

ГОНЕРИЛЬЯ.

Иә, сенің болады ғой айтқаның!

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Оны райдан қайтарар қандай қақың бар?

ЭДМУНД.

Сізде де, ендеше, ондай пәрмен жоқ енді!

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Жалған бажа, қойсаң қайтер қалжыңды?

РЕГАНА *(Эдмундқа)*.

Дабыл бер де, семсеріңді суырып,

Мен ұсынған ұлы атақты ақтап ал.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Тоқта! Бұл екеуін тұтқынға алам мен қазір.

Эдмунд, сен мына зымиян екеуіңіз

Мемлекет алдындағы қастандығыңыз үшін

Тартыласыз жауапқа.

(Реганаға Гонерильяны нұсқайды).

Балдызым, онда біліп қой,

Бұл мырзамен апаңыздың жарасыпты дәм-тұзы,

Күйеуге шықсаңыз, мына менің басым бос,

Бұл екеуі әлдеқашан табысқан.

ГОНЕРИЛЬЯ.

Шалдуарлық бұл неткен!

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Глостер, сен жарақтысың. Дабыл бер!

Опасыз, сатқын, екеуіңнің дәл қазір

Мойныға қояр табылмаса бір адам,

Сертім мынау, көр де тұр.

(Биялайын лақтырады).

Сен жайында әлгі айтқан сөзімнің
Рас екеніне жеткізбей тұрып жұрт көзін
Дәм алмаспын аузыма.

РЕГАНА.

Басым айналып барады!

ГОНЕРИЛЬЯ *(өзіне-өзі).*

Иә, бәсе,

У жағынан жаңылыспайтын сияқты ем.

ЭДМУНД.

Мен де ендеше серт етем.

(Биялайын лақтырады).

Егер біреу осыдан

Мына мені дейтін болса опасыз

Одан асқан суайт, сірә, жоқ шығар

Кернейші, дабыл бер!

Кім келсе де

Ақиқат пен ар үшін

Айқасамын қасық қаным қалғанша!

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Уа, жаршы, қайдасың!

ЭДМУНД.

Кернейші-ай, кел мұнда?

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Өз арыңды өзің ғана қорғайсың!

Жадамалы әскерді

Жібергенмін таратып.

РЕГАНА. Жүрегім күйіп барады.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Әкетіндер бұл жерден.

Менің шатырыма апарыңдар.

Регананы алып кетеді. Жаршы келеді.

Е, міне, жаршы да келді.

Ал, жігітім, дабыл бер де жария қыл мынаны!

Офицер. Керней тарт!

Дабыл беріледі.

ЖАРШЫ *(оқиды).* «Егер ақ сүйектер мен осы әскердің офицерлері арасынан граф Глостер атағын жамылып жүрген Эдмундтың өтірікші сатқын екенін өз қаруымен дәлелдеп беретін адам табылса, керней үшінші рет тартылғанда саптың алдына шықсын. Қарсы жақ сайысқа әзір».

ЭДМУНД. Керней тарт!

Керней бір рет тартылады.

ЖАРШЫ. Тағы да!

Екінші рет керней тартылады. Үшінші рет керней тартылады. Алыстан жауап берген керней даусы естіледі. Кернейшінің соңына ерген жарақты Эдгар көрінеді.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Не ойлаған адам екен,
Дабылға неге келді екен, сұрап біл!

ЖАРШЫ.

Сайыпқыран жігіт,
Аты-жөнің кім?
Дабылға неге жауап бердің?

ЭДГАР.

Жалақордың нақағынан
Күйелі еді атағым.
Бірақ, мен де ақ сүйекпін
Қарсыласым секілді.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Қарсыласың кім еді?

ЭДГАР.

Граф Глостер Эдмунд үшін соғысқа шығар қайсысың?

ЭДМУНД.

Өзі шығады.
Айтарың бар тағы не?

ЭДГАР.

Сен әуелі қынынан шығар қылышты,
Болса егер сөзімнің сәл нақағы
Қаруыңмен қайтар өшіңді.
Мына мен антым менен абыройыма дақ салмай,
Күшің менен атағыңа
Жастығың мен айбатыңа,
Табысың мен жеңісіңе
Қарамастан
Тәңірдің алдында,
Әкең мен ағаңның алдында,
Мына тұрған герцогтың алдында,
Бақайыңнан бастап басыңа дейін
Найсаптықтың нәжісіне былғанған
Қара жүзді сатқын екеніңді

Бетіңе басқалы кеп тұрмын.
Өтірік десең, өзің айт, —
Беттегі арым,
Қолдағы қаруым,
Қасық қаным қалғанша
Айқасқа шығып,
Дәлелдеймін ақиқаттығын сөзімнің.

ЭДМУНД.

Айтпасаң да аты-жөніңді,
Келбетің мен сөзіңнен
Текті екенің көрінді.
Ережеге бола егес қып,
Сөзбұйдаға салмайын —
Жаңағы айтқан көп нақақ
Өз басыңа тауан-ды,
Жалаға бола жалтақтайтын жайым жоқ.
Семсерім берсін сазанды.
Кернейшілер, керней тарт!

Керней даусы. Сайыс басталады. Эдмунд құлайды.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Тоқта, өлтірмей тұра тұр!

ГОНЕРИЛЬЯ.

Қастандықтың құрбаны болдың, Глостер,
Аты-жөнін айтпаған
Қаңғыбаспен қайдағы
Сайысқа шығып нең бар ед!
Сені бұлар жеңген жоқ,
Мерт қылып тұр айламен.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Үніңізді өшіріңіз,
Әйтпесе, мынау қағазбен көмейіңізге құм құям.
Үкімің сенің осында. Оқып шық өзің, оңбаған.
(Гонерильяға).

Жыртпа хатты! Шамасы сізге таныс хат?!
(Эдмундқа хатты ұсынады).

ГОНЕРИЛЬЯ.

Бұл мемлекеттің иесі мен, сен емес.
Кімді соттау өз еркім.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Сұңқылдама, сұрқия
Білетін боп шықтың бұл хатты!

ГОНЕРИЛЬЯ.

Мен білетін нәрсе көп,
Қайсы бірін сұрайсың!

Кетеді.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ (офицерге).

Абай болыңдар әлгіге.
Қайғыға бола қайдағыны шығарар.

Офицер шығып кетеді.

ЭДМУНД.

Сенің айтқаның әлі бәрі емес,
Күнәм менің көп одан.
Біле жатар ел ертең.
Одан да, батыр, жөніңді айт,
Көз жұмарда, ең болмаса,
Соны біліп кетейін.

ЭДГАР.

Сырыңды айттың, мен де ашайын сырымды.
Менің тегім кем емес, сенен жоғары.
Сондықтан да, өзіңе өз обалың.
Атым — Эдгар, мына сенің ағаңмын.
Хақ тәңірі біздердің
Қай күнәміздің тауқыметін тартқызды.
Бұл дүниеге сені заңсыз әкелген
Айырылды әкем көзінен.

ЭДМУНД.

Оның рас. Бұл тағдырда
Сұраулы екен барлығы.
Өзімнен болды сазайым.
Ешкімге есем кеткен жоқ.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Сымбатыңды көргеннен-ақ
Текті екеніңді білгенмін.
Кел, құшақтап көрісейік.
Егер сені әкеңнен
Жалаға бола жалтарған жерім бар болса,
Тәңірім берсін сазамды.

ЭДГАР.

Өйткен жоқсыз.
Оны жақсы білемін.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Қайда барып сауғаладың басыңды?
Қайдан естідің әкең тартқан азапты?

ЭДГАР.

Өз басымнан өткіздім ғой бәрін де,
Өз аузымнан естіңіз ұзын-ырғасын.
Өзімді-өзім өлтіргім келді әуелі,
Жаны құрғыр тәтті екен!
Жұмыр басты пенде байғұс қашанда
Келте ажалдан дұрыс көрген ұзақ шегер азапты.
Қуғынға өзімнің ұшырағанымды есітіп,
Адам түгілі ит қашатын түрімнен
Жалба тонды болып алдым қайыршы,
Сөйтіп жүріп, бір күні
Ғаріп болған өз әкеме жолықтым,
Байғұс шалды өз қолыммен жетелеп,
Қорек тауып, алдарқаттым көңілін.
Шын сырымды алғаш рет мен оған
Жаңа осында келерімде сайысқа
Айтып беріп, ақ батасын сұрадым.
Ойламаған соққы болды ол үшін,
Байғұс жүрек, қуаныш пен азапқа
Қайдан бірдей төтеп бере алады,
Шыдай алмай кетті содан жарылып.

ЭДМУНД.

Сай-сүйегім сырқырайды сөзіңнен,
Иә, айта бер, қалай еді әңгіменің ар жағы.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Айтпай-ақ қой ар жағын.
Онсыздағы төбе шашым тік тұрды.

ЭДГАР.

Иә, солай көрінеді әуелі
Бұндай азап кешірмегін адамға.
Тауқымет шегіп, ұшырасаң тәлкегіне тағдырдың
Қасіреттің шыға алмайсың шегі менен шетіне.
Мен отырсам көздің жасын көлдетіп,
Бейтаныс біреу келе жатты жақындап.
Бұрын да бір көргендеймін бір жерде
Онда менің жалба-жұлба түр-түсімнен қаймығып,
Жуымаған маңыма.
Енді менің кім екенімді білген соң,
Келе сала, асыла кетсін мойныма.
Сол арада өлі әкемді құшақтап
Көз жасымен жуып берді мүрдесін.

Сосын барып айтты маған азабын
Лирмен бірге өзі бастан кешірген.
Өз әңгімесінен өз көңілі бұзылып,
Талып қалды сол жерде.
Ал мен болсам, керней даусы шыққасын
Тастап кеттім, ес жиғанын күте алмай.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Кім болды екен ол сонда?

ЭДГАР.

Ол баяғы аласталған Кент мырза.

Ол да өзгертіп түр-түсін.

Өзін қуған бір кезде

Қаңғып жүрген корольдің

Бір елі кетпей қасынан

Қызмет қылған аянбай.

*Қолында қан-қан қанжары бар сарай қызметшісі
кіреді.*

САРАЙ АДАМЫ.

Көмектесер қайсың бар?

Көмекке! Көмекке!

ЭДГАР.

Не боп қалды?

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Бұл не?

ЭДГАР.

Қанжарың неге қан-қан?

САРАЙ АДАМЫ.

Жаңа жұққан ыстық қан.

Ол өліп қалды.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Өлген кім?

Айт шапшаң!

САРАЙ АДАМЫ.

Сіздің зайыбыңыз.

Әуелі сіңілісіне у беріп,

Артынан өзіне-өзі қанжар салды.

Өлерінде айтып кетті өз аузынан.

ЭДМУНД.

Екеуімен де қосылып ед дәм-тұзым,

Енді, міне, үшеуіміз де мерт болдық.

ЭДГАР.

Міне, Кент.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Өлі болса өлі күйінде,
Тірі болса тірі күйінде
Жеткізіңдер екеуін.
Жандарымыз ашымайды оларға
Тәңір өзі айтса-дағы үкімін.

Сарай адамы шығып кетеді. Кент кіреді.

Шынында да дәл өзі.
Қысылтаяң кез болмаса мынандай,
Қабылдар ем басқаша.

КЕНТ.

Мәртебелі әміршіме, корольге
Қайырлы түн дегелі мен кеп тұрмын.
Осында ма, қайда өзі?

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Расында да есімізден шығыпты.
Эдмунд, айт бізге,
Король мен Корделия қайда еді?

Регана мен Гонерильяның мүрдделері әкелінеді.

Көріп тұрсың ба, Кент?

КЕНТ.

Бұл немене?

ЭДМУНД.

Екеуі де ғашық болып Эдмундқа,
Апасы улап өлтірді де сіңілісін,
Қарналыпты өзі артынан қанжарға.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Жабыңдар беттерін.

ЭДМУНД.

Өмір деген сұрқия.
Тірлігімде істемеп ем жақсылық,
Өлерімде істейін.
Түрмеге тез жетіңдер!
Лир мен Корделияны
Өлтіруге бұйырғам.
Тұрмаңдар, тез барыңдар!

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Жөнеліңдер! Тезірек!

ЭДГАР.

Баратын кім? Бұйрық кімге берілді?
Енді әмір ет доғар деп!

ЭДМУНД.

Дұрыс айтасын.
Семсерімді ал-дағы,
Жұмса менің офицерімді.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Тек тезірек, өтінем!

Эдгар кетеді.

ЭДМУНД.

Сенің әйелің екеуміз
Корделияны абақтыда
Дарға асуға бұйырдық.
Өзі асылып өлді деп,
Айтпақшы едік артынан.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Тәңір өзі жар болсың!
Аулағырақ әкетіңдер мынаны.

Эдмундты алып кетеді. Қолында өлі Корделия, Лир кіреді. Оған еріп Эдгар, офицерлер, басқалар көрінеді.

ЛИР.

Өкіріңдер! Бақырыңдар! Ұлыңдар!
Тастан бетер бедірейген өңшең сұм.
Көздерің мен тілдеріңді
Өзім жұлып алар ем.
Дүниенің берсе тағы билігін.
Шаһит кетті ол!
Өлі ме, әлі тірі ме —
Оны өзім де білмеймін.
Біреу-міреу айна берсе егер де,
Деміне ұстап
Кеудесінде жаны бар-жоғын білер ем.

КЕНТ.

Ақырзаман орнады деген осы шығар.

ЭДГАР.

Мерзімді уақыт жеткені де.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Таусылды де жарық дүние.

ЛИР.

Үкілері қозғалды.
Кеткей-дағы тіріліп.
Сүйтер болсаң, жасаған
Ұмытар ем бастан кешкен азапты.

КЕНТ.

Уа, тақсыр!
(Аяғына жығылады).

ЛИР.

Аулақ әрі!

ЭДГАР.

Бұл Кент қой. Досыңыз ғой.

ЛИР.

Жоғалындар, өңшең жендет, сұмырай!
Сәл ертерек білгенімде қалар ма едім құтқарып.
Енді, міне, үзілді.
Корделия, аз ғана тек шыдашы!
Шыдап көрші, шырағым!
Не дейсің сен, ести алмай қалдым ғой!
Әйел затына бітпеген
Үнің қандай ғажайып!
Сені өлтірген сұмырайды
Өз қолымман буындырып жайраттым.

ОФИЦЕР.

Иә, онысы рас.

ЛИР.

Солай емес пе, достым?
Баяғы заман болғанда
Семсерімнің ұшымен
Мына бәріңді дірілдетіп қоймас па ем.
Бастан ұшты ол дәурен.
Шеккен азап қартайтты.
(Кентке).
Сіз кімсіз?
Көзім нашар көреді.
Жүзіңізді ажырата алмадым.

КЕНТ.

Тағдыр иттің бірге көрген тәлкегін
Мен өзіңнің досыңмын.

ЛИР.

Қараңғы екен мына жер.
Кент емессің бе сен осы?

КЕНТ.

Иә, дұрыс айтасыз.
Кент пақырыңыз мен болам,
Қайда Кай пақырыңыз, ал енді?

ЛИР.

Ол жігіттің жайсаңы,
Батыр еді жау жүрек,
Оққа ұшып мерт болды.

КЕНТ.

Жоқ, падишам. Кай да — мен.

ЛИР.

Оны көрерміз.

КЕНТ.

Сіз қуғынға түскеннен
Бір елі қалғам жоқ қасыңыздан.

ЛИР.

Көргеніме қуаныштымын ендеше.

КЕНТ.

Қалған дүниенің — бәрі қаран.
Екі үлкен қызыңыз
Өздерін-өздері өлтіріпті.

ЛИР.

Рас болар.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Ұқпай тұр ғой әңгімені айтылған
Құрмет көрсетсек түсінбес пе екен бәрібір.

ЭДГАР.

Солай ма деп қорқамын.

Офицер кіреді.

ОФИЦЕР.

Эдмунд жан тапсырды.

АЛЬБАН ГЕРЦОГИ.

Өлсе өрем қапсын.

Достар, лордтар, менің ұсынысым:

Ұлы падишаның жеңілейтіп қалған талайын,

Өле-өлгенше өзіне бердік билікті.

(Эдгар мен Кентке).

Міндеттеріңе кірісіңдер бұрынғы,

Еш кетпейді екеуіңнің де еңбегін.

Аққа жаққа — абырой да атақ та,

Опасызға — көр азап пен тауқымет!

Көрген күндерін, көрдіңіздер ғой өздерін!

ЛИР.

Бейшара баламды қылғындырып өлтірді,

Құрт-құмырсқа көріп жатқан жарықты

Қарағым-ай, бұйрытпады-ау өзіңе.

Енді осылай кеткенің бе мәңгіге

Шыдай алар емеспін. Ағытыңдар түймемді!

Рақмет... Қараңызшы, мырза!

Көрдіңіз бе? Қараңызшы ерніне ¹⁹,

Қараңызшы!

Жан тапсырады.

ЭДГАР. Ол талып қалды. Уа, падишам!

КЕНТ. Жүрегі құрғыр, қалай тұрсың жарылмай!

ЭДГАР. Көзіңізді ашыңызшы, тақсыр!

КЕНТ.

Болды енді. Қинамай-ақ қояйық.

Бұл опасыз фәниді

Енді өзі де болған шығар көрместей.

ЭДГАР. Жан тапсырды.

КЕНТ.

Япырай, жаны, сірә, сірі екен.

Қалай төзді осыншама қорлыққа.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ.

Өліктерді алып жүріңдер.

Жөнелтейік арулап.

(Кент пен Эдгарға).

Екі достым, ендігі тірек — екеуің,

Бұл өлкені масқара мен қайғыдан

Тазартпасақ болмайды.

КЕНТ.

Енді мен де бұл дүниелік емеспін.

Мен де кетем падишамның соңынан.

АЛЬБАН ГЕРЦОГІ ²⁰.

Қандай азап көрсе-дағы жан байғұс,

Шыдамасқа қояр емес замана.

Тауқыметі көп бұл тірлікте, халайық,

Лир жарықтық секілді

Бұйрықты күн жеткенше

Бәріне шыдап бағайық!

Азалы әуеннің сазымен бәрі кетеді.

ТҮСІНІКТЕР «КОРОЛЬ ЛИР»

1. Лир — Британия королі, кельттер мекендеген көне Британия бөлек-бөлек ел болған, Шекспир оны бүтін корольдік ретінде алып отыр.

2. Бургундия герцогі — Бургундия б.э. X ғасырында пайда болған өз алдына бөлек герцогтік. XV ғасырда ол Франциямен бірікті. Аңыздағы Лирдің корольдік еткен заманында бұлардың бір де бірі болмаған. Шекспир пьесасында әр түрлі уақытты араластырып жіберген.

3. Корнуэль герцогі — Корнуол — Англияның оңтүстік-батысындағы герцогтік.

4. Альбан герцогі — Олбени — Солтүстік Шотландияның таулы өлкесінің көне аты бүкіл Британ аралының солтүстігінің атауы ретінде түсіндірілген.

5. Граф Кент — Кент — Англияның оңтүстік-шығысындағы графтық.

6. Голиншед — Шекспир заманында кең тараған «Англия, Шотландия, Ирландия хроникасының» авторы. Сол «Хроникаларда» Голиншед тарихи деректерді аңыздармен араластыра берген. Шекспир Лирдің хикаясын солардан алған.

7. «Тоғыз жыл шетте жүрді» — ол кезде ақсүйектер арасында балаларын ұзақ сапарларға шығарып тұру әдет болған.

8. Ал, Корделия, сен не дер ең?» — Лир жөніндегі аңыздардың бірінде Корделияның да әкесін сүйетіні жөнінде арнайы сөз дайындағаны, бірақ апаларының екіжүзді өтірігінен кейін үндемей қойғаны туралы дерек бар.

9. «Сүттей ұйып, судай сіңген егіз елді егестірген» — Корделиядан үміткер боп жүрген Бургундия герцогі мен Франция королін айтқаны.

10. «Ештеңе айтпасаң кетеді есең» — Лирдің бұл сөзі кейін ағылшынға мәтел болып қалыптасып кетті.

11. Бұл сөздер көптеген халықтардың ұғымындағы адамның тағдырына көктегі жұлдыздар бағыт береді деген түсініктен туып отыр. Соған қоса Лир нағыз британдық түсінікпен Күнді де бірге атап отыр.

12. «Оқымыстылар не десе о десін...» — Коперниктің (1473—1543) жаңалығынан кейін ғалымдар ескі астрологтардың болжамдарын жоққа шығарып, табиғат құбылыстарын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге ден қойған. Бірақ, кәрі Глостер оны мойындағысы келмей тұр.

13. «Балық атаулыны ауызыңа алмау» — дәл анықталмаған тіркес. Кент өзінің протестант екеніне айырықша екпін беріп отыр деуге болады; өзін тамақтан теткімейтінін айтып отыр деуге де болады.

14. «Айға қарап ант етіп...» — Ол кезде ай қараңғыдағы қастандықтар мен зұлымдықтарға қолдаушы болады деген ұғым кең тараған.

15. «...Мерлин айтсын» — Көне деректердің айтуына қарағанда Лир Британияда аты аңызға айналған Артур корольге дейін, яғни сиқыршы Мерлин өмір сүрген заманда патшалық құрған.

16. Флибертиджиббет — ағылшын халқының ескі уағыздарындағы зұлым аруақтың аты. Бұдан әрі қалай да Эдгар Смолкин, Мадо, Мери, Фратеретто, Гопденс сияқты, толып жатқан аруақтардың атын атайды. Сол сияқты пәле-жаладан қорғап жүретін әулие Витольд, XI ғасырда туған «Роландт туралы жырдағы» Роландты да сұсты мұнараға тайсалмай кірген шотланд балладаларының батыры ретінде атап өтеді.

17. «Олар менің теңге соқтыруыма тыйым сала алмайды» — Лирдің бұл сандырағында сау кезіндегі ойының жалғасы бар. Қатыгез қыздарынан кек алу үшін, әскер жинау үшін ақша керегін есі дұрыс король білетін. Қазір сол дұрыс-бұрыс ойлары араласып жатыр.

18. «Ақ сақалды албасты» — Лир Гонерильяның мемлекет істерін басқара аламын деген ақымақ өзімшілдігін келекелеп отыр.

19. «Қараңызшы ерніне!» — Кейбір түсініктерге қарағанда, сол сәтте Корделияның ерні қыбырлаған сияқты болады да, Лир қуаныштан жүрегі жарылып өледі.

20. Пьесаның басқа вариантында соңғы сөзді Эдгар айтады.

МАКС ФРИШ

ҒЫЛЫМ ҚУҒАН ДОН-ЖУАН

(Дон-Жуан немесе геометрияға деген құштарлық)

Бес актылы комедия

Қатысушы адамдар:

Дон-Жуан

Тенорио — *оның әкесі*

Миранда

Дон Гонсало — *Севилья командоры*

Донна Эльвира — *оның әйелі.*

Донна Анна — *қызы.*

Диего әкей.

Дон-Родриго — *Дон-Жуанның досы*

Донна Икес

Селестина — *сайранхана қожасы.*

Дон Балтазар Лопес

Тепорелло

Севилья жесір әйелдері

Төбелесқор үш жігіт — *донна Аннаның бауырлары.*

БІРІНШІ АКТ

Қамалдың алды. Түн. Музыка ойналып тұрады. Бозбала жігіт ұрлана басып сатымен көтеріліп келе жатып, қамал жаққа жалтақ-жұлтақ қарап қояды. Тотықұс шықылықтайды. Әлдекім террасқа шығады, бозбала бағанның тасасына жасырына қалады.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Дон-Жуан! Дон-Жуанбысың?

ДОННА ИНЕС. Ешкім көрінбейді ғой.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Ақ боз аты қорада тұр.

ДОННА ИНЕС. Сіздің көзіңізге қос көрінген болар,

ДОННА ЭЛЬВИРА. Әйтпесе, мынандай тас қараңғыда ол не бітіріп жүреді? Онсыз да тоңазып тұр едім, оның үстіне тоты құстың шықылықтағанын естісем, төбе-құйқам шымырлайды.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Дон Жуан! Дон Жуан!

ДОННА ИНЕС. Ол желмен шайқалған құрма ағаш қой. Құдды сатыға сарт-сұрт тиіп келе жатқан қылыш дыбысынан аумайды. Түн баласы құлағымнан осы бір үн кетпейді, естісем болды, терезеге жүгірем, бірақ, қашан қарасам да, желмен сусылдап тұрған құрма ағашы болып шығады.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Жоқ, ол келуін келді. Ақ боз аты қорада тұрғанын өз көзіммен көрдім.

(Екеуі кетіп қалады, жас жігіт тығылып тұрған жерінен шыға беріп, қайта жасырынады, өйткені екінші жақтан жуан, етжең священникке еріп, бір шал адам шығады.)

ТЕНОРИО. Шыда дейсіз! Диего әкей, ол әншейін айтар ауызға оңай. Әйтпесе, осы жалбас неме бүгін атымен келмей қойса, қайтеміз. Түн ортасы ауып кетті. Шыда дейсіз. Қайтып шыдайын. Менің ұлыма ара түспеңіз. Имандай сырым, көрерсіз де білерсіз, сол немеде жүрек жоқ. Шешесі де сондай еді. Қаршадайынан қаңтардың мұзындай сұпсуық, селт етпейді. Аттай жиырмаға келіп тұрып, аузымұрны қисаймай, әйел қауымына зауқым жоқ дейді. Әншейін ұялып айтқан болса бір жөн ғой, сорлатқанда сол айтып тұрғаны шыны. Бір бүкпесі болсайшы шіркіннің. Ойына не келсе де, лақ еткізіп айта салады. Жақында маған өліп-өшіп сүйетінім геометрия дейді. Әй, со немені уайымдай-уайымдай жүйкемнің жүн болып кетер түрі бар. Күнәсын айтуға келген бір де бір әйел оның атын ауызға алған емес деп өзіңіз айтып тұрсыз. Осы бір қаршадайынан қағынған жеріген тақуа неме менің жалғыз түйір ұлым,

тігерге тұяқ мұрагерім. Жиырма жасынан әйелге зауқы жоғалды дегенді. О заман да бұ заман естігеніңіз бар ма еді, киелі әкем?

ДИЕГО ӘКЕЙ. Сабыр етіңіз, сабыр етіңіз.

ТЕНОРИО. Селестинаны білуші ме едіңіз?

ДИЕГО ӘКЕЙ. Тс-с-с!

ТЕНОРИО. Ол әлгі күллі Испанияға әйгілі сайранхананың қожайыны ғой. Оған тіпті епископтардың да ісі түсетін көрінеді. Сол неменің есігінен аттамайтын жалғыз менің ұлым ғана. Селестинаға қанша қаражатымды шаштым. Әлгі менің бозбас ұлым сайранханаға барған соң, ештеңемен шаруасы жоқ, шахматқа кірісіп бергені. Өз көзіммен көрдім. Шаншылып шахмат ойнап отыр.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Жайырақ сөйлеңіз, сеньор Тенорио!

ТЕНОРИО. Әйел десе азар да безер болады.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Біреулер келе жатыр.

ТЕНОРИО. Осы немеге күйінем деп бір күні жүрегім жарылып кетпесе нетсін!

(командор Дон Гонсало кіреді.)

ДИЕГО ӘКЕЙ. Келді ме?

ДОН ГОНСАЛО. Қайдан келсін, әлі түн ортасы ауа қойған жоқ.

ТЕНОРИО. Севильяның командоры Дон Гонсало, өтінемін, менің ұлым жөнінде жаман ойда қалмаңыз. Дон-Жуан — менің жалғыз ұлым. Ол бүгін келер болса, одан жайсаң күйеу таба алмайсыз. Ол қанша аңғырт болсада тойының қай күні, қай сағатта болатынын ұмытпаған шығар деп ойлаймын. Жоқ, ол тап тойының қашан болатынын ұмыта қоймас.

ДОН ГОНСАЛО. Жас жігіт бір қиын оқиғаны бастан кешті, оның үстіне атпен ұзақ жол жүру де оңай емес. Келер. Мен сіздің балаңыз жайлы неге жаман ойлайын? Ол орасан қаһармандық көрсетті.

ТЕНОРИО. Рас айтасыз ба?

ДОН ГОНСАЛО. Маған жалған айтып не көрініпті; менің білуімше біздің еліміздің тарихына оның аты алтын әріптермен жазылып та үлгерді. Ол, Кордова қаһарманы.

ТЕНОРИО. Ол мұнандай болады деген үш ұйықтасам ойыма келген емес.

ДОН ГОНСАЛО. Мен де солай ойлаушы ем. Менің кеңесшілерім ол жөнінде жақсы пікір айтпайтын. Дон-Жуан жұрттың бәрін, тіпті мені де келеке қып жүретін көрінеді.

ТЕНОРИО. Жас неменің ондай-ондай желбастығы болады ғой.

ДОН ГОНСАЛО. Бірде өзіме шақырып алдым да, екеуден-екеу оңаша отырып, біз осы крест жорығына неге шықтық деп сұрадым. Ол күле береді. Біз, осы діні басқаларды неге жек көреміз деп тағы бір сауал қойдым.

ТЕНОРИО. Сонда не деді?

ДОН ГОНСАЛО. Өз басым діні өзге, пікірі өзге кісілерге тырнақтай да жаманшылық ойламаймын деді.

ТЕНОРИО. Әй, жел бас неме-ай. Бәрі де сол бұла жастың бұлғаңы ғой.

ДОН ГОНСАЛО. Қайта осы дінсіздерден бізге көп нәрсе үйренуге болар еді дейді ол. Енді бірде ағаштың түбінде араптардың кітабын оқып жатқанын көрдім.

ТЕНОРИО. Шамасы, геометрия болар. Оны құртып жүрген де сол шайтан алғыр геометрия.

ДОН ГОНСАЛО. Мұны неменеге оқып жатырсың деп сұрадым.

ТЕНОРИО. Тәңірім-ай, бұған не деді екен?

ДОН ГОНСАЛО. Күлді де қойды.

ТЕНОРИО. Жастық иттің шалығы ғой бәрі де.

ДОН ГОНСАЛО. Шынымды айтсам, сол күлкісіне жарылып кете жаздадым. Ашу үстінде балаңызға Кордоваға барып, жаудың бекіністерін өлшеп келуге әмір етем, бірақ ішімнен бұным әншейін бекер әуре ғой, қанша батыр, қанша албырт болса да, тап осыған дәті шыдамас, ендігәрі күлмек түгілі басымен қайғы боп, менен де бір айбынып қалсын деп ойлап тұрдым. Ертеңіне таңертең сап-сау, қолында бір парақ қағазы бар сап етіп, шатырыма кіріп келді. Өз көзіме өзім сенбедім. Дұшпанның бекінісінің ұзындығы 942 фут деп тайға таңба басқандай қып, жазып әкеліпті.

ТЕНОРИО. Оны қалай өлшеп шықты екен?

ДОН ГОНСАЛО. Сол жерде бұндайға ғұмыры батылдары бармайтын өзге офицерлердің көзінше оған: "Дон-Жуан Тенорио бұрын бұндай деп ойламаушы ем, бүгіннен бастап сен менің ұлымсың, қызым Аннаны, саған берем, Испан Кресін тағып, Кардова қаһарманы деп санаймын дедім". (музыка.)

ТЕНОРИО. Апырай, қалай өлшеп шыққан?

ДОН ГОНСАЛО. Оны өзінен мен де сұрадым.

ТЕНОРИО. Сонда не деді?

ДОН ГОНСАЛО. Күлді де қойды. (қолында маскасы бар Донна Эльвира кіреді.)

ДОННА ЭЛЬВИРА. Маскарад басталды. *(Би ырғағымен айналады.)*

Сарайдағылар биге кірісіп кетті. *(Ән салады.)*

Жайсаң жігіт, қайда жүрсің,
Бола бермес мұндай күн
Әйел-еркек емін-еркін
Жүрек тілін тыңдайтын.
Бұндай күні көз біткенді
Көмер ләззат пердесі.
Көнбес жүрек, көмбес ләззат
Жас жұбайлар зердесін
Жас жұбайлар бірін-бірі
Жаңылыспай табады.
Қызықтайтын болады жұрт
Жат құшақтың базарын.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Біз күйеуді күтіп отырмыз.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Ол келгелі қашан!

ТЕНОРИО. Менің ұлымды айтып тұрсыз ба, ол қашан келді?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Оның ақ боз аты қорада тұр. Сеньор Тенорио аттан түсіп жатқанын алыстан көзім шалып қалды. Ол деген шабандоздың өзі екен, қалай қарғып түскенін байқай да алмай қалдым. Жалт етті де жоқ болды.

ДОН ГОНСАЛО. Ал, донна Анна қайда?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Мен бүгін құдды қалыңдық қызым емес, өзім сияқты бір түрлі қобалжып тұрмын. Осы отырғандарымыздан басқа адамның бәрі де маска киіп алыпты. Мен кимесем де болар, күйеу балам мені қалыңдығымен шатыстыра қоймас. Ал, сіз қадірлі жұбайым, маска киіңіз. Бір-біріңіздің аттарыңызды атап қойып жүрмеңіздер. Маскарад жасайтын болған соң, барлық үрдісін бұлжытпай орындайық.

(Маска киген әйел мен еркек шығады.)

ӘЙЕЛ. Бұл сенсің ғой. Оған иманым кәміл. Қане, қолыңды әкелші.

ЕРКЕК. Жоқ, сен қателесіп тұрсың.

ӘЙЕЛ. Бұндай қол сенен басқа ешкімде жоқ.

ЕРКЕК. Тс-с-с! Жұрт естіп қалар.

(Дон Гонсало мен Тенорио маска киеді.)

ДОН ГОНСАЛО. Кеттік.

(Дон Гонсало мен Тенорио кетеді.)

ДОННА ЭЛЬВИРА. Сәл кідіре тұрыңыз, әулие әкей.

(Әйел мен Еркек сүйіседі.)

ДИЕГО ӘКЕЙ. Мына ұятсыздар кімдер екен? Әйелдің даусы таныс сияқты. Миранда мұнда не бітіріп жүреді?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Сіз онымен сөйлесіп көріңіз.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Миранданы айтасыз ба? Осындай зиялы қауымда жезөкшемен сөйлесіп мені не ант атты!

ДОННА ЭЛЬВИРА. Донна Аннаны айтам.

(Әйел мен еркек тағы сүйіседі.)

Бейшара қыз әбден қобалжып отыр. Күйеу жігіттің осында келгенін естігелі қуанышын жұрттан жасырып, ел көзіне көрінбей іннен інге тығылып жүр.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Ол өзі шабандоз екен, аттан түскеніне көз ілеспейді дедіңіз-ау.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Тыңдашы, Диего...

ДИЕГО ӘКЕЙ. Иә?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Сіз маған неге ренжіп тұрсыз?

ДИЕГО ӘКЕЙ. Донна Эльвира, мен испан шіркеуі табысының оннан біріне жарлы-жақыбайды жарылқап шашылмайтын болса, біз құсаған дін адамдары да есек мініп тепеңдеп жүрмей, ақ боз ат мініп алшаңдап жүрер еді-ау деп ойлап тұрмын.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Диего!

ДИЕГО ӘКЕЙ. Иә?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Мен күйеуімнің көзіне шөп салсам, тек сенімен ғана боламын деп ешкімге ешқашан уәде берген емеспін қымбаттым, көңілге босқа кірбің салып қайтеміз, осы ықыласымыз да жетер менің күйеуім барын ұмытпа. Тәңірім, оның бетін әрі қылсын, алда-жалда әлдеқандай бозбалаға ғашық боплып жүрсем, сенің емес, күйеуімнің көзіне шөп салғаным.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Эльвира!..

ДОННА ЭЛЬВИРА. Осы сөзімді ешқашан есіңнен шығарма.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Тс-с-с!

ДОННА ЭЛЬВИРА. Ал, енді донна Аннаға барайық.

(Донна Эльвира мен Диего әкей шығып кетеді. Сахнада әйел мен еркек және бағананың тасасына тығылып тұрған бозбала жігіт қана қалады.)

ӘЙЕЛ. Қателесіп тұрсың дейсің бе? Олай деуге аузың қалай барады? Ендеше, әйел мен еркектің арасында әуре-сарсаңнан басқа ештеңе болмайды ғой. Мен сенің қалай сүйісетініңді де ұмытып қалды ғой деп тұрсың ба?... Бірден таныдым. Сен маған сенбейсің бе? Неге сенбейсің? Сен маска кисем танымайды ғой деп ойлап па ең! Маскамды шешсем, осы бойда көшеге қуып шығады... *(Әйел маскасын шешеді.)*

ЕРКЕК. Миранда?!

ӘЙЕЛ. Я, мен сол жезөкшемін, олар мені тек жезөкше ғана деп ойлайды.

ЕРКЕК. Мұнда келуге қалай дәтің барды?

ӘЙЕЛ. Мен саған ғашықпын! Жүздеген еркектің ішінде жүзің ыстық ұшыраған өзің болған соң, қандай қауіп-қатерге де басымды тіктім. Мен сені ғана сүйем. Неге абыржып қалдың? Мен аймалаудан кенде емеспін, бірақ, қашан өзің жолыққанға дейін, солардың ешқайсысына көңілім селт етіп көрген емес. Неге үндемейсің? Мен әлі әйелге жақындап көрмеп едім дегенің де мен күліп жібердім. Соған жәбірленіп қалғандай болдың, бірақ оған мән бермеген рай таныттың, сосын шахмат ойнауға кірістік...

ЕРКЕК. Шахмат дейсің бе?

ӘЙЕЛ. Сенің қолыңа сонда көзім түсті.

ЕРКЕК. Шахматтан атымен хабарым жоқ.

ӘЙЕЛ. Мен күлгенде бүкіл Севильяда сенен асқан ақылды еркек жоғына көңілденіп күліп ем. Сен болсаң шахматтан басқа да шаруаң жоқ, ойға шомып түнеріп отырдың да қойдың. Мен сонда сайранханада да осынша сабырлы бұл неткен еркек деп сүйсініп көзімді ала алмадым.

ЕРКЕК. Менің атым — дон Родриго.

ӘЙЕЛ. Мүмкін емес!

ЕРКЕК. Неге күлесің?

ӘЙЕЛ. Сен дон Родригомысың? Байқаймын, мені бір кезде ол да құшқанын білген соң, қалжыңдап тұрсың ғой. Дон Родриго, оны да білем, бірақ сенен басқа еркектердің бір-бірінен тек аты-жөндері ғана өзге, әйтпесе, бірде-бірінде есте қалар қасиет жоқ. Мен кейде солардың шатысып кетпей, өздерін өздері қалай танитынына қайран қалам. Олардың сөйлеген сөзінде де, айма-лап-аялағанына да бір тұшынбайсың. Сенің дон Родриго сияқты кезбе достарыңа кісінің қаралай жүріп іші ашиды. Сен оларға атымен ұқсамайтыныңды өзің нағып білмейсің.

ЕРКЕК. Ендеше, мен сол дон Родригомын деп жер жүзіндегі барша әулие-әмбиелердің атынан түгел ант етсем қайтесің?

ӘЙЕЛ. Дон Родриго сиынатын әулие-әмбилердің бірінен де қаймықпай, қолыңнан айырылмай, тап осылай тұра берем. Қолыңды бірден таныдым. Тіпті сүйіп алсам ба екен! Менің жүрегімді тұңғыш лүпідеткен де осы бір қол болатын. Мұндай қол мынау жарық жалғанда жалғыз-ақ кісіде бар. Ол, сенсің, Дон-Жуан.

ЕРКЕК. Дон-Жуан?
(Әйел қолынан сүйегі.)

Ол әнеки, көріп ал!

(Еркек бағананың тасасынан шыққан жас жігітті көрсетеді. Миранда оны көргенде, көкірегіне қанжар сұғып алғандай шыңғырып жібереді. Сол екі арада жұп-жұп болып, полонез ырғағымен шыр айналған маскалы адамдар шығып, қол ұстасып билейді. Миранда да көпке араласып, көзден ғайып болады.)

ДОН РОДРИГО. Жуан, қашан келіп қалдың?

ДОН ЖУАН. Саған айтар сөзім боп тұр...

ДОН РОДРИГО. Сен неге жасырынып тұрсың. Достым-ау, сені жұрт күткелі қашан! Кәне, ішке кірмейсің бе?

ДОН-ЖУАН. Родриго, егер сен маған шын дос болсаң, менің бір айтатын қолқам бар еді. Оны орындау сен үшін түк емес, ал менің бүкіл тағдырым тек соған қарап тұр. Егер тап осы қазір бір амалын таппасам, өмірбақи өкінумен өтпекпін. Оны осы жаңа ғана білдім. Мен де басқа қайран қалмады. Тағдырымның бәрі қайдағы бір ақ боз атқа тәуелді екен. Кісіге бұдан артық қандай жәбір болушы еді. Родриго, сен маған қол ұшыңды бересің бе?

ДОН РОДРИГО. Түк түсінсем бұйырмасын.

ДОН-ЖУАН. Менің атымды қорадан алып шық.

ДОН-РОДРИГО. Ол неге керек?

ДОН-ЖУАН. Дәл қазір қашуым керек, Родриго.

ДОН-РОДРИГО. Қашам дейсің бе?

ДОН-ЖУАН. Иә, басымның бос кезінде, қапы қалмай тұрып зытайын.

(Қамал жақтан күлкі естіледі. Дон-Жуан досын құшақтап тасаға тығылады.)

Родриго, қорқып барам.

ДОН-РОДРИГО. Неге қорқасың? Қордова қаһарманы да қорқа ма екен?

ДОН-ЖУАН. Қайдағы былшылды қайдан айтып тұрсың!

ДОН-РОДРИГО. Қазір күллі Севильяда сенің даңқын жер жарып тұрған жоқ па?

ДОН-ЖУАН. Иә, олардың мені крест жорығы үшін жанын пидаға шалып, Кордовоға барып, жаудың бекінісін өз көзімен өлшеп келді деп жүргені рас.

ДОН-РОДРИГО. Енді қалай?

ДОН-РОДРИГО. Түк түсінсем бұйырмасын.

ДОН-ЖУАН. Родриго, бастауыш геометрия дегенді естіп пе ең, сірә. Мен оларға құмның бетіне сызып, бәрін тәптіштеп

түсіндірсем де, миларына кірмейді. Сосын біздің зеңбірекшілер нысанаға дәл тигізсе, жарықтық жасағанның жарылқағаны ғой бізді деп мәз болады. Осынша ақымақтықтарына амалсыз күлсем, ашуланып жарылып кете жаздайды.

(Жан-жағын бір шолып ап). Родриго...

ДОН-РОДРИГО. Сен неменеден қорқасың?

ДОН-ЖУАН. Мен ол қызды көргім келмейді.

ДОН-РОДРИГО. Кімді айтасың?

ДОН-ЖУАН. Қазір көркінің қандай екенін де білмеймін...

ДОН-РОДРИГО. Донна Анна ма айтып тұрғаның?

ДОН-ЖУАН. Не істерімді де білмеймін... Күні бойы аттан түскен жоқпын. Әуелі жеткенше асығып ем, артынан аттың басын өзім тежедім. Әйтпесе, күн барында-ақ келетін едім. Севильяның тас қорғаны көрінген соң, көз байланғанша тоғанның маңына жасырына тұрдым. Родриго, сен маған шынықты айтасың ба?

ДОН-РОДРИГО. Әрине.

ДОН-ЖУАН. Сен осы біреуге шыннан ғашық екеніңді қалай білесің?

ДОН-РОДРИГО. Қымбаттым, Жуан сен өзің не деп тұрсың?

ДОН-ЖУАН. Жалтармай жауап бер.

ДОН-РОДРИГО. Бұнына түсінбедім.

ДОН-ЖУАН. Оған өзім де түсініп тұрған жоқпын, Родриго.

Анда, тоғанның көк айдынының қасында... Дұрыс айтасың, Родриго.

Бұл өзі бір түсініксіз нәрсе екен. Менімше, сүйемін-ау деймін.

(Тоты құс шықылықтайды.)

Мынауы несі тағы?

(Тоты құс шықылықтайды.)

Иә, сүйемін. Бірақ кімді сүйемін?

ДОН-РОДРИГО. Өзіңнің қалыңдығың Донна Аннаны сүйесің де.

ДОН-ЖУАН. Мен соның қандай екенін де ұмытып қалыппын.

(Маска киген бір топ көңілді адамдар көрініп жоқ болады.)

Әлгілердің ішінде ол жоқ па?

ДОН-РОДРИГО. Қалыңдық маска кимейді... Шамасы, бақыттан басың айналып тұр ғой деймін, Дон-Жуан. Жүр, онан да ішке кірейік. Уақыт болды, түн ортасынан ауды.

ДОН-ЖУАН. Мен бармаймын.

ДОН-РОДРИГО. Сонда қайда бармақсың?

ДОН-ЖУАН. Бет алды құла-дүзге безе жөнелгім кеп тұр.

ДОН-РОДРИГО. Геометрияңды сағынып қалдың ба?

ДОН-ЖУАН. Есімді біліп, етек-жеңімді жинай алатын бір жерге зытқаным жөн. Мына жерде басым әбден шырдай болады. Келе беріп анадайдан терезеден тесіле қарап тұрған бір бойжеткенді көрдім. Егер маған ол бұрынырақ жолыққанда, мен үшін дүниедегі бірден бір қымбат адам сол болар еді, тек соны ғана сүйер едім Енді Аннаға құда түсіп қойдық қой.

ДОН-РОДРИГО. Бәлкім, терезеден қараған сол Аннаның өзі шығар.

ДОН-ЖУАН. О да мүмкін. Бірақ, соның анық-қанығын білмей тұрып, ақ некелі жолға қалай аттаймын, егер терезеден қараған ол емес мен едім деп басқа бір қыз шыға келсе қайтемін?

ДОН-РОДРИГО. Жайырақ сөйле.

ДОН-ЖУАН. Аузыңа берік бол, Родриго. Мені көргеніңді ешкімге айтып қойып жүр ме?

ДОН-РОДРИГО. Қайда барасың?

(Дон-Жуан балюстрададан қарғып өтіп, қараңғы парктің ішіне сіңіп кетеді. Дон-Родриго маскасын киеді. Диего әкей мен Донна Анна шығады, екеуі де маска кимеген.)

ДИЕГО ӘКЕЙ. Осы жер оңаша екен, көгершінім.

ДОННА АННА. Жоқ.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Неден сескендің?

ДОННА АННА. Біреу бар сияқты.

ДОН-РОДРИГО *(ән салады)*.

Жайсаң жігіт қайда жүрсің,

Бола бермес мұндай күн.

Әйел-еркек емін-еркін

Жүрек тілін тыңдайтын.

Бұндай күні көз біткенді

Көмер ләззат пердесі.

Көнбес жүрек, көмбес ләззат

Жас жұбайлар зердесін.

Жас жұбайлар жаңылыспай

Бірін-бірі табады.

Былайғы жұрт қызықтайды

Жат құшақтың базарын.

(Тағзым етеді.) Тәңірім. Алдыңыздан жарылғасын, аяулы қалыңдық, Донна Анна. *(Кетіп қалады.)*

ДОННА АННА. Мынау, бәлкім, сол шығар.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Күйеу жігіт маска кимес болар.

ДОННА АННА. Бір түрлі қорқынышты екен.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Қызым...

(тоты құстың даусы шығады.)

Қорықпа, бұл тоты құс қой. Бұ байғұстың да аңсағаны бар. Жеті апта бойы таранып, сыланып, тамағы қарлыққанша үн салып, бұ да жұбын шақырып тұр. Шамасы, бұның жұбайы да, тығылып ап көрінбей жатқанына қарағанда, сен құсап, бірденеден абыржитын сияқты ғой... Сен неге қалтырап-дірілдеп тұрсың?

ДОННА АННА. Мен оған ғашықпын.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Сонда да көзіне түскің келмейді ғой. Ғашық жарың ақ қанатты перілердей ақ боз аттан қарғып түскенін өз көзіммен көрдім, ондай сымбат, ондай тұлға еш пенде де жоқ деп анаң айтады. Мен анаңның жадына сонша жат болып қала қойғанына шәргім бар, бір-ақ гәп. келісті келбет, әсем сымбатта ғана емес, жігітте ол екеуінен басқа да әйелді табындыратын сипат болуы керек. Мәселен, ардың адалдығы, жанның тазалығы. Бірақ, әйелдер ондей еркектен бұғағы салбырап кетіпті, қарыны қампиып кетіпті деп алты көш аулаққа қашады. Көгершінім, күткен жарың, тоты құстай таранып, сұңқар құстай сыланып әлі-ақ келеді.

(Донна Анна кетіп қалмақшы болады.)

Тоқта! *(жібермей орындыққа отырғызады.)* Қайда барасың?

ДОННА АННА. Мен есімнен танатын түрім бар.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Сылқым жігіт қазір келіп, аялап, айма-лап есінді жиғызады.

ДОННА АННА. Ол өзі қайда жүр?

ДИЕГО ӘКЕЙ. Осы сарайдың бір жерінде әдет бойынша қалыңдығын іздеп жүрген шығар. Дінсіздер бұндай түнді сұрқия түн дейді. Шежірешілердің айтуынша, әйел мен еркек бірінің-бірі кім екінін білмей қауышып, аймаласа береді екен. Әйелдер де, еркектер де бетіне ғана перде жауып, қалған жері енеден туған қалпы жалаңаш тойлайтын көрінеді. Бұл дінсіздердің ғұрпы.

ДОННА АННА. Біреу келе жатқан сияқты.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Қай жақта?

ДОННА АННА. Маған әлде қос көрінді ме?

ДИЕГО ӘКЕЙ. Құрма ағаштың сыбдыры ғой.

ДОННА АННА. Сөзіңізді бөлгеніме ғафу етерсіз, Диего әкей.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Иә, дінсіздердің атамзаманғы гүрпы солай болыпты. Әйел мен еркек кездейсоқ табысыпты. Христиандар бұндай түнге табыс түні деп ат қойды; енді ол бұрынғыдай емес ғанибет сипат алды. Бұндай түнде енді тек күйеу мен қалындық қана аймаласатын болды. Олар махаббаттың құдіретімен, бірін-бірі беттеріне маска кесе де тануға тиіс болды. Аса бір ізгі, әсем гүрып емес пе?

ДОННА АННА. Иә.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Бірақ, шежірелердің айтуынша, қалындық пен күйеу жігітте өзге думаншылардай маска киетін кезде, әр қилы өкінішті оқиғалар да болыпты. Шежірелер бұндай түндерде кімнің кім екені танылмай не қалындықтың, не күйеу жігіттің басқа біреумен жиі арандап қалғанын жазады... Сен тындап отырсың ба, қалқам.

ДОННА АННА. Біреу келе жатыр-ау деймін.

(Іштен Донна Эльвира шығады.)

ДОННА ЭЛЬВИРА. Диего әкей!

ДИЕГО ӘКЕЙ. Не боп қалды?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Тезірек, бері келіп кетіңіз! Тез, тез...

(Диего әкей кетеді, Донна Анна жаңғыз өзі қараңғыда қап қояды. Тоты құстың тағы да қарлыққан даусы шығады. Қорыққан Донна Анна әлгінде ғана Дон Жуан қарғыған балюстрададан секіріп өтіп, қараңғыға сіңіп жоқ болады. Донна Эльвира қайтып оралады.)

ДОННА ЭЛЬВИРА. Анна! Қайда кеттің? Анна!

(Диего әкей қайтып оралады.)

ДИЕГО ӘКЕЙ. Бұл, әрине, жезөкше әйел. Оның аты МИРАНДА. Оны білмейтін кісі бар ма? Бұзылған неме бұл араға қайдан тап болған. Оның орны-сайралхананың сасық төсегі емес пе? *(бос қалған орындықты көреді.)* Донна Анна қайда кеткен?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Анна? Анна!

ДИЕГО ӘКЕЙ. Ол, бәлкім, сарайға кірген шығар.

(Донна Эльвира мен Диего әкей сарайға кіреді. Тыныштың. Тағы да тоты құстың қарлыққан даусы шығады.)

ИНТЕРМЕДИЯ

Сахна алдына Селестина мен Миранда шығады.

СЕЛЕСТИНА. Байың өлген қатындай дауыс салмай қой енді. Қайдағы пәлені қайдан іздеп табасындар осы. Басыңды алып жүре алмайтын болсаң, қыңыр-соқырыңды қолтығыңа қыс та, қайқайып тұр!

МИРАНДА. Селестина!

СЕЛЕСТИНА. Жыламақ түгілі көзің ойылсын.

МИРАНДА. Қайда барып паналаймын.

СЕЛЕСТИНА. Ғашық болғышың... Маған ұялмай-қызармай қалай келіп тұрсың. Жарық жалғаннан жаңғыз-ақ еркекті сүйіп өтпек. Бар... бар! Затыңды ал да, зыт! Қайдағы бір махаббат-сахаббатты естеріңнен шығарыңдар деп қашанғы айтам осы? Ол неменің тауқыметін мен де тартқам, махаббат, махаббат деп маңқа болған сиырдай менің де әбден басым қатқан. Ол итің де өтті де кетті. Әйтпесе, осындай әйгілі мекемеге қожа бола алар ма ем? Жан жүрегіңді жарып шыққан көз жасының құдіретін мен де білем. Бірақ, сол уақытта ендігәрі бұндай есуас болмасқа бір құдайдың өзіне ант бергенмін. Мен сендерге туған аналарыңдай емеспін бе? Сен сияқты әрі сұлу, әрі өтімді әйелге бозбала бойжетендей ағыл-тегіл жылап, күні-түні қыңсылап отырып, не көрініпті. Қолы-ай, мұрны-ай, маңдайы-ай дейсің! Әлгі нақ сүйерінің тағы неменесі бар екен. Кәне айт, шапшаң! Саусағы-ай, құлағы-ай, сирағы ай! Кәне, жаныңның барында айт тезірек, о немененің өзге еркектен ала бөтен жаралған бірденесі бар ма екен? Бәсе, мауыққан мысықтай алаңғасарланып жүргеніңді әлдеқашан-ақ байқап едім-ау...

МИРАНДА. Ол өзге еркектерге атымен ұқсамайды.

СЕЛЕСТИНА. Жөнел!

МИРАНДА. Селестина!

СЕЛЕСТИНА. Жөнел дедім ғой. жөнел! Бұдан былай менің үйімнен бұндай есуасты көрсем, ит боп кетейін. Біреуге ғашық болып ап, ол жетпегендей, мына маған Испаниядағы ең үлкен сайранхананың иесіне, бет-аузы былш етпей жаңғыз-ақ еркекті сүйейін деп едім деп жалбарыныш қылады.

МИРАНДА. Е, жасаған, жар бола көр!

СЕЛЕСТИНА. Бұл менің берген тәрбиемнің, баққан-қаққанымның қиуазын қайтарғаның ба?

МИРАНДА. Селестина!

СЕЛЕСТИНА. Селестина, Селестина деп не қақылдай бересің? Бұл жүзі қара енді менің өзімді келеке қып тұрғаннан сау ма? Өйтіп өтірік көлгірсіме, мен саған сайқал көрсе, сайтан арбағандай алданып қалатын ашық ауыз еркек емеспін. Шырағым, енді сені құдай аясын, менің аяғанымды, міне, алдымнан шығардың. Енді осы сөзімнен өзгерер болсам, атымды Селестина емес, басқа қой. Мен өз жөнімді өзім білемін. Сонда, сен, осы еркектер бұл араға не іздеп

келеді деп жүрсің? Сен құсаған бір сайқал ғашық болсын, көрсін де талақтай жабысып, айырылмай қойсын деп келеді деп пе ең? Мен ғой, дүниеде әйелдің жасы да, кәрісі де, байы бары да, байы жоғы да, дәулеттісі де, дәулетсізі де жеткілікті деп қашанғы айтам. Бірақ, сөйте тұра, еркек біткен дүниеде жібі түзу әйел құрығандай неге осында келгіштей береді? Білмейсің бе, бикешім! Ендеше, біліп қой. Олар мұнда келгенде жалған қылымсудан, аяр аймаласудан атымен азат болады, қалтасындағы ақшасына керегін табады да, емін-еркін тояттайды. О байғұстардың бостандықты бір көрсе көретін жері тек осы. Өкімет орындары менің мекемеді жауып тастаймыз деп қиқу шығарғанда кемеңгер судья дон Октавионың не дегенін сен білмейсің ғой. "Бұл әйгілі ханымды мазалап қайтесіздер, әдебиет не қилы ібіліс-ластықты таратып жатқанда, мұндай мекемеден бәрібір құтыла алмаймыз", — деген, ол мені айдай әлемнің алдында ақтап алып қалған-ды. Демек, мені, менің мекемеді мемлекеттің өзі қорғайды. Мен сен сияқтыларды еркіне жібере берсем, бұндай үлкен сенімге қайтып ие бола алам? Шырағым, мен мұнда нәзік сезімнің базарын ашқан жоқпын, қарауымдағы ұрғашылардың бір еркектің құшағында жатып, екінші бір еркекке аңсары ауатын ұйтқыма мекерлігіне жол беріп қоя алмаймын. Ондай еркектер мұннан іздеп қайтеді, көңін күйеуіне сатып, көңілін басқаға базарлататын бір-бір жүзіқара үйлерінде де бар.

Жә, затыңды ал да, зытып тұр.

МИРАНДА. Сонда не істемекпін?

СЕЛЕСТИНА. Күйеуге шық.

МИРАНДА. Селестина...

СЕЛЕСТИНА. Сен қара басқыр енді күйеуге шықпағанда не істейсің? Сау басыңа сақинаны өзің тілеп тұрған жоқсың ба? Әйтпесе, біздің заманымызда нағыз қолды сұлу өзің болмас па ең, жұрттың бәрі саған таласып қырылысып жатпас па еді. Ғашық болғыш немесің ғой, ал, бол енді. Бәлкім, сарықарын бәйбіше болғаныңды көрерміз. Жолыңа тұрмайын. Айтпады деме, ертең-ақ өзің өкінесің, бірақ, бұл үйдің есігін енді қайтып ашуың қиынға түсер. Әдетте сендей сұлу тәнін сатса да, жанын ешкімге сатпас болар еді.

(Миранда жылап жібереді.)

Мен енді айтарымды айттым. Есігімнің алдынан аулаққа кетіп жыла. Бұл — сайранхана, қазір халық келеді. *(кетеді.)*

МИРАНДА. Мен оған ғашықпын.

ШЫМЫЛДЫҚ

ЕКІНШІ АКТ

Сарайдағы зал. Абыр-сабыр әбігерленіп жүрген әйелдердің ортасында сәукеле киіп, Донна Анна отыр. Донна Инес қалыңдықтың шашын тарап тұр.

ДОННА ИНЕС. Жә, шуылдамай, аулақ кетіндер. Өңіріне түйреуішті өзім қадармын. Қалыңдықтың жолдасы мен емеспін бе, сендерге не бар? Айнаны алып кел.

(Әйелдер кетеді).

Шашың су-су ғой. Тіпті тарақ өткізбейді, мынаны қара, топырақ жұғып қалыпты. Қайда болып ең Шөп те жабысқан ба?

(Донна Анна үндемейді.)

ДОННА АННА. Иә.

ДОННА ИНЕС. Мүлгімей есінді жина, бүгін тойың ғой. Естімейсің бе, қоңырау соғып жатыр. Родриго жаңа жұрттың бәрі балконға шығып, анталап күтіп тұр деп кетті. Севильяда мұндай той өмірбақи болған емес деседі.

ДОННА АННА. Мүмкін...

ДОННА ИНЕС. Тағы бір шөп таптым. Түсіңде қайда барып жүр едің? *(Ол Аннаны тарап болып, айнаны қолына алады.)* Анна, мен оны көрдім.

ДОННА АННА. Кімді көрдің?

ДОННА ИНЕС. Есіктен сығалап көрдім. Несін жасырасың? Ол тордағы жолбарыстай аласұрып жүр екен. Кенет тоқтай қап, қынынан қылышын суырып, жүзіне қарады. Сайысқа шығатын кісі сияқты. Тұла бойына түп-түгел сусыма ақ жібек киіпті.

ДОННА АННА. Менің пердем қайда?

ДОННА ИНЕС. Қазір мынау қара түндей пердеңді әулие әкей өз қолымен көтеріп: Дон Жуан, сен қызды танысың ба? Донна Анна, сен бұл жігітті танысың ба? — деп сұрайды.

ДОННА АННА. Біз егер бір-бірімізді танымай қалсақ не болады?

ДОННА ИНЕС. Анна!

ДОННА АННА. Пердемді берші.

ДОННА ИНЕС. Әуелі айнаға қарап ал.

ДОННА АННА. Қарағым келмейді.

ДОННА ИНЕС. Анна, сен сондай әдемісің...

ДОННА АННА. Мен өте бақыттымын. Тек тезірек тағы да түн болса екен. Мен енді әйелмін. "Қабырғаға түскен көлеңкемізге қарашы, біз енді біріміз әйел, біріміз

еркекпіз", — деді ол. Бұл түсім емес, өңімде болды. Неге қызарып кеттің, өйтсең, менде ұяламын. Жоқ, бұл түсім емес. Біз мәз-мәйрам күлдік. Аты-жөнімді де сұрамастан аймалай жөнелді. Әуелі ол мені ернімнен сүйді, сосын оның аты-жөнін сұрамау үшін, мен ернінен сүйдім. Ол мені көтеріп алды да, тоғанды кешіп, аргы бетке алып өтті, қап-қара судан аяғын қалай алып жүргеніне дейін естіп жаттым.

ДОННА ИНЕС. Ол күйеу жігіт пе?

ДОННА АННА. Менің күйеуім енді басқа ешкім де емес, тек сол болады. Менің бар білетінім тек сол ғана. Оған басқа ешкімнің керегі жоқ. Бүгін тағы тоған қасында күтіп тұрады. Енді одан басқа кісінің маған қолын созуға қақысы жоқ. Жарық жалғанда мен үшін одан артық, одан асыл ешкім жоқ. Мен оны жанымдай жақсы көрем.

ДОННА ИНЕС. Жайырақ сөйле.

ДОННА АННА. Тезірек түн болса екен.

ДОННА ИНЕС. Біреулер келе жатыр.

ДОННА АННА. Пердені берші.

(Гонсало мен Диего әкей кіреді.)

ДОН ГОНСАЛО. Ақ некенің шағы болды. Мен өзім жалтылдақ сөзге шорқақтау жанмын. Әкең байғұстың не күйде тұрғанын өзің біле жатарсың, келші, бетіңнен бір иіскейін.

ДОН ДИЕГО. Перде қайда?

ДОННА ИНЕС. Қазір.

ДОН ДИЕГО. Барып, әзірлене беріңдер.

(Донна Инес пен Донна Анна шығып кетеді.)

ДИЕГО ӘКЕЙ. Міне, енді, оңаша қалдық. Сіз неге мүдіріп тұрсыз. Айта беріңіз, командор. Мен — монах, сіз — бір үйлі жанның әкесісіз, бір-бірімізді түсінісерміз. *(Екеуі де отырады.)* Айта беріңіз.

ДОН ГОНСАЛО. Жаңағы айтқанымдай, Кордоваға да жеттік. Барсақ дінсіздердің билеушісі Мұхамед қара жамылыпты, қасында бүкіл сарай адамдары ағыл-тегіл жылап отыр. "Енді, бәрі сіздікі. Шетінен иемдене беріңіз, христиан жиһангері", — деді Мұхамед. Осыншама сән-салтанатқа айран-асыр қап, тұрып қалыпшың. Ондай әдемі сарай өңім түгіл, түсіме кірген емес. Күмбездері күмістей жалтырайды, жан-жағыңның бәрі хауыз, бәрі гүлзар. Мұхамед көзінің жасын көл қылып тұрып, кітапханасының кілтін берді. Мен оны сол бойда өртетіп жібердім.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Гм.. м!

ДОН ГОНСАЛО. "Ал, мынау менің гаремім еді", — деп, Мұхамед тағы да жылап жіберді. Қыздар ызы-қиқы дауыс

сап жатыр. Бір кереметтей жұпар иіс танауымды жарып барады. "Ал, христиан жиһангері, бұлар да сенікі, бұларды да иемдене бер", — деді ол.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Гм-м...

ДОН ГОНСАЛО. Шетінен жұпар аңқиды.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Оны айтқансыз.

ДОН ГОНСАЛО. "Ал, шетінен иемдене бер!", — деді Мұхамед.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Өздері қанша екен?

ДОН ГОНСАЛО. Қыздарды айтасың ба?

ДИЕГО ӘКЕЙ. Иә.

ДОН ГОНСАЛО. Әлде жетеу, әлде тоғыз.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Гм-м!

ДОН ГОНСАЛО. Мен сол күнгі күнәма кешірім алмай тұрып, некелесу салтанатына қатысқым келмеп еді.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Түсінікті.

ДОН ГОНСАЛО. Әңгіме менің жар төсегімнің тазалығы жайында..

ДИЕГО ӘКЕЙ. Өйтіп, мені шошытпаңыз!

ДОН ГОНСАЛО. Мен оған он жеті жыл бойы адал жар болдым.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Оны жұрттың бәрі біледі. Сіздің ақ адал некеңізді шайтан иектеген, ақ жолдан азғандардың бәріне өнеге тұтып уағыздап келеміз. Әлгі гарем ұстайтын һарам дінсіздер енді Севильяның ошақ басы дау-шарына қай беттерімен күле алар екен! Командор, егер осы Испанияда сізге ұқсаған өнегелі күйеу болмаса... Жә, сөзіңізді бөлмейін.

ДОН-ГОНСАЛО. "Енді бәрі де сенікі", — деді ол.

ДИЕГО ӘКЕЙ. "Ал да, иемдене бер", — деді ғой.

ДОН-ГОНСАЛО. Дәл солай деді.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Иә?

ДОН ГОНСАЛО. Қыздар тек арабшаға ғана түсінеді екен, әйтпесе, әңгімені бұнша соза беріп қайтейін. Мен оларға үйлі-баранды екенімді, ондай нәрсенің күнә болатынын ұғындыра алмадым.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Немене қыздар ерсі бірдеңе істеді ме?

ДОН ГОНСАЛО. Мұхамедке істейтіндерін істегісі келді.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Иә, сосын...

ДОН ГОНСАЛО. Диего әкей, мен күнәға баттым.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Түсінікті.

ДОН ГОНСАЛО. Көңіліме бір арам ой қашты, о да күнә ғой.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Тек сол ғана ма?

ДОН ГОНСАЛО. Сол арада ішімнен жар төсекке адалдыққа берген антыма алғаш рет тіл тигіздім.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Сосын?

ДОН ГОНСАЛО. Сосын сол арада он жеті жылғы ақ некелі өміріме өкіндім.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Иә, сосын не істедіңіз енді?

ДОН ГОНСАЛО. Нені айтасыз?

ДИЕГО ӘКЕЙ. Дон Гонсало, абыржымаңыз, ағыңыздан жарылып, адал сырыңызды айтыңыз. Менен жасырғанмен, құдайдан жасыра алмайсыз.

ДОН-ГОНСАЛО. Сонда нені айт дейсіңіз.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Бәріміз де күнәһар пендеміз, қысылмаңыз, айта беріңіз.

ДОН ГОНСАЛО. Мен ештеңе істегенім жоқ.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Ештеңе істемегені қалай?

(Әдемі киінген Донна Эльвира, Тенорио, Дон Родриго, үш күзен, балалар мен қыздар, кернейшілер кіреді.)

ДОННА ЭЛЬВИРА. Қадірлі зайыбым, бәрі әзір. Осыдан он жеті жыл бұрынғыдай думандатып жатырмыз. Шіркін, сол жастық шақ қайта оралар ма еді?

ДОН ГОНСАЛО. Ал, күйеу жігіт, қайда?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Ол қандай сүйкімді еді!

ДОН ГОНСАЛО. Келді ме өзі?

ДОН РОДРИГО. Менің досым Дон-Жуан кешіккеніне кешірім өтінеді. Кеше ұзақ жол жүріп, шаршап қалып, балға келе алмапты. Қалыңдығы мен болашақ қайын ата, қайын енесінің алдында мүлгіп тұрмайын деп, көз іліндіріп алмақ болған екен, таң сарғайғанша бақша ішінде ұйықтап қалыпты. Менен осы жағдайымды түсіндір деп сұрап еді. Ол сіздер кешірді деп хабарлағанымша, ұялып кіре алмай тұр.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Ұялып тұр дейсіз бе, мен көрген күйеудің ішіндегі ибалысы екен. Кешірмейтіндей не жазыпты. *(Дон Родриго кетеді.)* Мен оны көргенімде: "Неге қолыңды тістелеп тұрсыз?" — деп сұрадым, ол үнсіз телміріп тұра берді. "Донна Аннамысыз?", — деп сұрады ол, қалыңдығын көргендей қызарақтап, шамасы оның қандай екенін де білмейтін болса керек. Шіркін, сондай жігіттің қалыңдығы болсам!.. Мен юбкамы түзеп болғанша, ол иіліп тағзым да еткен жоқ. Менің соңымнан көз алмай қарап тұрғанын айнадан көзім шалып қалды. Өзі сондай аңғал, әлде бір тұңғық ойға батқан...

ТЕНОРИО. Онысы жаман емес.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Құдды өлім жазасына кесілген кісідей сілейіп тұр.

(Керней гаусы. Дон Родриго мен Дон-Жуан кіреді.)

ТЕНОРИО. Балам!

ДОН-ЖУАН. Әке!

ТЕНОРИО. Сәл сабыр етулеріңізді сұраймын. Әдет бойынша менің бір-екі ауыз сөз айтуым керек. Қуанышым қойныма сияр емес Жарығым, сенің де күйеу болып, жар сүйгеніңді көргелі тұрмын. Дос-жарандар менің қазіргі қуанышыма өздері де түсінеді. Балам, бұл, алғаш рет те, ақырғы рет те жар сүйгенің болсын.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Жақсы айттыңыз.

ТЕНОРИО. Бабалардың салты ғой...

ДИЕГО ӘКЕЙ. Қысқарта айтыңыз.

ТЕНОРИО. Жасаған беттеріңнен жарылғасын, бақыттарыңды ашсын.

(Дон-Жуан тізерлеп тағзым етеді.)

ДОННА ЭЛЬВИРА. Неткен ибалы жігіт.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Сіз не дедіңіз?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Неткен ибалы жігіт деймін. *(Дон-Жуан орнынан тұрады.)*

ДОН-ГОНСАЛО. Ұлым.

ДОН-ЖУАН. Қайын ата.

ДОН ГОНСАЛО. Мен де сөзге шорқақ кісі едім, айтқаным келте шықса кешірім өтінемін. Бірақ, тілегім дұрыс. *(Дон Жуан тағы да тізе бүгіп тағзым етеді.)* Неке қиятын уақыт болды.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Киелі әкем, менің қадірлі зайыбым онша ділмар кісі емес, енді айтатын сөзі жоқ. Дабыл бергізсек, қайтеді.

ДОН ГОНСАЛО. Иә, уақыт болды.

ТЕНОРИО. Құдай оң десін!

ДОН ГОНСАЛО. Құдай оң десін!

(Екі құда құшақтасады. Керней гаусы шығады. Бетіне қара перде жауып, ақ жібек киінген қалыңдық шығады. Оны Донна Инес қолтықтап келеді. Үрдіс бойынша Дон Жуан қалыңдығының қарсы алдына барып тұрады. Алдарында священник. Жұрттың бәрі жер тізерлейді. Керней ойналады.)

ДИЕГО ӘКЕЙ. Сен, Севилья командоры дон Гонсало Уллоаның

ДОН-ЖУАН. Мен әзір емеспін дедім ғой.

(Священник дұға бастайды.)

Жоқ! Әзір емеспін!

(Жұрт тізерлеп мінәжат қылады.)

Мен әзір емеспін!

(Дұға үзіледі. Үнсіздік.)

Халайық, түрегеліңіздер!

ДОН ГОНСАЛО. Мынау не деп тұр?

ТЕНОРИО. Балам, саған не болған...

ДОН ГОНСАЛО. Әзір емеспіні қалай?

ДОН-ЖУАН. Иә. Дәл қазір әзір емеспін. Кешіріңіздер...

Сіздер неге тұрмайсыздар?

ДИЕГО ӘКЕЙ. Бұл не болғаны сонда?

ДОН-ЖУАН. Мен ант су іше алмаймын.... біз бүгінгі түнді бірге өткізіп едік, мен сосын таныдым...

ДОН ГОНСАЛО. Мынау не деп тұр?

ДОН-ЖУАН. Бір түн бойы бірге түнеп шықсақ, бір-бірімізді, әрине, бірден танимыз.

ДОН-ГОНСАЛО. Бірге болдық дей ме? Бұл не дегені?

ДОН-ЖУАН. Мен бұны айтпай-ақ қояйын деп едім.

ДОННА АННА. Бірақ, рас қой.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Балалар, барыңдар! Жә, доғарыңдар, болды!

ДОН-ЖУАН. Біз ойда жоқ жерде кеше түн ортасында бақ ішінде жолықтық. Қараңғы түнде бір-біріміздің кім екенімізді де білген жоқпыз. Бір-бірімізді де сол арада сүйіп қалдық. Бүгін тағы да тоған жанында кездесуге уәде байластық. Сол жолығыста мен оны алып қашуға ант бергенмін.

ДОН ГОНСАЛО. Алып қашуға?

ДОН-ЖУАН. Иә.

ДОН ГОНСАЛО. Менің қызымды ма?

ДОН-ЖУАН. Мен онда сіздің қызыңыз екенін білген жоқпын...

ДОН ГОНСАЛО. Сен Эльвира, сірә, бірдеңе түсініп тұрмысың?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Қашанда сен түсінбегенді мен түсінуші едім ғой.

ДОН-ЖУАН. Егер мен кеше әбден шаршап бақ ішінде таң атқанша ұйықтап қалмағанда, шынымды айтайын, бүгін осы шырғалаңның бірі де болмас еді. Енді не істейін? Кеш қалыппын. Соның арасынша керней де зарлай жөнелді. Сосын не болса о болсын, артын бір көрерміз, әзірге ант-су ішіп алдарқата тұрайын, мейлі бүгінгі той шатаққа айналса айнала берсін, қас қарайған соң кешегі қызды алып қашып кетемін деп ойлады. *(Донна Аннаға бұрылады.)*

Бұлай болатыны үш ұйықтасам түсіме кіріп пе?

ДИЕГО ӘКЕЙ. Нені айтасың?

ДОН-ЖУАН. Сені менің қалыңдығым деп ойлаған емесің.

ТЕНОРИО. Әй, жастық ит, бұлдірмей жүрмейсің-ау!

ДОН-ЖУАН. Әке, мені ешқандай дыр-думанмен өзім сенбейтін нәрсеге ант беруге көндіре алмайсыздар. Мен ең алдымен өзіме сенбеймін. Кімді сүйетінімді де білмеймін. Бұл айтып тұрғаным имандай шыным. Сіздерге бұдан басқа айтар сөзім жоқ. Осы арадан тезірек кетуге рұхсат етсеңіз, ең ғанибеті сол болар еді.

(Тағзым етеді.) Істің бүйтіп насырға шапқанына өзім де аз өкініп тұрған жоқпын.

ДОН ГОНСАЛО. Арды аяққа басқан әзәзіл неме!

(Дон Жуан кетуге ыңғайланады.)

Сен мен тірі тұрғанда бұл үйден тірі шықпайсың. *(Қылышын суырады.)*

ДОН-ЖУАН. Бұныңыз не?

ДОН ГОНСАЛО. Сен бұл үйден тірі шықпайсың!

ДОН-ЖУАН. Бұл шыныңыз ба?

ДОН ГОНСАЛО. Қапы қалма, қорғанып бақ!

ДОН ЖУАН. Мен бәрібір сыйыспаймын.

ДОН ГОНСАЛО. Мен тірі тұрғанда, сен бұл үйден тірі шықпайсың деп айттым ғой. Осы сөзімде тұрмасам, Дон Гонсало атым құрысын.

ДОН-ЖУАН. Мен ешкімді өлтіргім келмейді.

ДОН ГОНСАЛО. Ендеше, тірі кетпейсің!

ДОН-ЖУАН. Бұдан не пәтуа шығады? *(Екінші жаққа бұрылады.)*

Донна Эльвира, сіздің зайыбыңыз маған бостан-босқа кісі қанын арқалатпақшы. Бір амалын тапсаңызшы, өтінем? *(Донна Эльвираға тағзым етіп, кетіп қалмақшы болады. Қыздың үш немере ағасы қылыштарын суырып, алдын кескестейді.)* Бұларыңыз шын ба, жоқ қалжың ба?

ДОН ГОНСАЛО. Ар төккен аяр неменің сазайын тартқызыңдар.

ҮШ ЖІГІТ. Тартқызамыз!

(Дон-Жуан қылышын суырады.)

Аяр неме ажалын бізден табады!

ДОН-ЖУАН. Қызметіңізге әзірмін.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Догарыңдар!

ДОН-ЖУАН. Жә, тап мына сабаздардан саса қояр мен жоқпын.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Тоқтат! *(Ара түседі.)* Төртеуің бірдей бір жігітке жабылайын деп не едіңдер? Біз әлі жас жігіттің сонша неге абыржығанына да түсініп тұрған жоқпыз. Естерің дұрыс па, өздеріңнің?

Ақылға келіңіздер, түге. Жә, доғарындар енді! *(Қылыштарын түсіреді.)* Әулие әкей, сіз неге үндемейсіз?

ДИЕГО ӘКЕЙ. Мен...

ДОН-ЖУАН. Әулие әкей үндегенде не дейді? Мені басқа түсінбесе де, бұл кісі түсінер. Өзінің осы күнге дейін үйленбей бойдақ жүруі тегіннен-тегін деп пе едіңіз!

ДИЕГО ӘКЕЙ. Мені айтасың ба?

ДОН-ЖУАН. Иә, сіз, мәселен, донна Эльвираға нағып үйленбедіңіз?

ДИЕГО ӘКЕЙ. Тәңірім-ау, мынау не дейді?

ДОН-ЖУАН. Дұрыс айтасыз. Сіз тәңірге сиынасыз, мен геометрияға сиынам. Ақыл-ойы дұрыс еркек табынғасын, тап әйелден гөрі естірек те қасиеттірек те бірдеңеге табынуы керек қой.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Сонда бұл сөзіңнің төркіні не?

ДОН-ЖУАН. Қалай түсінгіңіз келсе, солай түсініңіз.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Дегенмен де!

ДОН-ЖУАН. Менің де ойлағаным бар. Одан ешкім айныта алмайды. Мен, бірақ, осы сөзіме басқа түсінсе де тап командордың түсіне қоятынына шәгім бар.

ТЕНОРИО. Әй, жастық ит-ай!

ДОН-ЖУАН. Немене әке, жүрегің жарылып бара ма! Сен мені он үш жасымнан қит етсем, жүрегім жарылады деп қорқытатынсың. Мен енді сол жүрегіңіз шыннан тарс айырылып кетсе де, таңғала қоймаспын. *(үш жігітке.)* Кәне, сайысамыз ба, жоқ па?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Дон-Жуан, қымбаттым...

ДОН-ЖУАН. Мен де жігітпін, Донна Эльвира. Әйелдің арына менде ара түсе аламын. Бірақ, жас екен деп опонай басымды айналдырғысы келетіндерге тәлкек болар жәйім жоқ.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Қымбатты Дон Жуан...

ДОН-ЖУАН. Маған айтар не қолқаңыз бар?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Менің жалғыз-ақ сауалым бар. Соған жауап берсеңіз болды. *(Жігіттерге)*. Жоғалт әрі! *(Күйеуіне)* Сен де шошаңдата бермей, көзін құрт былай! Олар қылыштарын салып қояды. Дон-Жуан Тенорио, сіз қалыңдығыңыз Донна Аннаға үйленуге келіп пе едіңіз?

ДОН-ЖУАН. Кеше солай болатын.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Түсінемін. Кенет сіз де, Анна да жүрексініп, баққа бардыңыздар. Екеуіңіз де ендігі тағдырымыз не боп кетеді деп абыржыдыңыздар. Рас қой? Сол арада қараңғыда бір-біріңізге жолығып қал-

дыңыздар, жайсаң жар құшағын, жарқын тағдырларыңызды да тап сол арада таптыңыздар.

ДОН-ЖУАН. Дәл солай.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Таң-тамаша болдыңыздар.

ДОН-ЖУАН. Иә.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Сіз сол арада өзіңіз көзіне шөп салған қалыңдығыңызға үйленбей, әлгі жолыққан қызды алып қашпақшы болдыңыз.

ДОН-ЖУАН. Иә.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Ендеше неге солай етпейсіз?

ДОН-ЖУАН. Неге өйтем?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Сіз сол қыздың қалыңдығыңыз да, ғашығыңыз да бір өзі болғандықтан қашан алып кетер екен деп әбден тағаты таусылып тұрғанын көрмей тұрсыз ба?

ДОН-ЖУАН. Енді алып кете алмаймын.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Неге?

ДОН ГОНСАЛО. Неге? Неге? Не негесі болсын! *(Қылышын суырып.)*

Қызымның арын төккен неменің мен қанын төгем.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Қадірлі зайыбым...

ДОН ГОНСАЛО. Қорғаныңыз!

ДОННА ЭЛЬВИРА. Қадірлі зайыбым-ау, біз енді келісімге келейік те?

ДОН-ЖУАН. Келісім жоқ. Мен ант бере алмаймын. Кімді сүйетінімді анық білмей тұрып, қалай ант берем. Байқасам адамның басына тап болмайтын нәрсе жоқ екен. Қадірлі қалыңдығым, сіз кеше басқа жігітті емес, мені, болашақ күйеуіңізді сарыла күттіңіз ғой, сөйте тұра көзіңізге бірінші түскен кездейсоқ біреумен бақытқа кенелген жоқсыз ба?

ДОН ГОНСАЛО. Жетті енді!

ДОН-ЖУАН. Басыңызға мәрмәр ескерткіш қойдыруға сонша асықсаңыз, сіздің-ақ дегеніңіз болсын! *(күледі.)* Христиандардың қаһарманы басыңызбен Кордова гаремінде сілекейіңіздің қалай шұбырғанын мен өз көзіммен көріп едім. Мавр қыздары сіздің ер жүрегіңізді ертіп, әбден басыңызды айналдырып алды. Бірақ, сонда құлқыныңыз құрып тұрса да, қайраныңыз болмай, қалай абдырағаныңыз да көз алдымызда. Неге үндемейсіз?

(Дон Гонсалонның қолынан қылышы түсіп кетеді.)

Мен қызметіңізге әзірмін.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Жуан...

ДОН-ЖУАН. Осы менің бұл арадан тезірек кеткенім

жөн болар. Әйтпесе, әдептен асып барамын. *(Қылышын қынына салады.)* Ал, мен енді Севильядан қарамды өшірейін.

ДОННА АННА. Жуан!

ДОН-ЖУАН. Қош бол! *(Донна Аннаның қолынан сүйегі.)* Анна, мен қалыңдығымды ма, жоқ басқа қызды ма, қайсысын сүйетінімді әлі білмей дағдарып жүргенде сені сүйіп ем. Енді маған екеуі де жоқ. Енді маған сен де жоқсың. Мен енді өзімнің де не боларымды білмеймін. *(Тағы да қолынан сүйегі.)* Қош бол.

ДОННА АННА. Қош бол! *(Дон-Жуан кетеді.)* Жуан, ұмытпа! Бүгін қас қарая тоған қасында күтемін. Ұмытып кетпе. Жуан... Жуан!... Жуан!...

ДИЕГО ӘКЕЙ. Әлгі әззәзілді *(Донна Анна соңынан жүгіріп кетеді.)* тегіннен-тегін жіберіп қойып, тұрасыздар ма?

ДОН ГОНСАЛО. Жасаған жорытқанда жолын қылмасын.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Құдайдың кәрі дін адамы қарғаса гана түседі.

ДОН ГОНСАЛО. Тез, қуып жетіңдер! Тез! Бақты қоршап ап шығармаңдар. Тезірек! Иттерді де босатыңдар! Барыңдар!

(Сахнада Донна Эльвира мен Тенорио ғана қалады.)

ТЕНОРИО. Ұлымның мына қылығына жерге кіріп кете жаздадым.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Жоқ, ол жайсаң жігіт.

ТЕНОРИО. Тірілей өлтірді деген осы ғой. Енді қайттім.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Жә, қойыңызшы. Босқа күйгелектемей...

ТЕНОРИО. Іштен шыққан шұбар жылан, итке талатқандары ма? Менің балам қыздың арын төгіпті дегенге сенбеймін. Әйел атаулыдан алты көш алыс жүретін неме әлгі геометриясына тезірек оралу үшін осының бәрін ойдан шығарып жүрмесе. Жаңа маған жүрегің жарылып кетсе де еш таңғалмаймын деді-ау, естідіңіз бе баламның маған не дегенін?

(Ит үреді. Диего әкей оралады.)

ДИЕГО ӘКЕЙ. Сеньор Тенорио, жүр, кетейік!

(Донна Эльвира жалғыз қалады.)

ДОННА ЭЛЬВИРА. Неткен жайсаң жігіт еді!

(Дон-Жуан шығады.)

ДОН-ЖУАН. Қу тобырды түгел қыран-жапқандай қылармын, бірақ үйленбеспін. Келсін, көкелеріне көрістірейін шетінен.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Кеттік!

ДОН-ЖУАН. Қайда?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Менің бөлмеме бара тұрайық.

(Қылыш ұстап Тенорио шығады, құшақтасып бара жатқан Дон-Жуан мен Донна Эльвираны көреді.)

ТЕНОРИО. Әй, жастық ит-ай, жүрісің осы-ау!

(Қылыштарын жалаңдатып, иттерін арсылдатып қуғыншылар шығады.)

ДОН ГОНСАЛО. Қайда тығылды?

(Тенорио көкірегін ұстайды.)

Кетті! Бақты қоршандар!

(Қуғыншылар тым-тырақай жүгіре жөнеледі.)

ТЕНОРИО. Мен өлетін шығармын...

ИНТЕРМЕДИЯ

Сахна алдына қалыңдықша киінген Миранда мен қолында ине-жібі бар Селестина шығады.

СЕЛЕСТИНА. Әр нәрсенің өз орны, өз уақытысы бар. Асықпа. Той шамалыда бітіп болмайды, тост көтеріп әбден құмарларынан шыққанша қашан!

МИРАНДА. Әйтеуір, танып қоймаса жарар еді. Танып қойса, шын масқара сонда болсын. Е, жасаған, тек өзің жар бол! *(Қимылдамай тік тұрады, Селестина көйлегіне бірдеңелер қадайды.)* Селестина!

СЕЛЕСТИНА. Қалтырама, ине кіріп кетеді.

МИРАНДА. Селестина, мен шынында қалыңдыққа ұқсаймын ба өзі?

СЕЛЕСТИНА. Құйып қойғандай! *(Тіге береді.)* Жаратқанның қолынан шыққан жан-жануардың ішіндегі ең топасы еркектер болады деп саған талай айтпадым ба? Мен тігінші болған адаммын, шын шілтер мен өтірік шілтерді кім айырып жатыр. Оның ішінде еркек байғұсқа бәрі жәрекімалла.

МИРАНДА. Селестина, демім бітіп барады.

СЕЛЕСТИНА. Бітпей қайтеді, сен тал шыбықтай бұралған қылдырық бел қыз емессің ғой, көкірек тұсыңді көбірек қынадым. Енді қолтығыңның астынан қайтарайын. Сонда тіпті де байқамайды. Байқаған кезде кеш болады. Қалтыра-машы. Әйтпесе, ине кіріп кетіп жүрер. Іш киімің бар ма еді?

МИРАНДА. Іш киім дейсің бе? Жоқ.

СЕЛЕСТИНА. Іш киімге көзі түссе ең бір мәртебелі деген мырзалардың өзі бір сөйлеп қалады. Кенет іш

киімінің қызғылт екенін, не көгілдірі екенін көреді де, талғамыма сай келмедің деп, шалқаларынан түседі. Кейде романдар жайында дауласып қалсаң: “Екеуміз екі көзқарастың адамы екенбіз” — деп, кергіп терезеге қарағыштап кетуге асығатын ақымақтар болады ғой. Менің құдай ұрып әдебиет жайлы әңгіме қозғап жүрмеңдер деп құлақтарыңа құя беретінім де сондықтан. Ант атайын десе, сөйтіп атады. Іш киім де сол әдебиет сияқты нәрсе емес пе! Кейбір қанша жау келсе де, қасқайып тұрып қарсы алатын қасқыр еркектердің өзі қып-қызыл қып ішкііміңді шешіп жатқаныңды көргенде беттерінен басады. Талғам жайлы таласпас болар деген әңгіме де содан қалған шығар. Ең дұрысы, ештеңе кимеген ғой. Қапелімде, бұнына кім-кімде таңғалуын таңғалғанмен, ешқайсысы шамданбайды.

МИРАНДА. Селестина...

СЕЛЕСТИНА. Жә, қалтырап-дірілдемей дұрыс тұр.

МИРАНДА. Бұнымнан не шығар екен, Селестина күнә боп жүрмей ме?

СЕЛЕСТИНА. Енді ештеңе сезіле қоймас. Көкірегің он алтыға осы қазір толып тұрғандай нағыз көгершін төс... Несіне қорқасың. Енді етегіңді сәл көтерейік. Сонда аяғың көбірек көрінеді. Бүгін де әйелдің сипатын сирағына қарап сынайтын болды ғой жұрт.

МИРАНДА. О, тәңірім-ай!

СЕЛЕСТИНА. Кел, әуелі пердеңді қадайын.

МИРАНДА. Ой, жасаған-ай!

СЕЛЕСТИНА. Неменеге үсті-үстіне күрсіне бересің?

МИРАНДА. Осы істеп жатқанымыздың бәрі алдамшылық қой!

СЕЛЕСТИНА. Әрине... *(юбкасын көтереді.)* Енді етегінен сәл түрейік.

МИРАНДА. Тым шелтиіп кетпей ме?

СЕЛЕСТИНА. Мені бір миғұла көресің-ау өзің!

МИРАНДА. Селестина!

СЕЛЕСТИНА. Енді сәл шыда, бәрі де келісіп кетті.

(Миранда шыр көбелек айналады, Селестина етегін түреді.)

Сен немене, қалыңдығым Донна Анна, көрдім бе, көрмедім бе сені деп есінен танып, құлқыны құрып, құшағыңа құлай кетеді ғой деп тұрсың ба? Әй, ақымақ неме, сенің алып ұшқан көңілің әлі-ақ су тамызғандай болар. Мұндай-мұндай қысыр қиялды осы бастан басыңнан шығар. Егерде арыңда бір ақауы бар болса, сені көргенде:

"Ә, донна Анна" деп бір күмілжір. Сонымен сауық-сайраныңның біткені... Сен, немене, одан сабынның көбігіндей бұрқыратып, "жаным-тәнім", "сүйем-күйем" деген көп өтірік көбелек сөз күтетін бе едің? Жо-оқ, жарығым, оның әлі қасыңа келіп, бетіңнен иіскеуге де мұршасы болмайды. Некелі күйеу дегеніңнің не дүние екенінен біздің де хабарымыз жоқ емес. Еркектердің емешегі құрып, емірене жөнелетіні тек осында келгенде ғой. *(Етегін түрегі.)* Міне осылай.

МИРАНДА. Рахмет...

СЕЛЕСТИНА. Қалыңдықтың көңіл-күйі қалай екен? *(Қоңырау сылдырлайды.)* Тағы да біреулер келді-ау.

МИРАНДА. Айнаны маған тастап кет. *(Испан ақсүйегі кірегі.)*

СЕЛЕСТИНА. Не керек еді?

ЛОПЕС. Қателесіп кірген жоқ па екем?

СЕЛЕСТИНА. Қателеспеген боларсыз.

ЛОПЕС. Менің атым — Лопес.

СЕЛЕСТИНА. Солай болса солай шығар.

ЛОПЕС. Мен Толедодан келіп ем.

СЕЛЕСТИНА. Түсінікті, жолдан шаршап келген соң, тынықпақшысыз ғой, шамасы.

ЛОПЕС. Мен — дон Бальтазар Лопеспын.

СЕЛЕСТИНА. Аты-жөніңізді айта беріп қайтесіз, ақшанызды төлесеніз болды.

(Лопес жан-жағына қарайды.)

Іздеген жеріңізге келдіңіз, Төрлетіңіз.

(Лопес Мирандаға қарайды.)

Мына қыздың бүгін демалатын күні. *(Кетегі.)*

(Миранда айнаның алдында жалғыз қалады.)

МИРАНДА. О, тәңірім, сақтай көр! Ол мені тек қалыңдығым деп қабылдасын, бұл мейлі өңім болмай, түсім-ақ бола қойсын. Содан басқа тілегім жоқ. Ол тек аяғыма жығылып, жер бетіндегі жалғыз сүйетін әйелім Донна Анна осы десе болды... О, тәңірім...

ШЫМЫЛДЫҚ

ҮШІНШІ АКТ

Қамалдың алды. Дон-Жуан таңсәріде елең-алаңда баспалдақта әлдене жеп отыр. Алыстан ит арпылы естіледі. Дон Родриго кіреді.

ДОН РОДРИГО. Жуан? Жуан, бұл мен өзіңнің досың дон Родригомды. Танымадың ба? *(Дон-Жуан үн-түнсіз тамағын жей береді.)* Жуан?

ДОН-ЖУАН. Не боп қалды, Родриго достым, сен неге қайырлы таң демейсің?

ДОН-РОДРИГО. Иттердің арпылдап жатқанын естімей отырсың ба?!

ДОН-ЖУАН. Е, ол түні бойы құлағымды сарсытты. Сарайдың біресе о шетінде, біресе бұ шетінде бұқпақтап жүргенде кейде дәл қасымнан шығады, кейде алыстап кетеді. Шіркіндердің, сірә, тамағы қарлықпас екен.

ДОН РОДРИГО. Мен сені түні бойы іздедім.

(Дон-Жуан үндемей тамағын жей береді.)

Абай бол деп ескертейін деп едім.

(Дон-Жуан үндемей тамағын жей береді.)

Сен мынау жұрттың бәрі көретін жерде не бітіріп отырсың?

ДОН-ЖУАН. Тамақтанып отырмын.

ДОН-РОДРИГО. Жуан, бері қарашы...

ДОН-ЖУАН. Қалыңдығыңа бүгіндікке жолықтың ба?

ДОН-РОДРИГО. Жоқ.

ДОН-ЖУАН. Достым онда қате болған. Қызы құрғырды ешқашан оңаша қалдырмаған жөн. Кенет бір кездейсоқ жігіт иттен қорқып, соның бөлмесіне бас сауғаласа, сол арада қалыңдығың мынау жарық дүниеде сенен де басқа еркек кіндік бар екенін біліп қойып жүрсе қайтесің.

ДОН РОДРИГО. Сонда не демекшісің?

ДОН ЖУАН. Рас айтам *(Тамағынан бір асап қояды)*. Сенің қалыңдығың қандай тамаша!

ДОН РОДРИГО. Жуан, ақсап қалғаннан саумысың?

ДОН-ЖУАН. Иә, құдды ақсақ төбет сияқтымын. Терезеден терезе қоймай орғып-қарғып жүргенде о байғұс қайтып сынбасын.

(Тамағын жей береді.) Құтылудың басқа амалы болмады. *(Тамағын жей береді.)* Әйелдер де шетінен өңшең араны ашылған тойымсыз немелер екен.

ДОН-РОДРИГО. Бұл жерден тезірек кеткенің жөн болар.

ДОН-ЖУАН. Мен де саған сақ бол дейін деп едім.

ДОН РОДРИГО. Достым, бұл айтып тұрғаным шыным. Сақ бол! Тезірек бір амалын таппасаң бір пәлеге ұшырап қап өмір бойы өкінумен өтерсің. Түк қалжыңы жоқ, көрмейсің бе, төңірек түгел қан сасып тұр! Енді шегінерге жол қалмады. Түні бойы сені ұстап алмады ма екен деп зәре құтым қалмай бақтың ішінде ерсілі-қарсылы сенделдім де жүрдім.

(Дон-Жуан үндемей тамағын жей береді.)

Кенет өз көзіме өзім сенбей қалдым. Тоғанға қарасам, құдды аруақ сияқты бірдеңе ағараң-ағараң етеді...

ДОН-ЖУАН. Ол кім екен?

ДОН РОДРИГО. Сенің қалыңдығың.

ДОН ЖУАН. Анна ма?

ДОН РОДРИГО. Ол сені түні бойы күтті. Есінен ауысып кеткен бе деп қалатынсың. Біресе қара тас боп мелшиіп отырады да қояды, біресе су жағасын бойлап сенделіп кетеді. Тіл қатсам: "Ол анау кішкене аралда отыр", – деп сөзіме құлақ аспайды. Былайырақ кетуім мұң екен айқайлап сені шақыра бастады. Жағы тынған жоқ. Сен онымен сөйлесуің керек.

ДОН-ЖУАН. Родриго, мен оған не дерімді де білмеймін. Ол қазір менің тастап кеткенімді онсыз да біледі. Менен сен не сұрап тұрсың? Дәл қазір қарнымның ашқанынан басқа ештеңені сезіп те отырғаным жоқ.

ДОН РОДРИГО. Үндеме!

(Қылышы жалаңдап Дон Гонсало шығады.)

ДОН ГОНСАЛО. Тоқта! Бұл кім?

ДОН-ЖУАН. Ана қара, аяғын әзер басып тұр. Родриго сен оған енді тыныштал десейші.

ДОН ГОНСАЛО. Бұл кім?

ДОН-ЖУАН. Ол басына ескерткіш қойылғанша асығып ажал аңсап аласұрып жүр ғой.

(Үш жігіт шығады. Тұла бойлары жара-жара, жалба-жұлба, ит сілікпелері шығып шаршаған.)

ДОН ГОНСАЛО. Тоқта! Бұлар кімдер?

БІР ЖІГІТ. Жер жұтқырды жер жұтсын енді.

ДОН ГОНСАЛО. Немене ұстадыңдар ма?

ӘЛГІ ЖІГІТ. Біз енді ізге түсуді қойдық, әлгі қарғыс атқыр төбеттер онсыз да дал-дұлымызды шығара жаздады.

ЕКІНШІ ЖІГІТ. Сен нақұрыс, оларды неге сабайсың?

ӘЛГІ ЖІГІТ. Есуас-ау, өзіме тап-тап берсе сабамай қайтейін.

ДОН ГОНСАЛО. Төбеттер қайда?

ЖІГІТТЕРДІҢ БІРІ. Оларды өлтірген мен емеспін.

ДОН ГОНСАЛО. Сендер өздерің не былжырақтап тұрсыңдар?

БІР ЖІГІТ. Өлтіруден басқа амал қалмады.

ЕКІНШІ ЖІГІТ. Әйтпесе, өзімізді жеп қоятын.

ДОН ГОНСАЛО. О, тоба-ай, енді қара басып төбеттерімнен де айырылғаным ба?

ҮШІНШІ ЖІГІТ. Гонсало ағай, әбден титықтап біттік. Қалған жазасын тәңірімнің өзі тартқызар, қойсақ қайтеді.

ДОН ГОНСАЛО. Қап, қайран төбеттерім-ай!

БІР ЖІГІТ. Жә, жарасын таңайық.

(Үш жігіт аяқтарын әзер алып шығып кетеді.)

ДОН ГОНСАЛО. Жоқ, мен иттерімнің кегін қайтармай тынбаймын. Солай деп менің әйеліме де айта барыңдар.

(Дон Гонсало кетеді.)

ДОН-ЖУАН. Естідің бе? Жексұрынды жер жұтсын дейді. Олары өздерін өздері жұбатқандары ма екен? Бейшара төбеттер бекер өліп кетті-ау!

ДОН РОДРИГО. Достым, қазір қалжын айтар уақыт емес.

ДОН-ЖУАН. Мен оларды қалжындасам мынау қылықтарын көріп қалжындап отырмын. Шіркіндердің сықпытын-ай. Олардың тап осындай келісті келбеттерін біз әдетте сирек көреміз ғой.

ДОН РОДРИГО. Қалжынды қойып, онан да қалындығыңның жайын ойласайшы.

ДОН-ЖУАН. Қайдағы қалындықты айтып тұрсың?

ДОН РОДРИГО. Қазір тоғанның қасында жағы талғанша қақсап, өзіңді шақырып тұрған қалындығыңды айтам. Сен оны сүйіп едің ғой, Жуан. Мен оныңды білетінмін.

ДОН-ЖУАН. Оны мен де білемін. *(қолындағы сүйекті лақтырып жібереді.)* Неткен дәмді еді. *(Саусағын сүртеді.)* Ие, есімде, мен оны сүйгенмін. Көктемде, осы баспалдақта Аннаны алғаш көргенімде ақылымнан адасып аяғына құлағанмын. Құдды жәй түсіп жайраған ағаштай гүрсете түстім. Жұрт солай демейтін бе еді, осы. Мен оның желең көйлегін жел желбіретіп сатыдан аяғын санап басып түсіп келе жатқандағы бейнесін өмірбақи ұмыта алмаспын. Аяғына жығылғанымда о да абдырап тұрып қалды. Қара перденің астындағы бейкүнә еріндері мен от шашқан көгілдір көздерін де көрдім, о да дәл бүгінгідей ашық күн еді, күннің нұры қаныма дарығандай, әбден балбырап кеттім, қапелімде, тіл де қата алмадым, көмейіме

әлдене тығылып, жылағым келгендей болды. Ғашық боп қалғанымды артынан білдім. Менің бұл өмірімде ғашық болғанымның алды-арты тек сол шығар.

ДОН РОДРИГО. Қайдағыны қайдан айтасың.

ДОН-ЖУАН. Ендігі өмірімде ешқандай өзгеріс болмайды. Егер ол дәл осы қазір жел желбіретіп үстіндегі көйлегімен тап мына сатыдан тағы түсіп келе жатса, қара перденің астынан жайнаңдаған жанарын тағы көрсем, қайтер едім деп ойлайсың? Бүлк етпес те едім. Иә, шын айтам. Баяғы күн баяғыда өткен. Оның көмескі елесі бірте-бірте күмілжің тартып, күлге айналады. Ол күнді енді қайтып көргім де келмейді. *(Қолын ұсынады.)* Қоштүр, Родриго.

ДОН РОДРИГО. Қайда барасың?

ДОН-ЖУАН. Тағы да сол геометрияма оралмақпын.

ДОН РОДРИГО. Бұның обал ғой.

ДОН ЖУАН. Басқаға мойын бұрмасқа бекідім. Мен үшін қайда жүр екен, не күйге ұшырады екен деп қайғырмай-ақ қой. Мен енді естияр еркек болдым. Мына шатақтан аман-есен құтылғанымға қуанышым қойныма сияр емес. Дәл қазір атыма қонып, таңның таза ауасын жұтып, жолға шығамын. Кісіге одан асқан рахат бар ма? Сосын сонау тау бұлағының мұздай суына жуынып алсам, кешегі тойдың шырғалаңы есімнен мүлдем шығады. Родриго, енді менің жаным да, тәнім де азат, ендігі жалғыз ынтығым есі дұрыс еркек кісінің қай-қайсысының да өліп-өшуіне әбден лайық геометрия ғана.

ДОН РОДРИГО. Геометрия дейсің бе?

ДОН-ЖУАН. Сен терең мәнімен, таңғажайып бітімімен таң-тамаша қалдыратын білім дүниесіне өмірінде бір рет болса да таңғалып көргенің бар ма? Мәселен, геометриялық фигуралардың ішіндегі ең бір сұлтаны, шеңберді-ақ алайықшы. Мен дүниеде анықтыққа, дәлдікке құштармын; өз өміріміздің нәрсіздігіне, жан дүниеміздегі керексіз ырың-жырың шырғалаңдарға, баянсыздыққа зығырданың қайнайды. Шеңбер мен үш бұрышты алсақ, олардан ешқашан жиреніп не ұялып көрген емеспін. Сен үш бұрыштың не екенін білмейсің ғой! Зұлматтың өзіндей мойын бұрдыртпас тұжырымды үш-ақ сызықтан тұратын осы бір фигура болмыста бізді адастырып әуре-сарсаңға түсіретін не бір алдамшы, бұлдыр-бұлыңғыр түсініксіз нәрселердің бәрінің де күлін көкке ұшырады. Осынау бір-бірімен қиысқан үш түзу сызық біздің не бір қысыр қиялымыздың тас-талқанын шығарады. Тек осылай ғана болады, басқаша болуы

еш мүмкін емес деп үйретеді геометрия. Ешқандай алдамшы ой, қысыр қиялдан опа таппайсың, кеңістікте өзінің атына сайма-сай келетін жалғыз-ақ фигуралар ғана бар дейді ол. Шынында да, керемет емес пе? Родриго, расын айтсам, аспандағы ай мен күнді де өз заңына бағындыратын осы пәннен асқан құдіретті ештеңені көрген емеспін, білген де емеспін. Құмның бетіне бір-бірімен жарыстыра сызылған паралель түзеулерден асқан ұлы нәрсе бір дегенге ғұмыры иланбаймын! Анау алыс көк жиекке қарашы көл-көсір көлбеп жатқан шексіздік қой! Немесе, теңіз жазирасына көз сал, онда да шек-шекара қайсы? Аспандағы құс жолына үнілші. Ақылға сыймас ұлан-асыр дүние. Соның бәрін тек жаңағы ақылмен ғана, сұңғыла ойымен ғана ұғынатын айдау жолдай екі сызық қана тап басып, дәл бейнелей алады. Ах, Родриго, менің жаным махаббатқа, болмысқа деген ересен сүйіспеншілікке толы. Сондықтан көңілдімін, сондықтан да қалжыңдаймын. Шіркеудің қайыстай қасаң қағидаларын бұзып шығып, бәрі де айқын, бәрі де жарқын болмыстың жарық дүниесінен ғана шын ақиқатты табуға болады; онда махаббаттағы сияқты арзан нәпсіге атымен орын жоқ; онда мына өмірдегідей бүгін бар нәрсе, ертең жым-жылас жоғалып кетпейді. Менің демім таусылса; ұлан-асыр дүние менсіз-ақ өмір сүре береді. Тек парасатты ақыл-ой ғана асқақ болмыстың асқар ақиқатына жетпек; қалған дүниенің бәрі жалған, бәрі алдамшы; осынау итке алғысыз итір-қылжың баянсыз тірлікке бола бекер арам-тер боламыз; мұндағы қиқа-жиканы ауызға алып қажеті жоқ. *(қолын қайта ұсынады.)* Ал, сау тұр.

ДОН РОДРИГО. Тоғанның қасында тосып тұрған қызды қайтесің?

ДОН-ЖУАН. Оны басқа біреу жұбатып алар.

ДОН РОДРИГО. Сен осы сөзіңе өзің сенесің бе?

ДОН-ЖУАН. Әйелдер мен еркектер-ау! Осы сендер, шын мәнінде, ештеңеге сенбей тұрып, қайдағы жоққа қалай бас шұлғисыңдар. Сендердің ойларыңша, ақиқаттан жалтаруға болады, бірақ, оны көпе-көрінеу келеке қылмаған дұрыс. Родриго, менің жан досым! Сен менің екеуміздің достығымызға қиянат жасамағанымды қайдан білесің? Мен ылғи өзімнен түк тіксінбейтін, ештеңеден күмәнданбайтын орынсыз сенімпаз достарыма ызам келеді. Тап осы қазір сенің Инесіңнің жылы төсегінен өріп тұрмағанымды қайдан білесің!

ДОН РОДРИГО. Қалжыңның неткен дөрекі еді!

ДОН ЖУАН. Сен бұның қалжың екенін қайдан біліп қойдың?

ДОН РОДРИГО. Мен Инесті жақсы білем ғой.

ДОН ЖУАН. Оны мен де білдім.

ДОН РОДРИГО. Сен қайдан біліп жүрсің?

ДОН ЖУАН. Соның төсегінен өріп тұрмын деп жаңа айтқан жоқпын ба?

ДОН РОДРИГО. Бұның енді шып-шылғи өтірік!

ДОН ЖУАН. Мен жаратылысымнан әр нәрсені білуге құштар едім. Мен түнде қараптан қарап тұрып, осындай нәрсе қолымнан келе ме, жоқ па деп ойладым. Инес — сенің қалыңдығың, сен оны сүйесің, ол сені сүйеді. Ендеше, сол Инестің мұндай күнә жасауға дәті бара ма? Барса, осыны айтсам Родриго нана ма? — деп те ойладым.

ДОН РОДРИГО. Жуан!...

ДОН-ЖУАН. Сен сенесің бе, сенбейсің бе? *(Пауза.)* Сенбей-ақ қой.

ДОН РОДРИГО. Әй, пері-ай!

ДОН ЖУАН. Мен сені жанымдай жақсы көрем. *(Дон Родригоның бетінен сүйеді.)* Бұған ешқашан сенуші болма!

ДОН РОДРИГО. Егер бұл рас болса мен оны да емес, сені де емес, өзімді өзім жарып өлтірер едім.

ДОН-ЖУАН. Оның бетін әрі қылсын. *(Баспалдақтың үстінде жатқан камзолын алып киеді.)* Тоғанның қап-қара айдыны мен оның бетіне түскен өз бейнемнен неге шошынғанымға енді түсіндім. Көк аспанның тұңғиық елесі. Родриго, сен мен құсап әр немені біле беруге әуес болма. Егер біз өмірімізде жалғыз рет болса да, айналамыздағы айнадай жалтырап жатқан алдамшы дүниені жан-дүниеміздегі не бір қысыр-қиялдың шын бейнесі деп қарамай, оған шүбә келтірсек, өзіміздің шын кейпіміз бен шын құнымызды білмекке талпынсақ, онда аяғымызды аспаннан келтіретін құрдымның түбіне бір-ақ құлағанымыз; ондайда құдайдың құны да бір тиын боп қалады. Родриго, дұрысы, өз жаныңды да, өзгенің жанын да әлекке салмай, шыны құлақтан тыныш құлақ, айдын судың бетінен айналып шықпай қоятын шыбын-шіркей сияқты төңірегіндегінің бәріне түгел есің кетіп, дүниедегінің бәріне рахаттанып, бәріне масаттанып мұңсыз-қамсыз сайранды сала бер, өмірдің қызығы мен бақытын сонда көресің. Әумин. *(Камзолын киеді)* Ал, енді сау тұр. *(Родригоны құшақтайды.)* Бір түні бойы сені уайымдап сенделіп шығатын досың бары қандай жақсы. Енді менің қамымды жейтін менен басқа ешкім жоқ.

ДОН РОДРИГО. Жуан, саған не болды?

(Дон-Жуан күледі.)

Саған бірдеңе болған ғой...

ДОН-ЖУАН. Мен енді махаббатпен біржолата қоштастым. *(Ол кеткісі келеді, Родриго жібермейді.)* Бозбалашылық дәуренім мұнша келте болар ма? *(Родригодан босанып кетпек болады.)* Жолымнан қалдырма.

(Дон-Жуан кетпекші еді, сол екі ортада террастан бетінде перде, үстінде неке көйлегі бар Донна Анна сияқты біреуді көреді.)

Мұның не?

(Перделі әйел баспалдақтан жайлап басып түсе бастайды.)

Донна Анна...

(Әйел ең соңғы үш саты қалғанда тоқтайды.) Мен сені талақ еттім. Оны бүкіл Севилья білгенде, сен әлі білмейсің бе? *(әйел үнсіз жымияды.)* Иә, есіме енді түсті. Аңада алғаш көргенімде сенің бейкүнә еріндерің тап осылай күлімсіреп еді. Көздерің де қара перде астынан тап осылай нұр жайнап тұрған-ды. Сен сол Анна болғаныңмен, мен сондағы тап осы сатыда тізерлеп аяғыңа жығылған бозбала жігіт емеспін. Енді өткенді оралтам деп бекер әуре болма.

ӘЙЕЛ. Жуан, сүйіктім.

ДОН-ЖУАН. Анна, бекер келдің ғой, мына баспалдақтан бекер түстің ғой. Оралмасқа кеткенді оралтатындай бекер істедің бәрін де. Мен енді махаббат деген нәрсенің баяғыда осы баспалдақта тізерлеп тұрғандағы ойлағанымдай емес, атымен басқа нәрсе екенін біліп қойдым. *(Пауза.)* Кет! *(Пауза.)* Кет, аулақ! *(Пауза)* Кет деп тұрмын ғой! Тәңір жарылқасын, кетсеңші тезірек!

ӘЙЕЛ. Өзің неге кетпей тұрсың? *(Дон-Жуан сілейіп қатқан да қалған, әйелден көзін ала алар емес.)* Жуан, сүйіктім...

ДОН-ЖУАН. Сенің сүйіктің... *(күледі.)* Ендеше сол нақ сүйеріңнің дәл осы түнде қайда болғанын білесің бе? Білмесең айтайын, нақсүйер жарың сенің анаңның ақ төсегін жаныштап шықты. Ол саған әлі де талай нәрседен есесін жібермеуге оралы бар оңды әйел екен, бірақ, мен одан да айныдым. Сенің сүйіктің тағы бір төсектің ләззатын татпаққа, түн ортасында терезеден секіріп, қашып құтылды. Естіп тұрсың ба? Онсызда өмірден жеп жүрген опығы аздай, итке талатпақшы болды жұрт. Сол нақсүйерің бүгін түнде қасыңда ұйықтап шыққан үшінші әйелінің атын

да ұмытып қалды; қараңғы түнде қасына барсаң, айма-ласа кететін әзәзіл әйелдердің қайсыбірінің атын жаттап жүрерсің. Оларды ондап санайсың ба, мыңдап санайсың ба, әйтеуір, бұл дүниеде шүкір, жетерлік. Қараңғы түнде қара көрпе астында түсінді түстеп, атыңды атап айтатын кім бар? Барымнан да, шаң тимеген, жел сүймеген балалық уыз арымнан біржола сап боп шыға келдім. Сол Жуаннан не опа іздеп келдің, ол енді өзінді тәлкек қылғаннан басқа не шапағат көрсете алады. Ол немені әлгінің бәрінен жерініп, бәрінен қамығып, селқос тартқанда ақырғы әйелдің төсегіне не керемет жетелеп келді екен, мынау шетінен аяр, шетінен әзәзіл дозақы дүниеде әлі де болса адал біреу, пәк біреу табылып қалар ма екен деген есірік дәме ме; жоқ уыз қаймақ жас арудың алтындай жарқыраған әсем шашы ма, әлде өзге әйелдердің ешқайсысына ұқсамайтын бөлекше сүйісі ме немесе қыздың ұялшақ арынан құтылғанша асыққан отжалын құштарлығы ма? Не, не айдап әкелді... Ол пақыр қанша жанталасып қарсыласса да, сенің Жуаныңнан көрі дәрменсіз де боп шықты. Іште оның алтындай сақтаған асылын опасыз нәпсі ойран қылып жатқанда сыртта ит арсылдап мазаны алды. Сендердің бір сиқырларың бар, бір-біріңе атымен ұқсамайсыңдар. Бірақ, ол сиқырларыңның ғұмыры да көрген түстей, еркектің темір тегеуірініне бір түсіп шыққанда, бәрің де бір ұстаның қолынан шыққандай боп шыға келесіңдер; енді сендерді бір-біріңнен ешкім ажырата алмайды. Бірақ, бүгінгі есірік түнде сенің нақсүйеріңнің сонша өліп-өшіп жолыққан соңғы әйелінің ешқайсына да ұқсамайтын бір айырмасы бар-тын. Ол оның мына жарық дүниедегі жанындай жақсы көретін жалғыз досының қалыңдығы еді.

ДОН РОДРИГО. Жалған!

ДОН-ЖУАН. Родриго, сені ол бір сәт есінен шығарған жоқ. Қайта менің жүзімді ду-ду қызартып атыңды атап айқайлады да жатты. Бұдан асқан ләззат көрген жоқпын, таң бозарғанша төсінен тұрып кете алмадым.

ДОН РОДРИГО. Жалған!

ДОН-ЖУАН. Жоқ, айтып тұрғаным, айна-қатесіз ақиқат.
(Дон Родриго жүгіріп кетеді.)

Солай Анна, сен тоғанның қасында тосып жүрсең, мен осында осылай ойран сап жүрдім. Мен енді сенің алдында ақырғы рет тіземді бүгейін. (Тізесін бүгеді.) Сен мендегі қалған жалғыз қасиет жеңілтек күлкімнен де айырғалы келген шығарсың. Мен сонда сенімен танымай тұрып неге

сүйістім екен? Сен енді сол бір опасыз сәтті ойыма түсірдің. Мынау ағарып атқан таңда, соны еске алып не қажеті бар еді!

ӘЙЕЛ. Жуан!

ДОН-ЖУАН. Сен мен сүйеді дегенге әлі де сенесің бе? Мен сені енді қайтып күтпеспін де, көрмеспін де деп едім. Соған қалай сендім екен?

ӘЙЕЛ. Түрегел!

ДОН-ЖУАН. Анна!

ӘЙЕЛ. Түрегел!

ДОН-ЖУАН. Мен тіземді бүккенге кешірім сұрап тұр екен деп ойлама. Менің бүгін түнде білгенімді енді еш сиқыр ұмытқыза алмайды.

ӘЙЕЛ. Түрегел!

ДОН-ЖУАН *(тұрады)*. Біз кеше бір-бірімізден артынан мәңгі айнымастай боп қайта табысу үшін айырылысқан сияқтымыз. Иә. Енді бізді ешкім де, ештеңе де ажырата алмайды. *(Аймалап сүйеді.)* Енді сен менің жұбайымсың.

ӘЙЕЛ. Сен менің күйеуімсің.

(Қылышын жалаңдатып Дон Гонсало шығады.)

ДОН ГОНСАЛО. А, таптым ба, бәлем!

ДОН-ЖУАН. Иә, бұл менмін, әке.

ДОН ГОНСАЛО. Қорғанып бақ!

ДОН-ЖУАН. Сіз кеш қалдыңыз. Біз қайтадан табыстық.

ДОН ГОНСАЛО. Қанішер сұм!

ДОН-ЖУАН. Сіз кеш қалдыңыз. Біз қайтадан табыстық.

ДОН ГОНСАЛО. Қанішер сұм!

ДОН-ЖУАН. Сіз мені айтып тұрсыз ба?

ДОН ГОНСАЛО. Былшылдамай, қылышыңды шығар.

ДОН-ЖУАН. Анна, сенің әкең екеуміздің қандай бақытты екенімізді көре-тұра сөзге түсінгісі келмейді...

ДОН ГОНСАЛО. Мына сұмырай аузы-мұрны қисаймай қайдағы бақытты айтып тұр!

ДОН-ЖУАН. Әке, бізді оңаша қалдырыңызшы.

ДОН ГОНСАЛО. Қу сұмырайдың көзін тезірек құрытпасам, сен, дозақы, тағы да алданып жер соғып қаларсың! *(Дон-Жуанға ұмтылады, ол қашқалақтайды.)* Өлдім дей бер!

ДОН-ЖУАН. Тоқтаңыз.

ДОН ГОНСАЛО. Родригоны өлтірген кім?

ДОН-ЖУАН. Ол қайда?

ДОН ГОНСАЛО. Қара қанға батып жатып, қалыңдығын арандатқан әзәзіл немеге қарғыс айтып, өліп кетті.

ДОН-ЖУАН. Родриго ма? *(Ол мына хабарды естігенде)*

есі-түсін білмей сілейіп тұрып қалады. Кенет командоры сумаңдаған қылышына көзі түседі де, о да қарсыласа бастайды.) Тоқтаңыз, сәл сабыр етіңізші! (Дон Гонсало семсер сілтеп үлгермей, Дон-Жуанның семсеріне соқтығып жантаәсілім болады. Дон-Жуан қылышын қынына салып, есеңгірей қарайды.)

ДОН-ЖУАН. Төбемнен жай түскендей болды-ау. Оған неменеге аузым қышып айта қойдым екен? Жанымдай жақсы көретін досым еді. Мен тек ештеңеден күдіктенбейтін тым сенімпаз достарды онша жақтырмайтынымды сездіру үшін ғана айтып едім ғой. Неге айттым? Жаңа ғана жанымда тұр емес пе еді...

ӘЙЕЛ. Адам өлді! Өлім!

ДОН-ЖУАН. Айқайлама!

ӘЙЕЛ. О Жуан!

ДОН-ЖУАН. Бол, тезірек қашайық!

(Сахнаның төрінен Донна Аннаның денесін көтеріп Диего әкей көрінеді. Бірақ, оны Дон-Жуан қапелімде байқай қоймайды.)

Кел, кетейік! Кеше түнде тоған басында сөз байласып едік қой. Шіркін, балалық-ай! Онда бүйтіп адасып табысатынымызды біліппіз бе? Неден қорқасың? Мен енді сенің қолыңнан өлсем де айырылмаймын, енді біз бала емеспіз, бәріне де түсіндік. Неге қалтырап тұрсың? Маған қарашы! Құдды дар алдыңда кешірім алған тұтқындай қуанғаннан есімнен адасып барамын. Мынау таң неткен тамаша еді! (Диего әкейді енді көреді.) Бұл немене, Диего әкей?

(Үнсіздік.)

Айтсаңызшы!

(Үнсіздік.)

Бұл екеуіңнің қайсысы менің қалыңдығым?

(Үнсіздік.)

Айтсаңызшы! (Даусын көтереді.) Неге үндемейсіз?

ДИЕГО ӘКЕЙ. Дон Жуан, құй бақыр, құй бақырма, ол енді саған ешқашан жауап бермейді. Тоғанға құлап өліпті. Сенің тойың ақыры осылай бітті. Бұның бәрі сенің өр көкіректігіңнің қырсығы.

ДОН-ЖУАН. Өтірік! (Диего әкей өлікті жерге түсіреді.) Жоқ, бұл менің қалыңдығым емес. Өтірік! Мен тұла бойын балдыр көмген өлікке емес, тірі қызға некелескенмін. Мынандай сұмдықты тапа-талтүсте тағы қайдан шығардыңдар? Жоқ, менің қалыңдығым бұл емес.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Сонда қалыңдығың қайсы?

ДОН-ЖУАН. Ол әнекей.

ДИЕГО ӘКЕЙ. Ендеше ол сенен неге қашып барады?
(Әйел сатымен қашпақшы болады, бірақ, қарсы алдынан үш жігіт шығады.)

ДОН-ЖУАН. Тақсырлар, сендерді көргеніме шексіз қуаныштымын. Менің досым өлді ме?

БІР ЖІГІТ. Иә, өлді.

ДОН-ЖУАН. Қалыңдығым да өлді ме?

ДИЕГО ӘКЕЙ. О да өлді.

ДОН-ЖУАН. Әне жерде анау да жатыр. Шамға жүгірген көзсіз көбелектей, менің қылышыма өзі кеп соқтықты. Енді ол зираттағы тас мүсінге айналады.

БІР ЖІГІТ. Қанішерді қарғыс атсын!

ДОН-ЖУАН. Менің әкем қайда екен?

ӘЛГІ ЖІГІТ. О да жаһанамға кетті.

ДОН-ЖУАН. Рас па?

ӘЛГІ ЖІГІТ. Рас.

ДОН-ЖУАН (күліп). Диего әкей, мен бұл үйге құйын боп тидім бе, немене боп кетті түге. Қадірлі қайын жұрттарым, қылыштарыңды қындарыңа салыңыздар. Сендер тірі қап, менің тойымды тойласпайсыздар ма? Қараңыздар, менің қалыңдығым екеу. Біреуі өлі, біреуі тірі. Қай қалағаным менікі. Диего әкей сенің некенді өлікке қидық дейді. Мен мынау тірісі менің қалыңдығым деймін. (Пердені әйелдің қасына келіп, қолын алады.) Міне, менің қалыңдығым, ол тірі, ол мені қарғысына қалдырмақшы боп, ажалға айма-латқан жоқ, қайта мені түзу жолдан жаңылмасын деп жаңыма қайтып оралды. Мен оны бірден таныдым.

ӘЙЕЛ. О, Жуан...

ДОН-ЖУАН. Перденді түр... (Әйел пердесін түреді.)

ДИЕГО ӘКЕЙ. Миранда ғой мынау!?

(Дон-Жуан өлікті әкеткен қаралы шерудің үні басылғанша бетін басып, сахнада жаңғыз өзі үнсіз қалады.)

ДОН-ЖУАН. Бейшара сәбиді апарып қара жердің қойнына тапсырыңдар, бірақ, мені жылап-сықтап, тәңіріге сиынады екен деп ойламаңыздар. Енді ешқайсың жолыма тұрмауға тырысыңдар, тұрсаңдар, ешкімді де аямаймын. Мен енді ештеңеден де қорықпаймын. Құдіретті күшті құдай мені тәлкек қылар ма екен, жоқ мен оны тәлкек қылар ма екенмін, әлі көрерсіңдер.

ШЫМЫЛДЫҚ

ТӨРТІНШІ АКТ

Зал. Дон-Жуан, қазір отыз-үштер шамасындағы еркек, алтын-күміспен жасауланған салтанатты столды қарап жүр, қызметкер Лепорелло столға графиндер әкеп қояды, үш музыкант әмір күтіп тұр. Сахнаның төрінде жалпақ шымылдық ілінген.

ДОН-ЖУАН. Қалтарыс бөлмеде отырасыңдар. Ұқтыңдар ма? Егер ойда-жоқтан бір бақытсыз оқиға душар болса, мәселен, мені аяқ астынан жер жұтып кетіп жүрсе, дереу азалы күй тартасыңдар.

МУЗЫКАНТ. Төрем!

ДОН-ЖУАН. Содан басқа тапсырма жоқ. Түсінікті ғой, залда қашан бір адам қалмағанша ойнайсыңдар *(Ақ биялайларын шешіп, столды тағы бір шолып шығады.)* Енді барып, әзірлене беріңдер.

МУЗЫКАНТ. Ол үшін бізге қанша төлейсіз?

ДОН-ЖУАН. Ол жөнінде артынан сөйлесерміз.

МУЗЫКАНТ. Сонда қашан? Залда ешкім қалмаса кіммен есептесеміз.

ДОН-ЖУАН. Осында біздің етегімізді ашты деп маған байбалам салып жүрген он үш әйел келеді. Солардың сойылын соғатын Кордова епископы да бірге келеді. Сосын бір тас мейманым тағы бар, зираттағы ескерткіш, оны өзім шақырғанмын. Сендермен еңбек ақы жайлы есептесесіп тұруға дәл қазір мұршам жоқ. Онсыз да әбден мұрнымнан шаншылып жүрмін.

(Музыкант кетеді.)

Бәрі де келісіп кеткен сияқты.

ЛЕПОРЕЛО. Шарап жетпей қалуы мүмкін. Кісі басына бір бокалдан артыла қоймас.

ДОН-ЖУАН. Со да жеткілікті. Одан артықты кім ішсін. Есіктен ескерткіш кіріп келгенде тамақтарына тас тығылғандай болар-Лепорело. Тақсыр ием!

ДОН-ЖУАН. Бүлдіргенімізді қара. *(Қоңырау сылдырлайды.)* Стол басына шақырылғандардың аты-жөні неге жазылмаған?

ЛЕПОРЕЛЛО. Тақсыр ием! Әлгі тас мейманның келе қоятынына шыннан сенесіз бе?

ДОН-ЖУАН. Ал, сен өзің қалайсың?

ЛЕПОРЕЛЛО. Мен бе! *(Ол сенбейтінін білдіргісі келіп, қарқылдап күлмекші болып еді, сол екі ортада қоңырау сылдырлайды да, ауып кетеді)* Мынау бәлкім, сол шығар?

(Дон-Жуан қонақтардың аты-жөні жазылған қағаздарды таратып қоя бастайды.)

Тақсыр ием...

ДОН-ЖУАН. Бұл келген тағы да әлгі перде жамылған әйел болса, менің бетіне перде жапқан әйелдерді тіпті де қабылдағым келмейтінін айт. Олардың сырына әбден қанықпын. Олар мені құтқаруды сылтауратып әлі де, бір-бір аймалап қалмақшы. Әлгі әйелге ол құлықтарының бәрін де білемін, бәрінен де мезі болдым деп айт. *(Тағы да қоңырау сылдырлайды.)* Сен неге қақпаны ашпайсың?

(Лепорелло қорқақтай басып кетеді. Музыканттар үйді басына көтеріп, аспаптарының күйін келтіре бастайды, ал Дон-Жуан стол үстіне қонақтардың аты-жөні жазылған қағаздарды қойып жүр. Соңғы қағаз қолында қалады.)

О, менің ең асыл перизатым, алғашқы да, ақырғы да аяулы ғашығым, сен мен үшін әлі тірісің, сүйте тұрып, сүйетінімді білмей қалғанымға әлі өкінемін. *(қағазды өртеп жібереді.)* Топырағың торқа болсын.

ЛЕПОРЕЛЛО *(қайта кіріп)*. Кордованың епископы келіп тұр.

ДОН-ЖУАН. Әуелі мына бір күлді сыпырып жібер де, сосын барып ана епископқа сәл кідіре тұрсын де. Бірақ, төбедең түскендей етпей, сыпайылап айт. Одан сонша қысылатындай, алты-аласы, бес-бересім шамалы. Дегенмен кім біліпті, әлде бір әжетіме жарар. Тамұққа барсаң да, шіркеуге ісің түседі.

ЛЕПРЕЛЛО. Тақсыр ием...

ДОН-ЖУАН. Сен неме безгек соққандай дірілдеп тұрсың?

ЛЕПОРЕЛЛО. Тақсыр ием, қанша батыр болғанмен, батырлықтың шегі бар емес пе? Ылғи от пен судың ортасында жүргеннен не шығады. Әлдеқашан сүйегі қураған өлі аруақты қонаққа шақырғаныңыз қалай болар екен. Өзім де оңып тұр едім дей алмаймын. Қу құлқынның қамы үшін бұрыс бұлтарып, бұра тартқан ылдым-жылдымым болған шығар. Қорықпауға қалғанда мен де қорықпаймын. Бірақ, сіздің кешегі зират басындағы ісіңіз, қанша дегенмен, тым сотқарлық болды. Қонаққа өлген кісіні шақырыпты дегенді кім естіп, кім көрген!

ДАУЫС. Дон-Жуан?

ЛЕПОРЕЛЛО. О тоба!

ДАУЫС. Дон-Жуан?

ДОН-ЖУАН. Сәл шыдаңыз.

ЛЕПОРЕЛЛО. Келе жатыр.

ДОН-ЖУАН. Сәл шыдаңыз дедім ғой, сәл шыдаңыз.

ЛЕПОРЕЛЛО. Аяңыз мен пақырды. Менің түк жазығым жоқ. Мен тек істе дегенді істедім. Құдай куә! Қатын-баламның көз жасына қалмаңыз! *(Жер тізерлейді.)* Аяңыз мені, аяй көріңіз!

ДОН-ЖУАН. Сен мұнда жалбарынуға келсең, тезірек тайып тұр.

ЛЕПОРЕЛЛО. Сол... соның даусы.

ДОН-ЖУАН. Тұр!

(Лепорелло түрегеледі.)

Онан дана епископқа барып, мен күтіп отыр де, бірақ, лақ еткізіп айта салмай, әрі-бері сөз бұдаға салып, айналдыра тұр. Маған әлі үш минут уақыт керек.

ЛЕПОРЕЛЛО. О тәңірім...

ДОН-ЖУАН. Алдына барғанда басыңды жерге жеткенше иіп тағзым етуді ұмытпа! Анда не боп қалды? *(Төргегі шымылдыққа келеді, одан тас мүсін боп киінген Селестина шығады, тек басы ғана жалаң бас.)* Басыңа неге бірдене кимедің?

СЕЛЕСТИНА. Дулыға тым тар екен.

ДОН-ЖУАН. Оны, тәйірі, кім байқаушы еді.

СЕЛЕСТИНА. Менен басқа жан байқамайды. *(Дон-Жуан оған жасырын деп ымдайды.)* Мен тағы да қабырғаммен кеңесіп едім..

ДОН-ЖУАН. Иә, немене?

СЕЛЕСТИНА. Не десеңіз, о деңіз, бар болғаны бес жүз теңге үшін құдай алдында күпір болар жайым жоқ.

ДОН-ЖУАН. Селестина, есің дұрыс па?

СЕЛЕСТИНА. Мың теңгеден бергіге келіспеймін. Бүйтіп әбігер болмай, сізді герцогиняға ұстап берсем де, тап-таза алтынның бір мыңын судыратып қалтаға баспас па едім.

ДОН-ЖУАН. Мені әбден титықтатайын дегенің ғой.

СЕЛЕСТИНА. Шырағым, маған не десең де, тек ақша берсең болды. Бес жүз тым аз.

ДОН-ЖУАН. Менде одан басқа сынық тиын да жоқ.

СЕЛЕСТИНА. Онда мен бекер әуре болмайын.

(Дон-Жуан мойнынан бірдене жұлып алады.) Бойтұмар ма?

ДОН-ЖУАН. Қолымда осыдан басқа ештеңе жоқ. Тезірек шымылдыққа кір!

Тамұқ сапарына тап осы жолы жолым түспесе, шын масқара болғаным.

СЕЛЕСТИНА. Тағдырыңыз осынша құрыса, ондағы

менің жазығым қанша? Айтқан тілді алмадыңыз. Ақылға құлақ ассаңыз, әлдеқашан Кордова епископынан да асқан бай боп шыға келер едіңіз. Мен ол әйелдің қырық төрт бөлмеден тұратын бүкіл бір қамалға бір өзі ие боп тұрғанын да айттым.

ДОН-ЖУАН. Ол туралы естігім де келмейді.

СЕЛЕСТИНА. Әлі де кеш емес.

ДОН-ЖУАН. Мені азғырам деп, бекер әуре болмаңыз. Үйленбеуге ант еткенімді күллі Испания біледі. Сол айтқаным айтқан.

СЕЛЕСТИНА. Әй, адам не айтпайды!

ДОН-ЖУАН. Доғарыңыз! *(Селестина шымылдыққа кіреді. Есіктен жалғыз Лепорелло ғана қайтып оралды.)*

Не болды!

ЛЕПРЕЛЛО. Тақсыр ием, әлгіге не айт деп тапсырғаныңызды ұмытып қалдым. Ол неме есік алдында ерсілік-қарсылы сенделіп жүр.

ДОН-ЖУАН. Кірсін деңіз. *(Лепрелло кетеді, есік ашық қалады. Дон-Жуан епископты қарсы алмаққа әзірленіп, креслоны алмастырып қояды, қай жерге келгенде тағзым еткен дұрыс екенін ойластырады. Сосын музыканттарға әмір береді. Салтанатты күй ойналады. Дон-жуан айнаның алдына барып, үстін түзеп тұрғанда ашық қалған есіктен ұрлана басып қара перделі әйел кіреді. Дон-Жуан оны айнадан көріп тіксініп қалады, бірақ бұрылып қарамайды.)*

ӘЙЕЛ. Сен неге шошыдың?

ДОН-ЖУАН. Сіздің сырыңыз маған әбден мәлім болған. Сен Донна Анна емессің, Донна Анна әлдеқашан өлген. Перде тағып, бетіңізді жасырып қайтесіз? *(Енді бұрылып қарайды.)* Онан да кім екеніңізді айтыңыз!

ӘЙЕЛ. Сен мені қабылдағың келмеп еді. Есік ашық қалған соң, өзім кірдім.

ДОН-ЖУАН. Қандай бұйымтайыңыз бар еді?

ӘЙЕЛ. Мен саған бір кезде әйелдерден гөрі, шахматқа көбірек құмартатыныңызды көріп ғашық болып едім. Сен онда алдына қойған мақсатың болған соң, маған көзіңді де салмап ең. Сенде әлі де мақсат бар ма? Ол кезде мақсатым геометрия деуші едің. Одан бері де талай су ағыпты. Енді қарап тұрсам жүздеген әйелдердің төсегін таптағаның болмаса, геометрияға өліп-өшіп жүрген сені көре алмадық.

ДОН-ЖУАН. Сен өзің кімсің?

ӘЙЕЛ. Бүгінде Герцогиня Ронда боламын.

ДОН-ЖУАН. Сізді айнадан көргенде қара жамылып

ажалдың өзі кіріп келе жатқандай болды. Мені, бірақ, қара жамылып қорқыта алмайсыз. Бүгінде мен әдемі әйелдерден, өлімнен бетер қорқатын болғам.

ӘЙЕЛ. Жесір әйел қара жамылмағанда қайтушы еді?!

ДОН-ЖУАН. Кімнен тұл қалып ең, менен бе?

ӘЙЕЛ. Жоқ.

ДОН-ЖУАН. Ендеше, бұйымтайыңызды айтыңыз, герцогиня.

ӘЙЕЛ. Сені құтқармаққа келдім.

ДОН-ЖУАН. Аһа, мені әлгі өзіне үйлендірмекші боп жүрген ханым сіз екенсіз ғой. Сіздің қорғаныңызда қырық төрт бөлме бар деп естідім бе осы! Ендеше, сіз де бір нәрсенің соңына түссеңіз, мықтап түседі екенсіз. Әлгі айтып тұрғаныңыз да рас. Мен өзім жаратылысымда әйелден гөрі шахматқа құмар болсам да, бүкіл өмірім әйелдердің құшағында өтіпті. Дегенмен, сіз қателесіп тұрсыз. Мені ешбір әйел әлі күнге дейін өз ырқына көндіріп көрген емес, герцогиня, мен үшін неке қиып, жар құшып, жапырақ жайғанымнан гөрі, тамұқтың өзіне бір-ақ тайып тұрғаным дұрыс сияқты.

ӘЙЕЛ. Менің де еркектерді құша-құша құмардан шыққаным сонша, ақырында оларды көрсем, күлкіден жарылып кете жаздайтын болдым. Сол күлкіме өліп-өшкен бір еркек мені герцогиня атандырды, артындағы ата дәулетіне мені ие қылды.

ДОН-ЖУАН. Енді түсіндім.

ӘЙЕЛ. Рондағы қамал да қолға солай түскен.

ДОН-ЖУАН. Оның жайын естігенмін.

ӘЙЕЛ. Менің ендігі ойым: қамалдың сол қанатын түп-түтел саған беріп, оң қанатында бұрынғыша өзім тұра беру еді. Арамыз да айлапат аула бар. Фонтанның сыбдырынан басқа құлақ селт етер дыбыс та естілмейді. Әңгімелесер шаруа тап болмаса, бір-бірімізбен атымен ұшыраспауға да болады. Оның үстінде менің орасан дәулетім кешегі алаңғасар күнінде белшеннен батқан көп қарызыңнан құтылумен қоса, кісіөлтірді деп қыр соныңнан қалмай жүргендердің көмейін бітеуге де жетеді. Қысқасы, Ронда да сенің геометриямен шұғылдануыңа ешкім бөгет болмайды.

ДОН-ЖУАН. Өзіңізден басқа дейсіз ғой.

ӘЙЕЛ. Мен сізге ешкім бөгет болмайды деп тұрмын.

ДОН-ЖУАН. Еркек жанын сіздей терең түсінетін әйелді әлі көрген емеспін. Дегенмен, осынша жақсылығыңыздың есесін немен қайтармақпын?

ӘЙЕЛ. Ұсынысымды қабыл алғаның қайтарғаның болсын.

ДОН-ЖУАН. Одан басқа ештеңе сұрамайсыз ба?

ӘЙЕЛ. Мен бәлкім сені әлі де сүйетін шығармын. Бірақ,

оған зәрең ұшпасын. Дон-Жуан, мен сенің енді маған ештеңеге керек емес екеніңді әбден түсініп болғанмын. Сен болмасаң, бір сәтте өмір сүре алмаймын дейтін ұшқары қиялдан әлдеқашан құтылғанмын. *(Пауза.)* Жақсылап ойлап ал. *(Пауза)* Өмір бойы өзіңнен басқа ешкімді жақсы көрген емеспін, бірақ сөйте тұра сен әлі өзіңді өзің жете түсініп болған жоқсың. Бүгінде әйел көрсең, азар да безер болатының да бәлкім содан шығар. Сен бізге әрқашан әйел деп емес, кездейсоқ жолыға сап, құмарыңды бір қандырып алып, тайып тұратын төмен етек ұрғашы деп қарадың. Осы бір ұшқары есеппен жүріп, өміріңнің қалай өтіп кеткенін де білмей қалдың. Дон-Жуан, өмірбақи бір әйелдің сөзіне сенбей өткенің бе? Геометрияға шын құштар болсаң, көлденең әуре-сарсаңнан құтылудың жалғыз-ақ жолы әлгі емес пе?

(Лепорелло Кордова епископын ертіп кіреді.)

ЛЕПОРЕЛЛО. Жарықтық киелі әкейдің өзі кеп тұр!

ДОН-ЖУАН. Герцогиня, киелі әкей жарықтықпен біздің оңаша бір әңгімеміз бар еді. Сізді көп ұзамай дастархан басында көрермін деген үміттемін. Тек пердесіз келіңіз.

ӘЙЕЛ. Біз енді Рондада жолығармыз, қымбаттым Жуан. *(Әйел епископқа тағзым етіп, Лепореллаға еріп шығып кетеді, Лепорелло ол кеткен соң есікті жауып қояды.)*

ДОН-ЖУАН. Көрдіңіз ғой, киелі әкем, бір минут тыным бермейді. Мені үйлендіріп, құдайдың кәрінен құтқармаққа жантәнін салып, табанынан таусылып жүрген бір жұрт! Киелі әкем! *(Тізе бүтеді.)* Бізді де елеп, есігімізден қарағаныңызға көп-көп рахмет.

ЕПИСКОП. Тұрыңыз!

ДОН-ЖУАН. Испан шіркеуінің менің соңыма түскеніне аттай он екі жыл болыпты. Тәңірінің өзі куә, мен тек әншейін үрдісті бұзбайын деп, тізе бүгіп тұрған жоқпын, сізге разы сезімімді көрсету үшін тағзым еттім. Жөні түзу, есі дұрыс адаммен мәслихаттас болудың ақыры бір сәті түскеніне сонша қуаныштымын!

ЕПИСКОП. Тұрыңыз, тұрыңыз!

(Дон-Жуан түрегеледі.)

Маған не айтпақ едіңіз?

ДОН-ЖУАН. Киелі әкем, әуелі отырсаңызшы? *(Епископ отырады.)*

Мен мынау әйел қауымын енді өнім түтел түсімде көргім келмейді. Жасаған иемнің өзіне бұ адам пақырды біреуін әйел деп, біреуін еркек деп несіне екі жарып жаратқанына әлі қайранмын. Қарап отырсам, әлгі бір алаңғасар нәпсінің ала бүлік

азабы да, неке шырғаланы да, екі адамның бірінің бірі бағын байлап, бірінің қадірін бірі түсіретін итір-қылжың дау-дамай да, қысқасы, пәленің бәрі де тек соған байланысты екен.

ЕПИСКОП. Көлденең әңгіме неге керек, онан да күлбітелемей айтар шаруаңызды айтсаңызшы.

ДОН-ЖУАН. Жарайды. Адам осы қалай аңызға айналады?

ЕПИСКОП. Не дедіңіз?

ДОН-ЖУАН. Адам осы қалай аңызға айналатынын сұрадым.

(Графинді ұстайды.) Ұмытып барады екем-ау, бәлкім, әуелі дәм татарсыз. *(Епископ рахмет айтады.)* Көп ұзамай әйелдер келеді, соған дейін айтып үлгерейін.

ЕПИСКОП. Айтыңыз.

ДОН-ЖУАН. Айтатыным мынау. Шіркеудің қас дұшпаны ретінде халық арасына аты тарап кеткен Дон-Жуан Тенорио, міне, гүл-гүл жайнап алдында отырмын, өмірбақи ұмытылмайтын мәңгілік даңқтан да дәмем бар, несін жасырайын, ендігі мақсатым — біржола аңызға айналу. Сол үшін Дон-Жуан Тенорио бүгін өліп кетуге де әзір.

ЕПИСКОП. Өлем дейсіз бе?

ДОН-ЖУАН. Әуелі қоятын шартым бар.

ЕПИСКОП. Шартың қандай?

ДОН-ЖУАН. Біздің бұл әңгімемізді екеумізден басқа ешкім естімесін. Сіз, яғни, испан шіркеуі маған күн көретіндей пенсия тағайындап, Андалузия туындағы еркектер ғибадатханасынан бір құжыра бересіздер. Мен сонда көйлегім көк, тамағым жоқ, әйел атаулыдан атымен құтылып, тек геометриядан басқа ештеңеге алаң болмай тыныш өмір сүретін боламын.

ЕПИСКОП. Гм-м!

ДОН-ЖУАН. Ал, мен Кордова епископы Сізге, испан шіркеуі үшін алтыннан да қымбат жаңа бір аңызды сыйға тартамын. *(Пауза.)* Сіз бұған не айтасыз?

ЕПИСКОП. Гм-м!

ДОН-ЖУАН. Аруағыңызға құлдық! Зиратқа тасында: "Ар төккен аярдың сазасын тәңірімнің өзі тартқызсын!" деген жазуы бар тас мүсіннің орнатылғанына он екі жыл болыпты, ал сол аяр немесі, мен, яғни Дон-Жуан Тенорио, Севильге келген сайын тас мүсіннің қасынан талтандап талай өтем. Ау, жарықтығым-ау, маған енді елдің ішін осынша бүлдіртіп қоясындар ма? Қашанғы әйелдердің арын төгіп, еркектердің қанын іше берем? Маған да бір тиым болу керек қой. Солай емес пе, епископ, мен енді бұдан былай да қағанағым қарқ, сағанағым сарқ сайран сап жүре берсем, мына еліңіздің не берекесі қалады.

ЕПИСКОП. Дұрыс айтасың.

ДОН-ЖУАН. Жайыма жүрмей жастарды бүлдіремін ғой. О немелердің енді шетінен мен болғысы келмей ме? Қашан тәңірінің көзіне түсіп, сазайыңды тартқанша талай сайранды салып қалуға болатынына әбден көздері жетеді де, әлгі нашар жыныстың намысын шашып, үйлі-баранды еркектердің насырына тиюді олар да кәсіп қып алады ғой. Бұған бір дәнiккен кісі қоя ма, олар менен де асырмаққа тырысады. Бұл, әрине, ақымақтық, әншейін жел бастық, бірақ, мұндай індет жұрттың арасына обадан бетер тез тарайды! Одан еш күмәныңыз болмасын!

ЕПИСКОП. Гм-м!

ДОН-ЖУАН. Сіз бұған сенбейсіз бе? *(Епископ графиннен өзіне бір бокал шарап құяды.)* Мені тек әйелдер ғана емес, өмірде ештеңеге сенбеу де әбден мезі қылды. Он екі жыл бойы сонау төбеміздегі көл дария көк аспандағы тәңірге қыр көрсетем деп өмірімді босқа өткізіппін. Мен істеген күнәмның тақсыретін тартудың орнына, айдай әлемге атым жайылды. *(Епископ бір ұрттап қояды.)* Оған өзгені білмеймін, әйтеуір, өзім қайранмын. *(Епископ тағы да бір ұрттап қояды.)* Отыз үш жасымда аты жер жарған данқты адамдардың санатына қосылдым, тап менің не істеп-не қойғанымды білмейтін адам бұ дүниеде жоқ, бірақ, соның ешқайсысы мен істеп жүрген нәрсенің мән-мағынасын ойлап басын қатырған емес. Кейде жұрттың мен туралы айтып жүрген әңгімелерін естігенде өз құлағыма өзім сенбеймін. Олардың айтуынша, әйелдерді көндіру ақ тауды айырып, қара тауды қайырғандай қиын шаруа сияқты.

ЕПИСКОП. Дегенмен...

ДОН-ЖУАН. Алғашқы кезде осының бәрі мен үшін әншейін бір әжуа қылжақ көрінетін. Әйел біткен маған саусағыңның сондай бір сиқыры бар, ол тиіп кетсе болды, өн бойымызды әлдеқандай бір қуаныш билеп, көңіліміз күпті боп шыға келеді дейді. Некелі күйеуімізден ондай лаззатты өмір бойы сезіп көрген жоқпыз деп ант-су ішеді.

ЕПИСКОП. Бұл тұспалыңыз біздің ержүрек қаһарманымыз Лопес туралы емес пе?

ДОН-ЖУАН. Дегенмен, әлгіні айтқан дон Бальтазар Лопестың әйелі шығар.

ДОН-ЖУАН. Мен біреумен жауығып, жанжалдасып жүргенді жаным сүймейді. Ит етінен жек көретін жалғыз-ақ нәрсем — іш пысыратын көңілсіздік. Әйел деген немелердің нәпсі билегенде дүниеде ештеңені көрмей бұлдырап кететін бұзақы көздері мен сүліктей қадалатын тойымсыз еріндерін ойлағанда, төбе шашым тік тұрады. Бір қызығы, менің атымды осынша жайып жіберген сіз бе деп қалам. Әйелдер сіздің

өсиетіңізді естіп алады да, мені қашан көрер екенбіз деп құлқындары құриды; күйеулері мен әлі әйелімен жолықпай тұрып-ақ қылыштарын қайрап жатады. Мен байғұс бір сайыстан соң бір сайысқа түсіп, мұрнымнан шаншылам да жүрем. Өйістіп жүріп, қарсы келгенді баудай түсіретін сайыскер болып алдым. Өлген неменің әйелі маған қылышымды қынына салуға мұрша бермей, мойныма асыла кетеді. Сонда мен не істемекпін? Өз данқыма өзім құл боп, абыройымды түсірмеу үшін тағы да жанжалға ұрынуға мәжбүр болам. Менің мұндай бейшара хәлімді ойлап жаны ашитын жан Испаниядан қайдан табылсын! Енді, міне, көшеге шықсам әйелден аяғымды алып жүре алмаймын. Амалсыз, тағы да бір жесірдің күйеуін жайратып тастап, өзінің төсегін тапап шығып, желкемді бір-ақ көрсетіп, тайып тұрам. Осының бәрі оңай тиіп жүр ғой дейсіз бе, киелі әкей! Жо-жоқ... Әйел деген халықты білмейсіз ғой, олар саған өздері құлқындары құрып тұрғанда құлықсыздық көрсетсеңіз болды, өле-өлгенше өкшеңізден қалмайды.

(Есік қағылады.)

Қазір?

(Есік тағы қағылады.)

ЕПИСКОП. Сіз неге таңғалдыңыз?

ДОН-ЖУАН. Міне, қызық...

ЕПИСКОП. Ол не қызық?

ДОН-ЖУАН. Сізді бетпе-бет көріп отырғаным осы. Сыртыңыздан қарағанда бұдан гөрі етті-жеңді сияқты едіңіз.

ЕПИСКОП. Сіз, бәлкім, мені менен бұрынғы әріптесіммен шатыстырып тұрған шығарсыз.

ДОН-ЖУАН. Мен сіздің мынау ашушаң жүзіңізді бұрында бір рет көрген сияқтымын. Қайда кездесіп едік? *(Есік қағылады.)* Міне, ғажап... *(Тағы да есік қағылады.)* Мен сізді мынау пәледен құтылуға қол ұшын берер ме екен деп шақырып едім.

ЕПИСКОП. Талай неке бұзылды, талай төсек ласталды, талай қыздың ары төгілді, талай әкенің қаны төгілді, талай еркек сырты бүтін, іші түтін боп тірілей өліп жүр. Ал, сіз Дон-Жуан Тенорио, соның бәріне ойран боп тиіп ап, енді мына пәледен құтқар деп көлгірсісіз.

ДОН-ЖУАН. Сіз неге қалш-қалш етесіз!

ЕПИСКОП. Сенің төсегің түгел, намысың бүтін, қалшылдағанды қайдан білейін деп ең!

ДОН-ЖУАН. Сіздің де төсегіңіз түгел, намысыңыз бүтін емес пе, әулие әкей?

ЕПИСКОП. Ал, Лопес сияқты ержүрек адамның көріп жүрген күні ше?

ДОН-ЖУАН. Сіз осы, әулие әкей, Лопеспен туыс емессіз бе, аузыңыздан соның аты түспеді ғой? Ата-дәулетінің жартысын шашып, испан шіркеуін артыма салып қойып жүрген сол емес пе еді, енді, міне, ол сонысы аз болғандай, үйімді тыңшыларға торытып қойды. Сіздің өңіңіз неге қуарып кетті. Бұл сөзімнің тырнақтай өтірігі жоқ. Қазір тіпті сыртқа шықсам тағы біреуге семсерім тиіп кетер деп, үйден шығудан да қалдым. Уа, жарықтық-ау, бұдан артық азап болушы ма еді...

(Лепорелло кіреді.)

Бар, бөгет болма!

(Лепорелло қайта шығып кетеді.)

ЕПИСКОП. Кәне, істің жөніне көшейік?

ДОН-ЖУАН. Көшсек, көшейік.

ЕПИСКОП. Аңызды қалай тарат дейсіз?

ДОН-ЖУАН. Сіз тек келісім берсеңіз болды, ар жағын жұрт өзі гулетіп әкетеді. Мен осында біреуді өлген командордың тас мүсіні боп келуге көндіріп қойдым, әлгі әйелдер өлі аруақтың даусын естігенде өзі-өзінен жым болады. Оған, сірә, күмән жоқ. Сосын енді белгілі ғой. Тас мүсін қарқылдап тұрып күлсе, әйелдердің жөн арқасынан қалай бұрқ-бұрқ тер шыққанын өздері де білмей қалады, ашуланып зірк-зірк етсе, зәрелері зәр түбіне кетеді. Сол уақытта, анау үстелдің астындағы машинадан көріп тұрсыз ғой, үйдің ішін күкірт иісі мен көк ала түтін жайлайды. Тек бәрін де тезірек істеу керек. Не болып, не қойғанын қапелімде білмей қалсын. Сол арада сіз тұрып, жаратқан ием күнәһардың сазасын осылай тартқызады деп сөз сөйлейсіз, менің музыканттарым күй тарта жөнеледі. Барлық іс сонымен тәмам боп шыға келеді.

ЕПИСКОП. Ал, сіз қайтесіз сонда?

ДОН-ЖУАН. Сіз ана едендегі тесікті көріп тұрсыз ба? Содан үй астына бір-ақ ырғимын. Сырт көзге сенімдірек болу үшін Аристотель трагедияларының соңындағыдай қып, бақырып-шақырып, жылап-сықтап бағам ғой. Үйдің астында тақуалар киетін қоңыр шапан жатыр. Сол арада менің мынау атышулы әсем сақалымды мұнтаздай қып қырамында, қолыма таяқ ұстап бейтаныс дәруіш боп жолға шығам.

ЕПИСКОП. Түсінікті.

ДОН-ЖУАН. Жалғыз-ақ шарт, бұл құпияны ешкім білмейтін болсын. Алда-жалда біреу-мінеу біліп қойса, екеуміздің де абыройымыз айрандай төгілгені. Мені

тәңірінің кәріне ұшырап, табан астында жер жұтып кеткені сол сәтте күллі Испанияға жайлады. Мұны өз көзімен көрген кісі онша көп болмаса да, жұрттың бәрі де мұны өз көзіммен көрдім деп дақпыртып бағады. Сонда мен тастап кеткен тұл қатындар да, алданған ерлі-зайыптылар да, қарызын қайтарып ала алмай жүрген қалтамандар да төбелері көкке жетіп қалады. Олар үшін бұдан асқан қуаньш бар ма?

ЕПИСКОП. Түсінікті.

ДОН-ЖУАН. Дон-Жуан өрем қабады. Ал, мен ың-жыңсыз геометриямен боламын. Шіркеу адамдары, сіздер де, жаратқан иемнің жазасынан ешкім қашып құтыла алмайтынын көрер көзге дәлелдеп, жұрт алдында беделдерің өсіп шыға келеді.

ЕПИСКОП. Жөн, жөн. *(Лепорелло кіреді.)*

ЛЕПОРЕЛЛО. Тақсыр ием...

ДОН-ЖУАН. Иә, немене?

ЛЕПОРЕЛЛО. Әйелдер келді.

ДОН-ЖУАН. Олар қайда?

ЛЕПОРЕЛЛО. Аулада күтіп тұр. Шетінен ашулы. Бәрі де өзіңізбен бетпе-бет жүздескісі келеді. Қақпаға құлып салып қоймасам, лап қоятын түрі бар. Шаң-шұң боп шаң-қылдасып бас қатырды.

ДОН-ЖУАН. Міне, дұрыс,

ЛЕПОРЕЛЛО. Ол дегеніңіз болды. Енді қазір тынышталып, желпуіштерін алып, желпініп тұр.

ДОН-ЖУАН. Ендеше, оларды... *(Епископқа қарап қойып)* бес минуттан кейін кіргіз. *(Лепорелло кетіп қалады.)* Ал, жарықтығым, маған қай ғибадатханадан құжыра бермексіз?

ЕПИСКОП. Сіз әлгі жоспарыңыздың іске аса қоюына күмәныңыз жоқ па?

ДОН-ЖУАН. Әрине! Шіркеуге енді бұдан артық не керек? Сіздің қобалжып тұрғаныңызды да білемін, бірақ, бұған ешкім күмән шығарып жатпайды. Мен бұл жоспарды ойластырғанда ескі аңыздарды негізге алдым. Тас мүсіннің өзін өлтірген кісіден кек алуы ерте дүние әдебиетінен келе жатқан ежелгі сюжет, ал енді өлі аруақтың өшпін қайыруы біздің жауынгерлеріміздің аузынан түспейтін бретон балладаларында күнде айтылып жүрген жәйт. Біз тек сол аңыздарға жаңаша әр бітіреміз.

(Епископ, қалпағын, көзілдірігін алып, Дон-Жуан жүзін бұрады.)

Мынау Дон Балтазар Лопес пе?

ЛОПЕС. Иә.

ДОН-ЖУАН. Сөйтіп...

ЛОПЕС. Мен сені бір-ақ рет көргенмін, онда да бір көзді-

ашып жұмғандай асығыс сәт еді. Ақ жібек пердеге шырағданның оты тиіп өртеніп барады екен, жалма-жан есікті ашсам, әйелімнің төсегінде сіз жатырсыз... Есіңізде шығар, мен амалсыз өртті сөндіруге мәжбүр болдым.

ДОН-ЖУАН. Есімде.

ЛОПЕС. Сайысқа шығатын мұршам болмады. *(Дон-Жуан қылышын суырып алады.)* Мен енді біздің кегімізден құтылу үшін қандай айла жасалмақ екенінді әбден біліп алдым; енді қазір мынау имансыздығыңды әшкере етем. Тезірек әйелдерді кіргіз! Жоқ, Дон-Жуан Тенорио, мынау баршамызды бақытсыз еткен өлкеден сізді ешқайда жібермейміз. Сіздің де әйел алып, пенде болғаныңызды көрмей, менің кегім қайтпайды.

ДОН-ЖУАН. Ха-ха!

ЛОПЕС. Алғанда тап менің әйелімді аласың!

ЛЕПОРЕЛЛО. Әйелдер келе жатыр. *(Лепорелло кіреді.)*

ЛОПЕС. Тіпті шебер шахматшының өзі ара-тұра жүрем деген жүрісін жүре алмай, жеңіліске ұшырайтын сәттері болады.

ДОН-ЖУАН. Оны әлі көрерміз.

(Он үш әйел буырқанып кіреді де, епископты көріп, жым болады. Лопес епископтың киімі мен көзілдірнігін қайта киіп алыпты. Әйелдер оның етегін сүйеді. Бұны істегенде олар шетінен маңғаз кейпін жоғалтпайды, дегенмен де...)

ДОННА ЭЛЬВИРА. Киелі әкем, бұл неме алдап кетті.

ДОННА ТЕЛИЗО. Бұл сабазда ұят деген болсайшы.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Мен оны өлім аузында жатқан шығар деп едім.

ДОННА ИЗАБЕЛЛА. Мен де солай ғой деп едім.

ДОННА ВИОЛА. Бәріміз де солай ойлағанбыз.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Әйтпесе, есігінен қарармыз ба?

ДОННА ФЕРНАНДА. Иә, деймін-ау...

ДОННА ЭЛЬВИРА. Мен командордың жесірімін.

ДОННА ФЕРНАНДА. Мен де өлейін деп жатыр ғой деп ойлап ем.

ДОННА ИНЕС. Мен де солай ойлағанмын.

ДОННА ЭЛЬВИРА. Мен оны ендігі тәубасына келді ғой деп ем.

ДОННА БЕЛИЗА. Бәріміздің де ойымыз сол.

ДОННА ИЗАБЕЛЛА. Мен енді бұнысынан өзі де безінер деген ем.

ДОННА ВИОЛА. Апырай десейші!..

ДОННА ЭЛЬВИРА. Киелі әкей, мен зиялы әйелмін.

ДОННА БЕЛИЗО. Немене, сонда біз кіміз?

ЕПИСКОП. Донна Белиза...

ДОННА БЕЛИЗА. Сонда, киелі әкем, біз немене, қаңғыған қара сүйек біреу болғанымыз ба?

ЕПИСКОП. Сабыр етіңіз, Донна Белиза. Сіздің ержүрек Лопестің әйелі екеніңізді танып тұрмын.

ДОННА БЕЛИЗА. Менің сол бір жексұрын атты естігім де келмейді.

ЕПИСКОП. Неге?

ДОННА БЕЛИЗА. Лопес ержүрек деген атты өзіне-өзі тағып жүр... Оның ержүрек боп мен үшін сайысқа шыққанын көрсем, көзім шықсын. Қалған еркектер қатындары үшін қан боп жатады. Осылардың ішінде әлі күнге жесір атанбаған жаңғыз менмін.

ЕПИСКОП. Әдептен аттамаңыз!

ДОННА БЕЛИЗА. Ержүрек Лопес!

ДОННА ЭЛЬВИРА. Мен мұнда, киелі әкем, тап мынандай опасыз қатындардың опыр-топыр жиынын көрем ғой деп ойламап едім. Бұл бетсіздер менімен тең болғысы келеді әлі.

ӘЙЕЛДЕР. Ах!

ДОННА ЭЛЬВИРА. Өңшең жексұрын жезөкшелер! Сендердің сөз не теңдерің, онан да ана желпуіштеріңді желпіп, жайларыңа қарап тұрыңдар! Мен сендердің бұл үйге не құлқындарың құрып келгенін жақсы білем!

ДОННА БЕЛИЗА. Өзіңізді не айдап келіп еді?

ДОННА ЭЛЬВИРА. Әлгі сендердің бастарыңды айналдырып жүрген жады неме қайда өзі? Қап бәлем, көрінсінші осыдан, көзін ойып алайын.

ДОН-ЖУАН. Мен мұндамын. *(Тореддор құсап ортаға шығады)*. Өңшең, нақсүйерлерім, келгендеріңіз үшін көпкөп рахмет. Рас, шеттеріңнен түстеріңіз бұзылып, түтігіп тұрсыздар. Ол ештеңе етпейді, қазір сендер менің тамұққа аттанар салтанатыма жиылдыңыздар.

ЛЕПОРЕЛЛО. Тақсыр ием....

ДОН-ЖУАН. Ал, кәні, ғашықтарым, дастархан басына келіңдер.

(Әйелдер сұлқ тұра береді, желпуіштерін де желпімейді.)

Бар ғашығыңның бәрімен бір залдан ұшырасу аса сирек кездесетін жәйіт. Өмірде бұндай да жолығыс болады деп кім ойлап көрген. Қапелімде аузыма сөз де түспей тұр. Енді міне бір-біріңе атымен жат болғанмен де, бәрің бірдей мені сүйіп, менің қырсығымнан жесір қалған он үш әйел бастарың қосылып келе қалыпсыңдар; маған тіпті ашуланып та тұрған түрлерің бар; ешқайсысың бетіме

жөндеп қарамайсыңдар... *(Әйелдер желпуіштерін желпи бастайды.)* Қадірлі ханымдар, біз бір-бірімізді өлердей сүйдік. *(Бір әйел аяғының астына түкіріп жібереді.)* Иә, донна Виолла, сол махаббатымыздың соңы тап осындай боп шыққанына мен де қайранмын.

ДОННА ИЗАБЕЛЛА. Мен Виола емеспін.

ДОН-ЖУАН. Кешір.

ДОННА ВИОЛА. Ол мынаны Виола деді ме?

ДОН-ЖУАН. Сен де кешір.

ДОННА ВИОЛА. Жоқ, бұған төзе алмаймын!

ДОН-ЖУАН. Иә, соның бәрі адамның әлгі тылсым дүниеге кірпік қаққанша аттанып жүре бететіні сияқты, көзді ашып-жұмғанша өтіп кететін тым бір келте сәт қой, бәр-бәрінің жөн-жосығы есінде жөнді қала бермейді, донна Фернанда.

ДОННА ИЗАБЕЛЛА. Мен Фернанда емеспін.

ДОН-ЖУАН. Ау, сәулешім-ау...

ДОННА ИЗАБЕЛЛА. Сен жұрттың бәрін "сәулешім" дейсің.

ДОН-ЖУАН. Сендердің бәрің де маған сүйіктісіңдер. Енді есіме түсті, сен донна Изабелла екенсің ғой. Сен сондай шыдамсыз, сезімтал едің. Ылғи ыңырсып жылап жататынсың. *(Епископқа бұрылады.)* Еркек кісі жарықтық шетінен ұмытшақ келеді ғой. Қайдағы бір осындай кездейсоқ нәрселер ғана есінде қалады. Мәселен, әлгі бір шырағданнан өрт шығып кете жаздағаны сияқты.

ДОННА БЕЛИЗА. О, тоба, мынау нені айтып тұр?

ДОН-ЖУАН. Әйтпесе, бірде қамыс сыбырынан қатты сасқаным бар. Төсектен атып тұрып, киінуге де мұрша жоқ, қылышыма жармастым. Өзі бір ай жарық түн еді. Сөйтсем, қорқытқан үйрек екен.

ДОННА ВИОЛА. Мына сабаз қайдағыны қайдан айтады!

ДОН-ЖУАН. Кісінің жадында осындай-осындай қайдағы бір ұсақ-түйек болымсыз нәрселер қалады. Талғамсыз арбиған құмыралар, кебежеқарын кебістер, оңды-солды ыбырсыған фарфор бұйымдар, осынша қоқырсыған дүниенің ішінде бір күнірсіген күлімсініс мұрнымды жарып кете жаздады. Сол кімнің үйі еді?

ДОННА ИЗАБЕЛЛА. Таңдайына шоқ түскір, тағы нені көкіп тұр.

ДОН-ЖУАН. Сонау бозбала кезімде бір күн түні бойы тотының даусынан құлағымның сарсығаны бар!

ДОННА ЭЛЬВИРА. О, тәңірім!

ДОННА КЛАРА. О, тоба-ай, ә!

ДОННА ИНЕС. Түү, құдайым-ай!

ДОН-ЖУАН. Менің есімде бар қалғаны осы.

(Әйелдер желпуіштерімен беттерін басады.)

Лепорелло, шам жағып жібер.

(Лепорелло шырақтарды жаға бастайды.)

Еркектердің бәрі осындай ма, жоқ па, ол арасын білмеймін.

Бәлкім, басқа еркектер көп әйелдердің қасына қайтып түнегенін өмірбақи ұмытпайтын шығар. Әйтеуір, өзім өткен өмірімді ойласам, айран-асыр болам. Мен, құдды, бір өзенге шомылып жүрген жан сияқтымын, артында із қалып жатқан жоқ. Кейде жас жігіттер кеп, әйелдің құшағында жатқан деген қандай нәрсе болады деп сұрағанда, не деп жауап берерімді де білмей қалам. Ол да бір қарның ашқан сияқты, я ішің ауырған сияқты, тұсында біле қоясың, өтіп кеткен соң ұмытып қаласың. Бірақ, біржола ұмытпайсың, әлгі сезім артынан тағы оралады. Бір-бірінен ешқандай айырмасы жоқ.

(Лепорелло барлық шыраққа от береді.)

Дон Бальтазар, енді бет-пердеңізді аша беруге бола ма, жоқ әлі де біраз кідіре тұрасыз ба?

ДОННА БЕЛИЗА. Мынау не деп тұр-ау?

(Епископ бетін көрсетеді.)

ЛОПЕС. Менің атым — Лопес.

ДОННА БЕЛИЗА. Тәңірім-ау, сенбісің?

ЛОПЕС. Дон Бальтазар Лопес.

ДОН-ЖУАН. Қателеспесем, Толедо қаласының қазынасы осы кісінің қолында, омырауы тола орден. Ол барша опық жеген еркектердің кегін кектеп, намысын жоқтауды ержүректілікпен өз мойнына алды.

ЛОПЕС. Дон-Жуан, сіздің ойыңыздың осылғаны осы шығар.

(Аяқ дыбысы естіледі.)

ДОН-ЖУАН. Тыныш!

(Аяқ дыбысы естіледі.)

Толедолық, Дон Лопес, құлағымыз сізде.

(Аяқ дыбысы естіледі.)

ЛОПЕС. Қадірлі ханымдар, ештеңеден қорықпаңыздар. Ол әншейін сіздерді әжуа қылмақшы.

ЛЕПОРЕЛЛО. Тақсыр ием...

ДОН-ЖУАН. Тыныш!

ЛЕПОРЕЛЛО. Есіктер тарс жабық.

(Әйелдер зәресі ұшып үрейлене бастайды.)

ЛОПЕС. Мені тыңдаңыздар...

(Әйелдер есікке ұмтылады, есік жабық. Дон-Жуан столдың бір шетіне отырып, өзіне бір бокал шарап құйып алады.)

ДОН-ЖУАН. Ау, сөзін тыңдасаңыздаршы!

ЛОПЕС. Қадірлі ханымдар...

ДОН-ЖУАН. Ғафу етіңіз, тағы біреуін ішпесем, әбден қаным қатып қалыпты. *(Ishedi.)*

Ал, енді айта беріңіз!

ЛОПЕС. Қадірлі ханымдар, Дон-Жуанды тиесілі жазасын алмай тұрып, осы үйден ешқайда шығармауымыз керек. Оның барлық жайын өзім ойластырып қойғам. Оның қаныпезерлігі әбден шектен асты, сазасын тартатын уақыты әлдеқашан болған.

ДОН-ЖУАН. Сәл тоқтай тұрыңыз. *(Ishedi.)* Бұл айтып тұрғанымның еш қалжыңы жоқ... Лепорелло, кеше зиратта марқұм командордың аруағын қорлағанымыз рас қой?

ЛЕПОРЕЛЛО. Тақсыр ием...

ДОН-ЖУАН. Менің оны қонаққа шақырғаным да рас қой?

ДОННА-ЭЛЬВИРА. Менің күйеуімді ме?

ДОН-ЖУАН. Сонда оның шақыруымды қабыл алып, бас изегенін менің ержүрек қызметшім өз көзімен көрді. Сіздің зайыбыңыз бүгін осы үйге кіріп шықпақшы болды. Неге кешікті екен? Түн ортасынан ауып барады. Тәңірінің әділ жазасын тартуым үшін тағы немене істеуім керек. *(Аяқ дыбысы естіледі.)*

ЛОПЕС. Донна Эльвира, қайда барасыз, тоқтаңыз! *(Аяқ дыбысы естіледі.)* Бұл айтып отырғаны шып-шылғи өтірік. Бізді тағы да мұзға отырғызып кетпек қой. Анау столдың астындағы машинаны көрдіңіз бе? Ол қазір Дон-Жуанды тәңірінің қаһары соғып, жер жұтып кетті дегенге сендіру үшін күкірт пен түтікті бұрқыратып, зәрулеріңді ұшыруға арналған. Бұнысы тағы да жазадан жалтарып кетудің бір амалы. Бұл сұмырай бүкіл Испанияны ақымақ қылып, жазадан біржола құтылып кетпекші. *(Дон-Жуан қарқылдап күледі.)* Немене, осы айтып тұрғаным өтірік пе?

ДОН-ЖУАН. Еш өтірігі жоқ.

ЛОПЕС. Әне, естідіңдер ме не дегенін?

ДОН-ЖУАН. Бұл әншейін әжуа ғой.

ЛОПЕС. Мына жердің астына түсіп кетуге арналған тесіктің қақпағы. Нанбасаңыздар, келіп көріңіздер. *(Дон-Жуан күледі.)* Имансыз неме, тағы да тәлкек қылмақшы бізді.

ДОН-ЖУАН. Дұрыс айтасыз. *(Ішегі.)* Менің он екі жыл бойы айтып жүргенім де осы емес пе? Мақшар да, тамұқта, тәңірінің қаһары да әншейін әңгіме, ешқайсысына сенбедер демеп пе едім. Енді, міне, осының бәрі әншейін әжуа деп сеньор Лопес те айтып тұр.

ЛОПЕС. Ханымдар, естідіңіздер ғой?

ДОН-ЖУАН. Ендеше, міне... *(барып төрдегі шымылдықты көтереді, арғы жағынан командордың тас мүсіні көрінеді.)* Өтінемін! *(Әйелдерге зәре жоқ.)* Неден қорықтыңыздар?

ДАУЫС. Дон-Жуан?

ДОН-ЖУАН. Бұл әншейін Жуан ғой.

ДАУЫС. Дон-Жуан!

ЛЕПОРЕЛЛО. Тақсыр ием, ол қолын ұсынып тұр...

ДОН-ЖУАН. Ғашық жарларым, мен онан тіпті де қорықпаймын, міне, оның тастай қолын да аламын... *(Дон-Жуан статуямен қол алысады, күкірт иісі мен түтін бүркетеді. Дон-Жуан мен ескерткіш тесікке құлайды. Музыканттар үйді бастарына көтеріп, даңғырата жөнеледі.)*

ЛОПЕС. Қадірлі ханымдар, бұл шып-шылғи өтірік, шоқынбай-ақ қойыңыздар!..

(әйелдер жер тізерлеп, шоқына бастайды.) Ай, қатын деген халықтан пәтуа қайдан шықсын! *(Есік тарс ашылып, Лопестың тыңшылары кіреді.)* Оңбағандар, неге орындарыңда тұрмайсыңдар?

ТЫҢШЫ. Ол қайда кетті?

ЛОПЕС. Қашып кетті. Айырылып қалдық.

ИНТЕРМЕДИЯ

Сахна алдына Селестина мен Лепорелло шығады.

СЕЛЕСТИНА. Менің онымен көзбе-көз сөйлесуім керек. Күймеге барып, делебесін өзің ұста. Мен сені білем ғой, ғибадатхананың бақшасына кіріп, қоңыраудың күңіренген даусын естігенде аузыңды ашып қаласың. Дон-Жуанның тамұққа кеткеніне өзің де сенетін бол. *(Тақуа әйел шығады.)* Эльвира сінлім! *(Лепорелло кетіп қалады.)* Ал, сінлім Эльвира, мен саған құдайдан қорқып келіп отырмын. Менің ол жолғы істеген ісім әбден күпірлік болды. Оған өзім әлі өкінемін. Міне, енді күні бойы жасағанға жалбарынумен өміріңіз өтіп барады; әлгі жас мейманнан қорыққандықтан осындай күйге ұшырадыңыз. Мен, бірақ,

тап осыған ешкім сене қоймас деп ойлап ем. Сөйтсем, бүгін күллі Испания жағасын ұстап отыр. Лопес бейшара жайына қарап жүрмей, бұл командордың тас мүсіні емес, әншейін көзбояушы айлакердің істегені деп айтамын деп, аузынан қағынып, елден қуылып кетті. Эльвира сіңлім, сонда командордың тас мүсіні боп келген мен едім. Әлгі Лопес бейшараны айтам-ау, бүкіл атағы мен дәулетін жолына құрбандық қып жүрсе де, испан шіркеуі сенбей қойды, ақыры Мароккода асылып өлді. Испанияда ақиқатты айтқан адамды неге осынша қуғындайды? Мен осында үш сағаттық жол жүріп келгендегі мақсатым бар шындықты айту еді. Сол бір сұрқия оқиғаның егжей-тегжейін білетін енді менен басқа ешбір куә қалған жоқ. Сіз де сол оқиғаның қырсығынан осында тап болдыңыз. Жан баласына тісіңізден шығармаңыз, Дон-Жуанды жер жұтып, тамұққа кеткен жоқ. Оның бүгінде қайда екенін де білемін, бірақ айтуға қақым жоқ. Ол үшін қыруар ақша алғанмын. Әйтпесе, өйістіп, қызметші ұстай аламын ба? Эльвира, мен мұны атымыз әйел болған соң, айтып тұрмын, Дон-Жуан тірі, өз көзіммен көрдім. Қайдағы тамұқ, оның қазіргісіндей өмір ұжмақта да жоқ шығар. Оның амандығы үшін қанша дұға оқимын десеңіз де болады...

(Кешкі намазға қоңырау қағылады. Тақуа әйел шоқынып кетіп қалады.)

Бұларға не істерсің! *(Лепорелло кіреді.)* Ұста делебеңді! Қайдағы бір былшылға сеніп, көзсіз көбелек болып алған бұл жаны қастарға ес кіргізем деп, есіл уақытымды қор қылмайын. Сен де шоқынып қой!

ЛЕПОРЕЛЛО. Селестина!

СЕЛЕСТИНА. Дон-Жуан тамұқта.

ЛЕПОРЕЛЛО. Ендеше маған жалақы төлеп жүрген кім?

СЕЛЕСТИНА. Бар, делебеңді ұста!

ЛЕПОРЕЛЛО. Ол өлді деп естігелі қорланған аруақ, бұзылған заң-жосық, опық жеген қыздар мен ойрандалған үйлер де, абыройы төгілген ата-аналар мен алданып қалған әйелдер де, олардың қанына қарайған күйеулері де шат-шадыман, мәз-майрам. Қожама пәлен жыл қалтқысыз қызмет қылған менен басқа оның орынсыз от басам деп опат болғанын білетін бір де бір пенде жоқ.

ШЫМЫЛДЫҚ

БЕСІНШІ АКТ

Лоджия. Алдыңғы планда екі кісіге жасалған стол. Дон-Жуан біреуді күтулі. Сәл кідіріп барып қоңырау соғады. Қызметші кіреді.

ДОН-ЖУАН. Қашан жұрт дастархан басына түгел отырып болғанша мені асқа шақырмаңдар деп айтпап па ем саған! Енді, міне жарты сағат бойы жұмысымнан қалып тосып отырмын. Онсыз да уақыт жеткізе алмай жүргенде бұның не? Жарайды, Алонсо, бұған сен кінәлі емессің. *(кітап оқуға кіріседі.)* Ол өзі қайда жүр? *(Қызметші "білмедім" дегендей иығын қиқаңдатады.)* Рахмет. Жарайды, бара бер! *(Қызметші кетіп қалады, Дон-Жуан кітапқа қайтадан шұқшияды да, сәлден кейін лақтырып тастайды.)* Алонсо! Кешкі тағам шамалыда келмейтін болса, мен құжырама кеттім.

(Дон-Жуан кетуге бет алғанда, бау ішінен сейілген шығып келе жатқан, қолына гүл ұстаған Кордова епископы, Диего әкей қарсы жолығады.)

ЕПИСКОП. Сіз қайда барасыз?

ДОН-ЖУАН. А!..

ЕПИСКОП. Біз сізді бақшада күтіп жүрсек. Бүгін күн неткен тамаша. Тек менің қазір кететінім өкінішті боп тұр. Аркаданың ар жағынан Ронда шатқалы көрінеді екен, алқызыл және күлгін қырмызылар батар күннің қызыл жалқынын нұрына малынып, қалай жайнап кетеді, ал сонау төмендегі аңғар бойын көлеңке көміп, бір салқын леп еседі. Мен осында келген сайын нағыз жұмақ осы ғой деп қалам. Көрмейсіз бе тап табаныңыздың астыңда нағыз пейіштің өзі жатыр.

ДОН-ЖУАН. Иә.

ЕПИСКОП. Алайда, күз сыңайы әбден білініп қалыпты.

ДОН-ЖУАН. Диего, бәлкім, шарап ішерміз.

ЕПИСКОП. Ішсек ішейік. *(Дон-Жуан графиннен екі бокалға шарап құяды.)* Бір кезде осы жерге бақ еккен маврлар, қарап тұрсаңыз, табиғаттан қаншама тән тоятын ала білген. Осынау аула, мынау тылсым тыныштық, қоңыр салқын көлеңке көмген көкжасыл қойнау қандай рахат; бірақ, бұл әлгі салқын қабірге тән меңіреу тыныштық емес, сонау көк аспаннан көшіп кеп, осында орнаған пейіш сияқты. Төңірегіндегі нәрсенің бәрінде сондай бір сұлу наз, ерке қимыл бар. Бәрі де ләззатыма қан, рахаттан деп тұрған-

дай. Анау сылдыраған үніне құлақ тосыңызшы... Оны жаныңызға мөддіреп кеп өзі құйылғандай етіп, соншама ет жақын қып табыстырып жіберген, осынау кездейсоқ нәрселердің бәріне де мәңгілік сипат беріп тұрған не сиқыр, не құдірет... Өлі табиғатқа жан бітірген қандай ұлы өнер!

(Гүлді иіскейді.) Герцогиня қазір келеді.

ДОН-ЖУАН. Солай ма?

ЕПИСКОП. Ол жаңа әлденеге мең-зең боп жүрмін деп отырған.

(Дон-Жуан епископқа шарап толы бокал ұсынады.) Геометрияда қандай жетістігіңіз бар?

ДОН-ЖУАН. Рахмет, жаман емес.

ЕПИСКОП. Сіздің анада бір айтқан әңгімеңізді әлі ұмыта алмай жүрмін. Әлгі, адам білмек түгілі, қиялдай алмайтын ақиқаттарды айна-қатесіз алдына жайып тастайтын өлшемдер жайлы әңгімеңізді айтамын. Сызық, аудан көлемі деп пе едіңіз... Сонда төртінші өлшем деп нені айтып едіңіз. Сіз дүниеде сондай өлшемнің шыннан да бар екенін дәлелдей аласыз ба? *(Дон-Жуан шараптан сіміріп қояды.)* Дон-Жуан, сізге не болған?

ДОН-ЖУАН. Нені айтасыз? Маған ештеңе болған жоқ. *(Өз бокалына тағы да шарап құяды.)* Ол туралы сөз етпесек те болады. *(Екінші бокалды ішеді.)* Маған не болушы еді?

ЕПИСКОП. Сіздің денсаулығыңызға!

ДОН-ЖУАН. Сіздің денсаулығыңызға. *(бокалына тағы да шарап құяды.)* Менің күнде-күнде құлақтарына қырық рет құйып отыратын жалғыз-ақ өтінішім бар, ол-жұрт дастархан басына қашан түгел келгенше мені жұмысымнан бөлмеу. Бірақ, соның сәті бір түспей-ақ қойды. Әуелі қоңырау кінәлі деді, аңғардағы шегірткенің шырылына дейін жақсы еститін герцогиня қоңырауды ести алмай қалатын болды. Сосын бүкіл Ронданы басына көтеретін басқа қоңырау қоңдырттым. Енді бізді асқа шақырып жатқанын күллі Ронда еститін болды, тағы да жалғыз-ақ герцогинясы естімейді.

Ақыры, қызметшіге астың әзір болғанын әуелі герцогиняға өзің барып хабарла, мені сосын шақыр деп тапсырдым. Ол тағы жоқ. Сіз неге күлесіз? Иә, бұл әншейін ұсақ-түйек қой, бірақ, жүйкенді жидіретін де көбіне осындай ұсақ-түйек емес пе! Енді қайт дейсіз? Мен де бір тұтқынмын. Қамалдан аттап шыға алмаймын. Жұрт көріп қалса, баяғы аңыз тағы да өтірік боп

шығып, баяғы дәуренге қайта түсуге тура келеді. *(Үшінші бокалды ішіп қояды.)* Жә, соны сөз етпей-ақ қояйық...

ЕПИСКОП. Тамаша херес! *(Дон-Жуан түнеріңкі.)* Керемет дәмді!

ДОН-ЖУАН. Ғафу етіңіз! *(Епископқа шарап құяды.)* Менің әлгі сөзімді мен айтпаған болайын, сіз естімеген болыңыз.

ЕПИСКОП. Сіздің денсаулығыңызға.

ДОН-ЖУАН. Сіздің денсаулығыңызға.

ЕПИСКОП. Герцогиня тамаша әйел ғой. *(Шарапты сораптап отырып.)* Ол сонша бақытты бола отыра, ақылынан бір жаңылған емес, оның маған қайта-қайта айта беретін жаңғыз-ақ уайымы бар, ол сіздің өмірден өз бақытыңызды таба алмағаныңыз.

ДОН-ЖУАН. Бұған ол кінәлі емес.

ЕПИСКОП. Сонда да?

ДОН-ЖУАН. Жә, бұл туралы сөз қозғаудың қажеті жоқ. *(Епископ шарап сіміреді.)* Менің осында күніне үш рет келіп тамақтанып жүргеніме бірнеше жыл болды. Келген сайын бұған бұдан әрі шыдай алмайтындай болып кетемін. Сізге бұл ақымақтық көрінер. Шынында да, шыдай алатын емеспін. Ол келгенде мен нақұрыс басым: "Ас тәтті болсыннан" басқа әңгіме айтпаймын.

ЕПИСКОП. Сіз оны сүйесіз ғой.

ДОН-ЖУАН. Бар гәп сонда ғой. Мәселен, Севильяға шаш боята кетіп, бір апта бойы оралмай қойғанда сағынғаннан жер-көкке сыймадым.

ЕПИСКОП. Дегенмен, қиын-ау.

ДОН-ЖУАН. Әрине.

ЕПИСКОП. Еркектің жалғыз болғаны жақсы емес деп кітаптың өзінде жазылған ғой. Тәңірінің дүниеге әйелді жаратып жүрген себебі де сол емес пе!

ДОН-ЖУАН. Жаратқан ием сонда еркектерді әбден жарылқап тастадым деп ойлады-ау...

(Қызметші күміс табақ көтеріп келеді.) Біз бұған әлі жете қойған жоқпыз. *(Қызметші кетіп қалады.)* Шынын айтқанда, тәңірімнің бізді екі жынысты қып екі жарып жібергеніне өз басым онша разы емеспін. Адамның бір бүтіннің өзі болмай, тек соның бір жартысы ғана болуы қандай әділетсіздік. Адам қанша дербес кісі болғысы келгенмен, басқа жыныстың өкіліне амалсыз ісі түседі де, дымы құриды. Осыншама азап неге қажет? Мен, бұнымен қоймай, оған ырза боп, алғысымды айтуым керек. Өйтпес-

ке лажым жоқ. Я осында тұруға тиіспін, я біржола құруға тиіспін. Мен осынау жұмақтың ортасындағы түрмеде тұтқын боп қамалып отырғаным үшін де оған мың мәртебе алғыс айтуым керек.

ЕПИСКОП. Достым-ау, енді...

ДОН-ЖУАН. Бұның енді түрме екені рас қой.

ЕПИСКОП. Түрме болса да, қырық төрт бөлмесі бар түрме ғой. Ал, сен, Дон-Жуан, жарық дүниеде жалғыз індігештен басқа ештеңесі жоқ жандардың да өмір сүріп жатқанын білесің бе?

ДОН-ЖУАН. Мен соларға қызығам.

ЕПИСКОП. Несіне қызығасың?

ДОН-ЖУАН. Ол ақымақтар төңірегіндегі осынша есуастықты білмейді ғой... Мені неге ғибадатханаға жібермейді екен?

ЕПИСКОП. Ғибадатханаға жұрттың бәрін жібере бермейді.

ДОН-ЖУАН. Өсіп-өніп, өрби беріңіздер дейсіз ғой ба-яғы.

ЕПИСКОП. Хақ тәңірдің жазуы солай болса қайтеміз.

ДОН-ЖУАН. Мен ешқашан дау-шарадан да, найзадан да қорқып көрген жоқпын, Ал, мынау өзімді өліп-өшіп сүйетін әйелді көрген сайын арқама мұздай тер шығады. Қарап отырсам, күлетін нәрсеге де күлмейтін, көнбейтін нәрсеге де көне беретін көн тері біреу болып аппын. Ол, бәлкім, дүниедегі ең жақсы әйел шығар. Бірақ, бәрібір, ол әйел де, мен еркекпін ғой. Аруағыңызға құлдық, қанша тырыссаң да, бұған еш қайраның жоқ екен. Екеуміз бірімізден біріміз асырып, жақсылық істейміз деп жарысамыз да отырамыз, оған да кісі біртүрлі қысылады екен. Сіз біздің оңаша қалғанымызды көрсеңіз етті. Бір ауыз қатты сөз, қатқыл қабақ байқатпаймыз. Ең болмаса арамызда бір шөлмек те сынған емес. Біріміздің алдымыздан біріміз көлденең өтпей, иіліп-бүгіліп тұрғанымыз. Сонда сіз біздің тірлігімізде заңды некелі тұрмыс болу үшін не жетіспей тұр деп ойлайсыз? *(Пауза.)* Әлде ол, бәлкім, мені әлдеқашан тұзаққа түсіріп үлгерген бе...

ЕПИСКОП. Сонда не айтпақшысыз?

ДОН-ЖУАН. Ол менен бала тауып жүрсе қайтем? Екеуміздің сондағы күніміз не болады? Қазір біз дастархан басында: "Ас тәтті болсын" дегеннен басқа жақ ашпаймыз.

(Ронда герцогинясы Миранда кіреді.)

МИРАНДА. Мен сіздердің сөздеріңізді бөлген жоқпын ба.

ЕПИСКОП. Жоға, қадірлі Миранда ханым. Біз баяғы Дон-Жуанның қалай тамұққа кеткенін әңгіме қып отыр едік... (Дон-Жуан.) Севильдағы сол қызықты сіз көрген жоқсыз ба?

(Мирандаға.) Қазір оны театрда қойып жүр.

ДОН-ЖУАН. Мен Севильяға ат ізін салған емеспін.

МИРАНДА. Апырай, олар соны театрда көрсетеді ме екен.

ЕПИСКОП. Пьесаның аты "Севилья әзәзілі, немесе Тас мейман". Пьесаны біздің монастырьдің қамқоршыларының бірі Тарсо де Молина жазған екен, жуырда мені қоярда қоймай жүріп, өзі апарып көрсетті.

МИРАНДА. Иә, қалай екен?

ЕПИСКОП. Талай жерін ойдан қосыпты. Дон-Жуанды жер жұтқан жерде жиналған жұртта ес қалмайды. Қызық үшін, Дон-Жуан, соны өзіңіз де барып көріңізші.

ДОН-ЖУАН. Өзімді қалай жер жұтқанын көрем бе?

ЕПИСКОП. Енді театр содан басқа не көрсетсін? Шындықты қайтып айтсын. Жұрт Рондада серуендеп жүрген Дон-Жуанды көрсе не болар еді? Әйелдер театрдан шыға беріп, міне көрдіңдер ме деп, әбден желпінер еді. Ал, еркектер Дон-Жуанның да басына ноқта түскенін көрдік деп сандарын шапалақтар еді. Бірақ, біздің бағымызға қарай кейде елден ерек нәрсенің өзін күнде көріп жүрген үйреншікті жәйттен айырып алу қиынға соғады. Әйтпесе, көріп отырған жұрт: "Мұнша залалдың зауалы қайда?", — деп қиқу шығармас па еді. Немесе бір боз бас ақымақ күйрек боп көрінгісі кеп: нағыз қарғыс атқан тамұқ нәрсе. неке ғой деп, аузына келгенді сандалар еді. Қайта, сол жұрттың шындықты білмегені жақсы болды, бұ жұрт оны білсе, қайдағы сұмдықты қайдан шығаратынын кім біліпті? (Қолын созады.) Қош тұрыңыз, Герцогиня.

МИРАНДА. Иә, сіз шынымен бізді тастап кетпекшісіз бе?

ЕПИСКОП. Қайтерсің, өзім де өкініп тұрмын. (Дон-Жуанға қолын ұсынады.) Ал, кәне, "Севилья әзәзілі", сен де аман тұр.

ДОН-ЖУАН. Ол пьеса басылмай ма екен?

ЕПИСКОП. Басылатын болар. Бұ жұртқа өзі істей алмайтын нәрсені сахнадан көргеннен артық ләззәт бар ма? Оның үстіне бұзақы кейіпкерді ең соңында жер жұтып кеткенін көру қандай ғанибет!

МИРАНДА. Диего, онда мені де көрсетіп пе?

ЕПИСКОП. Жоқ.

МИРАНДА. Оған да тәуба.

ЕПИСКОП. Бір тәңірі мені де көрсетпепті, әйтпесе, ойыңды тоқтатып қоюға тура келетін еді. Театр байғұсқа бір комедия керек қой. Бірақ, менің сол комедияны тап Тарсо де Молина жаза қойғанына күманым бар. Комедияның ниеті түзу болғанмен, кейбір диалогтері оның басқа шығармаларына қарағанда тым төмен қолдау сияқты. Бірақ, кім білсін? *(Құмыраға гүл қояды.)* Ал, ас тәтті болсын. *(Епископ кетеді. Оны Дон-Жуан шығарып салады. Миранда бір сәт оңаша қалады. Шамасы, сырқат болу керек, жаңағы нық қалпынан айырылып. Дон-Жуан қайтып оралады.)*

МИРАНДА. Мына кітап неге жерде жатыр?

ДОН-ЖУАН. Біреу байқамай түсіріп алған ғой.

МИРАНДА. Бәлкім, сен лақтырып тастаған шығарсың?

ДОН-ЖУАН. Ол не қылған кітап өзі?

МИРАНДА. Сен жаңа бұл комедия басыла ма екен деп не сұрадың? Міне, кітап боп шығып та үлгеріпті. *(Испаншалап оқиды)*

"Севилья әзәзілі, немесе Тас мейман".

ДОН-ЖУАН. Демек, әлгі епископ бізге сыйға тастап кеткен болды.

МИРАНДА. Ендеше, сен оны жерге неге лақтырып тастадың *Дон-Жуан оған кресло ұсынды.)* Тамақ ішетін уақыт болды ма? *(Отырады.)* Сен ренжіп тұрсың ба? *(Дон-Жуан да отырады.)* Сен мені аямайсың?

ДОН-ЖУАН. Мүмкін, сүйіктім, о да мүмкін.

МИРАНДА. Менің жатуым керек еді.

ДОН-ЖУАН. Шарапқа тәбетің бар ма!

МИРАНДА. Жоқ, рахмет.

ДОН-ЖУАН. Неге?

МИРАНДА. Тағы да басым айналды. Шамасы, біз нәрестелі боламыз-ау деймін.

ДОН-ЖУАН. Нәресте дейсің ба? *(Қызметші кіреді.)* Ә, әкелсең әкеле бер.

(Қызметші кетеді.)

МИРАНДА. Жуан, сен қуандым деп қазір айтпай-ақ қой. Бір күні шыннан қуанғаныңды өз көзіммен көрсем мен үшін одан артық бақыт жоқ. *(Қызметші күміс табаққа салып ас әкеледі.)*

ДОН-ЖУАН. Ас тәтті болсын.

МИРАНДА. Ас тәтті болсын.

Олар үн-түнсіз ас ішуге кіріседі.

Шымьлдық баяу жабылады.

MAKALA

Евгений СИДОРОВ

«Чувствую в вас настоящего литератора и сужу о вас по «Хатынгольской балладе» как о человеке, близком мне по духу и мыслям».

Василий БЕЛОВ

ЭХО ИСТОРИИ

Штрихи к портрету Абиша Кекильбаева

Историческая проза казахского писателя Абиша Кекильбаева, переведенная и изданная в Москве несколько лет назад («Баллады забытых лет», 1979), обратила на себя внимание свежестью авторского взгляда и письма. Многие события и лица были знакомы нам по другим историческим сочинениям — Тимур, Чингисхан, степные нравы, обычаи, войны, — но интонация, стилевые и содержательные акценты были свои, незаемные. Сравнительно молодой писатель не побоялся вернуться к, казалось бы, известному и доказал, что в подлинной литературе нет «закрытых», до конца разработанных предшественниками тем. Приходит художник следующего поколения, и с холста проступает возрожденная им жизнь, увиденная новым взором.

Таков роман «Конец легенды» — о последних днях Повелителя, в котором мы узнаем легендарного Тимура. История любви юного зодчего и младшей ханши, месть хана и муки его совести, отягченной страшными преступлениями, переданы писателем с большим психологическим мастерством. Сквозь конкретный, национально-исторический фон ярко проступает универсальная идея: неограниченная власть уничтожает человека, делает для него невозможным счастье. Пространство романа словно насыщено свинцовым возду-

хом распада, в который по резкому контрасту врывается вольный ветер любви и творчества.

Плотная ткань этой прозы с ее музыкальной организацией, ритмическими повторами, торжественно-значительной поступью явственно несет на себе следы поэтического первородства автора, выросшего на уроках национальной стиховой стихии. Но это проза по всем признакам структуры и поэтики, ею движет прежде всего мысль, а не эмоциональное чувство. Ей присущ исследовательский характер, противостоящий традициям восточного романтизма. Такая позиция заметно выделяет Абиша Кекильбаева среди многих авторов из Казахстана и Средней Азии, посвятивших свое творчество истории родного края.

Это трезвость взгляда, конечно, не противоречит лиризму и патетике, когда в том есть художественная нужда. У Кекильбаева ощущается изрядная филологическая культура помогающая писателю выдерживать чистоту стилевого тона своих произведений. Например, у него не встретишь мелодраматических ситуаций, он чужд половодья чувствительного тона. Точно так же он избегает натурализма — оборотной стороны идеализации.

Абиш Кекильбаев и критик отменный, чей голос хорошо слышен во всесоюзной литературной жизни. Знакомство с его взглядами на развитие нашей словесности, и казахской в том числе, помогает лучше понять принципы его писательского мышления, его художественный облик.

«Сегодняшнюю казахскую литературу, — писал он, — обогащают не только хрестоматийный опыт мировой классики, но и уроки текущего творческого процесса в других литературах. Опыт Гранта Матевосяна обратил внимание казахских прозаиков на неиспользованные возможности в разработке национального характера, на общечеловеческое и актуальное звучание некоторых, ранее обойденных нами типично «аульных» ситуаций и сугубо «аульных» проблем. Опыт Василия Шукшина научил нас плодотворно исследовать духовную жизнь людей, стоящих, как говорится, на разных ступенях сознательности. Опыт Юрия Трифонова, Сергея Залыгина, Данила Транина ощутимо

активизировал исследовательское начало в осмыслении казахскими прозаиками диалектических метаморфоз национальной психологии в условиях интенсивной урбанизации и индустриализации степи, в условиях активного приобщения казахов к новым профессиям и к новым родам жизнедеятельности».

Я привел пространную цитату, для того чтобы читатель почувствовал широту взгляда казахского прозаика и точность его кратких, емких характеристик. Вообще когда я читаю критику Абиша Кекильбаева, то постоянно ловлю себя на мысли, что разделяю его позицию, солидарен с ним. Мне, русскому человеку, порою нелегко войти в степной мир его баллад: для этого требуются серьезные усилия — воображения, читательского доверия к автору, исторического знания. Но я мгновенно ощущаю сора́тничество Кекильбаева, когда речь идет о современном литературном процессе; тогда и историческая степь в его беллетристике постепенно становится мне ближе, открывая новые стороны своего смысла, социального и художественного, национального и общечеловеческого.

Вот уж у кого нет и тени идеализации патриархальной старины. Мир его исторической прозы жесток и трагичен. Там льется невинная кровь, там люди в иступлении гнева и гордыни попирают законы сердца и во имя ложно понятой чести готовы на преступление. Но одновременно там зреют ростки добра и света, указывающие степи ее путь в будущее. Тираны уходят, безжалостно, смываемые волнами времени. Остаются народ, его душа, запечатленная в музыке, камне, предании.

Так побеждает молодой зодчий, ослепленный Повелителем, но оставшийся бессмертным в своем минарете, вознесенном в голубое самаркандское небо («Конец легенды»). Так ненависть и племенная вражда отступают перед искусством музыканта-домбриста в «Балладе забытых лет». Так смерть молодой тангутской ханши Гурбельжин утверждает непокоренный дух воли и человеческого достоинства, перед которым бессилен и обречен сам Чингисхан, покоривший полмира («Хатынгольская баллада»).

Народ знает и верит: «...возмездие неминуемо, тот,

кто приносит людям зло, найдет суровую кару, и не бог покарает его, а руки людей». Пусть это произойдет не сегодня, не в пределах одной жизни или жизни нескольких поколений, но все равно зло обречено исторически, ибо в самом себе несет семена гибели и разложения. Его рано или поздно настигнет собственное эхо и захлестнет смертельной петлей праведного наказания.

У казахского поэта Мухтара Шаханова, близкого по многим историческим мотивам Абишу Кекильбаеву, есть маленькая поэма, которая так и называется «Эхо». Это переложение одной из легенд о рождении Тамерлана.

*Я злом из чрева вытолкнут на свет,
Жестокостью отмечу каждый след.*

*Я злом рожден и зла продолжу род —
Хромой Тимур вовеки не умрет.*

Однако жизнь отвергает этот мистический фатализм, настаивая на законах земной справедливости:

*Спасения и гибели удел —
Что все добро, творимое тобой,
И зло тобою совершенных дел —
Минует срок — и жизнь вернет с лихвой.*

(Перевод Леонида Латынина)

В легендах, передаваемых из уст в уста, из страны в страну, из поколения в поколение, пульсирует народная вера, утверждаются национальные представления о смысле жизни. Поэт и мыслитель Абай писал на исходе прошлого века:

«У наших отцов и дедов по сравнению с сегодняшним поколением, конечно, было меньше знаний. Они были бесцеремоннее в охождении, менее культурны, чем мы. Но деды наши обладали такими двумя качествами, которыми мы сейчас никак не можем похвалиться. Это стремление к единству и забота о чести.

Мы приобрели многое, стали образованнее: жизнь безудержно движется вперед. Но, не вернув себе этих двух возвышающих человека качеств, мы не сможем встать в ряд с великими народами».

Многие сказки и предания сохраняют идеальный порыв наших предков к национальному единству и чести. Современный писатель не просто реставрирует их, возвращая нам в пользование народную поэзию забытых лет, но создает новый художественный сплав, проверяя сегодняшнюю жизнь нравственным опытом прошлого, народной памятью. Таковы Чингиз Айтматов, Владимир Санги, Юрий Рытхэу.

Абиш Кекильбаев в своей исторической прозе идет по другому пути. Он силой воображения, опираясь на исторические источники и легенды, как бы зримо воссоздает мир далекого прошлого, пытаясь проникнуть в его психологическую и нравственную атмосферу. Но это не историческая романистика в ее традиционном эпическом варианте. Это «поэтическая» проза, основанная на локальном конфликте, чурающаяся панорамного развития темы, многофигурных, детально проработанных композиций. Ее пространство, как правило, очищено от второстепенного, но зато духовная жизнь нескольких главных фигур сгущена до грозного предела. Оттого-то и воспринимаются они как послы вечности в наше время, тоже чреватое трагедиями опустошительных войн, антинародных правлений, попранной справедливости. Не порывая с национальной почвой, эта проза содержит в себе общечеловеческие уроки, то сближаясь с притчей, то перерастая в метафору.

Подобный путь тоже характерен для советской прозы. Можно вспомнить Юрия Тынянова, эстонца Яна Кросса, грузина Отара Чиладзе. Называю совершенно разных художников и по национальной, и по стилевой традиции, но глубинная их суть гносеологически едина: они тяготеют к созданию поэтической модели по мотивам отечественной истории, а не к ее «объективному», «спокойному» постижению. В собственно поэзии этот тип мощно представлен драматическими поэмами литовца Юстинаса Марцинкявичюса.

У Абиша Кекильбаева — завидный пластический дар. Он умеет зримо передать движение, краски, напряженную динамику жизни. Как щедро и сильно написана им, к примеру, картина скачек в повести «Состязание»! Казалось бы, мы следили не раз за подобными сценами в других книгах, но Кекильбаев находит свежие образы и ритмы, которые и в русском переводе сохраняют свою ори-

гинальность. Эти счастливые скакуны, разрезающие грудью серебристые волны безбрежного простора, надолго западают в память, тревожат, как хорошая поэтическая строчка.

Всматриваясь в наш литературный процесс, казахский прозаик размышляет о природе художественных интернациональных явлений:

«Жажда культурных контактов с другими — не прихоть любопытства, а необходимая потребность здорового организма нации, находящейся в состоянии творческого подъема, естественное желание соревнующегося духа сверять себя с другими. Ныне каждый писатель творит не только в рамках своей национальной литературы, но в ритме интернационального литературного процесса, в своем творчестве он обращается ко всему трудовому человечеству, выражая духовный опыт и отношение к явлениям мирового бытия не только своей личности, но и своего народа».

«Ритм интернационального литературного процесса» пульсирует и в исторической прозе самого Кекильбаева. Психологический анализ у него заметно опирается на достижения русской и европейской классики. Писатель прививает к древу национальной традиции черенки мирового художественного опыта и делает это с чувством меры, бережно сохраняя корневые пласты казахского национального мироощущения. Особенно наглядно такая связь проступает во внутренних монологах персонажей — прием, достаточно распространенный сегодня в исторической литературе: но у Кекильбаева еще и очень органичный позволяющий раскрыть потаенные глубины характера, тонкие переходы от сна к яви, от сознания к подсознанию.

При этом никакой архаики, никакой стилизации. Язык чист и внятен, вполне современен. Этнография, насколько я могу судить, точна, но не самоцельна: ее ровно столько, сколько необходимо для придания повествованию атмосферы подлинности. Читая Кекильбаева, не надо обращаться к словарям или постоянно следить за комментирующими сносками. Главное для него — не воскрешение, а проникновение, извлечение уроков. Без иллюзий и без ностальгического любования батырским прошлым.

В одной из статей о творчестве писателя я прочел:

«Баллады Абиша Кекильбаева — это попытка найти особую синтетическую форму, соединяющую в себе художественность и публицистичность». Мне кажется, что мысль критика здесь неточна. Никакой публицистичности в строгом смысле слова у Кекильбаева нет; у него есть другое — нервное и живое ощущение истории как жизни, которая посылает токи в наше настоящее и будущее. Он доверяет истории, не заискивая перед ней, и он судит ее, освобождая от глянца внесоциальных легенд и характеристик. Его не устраивает часть правды, часть песни. Ему надо учесть и слезы женщин, и победные клики воинов, и нищету неимущих масс, и безмерное богатство ханов. Ему надо расслышать в жестокой и величественной музыке восточного средневековья порывы человеческой души к небу, стремление народа к социальному и духовному освобождению, рождение его заветных представлений о жизни, за которые идет борьба и сегодня на всем пространстве нашей многонациональной Родины.

ТҮСІНІКТЕР

Уильям Шекспир. «Ромео мен Джульетта». Қазақстанның бірнеше театрларында қойылды.

Уильям Шекспир. «Кориолан». Қазақтың М.Әуезов атындағы Ұлттық академиялық драма театрында қойылды. (1992 жыл). Қоюшы-режиссер Әзірбайжан Мәмбетов.

Уильям Шекспир. «Король Лир». Қазақстанның бірнеше театрларында қойылды.

Макс Фриш. «Ғылым қуған Дон Жуан». Қазақтың Ұлттық академиялық драма театрында қойылды. (1973 жыл) Қоюшы-режиссер Әзірбайжан Мәмбетов.

ТОМ СОҢЫНА

берілген мақалаға түсінік

Евгений Сидоров. «Эхо истории». «Литературная газетаның» 1983 жылғы 5 қазанындағы нөмірінде басылды.

МАЗМҰНЫ

Аудармалар

У. Шекспир. Ромео мен Джульетта	5
У. Шекспир. Кориолан	113
У. Шекспир. Король Лир	249
М. Фриш. Ғылым қуған Дон-Жуан	375

Мақала

Эхо истории (мақала)	437
Түсініктер	446
Том соңына	446

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ

Он екі томдық
шығармалар жинағы

Редакторы
Г. Мұқышева
Көркемдеуші редакторы
Т. Ильяшев
Тех. редакторы
А. Мұқышева
Компьютерде безендірген
А. Құрманғалиева.

Теруге берілген күні 11.11.99. Басуға қол қойылған күні 18.11.99.

Формат 84x108¹/₃₂. Шартты баспа табағы 26,38.

Есепке алынатын баспа табағы 28. Таралымы 3000 дана.

Тапсырыс №3081. Бағасы келісімді.

«Өлке» баспасы:

480002, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 7 үй.

Тел.: 33-22-21, 26-09-13.

Тапсырыс "Өлке" баспасының
баспаханасында теріліп, беттелген.

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің
Республикалық «Кітап» өндірістік бірлестігі,
480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.

